29320
84Каз7
Қ64

Ермек
Қонарбаев

Қас қағым сәт

повестер
мен
әңгімелер

Конарбаеву Ермеку

Ермек
Қонарбаев

КАС ҚАҒЫМ СӘТ

повестер
мен
әңгімелер

Құрастырған, алғы сөзін жазған
Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1988

84Каз7—44
К 64

Пікір жазған *А. Жақсыбаев*

К $\frac{4702230200-024}{402(05)-88}$ 38—88

ISBN 5—605—00038—1

© «Жазушы» баспасы, 19

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. Муканова

612
29320

АУЫЛ ӨМІРІНІҢ ШЫНШЫЛ ЖЫРШЫСЫ

Қай қаза болмасын жүрегінді тілгілейді. Ал адам дүниеден жас кетсе... жас болғанда да бойына біткен дарынын аша алмай, жапырағын жая алмай кетсе, ондай өлімнің өкінішін тілмен айтып жеткізе алмақшы емессің. Ермек Қонарбаев, сөз жоқ, талантты жазушы еді. Өкініші — арамыздан ерте кетіп қалды. Оқырман қауымға ендіенді таныла бастаған кезінде өкінішке өкініш үстемелеп кетті.

Ермек ну тоғайында бұлбұл сайраған сұлу өлке — Есіл өзенінің бойында дүниеге келген жазушы еді. Осынау сұлу өлкеде туып, осында өскендіктен бе, оның өзі де, жан табиғаты да айырықша сұлу болатын. Қой аузынан шөп алмайтын жәй момын болмаса да өзгеге тұк қиянаты жоқ жан еді. Біреуге бедел сату, бел салу дегенінді білмейтін. Бәлкім, жазған дүниелерін шығартамын деп соңына түсіп жүгіре бермейтіні де содан шығар. Қалай десең де Ермектің басылған шығармаларынан басылмаған шығармалары көп.

Мен Қонарбаевпен бір мың тоғыз жүз алпыс алтыншы жылы жаз айында Есіл өңірінің аты әйгілі ақыны Ахметжан Нұртазиннің үйінде танысқан едім. Көп сөйлеспейтін, тым сыпайы да орнықты жігіт осы төңіректегі бір мектептің директоры екен.

— Жазып жүрген біраз дүниелерім бар. Бірақ соларымның жарық көру жағы қиындау,— деп шағынып еді Ермек.

Астанамызда баспаларымыз, газет-журналдарымыз бола тұрса да мына Ермек секілді шалғайда жатқан жігіттердің шетқақпай жүретінін байқаушы едім: — Алматыға келе қалғандай болсаң, хабарласарсың, қолымнан келген көмегімді аямаспын,— деп қоштасқанмын. Бірақ хабар араға он екі жыл салып бір мың тоғыз жүз жетпіс жетінші жылы жетті. Әрине бұл жылдардың мұғдарында Ермек Алматыға талай-талай келген, баспаларды да аралаған. Сөйтсе де біреудің мазасын кетіру дегенді табиғаты қаламайтын жігіт маған телефон шалмаған. Ал мына шалысы — амалының жоқтығы. Барар жерінің қалмағандығы.

Мен Қонарбаев творчествосына осы тұста көңіл аударған едім. Жасырмай айтсам, ол кезде жас жазушының шығармаларын қолыма алуын алсам да көңілімде күдіктің де салқыны болған-ды. Өйткені, Ермек Қонарбаев ауылда туған, ғұмыр бойы ауылда тірлік кешіп келе жатқан, өз жерінен ұзап шыға қоймаған жігіт. Ал мұндай жазушылардың көбінен таланты қанша тасып тұрса да, тақырып тарлығын, шеберлік қолдың қысқалығын көріп жүретініміз бар. Алайда осы күдігімнің мүлде негізі жоқтығына Ермектің бір мың тоғыз жүз алпыс тоғызыншы жылы жарық көрген тұңғыш әңгімелер жинағы — «Түнгі отты» оқи келе, оқырман кәдесіне ұсынам деп алып келген жаңа жинағы —«Жол басын» оқи келе көзім жетті. Білместіктің, бұрын-соңды шығармаларын оқып, таныспағандық-

тыц салдарынан туған жөнсіз жорамал, бос күдігім үшін қаламда інімнен іштей болса да кешірім сұрауыма тура келген.

Кемеңгер Добролюбовтың айтуынша жазушылық таланттың бірінші белгісі — аңғарымпаздықта, жоқ жерден тақырып таба алушылықта, күнделікті күйкі тірлік қарекетінде туып жататын сұрқай оқиғалардың ішінен ең мәндісін таңдап ала білушілікте. Жазушылық өнердің осы бір басты шарттарының бәрі де Ермек Қонарбаевта молынан бар екен. Жаңа әкелген жинағының соңғы бетін жапқанда көзім осы шындыққа жеткен-ді. Шынымды айтсам, мен де Ермек секілді ауылда туып, Ермек секілді өмір кешкен жан едім. Ауыл болғанда да тап Ермек ауылымен өңірлес, әдет-ғұрпы, салт-санасы бір, тіпті керек десең жүріс-тұрысы мен әрекет-қимылдары сөз саптасы айнымайтын Ермек суреттеп отырған ауыл. Сөйтіп тура ауыл өмірінің мына бір қырын қалайша аңдамай қалғанмын, мына бір кейіпкер — міне маған да соншалықты таныс еді ғой, қалайша қаламыма ілікпей қалған,— деген қызғаныш сезім бауырағаң. Жақсы ниеттен туған, топ жарып келе жатқан талантты інінің аяқ тастасына риза болғандықтан, беріле қызықтап, қуанғандықтан туған қызғаныш.

Мен сонда Ермектің елу шақты әңгімесімен танысқанмын. Елу түрлі оқиға. Күнделікті тірлікте көп жұрттың көзі түсе бермейтін, шын мағынасындағы жазушы ғана байқай алатын оқиғалар. Көңілдің қатпар-қатпар тебіреністері, басып қалсаң күй болып төгіліп жүре берер толқынды жан пернелері, әзіл-оспақ, көңілді де күлкілі жәйлар... Мысалға «Көңілдің кейбір кездері» атты әңгімедегі Әмірбекті алыңызшы. Ол еңбек озаты. Қамшы салдырмайтын, ұяты мол жігіт. Ал сонда озат тракторшының осы бір жақсы қасиетін жазушы қалай көрсетеді?! Өзгелерге үлгі ету үшін қандай әдісті қолданады? Күндіз де, түнде де тракторынан түспейтін, тамағын да сол трактор үстінде отырып ішетін жансебіл етіп пе? Жоқ, ондай жағдайлықпен талант қайтіп жұптаса алмақ?! Озат жігітіңіздің тракторы сынып, жарты күн бос тұрып қалған. Сол үшін ол инженерден сөз естіген. Соғаң өкпелі Әмірбектің жұмысты тастап ағайын-туғандарды аралап кетсем бе деп гаражының есігін ашқандығы, машинасын алып шықпақ болғандығы, содан кейін осы сезімнің ерсілігін қалай түсінгендігі, нанымды да шынайы психологиялық дәлелдемемен берілген әдемі де таза кейпі, не болмаса «Қалжыңқой карт» әңгімесіндегі көз жұмар сәтінің өзінде де әзіл айтып кеткен Өмірсерік шалдың дарқан мінезі оқырман жадында сақталып қалары хақ. Соғысқа кеткен баласын күткен ана, немесе күн борасын болса да аудандық ауруханада жатқан күйеуіне барам деп жаяу шығып кеткен жас келіншек Махаббат, кітап базарында құлқын ғана ойлаймын деп күлкі болған Бөкен мен Жәкен... тағы-тағы толып жатқан әдемі де сұлу мүсінді кейіпкерлер көз алдында. Бір ғажабы — Ермектің палитрасы бай екен. Бояуы жұмсақ. Жағымды кейіпкерін баттитып, міне бұл кереметтің өзі деп жатпайды. Сол секілді жағымсыз кейіпкерлеріне де қара бояуды баттастырып жаға беруден аулақ. Қай мінезді сомдаса да табиғатында сыпайы жазушы көлеңдеп оқушы алдына шықпайды. «Бұл анандай еді, анау мынандай еді»,— деп түсіндірме жасамайды. Соның нәтижесі — Ермек сомдаған бейнелер нанымды да шынайы, бедерлі де шымыр болып келеді. Жазушының көзі тірісінде «Түнгі от», «Жол басы», «Тиек» атты шағын-шағын үш кітабі жарық көрген еді. Осы жинақтардан ұзын ырғасы екі жүзге жуық бейнелердің барын байқадым. Бірін-бірі қайталамайтын, біріне-бірі ұқсамайтын бейнелер. Осы ретте Ермекті бүгінгі ауыл өмірінің айнасы десек

әбден орынды. Мен сонда қазақ совет әдебиетінің әңгіме жанрына жаңа бір Майлиннің келе жатқанын сезінгендей едім. Амал не, бір мың тоғыз жүз сексен төртінші жылы қырық беске қараған шағында ауыр науқастан дүние салып кетті.

Оқырман назарына ұсынылып отырған мына «Қас қағым сәт»— Ермектің бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған туындылары. Жинаққа марқұмның соңғы жылдары жазған отыз шақты әңгімелері мен «Соңғы жылдың жүгі», «Қайрақ», «Ең сүйікті кейіпкер» атты үш повесі кірді. Тақырып жағынан бұл туындыларды Ермектің бұрынғы шығармаларының заңды жалғасы деп қарауға керек. Байи түскен, қорланып кеңейе түскен жалғасы. Онда өзі педагог болған себепті әдебиетімізде сирек те үстірттеу қамтылып келе жатқан мектеп өмірі де бар. Жас парторгтың өсу жолы да баяндалған. Қилы-қилы мінездер. Қилы-қилы қақтығыстар. Қилы-қилы қарым-қатынастар. Бір жақсысы — Ермек оқырманын шым-шытырық сюжет желісімен қызықтырамын демейді. Терең психологиялық талдаулармен, адам жанының нәзік пернелерін шыншылдықпен дөп басып суреттеумен қызықтырады, қызықтырады да баурап әкетеді. Бұл жағынан жазушының көлемді дүниесі «Соңғы жылдың жүгі» повесінің орны ерекше деуіміз керек.

Нарсипат ұзақ жылдан бері совхоз директоры. Шаруашылықты білетін орнықты адам. Адал десең адал. Сонымен бірге арамдығы да жоқ емес. Нарсипат күнде өзіміз көріп жүретін кәдімгі пенде. Пенде болғанда басқалардан гөрі ақылы көптеу, қабілет-қайраты молдау, әр нәрсені әртіңіректен ойлайтын бетті кісі. Оның қолынан жақсылық та, жаманшылық та келе алады. Бір сөзбен айтқанда, Нарсипат бұл өңірде жұрт көзіне көбірек түсетін, жұрт тіліне басқалардан гөрі жиірек тиек бола алатын кесек тұлға. Ал осы кісіңіз бүгін ой үстінде. Бүгін деп отырғаны — бұл күн Нарсипаттың туған күні. Нарсипат елу тоғыз жаста. Ертең ол алпысқа аяқ салады. Сол себепті тумысында ақылсыз жаралмаған совхоз директоры өзі өтіп келген ұзақ жолға шолу жасамақ. Нені тындыра алды? Нені тындыра алмады? Мүлт басқан жері бар ма? Себебі неде соның? Ендігі қалған жалғыз жылда не тындыруға тиісті. Ойланып қалған азаматыңыз осы қойылған сауалдарды сараламақ. Осындай бір түйінді мәселені өз шығармасына тиек еткен жазушы әдемі де ұрымтал әдіс — психологиялық шегініс әдісін пайдаланып, Нарсипаттың оқырман жадында сақталып қалар бедерлі бейнесін жасаған. Шынымды айтар болсам, осы повесті оқып шыққаннан кейін көп күн бойында көз алдымнан іс-әрекет қимылмен, кескін-кейпімен көлеңдеп Нарсипат кетсінші! Мұны міне жазушылық өнердің құдіреті деуіміз керек.

Ойлап қарасақ, Нарсипат образының бедерлі де тартымды шығуының тамыры — қосалқы қатарда анда-санда бір көрініп кетіп жүретін Қабкеш бейнесінде екенін аңғарамыз. Қабкеш... Жантық... Ғабит Мүсіреповтің кәдімгі «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасындағы Жантық ше? Ана повесть кейіпкерінің Жантыққа үйлесіп Қабкеш болып қысқа қайырылуын тегін дей алмайсың. Қабкешті қазіргі заманда жаңа бір қырынан көрінген Жантықтың өзі деп қараған жөн. Жоқ, «өзі» дегеніміз қате. Жантықтың өзі емес, сол сойқанның заңды жалғасы. Олай дейтініміз Қабкеш әрекеттерінің дәлелі мықты. Мотивировкасы бұлтартпайды. Сол себепті табиғатында момын жаралған Қабкештің тумысында адуын да айбынды Нарсипатты, иектеп алғанына шүбәланбайсың. Құныққаннан дәніккен жаман дейді халық. Өйткені дәнікпеген адам құныкпақшы да

емес қой. Нарсипаттың әлсіз жерін тамыршыдай дәп басып, ал осы әлсіздікті малға, дәулетке айналдыруға болатынына көзі әбден жеткен Қабкеш бара-бара құнығып алады. Жоқ жерден ырыс көзін ашқан жағдай жігіттің повесть аяғында кім болса соған сәлем бермейтіні былай тұрсын, тіпті кім көрінгеннің сәлемін ала бермейтін кердеңге айналуы сондай орынды. Бір сөзбен айтқанда, повестегі Нарсипат — Қабкеш линиясы оқиғаны қалай мотивировкалау керек дегенде жас жазушы түгіл, тәжірибесі мол жасамыс жазушыныздың өзіне де ой саларлық әдіс.

Қонарбаев повестерінің көркемдік дәрежесі осындай болса, әңгімелері туралы сөз мүлде бөлек. Ермек шын мағынасында қысқа жанрдың шебері. Жазушы терең психологиялық жан тебіреністеріне де, уытты сатираға да, жә болмаса әзіл-оспақ, келеке юморға да тең басып бара алады. Бір ерекшелігі соның бәрінде де Ермек кейіпкерлері сүйкімді болып келіп отырады. «Әке туралы жыр» қандай нәзік әңгіме! Сол нәзіктік — ескі ауылдың жұртынан оралғанда өткен өмірін еске алып ән салған қайынатаны да, өз күйеуі Таңатарды да, клубта өткен концертті де жас келін Раузаның көзімен, соның сезінуімен суреттелгендігінде емес пе! Болмаса «Басылмаған шығармаңы» алып көріңізші: басында ештеңені секем алмай жайбарақат отырған оқырман әңгіме соңында қандай күйге түседі? Оқиға қуаламайды деген авторыңыздың өзі оқиғаны қалай өрбітіп, қалай-қалай құбылтып жібереді!? Осындағы Сақау тағдыры қандай өкінішті! Ал жазғандарын апарса да өткізе алмай жүретін автордың өз тағдыры ше? Менінше ол тағдыр Сақау тағдырынан да өткен өкінішті. Жас болса да сұңғыла жазушы осы екі тағдырды қалай жымдастырып жібере алған десеңізші. Ермектің жазу мәнеріне сүйсінер жерің міне осындайда.

Қонарбаевта оқушысына ой салмайтын, адамды бейтарап қалдыратын шығарма жоқ. Мәселен, «Сыңғырлақ» сатиралық әңгіме. Бірақ ондағы басты кейіпкерлер Далбай мен Балым дүниенің құлы болып кеткен жандар. Сөйтсе де оқырманын жиіркендірмейді. Автор өз кейіпкерлерінің бойындағы мінді шенеп, мінеп суреттемейді. Сыпайылып отырып шымшып суреттейді. Сол себепті Далбайды да, Балымды да аяйсың. Ұсақтықтан, дүниеқорлықтан аршып алғың келеді. Бұл — Ермектің суреткерлік ерекшелігі.

Қонарбаев әңгімелерінде кейде Далбай, кейде Далабай болып жүретін бір кейіпкер бар. Мұның өзі Бейімбет Майлин әңгімелерінде ұшырасып отыратын Мырқымбай бейнесін еске салатын секілді. Далабай бейнесінің дүниеге келуі сөз жоқ, Бейімбет әсері. Далабай кейде қой аузынан шөп алмастың өзі. Кейде жоғарыда айтылған «Сыңғырлақ» әңгімесіндегідей дүниеқоңыз. Кейде кімді болмасын өз дегеніне көндіретін айлалы пысық. Былайғыларды сескентер қауметті әккі, қу. Жазушы сомдаған қай образды алма, бірін-бірі қайталамайтын, көңіліне бірден қона қалар тартымды бейнелер. «Әнмен арбау» әңгімесіндегі сылқым Базарбек пен көрікті келіншек Бекзат, «Дәнекердегі» кімге болсын дәнекер болғысы келіп тұратын, кімге болсын қол ұшын ұсынып тұратын Мәдет, «Астарлы сөздегі» күлкілі халге душар болған өзімізге таныс жаңа бастық Далабай, «Баланың көңілі даладағы» интернат бастығы Шәріпбек пен оқуды тастап кеткен Мақанжан, «Қаска биедегі» пайдакүнем Қайырлы, тағысын тағылар... Жұтының тұрған осы әңгімелердің ішінен мен «Қас қағым сәт» деген ойнақы әңгімені бөліп алып айтқым келіп отыр. Үш кейіпкер: мал қайыруға шыкса да галстугін тастамайтын, «галстуктен босап кетсе, бүкіл денесі дел-сал босаңсып қалғандай күй кешетін» пенсионер мұғалім Шақан, беті ашылмаған, ұяң да биязы мінез жас

келін Жамал, жүрген жерін той-думанға толтырып кететін бұрынғы артист, қазіргі орман қарауылы Арман шал. Бір-біріне ұқсамайтын үш түрлі мінез. Ал ұқсастықтары ше? Ұқсастықтары — жан сұлулығында. Бұл ретте Арманды айрықша атаған жөн. Ең алдымен Арманның тұр-тұлғасы оғаш. Кейпі қызық:

«Шақан көзін тіксе, өзі сияқты пенсионер шал, байырғы орманшы Арман екен. Оның қосалқы —«Арман әнші»— деген де аты бар. Еңсесі төмен түсіңкі күрең атқа салт мінген. Баста қоқайма маңдайлы орманшы қалпағы, үстінде орман шаруашылығы қызметкерлерінің тозыңқы тартқан көк костюмі. Үзеңгі тіреп тұрғаны—жентік тұмсықты бәтеңке. Кеудесі тола орден мен медальдар. Жіті қараған адам сыңғыр-сыңғыр медальдардың арасынан комсомол значогін де аңғарып қалар еді. «Онда жұмыстарың болмасын, мен де бір кезде комсомол болғанмын»— деп, ажуалайтын біреу болса, қайтарып тастайтын әдеті. Ер-тоқымға жанастыра қайыс таспамен байланған бірдеме бар. Пішіміне қарағанда аузы бүрмелі сәтен шүберектің ішінде домбыра жатуға лайық».

Арманның Шақан үйінен аттанар шағы да айрықша.

«Арман есіктен шығып бара жатып:

— Жамалжан, бері келіп кетші, қалқам,— деді.

Есік алдында ат тізгінін қолына алған Арман үзеңгіге аяғын сала беріп:

— Жамалжан, қолтығымнан демеп жіберші,— деді.

Жас келіншектің сүйемелдеген қолының себі тиді ме, жоқ па, әйтеуір созаландап барып еңкек күреңнің үстіне қонды.

— Уә, өркенің өссін, айналдым. Күйеуің жақсы жігіт болғай! — деді Жамалға.

Жамал атасынан қымсынды. ма, жарқ етіп күлімсірей Арманға бір ғана рет көз тастап, үйге еніп кетті».

Бір шошала еті бар еңкіш торы мінген, жетпіске жақындаса да жас келіншекке қолтығынан алдырып жүрген осы Арман шалының өзі кім?— Арман зерделі оқырманға тұлпардың тозған тұяғы. Ескінің бүгінге жеткен көзі. Ол қазіргі күннің өңі өзгерген сал-серісі. Арманның Арман аталуы да, жас келіншектің Жамал атануы да тегін емес. Бұл тұпа-тура Ақан серіге мегзеу. Ақан сері жасы жетпіске таяған шағында Жамал атты сұлу қызға ғашық болған. Әдемі ән шығарған сол қызға арнап:

Қыздарды мен қайтейін қылаң-сылаң,
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам.
Жаңартқан өмірімді қалқа бала
Басы жұм, ортасы мем, аяғы ләм.

Жайбарақат жатқан Шақан үйіне келген Арман жас келіннің аты Жамал болғандықтан ба, әйтеуір Ақан серінің осы әнін салды. Тыныш көңілге лаулатып, қайнап тұрған шайға да қарамастан қас қағым сәтте ғайып болды. Үй іші елегізіп қалған. Себебі Арман жүрген жеріне өстіп қуаныш егіп, шаттық сыйлап, жаныңды жадырратып аттанар жан.

— «Кейбір адамның атын жас кезінде бір баска, қартайғанда бір басқа қойса ғой, ә, Шақа?— деді Арман.— Мәселен, менің Арман атым қазір лайық па? Хош, жастық шақта Арман-ақ болайын, ендігі арман не сонда?— Өлмеу ме? Арманда, армандама, уақыты жетсе, топ секілді қағып тастамай ма... Мен келесі соққанымша осыны бір ойлап қойыңызшы, құрдас».

Осы сауалға жауап іздеп әуреленe ме, әлде Арманның шай ішпей аттанғанына алаңдайды, қайтсе де табан жолдан аумайтын

Шақан шалыңыздың өзі мазасыз. Ал беті ашылмаған уыз келін Жамал болса, кешкі дастарқан қамымен жүріп Арман айтқан әннің әуенін ыңырси қайталап әуре. Бәрі де қас қағым сәтте өткен оқиға. Арман қас қағым сәтте жастың да, кәрінің де арманын оятып, кеуделеріне алаңыз сағыныштың сәулесін түсіріп кетті.

Қас қағым сәті..

Бір есепті мен Ермектің өзін сол Арман шалға ұқсатқандай да боламын. Ермек өзінің сынық мінезімен, салқынқанды сабырлығымен, жанының мөлдірлігімен, басқаға болмасын демейтін кеңпейілдігімен төңірегіне нұр шашып жүретін еді. Өз басым: «Енді қашан соғасың?»— деп сұрап қалмағанына өкінген Шақанға ұқсап елегізіп аз ғана ғұмыр жасап, қас қағым сәтте бұл өмірден аттанып кетіп барған талантты інімді жоқтап, көңілім ортайып қалғандай сезінемін. Жұбанышы — артына қалдырған екі томдық мұрасы. Оқырман кәдесіне жарарлық толымды мұра.

Ендігі айтарым мынандай: денсаулығым мықты деп мақтана алмасам да, жасымның ұлғайып келе жатқанына да қарамастан, елуді алқымдап жүрсе де әлі тындырғаны шамалы, сөйтсе де «уақыты жоқ» кейбір жыламық інілерімнің (Ермектің парталастары) атқарар қара жұмысын өзім атқарып, мына жинақты баспаға әзірлеген себебім — мезгілсіз кеткен дарын рухына боз тартқан басымды игендігім.

Тірі жүргендердің өлгендер алдындағы парызын кімнің болсын ұмытпағаны жөн.

Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Повестер

СОҢҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЖҮГІ

1

Бүгін Нарсипаттың туған күні. Елу тоғызды толтырып, алпысқа аяқ асып тұр. Көзін ашып, оянысымен, сол жайды алдымен еске салған әйелі Зияда:

— Шал десем шамданар ма екенсің, шамырқанар ма екенсің?— деп бір қағытқан.

— Қоя тұр, қоя тұр,— деп Нарсипат шалдық дәл қазір тап беріп, желкелеп алатындай безілдеп, екі қолын кезек-кезек серпіген.

— Шалдық қайда қашар дейсің, тек аманшылық болсын!— деп Зияда ас үйге беттеген.

Әрбір жұмыр басты пенденің небір қуанышты сәттерде түйінге айтар тілегі осы бас аманшылыққа саятын әдеті емес пе. Нарсипат өзінің әлі де талай жылдап аман боларына, сол бас аман, бауыр бүтін жылдар жарқын жүзбен өтеріне нық сенімді. Туған күн — оның түлейтін күні. Бұл күні ол тек қана жанға сая ойларға, рахатқа батырар жайларға ғана берілгенге құмар.

Әшейінде кеңсеге таң ала көбеден жөнелетін Нарсипат бұл жолы сағат сегізден асса да, найқалыңқырап жүр. Әдеттегідей бір-екі шынаяқ ішіп төңкере салмай, шайды дәмдеп, үрлегіштеп, асықпай ішті. Керіліп-созылып, мандайын жұмсақ түкті орамалмен сүрткіштеп, екі қолды екі жаққа салғырт қана салып қойып, біраз отырды.

— Солай, бәйбіше,— деді әлден уақытта Зиядаға,— алпысқа келіп қалдық.

Зияда баяғы жас күндердегіше назды қылықпен оның иығына қолын артты:

— Соған да шынымен қобалжи бастағаннан саумысың, Нарекесі? Тәйірі, саған алпыс жас деген сөз бе екен! Тағы бір алпыстың басын қайырсаң да былқ

етпейсің. Оған бола ойыңа уайым үйрілтпей-ақ қой,— деді.

— Ал, иә?— деп Нарсипат еліге кетті.— Менің әлде бір алпысқа былқ етпейтінімді қалай бағалап, білдің?

— Төсекте жатысыңнан...

Екеуден екеу үйді бастарына көтере күлді. Балашаға топырлап жүрсе, бір-біріне «әдепсізсің» деп тыю салар ма еді, қайтер еді, сегіз бөлмелі мекен-жайда басы артық ешкім болмаған соң, еркінсіп тұрғандары.

— Жүрші, сондай тегеурінді жігітті айнадан көрсетші,— деп Нарсипат Зияданы залға сүйрелей жөнелді.

Екеуі қатарласа келіп, аумақты трюмоның алдына тоқтады. Нарсипат өзін, Зияда өзін сынай қарап, тінткілеп, бой-тұрқын, кескін-келбет, мүше-мүшелерін тексеріске алып, әрқайсысы жеке-жеке «инвентарлық тізім» құрауда. Бұл ретте «кеше мен бүгін» деген салыстырма немесе «баяғы өткен заманда» деген естелік іске асып кетер түрі бар.

Нарсипат бір кезде қарсы қайрылатын қалың шаштың орнына қазір мандайды жартылай ғана жаба жапсырылған кекілге риза. Әйтеуір бастан тарақ қалмағанына шүкір. Бір жиналыста бастары күмәнді екі құрдастың өзара қалжыңдасқаны есінде. «Әй, мына жиналысты сыйламағаның ба, қалпағынды неге алмайсың?»— деді бірі. «Немене менің басымның айнасына қарап, ана жалтырыңды тарайын деп пе едің?»,— деді екіншісі. Дәл мұндай кәдікке ұшырамағанмен, шаштың селдіреуі де сондай қисынды нәрсе емес екенін Нарсипат пайымдап тұр. Бір кезде маңғаз да шалқақ иық, солбырайып кетпегенмен, күйентідей иіліңкі, еңкіш тартқан. Ол да уақыт ісі, амалы жоқ. Бір кездегі сыптығыр жігіттің орнын қарны салбыраңқы қартаң адам басқан. Қартая келе, адамның аяғы талтиыңқы тартып кетеді екен-ау. Оны кім аңғарған? Бет-жүзі тарам-тарам әжім, Әжімнен бос жерлері буылтық-буылтық ағаш тамырлары іспетті. Анада бір фотокорреспондент әйел: «Маған сіздің әжім қаптаған бейнеңізді суретке түсіру сондай ұнайды. Әжімдеріңіздің әр сызығында небір терең ойлар ұшқындап тұрғандай»,— деп еді. Нарсипат тап қазір жыпыр-жыпыр қартыстан ұшқын шашып тұрған ештеңе аңғара алмады. Солмаған, оты сөнбеген — көзі ғана. Ақылды, қуақы, жылт-жылт еткен ұшқындарын жоғалтпаған. Сонан соң Нарсипаттың тұла

бойындағы сыры да, сыны да кетпегені — шоқпардай гүлді галстук.

Зияда бір кезде денесі ұсақ, шибік демесе, қыландаған сылаң келіншек еді. Сірінкенің қабығындай жұқатай-ды. Бертін келе, сол кемтігін жоймақ ниетпен толығасың дегендердің ақылымен сыраға қаймақ қосып ішетінді шығарған. Нарсипатпен отасқан ғұмырында балдай тәтті, уыздай нәрлінің талай түрін татты. Соңысына сай мамырлаған етженді қалыпқа енуі заңды да. Қазір қайқы бас, қайқы танау, қайқаң бел қатын. Кеудесі алдында, бөксесі артында демекші. Бір ғажабы Зияданың бүкіл денесіндегі толыспағаны — аяғы. Қылдай аяқтағы жілік майы ортан белге қарай ауысқан. Буылтықтана делбиген мықында оқтауша жұмырланған қос білек шомбал түбірге іліне салған кеспелтек сияқты. Қызыл шырай домалақ бетте әжім деген емге жоқ. Бәрін Нарсипатқа беріп құтылған. «Кескен дөңбектей кейбіреулерше жуандап кетпей қалай жүрмін?»— деп Зияда іштей өз бейнесіне қанағатшылық етті.

— Міне, бұлар бізбіз,— деді.

— Иә-ә,— деп Нарсипат иегін үйкеледі,— енді бір жылдан кейін ғой тәйт деп пенсияға тайып отырамыз, ә?

— Сонда, саябыр тауып тоқтағанда, тыныс табар орның осы берекелі берік босаған,— деп Зияда оны қолтықтай икемдеп, кең де саялы бөлмелерді аралата жөнелді.

Бұл үйде тоғысқан ірілі-ұсақты, арзан-қымбатты жиһаздарды атап шығу үшін, ұбақ-шұбақ тізім жасау қажет етілер еді, сондықтан маң-маң басқан екеуінің соңынан біз де асықпай ере жүрейік. Тек айта кетеріміз, сегіз бөлме бір-бірімен тұтасып саңғыраған еңселі үй екі бас Нарсипат пен Зиядаға көптік етпей ме деген ой бұларды ешқашан мазалап көрген емес. Қайта:

— Әр күн әр бөлмеде жатып әдеттенсек қайтеді?— деді Нарсипат.

— Сен демалысқа бірыңғай шыққанда, ермек ететін биллиардтық бөлме қосса қайтеді?— деді Зияда.

— Е, онда бүйірден тесу керек қой.

— Жоға, жеке есік қалдырса жетпей ме?

— Ол да дұрыс. Мен кеше сантехниктерге мектептің кочегаркасынан біздің үйге де жылу ауысатындай етіп, қосымша трубалар жалғастырарсыңдар деп жарлық бергем. Бүгін траншеяларын қазуға экскаватормен кірісуге тиіс.

— Е, бұған дейін электрмен жағып келдік қой. Әл де сөйте бермейміз бе?

— Е-е, ол бұған дейін ғой. Дейіннен соң кейін де ген заман туатынын да ойластырмаса болмас. Пенсияғ кете қалсақ, орнымды басатын директор мен жаққа қа көзімен қарайтынын кім біледі. Электр пешті қиы таста десе не айтарсың. Ал өлікті көрден қайта суыр ғандай етіп трубаларды жер астынан қопарта қоймас Әрісі-берісі отыз жылдай директорлық құрғанда, ме нені көрмеді дейсің. Не дегенмен келер күнге қамсы болмаған жөн. Билік қолдан сусып түскен соң, қы соңыңнан зыр жүгіртуден де таймас бұлар. Соңғы жыл ды, ана бір ақын айтпақшы, кәрілікке дайындық қамы мен өткізсем бе деймін. Шаруашылық әу баста түсі алған қарқынымен кем дегенде бір жыл шайқалма тұруға шамасы жетеді. Ал жеке бастың тағдыры кейд бөгде біреулердің ауқымынан аса алмай қалатын д мезеттері бар. Менікі — болашақтың алдын алсам де гендік қой. Осыным қалай, Зикесі?

Зияда мұндайда не деуші еді...

— Ол да жөн,— деді.

Бөлмелерді аралау аяқталып, екеуі залға қайыр оралды.

Таң атқалы әйеліне сездірмей, Нарсипаттың ба зейіні телефонда. Шарылдақ, шырылдақ дауыстылар ды жақтыртпай, ақырын ғана зың ете қалатын осы бі биязы дауыстысын қойдырған. Дабырлатпай, дүбірлет пей, күңкілдейді де тұрады. Бүгін көбіне-көп сол сы бырға ұқсас болмашы дыбысты естімей қалдым ба де те күдіктене береді.

Әлгі бірде облыс орталығынан дәрігер қызы Сама хабарласқан. Жыл сайын әкесінің мерекелі күнін ұмыт пай, үнемі осылай таңғы мезгілде құттықтап отырған ды әдетке айналдырған. Студент күндері «жатақхана ның телефонына маза бермей, күнмен таласа трубкаға жармасып жатырмын» деп жүретін. Қызмет істей бас тағалы телефоны үйінде, қай сағат, қанша минутте сөйлескісі келсе де әзір.

— Папа, алпыс шаршататын емес пе?— деді Сама назды дауыспен.

— Әзірге ондай ой жоқ, қызым,— деді Нарсипат.

— Ә, жарайды онда. Шаршамай, шалдықпай, өрле бер, папа — деді Самал.

— Айтқаның келсін, қызым! Ілгерілей беруге ме дайын!— деді Нарсипат.

Алыстағы қызымен Зияда да сөйлесіп қалған. Амандыққа қанып, ол да тыныш тапқандай. Тек қана екеуінің көңілдерінде «қыз жолынан жаңылмай келеді, ұл дегеннен бір хабар жоқ, неткен безер!» деген ой көлбеңдеп тұрғаны анық-ты. Самалдың сәлемінен кейін екеуі қатарынан бір сәт үн-түнсіз түнеріскенде осыны ойласатын. Қайтсе де Самал жүрген қалада ол да жүрген ұлдары Хайдар суға сіңгендей беймағлұм қалпынан танбай келеді...

Совхоз көлемін «ауыл арасы» дер болса, сол «ауыл арасынан» шаруашылық жөніндегі орынбасары Мақпырдан басқа ешкім телефонмен мазалаған жоқ. Мана аппарат зың еткенде. Нарсипат күнделікті әдетімен:

— Иә, тыныштық па?— деген.

— Тыныштық қой,— деген әр жағынан Мақпыр тымауратқандай күңгір дауыспен,— сізді туған күніңізбен құттықтайын деп...

Мақпырдың бұл күнді қағас етпейтініне қашаннан сенімді Нарсипат мұнысына денесі үйренген сыңаймен:

— Ә, рақмет, рақмет!— деп салды.

— Зекеңді әуреге түсірмейін деп, асханаға заказдап қойдым. Кешкі мәжілісті сонда өткіземіз. Тек сіз қай сағаттар тұсында босайсыз, соны анықтап алайын деп... Елу тоғызыңызды да бір дүрілдетейік!

Мақпыр аса лепірмей, аса төменшіктемей, байыпты дауыспен баяндайды. Бұл да жыл сайынғы үйреншікті сөздер.

Нарсипат оған телефон соғумен ғана шектелдің деп, арнайы келіп қолдаспадың деп кінә тағып жатпады. Қаладағыдай бірін-бірі телефон арқылы қонаққа шақырысып, қосалқы жеңіл-желпі жұмыстарды осылай сым арқылы жалғасып бітіре салу дағдылы тіршілікке айнала бастаған. Мақпыр айтып тұрған бүгінгі күннің түбегейлі мәселесі де бойға сіңген нәрсе. Соншалық ерекше жағдай тумаса, Нарсипат өз үйінің төрінен қонақасы беру салтынан да арылғалы қаншама заман. Мақпыр екеуінің арасында «обед мәселесі» деп аталатын шартты белгі бар. Үйге апармай, сырттан жөнелтетін қонақ келгенде, Нарсипат оған «обед мәселесін шешу керек» дейді. Анау «сағат нешеге?» дейді. Сонымен іс бітті. Асхана қызметшілері білекті сыбанып кірісіп кетеді. Зияда да мұны сөлекет көрмейді. Қайта «обед мәселесін» асхана реттеп жатқанда, «шыбын жанға бір сая» табарына қуанады. Қамыр илеп, бауырсақ пісірмейтін ауыл әйелі бұл күндері таңсық болма-

Северо-Казахстанская
Областная библиотека
им. С. Муканова
г. Петропавловск

29320

са, Зияда қонақ күтуге қамданып әлектенбейтін әйелдің бұл совхоздағы бастамасы еді. Осындай парыздан құтқарған күйеуіне мың да бір рақметін жаудырып, онысын күніне неше дүркін қайталап отырса көп емес. Нарсипаттың асханадағы отырыстан оралғанын сигаретті сорғыштай бастағанынан-ақ аңғарып, «обед жасап келгенсің ғой» дейді. «Ішке ел қонғанда», Нарсипат сигареттен сигаретті шақ келтірмей, нанша шайнайды. Бүгін де соның реті келіп тұр.

— Сағат нешеге?— деді Зиядаға бұрылған Нарсипат трубканы саусағымен нұсқады.

— Жұрт аяғы басыла, сағат бестен кейін,— деді Зияда «сағат нешені» сұрап анықтаушы кім екенін айтпай-ақ аңғарып.

Мақпырдан соң ешкім тыныштық бұза қоймады. Ұйқыдан ояна келгенде, үйден жұмысқа бет алып шыққанша телефон мыңқылдап маза берместей көрініп еді. Соған қиястанды да, Нарсипат «отыз жылда бір рет планерканы кешіктіріп өткізсем, совхоз шаруашылығы қирап қалмас» деген ерегіспе бір ойға да беріліп кетеді. Үй ішін аралаған боп, кеңжайылым жайбарақаттыққа салған боп, сораптап демдеп-нәштеп шай ішкен боп, созаландап жүргенінің де бір мәні осында.

Жадыраған жаз әлі де жайылым тауып кете қоймағанмен ашық қабақ апрельде дүние есігін ашқанын Нарсипат өз өміріне жақсы ырым санайтын. Алты белес жылда осы ырымы алдап көрген емес. Қызмет бабы, тұрмысы, семьясы әуелден түзу тартылған бір сызықтың бойымен бұлжымаған қалпында келеді. Тәубесі ішінде, тағдырына өкпесіз. Таудай талапты болды, бармақтай бақтан да кенде емес. Таланды жанмын деген кәміл сенімі қашаннан берік-ті. Сол таланына қарай қандай сый-сияпат тосынса да, сөлекеттігі жоқ секілді.

Телефон шың етті. Нарсипат селсоқ:

— Сен ала салшы,— деді Зиядаға.

Тағы да Мақпыр екен.

— Сені керек деп дігерлеп болар емес мынауың. Басқа жұртты көзге де ілер сынайы жоқ,— деп Зияда тыржиыңқы кейіппен трубканы аппараттың жанына сұлата салды.

— Немене, күйіп бара ма?— деді Нарсипат бірден тігін келіп.

Директорлық отызыншы жылда алғаш рет кеңсеге шақыртумен бармақшы. Шамына тигені осы. Бұған Зияданың аяқ астынан бұлан-талан бола қалғаны да

қосарланып тұр. Мақпыр қайыра телефон соққанда, жаңа ғана айтқан құттықтауын қайталамасын, «сағат нешеге?» деп қайыра сұрамасын біледі. Ендеше кезек күтпес бір жағдаймен килігіп отыр.

Бірақ Мақпырдың хабары жарым ырыс екен:

— Сізді алқақотан жұрт тосып отыр, Нареке. Отделениенің мектеп деректірі пионерлерін шұбыртып келіп қалған екен. Сізге арнаған қызу-қызу, жүзбе-жүз айтар құттықтау сөздеріміз бар деп... Әр жағы өз қолымызда емес пе, бүкіл кеңсе қызметкерлерін бастары бар, ортасы, кіші буыны бар түгел сіздің кабинетке тоғытып тықтым. Кемтігі өзіңіз келмей толатын емес. Орныңыз ойсырап тұр!— деп лепіреді.

Сөз жүйесі Нарсипатқа тірелгенде директор дегенді нығарлап айтатын Мақпыр басқаларды қасақана «деректір» деп бұрмалай жөнелетіні бар. Бұл жолы да соңысынан жаңылмаған.

Бұл шақырысты теріске жоруға болмайды. Бару керек.

— Тыныштық па екен?— деді Зияда.

Әлгіндегі тыржиюдан әлі арыла алмаған. Дауысында кекесін тамшысының зәрі бар.

— Жай, әншейін— деп Нарсипат жорта немқұрайды кескінмен далаға беттеді.

Ол алдағы мәселе түбегейлі айқындалғанша, ашылып-шашыла бермейтін тұйық мінезіне ауыса қойған. Тастүйін қалыпта үйден шықты. Кейін, көңілі қалау етсе ғана, егжей-тегжейлі сырын ашады. Көңілі түссе ғана...

Жол-жөнекей Нарсипат екінші бөлімшедегі сегізжылдық мектеп директоры Сәли жөнінде ойлап келеді. Аштық жылы туғандай жүдеубас. Ұзын да сидам бойында қырып алар қызыл жоқ деген жігітің осы. Тек тістене біткен жымқырыңқы жұқа еріндер үзіліссіз ой жүйесінің хабаршысындай, жаутаңдамай, жалтаңдамай, тік қарайды. Қос моншақша жайнайтын екі көзіне ұқсас көздерді Нарсипат бұл тарапта кездестірмеген.

Нарсипат табиғатында жаутаңдамай жалтаңдамай қарайтындарды ұнататын адам. Кім қиыс қараса, қыңыр сөйлесе, сол кісінің қыр соңына түсе қалып, құғыштап, үркітіп, қыр асырып тастаудың орнына сол қыңырды қашан бауырына тартқанша тыншымайтын әдеті бар. Бірақ бір ғажабы Сәли тарапында бұл мінез қолданыс таппаған. Нарсипаттың оған кіржиіп, кіртиіп қалғаны болмашы бір жай.

Бірде кабинетіне Сәлидің оқу ісі жөнінен орынбасарымын деп жас жігіт келді. Иықтан келтіре шаш қойып, едірейтіп мұрт өсіргенімен, баландығы әлі басыла қоймаған. Жас педагог. Ондайларға Нарсипат іштей «шикі өкпе» деп таққан айдары бар. Өзі де совхоз директорының шұғыл бір іспен бас қатырып отырған беймаза сәтіне кезікті. Басы артық адамнан шапшаңырақ құтылғысы келген Нарсипат:

— Иә?— деген оған қысқа ғана.

— Сәли жіберіп еді.

— Сәли деген кім еді?

Білсе де білмеген бола қалды.

Жас жігіт таңданғаннан көзін ежірейте қарады:

— Біздің директор ғой.

— Ал директорың не қыл дейді?

— Мектебіміздің кочегаркасы шалағайланып тұрғаны. Соған аздап қолқабыс керек. Сантехниктер көмектесіп жіберсе деп едік.

— Деп едік... Деп едік болса, Сәлиіңе айт, директормен директор ғана кеп сөйлесуі қажет. Оқыған адам шығар, түсінер.

— Оның бір тығыз жұмыстармен қолы тимей қалып еді. Сондықтан мені...

— Мен де еріккеннен асық ойнап отырғам жоқ. Енді айтарың бар ма?

— Енді айтар болғанда...

— Айтарың болмаса, әңгіме сол, сау бол!

Иығын құнжың еткізе қиқандатқан мұртты жігіт сәл қипақтап айналшықтады. Жағалай отырған өңшең «бастар» демеу боларлық бірдеңе айтпас па екен дегендей сүзіле қарап шықты. Бас мамандар оны мүсіркегендей мүләйім көзқараспен ғана шығарып салды.

Оның ізінше Сәли де келген. Ол келісімен мәселе шешілген. Бір бастық бір бастыққа ерегісті екен деп оқушы балаларды жауратып қоюға кімнің ары барады. Таяқтың екі ұшындай піспегі бар жайды ушықтыра бергеннің реті келмейтінін Нарсипат жетік біледі. Бес күн сабылған іс бес минутте біткеніне аң-таң Сәли:

— Осынша бәрімізді неге жүгірттіңіз?— деп аңырая қараған.

— Сен армия тәртібінен хабардар ма ең?— деген Нарсипат сұраққа сұрақпен жауаптасып.

— Әрине.

— Ендеше субординация дегенді білуші ме ең?

— А-а, түсінікті.

— Түсінікті болса сол.

Сол ұсақ-түйек шаруаға байланысты жеңіл-желпі сыр тартысудан бері Сәли аты аталса-ақ, Нарсипат тыржың ете түсетінді шығарған. Жақтырмаған тағамындай күні бұрын безініп отырғаны. Содан бері ерегеспе ауруға шалдыққан адамша Сәли де мұның кабинетін босатпауға айналған. «Мектебіміз келешек тарыншылық ететін, жаңа үй керек» деп келді келесіде.

— Немене, немене?— деп Нарсипат сонда бір шұқшиған.— Сен ол мектептің қай жылы салынғанын білемісің?

— Білем, 1962 жылы.

— Білсең, сол жылы мектепке арналған мұндай үй аудан бойынша бірде бір совхозда салынбаған.

— Оны да білем. Бірақ биыл сексенінші жылға аяқ бастық қой. Жыл жылжиды, уақыт өтеді, бір кездегі жаңа тозады, көнереді.

— Тозады, ескіредісі несі? Сонда сенің мектебің қаусап қирағалы тұр ма? Әлде тіреуіш аша қою қажет шығар?

— Жоқ қирап жатқан мектеп үйі жоқ. Тіп-тік, қаз қалпында. Салынуы да мінсіз. Кірпіші кірпішіне, тасы тасына орналасқан. Тек гәп басқада... Біз кабинеттік жүйеге ауысқаннан бері талап өзгерді. Балалар оқитын класс бөлмесіне көзқарас басқа. Бізге енді бұдан кеңірек, жарығырақ, бұдан гөрі современныйлау дейік пе, әйтеуір жаңа мектеп үйі қажет.

Сәли сөзін шегелеп-шегелеп айтады, тайынар емес. Нарсипатқа мұнысы қайсарлық не табандылық емес, өлермендік боп көрінді. «Тақылдап, шешенсуін!» деп іштей түтігіп барады. Сонда да сыр берместен:

— Ал, жарайд, бұл қағидаң дұрыс екен дейік, сен маған бүгінгі таңда мектебіндегі бала саны қанша екенін айт.

Нарсипат қарсыласын бұлжымас дәлелдермен бұқтырып тастайтын тәсіліне көшкен. Мұндайда таптырмас амалдардың бірі санға жүгіну екенін ол баяғыдан ұғынған.

— Бала саны жетпіс бес,— деді Сәли.

— Бұрын қанша еді?

— Жүзден астам.

— Енді не қыл дейді осы жұрт?

Нарсипат сарт еткізіп санын бір соқты. Төңірегіндегілерге кекесінді жымиысын жасырмаған күйі жалт етіп бір қарап алды. Жөнінен тайып бара жатса, «кәне,

сен не дейсің, қане, сен айтшы» деп сүйемелге шақыра тындарын сайлап қояр ниеті бардай.

— Жетпіс баланы бір қуысқа жинасаң бәрі көз алдында емес пе. Даңғарадай үйге он-оннан жеті ұйым бала сыймайды дегенге кім нанар! Сен, шырағым, Сәли, маған ертеңгі айтып, құлағымды сарсытпа!

Лекіген тепсіністің жетегімен Нарсипат учаскелік ауруханаға телефон соқты.

— Әу, Тұрсынбексің бе?— деп бас дәрігерді шақырды.— Сен маған біздің екінші бөлімше қатындары жылына неше баладан табады, соны айтшы?

Араға бірер минут түскен соң барып, дәрігер хабары жетті.

— Қанша дейсің? Үшеу-төртеуден аспайды деймісің. Ал, жарайды.— Трубка қондырғысына салдыр ете түсті. — Ал енді не айтасың? Ауылыңның адам санынан өсу перспективасы жоқ. Орта мектептің екі класындай ғана сқушыларың бар. Соған қарамай кеңейт, ұзарт дейсің. Бұл қысыр әңгімені қояйық, Сәли шырақ.

Нарсипат сөзбұйданы осылай тұжырған.

«Сөз тамам, уақытымды алма» дегендей, ол Сәлидің кабинет ішінде бар-жоғына елең етпеген пішінмен басқа мәселелерге ойыса кеткен. Сәли сазарған қалпы шыға жөнелгенше, бірқырын қалпын бұзбаған. Ол кеткен соң ғана түзеліп отырған.

Араға бірер күн түспей жатып, Сәли қайыра соқты. Ұмыттыра беріп, ұрымтал кимелей берейін дегені ме екен, ол бұл жолы да мүлде басқа жағдайды алға тартты.

Сәли мектептің жоғарғы класс оқушыларымен құрылыс звеносын ұйымдастырам, соған алдымен тұрғылық үй керек дегенді тауып алған. «Он жылдық мектеп балалары жазда өндірістік бригадада жұмыс атқарады, қажет болса, кірпіш заводында қолғабыс етеді, әкелерімен еріп тракторда, комбайнда жүреді, шешелерімен еріп құс фермасына, мал базына барады. Төрт жүз бала түгел қамтылмағанымен, дені селеңбай жүрістен аулақ. Әйтеуір бір жұмысқа қолы тиіп жатады. Ал бізде мал фермасы мен егіс бригадасынан басқа күш жұмсар орын жоқ. Бірен-сараң болмаса, көпшілік бала, пионер лагеріне барғандарынан басқасы, торпақ қайырумен, құс жемдеумен, кешкі табыннан сиыр айдап әкелумен ғана айналысады. Құрылыс звеносын құрсақ, үйренгенің өзіңе пайда, істегенің маған пайда дегендей, екі жақ та құр-

алақан қалмас едік» деп біраз дәлелдеменің басын қайырған.

Оның ұсынысына Нарсипат тіс жарып, жобалғы сөздің ұшын ұстатпаған. Құрылыс звеносы хақында аспанға шапшитындай қарсылығы болмаса да, «көрерміз» деген сүйретпемен доғарған. Не дұрыс, не бұрыс демеген. Басы қылтиып кабинетке кірген сайын бірдеңе сұрануымен келетін Сәли тарапында кері рефлексі тұтана кететін халге душар болған сияқты. Сәли оған «маза бермес» күйінің авторындай көрінуге айналған.

Нарсипат небір заржақ, қасарысқа қыршаңқыларды тезге салуға, жөнге бұруға әуес болғанмен, Сәлиге келгенде көні құрысып қала береді. Қасқырды тақымдаған көкжалдай қыр соңына түсіп алып, әр сұрақтың басын бір қылтита беретіні ме, не шыжалақтап қызарақтамай, не дызылдап сұрланбай, жасқанбастан тура қарайтын да отыратыны ма — әйтеуір оған жылы лебіз білдірер ниеті жоқ. Сәли де ойына түскен дүниесін бүкпестен салдыртып келеді де тұрады. Дегені тағы болмай, тістенген қалпы шығып кетеді. Тағы, тағы да келеді. «Ұлыққа пара бергенше, бара бердің» керін келтіргені ме? Күн құрғатпағанымен, айналып соғуы жиі. Беті қайтпайтын, кесіп алса қан шықпайтын безер ме? Бүгінгі келісі де жұмбақ. Нарсипат құшағын айқара ашып отырғандай, әлде «сол қайда, неге көрінбейді?» деп іздеу салып жатқандай, салып ұрып жетіп келгені несі екен?

«Уаздың» рулін өзі ұстап келе жатқан Нарсипат сыңар езумен ернін қисайта күлді. Үйден кеңсеге жеткенге дейінгі екі орталықтағы бірнеше минуттың ішінде осы елестер кинокадрлары іспетті жылдам-жылдам жүріп өтті. Соның бірінде де Сәлиге іш тартар кезең байқалмаған. Сол қалпында кеңсеге де жетті. Өз кабинетінің терезесінен қақ түбіне тіреле тоқтады.

Шынында да, директордың аумақты кабинетінде әжептәуір жұрт жиналып отыр екен. Ілгері орындардың бірінде бас агроном Сәду отыр. Бұл митың-митың, мыртың-мыртың тұсамыс жүрісті адам. Алдындағы біреуді ысырып тастағысы келіп тұрғандай оң қолын үнемі соқырларша ілгері соза ұстап жүргені. Майман басқан маймұрын. Оның қатарында буда-буда қағаздарын қобыратып, бас зоотехник Жұматай орналасқан. Мал шығынын жердің тесігінен іздегендей сәкіден көзін алмайды. Жұматайға жалғаса бас инженер Ойрат көрінеді. Жел тигендей сығырайыңқы көзі кірпияз адамның кейпін елестетеді. Болашақ әжімнің хабаршысындай қаста-

рының үстін ала түскен сызық табы бар. Жасына же
пей мандайы айқындалып қасқаланған. Осы топты
ішінде сақал-мұрт өсірген Ойрат қана. Желке шаш
күдірейіп кеткен. Бас мамандар тобының ішіндегі е
москалы — Сәду. Қырық төрт-қырық бестер шамасында
Ең жасы — Ойрат. Институт бітіргеніне бес-алты жыл
Қалғандары орта буын.

Жұмыс барысында көмекшілері есептелгенмен, Нар
сипат бұлармен қоян-қолтық емес. Бойына дарыт
қоймайды. Салқын ғана іскерлік ара-қатынас.

Нарсипат креслосына жайғасқанда, бір топ пионер
лерінің ортасында тұрған Сәли елеусіздеу етіп иек қақ
қанда, тақылдаған бір бала:

— Құрметті Нареке! Біздің «Ақбалшық» сегізжыл
дық мектебінің оқушылары мен оқытушылары сізді
туған күніңізбен құттықтап, еңбегіңіз жемісті, денсау
лығыңыз мықты бола беруіне тілектестігін білдіреді!—
деп саңқылдап қоя берді.

Тақ-тақ еткен әлгі бала Нарсипаттың қолын қысып,
әдемі жазумен өрнектелген ашық хат ұстатты. Онда да
«құттықтаймыз, саулық тілейміз» сарынды сөздер тіз
бектелген.

Жұрт жамырай қол соқты. Қол соғып отырғандар
дың назары ауған ноқат — Нарсипат. Толқыр ма екен,
жүйесі босар ма екен дей ме, тым құрығанда көзінің
жиегі қызарар ма екен дей ме — ол отырған тұс ерекше
зерттеу нүктесіне айналған. Кейбірі «өрт қуғандай дүр
ліктіріп, бәрімізді бір қуысқа қамағандағы бар көрсет
ерлерің осы-ақ па?! дегендей оқушылар жаққа жалтақ
жалтақ қарай береді. «Бір-екі ауыз сөз, бір жапырақ
қағаз тапсыруға бола сабылып келмесе қайтер еді?»
деген ұнатпау да кейбір беттерде жазулы.

Бірақ елп ете түскен Нарсипат жоқ. Ол еріннің
үшімен ғана өз кезегімен айтуға тиісті «ықыластарың
ызға рақметін» айтып болған соң әркім өз жұмысына
тарқаса бастады.

Салтанат рәсімі аяқталды. Шығар есікке беттеген
топпен қабаттасып, балалардың қоршауында Сәли де
сыртқа ұмтылып бара жатты. Нарсипат, мүмкін, ол ел
ден жырақ қалып қояр, осындай өтімді сәтті пайдала
нып, көптен ығыр қылып жүрген көкейтескі мәселелерін
еске сала кетер деп топшылап еді. Көп адамның сөйтіп
қолайлы кезеңді аңдып, директордың көңілді күлімпаз
күйін ұтымды аңғарып, ойындағыларын алып тынатын
дарын да біледі. Сондайлардың бірі ана жылы «күліп

түскен суретіңізді ескерткішке беріңізші» дегені бар. Сәли өйтпеді. Келуі де жұмбақ, кетуі де жұмбақ. «Совхоздың шекарасынан асып кетпесең, бір кездесерміз» деп Нарсипат іштей түйді де тыйылды.

Орта, кіші буындар кетіп, Сәду, Жұматай, Ойрат секілді өңшең «бастар» кідіріп қалған екен. Оларды көп ұстамады:

— Ерекше мұқтаж, табан аузында шешуді тосып тұрған, төтенше ештеңе бар ма?— деді.

— Бәрі қалпында,— дескен жауап алынған соң:

— Онда әркім өз міндетін өзі біледі деп есептейміз. Жұмыстарыңызға кірісе беріңіздер,— деді.

Не дегенмен Нарсипат бүгін арқаны кеңге салып отыр. Жұмысқа бел шешіп кіріскісі жоқ. Бүгінгі күнді жанын аса қинамай, бос белбеу өткізгісі келеді. Баяғыда бір басқарма шаруашылық кемшіліктерін көзге шұқып көрсетіп жатқан өкілге: «Менікі жай қарапайым басшылық қой, колхозшылар өз жөндерімен жұмыстарын жүргізе береді»,— депті. Нарсипат та бүгін сондай «қарапайым басшылықтың» ырқына көнген.

Аңғарадай кабинетте жалғыз. Жағалай шолып қараса, сәл-пәл қобалжыңқы бей-жай халіне осы кабинет көп сүйеніш, тірек тауып берерліктей. Ол ең әуелі есіктен кіре қабырғаларды жапсарлата қойылған орындықтар тізбегі өзіне келіп тірелетініне, сол орындықтарға қалшиып-қалшиып қатарласатын бас мамандар алқасы телміріп бұған қарайтынына, олар жапырыла бұрылып, аңтарылып отырған төрде бүгінге дейін қалтқысыз өзі жайғасып келе жатқанына тоқмейіл. Бұның аумақты столы бұл кабинетте жекедара. Алқақотан жұртқа бар келбетімен тұлғаланып көрінетін дара қожа өзі. Ол осы бір қалтқысыз жайды көніліне зор медеу тұтады.

Директордың оң жақ, сол жақ қанатында әр жылдары әр түрлі науқан барысында жеңіп алған ескерткіш тулар самсатып темір тұғырларға қойылған. Үнсіз мүлгіген тулар мұны екі иықтан демеп, желеп-жебейтін қос қанатты күш иелері сияқты. Арқа тұстағы тұтас қабырғада совхоздың спорттан, көркемөнер жарыстарынан жетістіктерін әйгілейтін сан сипатты, сан түсті, әр кубоктар, жалаушалар, мақтау грамоталары, қошамет хаттары шоғырланған.

Әркім ұстап көріп, оқуға мүмкіндік берерліктей бәрі әйнек астына жымқырылмай, ашық көрініс бере орналасқан. Бұл жәдігерлердің бірінен шаң белгісі көрінсе, күтуші әйелдің соры. Сол сағатында директордың ма-

шинасы жіберіліп, үйінде болса үйінен, түзде болса түзінен тауып әкелінеді де сілікпеге салынады.

Қабырғалар толы диаграмма. Олардың бәрі астық, ет, сүт май дегендейін шаруашылық салаларының жемістерін әйгілеп, ұрандап жатқан тілсіз көрме. Жыл аттап, бел асып бара жатқан белдеу сызықтар бөгде жанға белгісіз, Нарсипаттың өзіне ғана аян бір шыңға өрлеп бара жатқандай. Ол белдеулер кей тұста төмен тұқырайып кетсе де, одан арман қарай еңсесін көтере тартады. Өркеш-өркеш тау қыраттары іспетті. Әйтеуір ауыр жүгін ыңырана тартқан керуендей ілгері биікке ұмтылудан, қайтсе де алға тырмысудан бір танбаған. Сол сызық — белдеудің үстімен Нарсипат аршындай адымдап келе жатқандай сезінеді. Ол іштей «бұл мен жүріп өткен жол» дейді. Осының бәрін ынтызар көзбен қайыра бір шолып, көңілімен саралап шыққанда, жүрегі болмашы діріл қаққан сәттерінде жанға сая табатыны бар. «Бұл кабинет — менің екінші үйім» дейді ішінен.

Манауراған сезім тарқап, ендігі ой жүйесі совхоздың күнделікті тіршілігіне ойыса бастады. Қанша бойды кеңге салғанмен, бір уақ үйреншікті күйбеңге ойыспаса, күнұзақ өзін-өзі тамашалай беруден де жалығары анық. Шаруашылық күйін шерте бастауы мұң екен. Нарсипат жан қалта, төс қалталарын қарманып, жоқ іздегендей тыпыршыды. Столдың тартпаларын сартылдатып, бірінен соң бірін ашып, ақтара бастады. Үймежүйме қағаздарды олай бір, бұлай бір қопарыстырып көрді. Іздегені — сигарета.

Шылымқұмарлық оған директорлық қызметпен бірге жабысқан дағды. Бөлімше, бригада, фермаларды аралап жүргенде, әуелде «Қазақстан» мен «Медеуден» бастайтын Нарсипат ақырында кімнің қалтасынан не шықса, соны шегіп, «Беломорлатып», «Примаға» да жетіп тынады. Ондайда шаруашылық жөнінде әңгімені бастамастан бұрын жанына жеткен адамға саусағын ұмсынтып, оң қолын созады. Мұнысына әбден кәнігі жұрт «о не?» деп сұрамай-ақ, дереу арзан, қымбатын, сапалы-сапасыздығын егжей-тегжейлеп жатпай-ақ, өзі тартатын темекісін ұсына салады. Лып етіп көмекейге еніп, бұрқ етіп танаудан шыққан түтінмен ілесе Нарсипат та тілге келеді...

Іздегенін таба алмады. Үйден ала шығуды ұмытқан, столдың тартпаларындағылар түгел таусылған. Коридордан өзі секілді шылымшы біреуді кездестірмек болып,

креслодан көтеріле бергенде секретарь-машинистка Үкіжан кіріп келді.

Бұл кабинеттің есігі сықырламайды. Ашылғаны сәл желпінгенінен ғана білінеді.

Есік көзінде қалтиып Үкіжан тұр. Сыры кете бастағанмен, сыны кетпеген жұмыр әйел. Аялы қой көздердің тұңғиығында шөгіп жатқан жанартаудай лау ете түсер оттың ұшқындары еміс-еміс қана жалт беріп отырады. Бірақ сол ұшқындар кім көрінгенді өртей бермесін дегендей, онысын көлеңкелі шымылдықпен бүркеп тастаған. Ол шымылдығы — сыр алмаса, сыр бермес салқын немқұрайдылау көзқарас. Бұғып жатқан жанартау Нарсипатты оңаша көргенде ғана от шашып лапылдай бастайды. Қазір де Үкіжан оған телміре қарап алды. Артынша бұл ұшырасу сәтіне бөгде біреу кимелеп кетуі мүмкін екенін еске ала, тез-тез басып келіп, Нарсипаттың дәл маңдайынан шөп еткізіп сүйді. Сол бойда сүйкене кетіп, иығына кеудесін емірене тақады. «Туған күнің құтты болсын» деп күбірледі.

— Шынымен қартаяйын дегенсің бе, мүлде безініп барасың,—деді.

Лып етіп атып тұрып, жабыса қалудың, еміреніп, бауырына тартудың орнына Нарсипат:

— Біреу-міреу... — деп мазасыздана қозғалақтады.

Стол үстіне бір пашкі «Қазақстан» сигаретін тастай салып, Үкіжан шығып жүре берді.

Үкіжанның оқыс та тәтті қылығынан жүрегі лүпіп кеткен Нарсипат дәл қазір кабинетке келген адам болса, алқынып, тығылып, сөйлей алмай тұтығып, дегбірсіз бейберекет қалыпта көрінерін сезіп, креслосынан көтерілді. Көкіректе шымырлаған сезім тұншықтырып жібергендей. «Галстукты шоқпардай етіп байлайтыным-ай!» деп мойыған күйде саусағымен сәл кеңітіп, мойнынан босатыңқырады. Сөйтіп жатып «Ақылжан деп талап қыз тұрушы еді, Сұмдық шықты дейтұғын Ақыл аға» деп баяу ыңырсыды. Қабинеттің бұрыш-бұрышын орағытып жүре бастады.

Үкіжанның саусақтары тиген сигарета ерекше дәмді көрініп, құмарлана сорды. Бұл жолы түтін де қоюлана шықса керек, оның арасында өзі бұйра-бұйра көк сағымда жүргендей бола бастаған соң, желдеткішті терезенің түбіне таяу жақындады.

Нарсипаттан басқа қиялға жетелеткіш адам желдеткіштен далаға қарай созаландап шығып жатқан көк түтінмен ілесіп, ойша талай қырды шарлап, көңілдің

көк дөненін біраз қамшылар еді. Естелік қамашауда тұрған ракета іспетті. Кнопкасын басып қалсаң, оған ие болу жоқ. Ересің де кетесің. Үкіжан сол кнопканы басқандай еді, бірақ онысына елтіп кетпеуге Нарсипаттың еркі жетті. Сол еріктің күшімен ондай бұлдыр да көгілдір әлемді кейін ысырады. Ол әлеміш сағымда көлкігеннен де жерде нық басып жүруге дағдыланған адам. Сол себепті де Нарсипат терезе арқылы кеңсе төңірегіне жіті зер салды.

Басшы адамның сақ назарына ә дегеннен кіре берісте дөңгелене шоғырланған топ ілікті. Асфальттанған шағын алаңда екі тұғырға шегеленген ұзынша тақтай үстінде пенсионер шал Дайыр отыр. Денесі тік қалпынан арылған, жетпіс жастан асқан ұзақ өмірде көрген бейнет-зейнеттің бәрі жүзіне кейістік боп ұялаған. Бірақ сол кейістік бұлтын күлкімен қуыштап, ыдыратып отыратын қуақы шал. Кезінде болған, тұрған кісі. Басқарма да болған, ауылнайлықты да атқарған, сельпоға да басшылық еткен. Тіленіп мазалай бермейді. Сонда да бертінгі жеті-сегіз жыл ішінде Нарсипатқа екі-үш рет келіп шыққан сәттері бұған зіл батпан қалдырып кеткенмен пара-пар болатын.

Бірінде айтты:

— Шырағым, жұмыс басты болмағандықтан, кәкіршүкір бірдеңелермен мазалай беруге именіп тұрамыз. Жасарын жасады, аларын алды, пенсияға дейін бітпеген кем-кетігін енді толтырайын деп жүр ме деп кейбіреулер жаңсақ ұғына ма дейміз. Сонда да келіп тұрмын.

— Иә?— деген сонда Нарсипат алдында жатқан қағаздардың ішінен тығыз қажетті бір мәліметтерге шұқшиған үйі.

Оның кейде алдына келген адамдарды тыңдаған бойы телефонмен жеңіл-желпі бір шаруаларды тындыра салып, шұғыл түскен қағаздарды қарағыштап, салғырттау отыратын кездері болатын.

— Иә, болса, шырағым, андағы қағаз-мағаздарды мен кеткен соң да ақтарысып үлгерерсің. Әуелі сөзімді тыңдап ал,— деп именіп кірген шал мұны илеуге ала бастаған.

— Ал, құлағым сізде,— деген Нарсипат қарлығыңқы үнмен басын тік көтеріп.

Оған дәл бұлай ешкім тік келіп көрген жоқ-ты.

— Құлағың менде болса, бір-ақ ауыз сөзім бар,— деген Дайыр.— Мен, құдайға шүкір, ұрпақсыз емеспін.

Қолымнан күрегімді алатын балам бар. Дегенмен осы бір... шөп науқаны кезінде алай өткен, бұлай өткен шөп артулы темір арбаларыңа қараймын да тұрамын. Қараймын да, апырай, мынау сізге совхоздың жіберген үлесі деп бір тележкісін әкеп, қораның түбіне неге төңкере салмайды екен деп күпті боламын да жүремін. Бірақ әлі сол күпті қалпымда келемін. Бір тележкі шөппен қыстан шықпаспыз, әйтсе де көңіл, шіркін, үшін мерейлі іс дер едік. Осы жағы директорымыздың есінде бар ма екен деп біле шықпақ ниетпен келгенім ғой... Және де бұл менің ғана мұным емес, мен сияқты қауқиған шалдар баршылық қой.

Сол күннен бастап Нарсипат бөлімше меңгерушілеріне дәл осындай нұсқау берген. Ақысын ал, бірақ шөп шабуға қауқары жетпейтін үйлерді тізімдеп, шөппен қамтамасыз ет деп бұйырған. Бұйрықтың кіріспесіне «адамға деген қамқорлық, заман талабы осылай деп үйретеді, шаруашылыққа еңбегі сіңген қарттардың мұқтажын, мүдделерін ескере жүруіміз керек» сияқты шұбыртпаны да қосып жіберген. Бұл пікірін одан әрі жалғастырып, партком отырысында, ауылдық советтің сессиясында, жұмысшылардың жалпы жиналысында қайта-қайта көлденең тартып нығарлаған. Ол сөздер жұрт арасында шапшаң тарап, жақсылық, жамандыққа құлағы түрік ел Нарсипат кәрі-құртаңға қамқор, ардагер атаулыға жылы қарайтын басшы деген пікірді нығайта түскен. «Қәріні сыйласақ, бүгінгі жас жұмысшының да сенімін алғанбыз» деп айтқан сөздерін ауыздан-ауызға қағып алып таратушылар да кенде емес еді. Алайда Дайырдан шыққан болмашы ұсынысты осылай өрбіткен Нарсипаттың көкірегінде ол шал тарапында дық байлана қалған. Онысының салмағы түбімен құртып жіберерліктей болмаса да, бір адамды сыздап-сыркыратуға жетерліктей. Қаусаған шалдың ойына келген бұл жай менің миымнан неге шықпаған деп өзді-өзі тұлданған. Өзінөзі түтіп жердей ісінген. Дайыр бүгжеңдеп кабинеттен жылжи бергенде, столды жұдырықтап тоқ еткізіп бір қойған. «Сен үшін қайдағы-жайдағы біреу милайтыны несі?» деген бір әзәзіл ішін жайлап кеткен. Содан бері Дайыр шалға көзқарасы екі ұдай: дұрысын дұрыс дей тұра, іштегі қыжыр қисая тартып, қиястыққа қарай бұрып әкетіп бара жатады...

Ал жылы жүзді басшы екендігіне ел ден қоя бастағанынан хабардар Нарсипат бұл халді шегелеп, бекіте түспек ойға көшкен. Халық аузымен айтылған жарым

ырыс сөз басқарушының беделіне әжептәуір көтерме екендігіне көз қанық. Ниеті ауған шешімін іске асырарда бірбеткей Нарсипаттың тірелгені тағы да Дайыр Мақпыр арқылы барлатып, анықтап алғаны — шалдың үйі жұпыны, шаруасы қоңторғай. Машина, мотоцикл деген жоқ. Қөрші колхоздың басқармасы орыстарға шошқа асыратып, ақшадан исі аңқымайды деп баса берген екен дейтін лақап — әжуа көптен бар-ды. Мұндай епсектілік Дайырда болмаса керек. Пысық, қызметіне тәмам десе де, пысықайлыққа бармаған. Киінер киім жастанар жастығы бар күнкөріс ауқымымен шектеліп үйренген. «Маған өйтіп бер, маған бүйтіп бер» деп, екі өкпесін қолына алып жүгіріп жүретін заржақ, тілеміс емес.

Безбенге түскен деректердің бәрін таразылаған Нарсипат:

— Дайыр ақсақал — ортамыздан кетер күн болса: орны толмас қадірлілеріміздің бірі. Өкімет мүддесіне мандай терін адал төккен, халыққа сіңген еңбегі зор. Баласы совхозымыздың белді механизаторы, бүгіндері механик. Бұл кісіге саңғыратып бір үй салып берейік,— деп ұсыныс жасаған.

Мылтықтың басуына қоянның қашуы демекші, бұл тұсқа Дайырдың жетпіс жасқа толарлығы да сәйкесе кетті. «Алпыста аспанға көтеріп ардақтай алмасақ та, бұл құрмет жетпісте де жерде қалмайды» деп Нарсипат тіпті желпінткен. «Ештен кеш жақсы» дегенді баса айтқан. Мақпырға «жатар бөлме, асхана, залы дегендері ұнамды, кең, жарық етіліп салынсын. Еңселі, аңғарадай етіп беріңдер» деп қадағалаған.

Сол үйдің құрлысы шақ таялғанда, Дайыр бір келді.

— Шырағым, мені көтеріп тастайын деген екенсің. Оныңа рақмет. Бұл бір игі істің бастамасы іспетті екен. Меңімен іркіліп, тоқтап қалмассыңдар. Әйтпесе құрдастарым «жан пайдасын білетін қу шалсың, қу қара басыңды ғана жарақтайсың» деп маған күмәнданып жүрер. Саған ендігі тілегім — осы үйді дәл кеңсеге тұспа-тұс салғызшы. Шет жайлап, ішқұса болуға айналдым. Тым құрса жұрттың абыр-сабырына терезеден қарап ермек етсем де маған зор медеу,— деді.

Нарсипат шалдың ығына қарай жығылып, қалауын берген. Үй де біткен. Шаңырақ көтерер тойланған. Осы тұсқа маңайлауы мұң екен, Дайыр терезеден сығалағанды місе тұтпай, күнде кеңсені торуылдап жүріп алатын-

ды машығына айналдырған. Көргені, көңілге түйгені мол сөзуар шалға жұрт та үйірсек. Әнгіменің кені. Оның үстіне зеріккен жанға шерін тарқатар қауым да керек.

Міне, бүгін де Дайыр әңгімені көйітіп отыр. Оны қоршағандар бухгалтериядағы бірен-саран еркек, рациядан қол босай сала далаға желпінуге шыққандар, кеңсеге жеке басының жұмысымен келгендер. Әзілдері жарасып тұрса керек, бәрі шетінен мәз. Ана біреудің аузынан білінген түтін күлкінің арасындағы кілт-кілт кідіріс ті білдіргендей үзік-үзік бұрқылдайды. Мына бірісі жел қарымасын дегендей ішін басып, төмен қарай шоңкияды. Қатты күлемін деп темекі түтініне қақалып, жасауراған көзін сүртініп жатқаны да бар. Некеш деген жиырма жасар жігіттің келіншегі Дайырдың кемпірінің ауылынан екен. Некешті «Бажа» деп ойнайтын көрінеді. Бажалар осы жерде түйіскен.

Нарсипатқа «Аудан жақтан келген біреу мына майрақай-тайрақайдың үстінен түссе, кеңсе қызметкерлерінің уақыты көбінесе анекдот айтысумен кетеді екен деп шыға келмей ме?!» деген ой сап ете түсті. Анау ұзын орындықты жанынан күнде өтіп жүрсе де, назарына жаңа ғана іліктіргендей, ол дереу Мақпырды шақыртты.

— Ананы көресің бе?— деді терезеден нұсқап.

— Көргенде қандай.

— Ендеше сол бөксебасарды жоғалт!

— Әлбетте!— деді Мақпыр.

2

Кешке таман күндізгі абыр-сабыр саябырлана, айтулы сағатта Нарсипат машинаның кілтін Мақпырға тапсырды:

— Ал, Мақа, сен қайда бастасаң, біз соған дайынбыз.

Мақпырды құрдастары Быкпырт деп те атай береді. Ол — еңселі қара бұжыр. Шеңбері алақандай томпақ көздері бүкіл дүниені қамтып алатындай алаң-бұлаң етеді де тұрады. Бірдеңе түсіп қалған жоқ па екен дегендей екі қолы үнемі қалталарын ақтара тексеріп шарлап үйренген. Сәлемдескенде қолын сүйретіп әкеліп былқ еткізе түсіреді де, қарсы кісі ұстап қала ма деп қауіптенгендей сол сәтінде кейін тартып әкетеді.

Нарсипатқа дейін совхозда жедеғабыл екі директор ауысқан. Біріншісі жалпақ әскери белбеумен белін қылдырықтай етіп қысып буынатын тыпылдақ еді. Сұр

гимнастерка мен сол түстес галифе шалбар, сықырлаулық етік киетін. Ол машинадан гөрі көбіне ат мінетін. Соның салтына бағып, керменің бір шетіне Мақпыр да ат байлайтын. «Желдей естіріп, жылқы баласының жүйрігін мінгенге не жетсін!» дейді екен директор. Сол сөзді Мақпыр да жиі айтатын. Тек ол өзгешерек «жарықтық, жылқы баласына не жетсін!» дейтін.

Келесі директор үсті-басын сүртініп — қағына беретін қырымпоз біреу боп шықты. Ол ат дегенді көзге де ілмей, тек қана машинамен жүретін. Соған еліктеп Мақпыр да көрмеге ат байлаудан безініп, машинадан түспейтінге айналды. «Гүрілдеп, гүжілдеп тұрған техника барда ат мінген не сән!» дейтін директор сөзін жерге түсірместен қағып алып, содан айнытпай әр сөзді тісінің арасынан шығарып, сыздықтатып отыратын. «Жылқы баласын соғымға союға демесе, жегінге жарамсыз ғой» дегенді қосып айтатын.

Нарсипат қыстың қар оппалаған кей күні қызық үшін ара-тұра ат жектіреді. Соны аңдаған Мақпыр да сондай сәттер үшін ат қорада бір атты өзіне деп сайлаттырып қойған. Қай күні қажет етсе, сол күні дайын. Нарсипат дені машинамен жүреді, Мақпыр да автопаркте бір машина бұған деп аталып, керегінде жер астынан шыққандай табыла кетуін механикке қатты қадағалап тапсырған. Нарсипат шоферсыз жортқан күні Мақпыр да рульде өзі жүреді.

Мақпыр бүгін тым ерекше қылпып тұр. Кілт қолға тиісімен:

— Онда жеңгейді алып келе қояйын,— деп Зиядаға жөнелді.

Жас жағынан Нарсипаттың аяғын іле-шала келе жатса да, кішірейіп сөйлеуден жаза басып көрген емес. Сыпсыпайы, сүп-сүйкімді, күлшелі бала болып, сызылғаннан бір жаңылмайды. Ана жылы баласы үйленгенде, тамада алғашқы тост әкесіне деп сөз бергенде, келін баласына «сіз» деп сыныксығаның өз құлағымен естіген жұрт. Пәленбай жыл қызметте дағдыланып қалған ауыз білгенінен аспаған. Оның үстіне Мақпыр осы қызметте істегелі де отыз жылға жуық. Документ толтырғанда «мамандық» деген тұсқа «замдиректор» деп жазып жүрген емес пе. Оқығаны механиктік курс екенін баяғыда ұмытқан.

Нарсипат Үкіжанға Ақмағанбет екеуі бұлармен асханада тоғысуын тапсырған. Мақпыр келгенше, Зияда ырғалып-жырғалып үйден табалдырық аттағанша бір-

талай уақыт бар, креслода шалқая шіренген Нарсипат енді Үкіжанды, оның таңертеңгі сөздерін еске алып отыр. Үкіжанның жасы қазір қырық тоғызда. Бірнеше жылдан бері секретарь — машинистка. Үкіжанның күйеуі Ақмағанбет Нарсипаттың шофері. Нарсипат совхоз директорлығына ауысқанша, он шақты жыл МТС-тің жас директоры болып жүрген-ді. «Тереңкөл» совхозын басқаруға бекітілгеннен бергі жиырма жылдың қарасында Ақмағанбеттен басқа шофер ұстап көрген емес. Туғантуыс, жеңгелері сол мамандығына қарай Ақмағанбетті «шопыр» деп атап кеткен. Көктемгі егіс, орақ науқаны сияқты қауырт шақтарда Нарсипат оны тракторға, комбайнға отырғызады. Техникаға қол керек әрі өзіне де қосымша тиын-тебен құрап алуға мүмкіндік бергені. Ырсиып күле бергеннен басқаны білмейтін жуас Ақмағанбеттің қақ-соқпен жұмысы жоқ, трактор алса, тракторы дырылдаудан бір тынбайды, комбайн алса, комбайны бір сынбайды. Сөз жоқ, сенімді шофері болған соң, Нарсипат та оған техниканың жаңасы, сапалысы тиюіне қолқабыс етеді. Егін қаулап, өнік шыққан бір жылы «Урал» мотоциклын сыйлыққа алып берген. Ол жоқта Нарсипат шофер іздеп жатпайды, бір науқанға қоян терісі де шыдайды деп машинаны өзі айдап тарта береді.

Бірі бастық, бірі бағынышты адам болғанмен, темір көлікпен бірге зырқырап жүрген адамдар «Қемедегінің жаны бірмен» пара-пар. Біріне-бірі сенім болса, директорға шофер бөлу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін қалтқысыз төзім, күні-түні шапқылауға қашан да сақадай сай тұратын тиянақтылық керек. Мұндай қасиеттер Ақмағанбеттен кесіп алса кеміместей молынан табылды. Сондықтан директор мен шофердің қоян-қолтық келуі ұзақ жылға достыққа ұласып кеткен. Бұл жағдайды Нарсипат өзінің басқа бір мақсатына шебер пайдалана білді. Ол мақсаттың аты тұнжыр көз Үкіжанды. Дегеніне жетіп тынған.

Нарсипат пен Үкіжан тіл табысты. Араларындағы он шақты жас айырмашылығы пәлендей бөгеттік жасамады.

Үкіжан машинкаға басылған мәліметтерді әкеліп, столының қасында аялдаған бір сәтте:

— Сіздің көздеріңіз маған бір сыр айтқысы келетіндей болады да тұрады,— деді Нарсипат.

— Қызық екен...— деді Үкіжан елең етіп.

Сол елең-алаңға Нарсипат сәуле шашқан сыңаймен:

— Бірақ бұл жерде емес... басқа жерде айтамын,— деді.

Басқа жерін өзі нұсқайтын шығар дегендей үн-түнсіз кетіп бара жатқан Үкіжанды қайыра тоқтатты.

— Сіз не деген тасбауырсыз, ә? Комбайнда шаң жұтып жүрген Ақмағанбетке тым құрығанда ыстық шай ұрттатып келейін де демейсіз. Біздің асхананың борщы мен котлетіне қамап қойғансыз. Бүгін сөмкеңізді тамаққа толтырыңыз, өзім ала кетемін... Сізді.

Тура сөздің аяқ жағын тұспал-қалжыңға бұрғаны.

Сол күннен бастап, Үкіжан күйеуіне тамақ тасығыш әдетке көшті. Екі арадағы дәнекер Нарсипат бола қалды. Сырт көзге «шоферіне қамқорлық жасап жүрген ғой, сыр шашпас сенімді адам, оған жасаған ілтипат» деуге әбден сияды.

Ал бұл далаға беттей тартқан жүрістің ішкі астарын Нарсипат пен Үкіжан ең алғашқы сапарда-ақ ұғынысқан. Бірімен бірі жалғаса созылған қайыңды орманның бір қойнауына қарай бұрылып келіп, машина сұңғи сұғына кірген. Жас ағаштарды жапыра таптап, сүзе тоқтаған. Бық ете түсіп мотор сөнгенде, Нарсипат Үкіжанға бұрылып, тесіле қарады. Қылымсымастан, қымсынбастан Үкіжан басын иіп әкеліп оның кеудесіне басты. Айқара құшақтасуға жылдамдық қосар тұтқа бөгет жасай берген соң:

— Көк шөпке шығайықшы,— деді Нарсипат.

Сол сәттен бұл екеуіне бал дәурен бастала жөнелген. «Күйдім, жандым» дерліктей оты маздаған махаббат емес, жеңсік астың жетегімен, табысқан тілектер екенін екеуі де біледі. Біле тұра өршелене түседі. Мүмкіндік барда оны неге пайдаланбасқа десті. Әйелім тамақ әкелді, жаны-құты қалмайды деп кең дала төсінде Ақмағанбет даладай боп жүріп жатыр. Нарсипат пен Үкіжанның да есебі түгел. Көктем мен күз екеуі үшін телегей-теңіз мейрамға айналды.

Сондай бір ләззатты сәттің үстіне Қабкеш кезікті. Сол күні ағаш іші маужырап, ерекше манауراған күйде еді. Жапырақтың дірілі ғана болмашы дыбыс беріп тұрғандай. Құшақтаса жабысқан қалыптары қалтарысқа қарай жылжыған екеуінің аяқ басқан сыбысынан басқа елең еткізер бөгде ештеңе жоқ. Бұл тыныштық көп ұзамай-ақ екеуінің шөп еткен құштарлы сүйістерінен, құмарлана ыңыранған айқасуларынан ғана сөгіле жөнелген. Барша дүниенің ләззаты өздерінің ғана еншісіне тигендей, өліп-өшіп аймалаасқан. Бір жан кіріп, бір жан шығып есалаң-

сыған сәтте тық еткен дыбыс естілгендей еді. Оны елер халдары жоқ-ты. Енді бір кезде біреу қатты жөткірінгендей болды.

— Бір дыбыс шығады,— деді Үкіжан ентіккен қалпымен.

— Жо-ға, елегізгендікі ғой,— деп алабұртып алған Нарсипат оны өршелене умаждай түсті.

Дәл осы тұста бастары түйіскен жақтан биік шөптің арасы қыбырлады. Қыбыр-қыбыр қозғалыспен қабат:

— Оу, Нареке, немене ұйпалап жатқаның?— деді біреу.

Артынша осы совхоздың механизаторы Қабкештің ұйқыдан қызарып, онан сайын адырайып кеткен көзі мен шашына жапырақ пен шөп, шырпы жабысқан ұйпатұйпа басы көрінеді.

Қабкеш шатынаған ала көзді, мойны күжірейген быртық. Бетін уқалап, желкесін тырналап, Нарсипат пен Үкіжанға танымағандай сығыраяды:

— Опырай, жерді ойып жібергендей, ен даланы бір уыс қылдыңдар ғой... Тауық-мауықты ұрлап әкеп, жәукемдеп жатқан түлкі ме деп те ойласам...

Жорта есінеп-пысынап отыр:

— Қішкене дамылдап, мызғып ала қояйын деп едім, дәл осы араға қайдан тап бола кеттіндер?

Қабкеш ренжіген кейіппен мықшыңдай көтеріліп, бері келді.

Екі жаққа ытқыған Нарсипат пен Үкіжан ашылып-шашылған қалыптары тілдері таңдайларына жабысып қалғандай үн-түнсіз, меңіреу мәңгірген кейіпте. Тарқамаған құмарға үңгір көз үрей қосылса да, Үкіжанның қой көздері әлі де от шашқан әсерін бәсеңсітпеген. Сілейген Нарсипат бір жамбастап, қолымен жер тіреп отыр. Бұларда еш жұмысы жоқ адамша Қабкеш әрман қарап, дәл қастарында қол созым жерде сарып тұр.

— Оқасы жоқ, Нареке, саспа. Өзіміз ғой. Абдырамай киініп алыңдар,— дейді сол теріс айналып «жаңбыр сіркіреткен» қалпы.

Осынымен де шектелмей:

— О, құдауанда, көктен сұрағанынды жерден берген деген осы екен-ау!— деп қояды,— ризамын, ризамын...

Сөйлеп жүріп белін қасынған боп, ышқырын көрсетеді. Шалбарын түймелеп алған соң:

— Жарайды, мен кеттім, бөгет жасамайын,— деп Қабкеш әрман жөнелді.

Жөнелтіп бара жатып, өз-өзінен қырқ-қырқ күлді.

«О, құдауанда-ай, ә!» деп алып күледі. Созып-созып күледі. Екі доңғалақты «Ковровец» мотоциклінің тырылдаған дауысы Нарсипат пен Үкіжанның құлақтарын тұндыра естілді де, Қабкеш ағаш ішінің бұралаң соқпақ жолымен кете барды. Мотоциклі де біресе оңға қиқайып, біресе солға қиқайып, әдейі сайқымазақтана бұлғаландап бара жатқан сияқты.

Нарсипат та, Үкіжан да үнсіз. Әлгі әзірдегі абыржудан арылып, бірте-бірте екеуіне де сенім күші орнай бастаған, Үкіжан Нарсипатқа сенетін, Нарсипат өзіне сенетін сыңайлары бар.

— Істі насырға шаптырмас,— деді Үкіжан.

— Осыдан өйтіп көрсін!— деді Нарсипат.

— Кім біледі, жаман айтпай жақсы жоқ.

— Біз екеу, ол біреу емес пе! Төртіншіге құдайды куә қыла ма? Әлде тыр-тыр еткен салдамасына жүгіндіре ме?

Екеуара сәл-пәл мықтымсығанмен, екеуі де Ақмағанбетке тамақ апаруды ұмытып, сықалған сөмкенің аузы Үкіжан үйіне әкелгенде ғана ашылды.

Нарсипат сол күні әдеттегіден гөрі бір пашкі сигаретті артық шығындады. Егіс басында жүргенде, жан қалтасындағы сіріңкесін таба алмай, темекісін әркімнен бір тұтатумен жүрді.

...Ертеңіне Қабкеш салып отырып Нарсипатқа келді. Оның осылай екпіндетіп келерін де, оңаша әңгіме боларын да Нарсипат топшылаған. Сиырының жаппасы сұйық түссе, «бұл неден болды?» деп тықыршып, мазасы кете қалатын Қабкештің сыры ауылдастарына айдан айқынды. Бірақ «жұмысым өнбей тұр, себебі неден?» деген сұрақты одан әзірге ешкім естіп көрмеген.

Қабкештің өз алдына келетінінен жаңылмаған Нарсипат тек әңгіме барысы не нәрсеге саярын нақты елестете алмаған. Бетпе-бет жүздесіп, ақырайса да, шақырайса да, айтарын айтып, сілейте боқтап, жерлеп, тілдеп кете баратын адам Қабкеш емес. Онысын кеше де көрсетті. Ауызбастырыққа ақша тілесе, ол Нарсипат үшін жеңілдің жеңілі. Әйтсе де ұзын арқан, кең тұсаумен барлау жасағанды жөн көрді. Тура келіп, қарсы отырған Қабкешке:

— Болар іс болды. Көреріңді көрдің. Құпияны білдің. Әркімнің-ақ басында бар шығар деген жігітшіліктің сыңайы еді. Енді қалай құбылтам десең де өзің біл,— деді.

«Бек болды, шәк болды» деп мәймөңкелеп, жуыпшайып жатуға еркектіктен гөрі директорлық намысы жібермеді. Қолымен істегенді мойынмен көтермекке тап ба-

сып тұрмаса да, қыл мойынға арқан салынбас-ау деген болмашы үміті де жоқ емес.

Қабкештің түтіні басқаша шықты:

— Жоға, ер жігіттің басынан не өтіп, не кетпейді, тәйкі деген... Кезігіп қалса, біз де аянып қалар дейсің бе... Бірақ Қабкеш атаулы директор бола берсін бе, Үкіжан сияқты сыланкерлерге жылт ете түсетін машина, қылт ете түсетін жігіт керек.

Сыбай-сылтаң сыпайылықты ысырып тастап, ол төтесінен «сенге» көшті.

— Жәй, бір шаруамен ақылдаса келіп едім... Менің өнім жас көрінгенмен, тәйкі деген, денсаулық быт-шыт. Өкпеге теуіп-теуіп жөндеп алып, дарылдата беретін салдама трактор да бір, мен де бір. Деннің саулығын құрапсұрап жөнге келтіріп алуға бір қолайлы жұмыс тауып берсең...

Мәселе келісімге ойысып бара жатқанын аңғара қойған Нарсипат бұл жетекке де бой ұсына салды.

— Болсын,— деді,— тек бір ғана тілегім, егісті аяқтап шық.

— Қөндік дейік... Сонда маған қандай партпел ұстатпақсың?

— Ойластырамыз ғой. Әлде өзіннің ұйғарымың бар ма?

— Жұрт осы омарташылықты тақа жаман дуние демейді. Менің ептеп көрші селодағы орыс тамырымнан үйренгенім де бар. Совхозына омарта орнатып берейін. Қәкір-шүкір тіршілікке сүйемел болардай азын-аулақ ақша жаздырсаң жетеді. Қөп керек емес, сол бір жүз сомдай окладқа қойсаң... Екі-үш жылда жұмысшыларына қолайлы бағамен арзан бал сатып жатсаң, сені жер-көкке сыйғызбай мақтап жөнелмей ме... Озық директор, қарамағындағыларға қамқоршы директор деп...

— Келістік. Егіс бітісімен бұйрығынды ал да, ісіне кіріс. Қажетті үйшіктерді менің атымнан сәлем айт та, құрылыс бөлімінде құраттырып ал,— деп Нарсипат тоқетеріне тірелді.

Кетіп бара жатып, Қабкеш тағы да кешегідей:

— О, құдауанда-ау, бергеніне шүкір,— деп күлді.

Қалағанын қағып түскен Қабкеш сол әңгімеден соңақ көп ұзатпай, омарташылықпен айналыса кетті. Мекенжайы ен ағаштың ішінде, өзіне-өзі қожа, өзіне-өзі бағынышты. Балаларды гүлі,нәрі мол көгалға ауыстырып, көшірер кезде машина сұрап келгені болмаса, Нарсипат оны сирек көреді. Қабкеш айтқанындай, арада бірер жыл

өтісімен, күзге салым бір-екі фляга бал асханаға түсетін күн де туды. Оның өзі қалау етушілердің алдына жетіп, артына жетпейді. Сол себепті «балдың килограмын екі сом елу тиыннан денсаулығы кеміс, дімкәс жұмысшыларға ғана берілсін» деген директор нұсқауы шықты.

Омарта мүддесіне деп ағаш ішінен арнайы үй де салынып берілді. Сыртқы пішіні монша тәріздес екі бөлмелі жатаған ағаш үй. Осының бәрі Қабкештің айтуымен Нарсипаттың бұйрығымен атқарылып жатты. «Омарташы әлі тәжірибесіз, бұл әлі біздің төңіректе өркендей қоймаған кәсіп, қорқап-қолдау керек» деген желеу бар. Сол желеудің көлеңкесінде Қабкеш астыртын жоспарының денін жүзеге асырып тастаған. Ағаш ішіндегі үйдің қасынан құдық та қаздырған.

«Балсыра ішпейсің бе» деп қайта-қайта шақырып қоймаған соң, бір соққанында, Нарсипат көріп тұрған көрініске сенерін-сенбесін білмеген.

Қабкештің ағаш ішіндегі мекенінің маңайы бығы-жығы құс. Күркетауық, үйрек, қаз. Арбаға байлаулы тайлы бие. Оқшаулау қоршалған орамда екі торпақ. Түбірімен кесіп құлатқан дәу қайыңның жуан-жуан бұтақтарын шана орнына икемдеп, үстіне аспандата шөп үйген. Сондай үш табиғи шананың үстіндегі көк майса азық үш жерде шошақтанып дөңкиеді. Әрине, қыс түсе мына малдар ауылға көшеді де, мына теңкиген шошақтар тракторға еріп жылжып сонда жетеді. Қабкештің ішкі есебі әбден қабысып, үйлесім тауып тұрғанын Нарсипат сонда ғана түбегейлі түйсінгендей болған. «Жердің жыртығын жамайтын» адамды бар болмысымен, тірі қалпында өзінің саясына алып жүргенін ұқты. Бірақ шегінер шебі жоқ-ты.

Кейін: «Қабкеш балды сенімді делдалы арқылы қаланың базарына жеткізіп, төрт сомнан сатушы еді, ендігі нарқын бес сомға көтеріпті» деген қыңқыл шыға бастаған-ды. Алайда Нарсипат оған мән бермеген сияқтанған. «Дейді сөзге ермейік, тексерейік, әбден көз жеткізейік» деп басып тастаған. Басшы иек көтермеген соң, қыңқылдаушылар өрекпи түсіп бәсеңсіген.

Тағы бірде, кім арқылы құлақтанғаны белгісіз, Қабкеш директордың «Волгасын» сұрап келді.

— Списаниеге жібереді дейді. Маған сатқыз. Қаңқасын, тек қаңқасын қолыма тигізсең жетеді, тәйкі деген,— деп жабысты.

Оны да алып тынды.

Бірде Нарсипат таңғы планерка өткізудің үстінде

көңсенің алдына көлденеңдеп көлбеңдеп пайда бола кеткен көк «Волгаға» көзі түсті. «Ауданнан біреу хабарсыз тығыз түрде кеп қалды ма?» деп қадала қарады. Қанша қадалғанмен, аудандық басқару аппараттарында мұндай «Волга» жоқ екенін еске алды. «Енді кім?» деп ойланғанша:

— Нұреке, өз «Волгаңызды» танымай қалдыңыз ба?— деді әлдекім мысқылды үнмен.

Шынында да күміс бауға жалғап тастаған кішкене сары кілтті шынашағында ойнатып, Қабкеш түсіп жатыр екен.

— Моторына дейін жаңартып, су жаңа өзгертіп алды,— деді әлгі мысқыл иесі күңкілдеп. Нарсипатқа ол Қабкешті күндеп отырғандай көрінді.

Осыдан екі жыл бұрын Қабкеш тағы келді:

— Сенің арқаңда, құдайға шүкір, дүние жиһаз деген жиналып, өзіме қоң біте бастады. Ескі үй тарлық ететін. Жаңадан үй тұрғызып аларлық қолайлы бірдеңеге қолымды лектір. Жұмысшы сұрамаймын, құрылыс жабдықтарынан бетімді қақпасаң болды,— деді.

Бұдан өлмей құтылмасына ден қойған Нарсипат:

— Ойыңдағыңды айт!— деді.

— Прораб болсам...

— Ойбай-ау, ол үшін...— деп Нарсипат қозғалақтап еді.

— Е, ол үшін, тәйкі деген, бес жыл балта шебері стажым бар,— деп Қабкеш өткенін алға тосты,— құрылысты көріп, көз қанған. Ағашты ағашқа қосып, шегелеп ұстатқанды кім білмейді.

— Омартаң қайда қалады?— деп Нарсипат жалтартқысы келіп еді, ол жалтаңға Қабкештің сайлап келген тосқауылы бар екен.

— Ол іске әйелім маманданып үйренген. Менен асып түспесе, кем соқпас, тәйкі деген,— деді.

— Жоқ, сен прорабты қой. Тым іріге кетпейік, мастерлікті ал. Содан да шекең шылқымаса айтарсың.

Нарсипаттың бар ықшамдағаны осы.

Сонымен, Қабкеш құрылыс мастері атанғалы да жылдар жылжып өтіп барады. Үкіжан екеуі ұсталғаннан бері Нарсипаттың көрген күні осы. «Түлкіге енді түсейін-ақ деп шүйіліп, енді-енді төніп қалғанда, құйрығым күліп қоя береді» дейтін жапалақтың кері. Қабкеш ол үшін алынбайтын қамал, тіс батпайтын сір цементке айналды. Оның алынбас қамалын соғысып жүрген де өзі. Осы жағына келгенде, тайқақсып сала береді. Бұл тұйықтан шы-

ғар жол қайсы деп ойланудан да сескенеді. Қабкештің шеңгеліне біржола түскен. Басы бос, тұсаулы аттай. Талай шырғалаң талқыдан аман-есен жол тауып жүрген Нарсипат қалай бұлқынса да, қалай жұлқынса да Қабкештің қақпанында.

Үкіжанмен әуейілікке түсем деп аузы күйген Нарсипат онан соңғы екеуара қарым-қатысты «анда-санда бір алла» деңгейіне келтірген. Орайы түскенде де қалтқысыз ұшырасу болмаса, онша езеурей бермейді. Құдайдан қорықпайды, тек Қабкешке бергісіз тағы біреу кезігіп қала ма деп сақтанады.

Мысық ұрлыққа келе жатқанын иіс сезгеніне қуанамын деп мияулағанынан жария етіп алады. Нарсипат адам болғандықтан, «сақтықта қорлық жоқты» біледі, екінші Қабкешке әйтеуір кезікпей келеді.

Үкіжанның манағы сүйкенісі қайткенде де үзілмеген байланыстын лебізі. Ол соны меңзейді. Қайрай түскені де шығар. Жас ұлғая, Үкіжанға назар аударуды сирексіткендігін ескерткені.

Қақпанға түсіп, аяғы топшысынан үзілермен халде жатса да, қасқыр айбат шегуінен тартынған ба! Нарсипат та әлі желке күжірейтумен тиылмақ емес.

Ақмағанбет аңқылдаған қалпы. Ештеңеден хабарсыз. Бұл ретте Қабкештің бірсөзділігіне Нарсипат риза. Обырлығын ұмытып, опасыздықпен екі араға сөз жүгіртсе қайтер еді? Бұнысына да шүкіршілік. Әйтеуір Ақмағанбет жақтан қауіп жоқ. Пенсияға шаң жұқтырмай шығып алса, әр жағын тағы көре жатар. Оған дейін көпе-көрнеу шыңыраудан да әрман түпсіз болмаса, Қабкештің де ындыны бітелер, тойынар мезгіл жетер. Нарсипаттың әзіргі бар тірек етер үміті осы ғана.

— Біз келдік,— деп әлден уақытта Мақпыр есіктен басын сұқты.

Мұнысы — Зияда жетті деген хабар. Бұл хабар жетісімен найқалу артық. Ендігі меже — туған күнді атап өтудің емін-еркін, мәз-мәйрам рәсіміне шомылу. Шоласыз қызықтау.

Нарсипат Зияданы қолтықтап, Ақмағанбетімен Үкіжанды, қойқаң-қойқаң, жайқаң-жайқаң еткен Мақпырды ертіп, есігі асхананың сыртынан ашылатын түкпірге өтті.

Сығылыса, йық, тіресе отырса, жиырма шақты адам сиып кетерлік кең бүйір бөлме. Белсенділер жағы «банкет залы», асханадағылар «боковушка» немесе «қуыс үй» деп те атай береді. Нарсипат мұны кейде үшінші үйім деп те таңбалай салады.

Сәнді сервант, сәкіге жетер-жетпес салбырай төгілген көк-жасыл түсті гүлдер, былғарымен қапталған айналмалы қымбат креслолар. Дәл ортада ұзынша кең стол.

Әбден салынып біткен соң, сонау бір жылы, аудандық газет осы асхананың фотобейнесін басып, жылы лебіз білдірді. Кең, жарық залы жүз шақты адамның бір кезекте бөгетсіз тамақтануына мүмкіндік беретінін баса жазды. Жұмысшы қауымға шынайы қамқорлық деп лепірте көтермеледі.

Бұл, сөз жоқ, көзді әдейі жұмып алмаса, көрінеу шындық болатын. Әйтсе де дәл мынадай құпия бөлме барын сол игі ниеттес тілші де білмей кеткен. Алғашқы айларда асхана қызметкерлерінен басқа бейсауат ешкім ол қуыстың мәнісіне қанық емес-ті. Тек бірте-бірте, бертін келе, отыз тістен шыққан сөз отыз адамның құлағына тиіп, біраз жұртқа әйгілене бастаған. Бірақ солай екен деп естігенмен, қуыс үйге кіріп, дәм ауыз тигендер некен-саяқ. Нарсипат бұл бөлмені жоспардан тыс кірістіріп жіберген де, оның әлемге әйгіленіп, дабыра болуын қаламайтын.

Нарсипат машықты әдеті бойынша жоғарыдан келген бастықтарды, бірде болмаса бірде ісім түсер-ау деген өкілдерді, мақтап жазуға күні бұрын пейіл боп келген облыстық, астаналық тілшілерді осында кіргізіп, тіміскі көздерден қағас сый-сияпатын жасайды. Құлағы бырысып, қойдың басы да тартылып қалатын кездер жоқ емес. Қоналқы қажетсінетін жүргіншілерге асханамен жалғаса жоспарланған екі қабат қонақ үйі бар.

Қысқасы, мидың жүгі ауырлап, жүйке тамыр домбыра шегінше ширыға бастағанда, аяқсуытар, көңіл жүгін жеңілтер саясы. Көсіле шалқайып отырып, демалыс, тыныс сәтіне тұшына берілетін орны.

Нарсипаттың тықыр-тықыр дыбысына ілесе асхана меңгерушісі. Мақпырдың әйелі Нұрикамал жетіп келді. Ол тірсегі тірсегіне жабысқан теріс аяқ, таңқы танау, саңқылдақ, таңқиған қағылез әйел. Шаңқылдап сөйлейді.

— Уоу, Нұрикамал, халдар қалай? Менің гүлім солатын емес пе?— деді Нарсипат көтеріңкі үнмен.

— Сіздің гүліңізді солдырып бізді не қара басыпты!— деп Нұрикамал да саңқылдатып жатыр.

— Көріп тұрмын, көріп тұрмын. Жәй, сөздің сыралғысы ғой,— деп Нарсипат терезеге беттеді.— Міне, міне менің гүлім.

Бұл — ұдайы гүлдеп тұратын «Бегония» гүлі. Бірде «Қазақстан әйелдері» журналын ақтарып отырып, бұл

гүл туралы: «жапырақтарының түрлі-түстілігімен бөлмеге көрік беретін өсімдіктердің бірі» деген анықтамаға назар аударған. Әсіресе оның ұдайы гүл жарудан талмайтын түрін ұнатып, сол түрді тапқанша біраз жердің түкпіріне іздеу салдырған. Ақырында қаладағы бір таныстың үйінен ойда жоқта кездестіріп, кілем қалағандай жабысып сұрап алып, орап-шымқап дегендей «Волгасымен» «Тереңкөлге» жеткізген. Сол жылдан бастап Нарсипатқа бір табан жақын адамдардың үйіне «Бегония» гүлі тараған. Үнемі жайғасып келіп-кетіп жүретін жайлы қуыс болған соң, «Бегониянын» бір тармағы асханаға да жеткізіліп, өсірілген. Нұрикамалдың күтімінде.

Сүйікті «Бегониясына» телміре қараған Нарсипат ұзақ-сонар әңгіме бастады:

— Мынадай бір хикаяны естігендерің бар ма? Баяғыда бір саудагер ұзақ жолға сапар шекпек болады. Сол заманша бағаласақ, ай десе аузы, күн десе көзі, ал осы заманша бағаласақ, қараңғыда да сәуле шашып тұратын электрон сағат сияқты нұр сипатты жас келіншегі бар екен. Кетейін десе, сылқылдаған, былқылдаған әйелді қимайды, жүрмейін десе, қанға сіңген кәсібі — саудасын пісіру керек. Күйеуінің қобалжулы сыңайын күйбең-күйбең қимылынан таныса керек, әйел хош иісті гүлдің бір үзігін береді де: «Осы гүлді қайда жүрсең де төс қалтаңнан тастама. Сағынғанда иіскеп-искеп аларсың. Ол осылай жайнаған қалпы солмай тірі жүре бергені — менің саған деген махаббатымның адалдығының белгісі»,— дейді. Нартәуекел деп жолға шыққан саудагер күн артынан күн өтіп, сапары қанша ұзаққа тартқанмен, көңіл құсы сайрай түседі. Келіншегі сыйлаған гүл тармағы сол қалпы реңінен бір танбайды. Ойға алған ісін ығілікпен тәмәмдап, артынып-тартынып еліне оралған саудагер өз үйінің табалдырығын енді аттағанда, кеудедегі гүл сабағы қоңырайып жүре беріпті. «Ah, жүзі қара» деп қанжарын ала үйге ұмтылса, алдынан жарқырап әйелі шығады, үйде сезікті бөтен жан жоқ. Күйеуінің түтіккен өңін көріп, әйелі мән-жайды ұғындырады. «Сенің аяғыңның табалдырыққа тигенін жүрегім сезсе керек, өз еркіме ие бола алмай, исініп кеткенім...» деп. Сол сияқты бұл гүл солса, мен де солатындай көремін,— деді Нарсипат.

— Қай-қайдағыны айтпаңыз, ол гүл солмайды,— деп Нұрикамал танауын саңырайта шаңқылдай күлді.

Дастарқан үсті «әттеген-айы» жоқ, қапысыз, жайнап тұр. Осы шағын топ өз араларында «өзки круг» деп аталады. Бұл Нұрикамалдың басқан таңбасы. «Өзки круг-

тың» бас қосуларының ішім-жемі демекші. «Материалдық жағын» Мақпыр үйірілтіп отырады. Мұндайға келгенде, ол алдына жан салмас байпаң. Ет дегеннен бас бастаған қойдың сүбелісі, семізі, сандары бұлтиған құстың әр түрі, қоңырайып қоян да қосарланып жатса, бұл тағамдарды жағалай көмкеріп әр беретін жеміс-жидек дегендерді облыстық орталыққа машина айдап, пәрменімен жеткіздірген.

Ана бір жылы Нарсипат курортқа жүрмек боп аяқасты қамданғанда, жолашарың деп Мақпыр жылқыдағы тайын ұстап әкеліп жайратып тастаған. Қораға қойылып, ақ сұлыға байланбаған соң, қазысы елі — бармақ қана шыққанын елең де қылмаған. «Нарекеңнің жолына қуырдаққа жараса жарады» деген. Сонда Нарсипат курортқа дем алуға аттанғанда, Мақпырға деген аса бір ризашылық көңіліне ұялаған еді. Ендеше қойдың басын көрсету Мақпыр үшін сөз емес. Қой бауыздау ол үшін тауықтың басын балтамен шаба салумен бірдей.

Нарсипаттың туған күнін тойлаудың бұл бастамасы ғана. Мұнан соң «өзки круг» мүшелері Нарсипатты кезектесіп қонаққа шақырады. Ертең кеш Мақпыр үйі, бүрсігүнге Ақмағанбет үйі сайланып қам жасауда. Жылдағы тәртіп. Бас-аяғы ырың-жырыңымен бір жұмаға тартады. Өздері мұндай бас қосуда кілең коньяк ішетін болғандықтан, Мақпыр «біз коньяк аулының жігіттеріміз» деп онсыз да лаулаған отқа май құя түсетіні бар. Бүгін де қызыл тілді қыздырмамен түннің бірауық шағына дейін дүрілдесті. Тіпті Мақпыр қорбаңдаған қалпымен «Нарекеңе «Лезгинканы» билеп берейін» деп аяқтарын тыпыр-тыпыр еткізіп, біраз тырбаңдады. Нарекесі әмір етсе, әтеш боп шақыруға да дайын кейпін көрсетіп-ақ отырды.

«Өзки круг» тарқасарда қоштасуларынан гөрі сүйісулері басым еді...

3

Нарсипат кабинетінің есігін аша бергенде, телефон бүлк-бүлк дыбыспен мазасызданып тұр екен. Мыңқылдаған мылқау сияқты. Қабкеш көрінеді. Телефонның дыбысы жұмсақ болғанымен, Қабкештің екпіні дабылды.

— Ойбай-ау, мынау екінші бөлімшең қиратып бітіретін,— деп бірден байбаламнан бастады.

— Иә?— деді Нарсипат жақтырғанын да, жақтырмағанын да сездірмес кәнігі сұрағымен.

— Мұнар деген бұзық шығып, қиратып жатыр.

— Нені қиратыпты?

— Ескі дүкенді бөлшек-бөлшек етіп, тасып бітіруге жақын.

— Оны қайтпекші?

— Онысын өзінен сұрарсың. Отынға ма деп ойласам, мәселе басқа. Үй салмақшы.

— Мынау бір қызық хикая болды ғой,— деп Нарсипат кеңк-кеңк етті.

Кейде іс тығызданып, жамандыққа айналып кетерінен тіксінгенде, осылай жеңіл күлгенсіп, кеңге салған сыңай танытатын мінезі бар-ды. Онысына Қабкеш телефонды киіп-жарып, тесіп шығардай шамданды.

— Немене, шұтиттап, кісі жөнін айтып тұрса!

— Жарайды, сен сонда бол, көп кешікпей мен де жетейін. Тәйкі деген, қайтер дейсің!

Әлгі күлкішіл қалпын бұзбастан, Нарсипат Қабкештің «тәйкі дегенін» өз алдына тартты. Анау әр жақтан бұлан-талан боп, бұрқ-сарқ еткен күйі сөзін доғарды. Елдің шеті өртеніп жатса да, өзінікіне келер кеп болмаса, беті бұлк етпейтін Қабкештің ысқырғыш шайнекше шырылдауында бір мән бар шығар деп түйсінді Нарсипат.

Директор бола жүре, сұрау-бұраусыз, басшылармен келісімсіз кимелегенді көрген емес. Бұл киялай тартқан киясбай біреудің құйтырқысы боп жүрмесе. Балталап тас-талқан шауып жатса, милиционерге ескерте салар еді де тынар еді. Қиюлы үйді қозғап, баспанасын жаңартамын дегеннің не қисыны бар екенін кім білсін. Бір үйді бұзып, бір үйді тұрғызғанда не ұтпақ? Күміс бір теңгелікті қағаз бір теңгелікке айырбастағанмен пара-пар қимыл емес пе өзі? «Қосы ауғанның есі ауған» біреу ме? Осы сұрақтар Нарсипатты таңдандырып әрі қызықтыра түскен.

Ол басқарып келе жатқан «Тереңкөл» совхозы бір кезде тоғыз егіс бригадасын қамтитын ұланғайыр шаруашылық-ты. Әрқайсысы бір-екі ауылдың басын біріктірген бес бөлімшесі бес отау болатын. Ірілі-ұсақты қазақ ауылдары мен поселкелері бар он нүкте саналатын. Солардың әрқайсысына күн сайын қатынамақ түгілі жұмасына бір көрінуге мұршасы әрең келетін. Сондықтан болар, Серәлі деген шал: «Нарсипатты айында — жылында бір көремін. Шаруа жабдығынан бірдеңе сұрайын деп етегінен ұстай алсам, өзі мені көре сала шекше айналдырып, арқаңнан қағып, иығынан сипалай

бастағанда, көкейімдегі айтарға қамдаған сөзімді ұмытып қала берем» деген екен. Мақпырлар жеткізген. Естігенде, Нарсипат мырс еткен де қойған. Жаны бар сөз еді ол. Көп тілегін көл қылып тастауға шаруашылықтың хал-ахуалы көтере бермейді. Серәлі сияқты шалдар өзін жағалата бастағанда, Нарсипат қуақы жылпостыққа ерік береді. «Хал қалай, бой қалай?» дегендей амандық жағына бастыра жұғыса кетеді де, сөйлесіп тұрған адамы «хал қалай болғанда...» деп даусын соза бастағанда, бұл «а-а, жарады, әйтеуір аман болайық» деп сырғи жөнеледі. «Апа, жігіттер айналдырып кетті, сірә, біреуі мені алып тынады білем» деген қыздың кері. Бөлімшелерде қаптаған сұрақ белгісін сүйреткен мәселелер. Соларға алдырмай-жұлдырмай, аман сытылып кетудің есебінен қарманған қарсы айласы ғой. Ол сыры Серәлі сияқты сары тіс, сыралғы шалдарға мәлім боп та үлгерген. Амалы қанша, бұл білгенді Серәлілер де білетін болғаны. «Тарих жүгі азын-аулақ жылдар деңгейінде атқарыла салатын науқан емес, уақыт керек, уақыт керек, мұрсат беріңдер» дегенді Нарсипат сол кезде шығарған... «Күн бір емес» дегенді, «Мың шақырымдық жол бір адымнан басталады» дегенді аузына жиі алатыны да сол жылдар еді. Өзін ылғи сол алғашқы бір адымның бастауында жүргендей көрсететін жұртқа. Порожнуйский сз

Бертін келе «Тереңкөл» совхозынан екі жеке совхоз енші алып бөлектенді, көрші ауданға қарасты тағы бір жаңа совхозға бір бөлімше отау қосып берді. Ақырында «Тереңкөл» ықшамдалып, етек-жеңін жинастыра келе екі бөлімшемен шектелген. Екі бөлімше — екі ауыл. Екеуінің «Торанғұл» ауылы шарбағына көне кемері тиіп тұрған «Тереңкөл» көлінің бергі жағасында, «Ақбалшық» ауылы әр жағында. «Торанғұл» орталық қоныс, «Ақбалшығы»— бөлімше.

Табиғат мұнша шебер болар ма, бір көлді жиектеген екі ауылдың тұрмыс жағдайында әжептәуір өзгешелік бар. «Торанғұл» тұрған жердің суы сортаң, ауылдың ана шетінде бір құдықтың, мына шетінде бір құдықтың ғана суы тұщы, ауыз суды сутасығыш, біреулер «бітеу машина» деп ат қойған машиналармен үйді-үйге таратады. Көше бойы аспанға мойнын созған қаз-үйрекке ұқсап, әр түрлі ыдыстардың қалқайып тізіліп тұра беретіні сондықтан. Су құбыры арқылы дәм тату әлі ілгергі болашақтың ісі екенінде шүбә жоқ.

Ал «Ақбалшықтың» үй басы дерлік құдық, соның

бәрінде тұщы су. Мұндағылар «су байлығы бізде» деп мұрындарын шүйіріп отырады.

«Торанғұлдағы» жекеменшіктің торпағы ен жазда шашпадан аттап шықпайды. Қысқы соғымның бір сирағына ие боларлық торпақтың жазғы, күзгі шөбі тасымал. Шашпадан сытылып кетсе, егінге түседі. Егінге түскен мал, бір кемпір «біздің торпақ кейде осы үйге жиырма-отыз сом пайда тауып береді» деп мысқылдағанындай, иесінің қалтасын қағады, Ондай жай «Ақбалшықта» жоқ. Жайылымы мол, малдары тарыншылық көрмейді. Иелері де жайбарақат, кең салымды.

«Тереңкөлдің» «Торанғұл» жақ қабағы тік, жар. Жиекке салынған кей үйлер ілініп қана тұрғаны соншалық, сол жар сәл жылжып кетсе, ұйпа-тұйпа халге ұшырар еді. Әзір әйтеуір ондай төтен жағдай кездесіп көрмеген.

Ал «Ақбалшық» жаққа созылған көл шеті кесілмелі, пляжға лайық құмдақ. Шетінен бастап, белуарға су тигенше, жүз-екі жүз метрдей жалдап бару керек. Шұңғымалары «Торанғұл» жақта. Бір-екі тракторды көктем кезінде жұтып жібергені де осы бетте.

Бүкіл тарихты сараламай-ақ, тіпті осындай жекелеген мысалдардың өзінен-ақ «Ақбалшық» тұрғындарынан мұндай өрескел, өндіршек мінез табылады деп айту әбестік сияқты. Қайта тызылдақ, қызуқандылар басшылар алқасы үймелеген орталықтан табылып қалатыны жиі кездесетін, «Ақбалшық» тұрғыны созымды, төзімді көріне беретін Нарсипатқа. Қабкештің хабары елден ерек шығып жүрген кертартпа жағдай болып жүрмесін! Сол тентектің Мұнар деген есімін жадында сақтап қалғанмен, Мұнар атты адамның кім екенін нақтылап түстей алмады. Егде тартқан еңбекшіден мұндай қылық шыға қоймас, өрекпіген жастардың бірі шығар деп топшылайды. Кім де болса, барып көрмек.

4

«Ақбалшыққа» көлмен қапталдаса тартқан көтерме жол апарады. Көлденеңі он шақырымдай, «Тереңкөл» иығын көріп, маңқиып жатқан алыпқа ұқсас. Көктем туа шетінен мүжіле еріген мұз әбден жиегі кеміріліп біткенше, ол шеті мен бұл шетін кезек төңіректеп, толқынның ырқымен ортаға да соғып кетіп, тұтас қалпы жылжиды да жүреді. Тұтасқан көк мұздың сауырына қозғаушы күш біткендей. Оның еркін желмен лықыған толқын ғана билейді. Күн сәулесінің шалуына орай бі-

ресе ақ тұз, біресе көк мұз реңкіге түсіп құбылады. Ортаға жеткенде сұрланып, сазарыңқы кейіпке кіреді. Кеш қараяр шақта күн сәулесі мұз бетінде кемпірқосақша ойнайтыны да бар.

«Тереңкөл» Нарсипат үшін ерекше қадірлі. Қыстыгүні әр жерден суат ойған шаруакер жұрт қолдарына күрегін ұстап, мал суаруға шыққанда, бала кезі еске түседі. Әкесіне еріп үшкір сүйменмен қыбыр-қыбыр мұз шұқылап жүргендей елеске беріледі, Күн жылып, суға шомылар мүмкіндік туысымен, күздің алғашқы салқынына дейін «Тереңкөлге» күніне бір сұңгімей көңілі көншімейді. Шаш жууға қатаң көл суында біршама емдік қасиеті бар ма деп те шамалайды. Күні бүгінге дейін науқас ретінде дәрігер алдын көрмегенінің бір себебі де осында деп ұғады. Қалай дегенмен күмп етіп қойып кеткенде, денесінен тас артқандай жүктің жеңілейіп қалатынын біледі.

Осы көлдің ашаршылық жылдары азыққа пайдаланған алабұғасын қазіргі балықшылар көбінесе ермекке, демалыс күнін өткізу үшін, таза ауа жұтудың қарекеті үшін ғана аулайтын сияқты. Ал көлді сағалай темір діңгекке шынжырмен бекітілген қайықтар белдеуде жұтындаған жүйріктерге көбірек ұқсайды. Жүз қаралы қайықтың өзі бір сурет. Қайқандап, мың сан толқын түйдектеліп келіп, табанын қытықтағандай бұлтындап, суды тілгілей жосылғандарын көрсе! Таңсық етсін, тамақ етсін, әйтеуір «Тереңкөлдің» алабұғасынан дәм татқан көпшілік кереге батады да жатады.

«Торанғұл» мен «Ақбалшықтың» арасы жөдел жүріп кеткенде, он-ақ минуттік уақыт алады. Жетпіс-сексендей ғана үйі бар шағын ауылда Мұнар үйін табу қиындық еткен жоқ. Көгілдір «Влгасын» созылтып, Қабкеш сол маңнан жолықты. Ауқымы екі-үш бөлмеден аспайтын ағаш үйдің алдында күйбеңдеп, осы бөлімшенің малшысы Бәйеш жүр. Жолына бөгет болғандай сұлапсұлап жатқан қақ бөренелерді етігінің тұмсығымен нұқып-нұқып түрткілейді. Сергелдеңге түскен кейбіреулерге «балшықтан кісі жасайды деп пе едің» деп ұрсатын Нарсипаттың сөзін ол, әрине, біледі. Бір қолын екі ете алмай жүрген жұрттың уақытын босқа кетіріп дүрліктіруші осы дегені ме, ұлына ызасы ма, әлде пайдаға асатын дүние ме екен, сөз етуге тұрарлық па деп барлауы ма — осындай түсініксіз бір халде екені көрініп-ақ тұр. Қолапайсыз күй кешуде.

— Е, бұл Мұнар, Мұнар деген кім десем, сенің ба-

лаң екен ғой,— деп «Уазиктен» түскен Нарсипат кеңшілік таныта Бәйешке қарай беттеді.

Бәйештің қасында бүйра шашы маңдайын жапқан жігіт тұр. Қеудесі жаланаш. Тастүйін келбетінен саулық пен күш аңқиды. Өн бойы алдынан сөгілмелі көйлектің жеңін сыбанып тастаған. Әскери шалбар, әскери бәтеңке. Бүйірін қос қолдап таянған. Бұл Мұнар деп топшылады Нарсипат. Көк беретін тізесіне қондыра, бөренелердің біріне жайғасты. Бәйеш:

— Ей, Мұнар, үйден орындық әкел,— деп еді.

— Қажеті жоқ,— деп қолын сілтей салды.

«Қазақстанның» бір талын тісіне қыстыра беріп, Қабкешке:

— Сәлиді осында жеткізші,— деді,

Қабкеш кетісімен:

— Біздің бала балалық жасап,— деп Бәйеш күңк етті.

— Тұра тұр, Бәйеш, әзір сенімен сөз жоқ, алдымен Мұнар екеуіміз тілдесіп көрейік.

Екі қолын бүйірінен жазбаған қалпы Мұнар:

— Мен жуырда әскерден келдім,— деді.

— Иә, көріп тұрмын.

— Үйленгім келеді.

— Үйлен, сені кім ұстап тұр.

— Үйлену үшін үй керек. Алдымен отауымды сайлап алғым келеді.

Нарсипат қарқ-қарқ күлді. Оның осы көңілді қалпын пайдаланып қалайын деп Бәйеш те қыстырылып жатыр:

— Өзіңізге, Нареке, бір-екі рет құлаққағыс етіп ем ғой, үйіміз тарлау, бізде малдың тізімі де, жанның тізімі де баршылық деп...

Бірақ Нарсипат онымен мүлде ісі жоқ адамдай, Бәйештің құлақ қағысын бастан асырып жібіріп, Мұнарға шұқшиуда.

— Иә, келін қай жақтан? Әлде ертіп ала келдің бе?

— Келін осы ауылдан.

— Ал, сөйтіп отаудың амалын қалай таптың?

— Көріп тұрғаныңыздай.

— Көруін көріп тұрмын-ау...

Нарсипат орнынан көтеріліп, теңкиіп жатқан бөренелерді түгендегендей, әрқайсысының басына бір тоқтап, шолып шықты.

— Дегенмен құрылысқа материал таңдауды біледі екенсің.

— Қилікпе деп едім осы балаға. Бәлесі жұғады деп едім,— деп Бәйеш тағы дегбірі кете қосарланды.

— Материал таңдауды білмегенде, екі жыл стройбатта жүріп келгем жоқ па. Сегіз қырлы құрылысшыныз біз боламыз.

Мұнар әкесінің күйгелек қалпын ұнатпаған кескінмен сүзіліп-сүзіліп қарап қояды. Өмір әлі иіліп-бүгілуге көндіктірмеген. Мойнын бұрғанда, бүкіл денесі қозғалатын көкжал арлан іспеттес. Тәлкекке ұмсынып көрмеген, тік, өр қалпында. Сол бейнесін бұлжытпайын дегендей, екі қолымен бүйірін сығымдай түседі.

Нарсипат болары болып, бояуы сіңген, соңғы нүктесін ғана тұжырымдауы қалған іске кездескенін мана-ақ пайымдаған. Ауылға ақ кірпіштен жаңа магазин орнаған соң, үлкен бір бөлме құрауға жарарлық ескі дүкен үйі бірнеше жылдан бері есік-терезесі тақтаймен айқұшұйқыш шегелеулі тұрғаны рас. Әйтеуір халық тұтынуға қажетті товарлар сату әжетіне жарап еді демесе, елеулі оқиғаға қатысы бар музейлік ескерткіш үй деуге келмес. Төбесі қаңылтырмен жабулы, бейсауат қол сұғанақтық жасамаған соң, өз бетімен қалқайып тұра берген. Көзге күйік болып қашанғы қарауытып тұра берсін! Мұнар оны іске жаратқысы келген. Екі жыл ауылда тосқан ғашығы бар екені рас болса, үй құрап, семья атанғысы келсе, оның үстіне әкесінен ажырап, іргесін аулақ жыра тартпай, жапсарласа қоныс теуіп жатса, мұның несі сөлекет? Әкесі малшы, шешесі сауыншы, жастайынан совхоз мүддесімен көзін ашқан жандар. Енді бұларға кеудесі көріктей, жұдырығы балғадай жұмысшы жігіт қосылса, келіншегі қалаға-қалаға деп жұлқынбай, ауыл тіршілігіне талпынған жан болса, бір үйде дыңдай төрт жұмысшы қолы сайланып шыға келсе — бұл бір ырыс емес пе! Ақыл ойдан артық емес, басшыға тән ой жүйесі Нарсипатты осындай қорытындыларға әкеліп тіреген. Оның есіне ел арасында тараған бір әңгіме келді.

... Осы төңіректегі Қаумен аулында Жұма деген саятшы адам болаған. Жұма бір жылы, сәті түсіп, қыран көк қаршыға ұстапты. Көңілім жетер-ақ деп сенген Қоқыш атты ел жақсысы сол көк қаршығаны қалау етіп, арнайы кісі жібереді. Өкіл адам Қаумен аулында беделді Тілеке деген ақсақалдың үйіне түсіп, сонда Жұманды алдыртып, сөйлеспек болады. Шақырумен келген Жұмаға Тілеке Қоқыштың қолқасын айтып, жеткізеді. Сонда Жұма: «Қаршығам кеше өліп қалды,

өлмесе Қоқыш түгілі әкесі сұраса да бермес едім» деп-ті. Тілеке ақсақал санын соғып: «Алда ит-ай, өлген қаршығадан да жақсы ат ала алмадың-ау! Қаршығам өліп қалды, әйтпесе Қоқаңа бір құсты қимайтын несі бар» деп айтпассың ба!» деген екен.

Нарсипат саятшы Жұмадай алаңғасар мінезге барытын адам емес. Ол дәл осы арада «өлген қаршығадан жақсы ат ала» алса, үлкен ұтысқа жетерін ұққан.

Ол іркіліңкіреп қалған сөз жүйесін жалғастырып әкетті:

— Сонда, Мұнар шырақ, өзің армия тәртібін көріп келген адамсың. Заң бар, басшы дегендей жайлар есіңе келмей, омыраулай жөнелгенің не қылғаның?

— Сұрауыңыздың жаны бар, аға,— деп Мұнар лып етті,— тәртіп бұзып тұрғанымма айыптымын. Тек мынаны ескерсеңіз. Әкемнен үй жайын сұрастырып едім, бұл кісі сізге екі-үш рет қыңқылдағанын айтты. Құлақ аспапсыз. Күнк ете түскенінен ештеңе өнбесе, өндіршектеп қыр соңыңыздан жүгіре беретін жабысқақ бұл кісі емес. Бір жөні болар дейді де отыра береді. Оның үстіне іні-қарындастарымның басы баршылық. Қарындастарыма елдалда бір бөлме тиген екен, мұнда келіншегім екеуіміз жатамыз, әрмен сығылысындар деп қалай айтпақпын? Әлгі Қабкеш ағай мастер деген соң алдыңғы күні мән-жайды айтып көріп едім, жоқ та жоқ деп азар да безер болды. Не істеу керек? Қаңқиып тұрған ескі дүкенге көз түсті. Бөренелерін сипалап, түйгіштеп көрдім, балалы-шағалы халге жеткенше баспанаға жарайтын. Жігіттерді ұйымдастырып жіберіп салдым қолды. Бар мәселе осы.

— Жарады-ы,— деді Нарсипат созбақтап,— жарады, жігітім, дегенің болсын! Соңғы сұрақ... бөлмең бітті дейік, кіріп-шығар есігін қайдан шығармақсың?

— Қайдан болушы еді, әкемнің төрін баса-көктеп қалай өтеміз. Есік бөлек, бүйірден труба тартып, сумен жылытатын батарея жалғап аламыз.

— Келістік. Ал есінді жинап, қабырғаңды жапқан соң, қала жаққа елеңдейтін болсаң, жоныннан қайыс алам. Уәде ме?

— Уәде.

— Әкел қолды!

Сарт-сұрт қол алысылды.

— Апырау, мұндай жағдайды атап жіберу керек еді,— деп енді Бәйеш шынымен бәйек бола бастады.— Мұнар, апаң сауыннан келгенше газ тұтата берсейші.

— Уақасы жоқ,— деп Нарсипат оны тоқтатты.— Тойыңа шақыр, сонда молынан атармыз.

— Е, жарады,— деп Бәйеш бәйек қалпынан босаңсып, сабырлы түрмен мұртын ширата бастады.

Дәл осы кезде Сәлиді «Волгасына» мінгізіп, Қабкеш те жетті.

— Байқаймын, марақай-тарақайсыңдар, мәселе тәмәм ғой, тәйкі деген,— деп әккілікпен мән-жайды бірден аңғарғанын танытты.

— Мәселе келісімге қол қойылуымен тынды,— деді Нарсипат жүзінен күлкі тарамаған күйі.

— Сонда осылай, ымы-жымы бір адамдарша, ыңшыңсыз, ә?

— Иә, ыңшыңсыз. Сен де бөгет жасама!

— Е, мейлі. Менікі әркім бір тартпақтап, бей-берекет сүйрей жөнелсе, совхоз мүлкінен не қалады дегенім ғой, тәйкі деген,— деді де бұл арада өзінің артық екенін сезген Қабкеш жөнеліп берді.

Көк «Волганың» соңынан таңырқай қарап қалған Бәйеш:

— Қалай-қалай қойқандайды?— деп мұртының ұшын жұлқып-жұлқып жіберді.

Әкелі-балалы екеуімен қол алыса қоштасып, Нарсипат Сәлиді машинасына мінгізіп, көл жиегіне қарай тартты. Сонда жеткенде ғана ол күн желкем екеніне мән берді. Көлдің мұздан арылған жиегіндегі тайыз су шолп-шолп етеді. Таза, дымқыл ауа тынысты аша түскендей.

— Сіз, әрине, сеңінен арылмаған суға шомылуға серіктікке шақырмаған шығарсыз?— деді Сәли жиекке таяу тоқтаған Нарсипаттың қатарына келіп.

Нарсипат мырс етті.

— Көріпкелің бар-ау, тегі. Дәл таптың. «Бас жарылған соң не тұрыс?»— дейтті ғой біреу. Екі директор түйісіппіз, сөйлесейік.

— Сөйлессек, сөйлесейік. Бірақ сөз не хақында? Күн тәртібі дегендей...

— Күн тәртібі сол, сен кімсің, іздегенің не, соны білсем деймін.

Нарсипат көздерін сығырайтып, қулана жылтыратты. Түкпірінде көк мұздай салқын леп бүркеулі.

— Ол аса күрделі мәселе емес екен, Нареке,— деді Сәли де күлгенсіп,— мені бала кезімнен білесіз. Бүгінге дейінгі өмірбаяным алақаныңызда. Сеніп тапсырылған

жұмысты шама-шарқымызша атқарған боп жүрміз. Тайрандап алға әкеткен де, шатқаяқтап, кері кеткен де жеріміз әзір ауызға алынбаған. Бас жарып, көз шығарған кезім жоқ. Ақырын жүріп, анық бассам ба деген пендеңіз деп білерсіз.

— Ақырын жүргендігің, аңдап басқандығың сол ма, қыр соңыма түсіп алып, бір таймайсың,— деп Нарсипат бірден шап етпе шақар мінез танытты.

Сәли «ә, солай ма еді?»— дегендей, иегін көтере беріп жауап қатты.

— Тіксінуіңіз қисынсыз емес. Бірақ ашық әңгімеге кіріспестен бұрын мен сізге азын-аулақ экскурсия жасауды ұсынар едім...

Үйреншікті сарыннан гөрі тосын іс кезіксе, жанығып, еліге кететін Нарсипат:

— Баста!— деді келте қайырып.

Алыс па, жақын ба деп тәптіштеп жатпады, руль жақты Сәлиге беріп, өзі қатарлас креслоға жайғасты.

Сәли машинаны ауылдың көтерме жолға ұласар бетіне бағыттады. Қарсы шеттегі ферма маңында қарғасы шулаған селдір шоқты есепке қоспаса, ауыл төңірегі ағаш дегеннен жадау, тұлдыр деуге де тұрарлық. Әр көше, әр үй бинокльден көргендей айқын, Машина ен бірінші кезіккен төмпешікке тіреле тоқтады. Сәли Нарсипатқа жартылай бұрылды. Бір шынтағын рульдің дөңгелегіне асып қойған.

— Осы сияқты төмпешіктер сонау грейдерге дейін нешеу болар еді деп ойлайсыз?

Төмпешіктер көп. Жолға дейін қапталдап тізіле тартады екен. Бұлар, әрине, бір кездегі үйлердің ескі жұрты. Нарсипат бұрын мән бермеген көрініс. Жұрт санап жүрген кім бар. Ал мыналар... Бұл арамен талай зырқыратып машинамен өтіп жүргенде, көзге талай іліккен шығар. Бірақ көңілге көлеңкесі түсе қоймаған сурет. Нарсипат әдетте бөлімшеге келгенде, ең әуелі кеңсеге қарайды: қара-құра бар ма екен дегені. Онан соң көз көрім жердегі егістікке қарайды: көкшені отап жүрген бейсауат мал жоқ па екен дегені. Бұдан әрі көше бойлай бір шолып өтеді: жұмыс екпініне жағымсыз қимыл-құбылыс жоқ па екен, береке кетірер ырың-дырыңнан ел аман ба екен дегені. Осылай сырттай шолғанынан, назарынан қағас қалған жағдай басшылармен, мамандармен, жұмысшылармен әңгіме барысында айқындала жатар деп түйетін. Қөбіне оның жобалауы-

нан шығатын да. Бір кездегі үйлердің белгісіндей әр төмпешікті тұспалдап тұрғандай терек, акация ағаштары, мал тісімен жұлмаланып кеткен жеміс ағаштарының селдіреген түптері ғана қара-құра көз тартады. Бұл арада да адамдар күнелткені, олардың мекен-жайы болғаны, сиыры күйсеп, қойы жусап, қазы шөп орып жүргені, бала-шаға қара табандана шаңдатып асыр салғаны күні кеше ғана сияқты.

— Жарым көшедей бар екен,— деді Нарсипат әлден уақытта.

— Ендеше сол жарым көшені жайлаған адамдар бүгін қайда? Олардың бірі де бұл ауылда жоқ. Басқа жаққа көшкен, көбі орталыққа қоныс аударған. Бұл бір жылдың өзгерісі емес, бірқатар жылдардың әсері. Сіз осыған иланасыз ба?

— Ал иландық дейік.

— Осы көшкінге сіздің де себіңіз тиген.

Осы сөздер айтылғанда, Сәли тіксіне қараса, Нарсипат состия қадалды. Сәли іркілер емес:

Ана бір жылдары генплан бойынша «Ақбалшық» түгелімен орталыққа қоныс аудару керек деп ұрандатпап па едіңіз? Еткенсіз. Мүмкін, ол дабылдың да өзінше себептері бар болар. Осы күнгі іргелес совхоздар ол тұста еншілесіп, ажырамаған кез. «Тереңкөл» көкжиектің о шеті мен бұл шетін жалғап жатқан ұланғайыр бір дүние көрінетін де тұратын. Сонда сіз басшылықтың оңай жолы шаруашылықты бір орталыққа шоғырландыра ұстау деп ұққансыз. Бұл ниетке қолайлысы «Ақбалшыққа» ұқсай беретін. «Торанғұлмен» жері бір, суы бір, арақашықтығы қол созымдай ғана деген желеу де табылған. Әрине, опық-сопақтау тұрған «Ақбалшықтар» басқа шаруашылықтардан да табылып қалған шығар. Біреулер қиқулап жіберді, сіз де ұранға бастыңыз. Біреулер мүдде іздеп кетті, біреулер мүлде кетті. Сөйтіп, ауыл тоз-тоз бола бастады. Бірақ елдің дені сіз сияқтылар көтерген дүрмектің ауқымымен тозаңша ұшпай, табандап ежелгі қонысында қалды. Сол табандап қалғандар — бүгінгі «Ақбалшық». Кейін, дүмпу саябырлай келе, ет керек, сүт керек, ет пен сүт бүгінгіден де молырақ керек екеніне көз жеткен соң, мұндай көшкін тиылды. Бүгінгі «Ақбалшықта» жетпіс-сексен үй. Сонау бір тұста қабырғасы сөгілген ауылыңыз осы. Түйдек-түйдек он шақтылап кетпеген соң, ол нөпір ешкімнің көзіне бадырайып түсе қойған жоқ. Ақырында «Ақбалшық» жарты аулынан айрылды.

— Хош, бас кінәлі біз екенбіз.

— Қайталап айтамын, жападан-жалғыз сіз кінәлі деуден мен аулақпын. Дегенмен осындай ыдырап-сөгілуді одан әрмен ыдыратпау үшін не істедіңіз?

— Не істедік... Сен жаланбұт жүргенде, совхоз шаруашылығын бекіттік, нығайттық. Біреуден ілгері, біреуден кейін. Мына сендерге ұялмай қарар жайымыз бар. Қөрсеткіштеріміз құдайға шүкір. Бұл аз ба?

— Мейлі. Көрсеткіш болса, көрсеткіш болсын. Ол да негізгі талаптардың бірі дейік. Тіпті жүгінейік. Жүгіне отыра, қояр сауалым бар: бүгін қырма сақалдарыңыз ертең қартаң тартқанда, осылардың легінде кімдер бар? Соны бағдарладыңыз ба? Бүгін елде қалған біренсараң жастар қатары күннен күнге молаюдың орнына кеміп бара жатқаны несі? Дәл қазір, бүгінгі таңда жастар атаулыдан жүген ұстап қалу қаупі барын сезесіз бе?— деп Сәли тағы бастырмалата жөнелгенде, Нарсипат сұқ саусағын шошайтты:

— Атшаптырымдай көлдің жағасында отырып, екеуіміз мировой масштабқа кетіп қалып жүрмесек жарар еді. Өзінді оқытқан Тайжан мұғалім есінде ме, думантойда қызып алғанда, «Тайжановский ешқашан далимайды» дейтіні. Сөйтіп, далимай, мәселені «Ақбалшыққа» қарай икемдесек қайтеді?

Сәли де сақадай сай екен:

— Икемдесек, икемдейік,— деп құлшына кетті.— Маған керегі де сол. Биыл жыл басынан бері армиядан оралған төрт жігіттің үшеуі кетті чемодандарын ұстап. Қалған жалғыз Мұнар. Ол қыңыр іс жасағанмен, түптіңтүбінде одан совхоз көз жазып қалмауы керектігін түсініп, сіз әлгінде аса бір байсалды шешімге тоқтадыңыз. Дұрыс. Бірақ сіздің одан басқаға шамаңыз да жетпейді. Өйткені есігін айқара ашып, кілтін Мұнар сияқтылардың алақанына сала қоятын үйіңіз де жоқ. Бес жылда өлдімталдым деп әрең біткен бес үй кімнің жыртығына жамау?!

— Иә, иә, сөйлеп бер.

— Сөйлесем маған қыр соңымнан қалмайсың дейсіз. Неге қалам? Бүгінгі оқушы совхоздың ертеңгі кадры боп қала ма, қалмай ма, міне, сұрақтың басы қайда? Қаршадай балаларды осы бастан совхоз тіршілігіне икемдей тәрбиелейін десем несі айып? Он жылдық мектеп көрген ілтипатты біз неге көрмейміз? Олардың басы алтын, қолы күміс пе? Біз де балға ұстай білеміз. Бұған неге қасарысасыз? Алғашқы жыл өзімізге

еңбек лагерінің үйін салып үйренсек, келешек тұрғын үй салуға кіріссек, келе-келе бес саусағы шеге мен балға-ға жанасқан балалар төселіп алмай ма? Сегізінші бітір-ген соң, арнайы мамандық берер училищеге түсіп, маман-дық алып келмей ме, совхозға оралмай ма. Менің кө-кейімдегі ой осы. Тіпті біздің қолдан келер істі құйтық-андай көрсеңіз де, бір жазда бір үй тұғызып берсек, ол аз қолқабыс емес пе дегенім ғой.

— Ім, мынау бір киял-ғажайып ертек екен.

— Оны өзіңіз біліңіз.

— Жә, ендеше мына бір сұрақтың көзін ашып берші. Менің сенен шыққан сөзге қасарысып жүргенімді білесің, сөйте тұра гүл ұстап, туған күніме құтты болсын айта келесің. Жағымпаздығың ұстап кетті ме?

— Мен кабинетіңізге кіріп, балаларға гүл тапсырт-қаныма өкінбеймін. Ондық еңбегіңіз бар. Рас, көңілі түссе көлдей деп те естуші едім, құрылыс звеносы деп жүрген тілегімізге жан бітер ме екен деген әлсіз үмітім де жоқ емес-ті. Ол үміт ақталмады.

— Ал сонда ілгері уақытта не істемексің?

— Ілгері уақытта парткомда мәселе көтеремін. Стаж-ым аз болса да, мен де коммунист екенімді ұмытпассыз.

Нарсипатта қалта-қалтарыс көп қой. Қарсыласын ішек қырындысына дейін ақтарып алып, не олай, не бұл-ай демей, сүйретпеге салып кететін де мінезі бар. Бұл жолы ол сонысына басты. Басы асау жүйріктей Сәли еркінсіп, тартынбастан ақтарылды. Оның көкейін көр-ді. Байқасарға да, шайқасарға да түп төркіні айқын. Нарсипат тәжірибелі қарташылардың көзірін бұғып отыр.

— Хош, пікірлестік. Екшейік. Ойласайық,— деді де «ал, хош» деп тұрған жерінен тура «Торанғұлға» қарай аттанып кетті.

Сәли жаяулап мектебіне қарай аяндады,

5

«Ешкім звондаған жоқ па, ешкім іздеу салған жоқ па?» деп дала аралап келгенде, кеңсеге соқпай кетпей-тін Нарсипатты көрісімен, Үкіжан:

— Зияда звондады,— деді.

Ана-мынаға мазалай бермеуші еді, жеделдетіп үймен жалғасқанда Зияда:

— Тез жет, тез жет!— дегеннен басқа ештеңе айтуға шамасы келмеді.

— Немене абдырап тұрғаның?— деді Нарсипат тіс-тене сөйлеп, — айтсаңшы созбақтамай.

— Қаладан Самал хабарласты. Хайдарды әлде біреулер соққыға жығып кетіпті.

Зияда әрең сөйлеп тұр.

Нарсипат қара кнопканы зың еткізіп басып, Үкіжанды шақырып алды:

— Мен қалаға кеттім.

«Қалаға барып оралғанша шаруа тізгінін біреуге тапсырып кетсем бе екен» деп ойланды да, бір ғана сәт бас мамандарын жылдам-жылдам саралап өтті. Ұзақ сапарға кетердегі байырғы әдеті. Бас агроном Сәдуді бірер рет орнына қалдырып көрген. Нарсипаттың көзі тайса, оның машықты кәсібі — бұрқыратып бұйрық жазу. Бұйрыққа ілігетіндері — оның жобалауынша, «Нарсипатшылар». Нарсипат курортта дем алып жатқан бір айдың аумағында осындай «нарсипатшылардың» бірекеуі уақытша болса да жұмыстан шеттетілгенін шағынып алдынан шығады. Оларды қайыра жұмысқа тұрғызуға қайыра бұйрық жазылады, Сондықтан Нарсипаттың түсінігінде Сәду әуре-сарсаңның адамы. Бас зоотехник Жұматайға сеніп кетер еді... Ол мал қорасына кіріп шыққаннан гөрі жылы кабинеттен аспай-ақ, бір жапырақ мәлімет жазғанды артық көретін адам. Нарсипат қаладан келгенше, ол мәліметтерінің бас-аяғын да жинастырып үлгермес. Бас инженер Ойратты әлі жас деп бағалайды, оған адаммен сөйлескенше, темірмен тілдескен әлде қайда оңай. Бас бухгалтер Назира танауын пұштандатып кабинет аралағанды ұнатады. Таңғы сағат он бірде, бір минут не кейін, не ілгері аудырмастан бухгалтерлерімен шай ішеді. Он екі жарымда кездеме дүкеніне сырғытып бара жатады. Бас экономист директорға қарсы тұрар сан мен заңнан бұлжымас қорған құрап алып, кабинетін тарс жауып отырғаны... «Бас инженер қыздай сыпайы, бас экономист сиырдай тұрпайы» деген жергілікті бір ақынның сөздері бар... Сайып келгенде, совхоз штатындағы «бастар» туралы Нарсипаттың өз түсінігі осындай. «Бір күнде құрдымға кетпес» деді де, Үкіжаннан басқа жанға ескертпестен жолға шұғыл қамданды.

...«Тереңкөл» орналасқан нүктеден облыс орталығына дейін жүз сексен шақырым. Асфальтқа шығарға лайықтап, көсілмелі жолда алымды «Волганы» айдап шыққан Нарсипаттың ішкі есебі бойынша, бару-келу жол көп болса төрт-бес сағат уақыт алады, Дәрігер-

лермен жолығып, қажетті адамдарымен кеңесіп, түннің бірер сағатын иемдене елге қайтып оралуға болады. Нарсипаттың бұлай суыт сапарлары бір бұл емес.

Зияда екеуі майда қозғалып, сырғытып келе жатқан «Волга» ішінде үнсіз. Екеуі де Хайдарды ойлап келеді. Екеуі де Хайдарға байланысты оқиғаны салмақтап келеді. Неден болғаны, кімнен болғаны қараңғы. Әйтеуір Хайдар есімі ми қабаттарында не көкке ұшпай, не жерге түспей, желмен қалбалақтаған жапырақша үйіріліп қана тұр.

... Бұлар отасқалы екі бел асып, үшіншісін де ұтымалап келеді. Екеуінің өмір жолы түйіскен шақ жастық оты уыттанып, кеулеп, лаулап тұрған кез еді.

Нарсипат пен Зияда ойда жоқта тойда кездесті. Кездескеннен-ақ Нарсипат Зияданың қыр соңынан қалмады. МТС-та директор кезі. Албырттығы да, адуындығы да бар шығар. Зиядаға «мен сіздің қасыңызға отырам» деді, тапжылмастан отырып алды. «Директор басымен шошаңдап, о несі?» дегені ме екен, «Нарсипат, сенің орның мұнда» деп төрді қайта-қайта нұсқай берген біреуге «сол орынды сізге біржола бердім» деп те салды. Қазақша сыпайы сызылып, тағамның басы мен аяқталуын тосып томсырайып та отырған жоқ. Ауызғы үйде би билеген жастарға келіп, бәрібір Зияданы тауып алды. «Бәрібір мен сізбен ғана билеймін» деді. Шынында, тек қана Зиядамен биледі. Ол кезде рок-н-роллдың шет жағасы дөрекі, өңі айналған түрде ауылды жерге келе бастаған. Соған елігіп, ойпаң-тойпаң құбылмаса да вальс, фокстрот, танго дегендерді құр өткізбеді. Төр үйдегі салмақтылардың бірі бұлар краковякпен секірте желпініп жүргенде, «саған желөкпеленіп секеңдегеннен де преферанс лайық қой» деп құлағына сыбырлап еді, «Мен преферанс білмеймін ғой» деп Нарсипат жорта соғып та жіберді.

Той тарқағанша Нарсипат Зияданы әбден меңгеріп алғандай-ды. «Мен бәрібір сіздің қыр соңыңыздан қалмаймын» деді. Мәселенің той қызығынан гөрі өрлеңкіреп бара жатқанын анық пайымдаған Зияда бұл тасынған көңілге дер кезінде су бүркіп, ес жинаттыру қажеттігін сезген.

— Сіз мені білмейсіз, босқа өректемеңіз,— деген би үстінде.

— Неге білмеймін, білемін. Міне, сіз қасымдасыз, менімен қатар құлпыра қимылдап жүрсіз. Шашыңызды,

көзіңізді көріп тұрмын, Осыдан басқа не білу керек!— деп Нарсипат елеурей түскен.

Зияда әйел адамға тән жіті оймен дәл осы арада, сол күні сарқыла айтып тынатын сырларын айтып тынуға тиіс екендігін пайымдаған. Әзір бір рет те «сүйдім, күйдім» деп бір сөз айтпаған Нарсипат шын ықласымен құлап түскенін әбден ұққан. Жығылған жағынан тұрмайтын жігіт болармын деп шамалаған. Оның үстіне Нарсипат әдемі өңді, биязы мінезді деп қана сүйе салатын көптің бірі емес. Ол — көппен тамырлас, сүт бетінде қаймақ болып жүруге тиіс адам. Ондай адамның көбіне араласар ортасы басқа, талғамы өзгеше келуі мүмкін. Егер... өмір сапары бір түсе қалса: ашық-айқын басталғаны жөн. Бүкпесіз ағынан жарылу керек. Зияда осы жағын баса ойлаған. «Мүлде есеңгіремей тұрғанда, ақыл-есін сабасына түсірген жөн болар» деді іштей. Сол шешімнің түртпегімен Нарсипатты далаға оңаша алып шықты.

— Сіздің іздеген адамыңыз мен емеспін, қателесесіз,— деді.

— Қателеспеймін,— деді Нарсипат.

— Алдымен, мен қыз емеспін,— деді Зияда турасына көшіп.

— Мейлі, болсын,— деді Нарсипат.

— Екінші, менің «олжадан» тауып алған балам бар.

— Мейлі, болсын,— деді Нарсипат.

— Үшіншіден, менде белгілікті мамандық жоқ. Масыл болғаннан басқа ештеңе қолымнан келмес. Үй шаруасына да олақ болармын, сірә. «Берсең наныңды жеймін, бермесең жаныңды жеймін» дейтін әйел мен шығармын деп ойлаймын.

— Болсын. Мұның жарасы жеңіл,— деді Нарсипат.

— Төртіншіден, менде тіреліп тұрған төркін жоқ. Қайындап барып жүретін жеріңіз — жүдеубас. Бұл ретте өрісті бола алмайсыз.

— Мейлі, олар бізге келіп жүрсін.

— Бесіншіден, мен сіздей бір жігіттен опық жеп, аузым күйген, Сізден де қорқамын.

Әңгіме желісі бесінші санға тірелгенде, Нарсипат «сіз, бізді» мүлде доғарды.

— Менен қорықпа, Зияш!— деді.

Құшақтап сүйді. Зияда да иілігіп, икемделе берді.

— Баланың аты кім?— деді Нарсипат әлден уақытта.

— Хайдар.

— Біздің бір ағай айтушы еді, балаларымның атын

бір шумақ өлеңге толтырғанда ғана тоқтаймын да, ең көпейлерінің атын Жаздым, Жаңылдым деп қоямын деп. Сол айтпақшы, Хайдар тектес Айдар да, Мінайдар да бола жатар,— деп Нарсипат бұған дейінгі сөздердің үтірлерін сыпырып әкеліп, тоқетер нүктеге бір-ақ тоғытты.

Бұлар танысқан үйдің қонақасысы сол түні Нарсипат пен Зияданың үй болу, бас құрау тойына ұласып кете барған. Сол тоймен одақтары бекіп тынған. Өң мен түстей қас қағым сәтке отыз жылдың қарасы боп қалған.

Жұптық өмірден алғашқы айларының бірінде Зияда:

— Хайдарды сенің фамилияңа түсіру керек еді. Сен Досжанов, мен Досжанова, сонда ол неге атасының атында Байназаров болып жүруге тиіс?— деген.

Әйел адам көңіл-күйдің бүге-шігесіне жетік келетін әдеті ғой, іші бір лайықсыздық сезе ме, кім білсін. Әйтсе де онысына мән бере қойған Нарсипат жоқ.

— Бір мен үшін сенің Досжанова болғаныңнан артық ештеңе қажет емес. Хайдар солай жүре берсін, ода тұрған не бар. Бір жөндерміз...

Көңіл түкпірінің бір қалтарысында «Ержеткенде менің фамилиямды алып жүре ме, жүре алмай ма бұл боқмұрын? «Түлкі тымаққа да бас керек. Байқайық әуелі» деген күдік ой да дүдәмалға бастап тұрғаны бар-ды.

Көп ұзамай Самал туды. Уақыт зымырап өте берді. Ырду-дырду, той-думан күнде болмағанмен, күнараға жақын. «Ел үстінде күн көргендей» қызғылықты тұрмыс сан талай жарқылдақ қырларымен сиқырлай шымырлатып, рақат иірімге батырып әкетті. Нарсипатты бұрын «жеке жүрсің ғой, шай-суан ішіп кет» деп бір-бір рет шақырған үйлер «қосағыңды табалдырығымыздан аттатқыз» деп енді Зиядамен екеуін көл-дария қонақасыларымен сыйлап та үлгірген. Мұндай қонақжайлылық созыла берсе, мезі де қылады екен. Нарсипат біртін-біртін бұл шеңберді тарылта, өзіне қалаулы шағын топпен ғана бас қосатынға көшті. Келе-келе бұл топ та сетінеп, кешелер туған күнін атасқан «өзки кругтың» аясына ғана шектелген. Жастайынан өмірден қағажу көріп үлгірген Зида қорғалап туған ай сияқты алғаш бұл дырдуға белшесінен батып кете бермесе де, қылықты келіншекті тұрмыс қызығы өз дегеніне тартпай қоймаған. Хайдар хақында алғаш жүрексіздеу, атөттілеу қозғалған сөз күн озған сайын көмескілене берген. Оның үстіне «менің өз қанымнан жаралған Досжанов күні ертең келеді әлі» деген Нарсипаттың зор үміті солмаған шағы. Өзеуреп,

кеудесіне асылған шақтарда «Бір Досжанов тапсаңшы тезірек» деп Зияданы жеп қоя жаздайтын. Бірақ қолдан соғып алатын зат емес, өз қанынан көрген тұңғышы да, көпейі де Самалмен тұйықталды.

Бір қақпадан шығып, бір қақпаға кіретін, бір дастарқанда ас ішетін, бір аулада ойнайтын екі бала екі фамилиямен жүріп жатты. Мектеп тізімінде де солай. Бір күні, сірә, Хайдардың бесінші класта оқитын кезі болу керек, Зияда ағыл-тегіл жылады. Жұмыстан шаршап келіп, үн-түнсіз тырсиып отырған күйеуіне мәнісін өзі айтты:

— Бүгін күні бойы Хайдар қыңқылдаумен жүр. «Менің фамилиям неге басқа?» деп зар қақсады осы. Біреу шаптайды-ау деймін, шамасы. Сұрасам, қасарысып айтпайды,— деді.

— Сен не айттың?

— Мен не айтам, құдай-ай. Қаршадай бала не ұғады деп айтам?! Мен қыз күнімде жырқылдақ, шошақай едім, содан қарабет болдым деймін бе оған?

— Е, сұрауға батылы жеткенде, түсінуге өресі жетпес дейсің бе? Білсін шындықты. Айту керек.

Зияда Нарсипатқа көзі ұясынан шыға бір қарады да үндемеді. Хайдар сол түні істің анық-танығына жеткен. Сол түннен бастап ол Нарсипатты «папа» деуін доғарған.

Екі балаға деп екі суырмаға ақша салып қоятын әдеттері болатын. Еркін өссін, кемтарлық көрмесін әрі қаршадайларынан ақша жұмсап үйренсін дегендері еді. Самалдың суырмасындағы тиын, теңгелер күн санап кеміп жатса, Хайдардың суырмасындағы өзіндік қор қозғаусыз дерлік қала береді. Бұрын тамтұмдап жұмсаушы еді, Нарсипатты әке деуден безінген күннен бастап, ол бұл қазынадан мүлде қолын тартты. Екі мен үштің арасында жүріп, сегізінші кластың куәлігіне ие болып, техникум қайдасың деп қалаға тайып отырған.

«Енді не жоспарың бар?» деп Нарсипат сұрамаған. «Үйтейін деп едім, бүйтейін деп едім» дегендей балалықпен Хайдар қыңқылдап мазалаған емес. Газеттен техникумның адресін біліп алды да, июль айының соңғы күндері аттанып кетті. Өзі түсті, өзі оқыды. Нарсипат қалаға қатынаған машиналармен тамақ жібертіп жатады. Оларын қайтарған емес, бірақ жарамсақтанып жарбаңдаған мінез де танытқан емес. Томаға тұйық бір халге түсіп алған. Техникумды аяқтаған соң, сонда бір заводта жұмысқа қалған. Оған ықпалы жүрмесін әбден түсінген

Нарсипат та онымен араласу әрекетінен мүлде тыйылған. «Өз үйі, өзі күйі» дегендей өз қотырын өзі қасыған қалыпта состиып Хайдар жүріп жатты.

Үйге бірді-екілі келіп кеткенінде аңғарғаны — Хайдар ішкілікке үйір. Тым құрығанда осы жағына түзеу салайын деп ойлаған Нарсипат.

— Осы сен ішу жағын жұқартсаң қайтеді?— деп сөз тартқанда:

— Е, сіз де аузыңызды қу шөппен сүртіп жүрген жоқсыз ғой,— деп қыңырайған Хайдар.

— Мендей есебіннен жаңылмай, есіннен адаспай, іше алсаң жарайды ғой.

— Е, сіздей іше алмасақ, қалармыз бір жерде. Бір мен үшін дүние астан-кестен төңкеріліп түсер дейсің бе... Маған бола қам жеп әурленбеңіз.

Сөз бұдан әрі өрбімеді.

Ойды ой қуалап отырып, Нарсипат мен Зияда жол бойы үндеспеген. Межелі уақытта қалаға сол қалыптары жетіп қалды. Хайдардың облыстық емханаға жедел жәрдеммен жеткізілгенін біледі. Ол хируги я бөлімінде. Дес бергенде, Самал да сонда терапия бөлімінде дәрігер. Ол болмаса Хайдардың қайда қалып, қайдан табылары мағлұмсыз еді.

Нарсипат «Волганы» тура емхана қақпасына тіреді. Әуелі мән-жайға қанып алмақ боп, Самалды бері шақыртты.

Көздеріндегі фейерверк шұғыласындай жылтылдаған оттар әкесінен ауысқан, қызыл шырайлы жұқатай өң шешесінен жұққан Самал жүгірген бойда шыға келіп, әкешешесін екі қолымен қосақтап құшақтай алды. Екеуінің кеудесіне кезек-кезек бетін басады. Сонда да мауқы басылар емес. «Ой, сағындым ғой!» деп қояды.

— Қалай тез жеткенсіңдер! Уақыт түстен жаңа ғана ауып барады,— деді сонан соң.

— Е, мінгеніміз «Волга» болса, тізгінін мен секілді жоғары білімді шофер ұстаса...— деп Нарсипат қыбын тауып айта жүретін үйреншікті мақтанышына баса беріп еді, оны Зияда бөліп жіберді.

— Иә, қызым, Хайдарды айтшы, Хайдарды!

— Хайдар-р,— деп Самал сәл бөгеліңкі жауап берді,— қазір шүкір...

— Сонда немене өзі, не ауру?

— Не болушы еді, сатып алған ауру шығар,— деп Нарсипат ортан белден бір-ақ басты,— ел аман, жұрт тынышта не қағынды келді дейсің алабөтен.

— Ойпырай, тұра тұрсаң етті!— деп Зияда зыр-зыр етеді.

— Негізінде соған жақын...— деп Самал әкесінің сөзін растады,— Ішкен... Бір жесір әйелдің үйіне кимелеп барып жатып алған... Ол әйелдің көршілес тұратын туыстары бар екен, солар сабаған.

— Міне, міне!— деп Нарсипат дәуірлеп қалды.

«Енді маған не дер екенсің?»— дегендей Зиядаға шұқшия бір қарады.

— Жарайды... Не болса да көрсетші өзін бізге,— деп Зияда тағатсыздана бастап еді, Самал тағы да бөгелің-кірей берді. Саусақтарын бытыр-бытыр еткізіп, әкесіне жасқана қарады:

— Папа, сен Хайдарға көрінбей-ақ қой. Ол сенімен жүздескісі келмейді.

Өзінің дегенін болдыртпастай бөгесін қарсы кезіккенде, өршелене кететін Нарсипат:

— Өй, қойыңдар оның сандырағын,— деп долданып, кезекші сестрадан халат сұрап киіп, ішке ентелеп еніп те кетті.

Оның соңынан ере жөнелген Зияда мен Самал үздіксоздық қабаттасып, Хайдар жатқан палатаға келді. Палатадағы койкалар тығыз орналасқан екен. Олардың ең шеткісіндегі Хайдарды әрең шырамытқаны ма, әлде әдейісі ме:

— Е, мында жатыр екенсің ғой,— деді Нарсипат.

Түгел аққа оранған Хайдар қыбыр етті. Ақ бинтпен сымбалдап оралып, гипске салынған бір аяғы аспандата асулы. Бір қол да солай шандылған. Гипс қалақшасы сорайып, саусақтарына дейін шығып тұр. Бетінде тырнақ іліп кеткендей дақтар бар.

Жапырлап төніп келген бұларға селсоқ бір қарады да:

— Жұртқа дабыра етпе деп едім ғой, Самал,— деді Хайдар.

Көңілінің орталығы суалған жағынан білініп тұр.

Зияда үстіне түсіп аймалап:

— Құлыным-ау, не күйге ұшырағансың?— деп жыламсырап еді, Хайдар төбеге тесіліп қараған қалпы оның иығына сау қолын салып қана үнсіз жата берді.

— Өзінді кім соққылағанын білсең айтсаншы бізге,— деді Нарсипат,— милиция бар, өзіміздің жігіттер бар дегендейін... сазайын тарттырайық. Тал түсте талатып қоямыз ба осылай!

Бұнысы оның шыны болатын. «Солар, солар» деп

Хайдар түстеп-таңбалап берсе, олардың соңына салып жіберуге таныстығы, тамырластығы жетеді. Тек Хайдардың бір ауыз сөзі ғана керек.

Нарсипаттың даусы шыққанын ұнатпағандай, Хайдар тыжырынып, ытырынған кейіп көрсетті. Солай біраз уақыт жатты да:

— А, ерунда,— деді,— сізден маған бір тиын да қолқабыс қажет емес. Сіз Досжанов, мен Байназаров. Сіз бен бізді жалғастыратындай еш себеп жоқ. Әуре боп қайтесіз. Өзім, өзім... өзім көрем!— деді.

Енді бұл жерде тұра берудің лайығы жоқ екенін ұққан Нарсипат кілт бұрылып, кете барды.

Шешесінің алдында көзінен бір-екі тамшы жас шығарған Хайдар уайымға бой алдырғысы келмей, бойын тез жинап алды. «Қазір сестра келіп, укол береді» деген сылтаумен бұлармен де қоштасты. Егіліп Зияда шықты. Ұлының ерегіс атты ағаш атқа мініп алып, тағдыр не салса да, жалғыз өзі көрмекке бел буған бірбеткей қалпын аналық түйсікпен сезіп тұр. Бірақ айға жалғыз ұмтылар арыстан өз ұлы емес екенін де көріп тұр. Көргендіктен, білгендіктен жабығады. Хайдарда кеудесін кернеген ыза мен намыстан басқа не қайрат, не қаумет бар? Өмір талқысына қайыспай қарсы шығар не тірегі бар? Техникум бітірген дипломынан басқа жарытып алған білімі де шамалы. Нарсипатпен таныс завод директоры: «Әйтеуір, сіздің балаңыз болған соң ұстап жүрміз. Әйтпесе қылағай шалалығы көп. Тірнектеп жиған білім қоры жоқ па деп қорқамын» депті. Оның үстіне ішеді. Ішкен адамның күнкөрісі қашан да тайғанақ. Семья болып та жарытар емес. Келіншегінен ажырасып кеткеніне де екіүш жылдың қарасы боп қалды. Онымен кеткен балаға алимент төлейді. Өз басынан өткен халден сабақ алса, бүйтпес еді ғой. Ана нәрестесіне жаны ашымай тұр-ау! Қатыгез болғаны ма? Әлде қияли адам семья құруға қауметсіз бе? Өз мұңымен өзі бөлектене бере ме екен? Осынау кең дүниеде Хайдар жан баспаған аралда қалған кезбе сияқты көріне береді. Оған тірек болар жан — Нарсипат. Бірақ екеуінің арасы сықырмен жақындастырмаса, ажырағандарынан айныр түрлері жоқ. Июге келмейтін қарағай тәрізді. Шарт сынбаса илігуден аулақ. Қай амалмен жымдастырар екеуін? Осы ойлардың шырмауында теңселе басқан Зияда қасындағы қызын әкесінен оңашалап қақпақылдай берді де:

— Сенің не халің бар, қызым!— деді.

— Жақсы ғой, мама,— деп Самал шешесін бауырына

басты,— жұмыс та жұмыс. Міне, бүгін сендермен қыдыруға да уақыт жоқ.

— Жұмысты бірдеңе етерсің-ау,— деді Зияда,— жиырма бес жылда келе бермейді ғой. Сәлимен екі арада айтам да...

— Ол далаға тартады, мен қалаға сүйреймін, сонымен әрі тарт та бері тарт боп жүрміз ғой,— деп Самал төмен тұқырды.

— Е, бұл да бір шимай-шатақ түйін десеңші.

Шешесімен қызы екеуінің оңаша сыбыр-күбірі біткен соң, Нарсипат Хайдардың хал-жағдайына қайта оралды: «Мынаған тамақ әкеліп беріп тұр» деп жүз сом, «мынаны айырып шыққанда жұмса» деп костюмдік, көйлек-көншектік екі жүз сом ақшаны Самалға ұстатты. «Қиын-шылық туа қалса, телефон бар емес пе» деп ескертті. Қоштасар уақыт таянғанда:

— А, жарайды, қызым,— деді,— Хайдар тыртыңдады екен деп біз одан безбеспіз. Ағаң екенін сен де ұмытпа. Маған әзір теріс қарап тұр. Келешек түсінер... түсінбесе... қайтеміз...— деді де Нарсипат қызының бетінен сүйіп, кете беріп кері бұрылды:

— Осы сенің өңің бозарыңқы ғой. Ауылға кеп қымыз ішсеңші, машина жіберейін.

— Папа, жұмыс көп, барар болсам, өзім де автобуспен жетем ғой.

— Қой, қой, шырағым, директордың қызы автобуспен жүреді деген не сөз ол?

— Жарайды, келістім, хабар өзімнен болсын.

Шығар есікке жақындап қалғанда, Зияда Самалға қайтадан бұрылып келді.

— Қызым, жиырма бес жас дер кезіңді өткізіп алып, өкініп жүрме. Бір келіп кетсеңші, тым құрыса ақыл қосар ма екенбіз..,— деді.

— Жақсы, мама, жақсы,— дегеннен басқа Самал шешіліп ештеңе айтпады.

Әдетте, қалаға келгенде, қоналқы, қонақасы хақында бәрі Нарсипаттың ырқына көніп дағдыланған. Ол «Самал, біз бүгін сенің үйіңде боламыз»,— деп телефон соғады. Немесе «Біз сол кісінің үйіндеміз, келе ғой, бірге бол» деп машинамен алдыртады не адресін хабарлайды. Ондай сөздер айтылмаған соң, Самал әкесі мен шешесі асығыс түрде бүгін-ақ елге оралуға тиісті екенін аңғарған. Шешесін тағы бір сүйіп, қимай қоштасты.

Далаға шыға, білегіне көз жүгірткен Нарсипат әлі де қызмет сағаты екенін ерекше қанағаттана қадағалап

алды. Сол бетінде тура облыстық ауылшаруашылық бас қармасындағы Қәрібайға тартты. Бұл — Нарсипаттың «өз адамы». Бір кезде «Тереңкөлде» жұмысшылар комитетінің председателі болған. Ол кезде тілі мен жағына сүйенген заржақ мылжыңның бірі еді. Кейін қызметі іріленгеннен бері жұмған аузын әрең ашатын үндемес боп алған. Әрине, керек адамдарының алдында бұлбұлдай сайрайды. Қатардағының бәріне бірдей ашыла бермейді. Табиғатынан пысық, біреу әкел десе екеуді жетелеп жеткізетіннің өзі. Әйтеуір несібесі желден екен, осы үлкен мекеменің басшысы Бөкеңе ұнап қалған. Содан бері бір-екі жыл анда-мында қызмет сатысында көтергіштеп, сынақтан әбден өткізіп алды да, ақыры осында бөлім меңгерушілігіне топ ете түсірді. Біреулер Қәрібай Бөкеннің құлағы мен көзі деп те отырады. Қалай десе, олай десін, Қәрібай «Тереңкөлден» су ішіп, дәм татқаныи ұмытпаған. Сонысын еске салып тұрарлықтай етіп, «Тереңкөлдің» атқорасында семіртілген соғымның сере қазылары оның дастарқанында туырылып түсіп жатады. «...Арасында жорға жүредінің кері». Кейде пәлежаладан сақтандырып, кейде «оқтан қағып» дегендейін Нарсипатқа қызметін өткеріп тұрады.

Нарсипат Зияданы ертіп, еңселі биік үйдің жармалы есігін ашып, Қәрібайдың кабинетіне келгенде, ол телефонмен сөйлесіп жатыр екен. Төбесіне жалтыр айнала бастаған, төртпақ, шұртік ерін, салбыраңқы ұртты, қырықты орталаған адам. Оң қолында трубка тұрғандықтан, бұларға сол қолын ұсынып, саусақтарын жыбырлатып, шұңғыма креслоларды нұсқады. Сүйткенінше стол бетінде самсаған телефондардың бірі тағы безілдеп қоя берді. Дауысы тым ащы-ақ екен. Алғашқы әңгіме аяқталмай жатып, Қәрібай бұл трубканы да көтерді.

— Ал!— деді екі құлағына екі кісіні сөйлеттіріп қойып:

— Түсінікті. Сен былай ет,— деп біреуіне бір ауыз сөзбен тиісті нұсқау берді.

Трубканың бірін қоя салып, келесі телефоннан әлде бір сандарды теріп бұрады.

— Алло, сіз шефыңызға айтыңыз, жарты сағаттан соң мен барамын,— деді.

Сонан соң алғашқы әңгімеге оралды:

— Иә, сонымен, Назиқа жеңгей?— деді.

Әуелгі әңгімеге айналып сокқаны екен.

Нарсипат пен Зияда бір-біріне қарады. Қәрібайдың сөйлесіп отырғаны Бөкеннің әйелі еді.

— Сонымен, Бөкең түнде жиырма жасар жігіттей болды десеңізші— деп Қәрібай қырқ-қырқ етіп күлді.

Нарсипат пен Зияда тағы бір-біріне қарады. «Бөкеннің әйелімен бейнебір қайнысындай ашық жай емін-еркін сөйлеседі, ә» дескендей.

— Е, дачада аспанда ұшатындардың министрін қабылдадық қой,— деді Қәрібай ол екі арада,— сөйтіп, Бөкең де сізге аспаннан шүйіліп түскен екен десеңізші.

Назиқа жеңгейдің де әңгімесі таусылса керек, кезек-кезек сылқ-сылқ күлісіп барып доғарысты. «Өзі сылқым жеңгей болса, өзі дөкейдің қатыны болса, өзі зерігіп үйде отырса, өзінің мынадай тілдің балын суыра сорып алатын қайнысы болса» деп жаман ойға кетіп бара жатқан Нарсипат сарт етіп тастай салынған телефон трубкасының дыбысынан селт етті. Қәрібай тағы бір телефонның дискісін сықыр-сықыр еткізді.

— Әлеу,— деді жаймашуақ дауыспен,— мен ғой. Бір люкс номер дайын болсын. Әрине. Білдей бір совхоз директоры тізесін құшақтап жалғыз жатады дегенге кім сенеді. Тек қасындағы әйелден осы кісінің шын әйелі екенінді дәлелдейтін паспортың бар ма деп тексеріп жатпасын қызметкерлеріңіз. Әрине, әрине, өзіңізге келіп, менің фамилиямды айтса, түстеп жобалайсыз ғой.

Әңгіменің өзі туралы болып жатқаны қаперінде жоқ Нарсипат жайбарақат күйде. Біреудің күнілгері ескертулі тілегі шығар деп қана отыр.

Телефон дискісі тағы зырылдады.

— Әлеу,— деді Қәрібай,— мен ғой. Кешке қарай төрт персонға стол дайындап қойыңыз. Әрине, банкет залына. Немене көкала түтін шуылдақ залға бізді көптің бірі... әлгі тағы неменедей етіп... қонжита салмақсыз ба? Байқаңыз...

Бұл сапыйы бұйрық та өздеріне қатысты екенін Нарсипат әлі аңдап болған жоқ. Қәрібайлар тұтқасын ұстап отырған үлкен үйлердің сыйлы қонақтары күн құрғатпауға тиіс. Соларды қарсы алу, шығарып салудың қамы болар деп нобайлайды.

Әлгі тапсырмаларын беріп алған соң ғана Қәрібай аумақты столдың ар жағынан бері шығып, қолдасып амандасты.

— Ал, қарсы алдымда отырғандарыңызға көзім сенсе, есен-сау, бас-сирақтарыңыз бүтін жүріп жатырсыздар?— деді.

— Көріп тұрғаныңыздай,— деп Нарсипат сыпайылана сөйледі.

Баласына пара-пар адамға «сіз» деп сызылғанын қолапайсыз көрер емес. Қәрібай да «оныңыз не?» демеді:

— Мен ана жолы сіз құлаққағыс еткен мәселені жігіттермен сөйлескем. Осы бүгін көшіп келсеңіз де үй дайын. Дәл орталықтан қаласаңыз да, ыңғ-шыңы жоқ шеттен таңдасаңыз да ол жағы өз еркіңізде. Мүмкіндік болып тұрғанда, орындап тастау қолдан келеді,— деп тура ресми сөзге түсе кетті.

— Осы келгенде жол-жөнекей сол жағын біле кетейін деп. «Түбі бір өлмек бар» демекші, жасарып келе жатқамыз жоқ. Аман жетсек, пенсияға бір шығамыз ғой, даланың шаңын жұта-жұта тойдық. Тым құрығанда, кәрі сүйегімізді қаланың ваннасына салып тыныштық өмір кешсек дейміз де. Күні-түні шапқылау қажытып, титықтатып бітті. Мезі қыла берсе, пенсияға директорлықтан шығу мұрат емес қой, ыңғайлы жұмыс осыннан да табылса күні ертең-ақ қалаға жетіп келер едім. Оның үстіне балалар да осында орын теуіп жатыр,— деді Нарсипат.

— Ол жағын өзіңіз біліңіз. Қашан келсеңіз де, қолтықтан демеп жіберуге біз дайын. Ықлас шалқасынан дегендей,— деп Қәрібай алақанын сарт еткізді:— Ал далада күнұзын шапқылағанда, тып-типыл тамам болған жұмыс көрдіңіз бе! Ендеше былтырдан қалған жұмыс жоқ, қонақүйде бөлме дайын, салқындаңыздар, тыныстаңыздар, кешке қонақасыны ресторанна ішесіздер. Қазір мен тығыз жұмыспен кетіп барам.

Нарсипаттың асығыс едім, менде де тығыз шаруа бар еді деуге қауқары жетпеді. Оның үстіне Зияда да шынтағымен түртіп қалды. Онысы «асты-үстіне түсіп тұрған дыңдай жігіттің сөзін қалай далаға тастамақсын?»— деген белгісі еді. Қәрібай бұларды шығарып салды, екеуі қонақүйге беттеді. «Волга» облыстық атқару комитетінің гаражына сүңгіп кетті. Оны да жайғастырған Қәрібай.

Кешке банкет залына Қәрібай еріні жымқырыңқы, аяғын көсіп басатын қарасұр келіншегін ертіп әкелді. Төртеуі біраз дуылдасты. Таң алдында ғана сәл мызғып алған Нарсипат салқын суға шомылып, дел-сал қалыптан дұрысталып, ел қайдасың деп жолға шықты. Көкейінде «Қәрібай нағыз жить ете білетін жігіт»— деген ой әлсін-әлсін бір соғып, шырмауықша орала берді...

Қәрібай да оны құрқол аттандырған жоқ:

— Өз «Волгаңызға» қажет етсеңіз, шыт жаңа мотор тауып берермін,— деді.

— Біздің ауылда бір шал «менің арбамның жүйрік-

тігі сондай аттан қалмайды» дейтұғын. Бұл мотор мені талай қыр асырып тастар еді,— деп Нарсипат көтеріле сөйледі.

Түнде қоштасарда:

— Біздің інішек соғымды Нарекеңнен жалғыз өзін жей-жей сартіс болатын болдың ғой деп қыңқылдап жүргені. Биыл да қар жауып, қыс кезегімен келетін шығар. Інішектің салмағын сізге қарай аударсам ба деймін,— деді Қәрібай.

— Е, жауатын қар аспанда қыстар дейсіз бе, екеуара бір іншектің бабын табармыз,— деген Нарсипат.

Бұл сөздер де есінде...

6

Жеті қабат жер астындағыны білем дейтін Нарсипаттың да білмейтіні бар еді. Ол — қызының жүрек сыры. Самал шешесіне де там-тұмдап қана шет жағасын сездірген.

Нарсипат бір рет қызының бой жетіп келе жатқанын ескеріп:

— Самалжанның не ойлағаны бар екен?— деп Зияда-дан сұраған.

— Ес-ақылы түзік, жақсы өсіп келеді ғой қызымыз. Бір бұйырғаны бар дағы,— деген де қойған Зияда.

Содан қайтып Нарсипат егжей-тегжейлей бермеген. Әйелінің жауабына қанағаттанған қалпы жылдар жылжып өтіп жатса да, бұл сұрағына қайырылып соқпаған.

...Нарсипатпен түс шайыспағанмен, зілді әңгімеден соң Сәли де ой үстінде еді. Ойлаған сайын болашағы тұмандана беретін.

Мектепте оқып жүргенде, көзін тіге қоймаған Самалға Сәлидің студент шағында ықласы ауды. Шешесіне тартқан қой көздерінде ақыл нышаны мен жас құлындай елегізген үркек сақтық тайталаса ұялағандай. Өмірі таусылмас бір таңырқау мен таңғалудан жалықпас сол кездерде жалыны өшпес құштарлық та елес беріп қалатын сәттері бар екен. Кейде жас балаша моп-момақан монтия қалатын да кездерін көрген. Жұрт көзіне көп шалына бермейтін осынау сирек қалпын Сәли өзі ғана аңғардым деп бағалайды.

Самалға бала кезінде де назары ауған сияқты бір елес шала-шарпы есінде. Бірақ қылт еткенге қызығушылық іспетті тұтанбай жатып сөнген болатын. Оның себебі де бір ғана көрініс.

Сол күні әдеттегіден ертерек келген Сәли мектептің алдында ойнап жүргенде, әкесінің машинасынан түсіп жатқан Самалды көрді. Самалды емес-ау, ең әуелі сыртқа қарай домалаң ете түскен аспалы сөмкені көзі шалды. Артынша айқара ашылған есіктен сүйретіле созылып шықпай, ырғып қалып топ ете түскен Самалды байқады. Елден ерек оқуға машинамен келуі ме, әлгі бір ырғаң қимылы ма, кеудеден бір күш Сәлиді кері итеріп қалғандай. Балаң сезім болса да, бұл қыздың еркетотай қылығын аңдағандай. Соның әсерінен бе, құлдыраңдап алдынан кесе көлденеңдеп шыға келудің орнына Сәли сырт айналып ішке кіріп кетті. Кейін сол қас қағым сәтті еске түсіргенде, осыным шектен асқан кінәмшілдік-ау деп ойлаған. Дегенмен балалық дәурендегі бір сәттік көрініс кес-кестеп көлденеңдей беретін де, екеуінің арақатынасы кібіртік шалғандай там-тұм дәрежеде ғана шектелген. Бір сызықтың бойымен жүретін әдепті балалардың ғана салтын ұстанатын. Көсіліп кете алмай, именшіктей беретін. Сол қалыппен онжылдықты тәмамдап, қолға аттестат тигенше, кластас оқушылардың достық әдетінен аспаған.

Екеуін қайта жүздестіріп, түйістірген студенттік кеш. Бір ғаламаты — сол кеште не орысша, не қазақша бір күйтабақ қойылмады. Жанұшырып аласұрған, екі аяқты бір етікке тығатын, адамды шала ес күйге түсіріп, естен тандыруға әлек әдейі шет елдік музыка самсаған қызжігітті жұлындырып, жұлқындырып, теңселтті де қойды. Шетелдік музыканың да небір алақұйыны сұрыпталып, осы кешке лайықталып алынған. Былқ-сылқ еткен мойын, ырғаң-ырғаң, еткен иықтар, сыптығыр джинси шалбардан шығып кете жаздағандай болып бұлтыңдаған бөкселер, бұратылып кетіп барып, орнына қайта түсіп тұрған аш белдер. Кейбірі өзеуреп изең-изең еткенде, басы мойынынан үзіліп түсіп, екі аяғының астында қалар ма екен дерсің. Сол бас алда-жалда домалап кетіп бара жатса, қақпақыл болсын дегендей, кіндікті жалаңаштай, кеудені шірене шалқайтып тұрып теңселгендер не сән.

Осы топтың ішінде Самал да билеп жүр. Бірақ ол көзге ұрып қиралаңдап, жанұшыра селкілдеп, тұла бойдың мазасын кетірмейді. Сірә, басқалардай қайтсе де «қирап қалғысы» келіп тұрмаған болар. Оның да қимылында үрдіс тартынып қалу, желпініп қалу кездескенімен, қимыл-әрекеті үнемді, әлдебір ішкі ырғаққа бағына билейді. Бала кездегідей машинадан топ ете түсетін секіртпе қимыл сезілмейді. Еркелік пен есеюдің

арасында біраз жол түскен сияқты. Бұл бидің тағы бір ерекшелігі ешкім ешкіммен қосақталмайды, шаршасаң не жалықсаң, жырылып шыға бер. Сол мүмкіндікті пайдаланып, Самал терезе жақтауына сүйеніп тұрған Сәлиге таяп келді.

— Немене, провинциалдығың ұстап тұр ма, неге билемейсің?

Сәли шынын айтты:

— Билеу үшін мынау даңғаза кеңірдек нені күйттеп, нені шапағаттап жатқанын түсіну керек қой. Ал мен осы безілдектің не былдырақтап жатқанынан бейхабармын, сондықтан сақтық жасап тұрмын.

— Соны мына қиқандап жүргендердің қайсысы түсініп жүр дейсің. Қан таратудың бұл да бір түрі сияқты тырбану ғой.

— Қан тарату....— деп Сәли мырс ете түсті,— шіркін, осы бидің жөнін жөндеп көрсетіп беретін біреу болса ғой!

— Осындағы бір мәдениет сарайында би үйірмесі бар деседі.

— Бар десе, барып неге үйренбеске?

— Шын көңілің кетсе, анық-танығын білейік.

Ертеңіне екеуі айтылмыш Мәдениет сарайын тауып алды. Іздеп келген үйірмелеріне тізілді. Оны жүргізуші Михаил Михайлович деген москал адам екен. Құлағы мүкістеу, бірақ музыканы анадайдан шалады. Өзінің әшейінгі жүрісінің әсемдігі сондай, билеп келе жатқандай әсер етеді.

Сәлидің таңқалғаны — мұнда да кешегідей алақашпа асау музыка күйтабақтан аңырады. Әйтсе де, Михаил Михайловичтің көрсеткен қимылдары кешегі бас қосудағы жастардың қансорпа тапырағына мүлде үйлеспейді. Сұлу, қызуқанды аяқалыстар. Михаил Михайлович сол биге бұрыннан жетіліп, машықтанып алған күміс шаш сары қызды ұршықша үйіреді.

— Міне, ауыл жастарына осындай биді үйрету керек. Әйтпесе оларға жаңа тарай бастаған билердің сілімтігі ғана жетеді. Өз білгендерінше қойқаң-қойқаң, арпаңтарпаң жанұшырып жататындары содан,— деді Сәли.

— Әрине,— деп Самал да оны қостады,— оларға шын мәніндегі әдемі биді жөнімен көрсетер кім бар?

— Біз ше?

— Біз болғанда... қалай? Жылына бір тиетін бір ай демалысты мәдени көпшілік жұмысқа бағыштауымыз керек пе? Айналасы отыз күнде не ұғындырып, не жақсылық егіп үлгіресің?

— Неге бір ай, неге отыз-ақ күн? Біз оларды күнде, күнара көріп, сөйлесіп жүретін адамдар емеспіз бе?

— Сонда мен дұрыс түсінсем, ауылдан шығып, қайтадан ауылға бармақшымысың?— деп Самал бұған бір түрлі үрке қарады.

— Е, өзі болған төркінін танымас деген қайда? Бір-бірлеп жырылып кете берсек, ауылда кім қалады?

— Қайдам... Мен бұл туралы ойланып көрген емеспін. Мәселен, маған міндетті түрде ауылға бару мүлде бұлжымас шарт емес. Дипломға қолым жетсе, мамандығым терапевт. Дәрігерлерге қалада да, далада да мұқтаждық бірдей ғой,— деді Самал.

Сәли елге, қырға тартса, Самал қаланы қимайтын тәрізді. Осындай керағарлық Сәлидің кенет тұтана бастаған құштарлық сезімін үшкірлей түспесе, бәсеңсітпеген. Тіпті сол қарама-қайшылық, өзара пікірлеріндегі үйлесімсіздік Сәли жүрегіндегі маздаған отқа үрлеуші бола түскендей.

Екеуі екі бағыттағы білім жүйесін қуып жүргенмен, бірнеше жыл бір қалада қатар өскен Сәли мен Самал жүрек лүпілдерінің іштейгі үндестіктерін қанша сезініп, түйсінгенмен, бір-біріне «махаббат» деген жалғыз ауыз сөзді түсін ашып айта алмаған екен. Трамвай, автобустарда, тіпті таксидің кейінгі салонында өліп-өшіп, аймаласып, жарбаңдасып жататын қыз бен жігіттің неше түрлісін көріп те жүрген. Көлденең қарап тұрған сырт көздер именбесе, ондайлар өздерінің мұндай бейсауат әдеттерінен жирене қоятын қалыптары жоқ-ты. Сәли мен Самал тап сондай анайы ғашықтық рекламасына бармақ түгілі «мен саған ғашықпын» дегенді айтысып көрген емес. Үнсіз, тілсіз ұғысқан кейіптерін ғана сақтайтын. Тіпті екеуі бір жылда институттарын аяқтап, дипломдарын қолға алған күні де шешіліп, бұл тақырыпта сөз қозғамаған. Көзбен ғана ұғынысып үйренген адамдар оны қажет деп те санамаса керек. Ең «шектен асқан» әрекеттері — қала кезген түн ұзаққа Сәли Самалдың шынашағын уысына қысқан қалпынан тайдырған жоқ. Тек таң алдында ғана сүйісті. Сонан соң ғана:

— Басымыз қашан түйісер?— деді Сәли.

Онысы — қызметті бірі қалада, бірі далада атқаратынын тұспалдағаны еді. Онысының ар жағында «үй болмай, күйіміз келе ме, үй болу үшін қосылмаймыз ба, қосылу үшін қызмет орнын бір жерден сайламаймыз ба, айлап алыс жүрген ештеңе етпес-ау, арамызға жылдар түсіп кетсе қайтеміз?» деген сұрақтар аралас санталай

сөздер тізіліп, қатар-қатар тұр еді. Олар көмекейде бүлкілдегенмен, отыз тістен шықпаған, бұққан қалпында қалған.

— Ол уақыт та қашпас,— деген Самал.

Осымен сөз тамам болған. Жіңішкелеп айтылса да, сол сөздер уәдедей күшпен бекілген.

Сәли ауылда, «Ақбалшықта», ұстаздық еткелі де үштөрт жылдың қарасы көрініп қалды. Самал болса әлі қалада.

«Ауылда білікті маман болу үшін осындағы тәжірибелі дәрігерлердің қысымында бірер жыл жүріп көрейін»,— деп айтқан себебі де Сәлидің есінде.

«Бірер жыл» деген айтар ауызға ғана оңай екен. Сағыныш сезімдерін хатқа сеніп тапсырып, оқта-текте ғана ұшырасумен өткен жылдар бірнешеуге ұласып барады. Сезімге қара күйе түспегенмен, екі жақта жалындаған екі құштар жасқа шақырымдар қашықтығы, екі бөлек өтіп жатқан уақыт алшақтығы бір мезгіл алаңдатпай қоймайды, Самалдың қаладан кеткісі жоқ, қайта сол ортаға әбден кірігіп алған сияқты. Сәли тамырын терең жайған үйеңкі іспетті ауылдан ажырай алмасын біледі. «Сонда біз қай жағынан шығар екенбіз?» деген аңтарылыс екеуінде де бар. Шешімі табылмаған жұмбақтай жауапсыз сұрақ. «Әйтеуір бір жағынан шығармыз» дейтін сүйретпеге көне кетер жан бұлар емес.

Көл басындағы бүкпесіз әңгімеден соң, Сәлиді өзі сүйген қыздың әкесі Нарсипат екендігі қатты алаңдата бастағандай. Алдына келген сайын кірпіше жиырылатын адаммен мектеп басқарушысы ретінде тіл табыса алмай жүргенде, күйеу бала ретінде қалай шүйіркелесіп, үйіріле кетпек? Сәли көзіне көрінсе, Нарсипат сіберленеді де қалады. Мектеп мүддесіне қажетті дыңдай-дыңдай мәселелерді көлденеңдете беруден Сәли де тартынбасы анық. Болашақ қайыната мен болашақ күйеудің бүгінгі жайлары осы.

7

Ертесіне график бойынша инкубатордан үйрек балапаны шығатын күн. Әрбір төртінші күнде бес мың, алты мыңдап қылқың-қылқың еткен саржағал үрпек балапандарды шиқылдатып алып кетуге келуші көп. Көрші облыстардан да әупірімдеп жеткендер директор кабинетінің алдын аңдып маза бермейді. Осындағылар айтатындай, «үйрек базары» март айының соңынан басталғаннан

күздің ішіне мол кіре тоқырау табады. Сол екі аралықта анталаған жұрт легі бір үзілмейді.

Әуелгіде үйректің қадірін шеткі ауылдар аса білікіремегендей еді. Совхоз көлемінде әр балапан басы елу тиыннан ғана болатын. Бертін келе жас сорпаға құмартушылардың қабындап, лек-лек келе беруінің өзі үйрек етінің құнарын еселетіп жібергендей-ді. Бұл жайды жіті қадағалап жүрген Нарсипат балапан бағасының көтерілуін де қапы жібермеген. Қазір әрқайсысы бір сом тұрады. Сонда да алушылар өзара бәсекеге түскендей көбеймесе азаймас дәрежеде.

Көктем мен күздің аралығында үш жүз мыңға жуық сары үрпек балапан сатылады. Осының өзінен совхозға сап-салмақты кіріс келетінін түсінген соң, Нарсипат бұл сауда-саттықты тікелей өз қолына алған. Бас зоотехникке де сенбеген. Сол белгілікті төртінші күннің қарсаңында жердің түбінде жүрсе де, таңғы сағат сегізде ол қаққан қазықша қалтиып, «үйрек» деген жазуы бар қалың дәптерді алдына жайып салып, кабинетінде отырады. Андыздаған жұрт ішінен алдымен іліккені бар, директордың қалауымен тізілгені бар, көңілдестердің телефон арқылы айтуымен есепке қосылғаны бар, бір парақ қағазға тізім құралады. Сол тізімге ілігудің өзі қараталас. Бұл күні түске дейін Нарсипат «үйрек базарын» тарқатумен ғана айналысады. Басқа мәселелер жол-жөнекей шешіліп жатады.

Таңсәріден жолға аттанған Нарсипат қаладан шыға беріс асфальтта қарсы ұшырасқан жүргіншілер жиі болмаса да, машинаны сондайлық лепіртіп, қатты қысып келе жатқан жоқ. Өгіз аяңға да ыңғай бермейді. Мөлшерлі сағатта дік ете түсетін сеніммен бірқалыпты ұтымды екпінде аршындатып келеді.

Қешелер жапырақты сәл дірілдетіп, жол бетіндегі шаңды үрлеп қалып тұрған желкем бүгін түнге ұласа ішін тартып ышқына соққан күшті дауылға айналған. Терезелерді қымтап алған соң, машина ішінде пәлендей ызғар сезілмейді. Ал өкпек желдің өлермен күшін жаңа қылтия бастаған көк шөптің ығына жапырылып, жер бетінде жабыса түскен еңкек, бұқпантай күйінен аңғаруға болатын. Бір бағытта жаппай жапырылған шөп біршама уақыт түбінен суырылып кетердей жұлқынған қалпынан сәл тынши қалады да, бір тұтам бойын болмашы тікейтеді. Бірақ келесі бір сәтте қарсы жаққа қайтадан сұлай кетеді. Жорта жандәрмен жасаған көңілшек келіншек сияқты. Қылтанақтай бір тал шөп өзіне

нәр берген жер құйқасынан айрылмасқа бар пәрменімен тырмысып, өзін-өзі көзге ілінбес тоқпақпен жер қойнауына шегелеп жатқандай қалт-қалт етеді.

«Тамыры мықты көк шөп те адам сияқты. Бірі мен бірі тұтасып, ұстасып, дауылдатқан сойқанға карамақарсы шыға келеді»,— деп ойлады Нарсипат. Ол өзің тамыры тереңге жайылған тарам-тарам салалы, тармақты, түбірі берік мықты бәйтерек санайды. Мұндай түйініне еш шүбәланып көрген емес. Қалаға барса қалаға, далаға тартса далаға сіңімді, керек адам. Біреуге телміртпей, жалтақтатпай, өзі би, өзі төс қалыпта күн кешіп келе жатқанына шүкіршілігі мол. Пенсияға дейін қалған бір аттам бір жыл өң мен түстей, еш қиналыссыз өте шығарына кәміл сенімді. Онан кейінгі өміріне жетерлік ырзығы да қамдаулы. Ақша Зияда екеуін, Самал мен Хайдарды қосса төртеуін жеті қабат орап тастаса да жеткілікті. Атақ-абырой, беделге кенде емес. Бүгін басшы, ертең еңбек ардагері. Несі бар, тіршіліктің реті осы. Кезегімен кәрілік жетсе, онысына дайын. Көлденең кесапат кездеспесе, әлі де талай жылдан дені сау, мықты күйінде, ымшық-шымшық ауруға бой алдыртпастан өмір кеше алатынына Нарсипат берік сенімді. Өле-өлгенінше кеудеден итерер ешкім жоқ. Тұрмыс оны ешқашан билемек емес. Тұрмысқа қажеттінің бәрін алдын ала сайлап қойған.

Осынау бір ойлардың сорабына түсіп кеткен Нарсипат бір уақ Зиядаға көз тастап, «тоңған жоқсың ба, бәйбіше» демекші бола бергенде, оны Зияда бөліп кетті:

— Сонда пенсияңнан соң қалада тұратын боламыз ба?

Нарсипат талмаураған көздерін уқалады:

— Оны ретіне қарай көреміз де. Мен ауыл шаруашылығына отыз жыл өмірімді сарп еткенде, қаланың да дәмін татуға хақым бар емес пе. Артық зат қалта түбін теспес демекші. «Қала сайын үй» сап қойсам артық болмас. Солай емес пе?

Зияда сыңғырлай күлді:

— Әрине, городски шал, кемпір боп та бір жүрсек... Ауылдың шаңын біраз жұттық қой.

Сар жүріспен үйге жеткенде, Нарсипаттың әлі де жарты сағат уақыты бар еді. Күн райы қолайлы болғанда, ол көлге бір сүңгіп шықпай көңілі көншімес еді. Бүгін оған «Тереңкөлдің» реңі ұнамады.

Ышқынған дауыл көл бетін әлем-тапырық мазалап тұр. Түйдек-түйдек толқын мөңкіп-мөңкіп жағаға қарай

біреу қуып келе жатқандай арпалысады. Судың түсі өзгерген. Қара қошқыл ма, қалай, бетін жап-жасыл көбік қаптап кеткен. Күңсіген иіс мұрынға шалынады.

Бұл көріністің мәнісін егжей-тегжейлеп жатуға уақыт көтермеген соң, шапшаң қамданған шайдан бір шынаяқ ішіп, Нарсипат жұмысқа кетті.

«Үйрек базарын» қыздыра отырып, ол терезеге жалтақтаумен болды. Мына сұрапыл жел жерді құрғатып тастамаса жарар еді деген қаупі бар. Дауылдың аяғы жаңбырмен тынса, ырысқа саяр еді. Ол осы оймен отырғанда, сұраусыз-бұраусыз Мақпыр кіріп келді. Өңі өрт сөндіргендей. Күрегітіп кеткен бе, қаны бетіне теуіп шиқандай кейіпке түскен бе, әйтеуір адам қарағысыз. Нарсипат қалтиған қалпы қадалды да қалды. «Не болды?» деуге де тілі байланып тұрғандай.

— Көл, көл!— деді Мақпыр былдырықтап.— Балықтар шетке шығып жатыр.

Нарсипатты өмірінде абыржу жеңгені осы шығар. «Үйрек базарын» аяқтамастан, ата жөнелді. Аттылы, жаяу, мотоцикл дырылдатқан, машинамен тартқан жұрт сапырылысып, көшені кернеп кеткен екен. Бәрінің бағыты —«Тереңкөл».

Нарсипаттың есіне жаңа түскендей. Әуел баста көл суы кілкілдеп жар жиегіндегі үйлердің шартағын шарпып тұрғандай еді десетін білетіндер. Есік алдына шыға келіп, шырт түкірсе, көл бетіне тисе керек. «О баста» дейтін мерзім белгісінен беріде бірнеше он жылдар араға түскен ғой. Ол заман тарихтың еншісіне тиген, жылдар көш ілгері жылжыған сайын су кемері көзге ілінбес қыбырмен шегіншектей берген. Жер бауырлап кейін сырғыған нәресте енді бір қарағанында төрден есікке қарай біраз жер барып қалғанын байқайсыз. «Тереңкөл» де солай. Қіндік тұстан бір зор күш тартқандай, етекженін жинағыштап, шетке жайыла берген ерке толқындарын ортаға қуып тыққан сияқты, «Шолжаңдама, тентек!» дегендей сесті түрмен іштен тынып жата берген. Бұрынғы ернеу бұл күндері шот маңдай тік қабақ жарға айналып, өзінен жарты шақырым қашық тартқан толқындардың қыбырына ұмсынып қарап қана қалған. Кейін шегініп ағып кетіп бара жатқан су жүйесіне аттап жетер қаукары жоқ, қолсозым жердегі бұрынғы серігіне тек мелшиіп үңірейе қарайтындай. Шолп-шолп еткен назды дыбыс алыстан талмаурап жеткен әуен сияқты елегізітіп, сол әуенге құлақ түре аңырып тұрғандай.

Күшті желдің кеше басталған желпінісі есірікке ай-

налып, тыншу көлді тулатып жіберген. Манағыдан да гөрі қатты сілкініс көл бетінде ерекше көзге ұрады. Бірін-бірі түрткілеп, ойнап тұратын қылжақбас толқындар үстіне бала мінген бұзаудай мөңкиді. Бөрене домалатқандай дөңбекшіген қимылмен тулап-тулап жағаға жете беріп, қайраң құмға тіреліп қап, аспандата шапшып жатыр. Дәу бір ескек бүкіл көл бойын пергілеп, шалпылдатып тұрғандай. Осындай бұлан-талан дүрліккен көл алыптың құсығындай жайратып, өлі балықтарды өртенгі түп тұңғиықтан тықсырып әкеліп, жағаға лықсытып үйіп тастаған. Бұқа мойын алабұға, күнмен шағылысып жалпақ-жалпақ табандар құм бетінде шашырап, үйме-жүйме үйілген. Сортаң көлдің тұзы мөлшерсіз молайып кеткендіктен, таза ауаға шықпаққа тырмысып келіп, осы тұсқа ұйлығыса сұлағандай. Қар еріп, жер жіби әркімдер «көл маңайында борсыған иістің нышаны бар» деп жүретін. Сыбыс сөз енді шынға айналды. Мына көл өліктен арылып, тұла бойын тазартпақ ниетпен арпалысқа түскен.

Клубқа жиналысқа шақырса, найқалып келе қоймайтын жұрт тайлы-таяғымен осы маңда. Көрмеге келгендей, таңырқап жүрген ашықауыздар да баршылық.

Нарсипат бұл көпшілікті ұйыта тамашалайтын көрініс емес екенін жеткен бетте-ақ ұққан. «Аһылап-үһілеп, ойпырымдап» тұра бергеннің де сәні жоқ. Болар іс болған, бұл көл енді балық сорпасын ішкізіп, кепкен шабағын сілекейді шұбырта тістетпейтіні анық. Айнала жиектеп, сән түзеген жүз қаралы қайық енді қайқандап су бетіне шықпайтыны бесенеден белгілі. Осы қорытындыға тірелген Нарсипат енді шаруашыл адамның пысықтығына көшті. Машинаның кілтін Мақпырға ұстатты:

— Тез мектепке жет! Мұғалімдер оқушы балаларды ұйымдастырсын! Мұнша балықты тым құрыса азыққа пайдаланайық. Балалар айыр, күрек ала шықсын,— деді,— Сәлиге де звонда! Арғы бетте ол да осындай қам жасасын!

Мақпыр жөнелісімен, көл жиегінде түйіскен шошқа фермасының бастығына нұсқау берді:

— Шапшаң транспорт ұйымдастыр! Өз жұмысшыларынды шығар! Оқушыларды пайдалан! Әйтеуір мына балықты шошқалардың көмейіне тық! Текке жайрап, шірімесін,— деді.

Көп ұзамай, темір қорапты тіркемелерін салдырлатып, «Беларусьтар», үлкенді-кішілі машиналар үйірілді. Тіркес-тіркес гүрілдеп, дарылдаған осы моторлы көліктерге

айырмен шаншылып, іліккені күрекпен көсіліп, ағаранағаран өлі балықтар лақтырыла бастады. Үйлеріне сөмкелерін қалдырып, жұпыны киініп үлгірген балалар да әр көшеден тоғысып, осында жүгіре жетуде.

Бұл беттегі «жүк арту» қарбаласына бастау салып берген соң, Нарсипат қасына Мақпырды алып, даланқы жолдармен көлді жиектеп әрман тартты. Балық жайрап жатқан сұрқай сурет барлық жағалауға тән екен. «Ақбалшық» жақта да «Торанғылдағыдай» дүрбелең болмағанмен, абыр-сабыр. Оқушы балалармен Сәли де жүр.

Қай тұсқа аялдаса да, жұрттың аузындағы екі сөздің бірі ғана емес, бар сөзі — көл.

«Көл тартылды ғой. Суы тайыз, балыққа ауа жетпейді. Тұншыққандағы. Қайтсін енді!

— Япырай, су астындағы балық бұлай шашырап шыға келеді деп кім ойлаған?!

— Ойламасаң көр енді! Ана тұп-тұтас жасыл немене дейсің? Толқынға дауыл қосылып, түбінен қопарған соң, бетке шыққан балдыр емес пе. Әйтпесе біреу бояу шашып жіберді деймісің.

— Сонда өзі балықтың өлгеннен басқа амалы қалмаған-ау?!

— Жаңбырдан басқа қосылар бір тамшы дәнекер су жоқ.

Ана бір кемпірдің етегіне жармасқан боқмұрын:

— Әже, мына балықтардың үйі қайда?— деп қыңқылдайды.

— Бұлардың үйі қираған, үйлері жоқ бұлардың,— дейді әжесі.

Сәли мына дал-дайран дүниеден ләззат тапқандай, әр тұсқа тоқтай қалып, фотоаппаратын сыртылдатады. Әсіресе сала құлаш табандардың тұсына көп бөгеледі.

— Немене, Сәли, мынадай аяулы көріністен фотоэтюд құрамақпысың?— деді Нарсипат қырысқабақтанып.

— Күйініштi болса да, бұл да есте қалуға тиіс жай, Нареке, келешек көл тірілгенде, осындай да балық жегенбіз дерліктей коллекцияға керек,— деді Сәли.

Ашық қабағы кіртиіңкі екен.

— Сонда көл қайыра тіріледі деп сенемісің?

— Енді қалай?! Осылай ішек-қарнын ақтарып, жайратып сап, қарап отырмақсыз ба? Тым құрығанда, жамап-жасқамайсыз ба!? «Тереңкөлдің» ішін жарып қойып, жұрт та қол қусырып отыра салады дейсіз бе!?

Сәли тағы бір үйме балықтарды фотообъективіне ала бергенде, Мақпыр Нарсипатқа сыбырлады:

— Осы жігітіміз фотофакті деп облысқа, одан да әріге айдап жібермесе қайтсін. Аппаратын жұлып алып, пленкасын ағартып жіберейін бе?— деді.

Нарсипат оған немқұрайды жауап қатты:

— Қайтесің әуре боп. Естір құлақ ендігі естіген де шығар. Бір адамның өлігін жасыру мүмкін, ал айдын көлдің құруын неменеңмен бүркемелемексің?

Өлі балық пен өлімші көлге қарай беру көзін талдырып, жүйкесін қажытса керек, Нарсипат дереу селоға оралды.

— Асханаға кіріп дамылдасақ қайтеді?— деген Мақпырдың ұсынысына тұңғыш рет қарсылық білдірді.

Біршама дамылдап тыныстағысы келетінін, жолсоқты халін айтып, үйіне келді.

Тамаққа зауқы соқпай, Нарсипат төргі солқылдақ диванда ұзынынан созылып, біраз жатты.

Зияданың отыз жыл отасқанда тоқығаны — Нарсипаттың қабағы кіртиіңкі келсе, үн-түнсіз, өзінің іс-місімен әуреленe береді. Бұл үйде пәлендей іс те жоқ. Аратұра қырлап-сырлауы совхоздағы құрылыс бригадасының мойынында. Қыста пештен күл шығарып, даладан көмір таситын азаптан құтылғаны не заман. Ол да өң мен түстей боп кеткен. Ет, сүт, қаймақ дегеннен Мақпыр жүдетпейді. Тіпті үйректің жүнін жұлып, оның домаланған етін үйіту дегенді де білмейді Зияда. Түрге, таңсыққа жеткізіліп тұратын үйректің майлы етін жегеннен басқа бейнетін тартқан емес. Құс фермасындағылар, өздері бірмың болғырлар, қауырсыннан тазарту, үйітіп өңдеу сиякты әуре-шікірәсін өздері көтеріп жатады. Аса бір қажетті тығыз сәтте телефон сыңғыры арқылы не керегін, қашанға керегін уақытылы ескертіп үлгерсе жетеді. Нарсипат екеуінің құлқын тамағы мен балалардың қамы демесе, Зияда күнкөріске қатысты мұң-мұқтаж, уайым-қайғы дегенді ұмытқалы көп жылдар өткен. Пір тұтып, сыныңғаны — күйеуі. Ол дүниеде жұмақ бар дегенге кекете қарайтын сылқым әйел бұл дүниенің жұмағын күн сайынғы өмірінде көріп келеді. «Өзки круг» әйелдері бас қоса қалғанда, «өлгеннен соң жылы суға қолымызды малып қана отырады екенбіз деп дәмеленіп, бір басымыз бұл дүниеде әрі ол дүниеде екі ғұмыр сүреді екенбіз деп алданып, жер үстінің қызығынан кем соғып қалып жүрмейік» деп қылмың-қылмың етіп, күлетіні бар-ды. Сөйтіп, жер үстіндік бір ғана өмірге сенетін Зияда сол өмірдің Нарсипаттың мүмкіндігі жеткенге дейінгі баршылығы мен молшылығын қажетінше алып келеді.

Ал Нарсипатқа ара-тұра соқтыға кететін кірбең: жоруын жөнге бастаса, жайылып жүре беретін шытырман түс қана секілді. «Басы қатты, аяғы тәтті» демекші, жүре келе тарқап кететін жеңіл тымаудай ғана әсер етеді. Күн кезінде сәл-пәл көлеңке түсіргені болмаса, жаумай өте шығатын шөкім бұлт есепті, үй ішінің бейбіт, тоқтық пен береке тамылжыған тынысынан тыныштық, тек қана тыныштық, лебі желпіп тұрғанда, ойға ұялаған кірбің көп ұзамай тарқайтыны сөзсіз. Құйын қуалаған түтін іспетті не жерге дарымай, не көкке ұласып кете алмай, ыдырай жөнелетініне Зияда кәміл сенімді. Нарсипаттай бәйтеректі солқылдатар дауыл әлі соғып көрген смес деп біледі ол.

Нарсипат — не көрмеген бас. Оның бірден-бір жүрексінетіні Аудандық партия комитетінің бюросы екенін Зияда баяғыдан біледі. Күйеуінің бюродан келгенін асханадан соққан қоңырауынан білетін. «Мен кешірек барам, шайінді іше бер» дейтіні үйреншікті халге айналған. «Бұйраланып» келсін, бұйдаланып келсін, «бұйраланса», ренішіне су себерге, бұйдаланса, жеңісіне дем берерге асханадағы қуыс бөлмеде түннің бірауық уақытына дейін отырыс болатыны пәлен жылдан бері мызғымас ережедей қалыптасқан. Нарсипат ауданға аттана берісімен, Мақпыр мына жақта қам жасай бастайды. Нарсипаттың қандай ренде, қандай күйде оралары оның есебіне кірмейді, бар білері — былқыпшалқып дастарқан дайын тұру керек. Үйге түнді аудара желпініп жететін Нарсипаттың сөзінен Зияданың ұғатыны — шаруашылық деген түйтің-түйтің үй ішін бүтіндеуге тырмысқан әйелдің таусылмас, ұшы-қиырсыз ісі тәрізді. Бірін аяқтамай жатып, бірі басталып жатады,— мал шаруашылығы шалағайланып мойынға нәлет қамыты киіле берерде, егін өнімді шығып кетіп, бірінің кемістігін бірі жауып жатады екен. Ал егін төмендей бастаса, ет-сүт деген жоспарлар бір қисынмен орындалып қалады. Табандатып, қос қолдап қара құстан соғар кемшілік совхоз тіршілігінде кездеспесе керек. Біріне-бірі тіркескен, бірін-бірі сүйемелдеген тіршілік, Зияданың ұғымы осы. Сондықтан Нарсипатты иектеген көңілсіздік көпке бармайтынына ол кәміл сенімді. «Сүйретіліп жүргеніміз осылай» деп Нарсипат жорта күрсінгенде, «осылай» «сүйретіліп» жүре берші өзің» деп Зияда оған шексіз ризашылығын шын ниетпен жеткізіп жатады.

Дегенмен Нарсипаттың бүгінгі жатып ойлауында

әжептәуір салмақ бар. Ұрмай-соқпай, тілдеп, жер-жебіріне жетпей-ақ зіл батпан бірдеңе басып тұрған сияқты. Соны таратып, түйініне жете алмай, ол көп ойлардың шымырлаған тереңіне батты, шытырман соқпағында жүріп көрді. Көңіл жетер түкпір-түкпірді аралап, біраз шарлады.

Көл басындағы шаншу-қаңқу сөздер құлағында дыңылдап тұрғандай. Радио болып сайрайтын сияқты.

Басшы адам тек жоспар орындауға ғана емес, өзіне қарасты адамдардың көңіл-күйі, әл-ауқатына да тікелей жауапты деген тұжырым соңғы жылдары жиі айтылып жүр. Көл балықтан ада болғанына жұртшылық аңтарылып қалған сияқты. Осыған орай қазір оларда күйзелу, нала басым. Ұйқысыз өткен түндей күйзелуден арылған соң, неден болды, пәле қайдан келді деген сұрақтар тізбегі қатарланбай ма? «Кім кінәлі?» деген сұрақ та таянып тұруы мүмкін. Нарсипат осы жағын баса қарастыруда. Манағы кішкентай жеткіншектің «балық енді үйсіз қалды ма?» деген сұрағына қалай бұлтарса да, бәрібір түпкі жауапкер өзі сияқты.

Бір кезде «кесіп алса кемімейтіндей» көрінетін «Тереңкөл» табиғаттың төл баласы. Ол азбай ма, тозбай ма, азаймай ма деп дәлел айтуға, әрине, мүмкіндік бар. Бұл көл тарихында тұңғыш та тосын жағдай, келешекте ескерерміз, табиғаттың оспадар мінезінен үйренерміз, қорытынды шығарармыз деп те сытылып шығуға болар. Қала берді, «Тереңкөлді» техника мен қара мал сияқты актілеп, тізімдеп, өлшеп тапсырған ешкім жоқ. Совхоз өз жайына, көл өз жайына деп те ақталарлық жалтарысы бар. Әйтсе де осы демеулердің бәріне жүйткіген көңіл ағысын аялдата алмаған Нарсипат өзіне тікелей қатысты бір жайды қайта-қайта есіне ала берді.

Өткен жылы күн райы қытымырланып, қуаңшылық мендеп кеткендіктен бе әлде үйрек саны өсіп кетті ме, құс фермасы жағасында орналасқан көлшіктің суы гартыңқы деген сөз шықты. Үйректер емін-еркін шомыла алмайды, судың беті қоймалжыңданып шыға келеді. Су кемерін кеңейту керек деп бас зоотехник қыңқылдай беретін болды. Сол қыңқылдың жетегімен Нарсипат дәл қасымызда жаңқындай «Тереңкөл» көсіліп жатқанда, тарыңылық көргеніміз не деген байламға тоқтап, экскаватормен «Тереңкөлден» басын алатын, арыққа ұқсас жыраға тартқызған. Сол жыраға бойымен қуатты насос суды үйрек фермасына қарай тоғыт-

ты. Ұрттап-шайқағаны түбіне жеткенде көрінетін шынаяқтағы шай емес, алсаң ал, оған кеми қоймаспын дегендей көл төсін көріп, кербездене түскен сияқтанған. «Таусылатын астық емес, тесілетін қапшық емес» демекші, қыңетпейтін маңғаз алыптай есептеген «Тереңкөлді». «Тереңкөлден» бір жұма аққан су тасқыны дегенінен шықса керек, бас зоотехник «үйректеріміз свежи суға рақаттанып қалды» деп масаттанып бір келген. Осы көрініс Нарсипаттың ой толқынына түртті салып бір өтті. Жаңға сая берер естелік емес.

Мұнан соң қалада жүргенде ойына оралған «Хайдар отау құрап оңбайтын бала болды» деген өкінішті тоқетер түйін қайыра келіп бір соқты. Ол үшін тым-ақ белі қайыспаса да, осы турада Зияданың жүдеу тартып кететіні Нарсипатқа, сөз жоқ, батпай қоймайды. Қанша қара таспын десе де, бір бүйірінде бұл да бар. Онсыз да алабұлт көңілді аландатып Хайдардың жатысы анау. Оның өмір болмысына бір мезет болса да селт етуіне түртті — Мұнар еді. Жұрттың баласы, әне, отау тігіп, әкеме қолқабыс етем деп жүргені» деді ішінен. Осы Мұнар жайы, оның әнеугі оқыс әрекеті еріксізден ой арнасын совхоздағы құрылыс істеріне әкеліп тіреді.

«Сонда бұл тарапта бітіргенім не, жеткенім қай шама?» деген сұрақ қабаттасты. Сұраққа жауап берер дәлелдемелерге ұқсап, көз алдынан бірқатар құрылыс тізбегі өтті. Нұсқап-нұсқап көрсетерге жарамды тізбек. Құр тізбек емес, бекем тірек деп топшылайды.

Ол алғашқы жылдарда-ақ бастағанындай, әлі күнгі мал басына жылы да жайлы стандартты қоралар салуға баса көңіл бөліп келеді. Механизация атты қолбала фермаларда түгел пайдаға асырылмағанмен, біршама деңгейде, аудан көлемінде ауызға алынуға тұрарлық халде. Бұдан соң кеңсе, асхана, типі жобамен тұрғызылған орта мектеп, тұрмыстық, қажетті өтейтін шаштаразысы, етікшісі, киім шеберлері, фотографы бар комбинат үйі, биік, жарық қонақүй тұлғаланып тұр. Ал мәдениет сарайының салынуы өз алдына бір хикая.

Совхоз көлеміндегі көркемөнерпаздар жұмысына Нарсипат тікелей араласа жүретінін білмейтін жан жоқ. Лепірмелі бас қосуларда адуын лезгинканың жобасымен билей жөнелетін желкөңілді директор шаруашылық науқаны кездерінде үгіт бригадасы дегенге жанын салады. Совхозда екі оркестр бар. Клуб меңгерушісі талап етсе, ол ауызға алған адамды трактордан жұлып алып,

қарамағына бере салуға бар. Жасырақ кезінде көпшілікті көркемөнерпаздар үйірмесіне үйірілмейтін деп өзі де хорға тұрып ән салған. «Биші директор», «Әнші директор» деген қосалқы аттарға желігі де сондықтан. Көркемөнер үйірмелерінің аудандық байқауына дайындық басталғанда, Нарсипат клуб үйінен шықпайды. Таңертеңгі планерканы жебе-ғабыл өткізіп жібереді де, сол бетінде клубқа тартады. Ә дегенде ырғалып-жырғалуға бой алдырып, найқалуға дағдыланып қалған жұрт айтулы сағатта тоғыса қоймайтыны белгілі. Сондайды күні бұрын бағдарлайтын кәнігі директор машинасын концерттік программаға қажет адамдарды тасуға жұмсайды да отырады. Тіпті кейде участок бастықтарын клубқа шақыртып, хорға, биге, ансамбльдерге, оркестрге деп атап-атап қолдарына тізім ұстатады да, клуб меңгерушісі тағайындаған уақытқа сол кісілердің кешігусіз, тиісті дайындығы мен жетуін қамтамасыз етуді тапсырады. Кешке болса кешке, түсте болса түсте ауызба ауыз айтқан нұсқауын өзі келіп тағы қадағалайды. Осындай қолайлы кезеңді пайдаланып, клуб меңгерушісі Жанкелді өзіне уағында шөп түсіріп бермеген, отын сүйретіп әкелдірмеген бригадирлерге бір иықтан мініп, қажап-қажап меселін қайтарып алады. «Директордың бұйрығын орындамайтын сен қайдан шыққан құдайсың! Тап қазір ол кісінің өзіне звондап басайын сенің әуселеңді!» деп кіжініп те жатады. Онсыз да қажып, шаршап жүрген бригадирлер «Жанкелдінің биесі құлындап тұр» дейді немесе «Жанкелдінің мысы басып тұр» деседі. Бұдан басқа шаралары жоқ. Директор оған жақ болып шыққан жоқ, тілдерін тістеумен дымдары құриды. Байқау деген дүрбелеңнің тезірек өткенін тілейді. Бұл дайындыққа сүйеніп, Жанкелді Нарсипатты біржола меншіктеп алғандай арқаланады. Анау керек, мынау керек дегенді қойша қоздатып, клубтың біраз мұқтажын сәтіне келтіріп тастайды. Сырт қараған адамға Нарсипат Жанкелдінің көркемөнерпаздарды басқарысатын орынбасары сияқты.

Үлкен бастық осылай белсене кіріскен соң, басқаларда жан қалама. Клуб іші ән мен күйге толып, күмбірлейді де жатады. Санаулы күннің ішінде сарапқа түсуге тиісті программаның нобайы жасалып та бітеді. Әзірге аудан бойында бірінші орыннан, облыс бойынша жүлделі орындардан қалыспай келеді.

Артистері грамота құшақтап, сый-сияпат арқалап жеңіспен оралғанда, Нарсипат ақша аямайды. Жұмысшы комитетінің председателін асханаға жұмсайды да,

жүз шақты адамға тамақ қамдаттырады. Ұзыннан-ұзақ тіркескен столдардың қақ басына конжиып, той-думанды қыздырады. Сыпыра өнерпаздардың дүрілдеуінен асхана үйі күмп-күмп желпінгендей болады. Сондай сайранның үстіне аудан басшыларының бірі тап бола кеткен сәттері де бар. Жеңіске шын көңілімен қуанғаннан буыны босаңсып, қылжалақтап қалған Жанкелді бұлардың тұсынан өте беріп қисаң ете түскен. Бүкшиіп жығыла кетуге жақын бас артисін көзі шалып үлгерген Нарсипат заматта жетіп келіп, «жазған-ай, қоян тобық ойнамалысы бар еді» деп жерге жеткізбей іліп алып, аудан басшысына байқатпай сілкіңкіреп нұқып, жапырлай өтіп бара жатқандардың қолтығына қыстырып жіберген. Директордың сіліккенінен әлдене бір қауіпті түйсінуге ес-ақылы жеткен Жанкелді бұрыш айналғанша, сыр берместен бойын барынша тік ұстап, жұртпен ілесіп кете барады. Тіпті ұзынтұра денесін босаңсытпай, қақитып тастағаны сонша, екі иығы шодырайып шығып кете жаздағандай еді. Кейін эпизодты Жанкелді жалғыз өзі ойнап көрсетіп, Нарсипат екеуі шексілесі қатқанша күлген.

Жанкелді клуб жұмысына мұғалімдіктен ауысқан. Өкпе ауруына шалдыққандықтан, балалар арасында жұмыс атқаруына тыйым салынған. Бір жыл емдеуден өткен соң, Нарсипатқа жолыққан. Оқушылармен қос басына, қырманға, егіншілер алдына талай рет концертпен келгені директордың есінде. Айтуынша, бала кезінде домбыра мен гармоньды қатар үйренген. Мұғалімдікке келген бетте аккордеонға да жаттығып кеткен. Студент кезінде Абай ролінде ойнапты. «Қатынға есеп бермейтін, қайран бойдақ күндер-ай» деп өлеңдете отырып, Жанкелді ләззаты мол студенттік шақты жыр етіп әңгімелеп, Абай ролін дайындағанын алыста қалған армандай жеріне жеткізе айтқан-ды. Осының бәрін есіне алған Нарсипат:

— Егер мен саған клубты басқартсам?..— деп бір қойған.— Қазіргіміз өзің білесің бесінші әйелімен де ажырасып кетті. Клубтан карткабинет ашуға айналды. Оны, сөз жоқ, куу керек. Баян даусын ара-тұра сыңғыратқанына қарап ұстап жүр едім... Соның орнына сені қойсам... тым жедел бір жыл, екі жыл демейтін, шамасы бір бесжылдықтың қарасында халық театры атағын алып бересің бе?

— Ойланып көруге болар еді,— деген Жанкелді.

Бірақ клубтың нобайы халық театры қызмет ететіндей келісті үй емес-ті. Ескі, аласа жарығы шамалы,

сахнасы тар. Зал да тарыншылық еткен соң, көрермендер көбіне сахнаға төніп келіп отырады да, артистердің жүзін тамашалаудың орнына санына, балтырына сілекейлері шұбырып, әлекке түсетіндері де бар.

— Ойланып көр,— деген Нарсипат,— қазір жалақыңды жүз қырық сомға өсіріп қойдырайын. Бұл орта білімді маманның айлығы. Халық театрын әперсең, бас агрономның айлығына көтеремін. Бес бөлмелі үй салдырып беремін. Уәде ме?

— Тырысып көрейік. Ал... клуб ше?

— Халық театры атансаң, Мәдениет сарайын тік тұрғызып берейін.

Сол келісіммен іске құлшына кіріскен Жанкелді бесалты жыл көлемінде «Тереңкөл» совхозының драма коллективін халық театры атағына кандидат деген шешімге қол іліктірді. Бұл әлі халық театры болмағанмен, Жанкелдіден іс шығатынына сенген Нарсипат оның жалақысын өзі айтқан межеге бір-ақ көтерген. «Үйді бұрынғы уәде бойынша аласың» деген. «Мен қанша дегенмен музыкалық аспаптарда ойнауды өздігімнен үйренген адаммын ғой, нота жүргізе білетін бір маман болса» деп қоймаған соң, музыка училищесін бітірген бір жігтті қыр соңынан қалмай жүріп, осында жолдама бергіздіріп, Жанкелдіге қосып берген. Патшағарлар бірінің аузына бірі түкіріп қойған болар ма, сол жігіт те ең әуелі үй жағдайын қадағалай сұрады. Нарсипат айлық ақшасынан жүдетпейтіндігін тосып еді, онысын қанағат тұтқан жігіт жоқ. «Маған ең төмен айлық белгілесеңіз де, оңаша, жарық, жылы үй керек» деп табандап тұрып алды. Музыкадан сауатты адамға ділгірліктің құнын білетін Нарсипат Жанкелдіге берген уәдесін оған да қайталауға мәжбүр болды. Содан бері екі дауысты әрең сүйреп жүрген хорлары төрт дауыспен үндесіп күңірентетінге айналды. «Бәсе, бәсе» деп елеуреп Жанкелді жүреді.

«Көш жүре түзеледі» дегенге арқа сүйеп, кейбіреулер ыңырана тартып, ыңырси жылжығанды ұнатады. Жанкелді өйтпейді. Өзі от мінезді, орақ тілді жігіт. Қонақта біреу жамбас мүжи бастағанда, «сүйек иесін тапты» дегенін естіп, Нарсипат шегі түйілгенше күлген. Қыбы табылып, бабында кездессе, Жанкелді «Абай» спектаклін жалғыз өзі ойнап шығуға дайын. Текстен бір жаңылмайды. Клуб жұмысы жанданды деген осал мақтау, Жанкелді бұл жұмыстың бұрқылдатып шаңын қаға бастады. Ұясынан шыға адырайып тұратын томпақ көздерін алаң-бұ-

лаң еткізіп, алаңсыз кірісті. «Нареке, артық кетіп бара жатсам, басып отырарсыз, ал кем қалмауға тырысамын» деген. Бұл сөзінің мәнін Станиславский сөйткен екен деп ол бір артисін таяқтап қуып шыққанда түсінген Нарсипат ара би міндетін атқаруға да тиісті болған.

Дегенмен Жанкелді ойына алғанын тындырып шықты. Халық театры атағына да қол жетті. Уәде бойынша Нарсипат Мәдениет сарайын көтергізді. Жанкелдінің өзіне де айтарға тұрарлық үй бөлінді.

Жанкелдіні бір құрдасы Жынкелді деп жүрген көрінеді. Сол Жанкелдінің кейбір жынкелділік мінездері бір мезгіл езу тартқызғанымен, анда-мында жүйіткіген жүйрік ой, аспанға ұшуын ұшып кеткенмен, аэродромына қайта оралған сомолет сияқтанып, көңілсіз жайларға қайтадан түйісті. Даладағы дауыл Нарсипаттың көңіл күйінде де жел тұрғызғандай.

Оның кабинетінде ішіне күн құрғатпай бір жапырақ қағаз болса да тігіліп жататын қалың сары папка бар. Ақтарып-төңкеріп, көп мазаламағанмен, оның беймаза папка екенін Нарсипат біледі. Онда әркімдердің жылдар бойы тұрғын үй жөнінде жазған арыз-тілектері топталған. Бірнеше жылдан бері қозғаусыз жатқандар көп.

«Баланың басы көбейген сайын үй тарын боп барады» деген, «Қыздарыма бір бөлме, ұлдарыма бір бөлме жекежеке керек ететін түрі бар» деген, «облыстық газетке штаттан тысқары тілшісі едім, мақала жазуға оңаша бөлме болғаны жөн екен» деген, «баламды келін екеуін отау етіп шығарсам деп едім, маңайымыздан алыстап кетпейтіндей пәтер болса» деген сыңайдағы арыздар. «Салып бер, жаңартып бер, жөндеп бер, кеңейтіп бер» дейді бәрі. Бірінің өзін қимай, бірінің көзін қимай, Нарсипат әлі күнге созбаққа салып келе жатыр.

Үй сұраушылар өзін анталап қоршап алғандай, Нарсипат диванды солқылдата бір аунап түсті. Бір папка толы арыз-наздардың көлеңкесінде бүгінге дейінгі жүргізген ірі-ірі деген құрылыстар есепке де алынбайтын сияқты. «Тұрғын үй салмайсың, адамнан гөрі малды көбірек ойлайсың» дейтіндер де табылар. Оларға қарсы дауы дайын. «Малды кім үшін өсіріп отырмыз? Мен басыма қояды дейсің бе?». Әрине, жөн сөз, сонда да...

Сонда да есіне сары папка түсе бере, Нарсипат ордан секірерге сескенген атқа ұқсап айналып өткендей болады. Айналып барып, қайтадан соғады. Жата-жата, ойлай-ойлай, осы мен айналшық тигеннен саумын ба?!» деп сілкініп тұрды. Тұра бергенде, құлағы шың ете қал-

ды. Манағы кемпірдің етегіне жармасқан боқмұрын бала: «Әже, мына балықтардың үйі қайда?» дегені анық естіліп тұр. Құлағы магнитофон болса, соның лентасына көл басындағы ыңшыңның ішінен осы сөздерғана жазылып, өшіруге ұмытылып кеткендей.

Нарсипат ендігі мезетте шырмаудан құтылған өрмекшідей тез-тез ұмтылып, ас үйге келді.

— Зияш, шай бар ма?— деді.

— Бар болғандай қандай!— деп Зияда сыңғыр ете түсті.

Ол да манадан бері ас үйдегі жұмсақ креслода қолына іліккен бір шұлықты біресе тарқатып, біресе қайта тоқып, өзімен-өзі әуре боп отырған.

8

Табиғатында беймаза мінезден де құралақан емес Дайыр шал да осы кеште тағат тауып байыздамаған күйі бар. Бір жатты, бір тұрды. Күндіз шолып шыққан газет-журналдарды қайтадан қопарыстырып, әлденеше рет ақтарды. Бұрын бір құшақ баспасөз материалдарының ішінен өзін ерекше қызықтырғандарын бөлек іріктеп, оларын аспай-саспай оқып, кей тұсын қызыл қарындашпен сызғылай отырып, ыждағаттан шығатын. Ол оқып тастаған «Жұлдыз» журналының беттері осылай тіктеп, көлбете, кей сөздің астын иректеп сызған қып-қызыл белгілерге лықып жатады.

Бірақ бүгін Дайыр дамыл таппады. Далаға бір шығып, бір кірді.

Бірденеге қобалжығанда өстіп кететініне әбден қанық бәйбішесі Қаншайым ара-тұра:

— Өй, саған не болды сонша тықыршып?— деп қояды.

Бұл сұраққа жауап жоқ. Тек:

— Әлгі Таңжарық қашан келеді бұ?!— дейді.

Столда шашыраған газеттердің бірін ала салып, аударып-төңкеріп сәл тұрды да, әлгісін қайта айтты:

— Мұншама кешіге қоймаушы еді ғой,— деді тықыршыған күйде.

— Келер, үйден безіп кетер деймісің. Жұмысы босатпай жатқан шығар,— деп Қаншайым басу айтса да Дайыр:

— Таңжарық неге кешікті, ә?— дегенінен танар емес.

Шалдың тым-тым мазасызданыын жаратпаған Қаншайым өзінше қыжыртып жатыр:

— Немене, Таңжарық сен дейсің бе үйде екі қолын қайда сыйғызарын білмей ерігіп отырған. Бала-шаға болса бір сәрі. Ортанқолдай механик. Жұмысы көп. Міндетінен таймай жетіп келетін сенің күзетшің болар ма бұл!..

— Өй, жарайды, жетті енді, жетті!— деп Дайыр теріс айналды.

Жас ұлғайып, денсаулық күн өткен сайын кеміп, төрт қабырғаға телміргендей халі бар. Бұлқынғанмен, іштей буырқанғанмен, өз бойыңнан биік секіре алмайсың, тыпыршиды, тыпыршиды да тынады.

Дайыр қазір осы үйдің қоңыраусыз сағаты. Таңғы сағат бес-алты шамасында ұйқысын шырадай ашып алып, дөңбекши бастайды.

— Өй, тоқтай кемірген тышқанша тықырламай жатсаңшы әрі!— дейді Қаншайым сонда.

— Немене, жата-жата жамбасыңды тес дейсің бе?!.

Олай аунайды, бұлай аунайды, аяқтарын бір-біріне айқастырып шалқалап жатады. Бұл жатыстың да қисыны келмеген соң, бар шамасынша еппен басып далаға шығып келіп, бүйір бөлмедегі Таңжарыққа тартады. Оятпақ боп қолын баласының иығына тигізе бергенде, сағат та шырылдап безек қаға жөнеледі. Бұл бөлме отау бөлме-ау, онда баласымен қатар келіні жатыр-ау деген қаперіне де келмейтіндей.

— Құдай-ау, құдай, қайда ғана қояйын сен шалды, қайда ғана тығып қояйын? Тағы да балалардың қуысына кіріп кеттің бе?— деп Қаншайым шыж-быж болып жатады.

Оған айылын жияр шал жоқ:

— Е, несі бар, өзіміздің балалар емес пе?!— дейді.

Таң алакөбеден Таңжарыққа қосылып шай ішіп алады да, бірер тұяқ малды жайлап тастайды. Ол шаруасын бітіре сала, тершіген маңдайын сүртіне жүріп, таяу тұрған совхоз кеңсесіне тартады. Онда кездескен біреңсаран адамдардан шаруа жайын, совхоздың хал-ахуалын сұрастырып, жарты сағат, бір сағат айналады да, сол уақытта біліп үлгірген аз-кем мәліметтерден бүгінгі күннің бағдарын топшылаған сыңаймен үйге беттеді. Түске дейін бітірері — почтаны тосу, түстен кейінгі ермегі — сол почтаны ақтару. Почта таратушы Тыныс.

— Алдымен сізге келіп, газет-журналдарыңызды қолыңызға ұстатсам, сөмкем ортайып, бойым жеңілейеді,— дейді.

Көше-көшенің бұрышында қатар-қатар қалта ұяла-

ры бар қаңылтырлы почта жәшігі орнатылған. Дәл қаладағыға ұқсас. Бар айырмашылығы бұл жәшік мұнда далада тұрады. Әркім өз кілтімен ашып, өзіне тиісті хат-қағаздарын алып жатады. Бірақ Дайырдың алдыратын газет-журналдары оған сыймайтындай боп, қалың тартады екен. Тыныстың арнайы соғатыны содан.

Кешке қарай дайын тұрған телевизор бар. Әсіресе «Жас дәурен», «Есіл өңірі» деген хабарларды құр жібермейді. Телефильм дегенге де құмартып алған. «Уақыт» информациялық хабарының бірін де бос жібермейді. Бір үйге қонаққа барса, дәл сол сағатында «Дабырламандар, «Уақытты» көріп, тындайық» деп отырады.

Бұл үйде телевизор екеу. Көбіне орысша программаға әуес Таңжарық пен келіншегі Москваның көгілдір отын жағып, өз бөлмелерінде, қазақша хабарларға құлақтары түрік Дайыр мен Қаншайым Алматының көгілдір отын жағып, төргі бөлмеге жайғасады:

Сауат жағы кемшіндеу Қаншайым телевизор қарап отырып:

— Ибай, анаусы немене, ибай, мынаусы неменесі?— деп қалып жатады.

Ондайда:

— Жайыңа отырсаңшы-ей,— деп қана күңк ете түсетін Дайыр «шіркін, көкірегің кең, сарайың ашық болған қандай байлық!» деп өзіне-өзі қанағаттанған сезіммен мұртын шырата түседі:

Телевизор экранында жүріп жатқан қимыл-құбылыс сөйленіп жатқан сөздердің астарын-мәнін іштей ұғынып, толық қабылдауға өрісі жетіп отырғанына масаттанады.

Көшенің осы тұсында Дайыр үйімен іргелес өзі құралпы үш-төрт шал тұрады. Олар да кезінде ел билеген, жақсы сөз, келелі мәжілістердің «базарын көріп қайтқан» адамдар: бұрын ауылнай болған Дастан, колхозда бірнеше жыл қатарынан иығынан аспалы сөмкесін түсірмей шапқылаған полевод Иманқұл, Ленин орденін алғаш алған комбайнер Нұратай. Осы шалдар зерігіп кеткенде, карт соғып, «жиырма бір» ойнайды.

Жайсаң көңіл, жайлы тұрмыста жүріп жатқан Дайырға бүгін бір ерекше сабырсыздық қонақтаған. Таңжарық жұмысынан келгенде, ең әуелі қашанғы әдетімен баласының бет-әлпетін барлап қарады. Өзіндей дөңгелек жүз, тобылғы көзді, қыл бабындағы жиырма бес жасар жігіт өзінің жас кезін есіне алатын кездері де бар.

Дайыр Таңжарықтың жұмысы оңай емес екенін біле-

ді. Шытынып, шаршап келді ме, масайрап кірді ме үйге — сонысын бақылайды. Бүгін Таңжарықтың кескінінде екеуі де бар сияқты. Сондықтан Дайыр өз мазасыздығын бүркемелей тұруға бекінді. «Жарылып кетпесін» деп өзін-өзі нығыздап қояды.

Дегенмен ішке бүгіп жасырған сырды қолы сездіріп қойды. Күнде шайды шынаяқпен ішетін шал бұл жолы:

— Қалтылдатып төгіп алармын, кесеге құйшы,— деді келініне. Әдетте ұсынылған шыныаяқ не кесені баппен алып, баппен қайтаратын күйінен гөрі бұл дастарқанда өзгеше қимыл жасап отыр. Бос кесені саусақтың үшімен итере салып, сырғытып тастап, тіпті кейде ұшырып жібере жаздайды.

Шай құйып отырған келінінің көңіліне келіп қала ма деп қыпылдаған Қаншайым шалына ала көзбен қарап қояды. Ытқып, сырғып бара жатқан кесені орта жолдан қағып алып, қол жалғап жібереді. Кемпірінің ала көзін пәруайға алар Дайыр жоқ. Ол бүгін басқа адам.

Әкесінің отырыс-тұрысындағы өзгерісті келген бойдаақ аңдаған Таңжарық:

— Папа, терің үгілмей тұр-ау, осы?— деді.

Сол сол-ақ екен, Дайыр көңіліндегі түйткілін бір-ақ ақтарды:

— Мына Нарсипаттарың мені кеңсеге жолатпайтын болды.

— Иә, онысы қалай — деп Таңжарық әкесіне тіксіне қарап қалды.

— Иесі сол, мен күнде барып бөкше басып жүрген орындықты кестіртіп тастады.

— Е, ол отырғыш көсілгелі бірнеше күн өткен жоқ па...

— Бірнеше күн өткенін қайтейін, бұрын сөзімді өліп-өшіп тындайтын біреудің бүгін «Дәке, енді осылай тіктұрып сөйлесетін болдық қой» деп іліп-қаққан қорлығы сүйегімнен өтті.

Анада Нарсипат нұсқау берісімен, Мақпыр төңірегін топталғандарға әңгімесін жүйткітіп отырған Дайырға жақындап келіп:

— Дәке, бөксеңізді көтере тұрсаңыз,— деген.

Қолында шолтаңдаған қолара бар. Ойында бөтен жаманшылық жоқ Дайыр әңгіме қызығымен ойысып, әрірек кеткенде, Мақпыр тоңқаң-тоңқаң етіп, түбірге шұқшиған. Ұзынша орындық әп-сәтте көзден ғайып болған.

— Жоғары жақтың бұйрығы солай,— деген Мақпыр.

Одан бері араға түсіп, болып, бояуы сіңгендей жағдайды бүгін Дайыр тағы да дәттетті. «Сөйтті ғой маған Нарсипаттарың!»— деді дігір қағып.

Сөйткенінде:

— Е, күні бойы құнысың жазылмай жүргені сол ма, тәйірі. Қайдағы жоқты көңірсітіп... — деп Қаншайым киліге кетті.

Кемпірдің сөзін өткізіп жібере салар еді, Таңжарық:

— Өткен-кеткенінді айтып, жұртты жұмысынан бөгей беретін шығарсың,— демесі бар ма.

Онан сайын бұлан-талан шамданған Дайыр:

— Немене жұрт менің мыжырайған көркімді көрмекке келеді деп пе едің?! Темекі тарта шыққандарды ғана қағып алып, ол-пұлды сұрап қаламын. Кеңсе түрме емес қой, аттам далаға бастырмайтын. Осы совхоз бәрімізге ортақ емес пе? Солай ғой? Солай! Ендеше оның жәйкүйін күнде білгім келіп тұрса, не істемекпін? Терезеден қарап сығалап отыр, сол да жетеді демейсіндер? Әлде директорларың мен парторгтарыңның кабинетіне басакөктеп кіріп бардым ба екен? Кеңсенің алдын қорығаны несі бұл! Мүмкін, менің біреуге айтқан бір ауыз жылы сөзім бір мысқыл болса да пайда беретін шығар. Оны кім өлшеп-мөлшерлеген? Сен түсіндіре аламысың осыны?— деп Дайыр біраз тепсінді.

Өңшең сұрақ пен леп белгісін лекілдетіп, тығыздатып, дігірлеп, күйіне сөйлейді. Тіпті ара-тұра иегі кемсеңдегендей боп кетеді.

Бұлардың үй-ішіндік әңгімесі әрман қарай өріс ала алмады. Сыртқы есік сықыр етті де, сүйретіліп, бүктеліп, бүкендеп, созаландап, Дастан, Иманқұл, Нұртайлар кірді.

— Туһ, жақсы келдіңдер-ау,— деп Дайыр әп-сәтте түлеп қоя берді. Іле Қаншайымға бұрылды.— Ауыл-үйдің қонағы айында-жылында бір келеді, мына соққандарға сүріннен ас қамда! Тістері темірдей батырлардың резеңкеше созғылап, жұлқылап, ет жегендерін бір көрейік.

— Жо-жоқ,— деп онысына Дастан тоқтау салды,— кейін бір реті келер. Өзінді картқа үйретіп алсақ, жайланып бас қосудың сәті түсер. Бүгін Қаншайымның қою шайын ішсек те қанағат.

Таңжарық орнынан лып етіп тұрып, шалдармен қол алысып сәлемдесіп, желбегей плащ, макентоштарын ілді, төргі үйге өткізді. Оңаша сұхбаттасып, карттардың өздері ғана біліп, өзара емеурінмен-ақ ұғынысып жата-

тын әзіл-қалжындары болады, соларына ортақ болмайын деп кейін кете берген. Оны Дастан шал тоқтатты.

— Әй, бала, сен бізден жырақ қашып шеттеме. Біздің түйініп таба алмай келген сөзіміз бар. Бізбен бірге отыр, тыңда,— деді.

Қалған екеуі Дастанды елші сайлап қойғандай. Үйге алдымен кірген де сол, сөзге ие де сол. Таңжарық Иманқұлдың құлағы мүкістеу екенін біледі. «Ассалаумағалейкүм!» дегенде «ә, иә, иә, астау шауып жатырмын» дейтіннің нағыз өзі. Ал Нұртай бұл күнде бір жамбастаған дімкес адам! Іштеріндегі пысықтауы осы Дастан.

Таңжарық қастарына келіп жайғасты. Әуелгіде «бұл шалдар папамды қартқа баулимыз деп ұйымдасып келгендері ме екен, әлде күрең шайдың буы бұрқыраған дөңгелек стол басында өткен-кеткенді сапырып, әңгіме дүкен құруға бас түйістіргендері ме екен?» деп ойлаған. Бірақ үшеуінің сыңайы басқа көрінеді, түтіні өзгеше.

— «Мұрын жоқ болса, екі көз бірін-бірі шұқыр еді» депті ғой, шырағым,— деді Дастан. Сөзін әлі де Таңжарыққа арнауда. Біз ақ төсекте жан сақтағанды көпсінгендей, бір даулы іске өз еркімізбен киліккелі жүрген жандармыз. Тыныштығынан безінген сыңар езу, қырсық шалдар, қыңыр шалдар десең де өзің біл. Аяқ алысымыз екі көздің бірін бірі шұқығанындай боп кетіп жүрмесін. Сен ара кісі іспетті, біздің лебізіміздің дүзік-қисығын аңғара отырғайсың.

Дастанның күбірге ұқсас жұмсақ сөйлеуін өзара пәтуаласқан шаруаны айтып жатқаны деп түйсінсе керек, сөздің бірін естіп, бірін естімей отырған Иманқұл Дайырға қарап:

— Қысқасы, мәселе көл туралы,— деп төтесінен қойып қалды.

Оған оқшырая қараған Дастан:

— Өй, чікін-ай, сөз бастағаныңа болайын!— деп ұнатпаған көзбен ішіп-жеп алды да, орағытып, тұспалдап бастармын-ау деген ойынан лезде қайтты, Иманқұлдың кебін киіп, турасына көшті.— Иә, ырғап-жырғайтыны жоқ, мәселе көл туралы.

Күрсінісе отырып, бәрі бұдан соң өздерін қоса, бірнеше ұрпаққа мекен болған шалқар көлдің қасиеттерін тізбектеп кетті:

— Ата-бабамыз түу баста қоныс теуіп, мекен жайды осы тұстан таңдауы тегін емес-ау! Осы жерге жайғасайық деген кісі неткен дана еді!

— Күмп етіп шомылсаң суы шипа, қармақ сілтеп кәсіп етсең, қармағыңа леккені қорек. Сонау аштық жылдарда, бертінгі соғыстың жұтында жұрт осы көлдің балығын талғажау еткен жоқ па?!

— Қарасаң көз тоймайтын кербез пішінін айтсаңшы.

— Таң алакөбеде, кешке таман қайқаңдап бетіне шыққан қайық атаулы құжынап тұрғанының өзі бір керім көрініс емес пе еді!

— Малдың да, жанның да қолқанаты болған көл еді ғой.

— Тілі жоқ демесең, қолдап, жарылқап тұрған жарықтық емес пе еді!

Осының бәрін үнсіз тымырайып таңдаған Дайыр:

— Жә,— деді. Таңдау, тамсану үзілді,— енді өкінгеннен не пайда, көл құрыды деп өкіргенмен не түседі? Қорытқан бірденелерің бар ма?

— Ойбай-ау, көл тіршілігінен айрылды, мылқау, дүлейге айналды деп қолды жайып қарап отырмыз ба? Дабылдатып, көлді құртқан бастықтардың миын шағу керек,— деді Дастан.

— Газетке жазу керек!— деп Иманқұл Таңжарыққа қарап қопаң етті.

— Райкомға, обкомға бару керек,— деп Нұртай сөз қосты. Ол да Таңжарыққа қарап айтты.

«Түбінде тілшіміз де сен, елшіміз де сен боласың» деп отыр ма осылар?» деп Таңжарық сезіктене бастады.

— Жә,— деді Дайыр,— Ал дабылдат, ал шуылдат! Соның арғысына көз жібердіңдер ме? Баяғыда райкомға дейін шабамын деген біреу атына мінуін мінгенмен, «райком тұратын ауыл Есілдің ар жағында ма еді, бер жағында ма еді?» депті ғой. Шал-шауқан боп осы сөзді көтерейік дейік. Күні кеше балығы шоршыған көлімізге жанашырлығымыз бұл делік. Ал осынымызға ондағылар не айтар екен, соны ойладыңдар ма?

— Не деуші еді? Істің түбегейлі жағын ашатын кісілер бар емес пе онда?...— деп Дастан кесе-көлденең келді.

Әр сөзін суыртпақтап шығарып отырған Дайыр тағы да сұрақтармен созбалай бастады:

— Сонда олар осы сендер бұрын қайда қалғансыңдар демей ме? Нарсипат үйрекке су керек, үйрекке су керек деп насосты жағаңа құрып қойып, қорсылдатып сорғыза бастағалы не бітірдіңдер демей ме? Сондағы оның желеуі үйрек ет береді, үйрек мамық береді, үйрек

совхозымызға пәленбай мың теңгелеп кіріс әкеледі емес пе еді? Әлгіндей желеуін желбіретіп, Нарсипат көлді шабуылдап жатқанда, біз қай қуыстан сығалап отырып едік деймін мен сендерге? Жырақамен жөңкіле-жөңіле көл суы ортаюы мүмкін-ау, суы ортайған көлдің табаннын шөп қаптап, астында қыландаған балықтың тынысы тарылады-ау деп біз неге сонда бас көтермедік? Отырған жоқпыз ба тым-тырыс, сақалымыз сапсиып... Райкомдағылар осыны бетіне салық етіп басса, не жүзінмен қарайсың?! Айтшы, кәне!

Дау қуғыш шалдар төмен тұқырып қалған. Дайырдың сұрақтары еңселерін басып кеткендей. Әлден уақытта ғана қыбыр-қыбыр етісті:

— Қінәлінің көзін шұқу керек!— деді Иманқұл.

— Нарсипатты оққа байлау керек, жетті оныкі, әбден кердең кетіп, кердең-кердең етеді,— деді Нұратай.

— Е, оның көзін шұқыды не, шұқымады не, бәрібір енді бізге көл жоқ,— деп Дастан манағыдай емес, беті қайтып жуасып қалыпты.

Бұлардың еңсесін қайта көтерген Дайыр болды:

— Әлде де ұнжырғамыз түспесін. Ендігі түйін кінәласуда емес, көлге қайыра тіршілік сипатын беруде. Осы тураға ойыса қимылдайық. Нарсипат өзімнің де өкпем қара қазандай. Бірақ Тереңкөл тағдыры жартымсыз өкпе-сөкпеден мың есе салмақты.

— Е, онда тура ауданға барайық дедім ғой. Солай да солай деп ағымыздан жарылайық, қол үшін беріңдер дейік,— деп Дастан қайтадан бой түзеді.

— Үйбай-ау, өйтпегенде енді,— деп ана екеуі оны қостай жөнелді.

— Осы сендердің миларынды құрт жеген бе, немене,— деп Дайыр қайта шіміркенді.

— Тағы неменемізбен жақпай қалдық?— деді ана үшеуі қабаттасып.

— Қымс етсе ағаш атқа міне салып, шаба кеткілерің келеді де тұрады екен сендердің,— деп Дайыр Таңжарыққа бет бұрды,— мына жастарға берер үлгіміз осы ма?

— Сөзіне құлдық, шешімін айтшы өзі?— деді Нұратай.

— Шешімі сол — арыз етіп қағазға түртсең, арызқой атанасың. Бізге мұның реті келмейді. Оның үстіне бес саусақ бірдей емес, аудан кеңселерін жағалағанның бәрі періште деймісің бірі болмаса бірі «топ құрған арызшылар» деп құйрығына шала байлап жіберсе, ол

қаңқудан өле-өлгеніңше құтыла алмассың. Қалай құбылса да, пәленбай жыл еліңді билеп келген бастығымыз Нарсипаттың алдынан өтейік. Жеп қоймас, тура өзін қолқалайық. Не есеп, қандай ойы бар екен, бағдарлайық. Басымнан аса қарғыды деп ол туламасын, «таңғы тамақ тәңірден» одан арғысын соның ынғайына қарай көрерміз. Бірақ қара қарғаша суылдап, бәріміз барғанымызша, осы сөзіміздің сыралғысын мына Таңжарық оған жеткізсін! Шоңқиып үйде омалған біз емес, бір-бірімен күнде араласып жүрген жандар ғой. Не айтар екен, білейік.

Дайыр ұсынған нұсқаға жүгінісіп, сөз түйіскен үш «өкіл» Қаншайымның қаймақ құйған күрең шайына дөңгеленді. Әлгі әзірде ғана жүріп өткен әңгіме мүлде болмағандай, олар енді «ол да бір заман еді-ау» дейтін естеліктерге, қаңғыр-күңгірсіз, өздерін сылқ-сылқ күлдірген әзілге ауысқан. Бұлары өздерінше тыныс алар тәсілдері болса керек. Тіпті қастарындағы Таңжарықты да елең қылар емес. Бір аңдаусыз сәтте ол өз бөлмесіне, келіншегінің қасына өтіп кетті.

Есігі бөлек болғанмен, олардың қаңғыр-күңгір әзіл-әжуаларын келіншегі екеуі естіп жатыр. «Сыбырлағанды құдай естімей ме» дегендей. Тұншыға шиқылдап, кеңк-кеңк күлкілері қарқылға ұласқанда, үйді желпінткендей. «Дені саудың жаны сау» деген бар-ау, деп ойлады Таңжарық.— Ал мына шалдардың қаусап отырған түрлері анау. Қарап тұрсаң, отырарға келгенде, кескен түбірше күрс ете түседі де, тұрарға келгенде, сиыршылап жатқандары. Желді күні он аттам жерге демігіп әрең жететін біздің шал. Сонда да күлкілері таза, саңғыр-саңғыр етеді. Жандары таза, сүйектері асыл, сұлу шалдар десейші!

Әлгінде ғана жүріп өткен сөзжарыстан Таңжарықтың түйгені — бұлар бір бүйірлеп Нарсипатқа тиісуге бет алған. Қозғау салар жайлары — жанды мәселе. Жеке бастың қарекетін күйттеген шалдар емес.

Қонақтары кетісімен, Дайыр Таңжарықты жатқан жерінен шақырып алды.

— Әңгіменің неге сайғанын ұғып тұрмысың?

— Ұқпайтын несі бар?

— Менің тұспалым басқа.

— Тағы немене?.

— Былтырлар көлден фермаға су ағызуға насос орнатқан кім?

— Кім болушы еді, механик мен.

— Сен болсаң, көл үшін Нарсипат екеуің қатар жауап бересің. Бірің бастаушы, екіншің қостаушы.

Таңжарық әкесінің көкейін жаңа ұққандай.

— Е, солай сок!— деп ыңырана күрсінді.

9

Таңжарық Нарсипат кабинетінің табалдырығын аттағанда, әкесі мен «өкіл» шалдардың түнгі тапсырмасын ұмытқан: оның сергек сезімін безгек аурудай бір суытып, бір қыздырып, қамшылаған Дайырдың соңғы «көл үшін Нарсипатпен қатар сен де жауаптысың!» деген сөздері. Басқаша түйсік, ойдың бәрін таразының осы басы жеңіп кеткен...

Өзін ұсынылған бір парақ ақ қағазды аударып-төңкеріп қараған Нарсипат әуелі Таңжарыққа таңдана көз салды, сонан соң маңдайындағыларды шолып өтті де:

— Отырсаңшы, отыра тұрсаңшы,— деді.

Ол-пұл шаруамен келгендердің талап-тілектерін шапшаң бітіре сала, Таңжарықпен оңаша сөйлесті:

— Ал, бала, мынауың не?

— Кетемін, көшемін дейсің, ә?

— Мынауым осы.

— Кетіп тынбасам, болар емес.

— Соншама не көрінді саған?

Нарсипат жайлап басып келіп, оның қасына жайғасты.

— Ештеңе де... Қорыққанға қос көрінді дейін бе, әйтеуір кетемін,— деді Таңжарық.

— Түк түсінсем бұйырмасын. Ел аман, жұрт тиышта неткен дүрбелең?! Қызмет бар, үйің-күйің бар. Беделсіз емессің. Ортан қолдай мамансың. Келін бала қасыңда, Келешегің алда.

— Бұл төтенше келген жағдай, Нареке. Әкемнің сотына лектім. Енді қарайлар ештеңем қалған жоқ.

— Иә, қызық екен?

— Қызығы сол — көлді құртқан жалмауыз мен екенмін.

— Иә?

— Сол...

Таңжарық әңгімешіл әкесіне тартпаған. Сол себепті оның аузынан шыққан сөздер көбіне жарықбаска түскен арбаның тоңқылдағындай кедір-бұдыр естілетін. Соны-

сына бағып, шешіліп-көсілмей, бар тұжырымын қысқа ғана осы «солмен» бітірді.

Нарсипат та одан әрі қажаған жоқ. «Тереңкөл» хақында көпшіліктің айтар болжамы, тағар айыбы оған айқын көрінетін. Бұл кесепат табиғаттың болжаусыз алапаты деп тына салатын, сөзбұйданы сонымен доғара қоятын сенімшіл жұрт қазіргі күнде жоқ. Сондықтан ол қандай түйткіл, түртіге де әзер. Таңжарықтың совхоз штатынан шығаруды сұраған арызының да түп тамыры осы оқиғаға тіреліпгенін білген соң, көп созбаққа бармады:

— Мен арызыңа қол қоймаймын. Әлде де ойлан! Қабырғаңмен ақылдас! Анадай еңселі үйді совхоз кім көрінгенге мінекейіңіз деп бере бермейді. Қадіріңді кетірме,— деді.

Таңжарық:

— Бәрібір кетемін,— деп бұлқына тұра келіп, шығып жүре берді.

«Кете алмассың,— деді Нарсипат ішінен,— Туларсың да тынарсың!»

Некен-саяқ болмаса, «Тереңкөл» совхозына Нарсипат директорлық құрғалы, келіп қосылды демесе, кету деген жоққа жақын. Оның ішкі тірегі, екі талайда сиынары да, сүйенері де осы жағдай. Қадр мәселесінде Нарсипат ешкімді шашау шығармай ұстағанды берік тұтынған адам. Оның үстіне жұмысшылардың дені жергілікті. Бірер жыл шаруашылық миллионға жуық табыс тауып, содан бергі дағдымен «миллионер» атанып кеткен дақпырты ма, балығы семіз көл тартты ма, сонда қоныс аударып келушілер де табылып тұрады. Мұндай қатарға қосылған семьяларды қайткенде де шеттеп кетпеуіне күш салатын. Тілін безесін, бұйрығын кезесін — ретін табатын. Сол себепті де Таңжарық қыр асып кетеді-ау деп пәлендей алаңдай қоймады.

Таңжарық кете бере, Мұнар кірді. Оған ере Қабкеш келді. Нарсипатқа екеуі есікке таласа, тайталаса кіргендей көрінді.

— Мынауың қирататын!— деді Қабкеш амандықсаулықсыз, айқайға бергісіз ащы дауыспен.

— Отырыңдар!— деді Нарсипат зеки сөйлеп.

Екеуі де отырмады. Екеуі де ұстараша лыпып тұр.

— Ал, не боп қалды?!

— Мынауың қирататын!— деп Қабкеш тағы қайталанды.

— Жөнін айт!

— Жөні сол, берсеңқолыңнан, бермесеңжолыңнан дейді мынауың.

Қабкештің мына қалпынан жоба таппасын түсінген Нарсипат Мұнарға бұрылды. Ол әдетінше екі бүйірін таянып алған. Өзін-өзі умаждап, мытып тұрғандай.

— Сен айтшы, шырақ!

— Айтқаны сол — бөлмені құрап бітіп едім, соған азын-аулақ сәкілік тақтай сұрап келгем. Мына кісі азар да безер боп, құлағына қол апартпайды.

— Ал, сәкі керек екен, берейік. Жұтап қалған жоқпыз, бар ғой совхозда. Бірақ ана «қолыңнан... жолыңнан» деген не сөз!

— Қызулықпен айтылып қалғаны рас, аға. Бірақ баскөзсіз төпелей беретін мен бір мифұла дейсің бе... Мына кісіге ерегесіп айттым.

Нарсипат оның бұл сөздеріне сеніп отыр. Әнеугі күні жібі түзу жігіт деп бағалаған. Нарсипаттың ниеті құлаған адамына қапы соғып алданғанша сенетін де мінезі бар. Жөн-жосықсыз Мұнар өнірендей беретін адам емес деп топшылайды. Қылыш тасқа тигендей хал кешкен ғой. Жөнге келе шуылдатпай, бір мәселені келісіммен жайғап-жасқамайтын Қабкешке кезіккен соң, екеуінің тарысы піспей қалуы әбден мүмкін. Қабкешке тірелген жердің үнемі шаңы шығып жатады. Әуре-шікіре жасауға, шаң-шұңға жаны әуес. Директорға иек сүйеп әбден жаман үйренген. Кешелі бері іштей тығылып жүрген Нарсипат осы байбаламшыл Қабкешпен бірде болмаса бірде тығыз келіп қаларын әлдеқалай түйсініп жүргендей еді. Сонысынан сақтанатын. Бірнеше жыл қатарынан жуып-шаюмен келеді. Бұл да темір емес, ет пен сіңірден жаратылған адам. Шыдай беруге шамасы жетсе жарар-ау деген күдік соңғы кезде кәдімгідей иықтай бастаған-ды.

— Бопты,— деді Нарсипат, қызған екенсіндер, басылыңдар. Ата жауы емессіндер ғой, бәрі тіршілік қамы. Қабкеш, былай болсын...

— Жоқ, былай болмайды, ешқандай былайы жоқ, тәйкі деген,— деді Қабкеш өрекпуі сөнбеген қалыппен,— үйбай-ау, бүйте берсе, мыналар бүкіл совхозды тамтұмдап құртады. Сонда да екі алақанымызды жаямыз да отырамыз ба?

Шаруашылық шындап жаны ашитын кейіпке кіре қалған. Нарсипат езуін қисайта, кекесінмен мырс етті. Қабкештің қайтсе де жеңістік таппай тынар түрі жоғын аңғарған.

— Жарайды, келер-кетері шамалы нәрсеге бола, мұнша арамтерге түспейік,— деді Нарсипат мейлінше бипаздай, жұмсақ сөйлеуге тырысып.— Мұнар, сен немен келіп ең?

— Тракторме н.

— Құрылыс бөліміне бар да, керек тақтайынды ал? Мен жіберді де!

— Ойбай-ау, сонда, тәйкі деген,— деп Қабкеш Нарсипат жаққа бір, Мұнар жаққа бір аттап, тыпыр-тыпыр етті.

— Мұнар шырақ, бара бер,— деді Нарсипат.

Мұнармен қабаттаса кетпек боп қойқандай ұмтылған Қабкешті иығынан тартып қалды да, «сен бөгеле тұр» деді деміне күрт ысыл кірген дауыспен. Мұнардың кету-кетпеуін аңдып тұрғандай, есікті өзі келіп қымтай жапты. Жұлқынқырай бір-екі тартты. Жабылған-жабылмағанын анықтай түсейін дегендей, қос қабат есіктің ар жағынан тың тыңдағандай сілейе телміріп сәл кідірді. Сонан соң Қабкешке таяп келді.

— Сен осы аларыңды алып, жерінді жеп біткен жоқсың ба әлі?— деді тамағы түйнектеліп қалғандай қылғына сөйлеп.

Қабкеш ырсиды. Нарсипатты жаңа көріп тұрғандай, әлгі әзірдегі долылықтан ештеңе қалмаған. Айбарлы арыстаннан айлалы түлкіге айналып шыға келген.

— Енді... бұйырғаша...— деді.

— Әлі де бітемеген тесігің бар ма?

— Енді қалай? Адам көзі тоя ма... Бір күннен бір күн қызғылықты боп барады емес пе. Оның үстіне сен тағында отырғанда, қамтып қалмаса, шуу қара құйрық деп пенсияна тайған соң, кім маған Қабкеш екенсің-ау деп көз қырын салар дейсің. Ұзын арқан, кең тұсау сен барда ғана емес пе...

Өзі де байқамай көпірменің ынғайымен кетіп бара жатқан Қабкеш тағы бірдеңе айтпақшы ниетпен Нарсипатқа жақаурата ұмсына бергенде, қақ тұмсықтан жұдырық сарт ете түсті. Ол қанкөбелек айналып қисая бергенде, Нарсипат жағадан кептелте ұстап алып:

— Көбіктенген езуінді сенің!— деп алып тағы бір соқты.

Сәкіге жалп ете түскен Қабкеш:

— Мен қазір парткомға жетіп, шаңынды қағайын!— деп түкіріп жатқан.

Нарсипат оған жетіп барды да, күшпен тартып, жұлып алғандай тік көтере тұрғызды.

— Қайда барып шағынбақсың?

— Парткомға.

— Мә, ендеше!

Жұдырық тағы былш етті.

— Бәрібір мен бұлай қоймаймын. Райкомға барамын.

— Мә, ендеше!

Жұдырық тағы да тиісті жеріне тиді.

Қабинетте тас опырылғандай бірдеңе дүңк-дүңк еткенге елеңдеп, есікті сығалап ашқан Үкіжан мына жұдырық сілтеске тап болды. Нарсипаттан мұндайды әсте күтпеген Қабкешті тосын әрекет қалжыратып, есеңгіретіп тастаған екен. Былқ-былқ етеді. Бұл арада Нарсипаттың соққысына темірдей тегеуірін сезілмесе де, директорлық мысы жеңіп тұрған. Әйтпесе бұлшық еті қайыңның безіндей Қабкеш күшін жинап, нығыздап бір төндірсе, Нарсипат қалбалақ ұшып, мұрны қанар еді. Үкіжанды көріп, Қабкеш ыржиды:

— Ал сен шаштан жұл! Не ғып қарап тұрсың?!— деді.

Бетіне жұдырық тигеніне қорланған күйі есікті жайқаң еткізіп теуіп ашып, түкіріне, тістене атып шықты.

Оның соңын ала Нарсипат:

— Өмірі кісіге қол көтергенім еді. Бірақ бұған өкінер емеспін!— деуін десе де орнында тапжылмай сұлық тұрып қалды.

Ет қызуымен Қабкешті мастерлік қызметтен шығару жөніндегі бұйрықты Үкіжанға машинкаға бастырды. Соны көрнекті жерге ілмек ниетпен бұйрықтар тақтасын сұрастырғанда:

— Өзің былтыр алдыртып тастаған жоқ па едің. Біздде жаманат бұйрық жазылар кертартпа жағдай құрыған, ал жақсылық хабарды радиомен де жеткіземіз деп,— деді Үкіжан.

«Апырай, ә,— деп ойланды Нарсипат,— істің бәрі майлы тоқаштай жып-жылмағай, кем-кетіксіз жүріп жатыр дегенім не алжасқаным?! Бұйрық тақтасы айнытпай көрсетер айна секілді емес пе еді. Сол айнаны халықтан жасырып... Әттеген-ай, ә?!»

Тақта да табылып, шаңы сүртіліп, орнына қайта ілінді. Бірақ Қабкеш жөніндегі бұйрық оған жапсырылмады. Сабасына түскен Нарсипатты бұл кідіріске мәжбүр еткен Үкіжанның:

— Ол бүкіл елге жаяды ғой. Күніміз енді не болмақ?— деген үрейлі кескіні еді.

Елу тоғыз жылда алғаш рет Нарсипат кеудесінің сол жақ қуысында жұдырықтай жүрек барын сезінді. Жаңа ғана қайнай бастаған су бетіндей шымыр-шымыр етті де, жиырыла қалды. Бес саусақтан тырмалай бүріп алған сияқты. Бірақ мұншалық әсерін жаңбырсыз жазда сарғайған шөптей қуарып кеткен Үкіжанға сездірген жоқ, өзінен де жасырғандай «әншейін бір тыпыршуы шығар» деп көңілін алдарқатты.

Мақпырды шақыртып:

— Таңжарықты алып келші,— деді.

Таңжарық манағы бірбеткей қалпы екен.

— Мына жігітіміз көшем дейді ғой өзі,— деді Мақпыр.

Ол директор мен жас механик арасында өткен әңгімеден бейхабар-ды.

— Әкесі жер тепкілеп отыр, кетсең кет қашқын деп,— дегенді тағы қосты.

Таңжарық оған көзінің астымен қадалып қарады.

Нарсипат:

— Қалқам,— деді бүкпесіз жұмсақ дауыспен,— көл турасында саған айтылған сөз маған да айтылады. Одан қашып құтылар амал жоқ, сонда тоз-тоз боп, бетбетімізбен кете бермекпіз бе? Оны былай қойғанда, көктемгі егіс те таяп қалды. Менің соңғы жылымда бытырамай бірге істейік. Сонсынғысын өзің білесің.

Бұл оның шын ниеті болатын. Таңжарықтың ерінбес еңбекшілдігін, төзімді созымтал мінезін бағалағандығы. Келешек кейбір олпы-солпыларын мінтеп жонып жіберсе, жақсы инженер шығар-ау деп үміттеніп жүргені де бар. Осы сенімін зая кетіргісі келмейді.

— Қаласаң, әкеңе өкілдікке өзім барайын. Бір ашуын маған қияр,— деді.

Таңжарық жас мөлшерінен әкесіндей Нарсипатты мұншама қиылдыра бергенді ретсіз санаса керек, токетерінен бір-ақ түсті:

— Жарайды, сіз үшін...— деді.

— Сәйт, қалқам!

Нарсипаттың оң қолы кеудесінің сол жақ тұсына бара түсіп, кері қайтып отыр. Жүрегі мазалап отырғанына әлі де иланғысы келмеген қалыпта.

10

Сол күні бір кеткеннен Нарсипат кеңсе маңайына жолаған жоқ. Көктемгі егіс қарсаңында даланың кел-

бетін бағдарлау, ылғал мөлшерін топшылау міндеті бар. Соны ойға алып, бригадаларды аралады. Даланы емін-еркін кезді. Баяғыда тоғыз бірдей бригаданы шарлап шығатын да күндер кездесетін, сонда қажымайтын денесі бүгін бір түрлі дел-сал салғырт тартқанын байқады. Қажыр-қайраты мол екпінді шағы оралмасқа кеткенін мойындағысы келмегенмен, қарттықтан қашып құтылмасына да бой сала бастағандай. Жасы қырыққа толғанда, үш жыл бойы отыз тоғыздамын деумен жүрген. Ол аралықта отызбен қырықтың айырмасы білінбей өте шыққанмен, елу тоғыздамын деп енді үш жыл жүре алмасы анық.

Қәрілікке әлі мойынсынбағанымен, кейістік, моюға ырық беріп қаларлықтай сәйлары бар екен. Даңғылға түсіп алғандай тура өткен соңғы отыз жылдың жұлдызды сәттері соларын бүркемелеп, жанға батырмай келген. Нақ осылай екен деп иіле кеткісі де келмейді. Әйтсе де келмейді. Әйтсе де күнұзаққа ерсен-қарсаң далада жортқанда, екі иықтан мініп алардай боп төнген кейістіктен қашқалақтап, қобалжыған көңілге сыздай бастаған жүрекке тіреу, тіпті алданышқа тұрарлық сүйеу, таяныш іздеп жүргені екен. Түстеп атамаса да, іші сезеді. Жалқыдан жалқы бөкеңдеген аш бөрідей совхоз көлемін олай бір, бұлай бір кесіп өтіп, жөңкіте жүруін өзі соған жорыды.

Жарқырап тұрған күнге кейде әлдеқайдан тап бола кеткен сайтан бұлт болар-болмас көлеңкесін түсіре қоятыны бар. Өз өмірін жайраң қабақ, ашық аспанға бағалайтын Нарсиқ соңғы күндері сол кіршіксіз әлеміне болымсыз көлеңке іспетті бірдеңе қона кеткісі келіп жүргендей сезінеді. Сайтан бұлт елеусіз қимылмен қыр соңына түсіп алғандай. Үрей меңдемегенмен, сескеншек, үпірек сезім тұла бойын дірілге қарай ыңғайлайтын сияқты. Жүрегі лүп-лүп етіп тыпырши береді.

«Не халдері бар екен?» деген барлау сұрағы барын жан адамға ұстатпай, қашаннан бері жетпей келе жатқан артық-ауыс бөлшектер қарастырған боп, көрші отаулары «Өрнек» совхозын көз қиығымен шолып қайтты. Ұйымдасқалы екі жыл ғана өтсе де, әжептәуір құралып қалған сыңайлары бар. Аудандық мекемелер күшімен бірден елу тұрғын үй нобайын жасап тастаған. «Аяқтанып кеткенше, әрине, кемінде бір бесжылдыққа дейін күш-көмек молынан төгіледі. Сұрау-бұрау содан кейін шындап қабындайды ғой,— деді ішінен,— біз де осылай бастағанбыз».

Өзін-өзі іштей бекіндірген болса да, қатар-қатар кірпіш үйлерге қызыға қарайды. Кеміткісі келген адам «инкубатордан шыққандай» деп біркелкі, бірсарындылығын алға тосар еді. Ал осы үйлер қатарынан жақсылықтың нышанын табуға ниет бұрған адам мұндай біркелкіліктің өзіне қуанар еді. Жаңа шаруашылықтың бастамасына әбден жарасымды қимыл. «Бізге де дәл мыналардай елу үй көптік етпес еді-ау» деп ойлап кеткенін аңдамай қалды Нарсипат.

«Тереңкөл» совхозында жұмысшылар тұратын үйлердің дені сонау тың дүбірі басталатын елуінші жылдардың бас шенінде жеде-ғабыл орнап қалған шағын-шағын екі бөлмелі қоныстар екендігі есіне жаңа түскендей. Замана озған, үйлер тозған дегендей, құшақ-құшақ арыздардың туындайтын жері осы екен-ау. Оның үстіне Нарсипат басқарушы мамандарды бір кварталға топтастырып, оларға деген үйлерді түрленте, шоқтығын көтерте тұрғызған. Директор үйі бөлек болғанмен, парторгы бар, жұмысшы комитетінің председателі бар, мамандар бар ерекше топ құрап, тұлғаланып тұрарлықтай көрініс. Бүгінгі көзбен қараса, ұзыннан ұзақ көше қуалай орналасқан шағын пәтерлердің қасында көзге түрткі деген осы ғой. Қысы-жазы бір дамылсыз жұмысшы да сондай сәулетті мекен-жайды талап етсе, несі айып?! Онысына қарсы қояр еш дәлел таба алмап еді. Қай мәселенің тамырын бассаң да үй, құрылыс дегенге соқпай кетпейтіні осыдан болар...

«Өрнектен» шығып, Нарсипат бір бүйірдегі «Октябрь» совхозына тартты. Құрылыс тұрғысында жұрттың аузына көбірек алынып жүрген совхоз.

Байқайды, Нарсипат өз совхозынан асып, көршілеріне жол түсіп, жиі бара бермейді екен. Басқа директорлармен үлкен мәжілістерде, бюроға шақырғанда кездеспесе, дәл бүгінгідей кездейсоқ жолаушы ретінде тартып кетуі өте сирек екен. Олар да «сен білгенді мен де білем» дегендей бұған үйірсектеніп, табалдырық тоздырмайды.

«Октябрьде» Нарсипат кенсе аралап жүрген жоқ. Іздегенін көрді де кері қайтты. Мұнда қазіргі директор бұрын бас экономист боп істеген қырықтар шамасындағы жас бастық. Жас болса да, бас боларлық өрісі бар екен. Айналасы үш-төрт жылда кірпіш көрінеді. Орталық қоныстың екі жағындағы алаңқайға тұрғын үйлер жыпырлаған. Нарсипат көбіне есіктері бөлек, ауласы біртұтас, бірінің тауығы біріне секіріп түсе беретіндей

жапсарлас екі семьялық пәтерлерге әуес еді, «Октябрьде» үйлер жеке-жеке. Ен байлықты көзге бадырайтып көрсетейін дегендей қорасына дейін кірпіштен, тіпті бір-бір «Волга» сиярлық гараждар да ескерілген. Бәрін мойнына алып жатқан совхоз. Бұл жағы Нарсипаттың құрылыс жүргізу әдетінде жоқ әрекет.

Мына бір көрініс Нарсипатты қайран қалдырды. Қабырғасы көтеріліп, шатыры жабылған үйлердің де, сүлдесі жаңа ғана қалқиып, негізі ғана жобаланған үйдің маңында да үпір-шүпір балалар, қаңғыр-күңгір әйелдер. «Шатыры бой көтергені біткен іс қой, анау бой көтере бастаған үйдің маңайы не жыпыр, көре кетейінші» деп Нарсипат шеткі біріне әдейі бұрылды.

Бұл төңіректе Нарекең атанған директорды білмейтін жан кемді-кем. Жүзіне инабат табы ұялаған бір әйел ұялшақтап сәлем берді, балалар бөтен адамға немқұрайды ғана қарап өтіп, бір-біріне:

— Әй, біздің үй сіздің үйдің қасында болады, ией, ойнауға бірге шығамыз, ией!— деседі.

Осынау балаң сөздердің астарын анықтай түсейін дегендей, Нарсипат:

— Бұл құжынаған не базар деп бұрыла кеткенім ғой,— деп сөз тартты.

— Е, ағасы, бұл күнде базардың үлкені үй боп тұр ғой. Мұндай базар өз совхозыңызда да бар шығар. Осы жерден қоныс тебесіндер, құрылысына бас-көз бола жүріндер деген екен директорымыз. Болашақ пәтеріміздің қасына кеп, балаларымызбен бірге қызықтап жүргеніміз дә. Кірпіші шашу шығып кетпесін деп те шыж-быж болғымыз кеп тұрады. Терезесінің түбіне ағаш отырғыза берсе қайтеді деп те бір ойлаймыз. Солай ақыл алтау, ой жетеу боп тұрмыз,— деп жас мөлшері әлдеқайда кіші әйел Нарсипатты жатсынбай, ақтарыла сөйлейді.

Әйелдің бөтенсініп сыртқары теппей, іш тарта сыр ақтарған жатық мінезіне мардамсып тұрса да, өзінде жоқ жаңалық алдынан шыққанына Нарсипат оқыс тіксінді. Әйел «ақыл алтау, ой жетеу» деген үйреншікті мәтелді айта салғанымен, дәл сондай алты тарам сұрақты жеті жүйе ой жетектегеніне қазыла уайымдап жүдегені тақа көрінбейді. Қайта осы ізденісті қалпына шектен аса қуанышты кейпі бар. Айдай ашық көзінде мейірлі от ұшқындары жылт-жылт етеді.

— Ә, жарады, базарларыңыз құтты бола берсін!— деп Нарсипат машинаға беттеді.

Жас директор алдын орап кеткен екен. Күні бүгінге дейін қалай каперіне келмеген? Неге білмеген?

...Осы төңіректегі Тұяқ аулында Қәли деген біреу туыстарына өкпелі болады. Өкпесінің мәні — пішен қамдар кезде шабындықтың шұрайсыздау жеріне ығысып шығып қала берсе керек. Бұлай шетқақпай халде мандытып шөп ала алмасына көзі жеткен әрі қорлықтан ызаланып жүрген Қәли шалғыны лақтырып тастап, көршілі орыс селосына кетіп отырады. Бұрыннан да тамырлас болып жүрсе керек, Мекалай деген әлді шаруамен қосақтасып, егінін жинасып, малын бағысып, соның үйінде жүріп жатады.

Шөп пішенге мая-мая үйіліп, соғым сойылып дегендей, «ішке ел конған» кезде ағайындары қыс түсе, Қәли бауырларын еске алады.

Іздеп келген ағайындары апыр-тұпыр үйге кіргенде, орыс пешінің үстінде тері тонды төсеп жіберіп шалжиып жатқан Қәли басын да көтермепті. Сол жатқан қалпы «ә-ә, келдіңдер ме, сабанды енді бізден сұрарсыңдар!»— депті.

Мына «Октябрь» көршінің жас директоры бір жылдары елеусіз ғана жүрген маман еді. Енді «сабанды бізден сұрарсың» деп тұрғандай...

Нарсипат әлгі бейтаныс әйелдің сөздерінен өзінше сурет түйіп келеді: олар құрылыс алаңының берік корғанышы, қырағы көз сақшысы. Төрт қабырға тегіс көтерілгенше, жас шыбықтан өрбіген әр түрлі ағаштың көк жапырағы желмен тербеліп, тіршілік белгісін бере бастайды. Соларға шелектеп су тасып, үбір-шүбір балалардың арасында ана қаздай қалқи басып байпаңдаған әлгі әйел бара жатады. Жұмыстан келген күйеуі маймай қолын жумастан, алдымен бүкіл семьясы қыбырлап жүрген осы жаққа ұмтылады.

Осындай қызық, қуанышқа өзі басқарған «Тереңкөлдің» жұмысшыларын кенелте алмағанына өкінді Нарсипат.

Токта, неге? Мүлде солай ма? Талай коныс жаңарту тойлары бұларда да өткен. Ырду-дырду думан да болған. Талай үйдің төрінде отырып, талай қойдың басын мүжіген. Бірақ тұтас бітпек түгілі кірпіші жаңа ғана қаланған үйдің жаңағы болашақ иесі шегіп тұрған қуанышындай ұлан-асыр думанды көрмеген.

«Тереңкөлде» де үйлер салынатын. Бірақ олар қашан есігі кілттеніп, терезесі әйнектелгенше кімге берілуге тиіс екенін ешкім білмейтін. Сондықтан да болар, ол үй-

лер маңында қара-құра топ құрап құрылысшылардан басқа ешкім болмайтын. Соларға жауапты адамдардан басқа ол үйлер қашан бітеді, қалай бітпек деп сұраушылар некен-саяқ кездесетін. Кейін Нарсипат басқарған комиссия үй бөліске отыратын. Артынша «үй суып кетті, қабырғасы қақ айрылып кетті, бұрышы опырылып түсті, кірпіштері босап жатыр» деген арыздар қаптай жөнелетін. Ондайда «үйдің жылуы үй иесінен» деп Нарсипат жібек маташа сусыған жылдырмаға басатын.

Ал мына «Октябрьде» тап бұлай реніш білдірушілер табыла қоймас. Өйткені үй иелері өздерінің келешегін бүгін біліп отыр.

«Асықпа, бала, әлі біз де тіресіп байқармыз» деп бір кіжінді Нарсипат. Бірақ солай сес көрсетерліктей шама-мерзімі қалды ма? Соңғы бір жылмен шектеліп тұрған жоқ па? Енді бұлқынғанмен не бітірмек? Бұл түйнек түйін Нарсипаттың ішкі әлемін астан-кестен етті. Кедір-бұдыр, қиқы-шойқы түрен тіліп өткендей.

«Октябрьден» қайтар жолда Нарсипат бірінші бригаданың ақ қайынды қойнауға орналасқан тұрағына соқты. Ақ шаңқан үй, ішінде аппақ күріштей таза төсектер. Механизаторлар жатып дем алса, дойбы ойнап, шахматпен сайысса деп мүмкіндік жасалған. Бұл арада шаң жоламайды, ауасы кәусар. Техника құралдары жырақ жайғасқан. «Ал бұл кімнен кем?» деді бір ойы. Иә, ешкімнен кем емес. Әйтсе де бұл тұраққа жиырма шақты жылдың қарасыны көрініп қалыпты. Енді бақса, үй маңына акациядан басқа ағаш қосылмаған. Онысының өзі де кәрі, бұтақтары ешкі тістелегендей түте-түте: табиғаттың өзі берген ақ балтырлы сылаң қайыңдар демесе, маңында адам қолымен гүл егерлік орын да сайланбаған. Әлгі сидам-сидам акация түптерінде әркім бір лақтырып кеткен темір сынықтары қарауытады. Қоқырсыған қағаз, темекі тұқылдары. Бұл міне, Нарсипат күтпеген жағдай. «Ақбалшықта» да осындай бригада үйі бар. Оның да дәл осындай халде емес екеніне Нарсипат нақты сенім таба алмады. Тіптен көз салмаған. Сыралғы мекеннің сыны кетер күйіне тап болған екен.

Сезім дүниесін бірде шымшылап, бірде тырнап кетіп тұрған ойлармен арпалысқан Нұрсипат осы ағаш қойнаудың ішінде Қабкештің омартасы бар екенін, ол омарта көзге түспес, фляга атты ыдысқа бұққан табыс көзі екендігін есіне түсіреді. Денесі лездс кірпіше жиырылды. Еркінен тыс Қабкешті кабинеттегі жұдырық-

тауы көз алдында елестеп кетті. Қақпанға түскен қасқырша Үкіжанға аузын қисайта қарауы... Бетіне тиген соққы өлімші халге жеткізбесе де, өлердей намыстанған, ызадан жарылардай кескіні... Өлі мен тірінің арасында бүгжиіңкі ме, әлде күжірейіңкі ме... кейіпте шыға жөнелуі.

Киноаппарат бықылдай бастағанда, экрандағы кадрлар үйме-жүйме опыр-топыр, бірінің үстіне бірі жыпырлай құлаған вагондардай ығы-жығы боп кететін. Мына суреттер де Нарсипатқа сондай әсер еткен. Тезірек машинаға мінгенше асықты.

«Тереңкөлді» түгел қоса, «Октябрь», «Өрнек» бар, түкпір-түкпірді аралап өткен Нарсипат енді қай жаққа барсам екен деген сұраққа тірелді. Бір ғажабы — дәл бұлай далғару оның көкейін жайлап, мазаламағалы қашан! Ол кеңседен шығып, қалтадағы машина кілтін шынашаққа ілгенде, не даладан кеңсеге оралғанда, айқын мақсатынан бұлжымайтын. Жүріс-тұрысының бәрі сол мақсаттың сызып берген нұсқасы болатын. Бүгін сол ізінен адасқандай. Беталды лаға беру ретсіз. Ыхия деген шалдан «бет қай жақ?» деп сұраса, «Бет мұрынның екі жағында» дейді екен. Олай, әзілге шаптырып, далақтай беретін адам Нарсипат емес. Күн де еңкеюге айналған. Дағдарғанда бұрылары — өз үйі. Машина солай қарай өз ырқымен бұрыла жөнелгендей, тіпті Нарсипат машинаны емес, машина бір мезгіл Нарсипатты бастап келе жатқандай.

Даланқы жол көтерме жолға жалғасып, көтерме жолдан үйге бұрыларда асфальт жолға ұласқан.

Асфальт дегенде, небәрі бір шақырымға толар-толмас үзік. Орам-орам қара лентаның бір құлаш кесігін осы тұста біреу ұмытып кеткендей. Аты асфальт дегенмен үстінен жеңілі, ауыры бар — әр түрлі маркалы машиналар өте берген соң, беті қожалақ тартқан. Секіртпелі көтерме жоннан гөрі жанға қас қағым сәт тыныс берер қаукары бар. Шаршап-шалдығып жүргенде, бір сәт дамылдауға қарлығаштың қанатымен су сепкендей себі тиетіні және бар. Асфальтқа түскенде, Нарсипат рульді бір қолымен ғана икемдеп, шалқая қырындап отырады. Жылдамдық көрсеткіші жиырма, отыз шақырымның арсында қылтыңдайды да тұрады. Ілбіген, қалғыңқы жылжу.

Бір ретте «орталық қонысқа қала өңін берерліктей нышандар жасаса қайтеді?» деген ойдың ұшығы Нарсипатты мендей жөнелгені бар. Ойлап тапқаны — ас-

фальт. Бірақ барлық көшені өзгертіп шыға келуге қаражат жоғы кемдік етті. Сонда ол «мектепке баратын оқушылар таза жолмен жүріп бару керек» дегенді желеу етті. Сөйтіп, мектеп үйінің алдынан басталған құйма жол қара қошқылданып келіп-келіп, директор үйіне тартатын бұрылымаға жеткенде, кілт жалтарып, көлге қарай бұқпалай жөнелген. Барар жері белгілі. Қазір Нарсипат та машинасын дәл осылай әкеліп үйіне таяу сөндірді.

Абыр-дабырсыз кіріп жатып, ол Зияданың кескін-келбетін зерттей, тінте қарап алды. «Қаңқау жоқ па екен?» деп тіксінгені. Табалдырықтан аттай бере, оны қалтырауық, бойын ысытқан, қысылшаң күй басып, езгілей жөнелген.

— Иә, бәйбіше, тыныштық па?— деді әдеттегіден гөрі жат сұрақпен.

Дауысы тарғылданып тұр.

— Е, тыныштық емей, сонша не болты?— деді Зияда ақжарқын раймен.

Бір мезгіл телевизор көріп, газет ақтарып өткен уақыттың ішінде, басы жастыққа тигенше, Нарсипаттың екі құлағы телефонға елендеумен болды. Зың ете түскен жұмсақ дауысы оның өміріне өзі үшін әбден түсінікті де заңды дүрбелең ала келетіндей. Нарсипат күні бойы осы күдіктен қашқалақтап жүргендей күй кешсе де, тағдырдың жазуынан асып кетпесін түсінгендей. Шырқ айналғанда, қайтып тірелер нүктесі — үйінен безіп ешқайда аспасын білген. Не халге душар болса да, үйінің төрінде тосып алмақ. Оның күн ұзаққа қашқалақтап жүргені де, қазір тосынғаны да — Қабкеш соғар дүбірлі қоңырау, оның қарсы айбаты, кек тұтқан әрекеті.

Өктемсіп, жағын жұдырықпен жаныған Қабкеші енді бұған қара үрей боп жабысқан. Түн баласына Нарсипат кірпік ілмей жатып, Қабкештен туындар әрекеттерді ойша іріктеп, саралауда.

Мәселен... Тұтанғалы тұрған өртке себепкер шырпының алғашқысын Қабкеш Үкіжанға сілтейді. «Қырам, жоям» демес, бірақ сорлы әйелге «ашсам алақанымдасың, жұмсам жұдырығымдасың» деп қорқытып, зәре-құтын алып, берекесін кетірер. Ол аздай Ақмағамбетке сыбырлар. Өрттің қаулар жері осы. Талай жыл отасқан жұп ажырасып тынар ма екен? Үй орманын тастап, екеуі екі жаққа кетер ме екен? Бұл да мүмкін жағдай. Әлде Үкіжан Нарсипаттың бір сәт ол туралы

бұйрық жазам деп тепсінгенін, артынша ашуы басыла келе ол райынан қайтқанын айтып, өрттің бетін әрі бұрып жіберер ме екен? Ондайды місе тұтар Қабкеш пе? Дүние қоңыздығы ұстап кетіп, ауызбастырыққа ақша сұрай ма, алтын заттар қалау ете ме? Бұлай ойысса жарасы жеңіл-ау.

Мәселен... Нарсипат шалжиып үйде жатқанда, ауылды азырқанғандай, Қабкеш аудан жағын айналдырып жүрмесе. «Ашу алды, ақыл соңында», ол да қолынан келер. Мұны естісе, біреу таңданар, біреу тамсанар, әйтеуір алды облыс, арты аудан ішіне дүр сілкінген хабар болары хақ. Абыройы айрандай төгіліп, Нарсипат атына түрлі-түрлі теңеу, баламалар жалғаса кетері анық. Іштерінен тынған қарсыластары дүрілдей жөнелер еді. Бір есептен Қабкеш есеңгірете сілтер соққысын осы биіктен көтерер.

Мәселен... мәселен деп осы тәріздес әр түрлі мысал, мүмкіндіктер түн жамылған қаранғының өзінде Нарсипатқа ап-айқын елестей берді. Осы «мәселендер» қаптап келіп, жан-жағынан орап алғандай. Денесі күйіп-жанды, мандайы тершіді, буын-буынынан әл кеткендей бей-берекет хал кешті. Көзі ілінген жоқ. Аз да болса, жоқ. Аз да болса, мызғып, дамылдап алсам ба деп арпалысса да, таң атқанша бақырайған қалпы шалқалай сұлағаннан айнымай жатты.

11

Үкіжан да құр сүлдері екен. Екі көзі шүңірейіп кеткен. Қабындаған жұрт қабылдау бөлмесін керней бастаған соң, ол-пұл қағаздарын ақтарыстырған боп, жүзін тайдырып әкетті.

Көп ұзамай, сұраусыз,бұраусыз Нарсипаттың кабинетіне Қабкеш теңкіріп жайғасты. Әңгімелерінде пәлендей құпия болмағанмен, бұл арада қатардағы орындаушы мастердің сыналай келіп сығылыса қыстырылуы оғаш әсер еткендей. Бас мамандар жағы директорға көздерін сүзе қарасты да қойды. Директор Қабкешке «сен бала тұр» дегенді айтпаған соң, бір қажеттілігі бар шығарға ойыса салған. Басқа жұрттан бөлектеу бір бұрышқа қарай жантая жайғасқан Қабкеш сол қалпынан міз бақпай, түске дейін отырды. Кіріп-шығып жатқандарда жұмысы жоқ, бір езуге жинап қойған әзәзіл күлкісінен танбайды. Жымырайған қалыптан өзгерер емес.

Нарсипат мұны ескерусіз қалдырып, шаруасы бар жұртпен шұғыл айналысып бара жатса, Қабкеш тамағын кенеп дыбыс береді. Қалт етіп қараған Нарсипатқа екі езуін малжаң-малжаң еткізіп, қылмиып күлгенсиді. Аузын алақанымен қақпақылдап, есінеген түр көрсетеді, Басын ұйпалап, тырнап-тырнап та жібереді. Ара-тұра «ой, алла, ә!» деп қояды. Құрдас біреуі кезіксе, «немене, арқа құрысып, аруақ қысып бара ма?» дер еді. Оның «аруағын» біліп отырған Нарсипат қана.

Қабкештің осылай бүйірлей келіп жайғасуы, күлкісі арылмаған ыржалаң түрі Нарсипаттың берекесін қашырды. «Бұл қу түйе сұрап, бие алатындай тағы бір қоқайын сайлап келген ғой» деп топшылады. Сөйлеген сөз, беріліп жатқан бұйрықтарында бүгін береке шамалы. Алакөңіл күймен жарты күн өтті. Бір-біріне астарлы мәніспен қарасып, бас мамандар тарқасты. Келімдікетімділерден құтылысымен, кеңсе қызметкерлері түскі тамаққа бытырай бастағанда, Нарсипат:

— Ал, құлағым сенде,— деді Қабкешке.

Таңнан бері сонысын күтіп отырғандай, осы сөздер айтылысымен, Қабкеш тісінің қызыл етін көрсете ырсиды. Сонан соң созаландау көтерілді де, асықпай, тұғжың-тұғжың жүріспен есікке беттеді. Екі иығы селкселк етіп, шиқ-шиқ күліп барады. Қайырыла беріп Нарсипатқа қарады, күлкісін тимастан кете барды.

Қабкешті көргеннен бері алып-ұшып, жеңілтек мінез тауып отырған жүрегі өршелене өрекпіп, кеудесінің қуысы әлем тапырық болған Нарсипат өзін қайда қоярға білмей, дегбірден айрылды. Қара терге шомылды. Өмірі көрмеген жағдай. Өз денесін өзі билей алар емес.

Үкіжан да қарайлаумен осы маңды торуылдап, түскі тамаққа кетпей жүрген. Қабкештің қарасы үзіле, ішке кіргенде:

— Әлгі біздің... дәрігерді шақыршы,— деді Нарсипат тістеніп.

«Тереңжал» көлеміндегі білімі жоғары дәрігер жалғыз Әбжапар. Нарсипат ауруға шалдыққалы жік-жапар болып, әбігерленіп, ол үйге күніне бірнеше келеді. Емханаға жатып қаранға үгіттеп көріп еді, Нарсипат көнбеді. «Науқан қызғалы тұрғанда мен қымтанып-шымқанып онда қалай жатпақпын?! Егіс келіп қалды ғой, егіс» деп қасарысып болмады. Жүрегінің түймедей ғана жері шанышқылайтын сияқты. Бірақ сол түйнек «қадалған жерінен қан алып» ыдырамай-ақ қойды. Кешегі ішілген мол арақтан ертеңіне салғыртпанып отырған біреулер

«қайран жүрек, қайран бас» деп қалжыңдайтындары болатын. Ондайда мырс етіп күле салатын Нарсипат жұдырықтай жүректің әуре-сарсаны мол екеніне енді жүгінгендей. Үйден жылжымай Әбжапардың қолынан келген емін сүйеніш етуде. «Көрейін, қайтер екен, бұл жүректің аңысын бағайын» дегені.

Әбжапар бұл учаскелік емханада дәрігерлік қызмет істеуі уақыт мөлшерінен Нарсипаттың «Тереңкөлге» келуімен шамалас. Мамандығы хирургтік. Алғашқы жылдары қолының епсекті жеңілдігімен науқастанып алдына келгендерді аузына қаратқан. Талай адамды өлім шеңгелінен арашалап алған. Бұл күндері одан баска мұнда тұрақтап қалған дәрігер жоқтың қасы. Бірі келіп, бірі кетіп, жиі ауысып жатады. Тек айнымайтын, азбайтын Әбжапар қала береді. Орын баса келе, басқа жаққа кете қояйыншы деген ой баеына келмейді. Жалғыз өзі бесаспап маманның міндетін атқаратын жағдай да жиі кездеседі. Іш ауруын да, тіс ауруын да, бала-шағаның ыңқыл-сыңқылын да, ыңырсыған кемпір-шалды да бір өзі тыңдап, көріп, дәрі-дәрмегін жазып беріп жатады. Лауазымы — бас дәрігер.

Басылар, тыншыр деген жүректің талмаусырауы тиыла қоймаған соң, Зияда, Нарсипатқа сездірмей, қаладан Самалды алғыздырды. Құстай ұшып жеткен қызы есіктен кіре бере:

— Папа, не болды?— деп үрейлене сұрағанда Нарсипат:

— Әзір ештеңе болған жоқ, боладысы ғана,— деп әзілге жеңдіре жауап қатқан.

Әкесінің жүрегін тыңдап, өзінше топшылау жасап үлгерген Самал:

— Папам, сірә, бір нәрсеге оқыс ренжіген ғой. Не біреуге қатты көңілі қалып налыған ба, әлде?— деді шешесіне.

— Қайдам, өзі шешіліп ештеңе айтпайды. Совхозбен кіндігі бір емес пе, осы уақытқа дейін өгізше сүйреп келеді, шаршаған шығар. Қара жанына дамыл жоқ,— деді Зияда.

—Мен Әбжапарға барып ақылдасып келейін. Мүмкін, қалаға апаруға тура келер,— деп Самал үйден шықты.

Қызы саябыр басып бара жатқанда, Зияда оның осы салмақты да ойлы жүрісінен шошып қалғандай әсер алды. «Қызымыз уақыты асқан жуадай қатайып кекселеніп кетпесе жарайды-ау! Уақыт шіркін зымырап өте бер-

мей ме...» деген ой мазалап бір өтті. Самалдың бала кездегі еркелей, ойнақши басатын назды жүрісін сағына қалғандай. Сол жүрісінің бір жұрнағын көрсем бе деп еміненіп, терезеден сыртқа ұзақ қарап тұрды.

«Тереңкөлдің» негізгі қонысынан қағаберіс шет жағында мол кесілгенмен, қолапайсыздау көрініс беріп тұрған үлкен тас үй бар. Ұзыннан ұзақ көсілген бір қабат емхана. Аласа терезелері жер бауырлап жатып алғандай әсер береді. Емхананың маңайын жағалай қоршаған тақтай шарбақтың ол жер, бұл жерінен әркімнің дөрекі қолымен жасалған есік-саңылаулар бар. Жұлып тастауға, омырып жіберуге құштар біреулердің сүйкеніп кеткенде қалдырған «өшпес таңбалары» болса керек. Айнала отырғызылған терек түптері сирек, бұтақтары сынған, селеу-селеу селдір бір көрініс. Ағаштардың өзі жүдеу тартып тұрған секілді. Теректен басқа ағаш түрі көрінбейді. Емхана үйінің сырты бозамық па, сарғылт па — ағартып сылап шығар кезек тимегелі көп жылдар өткен. Салтақ-салтақ көнерген дәптердей.

Самал Әбжапарды осы үйдегі шағын ғана кабинетінен тапты. Бұл кісі қатар кірсе, иық тіресіп сығылыса қалатын аядай қуыс екен.

Жасының үлкендігіне қарамай, Әбжапар Самал көрінгенде, орнынан ұшып тұрды.

— Сәлеметсіз бе?— деп Самал алдымен амандасты.

— Ә-ә, сәлем, сәлем,— деді Әбжапар дегбірленіп,— кеп қалғансыз ба? Жарады, жарады. «Жедел жәрдемге» ұқсап... Иә, иә... Нарекеңнің сырқаттанып қалғаны қиын соғып тұр.

Самал мосқал адамның мұнша күбіжіктеуін жаратпай, өзінің мақсатты жұмысына тура көшті.

— Менің сізден білейін дегенім... Папам бұған дейін денсаулығы кемшін соққанын, әлдебір науқас нышандары барын айтып, көңіл-күйінің хал-ахуалына шағым жасап келген кездері жоқ па еді?

— Яғни, сіздің, Самал қарағым, айтайын дегенің, Нарекеңде науқас адамдарға толтырылатындай есеп-карточка, немесе история болезниі бар ма дейсіз ғой?— деді Әбжапар астыңғы ерні қышып отырғандай былдырлай сөйлеп.

— Сол еді, сол еді,— деді Самал шапшаң қайырып.

— Ал енді Нарекең қыңқ етіп ауырдым дегенін естісем, құлағым керең болсын. Ондай ымшық-шымшықпен келмек түгілі дәрігер атаулының маңынан жүріп көрген емес. Мен осында істей бастағалы да, міне, жиырма

жылдан аса... Сол алғаш осы корпус салынып біткен тойында Нарекең бір болған. Одан бері... атамаңыз... денсаулығы темірдей адам, бізге жолдап қайтсін!..

Әбжапар сөздерінің арасындағы көп нүктелерді Самал аңғарып қалған:

— Ол кісінің бұл маңға айлап-жылдап бір соқпағаны емхананың сыртынан-ақ көрініп тұр екен,— деді әдейі астарлап.

Онысына Әбжапар қылмия күлді.

— Е, Нарекеңдер мемлекет адамы емес пе. Бастан асқан жұмыс. Ана фермадағы үйректің бірінің қауырсыны жұлынса, сол кісіге шапқыласады. Біз сияқты ұсақтүйектерге мұршасы, уақыты келе бере ме. Ол кісі жалғыз, біз көп. Бәрімізге бір Нарекең жете ме...

Бір сәт Самалға Әбжапар өз әкесінің тілімен сөйлеп кеткенге ұқсады. Бұланқұйрыққа салып, көмейі көрініп тұрса да, көлегейлеген кейіп танытады.

— Жарайды,— деп Самал бұл әңгіме арман өрби берсе, Досжановтардың пайдасына шешілмесін ұққан сыңаймен кетуге ыңғайланды.

Әбжапар онымен бірге ере шықты.

— Самал шырағым,— деді ол қатқыл дауыспен,— біз бытпырақтап, өз білгенімізше елдегі жұртты емдеген боп жатамыз. Өзің сияқты жас мамандар құтаймай барады. Сан түрлі ауруға ем-дом қолданатын жалғыз мен. Тым құрығанда қалалы жердің адамы көзімен қарап, біздің не сыйқымыз бар екен, соны айта кетсеңші!

Дәл мұнысы Әбжапардың қулық, жымысқылық араласпаған қоспасыз сөзі екенін Самал түсінді. Палаталарды араламай-ақ, кейбір жайға көзі коридорда тұрып жетіп тұр. Әне бір қуысқа таман шолтиған шымылдық ілінген. Оның әр жағынан ышқырларын көтере, ине сұғылған жамбастарын уқалай науқастар шығып жатыр. Яғни түрлі процедуралар жасалатын арнайы кабинет жоқ. Әбжапардың кабинетіне қарама-қарсы есіктің әр жағында тұмсығы төмен имиген жез түтік көрінеді. «Бұл не екен?» деп ойлағанынша, ала пижамды біреу іліп кеп, әлгі шүмектің бірдеңесін бұрап қап, сілекейше тамшылаған сумен қол шая бастады. Бұл есіктің әр жағында тағы бір жабулы есік көрініп еді, «ол не екен?» дегенше, тағы біреу сол есікті жұдырықтап дүрсілдете бастады. «Бол, ей, тез шық, арқан есіп отырмысың? Менің де ішім гүрілдеп әкетіп барады» деп зар қақсайды. Сұрақты кескінмен Самал Әбжапарға қарап еді:

—Иә, анау шүмек қолжуғышымыздың нобайы. Әжет-

ханамыз ерлер де, әйелдер де кезек пайдаланатын бір бөлме. Жазда өз аяғымен жүретіндер далаға шығып жан сақтайды. Ал... былайша... сол бір қуыспен кезектесіп күн көреді.

— Осы режімде жиырма жыл істеп келе жатсыз, ә?— деп Самалдың көзі бақырайып кетті.

— Енді қалай... кезінде бұндай корпусқа да зар болғанбыз.

— Кезінде... кезінде. Одан бері жиырма жыл өтті. Нешеме өзгерістер басымыздан өтіп жатыр. Сонда осы үйді не қеңейтуге, не жаңартуға мүмкіндік тумағаны ма? Мен міндетті түрде папаммен сөйлесуім керек екен.

Әбжапар Самалға жапсардан сығалағандай қиық көздене бір қарап алды:

— Ойбу, қарағым-ай, сөйлес-сөйлеспе, енді кеш қой,— деді.

— Неге кеш?

Әбжапар сығырая қараған қалпы қипақ-қипақ етті де, Самалды кабинетіне қарай икемдеп қайта кіргізді. Екеуі де еніп болдық-ау дегенде, есікті нығарлай қайта жапты.

— Карағым, мен айтты деме, емханаға деген кірпіштер көше аралап кеткен,— деді сонан соң ғана.

— Көше аралағаны қалай?

— Енді... былай... Нарекеңнің көңіл жықпас, іш тартар, жақын келер, тонның ішкі бауындай деген адамдары бар. Соларға арнайы үйлер салынған, салынып та жатыр.

— Сонда... қалай деуге болады?

— Олар совхозға әрі көбіне-көп Нарекеңе еңбегі сіңген адамдар. Қызмет жолын Нарекеңмен бірге бастағандар. Нарекең өзім пенсияға шыққанша бәріне современный үй салып беремін депті деген де сөз бар.

— Е, олардың өз үйлері бар емес пе?

— Өз үйінің аты өз үйі емес пе. Совхоз күшімен салынған үйге түсіп алған соң, өз үйін ретін тауып сатады. Мәселен, главбухтың семьясында небәрі үш бас. Ал Нарекең айтуымен совхоздан алған үйі алты бөлме. Сарайының өзін жаңжұты заманда тұрғын үй етуге жарарлық.

— Сонда осының бәрін көре-біле тұрып, сіз не істіріп жүрсіз?

— Ойбай-ау, Нарекеңе қарсы шығу арыстанға қарсы шілтікей шырпымен айбат шегіп ұмтылғанмен бірдей емес пе. Ол кісі мемлекет адамы.

— Ендеше сіз аузыңыздан тастамай тұрған Нарекеңнің қызына қалай батылыңыз барып бәрін айтып тұрсыз?

— Ойбай-ау, мен айтты деп айтпа деп ескерткем жоқ па жаңа ғана. Бір үйден бір үйге өсек таситын ауыл әйелі емессіз ғой деп... Оқыған, қалалы жердің адамысыз. Оның үстіне ендігі қалған бір жылында Нарекең неше кісіні қиратпақ.

Одан әрісін тыңдағысы келмеген Самал далаға кеткенше асығып, есеңгірегендей сенделіп шықты. «Қарағым, әйтеуір менен естідім дей көрме» деп Әбжапар соңынан ере түсіп, кейін кетті.

Ту сыртында қалып бара жатқан емхана Самалдың еңсесін тас-масымен жерге жаншып бара жатқандай. «Мен осында жұмысқа қалуым керек, сөйтіп жаңа корпус үшін әкеммен майдан ашу керек» деген бір шешім мендеп келеді. «Иә, иә, мен мұндағы терапевтік міндетті өз мойныма алуым керек»,— деп өзін-өзі нығыздай түседі.

«Тереңкөлді» аудан орталығымен қатыстыратын қиыршық белдеу жол осы тұстан өтеді. Күре тамырша білеуленіп, бадырайып жататын осы жолмен сумандай зымырап бара жатқан сары «Жигули» өтіп барып қалт тоқтады да, дереу кейін шегініп, Самал биікке көтерілген тұсқа тастай қата қалды. Сәли екен. Оны көзі шалғанда, Самал ен судың ортасында қалт-қалт еткен сеңнің үстінде тұрғандай, табанының бүрі тайған қалтырақ бір халге түсті. Ілгері аттай берем дегенде осы кезектен қапталдаса зымырған бір машинаға килігіп кете жаздады. Одан ығысып кейін шегіне бергенде, темірлері шайнасып қалғандай шақыр-шұқыр етіп, тағы бір машина сырғанаған қалпы жортақтап кеп тоқтады. Қатты екпінмен көле жатып, тістене тоқтағаннан доңғалақтар жол бетіне жап-жалтыр із тастаған. Өткір пышақпен шикі нанды жонып түскен сияқты.

— Шырағым-ау, көзің бар ма, жоқ па өзі!— деп бейтаныс шофер кіжіне тіл қатты да, машинасын қайта қозғады.

Қабинасының есігін қатты ашумен сарт еткізгенде, қатты аяз күні мұз жарылғандай естілді.

Заматта «Жигулиінен» атып шыққан Сәли:

— Самал, Самалым менің, неғып дағдарып тұрсың!— деп тұра жүгірді.

Дөң жолдың ортасынан шетке қарай әкелді.

Сәлиге ойда жоқта кездесуі, көптен жүздеспеген са-

ғынышы, кеудеге қара бұлт боп ұялаған реніш — бәрі түйіліп, тоғысып келіп, Самалдың көңіл әлемін ағыл-тегіл, астан-кестен қопарып барады. Осыншама батпан зілден арылайыншы дегендей, Сәлидің мойнынан тас қып құшақтап егіле жылап жіберді. Оның толқынысын іштей ұғынып тұрған Сәли үнсіз аймалай береді. Тек бетімен Самалдың шашын қайта-қайта үйкелейді. Қалай тез төгіліп жыласа, солай тез басылған Самал:

— Мені енді қасыңнан қусаң да кетіре алмайсың!— деді.

Сәли үнсіз жымиды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні дәл бүгін көтерме жолдың қырқа жонында табылғандай. Биікте тұрған адамға дауыл, жел үйірсек келе ме, шаштары желбір-желбір етеді.

12

Әлгі әзірде ғана өңі қуарып, жүдеп шыққан Самал үйге Сәлиді ертіп оралғанда, Зияда сырттай сабырлы қалпын сақтап, сыр бермегенмен, іштей шүкіршілік етті. Самалдың жүзінде бал-бұл жанған лепірме қуаныш табы құлпырады. Қанша ұстамдырақ көрінейін дегенмен, онысы қолынан келе алмай тұрған жайы бар. Шешесіне жалтақ-жұлтақ қарайды.

Сәлидің көтеріңкі дауыспен:

— Сәлеметсіз бе, шеше?— дегенін Зияда жақсы ырымға балады.

«Иә, сөйтіп шеше деді, жарқыным. Самалыммен бірге мама дейтін күнің де туар ма екен?!»— деді өзіне-өзі. Самалға қарап:

— Немене, қызым, папаңның емін тауып келдің бе?— деді.

— Таптым, мама, тапқанда қандай! Папамды бұдан былай өзім емдеймін,— деп Самал да ойнақы жауап қатты.

Ауызғы үй жақта дабырласқандарға Нарсипат келді. Сәлиді көрсе, қуалап жүрген қарсыласы келгендей арс ете түссе, Нарсипат болмай кетер еді. «Үйге келгенде, үйдей өкпенді айтпа» деген қағидаға жүгіне, ұстамдылық көрсетуді қапы өткізбейді ол. Жымия күліп тұрған Сәлиге көзі түсіп:

— Оу, үйге қонақ келгенін неге жасырып тұрсыңдар?— деп тіпті дауысын құбылта, лепірте сөйледі.

Екі қолын төрт ете алмай, бір күнін екі ете алмай, мұрынынан шаншылып жүретін жұмыс қарқынынан қол

үзіп, үй тұтқыны есебінде төрт қабырғаға қамалудан мезі бола бастаған Нарсипат Сәли болса да әйтеуір бір-еудің келгеніне шын қуанды. «Бері шық, бері шық» деп залға бастап әкетті.

— Ал, аулында не жаңалық бар?— деді бірден.

— Жаңалық сол,— деп қулана күлді. Сәли.—Мұнарға армияда жүрген төрт жігіттен төрт хат келді. Сөз саптаулары жаман...

— Иә, ол несі?— деп Нарсипат қабағын қырыстырды.

— Мұнардың басынан өткен хикаяны естіген ғой. Күзге қарай біз де елге ораламыз, біз де отау салуға бұзып алатын ескі үйлер бар ма екен депті.

— Ә, шынымен солай деп пе?— деп Нарсипат әуелі қырыстанған қабағын жазды, онан соң көзінде от ойнай бастады,.— Әй, қу балалар-ай!..

— Бір сөз қоссам бұйыртпасын!— деді Сәли.

Сол сөздерді күтіп отырғандай, Нарсипат екі иығын селкілдетіп күліп жіберді. Лекілдете, лепірте күлді. Небір күлдіргі анекдоттар тыңдағанда, езу тартып қана отыратын мінезді былай жинап қойған. Зияда мен Самал төр үйге қатарласа кіріп аң-таң.

— Е, емшісі мыннан табылыпты ғой,— деді Зияда,— бірнеше күн Күлмесханның кебін киіп, зәремізді ұшырып едің.

Нарсипат күлкісін тыйып, Сәли жеткізген сөзді қайталап шықты. Әңгімені Самал өзінше бұрды:

— Ал, маған, папа, ескі үйлерден құрамай-сұрамай, шыт жана үй салып бересіз.

— Е, сенің үйің қалада емес пе? Ыстық суы, салқын суы, ваннасы...

— Маған басқа үй керек.

— Иә, бұл бір жұмбақ болды ғой.

— Жұмбағы сол, мен осында қаламын. Маған жаңадан емхана тұрғызып бересің. Қандай жобада екенін өзім сызып беремін.

Нарсипат «түк түсінсем бұйырмасын» деген кейіппен Зиядаға қарады, Зияда Сәлиге қарады. Бар құпия осы жүдеу бас жігітке тіреліп тұрғандай.

— Сонда?— деп Нарсипат сарсозаңдау сұрағын сүйрете салды.

— Еш соңдасы жоқ, папа,— деді Самал,— сен мені қанша қалаға сүйрегенмен, дала өзіне тарта береді. Мені «Теренкөл» учаскелік емханасының терапевті деп есептей бер.

Сәли бұл әңгімеге араласқан жоқ. Самал екеуі мұнда бірге келместен бұрын ол Самалдың табан астынан туғандай шешіміне қанған. Өз махаббатының алданбағанына асыр салып, шапқылап кетердей-ақ қуанған. Самалдың алған бетінен қайтпасына ол нық сенімді.

Нарсипат бұл күрт бетбұрыстың әлі де алмағы мен салмағы бар болар, жеңіл ақыл иесі деуге қимаса да, Самал балалық жасап тұрған болар деп мөлшерлеп, «кейін, семья боп отырып шешерміз» дегендей, сөз жүйесін салқын, салғырт дауыспен шаруашылық, болашақ егіс науқанына қарай меңзеп әкетті. Сәли оның дімкестігін ескерді ме әлде әнеугідей тиянақты әңгімелерге зауқы соқпады ма, әр нәрсенің басын бір шалып, немқұрайды ғана «ие, ие» деп қана отырды. Көп найқалмай, қоштасып жүріп кетті.

Сәли кетісімен, Нарсипат жаңа ғана Самал айтқан өзгерістің ұшығына қайта жармасты. «Шының ба, ойының ба?» дегендей тергеуге алды. Бірақ қызының сөзі берік екен. Осы тараптан Нарсипат қыңырая тартса қайырылмайтын өз мінезі алдынан шыққандай көрді. Олай айтып, бұлай айтып, сан талай келтірген дәлелдеріне де көндіре алмады. Ақыры өзі көнді. Қесімді дәлел Самалдың өз аузымен айтылды:

— Папа, өзгелердің балаларын қоярда-қоймай жабысып, далаға қал деп үгіттеп жатасың. Ал өз балаңды үркітіп шығарғандай, даладан бездіріп, қала жаққа тыққыштай бересің. Осының қалай?— деді.

Нарсипат айтар ештеңе қалмағандай. Ендігісі осы жағдайды реттестіріп, жағдайластыру еді. Телефон төңірегінен тапжылмай отырып, алдын ала ауданмен, іле облыспен келісілді. Самалдың қызмет ауыстыруының қағазбен реттелетін ресми жағын Нарсипат тәуір болса, кейін тәртіпке келтірерміз дегенге тоқтасты.

— Солай, қызым,— деді Нарсипат,— кеше ғана қалалық едің, бүгін міне, далалық боп шыға келдің. «Бәрі таздың салдары» демекші, бәрін бүлдірген мен. Шатысып қайдан ауыра қалғанымды! Мен ауырмасам ғой, сен дәл бүгіндері келмес те едің, біздің аурухананың маңынан да жүрмес едің...

— Бүгін болмаса, ертең, бәрібір осылай болар еді,— деді Самал.

— Ә, сонда айларың да бар ма өзі? — деп Нарсипат Зиядаға қарады.

Зияда Самалға қарады. Бірақ қызы бұл туралы шешіліп, мәселенің басын ашпаған соң, кимелегісі келмеді.

«Сәтіне қарай ойысып тұр ғой. Бұған да оралып соғар күн туар»,— деді ішкі түйсігі. Нарсипат та ежіктеп, тергемеді.

Самалдың әр түрлі дәрі-дәрмек бере жүріп, әкесіне айтары:

— Сіз көңіл-күйіңізді орнықтырмасаңыз, жүрегіңіз әлсін-әлсін мазалай беруі үйреншікті боп кетеді.

Ал Нарсипаттың білері — ауруының бас себепкері — Қабкеш. Оны ойынан аластаса, денесі әжептәуір жеңілейіп қалатынды шығарған. Қабкеш санасына енсе болды — қара бұлт қаптай жөнеледі. Қабкеш мұны көзге көрінбес тұзаққа матап қойғанын, сол тұзақты біресе бері қойып, біресе әрі тартып алдарқатып, өмір бойы азаптап өтуге бел байлағанына мойынұсынған сияқты. Тілсіз жауға айналған. Бұрқ-сарқ етіп, шаңды аспанға шығаратын астан-кестеңнен гөрі шыжымдаған бұқпантай айла есін кетіріп, еркін тежей беретіндей. Ендеше жүрек ауруы оған өмірбақи жабысқан тарту іспетті.

Осы түйткіл түрткілеп, Нарсипат бой сергітерге далаға бет алды. Оңаша ой орманын кезіп жүргенде, қасына Мақпыр келді. Денесі мол болғанмен, жүрісі мысықша епті, бипаз.

— Оу, Нареке, бұ немене... Үйге тығылып алып, күн бетіне көрінуді қойып барасыз,— деп өзімсіреп өзеурейді.

— Қәріліктің белгісі шығар, Мақасы. Қайбір ырыс дейсің.

— Қойыңыз, қойыңыз, Нарекем. Әлдеқалай бір шаншу қадала қалды екен де... Соны да сөз деп... Жүріңіз, біздің үйге барып бой сергітейік... Нұрикамал арнайы қонақасы қамдап еді. Бөтен ешкім жоқ, узкий круг өзіміз ғана,— деп Мақпыр кимелеп барады.

Өзіне шын берілген адамға санайтын Мақпырдың сөзін аяқасты етуді Нарсипат лайық санамады. Оның үстіне қирата жығып, тұралатқан ауру емес, ел бетін көрмей, бұғып жатып аларға жойқын себеп жоқ. Самал да көңілінді орнықтыр, бойынды сергіт деп жатыр. «Көңілді көтермесе кір басады» дегенді де ескеріп, біршама желпініп, жүк жеңілдеткенді жөн көрді. Жұрттан жырылып шыққан арамдай ұлы дүбірден жырақ күн кешу еңсені басып, езгілей түсетінін біліп жүр. Бойды меңдеген зілден арылуды бар болмысы қалап тұр.

— Әйелсіз соқа басым тарта жөнелгенім мәдениетсіздік боп жүрмес пе екен?— деді тек қана.

— Ойбай-ау, Зекең үйде емес пе?— деді Мақпыр.

— Зекен үйде. Сен менің өзімді ғана қалау етіп тұр ма дегенім ғой.

— Жоға, сізді Зекеңнен бөліп-жарып, мені жын қағып кетті дейсіз бе... Біз аяндай берейік. Іргеміз тиіп тұрған жоқ па. Нұрикамал Зекене өзі жүгіріп барып келер. Сіз алған бағытыңыздан қайтпаңыз. Кері қайтқан ырымға жаман дейді ғой.

Үй арасында үй жоқ Мақпырдікіне қарай екеуі аяңдап келеді.

— Дәрігерлердің спирт атаулыдан тамшы татпа деген режімін бұзамыз-ау, ә,— деп Нарсипат күлді.

— Ойбай-ау, Нареке-ау, сізге қолданып жатқан дәрілердің өзінде бір мысқал болса да спирт қоспасы бар емес пе. Дәрілердің өзі спиртке қайнап шыққан деседі ғой. Оның жанында бальзам мен коньяк жанға шипа сусын емес пе,— деп Мақпыр әндете сөйлеп келеді.

Сиша да мұнша келе жүре, Нарсипат Мақпыр үйін жаңа көргендей. Биік тақтай қоршаудан үйдің шатыры ғана қалқаяды. Айнала қоршау түгел сырланған. Төңірегі тегіс асфальт. Аулаға кіргенде, киіз үй іспеттес дөңгелек бірдеңе назарына ілікті. Бұрын жоқ еді.

— Мынауың бір жаңалық екен?— деді Нарсипат.

— Ә, жай әншейін... Жаздың ыстығында тыныстап, қымыз ішерге деген бөлмесымақ қой.

Қора да сырланған, дәретхана да сырлы. Әр жағы жеміс, жидекке арналған қоршау.

— Қане, Нұрикамал жеміс өсіруге шебер шығар, агрономиялық көзбен дайындығын байқайық,— деп Нарсипат тауық секіріп түспеске біркелкі биік тақтайдан аспандата құрастырылған орынға таяп келді.

Жеміс өніп, өсер бөлек жайды тамашалап тұрғанмен, сол қоршаудың тасасында тау боп үйілген бөренелерге Нарсипат оғаш көз тікті.

— Мұншама отынмен көшпексің бе?— деді.

— Ә, бұл әншейін не ғой... отын емес.

— Енді?

— Мына сіздің зәулім үйіңіздің қасында біздің төрт бөлмелі жер кепеміз қораштау көрінеді де тұрады. Сіздің сәніңізді бұзбайын деп келешек мол пішілген бір особняк тұрғызсам ба деп едім. Біз де жасарып келе жатқамыз жоқ. Пенсия деген шекара бар. Соны аттап өткен соңғы күнкөрісті осы бастан ойластырып қоймаса...

«Менімен теңелетін сен қайдан келдің?» деп қала

жаздап, әрең тежелген Нарсипат бұл әңгіменің басқа қырын қопара бастады.

Сонда мұншама түзік, біркелкі бөренелерді қайдан сұрыптап әкелгенсің?— деді.

— Енді қалай... өзіміз стройматериалдарға барып жүреміз ғой.

Нарсипат ұмыт боп кеткен бір ісін есіне жаңа түсіргендей. Құрылысқа қажетті ағаштарға, шынында, осы Мақпыр үнемі жаланып, сұранып тұратын. Орынбасарлық міндетіне де сабақтас. Бірнеше машинаға артынып-тартынып оралған күндерінде екі ағаш, үш ағаш ауласына түсіріп жататынын ара-тұра көзі шалғаны барды. Қора жайын бүтіндеп, жаңартуға, не отын-тамызық етуге қажет ететін шығар дейтін. Бірен-саран шырпы-шөпшекке мән беріп шұқшимайтын. Алыс сапарларға барып жүрген, барған жерінен калғанын әкеліп жүрген орынбасарының іскерлігіне риза көңілмен. онысын ұсақ-түйек санап кешіре салатын.

Енді қарап тұрса, мына бөренелерден санталай бөлмелі кең сарай тұрғызуға мүмкіндік бар.

— Сөйтіп, ебін тапқан екі асардың керін келтіріп тұрмын де...

— Енді қалай... Күнкөріс... Қәрілікке дайындық дегендей. Кім еді әлгі... бір ақын айтыпты деседі ғой «алыстан кедейліктің алдынан шық, төбесі көрінген соң қиын болады» деп. Сол айтпақшы...

Мақпыр Нарсипатты өзімсініп, қырындысына дейін жасырмай тұр. Оның алаңсыз ашықтығы денесін кірпіше жиырылтып, Нарсипат кілт бұрылып, кейін жүре берді. Қақ төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей. Соңынан ілесе жүгіріп, ырсылдаған Мақпыр.

— Нареке, дәм, дәм аттамаңыз!— деп қатарласа еріп келеді.

Нарсипат кілт тоқтап қарсы қарап тұра қалды. Мақпыр да тоқтаған жерінде қатып қалғандай. Жақын келуге каймыққан кескінмен қалтиып тұр.

— Бірдеме көрейін демесең кет әрі!— деді Нарсипат.

Өмірі істемегенін істеп, тісін шықырлатты. Көзі қанталап барады.

Үйге келе телефоннан телефонды, рацияларды түгендеп отырып, уақытша директорлық міндетті атқарып жүрген Ойратты тауып алды. Мақпыр үйінің маңындағы бөренелерді дереу құрылыс бөліміне тасыттырып алу-

ды қатаң тапсырды. Даусы зіркілдіп кеткенін аңғарған жоқ:

— Бұл бөренелерді Ақбалшық мектебінің оқушыларынан құралмақ құрылыс звеносына тапсырт! Сәлиге айт, звеносының тізімін бізге көрсетсін. Балаларға баскөз болатын мұғалімдерін белгілесін. Совхоз құрылысшыларынан наставник қарастырсын. Мүмкін, Мұнар жарап қалар. Олар негізін қалайтын объектісінің планировкасын кейін басымыз қосылған соң ақылдасып шешерміз,— деді.

Неге екені белгісіз, коньяк пен бальзам ішкеннен гөрі осы телефон арқылы берген нұсқауынан денесі жеңілейіп кеткендей. Ауруының жарым-жартысын өз аузынан шыққан осы сөздер сылып түсіргендей.

Сол сәтінде: «Мақпырға сөйттің, сонда екі басқа сегіз бөлме өз үйінді қайтпексің?» деді бүйірден Белгісіз біреу.

«Біз енді самал бар, үшеуміз ғой»,— деп тайталаса кетті Нарсипат сол Белгісізбен.

«Самал... дегенмен... ертең бе, бүрсігүні ме, өз тенін тауып кетпей ме?— деді Белгісіз.

«Иә, ондайы да бар»,— деп Белгісізбен келісті Нарсипат.

«Сонда?»— деді Белгісіз.

«Сонданы жата-жастана көре жатармыз»— деп Нарсипат Белгісізбен тайталастан тайып кетті.

Бүйірден қойылған сұрақ жауапсыз қалды.

13

Аурудың да шегі бар. Айрықша айықпағанмен, Нарсипат жұмысын атқара берерлік дәрежеге көтерілген. Кеңсеге беттеп бара жатып, бойына сіңген дағдымен «Тереңкөл» жаққа көз салып еді, ұлан байтақ айдын бетінде моторлы жалғыз қайық суды тілгілеп жосылтып жүр. Үміт оты жылт ете түсті. Нарсипат емпеленде жағаға жетті. Арғы шетке қарай алыстап кеткен қайық бері айналғанша тосты. Жағада қалтиып тұрған мұны аңдағаны ма, әлде бағыты осы жақ па — қайықшы бетін бері бұрды. Жақын келгенде байқағаны — қайықшы деп тұрғаны Таңжарық екен.

— Иә, таң атпай, бұл не серуен?— деді Нарсипат.

— Мен табиғатты қорғау жөніндегі аудандық инспекцияның бір мүшесімін ғой. Сондағылар кеше көлдің

жалпы жағдайын, терендігін сипаттап бер деп тапсырып еді. Ертерек қимылдап жүргенім сол.

— Иә, сонда?

—Сондасы сол, көл мүлде тайыздап кеткен. Бұрын он метрге барар жері қазір үш-төрт метрдей ғана тереңдікте.

— Өзінде тіршілік белгі бар ма?

Таңжарық бір түрлі түршігіп кетті. Өз денесін өзі сілкіп-сілкіп жіберді.

— Ой, құрсын, өлі денені таптап жүргендей болады екен. Осыншама ен судың ішінен қыбыр еткен бір шабақ кездеспеген деген... сұмдық... сұмдық.

— Тіпті бір шабақ та жоқ па?— деді Нарсипат жас баланың сұрағын беріп тұрғанын қаперіне де алмай.

Таңжарық ыығын қиқаң еткізді.

Нарсипат биік жарға қарай өрмелеп бара жатып, кері оралды.

— Сонда ол инспекция не істемекші?

— Көлді жандандырар қамына кірісеміз дей ме, немене.

Бұрынғы дағдысына басса, «менсіз, менімен ақылдаспай, немене кимелеп жатқандарың!» деп қиғылықты салар еді. Бұл жолы Нарсипат аудандық инспекцияның өзін орай өткеніне тулап түсерлік мінез танытпады.

Көп ұзамай, оны Таңжарық қуып жетті.

— Нареке, бойыңыз қалай?— деді.

Әлгінде ғана «сойталдай жігіт көңіл сұрауды да білмейді» деп өкпелеп, кіділеніп келе жатқаны бар-ды. Осы ойынан шыққанына шын ниетімен қуанып кетті.

— Бірқыдыру жақсарғандай,— деді.

Осы бір «бойыңыз қалай?» деген екі сөзде жалған дүниенің жартысындай жылылық бар екен. «Таңжарық сияқты жас жігіттер әнеугіден бері кезектесіп келіп, «бойыңыз қалай?» дей берсе, баяғыда-ақ тәуір болып кетер ме екем?» деп те ойлады. Өкінішке қарай, көңіл сұрап келгендер опыр-топыр бола қойған жоқ-ты.

Самал әкесіне ендігі қалған ғұмырында көбірек жаяу жүргенді қайта-қайта тапсырып, құлағына құюда. Соған бағынғаны да шығар, Нарсипат кеңсеге дейін талай жылдан бері тұңғыш рет жаяу тартты. Бір аттам жерге машина айдап үйреніп қалған адамға бұлай жүру тосырқау сезімін құяды екен. Өз өзінен қуыстанып, қолайсызданып келеді. Бірденесін ұмытқандай, екі қолымен екі жанын сипалақтана береді. Ол ұстайтын руль, жылдамдыққа қосар тетікті кәдімгідей іздеп келеді. «Қызық ек-

ен, өмірі машинаға жабысып қалғандай» деп өзін-өзі мысқылдап қояды.

Таңжарық мотоцикліне отырып, зырғи жөнелген. «Мен құсап қартайғанда, ол да осылай жаяу жүріске қайта үйренуге мәжбүр болар ма екен?» деп ойлады Нарсипат.

Машинамен кеңсеге дейін санаулы минутта-ақ зу етіп өте шығатын Нарсипат бүгін жаяу жүрістің бір артықшылығына көз жеткізгендей. Біреулермен өзі амандасып, біреулер өзі жақындап келіп амандасады. Қолдасады, бас изеседі. Бір-біріне көз салысады, хал сұрасады. Тіпті жол-жөнекей кейбір шаруашылық мәселелерінің де басы қайырылып жатыр.

Қабинетінде жаяу жүрістің салдарынан Нарсипат әдеттегісінен гөрі кешігіңкі келіп жайғасты. Келген бетте ол телефонды столының үстіне қондырды. Трубкасын құлағына тосып, ыңылдаған дауысын тыңдап біраз отырды. Аппарат бетіндегі дөңгелектің бір санын қозғап қалса, ыңылдаған дауыс сырт үзіледі де, қажетті адаммен жалғаса жөнеледі. Соңғы күндері Нарсипат жұмыс бабымен сөйлеспей, іркіліп, араға әжептәуір үзіліс түсіп кеткен қажетті адамдары, әрине, баршылық. Солардың көпшілігіне айтар мұңын, сырын ол «әттеген-ай!» деген бір сөзбен бастар еді. Осы әттеген-айда» өтіп бара жатқан ғұмырдың, пенсияға дейінгі бір жылмен шектеліп қалған аз ғана мүмкіндіктердің өкініші жатар еді. Дегенмен «әлі табандатқан бір жыл бар, ол бір жылда табандатқан он екі ай бар» деген де медеу жатыр бір бүйірінде.

Нарсипат трубканы орнына қондырып, тартпадан қарны қампиғанымен, бүйірі шығыңқы сары папканы алдына қойды. Бұл папка ескі танысы, онда үй туралы толған арыз. Әр арыз толы тілек, өкпе, нала, талап, сұрақ. «Бұл біразға дейін азық болар жүк-ау!»— деді Нарсипат ішінен. Соңғы жылына, не де болса осы «азықты» біраз айналдырып көрмек.

Көп ұзамай, бас мамандар бас қосқан таңғы мәжіліс басталып та кетті..

ҚАЙРАҚ

1

Парасатты парторг,
Совет Одағының Батыры
Ысқақ Ыбыраевқа ескерткіш.

Совхоздың бесенеден белгілі бес бастығы орталықтан бес шақырым жердегі екінші бөлімшенің мал фермасына бес машинамен сау ете қалды. Бұлар — директор, партия ұйымының секретары, жұмысшылар комитетінің председателі, бас зоотехник пен бас агроном. Мақсаттары — малшы, сауыншы қауыммен қытымыр қыс жетіп келмей тұрып, алдын ала сұхбаттасып алу.

Ақ самайлы парторг Бектас мұндай ақтүсті жиналыс-сымақтардың неше түрлісін басынан өткізіп келеді. Бүгінгі үрдіс шабыстың да астары әйтеуір парыз атқару іспетті. Қазақтың «алдынан өту» тәріздi жылдырма сыпайылығының бір түріне ұқсайды. Немесе күн сайын ерттеулі атты есік алдына қаңтарып қойып, оның үстіне бір мініп, бір түсетін әуре-шікірә әуейілікпен де астасып жатады. Бектас осының бәрін біле, сезе тұра, жұмысшы қауыммен араласып қайтатын мүмкіндіктің бірін қалт жібермей, пайдаланып қалуға тырысып отырады.

Жиналысшылар «қызыл мүйіс» деп аталатын бөлмеде бас қосқан. Отырғыш жетпеген біразы түрегеліп тұр. Төрағасылық орынды ұсыну — сайлаусыз-ақ орталықтан келген бес бастық иемденген. Бөлімше басқарушысы мен мамандары қонақжай үй иесінің салтымен төменшіктеп, жұмысшылар арасында, тек ілгерірек тұстан көзге түседі.

Бос сөз, көбікауыз жиналыстардан да Бектас ағыннан шабақ аңдыған қармақшыдай әлдебір ой, әлдебір түйін іліктіріп қайтуға дағдыланған. Жіті көз, өткір сезіммен көп жағдайды аңдастыруда.

Мана бұлар қатар-қатар машиналардан бір-бірлеп түсіп жатқанда, біреу:

— Бензиннің шығыны көп, бензиннің шығыны көп деп зар қақсайды, өздерінің басы бір машинаға сыймайтындай, бөлек-бөлек жүрістерін қараш!— деп жатты.

Теріс деп көр! Директор бес кісілік «УАЗ-бен», парторг жұрт «пирожковое» деп атап кеткен фургон «Москвичпен», жұмысшылар комитетінің председателі микроавтобуспен, бас агроном мен бас зоотехник сегізсегізден он алты кісі сиярлық екі жеңіл машинамен келді-ау. Соқырға таяқ ұстатқандай, жоғары математикасыз-ақ дәлелденіп тұрған көрініс.

— Е, сен қызықсың-ау, бастары қосылып бір жүрсе, бір-бірінен қымсынып, қонақасыда еселерінен қағылады ғой,— деді тағы бірі сылқ-сылқ күліп.

Қекесінді, зәрлі сылқыл. Расында, бұлардың келген уақыты кеңседегі жұмыстың аяқталар, мұнда кешкі сауын басталар шақ. Сөзбұйда соңғы нүктесіне жеткенше күн де әжептәуір кешкейеді. Орталықтан келген басшылар үшін осымен жұмыс уақыты аяқталды деген кеңшілік туады. Сонан соң дененің азын-аулақ құрыс-тырысын жазу күнә емес сияқты. «Етке бергісіз шай» бастықтарға әр үйден табылып жатады.

Ара-тұра Бектастың жергілікті партия ұйымының іс қағаздарын қарап, айналшықтап қалатыны бар. Оған да бір қуыс үйден «сүті қою шай» табылады. Қарамай кетсе, үй иесінің көңілі жығылып қала ма деп, кішіпейіл қабақ көрсетіп жатқаны.

Алайда мына бір жай Бектасты ерекше елең еткізді. Жиналыс біраз қарқындап, орталаған шақта ысылдаппысылдап жетіп тоқтаған машина дыбысы естілген.

— Е, жарады, былтырғы қыстан бері келмеген автодүкен арсы-күрсі боп жетті-ау әйтеуір. Екі иығынан дем алып тұр тіпті. Қатты асыққан екен. Қолбасаға сықайып тоятын болдық,— деді бір дауыс.

Директор осылай қарай аттанарда телефонмен кооперация бастығына «жібер де жібер» деп дігерлеп жатқан. Бұл келіс, әрине, соның айғағы.

— Әй, қарай салшы, автодүкенмен комсорг кеп қалған жоқ па екен?— деп мысқылдады жас дауыс.

— Өзі жоқ, шофердан фотопортретін беріп жіберіпті,— деп қағытты келесісі.

Екеуі де Бектас жаққа ұрлана көз тастап қояды. Олар өздерінше жасырынбақ ойнағансиды, бірақ онысы ақ, жіппен көктегендей көрініп тұр.

«Рас-ау,— деп санын соқты сонда Бектас,— комсо-

молды мен назардан тыс қалдырып жүрмін бе, қалай?!»

Үйге қайтып келе жатқанда, осы естіген үзік-үзік қақпақыл сөздерді қайта-қайта есіне алды. Жанай айтылған сын сөздер. Шымшып қана айтылған шын сөздер.

Лепіртіп келе жатқан «пирожковое» кенет жүрісін баяулатты. Баяулап барып-барып, мүлде тоқтады. Бектас естелік атты көлдарияға шомып кеткен-ді..,

2

Алпыс бірінші жылдың август айы еді.

Бектас Алматыдан ҚазПИ-дің тіл, әдебиет факультетін тәмамдап, жоғары білімді мұғалімдік дипломмен оралған.

Бұл жылға дейін бүкіл әлемді дүбірлеткен тың және тыңайған жерлерді игеру ісі абыройлы аяқталып, Қазақстан тұңғыш миллиард пұт астықты Отан қоймасына құйып та қойған. Алғашқы жер серігі «пип-пип» етіп, өз соңынан ғарышқа қарай шақырғандай, самғап кеткен. Космос ғасыры деген атаудың бас әріптерін құпия түнекке жарқырата алып ұшқандай әйгілі сапарына Гагарин барып келген. Осынша ұлы істердің бәрі Бектас оқу қуып, білім іздеп жүргенде басталып, аяқталып үлгеріп, бұл енді қарапайым, қарабайыр, күнбекүнгі түйтің-түйтің күнкөрістің ғана иесі секілді. Дегенмен Бектас ұстаздық қызметтің де бұған сары майдай сақтаулы небір дүбірлі сәттері бар деп сенеді. Сентябрьдің алғашқы қоңырауын асыға күтіп, мұғалімдік қызметін құлшына бастамақ.

Көңілде көктем күмбірлеп, кеудеге нан піскендей масаң, масайраумен жүрген күндердің бірінде осы «Өркен» совхозының парторгы Есмақ мұны әдейілеп іздеп келді. Келе сала, орағытпа тұспал сөзбұйданы алға тартпай-ақ, ойындағы шаруасына бүкпесіз тура кірісті:

— Біздің совхоз комсомолдарына жетекші керек. Сол орынға сені қалап келдім,— деді.

— Ойбай-ау, тосыннан қалай?!— деп Бектас тайқақси бастап еді, Есмақ ортан белден бір-ақ басты:

— Тосыннан дейтін ештеңе жоқ. Өзің осы жердің түлегісің. Біздің кадрсың десем, артық емес. Бұлтақты қой да, айтқанға көн! Келісіміңді бер!

Бектас аяқ астынан туындаған ұсынысқа тап басып

не айтарын білмей, абдырап, бір қызарып, бір түйілді. Желкесін қасып тұрып, болмашы сылтау айтты:

— Райономен де хабарласқан жоқ едім әлі...

— Районо ешқайда қашпайды, қол алысып, уәдеміз түйіссе ол жақты өзім реттеймін.

Бектас бұрыштан бұрыш пана болмай, зыр айналған мүшкіл боксшыға ұқсап, денесі бір күйіп, бір суып, дегбірі қашқан кескінмен аспанға қарады.

— Қайдам...— деді созбақтатып.

Оның бұл солқылдақ-былқылдағын әп-сәтте аңдап үлгірген Есмақ бастырған үстіне бастырта түсуге бекінсе керек:

— Жүр!— деп шынтағынан демей итеріп, Бектасты өз үйіне өзін қонақ кәдесімен енгізгендей алып кірді.

Қысқағана аманшылық сұрасудан соң, Бектастың әке-шешесімен, келіншегімен арнайы сөйлесті. «Осылай да осылай, мына бала қырсығып, айтқанға көнетін емес»,— деді.

— Біздің комсомолдарды басқарып, соңынан ертеді деген кісім үйкүшіктеніп алдарында отыр. Ал көрейін, күркол шығарып көріндер мені осы үйден!— деп үдетті.

Шешесі:

— Өзі білсін баланың, өзі білсін,— деп қалбалақтап, ұлына бір, Есмаққа бір қарады.

Әңгіме барысын үнсіз саралап үлгерген әкесі Нұрақай:

— Есекеңнің қоластында күн көрген адам далада қалмайды,—деп тоқетерін айтты.

Келіншегі үндемей тұрған соң, онымен оңаша ақылдасып алу қажеттігін түйсінген Бектастың бар амалы:

— Жауабын таңертең берейін,— деуге ғана сайды.

— Оған да көндік,— деп шығып бара жатқан Есмақ Бектастың келіншегіне бұрыла қарап, езу тартты.— Қалқам, ақылы бар бала едің, сөз түйіні өзіңде!

Қозғалақ-қозғалақ етіп, абыржып тұрған Бектасқа Есмақ кетісімен келіншегі Әйкен:

— «Шақырғанға бармасаң, шақыруға зар болар-сың» бар емес пе, алсаңшы комсомолын!— деді.

... Сонымен, совхоз комсомолдарының жалпы жиналысында заңды түрде сайланып, комсомол ұйымының секретарьлығына бекітілген Бектас ертесіне кеңсеге келді. Мұның келер уақытын күні бұрын болжап, күтіп алайын дегендей, Есмақ кіре берісте кездесті.

— Ә, комсомол бала, келдің бе, жарады. Жұмысты бастайық,— деді.

Ойында бөтен ештеңе жоқ Бектас кеңсе есігіне қарай ұмсына берген. Есмақ:

— Бері жүр, бері, комсомол бала, атқораға барып шығайық,— деді.

«Өркен» сияқты аудан көлемінде көрнекті совхоздың белсенділерінің бірі ретінде қызметке шығып тұрған алғашқы күні Есмақтың «бала, бала» дей бергені Бектасқа бірден тікенектей әсер етіп, шамына тиді. «Е, бала, бала дегеннің әр жағы қолбала дегенге парапар десеңші,— деп кекесінмен мырс етті,— Лауазымға қарасақ, екеуіміз тең емеспіз бе. Екеуіміз де секретарьмыз. Айырмашылығы ол кісі жүзден аса коммунистерді басқарады, мен жүзден аса комсомолдарды басқарамын».

Ендеше салып ұрып атқораға жөнелетіндей не тығыз шаруа барын кім білсін. Атшы әкесі Нұрақаймен таңғы шайды бір ішкен. Әлде қазақы дипломатияның бітпей қалған тағы бір кілтипаны бар ма екен? Әйтсе де Бектас немқұрайды мәжбүр қалыппен Есмақтың соңынан самарқау ғана ерді.

Атқора совхоз кеңсесінен алыс емес-ті. Терезеден үңілсе, көріне кетерліктей ту сыртта ғана. Бұл ұзыннан түскен созалаң мекен. Айқара ашылған жарма қақпадан тұяқ тигенде, дүңк еткен тақтай дыбысы, оттықты тарпыған қыруыш тықыр, сырт-сырт еткен ауыздық әуені ап-анық құлақты шалады. Салалы айырмен ол жер, бұл жердің қоқысын қаққыштап Нұрақай жүр.

— Иә, Нүреке, хал қалай?— деп Есмақ көтеріңкі амандасты.

— Хал қайыр,— деп Нұрақай да қолдасып жатыр.

Пенсияға әне-міне деп таяу қалса да, мұртын басып, сақалды көктұқылдап қырып тастағанда, жұнтыңдап шыға келетін мығым қарт. Байпаң жүріс, биязы дауысты.

Қора ішін шолып шығып:

—Аттардың өңдері таймаған, белдері берік,— деді Есмақ.

Нұрақайға бұдан асқан мақтау қажет болмас, сірә. Есмақ дөп басып тұрған сияқты.

Бектас әйтеуір кеп қалған соң, тек тұрмай, аралары білектей-білектей сырықтармен бөлінген жеке-жеке орындарда қатар түзеген аттарға көз тоқтатты. Қарасы, аласы, күреңі, торысы дегендей түктері жылтыраған, күтімді, баптаулы жылқы баласы. Бектастың түстеп танитыны Есмақ парторг боп істегелі мініп келе жатқан күрең ат. Есік пен төрдей дерлік көсілмелі кесек бітімді,

сом денелі жануар. Оның қасында тұрған қаракер бухгалтерлер мінетін ат екенін де шырамытты. «Божыны ұстап үлгермесең, шанаға лектірмей кетеді хайуан» деп лып етпе мінезін әкесі әспеттеп отырады. Тағылығын жақтырмаса да, от алып ұшқандай шапшаңқойлығын құптағандай көрінетін.

«Парторг мені жылқы баласынан ұйымдастырылған кермеге әкелді ме екен?» деп Бектас тағы бір кекесінге бой алдыра бергенде:

— Нұреке, баланызға тұлпарын көрсетпейсіз бе,— деді Есмақ.

— Е, көрсін, көрсін, міне тұр ғой, — деп Нұрақай қораның түкпіріне қарай байпаңдай жөнелді.

Үш бірдей кісінің көзі қадалғанын сезе қалғандай, шағын денелі торы ат құйрығын селтеңетіп, кізді де, тыпыр ете түсіп тынды. «Міниіс кезегі маған да жеткені ме?» дегендей кәдімгідей адамша күрсінді.

— Ой, бұл торының несін айтасың, атым-ақ қой,— дей жөнелді Нұрақай.— Көкейіндегіні жанымен түсінеді жануар. Кейде аяқ артар реті кеп қалғанда, кәрілік не істетпейді, үстіне ытқып міне алмай, ырғалып-жырғалып жатқанымда, келе ғой, міне ғой дегендей арқасын тоса қояды. Тіпті сол мезетте бір қарыс төмендегендей де боп кетеді. Жарайды ғой, күтіп мінсе, келісті көлік.

«Күтіп мінсе» дегенді айта тұрып, Нұрақай баласының бас аяғын шолып өтті. «Тебісің қатты емес пе?» деп өкшесін, «мінезің шалдыр емес пе? деп қабағын барлап шыққандай.

— Міне, бала,— деді Есмақ,— қысы-жазы, көктем мен күзде қызмет бабында мінетін көлігің осы. Мойыл қорапты арба, жеңіл кәшауа шана, ертоқым, сайманды комсорг үшін деп жеке сайлап, қоятын салтымыз бар. Сенен басқа ол мүлікке ешкімнің қожалығы жоқ.

— Солай, солай, жөн сөз,— деп Нұрақай да қостады.

Бектасқа әкесі кейде парторг алдында жөн-жосықсыз жортақтап, жағымпазданып кететін сияқты көрініп кетті. Соның әсері ме, әлде атқораға келістің мәнісін жаңа ұққан, бірақ толық түйсініп үлгермегендігінің дығы ма:

— Комсомол мінетін осы деңіз!— деді қитығыңқылау үнмен.

— Осы,— деді Есмақ оның көңіл түкпіріндегі ала бұлтты елемегенсіп.— Күн сайын кабинетке кірместен бұрын атқораға соға кет, жүйрігіңнің халін біліп тұр!

— Сөйт, сөйт,— деді Нұрақай да қосарланып,— Есекең күреңнің жалынан бір сипап кетпесе, көңілі көншімейді.

Атқораға «экскурсия» аяқталып, кеңсеге қарай қайыра аяндағанда, Бектас:

— Сонда, Есеке, мотоцикл деген сияқты темір тұлпар бізге тимей ме?— деді.

Онысына Есмақ шын жауап қатты:

— Райкомың пысықтық жасап, тауып беріп жатса, құба-құп. Ал совхоздан еншіңе әзір тиер көлік осы. Өз басым атпен жүргенді ұнатам. Машиналы кісіге жел бітіп, жылдырмалатып кететін сияқты көрінеді де тұрады. Мүмкін, мұным терістеу де пікір шығар. Дегенмен аттылы адам қажетті кісісімен кең сөйлесіп, тиянақтырақ сұхбаттасатын болар.

— Қызық екен,— деді Бектас,— бұл біз оқыған философия курсында жоқ қисын.

— Қызық екен,— деп Есмақ та жорта таңқалғансыды,— сен өткен философияда мұндай ғылыми жаңалық сөз етілмегені қиын екен. Бірақ бұл өзіндік өмір пәлсапасы ғой. Оқулықта кездеспеуі мүмкін.

Сөйлеп келе жатқан Есмақ кілт тоқтады.

— Сен мынадай жайды ойланғаның бар ма? Жоқ іздегенде, машиналы адам нақ таба ма, аттылы адам нақ таба ма?

Бектас бөгеліңкіреп жауап берді:

— Тіпті мұның айырмашылығын болжап көрсем бұйырмасын.

— Аттылы адам нақ табады!— деді Есмақ нық дауыспен.— Неге екенін айтшы!

Бектас иығын қиқаң еткізді,

— Тыңда ендеше. Машиналы адам даңғыл жолмен сыдыртып өте барады. Ал аттылы адам ағаш-ағаштан қойнау-қойнауды ақтара тінтіп шығады. Бұл да сен оқымаған өмір пәлсапасы.

— Оқымаған дүние.

Есмақ кенет қарқ-қарқ күлді.

— «Өркенде» Хома деген орманшы бар. Оның аты жаяу, машина, аттылы болсын, әйтеуір қарсы алдынан қарайған көрінсе, міндетті түрде тоқтайды. Қамшымен бір салмаса, мүлгіп тұра береді. Мұндайды байқағаның бар ма, бұл не?

Бектас дайын жауап тоса алмады. Есмақ та онысын күтпей-ақ:

— Жә, кеттік, кеңсеге кірейік, енді кабинетіңмен таныс,— деді.

Алға түсіп алып, нық адыммен сәл-пәл шайқақтай басып бара жатқан Есмақ көлденең көзге үлкен істің басында, зор жауапкершілікті арқалап жүрген қызметкер есепті әсер ете қоймас еді. Кеспелтек денелі, орта бойлыдан сәл қалқыңқы, оң аяғына қарай салмағын аударыңқырай басатын, үстіне әскери фасонмен тігілген қара китель мен галифе шалбар киген елу жастар шамасындағы қарпайым қазақ. Қарапайымдылығын әйгілей түсейін дегендей, шашын да тақырлай қырғызып тастаған. Ат жақты, шықшытты, қарасұр өңінде жаратылысынан жұмсақ жанары жылы леп естіріп тұрғандай әсер береді. Тек жақсылық пен жамандық қатар тосып отыратын қызмет тауқыметі табиғатында жұмсақ жанарға зер сала шұқшия қалатын жітілік сыпат қосқанын атүсті сыдырта қараған жан аңғара бермейді. Соңынан өріп келе жатқан Бектас та онысын әлі аңдап үлгерген емес. Ол тап қазір шайқақтай басып, алдында кетіп бара жатқан тақыр бас қарапайым қазақты ғана тұспалдап келеді.

Атқораға қарай аяқ басқаннан меңдеген қобалжу мен біршама, құлазу Бектас Есмаққа еріп, кеңсеге кіргенше айықпаған. Қайта жұмыс орнына жеткенде, қобалжу мен құлазуы тіпті қоюланып бара жатқандай-ды.

Совхоз кеңсесі деп аты дағарадай болғанмен, кеңсе ұзын пішілген барақ іспетті жатақхана үйіне жайғасқан. Еңсесі аласа, коридоры тар, қаракөлеңке. Есіктердің маңдайшаларында «Директор», «Бас агроном», «Бас зоотехник», «Бухгалтерия», «Касса», деп әйнекпен бастырылған жарнамалар болмаса, «I-бөлме», «II-бөлме» деп белгіленген жатақхана тәртібін елестетерліктей ғана.

Екі бүйірден қысқандай тар коридормен жүріп келіп, Есмақ түкпір есікке тірелді де, кілтін бұрап ашты. «Дегенмен ішкі кілттер салыпты, сарайларға ілетін қара құлып дөңбектей боп салбырап тұрмағанына құдая тәубе!» деген мырс етпе кекесін Бектастың санасында бұрқ ете түсіп, бұға қалды. Сөйткенінше Есмақ қалақша жұқатай сүйрік кілтті қолына ұстатты:

— Біреуі менде, біреуі сенде болады.

Ішке кірген бетте:

— Ал, комсомол бала,— деді Есмақ,— Әзірге екеуіміз кіріп-шығатын сыртқы есік ортақ. Екеуіміз ағалы-

інілі адамдар сияқты үлкеніміз төргі үйде, кішіміз ауыз үйде орналасамыз.

Сырттан келгенде түйісер есік біреу. Ішке кіре, екі жаққа ажырасады екен. Түкпір кабинеттің есігінің жоғарғы жағында «Партбюро» деген жарнама қағылған. Бектастың денесі кірпіше жиырылып кетті. «Е, қолбалалыққа кабинет әбден лайық екен. Есік күзеткен әлденелерге ұқсапты... Барып кел, алып келдің дәл өзісің десеңші. Қор болған екенсің, Бектас!»

— Міне, кабинетің осы,— деді Есмақ, әлі де ыстыққа күймес, суыққа тоңбас немқұрайды экскурсовод қалпынан айнымай,— столың, шкабың дегендей. Мына қуыс — менің отырар орным.

Есмақтың кабинеті жұпыны ғана екен. «Т» әрпіне келтіре жалғастырылған столдар. Әр түрлі журнал, кітаптар топтасқан сары шкаф. Қол сандықтай биік қобдишаға орнатылған қара телефон.

— Міне, бала,— деді Есмақ.— Осы тәртіпте қоңсы отырып, біріміз коммунистермен, біріміз комсомол жастармен жұмыс атқаратын боламыз. Тоқ етері — алғашқы адымың құтты болсын! Іске сәт! Енді мекеніне бой үйретіп, жайғаса бер!

Есмақтың есігін селқос жауып, енжар кейіппен Бектас столына келді. Арқалы орындыққа шалқайып отырып бір көрді, жантайып отырып бір көрді. Стол бетін саусақпен тышқанның тақтай кемірісіндей тықырлатып біраз отырды. Қабинет ішін адымдап, өлшеп алайын дегендей ерсең-қарсаң кесіп өтті. Екі қолды қалтадан бір алды, бір салды. Әрі-берідің соң есінеуге айналды. Қуыс-қуысты тінткілеп, кабинеттерді аралап кетуге кеңсе қызметкерлерімен жыға таныс емес. Далаға безіп шығып, қазықша қалтиып тұрудың да ретін таппады. Біреу-міреу: «Селтиіп не қып тұрсың-ей?»— десе не айтпақ? «Сонда жыл бойы осылай қалғып-шұлғумен өтем бе, құдай-ау?!» деп қапаланды. Енді бір уақытта жұлқынып атып тұрып, жан-жағына алақтап қарап, сылқ етіп қайыра қонжия кетеді. Бар қуатын таңертеңнен бері Есмақты кекету мен мұқатуға жұмсап, сарқып алған сияқты. Қан айналысынан ада болған жүрек іспетті ми қатпарлары ой жүйесінен хабар сездірмейді.

Бұл кезде Есмақ әркімге телефон соғып, жұмысына кіріскен. Дауысы ар жақтан анық естілді. Бір сәтте телефон трубкасын сарт еткізіп қоя салып:

— Бектас, келіп кетші,— деді.

«Қайда сиярынды білмей арпалысып едің, ал енде-

ше ұршықша үйіріл!— деп Бектас өзін-өзі қыжыртты.— Басталды қолбалалық зырылдауық қызметің».

Есмақ созалаң басып бұл келгенде:

— Сен менің «бала, бала» дегеніме ренжіп қалма!— деді.— Комсоргтармен солай дағдыланып кеткенім ғой. Осы қызметтегі бір талай жылдың ішінде санталай жігіт алдымнан өтті. Орыстарына «парень комсомол» деп, әдеттеніп кетіппін. Қанша қояйын десем де, қоя алмадым. Мен елуден аттап өткен адаммын, сен жиырма екіде ғанасың. Оның үстіне Нұрекеңмен жас жағынан шамалас екенімізді ескерсек, сөз жоқ, баламдайсың. Дегенмен көңіліне ауыр алып қалма!

— Жоға-а,— деді Бектас құлықсыздау ғана.

— Сонсын тағы бір ескертіп алайын дегенім, сенің жалақың аз. Қанша екенін білесің бе? Тым аз.

— Әйтеуір құралақан қоймайтын шығар?— деп Бектас езу тартты.

— Алпыс-ақ сом.

— Е, болса болсын.

— Жарадың онда. Сенен бұрынғы комсорг ақшасын азырқанып кетіп еді... Ақшаға өліп-өшпегенің жөн. Келген бойда соны сұрап езеуремегеніне риза едім, ойымнан шықтың, бала. Бұл жағынан дұрыс екенсің. Келешегің алда, асықпасаң, бәрі де болады.

— Әрине ғой,— дей салды Бектас.

— Қазір немен айналыспақсың?!

Комсомол жұмысын бұған дейін жалпылай жобалап қана жүр екенмін, енді тікелей іске келгенде қайсысынан бастарын білмей, дағдарудамын деп айтсын ба? Көкейінде тұрса да, ашып айтуға намыс қылып кеткен тәрізді. Сондықтан Бектас иығын қиқаң еткізумен тынды.

— Олай болса сен, бала, кабинетінде оңашада кешегі жиналыстың барысын саралап өтші. Сабақ боларлық жайлар бар,— деді.

Бектас тағы сілтер жөн-жобасы бар ма екен дегендей тосыңқы түрде сәл бөгеліп, Есмақ сөзін осымен тұжырған соң, айналшықтай бермей, бері шықты.

3

Әуелгіде комсомолдардың жалпы жиналысы дағдылы машықпен бірсарынды, бірқалыпты өтіп жатқандай еді. Баяндама, сұрақ, сұраққа жауап, жарыссөздер кезек ауыстырып, алмасып, мөлшерлі уақытты мүжуде.

Қағазға жазып алып сөйлегендер тыныс белгілерін жұтып жібергендей мүдірместен сыдыртып шығуда. Мінбеге қағазсыз көтерілгендер тұтығып, жұтығып, сөздері кедірлі-бұдырлы, жүйесіз.

От көсегендей дүр етпе қызу жаңадан комсорг сайлау кезінде лап етті. Залдың оң жақ қанатындағы оқшаулау шоғыр топ Бектас кандидатурасы аталғанда, бірауыздан:

— Қарсымыз!— десті.

Жүз қаралы комсомол мүшелерінің дені осы топтың аужайын байқайық дескендей, бір сәт аңтарысып қалды. Үркердей топ ілкім дағдарысты дәл аңдаған болса керек, қасқырға алғыр ит қосып қиқулаған аңшылардай онан сайын дүрілдей түсті. «Қарсымыз!» дегендерін нығыздап қайталады.

Сөз кезегін Есмақ алуға мәжбүр болды. Бектас бұл ортаға көлденеңнен киліккен көк атты еместігін, ол да осы жерде туып-өскен азамат екенін, бар «жазығы» төрт-бес жыл елден қол үзіп, енді дипломмен оралып келгендігі екенін бөліп-бөліп айтты. Әсіресе Бектастың жоғары білімді маман екендігін даралап ескертті. Сөзінің соңында, әлбетте, жиналыс қалай ұйғарса, мәселе солай шешілетіні даусыз, зорлық жоқ. Дегенмен совхоздың партия бюросы аталған кандидатураны дәйекті түрде қолдап отыр деп тоқталды. Мінбеден түсіп бара жатып: «Бектасты жүзбе-жүз білетіндерің қол көтерші!»— деді салғырттау ғана. Жас жігіттер мен қыздардың дені біледі екен.

Дауысқа сала келгенде, комсомол мүшелері «сайласақ сайлайық, жоғары білімді комсоргты да бір көрейік» дегенге ойысты. «Қарсымыз» деген топ та көпшілік ауқымына көнді.

Жиналыс соңында комсомол комитеті оңаша топталып, жаңадан сайланған комсоргпен жүздестіру рәсімі жасалғанда, Бектас комитет мүшелерінің көпшілігі манағы қарсы топтың ішінен екенін жүрегі сезілдап отырып, жадына түйді. Қарсы топтың өкілдері әлі де тікенеккөзденіп отырғандай сезінді. Сөйтіп, комсомол комитетінің он бір мүшесінің басым көпшілігі Бектасқа қырын қарайтындар.

Бүгін кешке күнілгері белгіленген сағатта комитет қайтадан осы кабинетке бас қосуға тиіс. Мақсат — бірлесе отырып, алдағы жұмыс жоспарының бағдарын жасап алу.

«Бірлесе отырып...» деп толғанды Бектас. Шын мә-

нінде бір тілек, бір жүрек боп тоғыса алса жақсы. Ішінен «бірлесе отырып» дегенді қайта-қайта айтқыштап, Бектас әлемтапырақ бей-жай күйге түсті. «Әрине, күнбе-күнгі жұмыста өз орталарында қайнап пісіп, қатарлас жүрген бірін өздеріне басшы етем дегендері заңды,— деп ойлады ол.— Сірә, мен буынсыз жерге пышақ ұрып, жөн-жосықсыз сыналып кірген кірме сияқтымын олар үшін...»

Қайткенмен енді бұлтақтап, бұлтарар жол қалмаған. Кешке комитетті қарсы алу керек. Оған Бектас дайындықсыз. Ал тайғақсып, тайып жүре беретін балашаға емес. «Бір класқа кіріп, бір кластан шығып, өткізген сабағымды біліп, тыныш жүретін мұғалімдіктен бекер бездім-ау, шамасы»,—деп қинала өкінді.

Сөйтіп отырғанында, жадау көңілге жарық сәуле шашайын дегендей, студенттік шақтың бір елесі бойын жайлап кетті.

...Бектастар педагогтік тәжірибе жинақтау үшін, екі айға Алматы түбіндегі Талғар қаласының қазақ орта мектебіне келді. Дабыр-дұбыр, өркөкірек, білімпаз, байқампаз, сынампаз, студенттер даурығысып, мұғалімдер бөлмесінде отырған. Институттан бөлінген жетекші методист пен мектеп дирекциясы қазір қай студент қай класта сабақ жүргізіп, нендей қоғамдық жұмысқа жегілетінін келісіп алып хабарлауға тиіс-ті. Дабырласқан бұлар соны тосуда.

Бектас бөлменің бір бұрышында ілулі домбыраны көзі шалып, қолына ұстады. Қос ішегін іліп-қағып, көңіл тербер әлде жеңіл мұңға, әлде тұңғиық ойға жетелер әр түрлі әуенге салып көрді. Онан соң сол жылдары екінің бірі аузынан тастамайтын «Көкшетауды» күмбірлетті.

Тапал бойлы, бұжыр бетті, орта жастағы адам қасына таяп келіп жайғасқанын аңдай қойған жоқ. Бұл домбырасын тартып болғанша, әлгі кісі қыбыр етпей тыңдады.

— Домбыра білесің, ә, жігітім?— деді содан соң.

Бөгде жанның мұнша ұйып тыңдаған қалпына мардамсып кетсе керек, Бектас:

— Домбыра да білем, гармонь да қолдан келеді!— деп салды.

— Талабың жақсы екен,— деді бейтаныс бұжыр.— «Көкшетаудың» сөзін де білетін боларсың?

— Поэманың бірер тарауын жатқа соға аламын,—

деді Бектас қайтсе де өз бағасын арттыра түсуге құмартқан адамша бастырмалата сөйлеп.

— Апырай, ә?— деп әлгі тапал Бектасқа ғажаптанған кескінмен шұқшия қадалды.

— «Көкшетауды» кім білмейді. Жұрттың бәрі біледі. Оған таңданатын не бар?!

— Жөн сөз, жөн сөз.

«Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» деп басталатын алғашқы бес-алты шумақты, әрине, көпшілік жатқа айтып, әнге салатыны рас. Ал бұл топта Сәкен поэмасының тарауын берік жадына сақтап, біраз уақыт жырлап беретін адам Бектас қана еді.

— Талабың жарайды екен!—деді тағы әлгі тапал.— Ән-күй сабағының мұғалімі ауруханаға түсіп қап, қиындау боп тұрғаны. Қазақ тілі мен әдебиетіне қоса, сол пәнді де ала тұрсаң қайтеді?

Екеуара келісімге келді. Бұжыр бет тапал мектептің оқу ісінің меңгерушісі екен. Аты Өтебай.

Араға бір жұма уақыт түсер-түспесте, Өтебай;

— Бүгін кешке жоғарғы класс балаларын жинаймын. Сәкен ағамыздың «Көкшетауын» жырлап бер!— деп колқа салды Бектасқа.

Алдында өрмелеп өтер неше қыр тұрса да, тайынатын кез бе еді:

— Құба құп!— деді бұл.

Мектепте үлкен мәжілістер не спорт жарыстары өтетін арнайы зал деген атауға жоқ. Кеңірек деп саналатын класс бөлмесінің парталарын коридорға шығарып, жұрт алқақотан сонда топтасты. Бір ғажабы оқушылармен бірге мұғалімдер де келіпті. Бұл ғажаптың үстіне тағы бір ғажап, бәрі тік түрегеліп тұр.

Өтебайдың ұсынысынан хабардар студенттер:

— Бүгін біздің Бектас шайыр жер қайысқан топ алдына шығады!

Біздің Бектас жырау жыр жырлайды!

— Сыр сүлейлерінің бірі Бектас домбырасын ырғайды!

— Біздің Бектас Талғар театрынан гәпіреді! —десіп, әзілдеп-әжуалап-ақ біткен.

— Әй, Беке, домбыраңды мұқият тексеріп ал, Паганинге ұқсатып біреу-міреу ішегін қиғылап қойып жүрмесін!— деп те қағытушы табылған.

Мұншама қақпа-соқпадан айылын жия қоймаған Бектас иін тірескен жұрттың аяғынан тік тұрғанына абыржып қуыстанды. Ен бөлмеде бір-ақ орындық.

Сахна іспеттес сәл ғана ашық аланда тұр. Оны жырш. Бектас қана иемдене алады. Осы төтенше жайға ыңғайсызданған Бектас абдырап:

— Өтеке, бұл қалай болды өзі?— деді «түйенің таныған жапырақ» демекші, Өтебайға қиыла қарап.— Сіздер тік тұрып... мен отырып...

Өтебай Бектасқа таяу тұста еді.

— Оған бола саспа, інішек,— деді.— Сәкен үшін түні бойы тік тұрсақ та артық емес!

Мына сөздер арқа бітіріп жібергендей. Оның үстіне «болсаншы енді бәлсінбей» дегендей, балалар жағы сатырлатып қол соғып жатыр.

Домбырасын бабына келтіріп бұрап, іркіле бергенді жөн көрмей, Бектас іле «Көкшетауды» шырқап кетті.

Жұрт тым-тырыс. Поэманың алғашқы тарауларын шырқап шыққан бүкіл поэманы жаттап алмағанына өкінді. Бұл кемістіктің есесін толтырмақ ниетпен «Тау ішінде» әніне ауыса кетті. Домбыраны орындыққа сүйей салып, Сәкеннің бірнеше өлеңін тақпақтай жөнелді. «Сыр сандықты ашып қара, ашып қара, сырласым» демекші, атақты ақын творчествосына шымырлап, шомыла түскендей, жұртты да ұйытып алғандай. Ду қол шапалақтаудың кезінде Өтебай:

— Осындай педагог маман барып қызмет істейтін мектептің балалары бақытты!— деп келіп, Бектастың бетінен сүйіп еді-ау.

Тіпті институт бітірген соң, осында келсең қайтеді деп қыр соңынан қалмап еді.

Енді бақса, бұл бір бұлбұл дәурен екен. Көзден бір-бір ұшқандай. Шіркін, «Өркеннің» комсомолдары да Бектастың алдында аяғынан тік тұрса ғой!

Ол өз халін өзі аңғарып отырған жоқ. Осы естелік барысында денесі бір жанды, бір сөнді. Екі беті ду ете түсіп басылып, қуарып кетеді. Танауы делбеңдеп елегзиді. Әлденені жоғалтқандай жан-жағын қармана береді. Өзі әлі де бұл халінен бейхабар. Санасында қалған өмір үзігі әбден баурап алған. Сол сайранның ішінде құлпырып, бал-бұл жанып араласып жүргендей. Тек естелік доғарылғанда, «Бекер безген екем мұғалімдіктен!» деп санын соқты.

Есмақ жиналысты саралап шық дегенде, осы жайды елестетсін деді ме екен, әлде... Мүмкін-ау...

Жобасы, қиюы келмейтін қызметке мойынсұнып қалған Әйтеуір бұл қамытқа киліккен соң келесі есеп беру — сайлау жиналысына дейін шыдап бағу керек.

«Бір жылға қоян терісі де шыдайды» деседі ғой. Тегін демесе керек. Бірақ шыдап бағам деп жүргенде, бір жыл уақыт текке, әшейін тісін қайраумен өтпесе жарайды ғой. Бектастың дәл қазіргі көңіл күйі темір құрсауы ұстамай тақтайлары салдырап, қаңсыған бөшкеге ұқсас. Ол құрсауды бекіту үшін, бөшкені ісіндіру керек, ісіндіру үшін оның ішін қайта-қайта сумен толтыру керек. Сонда ғана бөшке қалпына келіп, тесік-тесігінен жыр-қылдап су ақпай, құрсаулы тиісті орнына белдеуленіп, қабыса кетеді.

Бектас өзін осындай қаңсыған бөшкеге теңеген сайын ойы шарқ ұрып, көңіл сарайындағы бос қуысты немен толтырарын, босаң да мүшкіл халін немен бекітерін ізденген болды.

Бектастың шартарапқа ми жүгіртуі жем іздеп аспанда қалықтаған құс сияқты. Біресе олай, біресе бұлай ұшып, жер бетіне тіксіне зер салады. Қанатын қақпай, жайып жіберіп төмендейді. Таптым дегені алдамшы бірдеңе болып, қайтадан биікке ыткып самғайды. Сірә, қыран құс биіктен көргіш болғаны. Ал Бектастың төңірегін шолып алар биік тұғыры әлі жоқ. Табылмаған. «Бос қуысты толтырар қызғылықты, мазмұнды жұмыстар қажет,— дейді санасы.— Сонда буының бекіп, құрсауың қатаяды. Бүкіл ой-жүйең мазмұнға толады».

Бәрі де жөн-ақ, әйтсе де сол сан салалы, әр тарапты, қызғылықты жұмыстың бірі дәл осы сәтте «мен мұндалап» көз алдына елестемей тұр. Тіпті қылаң түлкідей сыландап та өтпейді. Бұл қуа жөнелер еді.

Басқа, кешкі комитет отырысында өз тарапынан «мінекейіңіз» деп, тайға таңба басқандай ұстата салатын жөндем істің не ұсыныстың сүлдері де жоқ қолында. Сонда не істемек? Комитет мүшелеріне салмақты аудара тастап, өзі көрші бөлменің есігінен сығалап тұрмақ па?

Қонақта жүз грамм ішіп, бусанып отырған бір келін әлдеқалай сөздің ретінде қайнатасы тура́лы «Ементайың шепуха» деген көрінеді. Әуелгіде ап-айқын, дап-даңғыл санаған жұмыс ой тереңіне батқан сайын Бектасқа қара үрейді қоюлата түскендей. «Шепуха» деп қол сермеуге көне салатын міндет емес. Зіл қара тас арқалағандай.

Бектас әрі-сәрі, дел-сал халде не болса да күн батып, кеш қараюын тосты.

4

Бектас дегбірленіп топшылағанындай комитет шешіліп, сыр ақтарыспады. Томаға тұйық қана бас түйістіру

іспетті. Болмашы себеппен бейтаныс қонақтар бас қосқандай. Олардың тон-торыс кейіптерін жібітіп, өз дегеніне карай икемдеп әкетерлік күш-қуат пен ептілік дәл бұл күні Бектастан табылар емес-ті. Комитет мүшелері мұның аңысын андитын сиякты. Пікірлері ішінде. Үндемес ойнаған жат адамдар.

Бектас:

— Көптеп-көмектеп дегендей, жұмыс жоспарын құрастырсақ қайтеді?— деп тамырларын басып еді.

— Онда тұрған не бар, былтырғы жылдың жоспарын жаңартып көшіре салу керек,— деді шофер жігіт Александр,— жылда сөйтіп жүрген жоқпыз ба...

Бұл тіміскі көзді, шегір қабақ жігіт. Үнемі тістеніп жүретіндіктен бе, шықшыты жыбыр-жыбыр ойнап тұрады. Әскери флотта қызмет өтегенін әйгілейтін матрос тельняшкасын үстінен тастамайды. Комитеттің басқа мүшелері соған, соның сөзіне, қимыл-қозғалысына қарағыштайтын сыңайы байқалады.

— Иә, иә, сөйтсе де жарайды,— десті қалғандары.

Сәл тым-тырыстан кейін клуб меңгерушісі Бәкен өрекпи түрекелді.

— Оу, осы жылда айтамыз, жылда қалдырамыз, би алаңын қашан қолға аламыз осы, ә?

Бектасқа беймағлұм жай.

— Ол неткен би алаңы?— деп қадағалап алғысы келді.

Сол сол-ақ екен, Бәкен көсіле жөнелді:

— Бұл менің аздап романтика шалығы бар ұсынысым. Клуб қасынан, далада, тақтайдан құрастырып, би алаңын ашсақ деймін. Төңірегінде электр шамдарын самсатып қойсақ деймін. Аспан ашық, жайма-шуақ түнде сонда музыкалатып, билеп жатсақ деймін. Аспандағы жұлдыз атаулыны шоғырлатып жерге төгілтіп қойған сиқырлы патшалықтай көрінер еді деймін. Амал не, мен бірнеше жыл қатарынан осылай деумен келемін. Бірақ орнынан жылжыған іс жоқ.

— Рас, рас,— деп қозғалақтады кейбірі.

Тым құрыса басы ашық бір мәселенің ұшығы тілге тиек бола кеткеніне Бектас бар болмысымен қуанды. Суға кеткен тал қармайдының кері. Ол тап қазір осынысына да көндіккен.

— Е, онда тұрған не бар? Қозғау салайық. Тез арада кірісуге тырысайық,— деп лепірмеге ерік бере сөйледі.

Бұл сөздердің артында не бар, қаншама салмақ жа-

тыр, мүмкіндік жеткілікті ме, жоқ па,— ол жағын мөлшерлеп, шамалап жатпады. Бектастың бар пейілі қырысқабақтанып, иектерін жағаларына тыққыштап, салғырт отырған комитет мүшелерін қайтсе де өзіне қарай ойыстыру әрекеттерінде еді. Олардың ниетін бері қарай бұру үшін, алтыннан аптап, күмістен күптеп, неше түрлі іріірі уәделер беруге дайын. Осы кеште мына жағалай отырған жігіттер мен қыздар бірауыздан «жарайсың, Бектас, жақсы комсорг болатын түрің бар» деген сөзін естуге, сөзін ести алмаса, ең құрығанда жылы лебіздерін сезіну ең басты мақсаты еді.

Дегенмен орақтың жүзінше жарты шеңбер жасап отырған совхоз комсомолдарының сүт бетінде қаймағы Бектастың жетегіне бірден елп етіп ере кетпеді. Тымырайған қалыптары тарқасты.

Бектас әуел бастан жеңіліске жазған жекпе-жекте болып шыққандай ит сілікпе күйде оңаша қалды. «Бозөкпе» деп кетті-ау мыналар» деп, бармағын шайнады. Ызасын тарқатпақ қимылмен столды қойғыштап-қойғыштап алды.

Мана бірде Есмақ айтқан сөздер есіне түсті;

— Мәжілістеріне мен де қатыссам ба екен?— деп сұраған.

Бектас сәл ойланып жауап берген:

— «Жазмыштан озмыш жоқ» депті ғой. Алғашқысын бетпе-бет жеке байқайын.

— Дегенің болсын. Әйткенмен мына жайды есіне ұста,— деді Есмақ,— Біздің совхоздың аты қазақша «Өркен» болғанмен, тың көтеру жылдарынан бері ұлттық құрамы жағынан көп өзгеріске ұшырады. Орыс, казак, украин, белорус азаматтары бас қосқан совхозбыз. Комсомол комитеті де сол құрамның айнасы. Бұл жақсы нышан. Әрқайсысымен тіл табыса біл. Ісің сонда оңға басар.

Бәрі Есмақтың айтқанындай екен. Комитетке сайланғандардың кейбірін сырттай жыға танығанмен, етене жақындасып көрмеген жандары. Тым құрығанда, бір шөмеле шөпті бірге үйісіп, бір ожаудан салқын су сіміріп көрмеген. Ал орыс жігіті Александр, украин қызы Оксана мүлде жүздеспеген жастар. Тек комсомол ұйымына мүшелік ортақ мүдде — міндет қана бастарын қосқан. Әйтпесе қарсы кездессе, сәлемдеспей де өте шығатын бейтаныстар болатын.

Бүгін бұлар жүз шайыспай, бет көрісумен ғана шектелгенде.

Аяз түнде қысып, күндіз тарқайды. Күздің жылынқы күнінде Бектастың арқасын аяз қысқандай. Құрысын жазып, бойын тарақтар күндіз бұл үшін қашан туар екен? Бектастың бар ойы осы.

5

Сынық сыңаймен кештете үйге келген Бектасты көре сала, Нұрақай:

— Ау, Бекіжан келді ғой, шайын қамдасандаршы,— деп, кемпірі Сақышқа, келіні Әйкенге ортақ әмір берді.

Түкпір үйден шыққан Әйкен кухня жаққа өтіп, шай қамына кірісті. Сақыш:

— Бекіжан-ау, шуу дегеннен жұмысты ұзартып әкеттің ғой. Жыл бойы сарқұнем бүйтсең, нең қалады бұл? Шамаласаңшы, жұмыстың бәрін бір саған тау төбе қып үйіп қойып па екен?!— деп дігерлеп жатыр.

— Жә, жә,— деп Нұрақай оны басуда.

Жанашыр сөздерден жүйесі босады ма, шын шаршағаны ма, Бектас бүкіл денесі біршама салдырап қалғанын сезіп, диванға сұлап түсті. Сонда да:

— Алғашқы күн дә. Танысқанша, біліскенше біраз айналдырды. Ылғи өйте бермеймін ғой,— деп шешесіне тыншу айтты.

— Е, сөйтпесең,— деп Сақыш та сабасына түскендей.

Көңіл дариясы лепіріп тасығанда не жабырқап жадау тартқанда, домбыраға қол соқпай кетпейтін дағдысымен Бектас сүйікті аспабын кеудесіне көсілте тастап, саусақ тигізді. Іліп-шалып бірер әннің жобасын келтірді. Бірақ қос ішекті қозғаған, пернелерді термелеп талпынған саусақтар әлсін-әлсін кібіртіктей берді. Қейде әнді тартып болар-болмаста кілт үзіліс жасайды. Біраз ойланып барып ойысқандай, келесі әуенге кезек тиеді. Аумалы-төкпелі көңіл ағымы арасынан бір асып, бір қайтып тұрғандай.

...Түн. Бектас пен Әйкен ұйқы мендеп кеткенше маужырап жатыр. Әйкен:

— Жігітім, сен бүгін қабағың түсіңкі, ыығың салбыраңқы келдің ғой,— деді күбірлеп.

Бектас орнықты жауап қатудың орнына:

— Әйкен-ай, кел шырқайық, кел-кел-ай,— деп үздіге сыбырлап «әндетті».

Әйкен сылқ-сылқ күлді. Өткен күндер екеуіне ортақ бір елесті көз алдарына тосқандай. «Есінде ме?» деген сұрақ ауыздарынан қатар шықты.

Екеуінде қазір күндізгі жұмыстың таусылмас қарекетінен гөрі жар төсегінің рақаты, жұп өмірлерінің қайталанбас тәтті сәттерін еске алу, бұдан да тәтті болашақты армандау басым. Әлгінде ғана айтылған «Есіңде ме?» екеуін біраз жерге апарып тастаған.

Әйкен Бектастан екі жас кіші. Бектас екінші курсты тәмәмдап, каникулға келген кезінде бойжеткен бұлаң қызға көз тоқтатқан. Байпаңдап қана жүретін бала еді, балалықтан асып кетіпті. Алғаш ұшырасуда-ақ сөз тартайын деп:

— Әйкен, оныншы бітірдің, жол қай жаққа түспек?— деген.

— Біздің жол осы ауылды айналып өтеді де, қайта ауылға тіреледі,— деді Әйкен турасынан.

— Сонда?

— Сондасы сол — оқу іздеп шарықтап, ешқайда бармаймын. Кішкене іні-сіңлілерімді бағып-қағу менің мойнымда. Көпірден өткенде таяқ жейтін түйенің үлкені мен боп тұрмын да.

Келесіде Бектас Әйкеннің қолына хат ұстатты. Хаты «Сен де келдің өмірге, мен де келдім. Бірге жасап қызығын келер көргім, Әйкен-ай» деген сөздерден басталған-ды.

Жүрек сөзі жазылған арнайы қағазды ала салып, беті ду ете түсіп, Әйкен зыр етіп жүгіре кетер, жан жуымас бір қуысқа кіріп алып қана оқыр деп ойлаған Бектас ол тұрған жерінен тапжылмай оқи бастағанына таңқалды. «Елестетсе көлеңкең көз алдыма, лүпіл қақпай жүрегім төзе алды ма» деген жолдарын дауыстап оқып, сыңғырлай күлді.

— «Кел шырқайық, кел-кел-ай» деген сөздерін жеп қойыпсыз ғой, оны келесі жолы жазылар хатқа сақтаған түріңіз бе?»— деді күлген қалпы.

Қалтарыссыз, ашық мінезі, «ибай-ау, деп қылымсып көлгірсуден аулақ турашыл қылығы Бектасты бір сәт аландатып тастады. Алайда келе-келе, Әйкеннің осы мінезі өзін елеусіз ғана баурап әкеткенін сезбей де қалған.

— Сонда өз жаныңыздан қосар бір сөзіңіз де болмағаны ма? Халық әнін көшіріп беріп, оңай құтылмақ болған қу екенсіз,— деп тағы күлді Әйкен.

— Айтар сөзім бар, неге болмасын,— деді Бектас аптығып.— Ол сөзімді өмір бақи өзіңе ғана айтып өтсем деймін.

Сөз жүйесі қалжыңнан асып, насырға шауып бара

жатқанын түсінген Әйкен күлкі-әзілді доғарып, қатты томсырайған күй кешті. Өкшесімен жерді тескілей берді.

— Ойлану керек, ойлану керек... ойланайық,— деп Бектасқа барлай қарады да жүре берді.

Ойланумен бір жыл өтті. Бектас үшінші курсты бітіріп келді. Бұл бір жылда Әйкен жергілікті мектепте лаборанттық қызмет атқарды. Бір жыл ойланудың ақыры тойға ұласты. Содан бері Бектас «Әйкенге шығарған ғашықтық әнім еді» деп әзілдеп, халық әні «Әйкен-айға» басатын әдетке көшкен. Қоңырлатып Әйкен қосылады. Жиын-тойларда құрбы-құрдастары ән қолдану реті келгенде, «Ең әуелі екеуің гимндеріндi айтындар!» дейтін. Сөйтіп, Әйкен-ай», шынында, Бектас пен Әйкеннің ең басты әндеріне айналып кеткен.

Бектас Әйкеннің құлағына сыбырлап, үзілте-үздіге әндетіп жатқанда, екеуі де алдымен осы жайды естеріне түсірген еді. Екеуі бетпе-бет жабыса құшақтасып, шөпілдесіп жатқанда, кереует сықырлап кетті. Бұл сықыр Бектастың ми қатпарын қозғап тағы да естелік әлеміне сүйрелей жөнеледі.

...Үйлену тойы өтіп, кәде, жол-жора, ырың-жырың басылған соң, келешек күнкөріс мәселесі алдан шықты. Бектастың каникулы аяқтала бере, ертеңгі күннің жоспарлары жөніндегі сұрақтар тіпті үшкірлене түсті.

— Алматыға алып кетем,— деді Бектас.

— Үйден кетпеймін,— деді Әйкен.

— Үй болып, семья құрып журген студенттер аз емес. Біз де елбесіп-селбесіп күнелтеміз,— деді Бектас.

— Іш майымызды тауысып, брекемізді кетіріп қайтеміз. Сен аландамай, институтты бітір. Алматы барсақ, әрі оқуым деп, әрі мені асыраймын деп азып-тозасың ғой. Менің мұнда қызметім бар, қайта сенің көмекшің емеспін бе. Бір жылға «Әйкен-айды» айта жүріп шыдармыз, шыдайық,— деп Әйкен оған қайрат берді.

— Әке-шешесі де «келін бірге кетем десе, өзі біледі» деп ризашылық ыңғай танытып еді. Әйкен оларға да осы сөзді айтты. Әдеппен ғана сыпайы жеткізді.

— Не десең о де, келіннің түтіні дұрыс,— деді ақырында Нұрақай.

Баласы жас келіншегінің ыстық құшағынан кете алмай, айналшақтап ауылдан шықпай қоя ма деп те сескенді ме, Бектасқа:

— Сен бұлтақтамай оқуыңа тай! Дипломыңды әкел бізге!— деді.

Сонымен, артына қарай-қарай, Бектас Алматысына аттанды. Қанша уақтылы келдім десе де, бір жұмадай уақыт аялдап, елде жүріп қалғанының салдары титығына тиді. Жатақханадағы орын үлесінен құр қалыпты. Бұрынғы бөлмелес жолдастар қайғырысты, қиналысты, бірақ қолдарынан келер амал таппады. Бастары салбырап, ұнжырғасы кетіп отырғанда, Қызылбаев Сейдалы деген жігіт сарт етіп, орнынан атып тұрды. Бұл армия міндетін өтеп келген, жастай жетімдік көріп, тағдыр тауқыметін тартып үлгерген москал студент еді. Институтқа жасы отызды алқымдап қалғанда қабылданған.

— Иә, не ойлап таптың, Қызылбас?— деді онымен тетелес Омарбек.

Сейдалыны «Қызылбас» деп қалжыңдай беретін.

— Жатақхананың айнала беріс бұрышында қажетсіздеу боп жатқан темір койка көрген сияқты едім, соны байқайықшы. Қағыңқырап, сілкілеп, пружинасын тартқылап жіберсе, іске асып кетер ме еді, қайтер еді...

— Е, Қызылбас іске асырам десе, не тұрыс бар, жігіттер, кеттік,— деді Омарбек.

Жатақхананың елеусіздеу бұрышында қиқиып-сиқиып жатқан бір кісілік кереуеттің сүлдері балғамен ұрғыланып өңделіп, екі жақтан жұлқыланып, керілтіп-созылтып, кәдімгі жатар орын қалпына келтіріліп, бөлмеге әкелінді. Болат сымдармен төрт аяғын шандып-шандып, Сейдалының кереуетінің үстіне қондырылды. Төсек-орынды да Сейдалы комендантпен сыбырласып-күбірлесіп жүріп жайғастырды. Омарбек атақ таңғанындай, бұл «двухярусная лежанка» болды. Астында Сейдалы, үстінде Бектас жатады. Түнде бірі аунап түссе, келесісінің ұйқысы шайдай ашылады. Туысында жотасынан тұтас біткен өгіздер тәрізді. Осылай бірін-бірі кезек шайқап, бірін-бірі шалаұйқыландырып, бір жыл өте шықты...

— Қызылбасты сағынып кеткенімді қарашы!— деді Бектас Әйкенге.

Әйкен бұл хикаяға қаныққ-ты.

— Өзін осында қонаққа шақырсайшы,— деді.

— Жүз шақты комсомолдың ішінде бір Қызылбас кездесер ме, жоқ па,— деп киялдады Бектас көңілдегі түйткілін келіншегінен жасырмай.

— Кездеседі, кездеседі,— деп Әйкен Бектасты кеудесіне қыса түсті.

Қисынсыз киял екенін сезе тұра: «Сейдалы, шіркін,

комсомол комитетінің бір мүшесі болса ғой! Онымен екеулесек, не қиыннан қияндап шығар едік»— деп армандады Бектас.

Түні бойы түсінен Сейдалы шықпады...

— Иә, комсомол бала, комитет қалай өтті?

Есмақтың сәлемдескеннен кейінгі бірінші сұрағы.

— Сыпайы отырысып, сыпайы тарқастық.

Бұл — Бектастың жауабы.

Есмақ тақыр басын алақанымен сипап өтті.

Бектастарға методикадан дәріс берген доцент болды. Ол да тақыр бас-ты. Ол да кейде бірдеңеге таңқалғанда, не бірдеңеге абыржығанда, тақыр басын алақанымен сипалап, өз құлағын өзі жұлмалайтын. Бір қызығы — сол жақ құлағына жеткізу үшін, оң қолын иекті баса төтелемей, желке тұстан созбақтап жататын. Ал оң құлақты жұлмалағысы келсе, сол қолды да әдеттенген «маршрутпен» желке тұстан жұмсайтын. Есмақ та сол доцентке ұқсап, дәл қазір қос құлағын алма-кезек жұлқылай бастайтындай көрінді. Мырс ете түспек үшін, теріс айналып, шкафтағы кітап-журналдарды ақтарғансыды.

Есмақ құлақ жағын мазалағыш күлкілі әдеттен аулақ-ты.

— Мына тұсқа отыр, бала,— деп Бектасқа қарсы алдынан орын ұсынды.

Бектас «Таңғы намаз басталды» деген кекесінін ішке бүге, Есмақ оқыр «лекцияға» құлықсыздау қамданды.

— Саған мен бірнеше талап қойғым кеп отыр,— деді Есмақ.— Әрбір комсомол мүшесінің аты-жөнін, қайда, қалай жұмыс істейтінін нақпа-нақ білмейінше, олармен қоян-қолтық келе алмайсың. Бұл бір. Сен екі тілді төл меңгерген білікті азаматсың. Қіммен болсын тілдесе кету сен үшін қиындық келтірмес деймін. Комитет мүшелерімен бір әке, бір анадан туғандай жақындас. Бұл екі. Кабинетте омалып отыра берме, бөлімше, бригада, фермаларды тынымсыз арала. Бұл үш. Жүріп өткен жерінде ізің қалатын болсын. Бұл төрт. Осы төрт шартым — бір жылдық азығың. Одан кейінгісін уақыт көрсетер.

«Лекция» көпке созылмады. Қарт адамдардың дәмдеп, созып, өсиет сөз айтуға ыңғайлы тұратын әдетінен Есмақ та құралақан емес шығар деп жорамалдайтын Бектас төрт шарт айтылып біткен соң, тағы да қосымшалары болар деп, сәл-пәл тосты. Сөз әрі өрбімеді.

Сөздің әрі созылмағанына Бектас әрі қайран қалды,

әрі өкінді. Өйткені Есмақ тарапында туындап тұратын кекесіннің тағы бірінің сылтауынан айрылып қалғандай. Қолға түсе беріп, сусып кеткен шымшық сияқты.

— Бүгінгі жоспарың не?— деді Есмақ біраз үнсіздіктен соң.

— Іргелес Ақсу бөлімшесіне барып, жай-жапсарларын біліп қайтсам деймін.

— Дұрыс. Бөгемейін. Жолың болсын!

Орталықтан онша қашық емес, небәрі он-он екі шақырымдай жердегі іргелес Ақсу аулына жолдама алып шыққан Бектас тура атқораға тартты. Ол бұдан былай үйден ұзап шығар сапарларында мандайына жазулы жолсерігі болар атына «домалақ торы» деп ат та қойып алған-ды. Сол домалақ торыны ерттеп, далаға шығарды.

Нұрақай:

Тізгінін өзің шешіп, жолға өзің қамда. Сонда саған үйрене бастайды,— деген.

Өзі атқораның алдында қалтиған қалпы ұлының жүрген-тұрғанын зерттеп көзінен өткеруде.

Домалақ торы бөтен мінез танытқан жоқ. Тек байлауда көп тұрып қалғанын, қан таратуды қалайтынын пантомимамен сездіргендей, артқы аяғын соза түсіп, керіліп алды. Жан-жағына қарап елеңдеп, бірер рет оқыранды. Танысқан сыңаймен Бектасты иіскеледі.

— Сапар шегерін сезіп тұр жарықтық,— деді Нұрақай.

Аты қазақ болғанмен, атқорада қазақы ер-тоқым жоқ. Бәрі заводтың қалыбынан шыққан әскери ер-тоқымдар. Соның бірі домалақ торының үстіне қондырылды. Денесі шағын атқа ерепейсіздеу, жапырайған қораға бір мая шөп үйген тәрізді. Бірақ жоққа жүйрік жете ме.

—Үзеңгіні аяғыңа шақтап, не ұзарт, не қысқарт!— деді Нұрақай.

Бұл нұсқау әп-сәтте орындалды. «Әуп» деп, Бектас ат үстіне қонжиғанда:

— Оуп-по-по?!— деді Нұрақай. —Осы қалпыңмен тартпақсың ба жолға?

— Енді ше —деп Бектас әкесінің сұрағын бажайлап жатпай, тебініп қалды.

— Е, жарайды, жарайды,— деп күбіжіктеп Нұрақай тұр.

Сақыш шалының кейде Бектастың бойындағы ұнамсыздау деп түйген мінез-құлықтарын сынағыштап, ес-

кертпелеп, киліге беретін дағдысына тыйым салып: «Ол сен дейсің бе, өмір бақи атқорадан алысқа ұзамаған. Шахарда ғылым алып келген бала. Мұрындықсыз арбадай апырып-жапыра берме!»— деп «оқытып» тастаған. Нұрақай да айтқанға көніп, соңғы кезде «е, жарайдыға» көшкен. Бұл жолы да сонысынан жаңылмай өтуге шамасы әрең жетті.

Домалақ торының үстіндегі Бектастың пошымы Нұрақай «оуп-по-по» десе, дегендей-ді. Баста қара шляпа, үстінде делбегей қара плащ, аяқта жалтырата ысқыланған қара бәтеңке. Шалбардың балағы жоғары қарай жиырылып, ала түсті жұқа шұлық көрмеге қойғандай-ақ көзге ұрып барады. Жаз ишараты әлі сола қоймаған, күздің сызды салқыны меңдеп кете алмаған қоңыржай мезгілге киім жұқалық етер емес. Тек мынасы атқа салт мінген адамға келісімсіз.

Баяғыда біреудің ұзақ сапарға аттанып бара жатқан баласы: «Ол жақта да нағашымның үйі бар ма?»— деген екен. Бектастың қарасы ұзаған сайын Нұрақай Ақсу ауылында ат басын қай үйге тірейтінін тиянақтап жібермегеніне өкінді.

Мұның бәрінен беймәлім Бектас ә дегенше көшеніц аяғына шығып, Ақсуға қарай бет алған.

Кең дала, жалғыз басты жол шегу. Желкілдек адымды домалақ торы. Кекілі желп-желп етіп, жортаңдаудан таймайды. Жұлынбай, одыраңдап, ойқастамай, аяғын алшаң басқан ат үсті.

Ақсу жұртымен кездесуге дейін әлі бірер сағат уақыт алда. Бойын кеңге салып, манаураған Бектастың ой жүйесі кейінге, естелікке бейімделіп бара жатты.

Естелік — өмір сабағы, әр қилы тіршіліктің тәжірибесі, қорытындысы іспетті. Қайнаған өмір табалдырығын жаңа ғана аттаған қызуқанды жас жігітке бүгіні сенімсіздеу, ертеңі бұлыңғыр. Сондықтан болар, өң мен түстей өте барған жиырма жыл ғұмыр оған жұмақтың төріндей әсер береді. Ерекше жарқыраған кейбір жарқын сәттер санасында естелік болып жазылып қалған. Тұтамдай ғана өміріндегі сәулелі сәттерді қобалжулы көңіліне сүйеу ете ме, әлде. Әйтеуір, сонымен, тағы да естелік, тағы да шегініс... Ат үстінде келе жатқандықтан ба, Бектастың кезекті естелігі ат жөнінде.

...Әлде үшінші, әлде екінші класта оқитын кезі. Әкесі мойыл қорапты арбаға жегілген қаракер атпен үйге соғып, Бектасты қасына мінгізді. Дөң басындағы ұста дүкеніне келіп ат басын ірікті. Арбадан түсіп бара жа-

тып, Нұрақай: «Мынаны ұстай отыр»,— деп делбенің ұшып Бектастың алдына қарай тастай салды. Бектас болса, қолға тұтар жағы таспалап өрілген қайыс делбені босаң ұстап қана сақ отырудың орнына онысын қатайтыңқырап тартып алды. Басын жоғары-төмен шұлғытып, осқырынып, пысқырынып, зерігіп тұрған қаракер ауыздыққа қозғалыс белгісі тиген соң, жүрейік дегені екен деп ұққандай, орнынан жылжып кетті. Атты делбемен басқаруды Бектас әлі білмейтін. Жорта жөнелген қаракер биік дөңнен ылдиға қарай зымырай жөнелді. Арттан лықылдата итермелеген арба екпінімен қамыты басына кептеле берген соң, амалсыз шапқылауға айналды. Ұста үйден атып шаққан Нұрақай бар пәрменімен ылдилап жүгіріп келеді.

— Божыны тарт, божыны тарт!— деген даусы еміс-еміс естіледі.

Сонда ғана секем алған Бектас делбені шіренє тартты. Бірақ қосақтап бірдей ұстаудың орнына оң жағына басым күш салды. Қаракер енді оң иықтан айнала шапты. Арба әні-міне тоңқарылып, астына Бектасты ала-мала бүктетіліп түседі-ау деген сәтте әкесі боршаборша боп жетті-ау. Иесін таныған қаракер де баяулады. Жетектің басына қолын салып тұрып, Нұрақай біраз уақыт демін түзей алмай, ырсылдады. Екі беті қызара бөртіп, тер омырауын жауып кетіпті. Әбден тыныстап болдым-ау дегенде ғана.

— Күшік-ау, сен әлі ат жүргізуді білмейді екенсің ғой,— деді.— Бүгін бе, бүгін болсын, сені үйретейін.

Үш-төрт кісі емін-еркін сыйысып кететін мойыл қораптың ішінде екеуден-екеу жолға шықты. Беттері Ақсуға қарай.

— Мен бүгін сабақтан қалып қоям ғой,— деп Бектас тықыршып еді.

— Бүгінгі сабағың құрмалдық дей бер. Мен саған өмір бойына қажет сабақ үйретемін,— деді Нұрақай.

Қаракер аяңға ауысқан-ды. Аздан соң делбені елеусіздеу қағып қалып, Нұрақай бүлкілге көшірді.

— Ал бетте тоқ тұрған малды қатты қысып айдауға жарамайды. Тоқтығын басып, ішін босатсын, ауылдан сәл қашықтағанша аяң мен бүлкілді алма-кезектетіп отыр. Аяңы алымды болса, сол екпінімен ұстасаң да жетеді.

Қаракер денесі жазылғаны ма, іші пысқаны ма делбені шіренте тартып, тұмсығын ілгері созып-созып алды.

— Қаракер, міне, еркіме жібер деп келе жатыр. Қазір желіске саламыз.

Нұрақай: «Уа, Қаракер!» деп, дауысын ширақ естірте ұрандап жіберді. Аттың тұла бойына ерекше серпіліс біткендей. Пысық аяң мен серіппелі бүлкілдің желін үзбестен, үдете берген қалпы ытқи басып, көсіліп барады. Артқы аяқтарын нәшке бөлеп, орап-орап салатындай. Ат жігері қозып, қарқындағаны қарсы соққан желдің күшейгенінен, тұяқ астынан ұшып жатқан түйір-түйір балшықтан аңғарылғандай.

Қаракерге қосыла, Нұрақайдың да делебесі қозып бара жатқан сияқты. Балаша желігіп, қорап ішінде қозғалақ-қозғалақ етеді. «Е, бәсе!»— деп қояды.

— Бұл, міне, балақаным, сар желіс. Арынды ат сар желіспен желпінгенде, машинаның бір тиынға керегі жоқ!— дейді.

Әкесінің жеңілденіп кеткен қалпын көріп, Бектас ол дәл қазір өз жанынан өлең шығарып, тақпақтай жөнелсе де таңданбастай.

Сірә, қаракер сар желісті одан сайын асқындыра түскісі келсе керек, денесінде жиналған мол күшін тежей алмай, тоңқандап шаба жөнелді.

— Бұл шоқырақ шабыс. Осыдан ірікпесең, есірік шабысқа ұласады. Арбаға жегулі атпен шапқан келіспейді, әрі төрт доңғалақтан да тамтық қалмайды. Біз енді мұның арынын басуымыз керек,— деп Нұрақай делбені тартты.

Қаракердің басы кекжең ете түсті де, шабыстан желіске, біртін-біртін желістен бүлкілге түсті. Денесі қызған ат бүлкілге ауысқанда, билеп келе жатқандай әсер етеді екен. Ауыздықты қарш-қарш шайнап, делбені қайта-қайта сүзгілеп, тұяқтағы серіппе күші еселеніп кеткендей. Сол күш қаракерге қанат бітіріп, тіпті аспанға көтеріп әкететіндей.

Нұрақай делбені сәл ғана босаңсытып еді, серпінді желіс қайта жалғасты. Көп ұзамай, Ақсу аулының үйлері қарасын берді.

— Қайсыбір есер жігіттер алдынан ауыл қарауытса-ақ атқа қамшыны басып-басып жіберіп, құйындатып кіреді. Ол жараспайтын қылық. Бөтен ел бөтен үй сияқты. Оған дабырламай, даңғазаланбай, сыпайы, инабатпен кіру керек.

Осы өнегесін іспен бекіте түспек ниетпен Нұрақай қаракерді бүлкілге біржола бағындырды. Алшаң бастырып, ауыл көшесіне бойлай енді.

Нұрақайдың бар шаруасы — таныс бір үй ұшырағаннан қазаға көңіл білдіріп қайту екен. Сол межелі үйге жақындағанда, қаракерді мүлде баяулатты.

— Қаралы үйдің қасынан тасырлата шауып өткен адам сол үйдің жандарының кеудесін басып өткендей жаман әсер қалдырады. Тәртіпсіз, нақұрыстар ғана сөйте алады,— деді Нұрақай.

Ат басын тіреп, қаракерді орналастыру қамына кіріскенде:

— Жазда маса-шыбын үймелеу үшін, желездеу жерге байла. Қыста ықтасын іздеп тап. Мүмкіндік болса, алдыңғы аяғын биіктегенге келтір, сонда аттың белі бекіп, тыңайып қалады,— деп те жатты.

Үсті-басын қағынып-соғынып жатып, Нұрақай немқұрайды кейіппен:

— Аттың шылбырын андағы ашаға байлай салшы,— деді.

Бектас домаланып арбадан түсіп, қыл шылбырды ашаға бір орап алып, шалыстырып, шалындырып, домдап байлағансыды. Оның шимай-шатпағына зер сала қарап тұрған Нұрақай:

— Әй, балақан, айталық, ат алда-жалда бірдеңеден үркіп, тулап-тулап жазатайым құлап түсті дейік. Жаман айтпай, жақсы жоқ, сонда сенің мына шәтукенді неше сағатта шешіп алар едің, ә?!— деп зекіді.

Зілсіз ұрсып алып, Бектасты шұқшитып, қолының қимылына қадағалай қарауын талап етті. Өзі шылбырды күрмеп байлады. Селтиіп тұрған ұшын ұстатып:

— Қәне, тартып қалшы, қайтер екен,— деді.

Шылбыр жыланша ирелеңдеп шешіле кетті. Сабақ оқырдағы әдетімен қайта пысықтамақ болып, Бектас шылбырды икемдеп, тұғжындай бастап еді, Нұрақай:

— Жә, үйде тағы ежіктерміз,— деп тоқтатып тастады.

Атты шапшаң байлай салып, үйге беттеді. Оқыта оқыта қалжыраған ұстаздың кейпі бар.

Нұрақайдың атап келген үйі біреу болса да, бас сұғып сәлемдесетін шаңырақтары біраз екен. Қайтыс болған кісінің атын атайды да, «Мынау соның қарындасы», «мынау соның інісінің үйі», «мынау үй — нағашысы», «мынау үй — жиені еді» деп, Бектасты ертіп жүріп, бәріне бас сұғып аралап өтті.

Үйге оралар жолда Нұрақайдың ат жүрістерінің түрлерін қайталаумен жұмысы болмады. Ақсудан шыға бере:

—Маркұм менімен түйдей құрдас еді, жас кетті бейбақ,— деді тұнжырап.

Қайтып аузын ашқан жоқ. Өз ойымен өзі болып, «уа, дүние, өткен күн» деп, күбірлеп алады. Әлдебір мұңды әнді ыңылдап отырды. Иесінен еркіндік алған қаракер сар желіспен салдыртып отырып, түс ауа үйреншікті атқораға жетіп тоқтады.

Сөйтіп, Бектас сол күні тәрбие сабағының тәлімін далада өткерген.

Міне, бүгін жиырма екі жасар комсорг Бектас Ақсу ауылына дербес, қызмет бабымен сапар шегіп келеді. Бұл беталыстан оның дәмесі зор. Бөлімше комсомолдарының бірін қалдырмай жинамақ. Сұрақ-жауап түрінде әңгіме өткізбек. Институт қабырғасында төрт жыл түртінектеп жинаған білімінің біразын солардың миына көшіріп-қондырмақ. Алқақотан жұрт алдында тілін безеп, өз салмағын арттырып, дәрежесін көтеріп байқамақ. Комитет алдында шешіле алмаған есесін осында толтырмақ. Секретарьлық тұғырға бекудің бұл да бір жолы іспетті. Қайткенмен ол бұл сапардан, шағын Ақсу аулынан сенім күшін жинап оралмақ.

Мұндағы комсомол жұмысы бөлімшенің жас бухгалтері Мырзашқа жүктелген. Әр уақыт орнынан табылады, хабарласып тұруға ыңғайлы, жалақы есебі қолында жарна жинауға тиімді деген есеп болса керек.

Мырзаш кеңседе, есеп-шотын сыртылдатып отыр екен. Бектасты көріп, көтеріле түсіп, басылды. Алғаш тосырқаған мінез байқатқанмен, сөйлесе келе, өз жауапкершілігіне төселген, қосымша қоғамдық жұмыстың ауыртпалығына көндіккен адамның сыңайы танылды. Іс қағаздары, жиналыс протоколдары толтырылған. Бірін-бірі басып жатқан көп қағаздан Бектастың аңғарғаны — бәрі бір қолмен жазылған. Бәрінде Мырзаштың қолтаңбасы.

— Мырзаш-ау, бұл қалай?

— Бұл қалайың қалай? Қағаз атаулы орын-орнында қаттаулы жатса, жұмыс жүріп жатыр деген сөз емес пе!

— Яғни жиналыс ашатын да сен, жүргізетін де сен, баяндаушы да сен, мәжіліс хаттарды жүйелеуші де сен, солай ғой?

Мырзаш ыржың-ыржың етіп, күліп жіберді. Өтірік айтуға үйрене қоймағаны сезіліп тұр.

— Сен нағыз солдаттың көп шинелі болдың ғой,— деп Бектас кекесінмен жымиды.

— Ол не қылған шинель?

— Соғыста жүрген бір ағамыз хатында: «Құс төсегім де шинель, сәтен көрпем де шинель, басыма жастанар жастығым да шинель, киінер киімім де шинель»,— деп жазса керек. Аңқау жеңгеміз: «Соншама көп шинельдің бірін бізге неге жібере салмайды екен!»— депті де.

— Е-е-е,— деп Мырзаш тағы күлді.

— Ендеше күйші де, биші де өзім де, Мырзекесі. Ал комитет қайда?

— Комитет бар ғой... Ауырсынады... Біз сияқты темір тепкілеп, күнге қақталып жүрген жан емессің, қаламсабың қолында, сүйкей берсеңші деседі бәрі. Сонсын, амал бар ма, өремнің жеткенінше сүйкей беремін.

— Нөпір қағаздың арасында болмаған іс, өтпеген жиналысты да сүйкей бересің бе?

Мырзаш тағы ыржалақтады.

— Енді қалай, ара-тұра ол да бар...

— Дұ-рыс...— деді Бектас бұл әңгімеден көңіл жарытар ештеңе тауып тұрмаса да.— Кешке комсомолдарды жина! Жиналыс ашайық.

...Ымырт жабылып, кеш қарайған. Айтулы сағатта ешкімнің жұлқынып келіп жатқаны байқалмайды. Мырзаш қана тымпиып Бектастың қасында отыр. «Әй, қайдам...» деп есінейді ара-тұра.

Төзім қоры сарқыла бастағанда, есіктен бір бас қылтиды.

— Мырзаш, немене, шақырып па едің?— деді.

— Кір, кір, Манап,— деп Мырзаш әжептәуір қуанып қалғандай.

Жас адам болғанмен, бет-аузы әжімнен шимайлана бастаған Манап бері кірді.

— Ә, комсорг кеп қалған екен ғой. Жарады оның. Кеше ғана айқай-шумен сайлап едік. Бүгін бізді іздеп кеп қапсың, ә? Жарады оның,— деп ақсақал адамша қауқылдап жатыр.

— Комсомол билетіңді әкелдің бе?— деді Мырзаш.

— Ойбай-и,— деп Манап санын бір соқты.— Әлгінде есімде тұр еді. Ләйланың төс қалтасында қалыпты. Қой, жұрт жиналғанша барып алып келе қояйын.

Манап кетісімен:

— Ләйласы кім?— деп Бектас анықтады.

— Келіншегі.

Жарты сағат шамасында есікке бір тықыр таянды.

Бектас пен Мырзаш еленденсіп, көздерін тіксе, Манап екен:

— Түу, үйге бір айналып барғаным мұндай онды болар ма, мана асығып іше алмаған салмаға тыңқиып тойып алдым,— дей келді.

Қабырғаға ілінген сағат сырт-сырт соғып, өткен уақытты өлшеп жатыр. Тымпиып Мырзаш, шарасыздықтан сіресіп Бектас отыр. Екі-үш жас жігіт келіп кетті. Мырзаш:

— Отырсандаршы қойша өре бермей,— деп еді.

— Осы маңайдан ұзамаспыз. Жұрт жиналса, ысқырарсың,— деп әлгілер немкетті сыңай көрсетті.

Әкесі айтып күлетін бір әңгіме Бектастың есіне келді. Аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Макаров деген қазақшаға судай орыс сайланса керек. Бір колхозға келіп, колхозшылармен жиналыста сұхбаттасайын десе, жұрт ол келді екен деп ағыл-тегіл бола қоймапты. Макаровтың қазақша білетінінен бейхабар басқарма: «Бір жерге шоғырлана бермей шашырақырап отырсандаршы,— дейді Макаров дереу іліп алып: «Иә, сөйткен жөн. Сонда қарасындарың мол көрінуі мүмкін»,— депті қазақша.

Ақсудың жиырма шақты комсомол мүшелерінен үшеу-төртеуі ғана қылқыңдап, есікті бір ашып, бір жауып жүр.

—Бірен-сараны домохозяйка,— деп Мырзаш ақтала міңгірледі. Аузын арандай ашып, есінеп қойып, сөзге Манап килікті:

— Бектас-ау, сен әлі тәжірибең аз адамсың. Мен саған үйретейін. Бұрынғы комсорг қайлакер еді. Қоян тобығын жұтқан бізді жинаудың әдісін оп-оңай табатын. Ішінде қаптаған шпиондары бар кино ала келетін. Кино десе, кім үйінде отыра алған, қопандап, тайлытаяғымызбен жетіп келеміз. Ол бізді кино бітісімен, тыска да аттатпай ұстап қалады да, мәментінде жиналысты жариялап жібереді. Дакладын оқып тарқатады. Кино көргенге мәз боп біз кетеміз, жиналыстың нормасын толтырғанға мәз боп ол кетеді. Келесіде сен де сөйт!

Қанша тосқанмен, жиналыс іздеп келгендердің саны үшеу-төртеуден аспады.

Түнделетіп үйге аттанған Бектас Ақсуда комсомол жиналысы өтпеуінің, Мырзаш пен Манаптан басқа ешкіммен түс жарып, айрықша жүздесе алмағанының, қызғылықты деп келісім берген қызметінің алғашқы

күннен-ақ бояуы оңып бара жатқанының, ә дегенде аяқтан шала кеткен кедергілердің ызасын домалақ торыдан алды. Қараңғылықты жамылып, Ақсудың қарасы үзіле бере шабысқа басты. Орталыққа дейін шапты. Тобығын үзеңгі қажағанына қарамастан, екі өкпеден өршелене тепкілей шапты. Домалақ торы кейде тыным алайын дегендей екпінін баяулатқанын елеместен, ауыздығын езулей берді. Сол қалпында атқораға жетіп, белгілікті жерден кілтті алып, қақпаны ашты. Ерін сыпырып, торыны орнына байлай салды. Торының теңселісінкі қалпына, ішін соққан демікпе тынысына, түтіліп кете жаздап тұрған сөмпиіңкі кейпіне көңіл аударып, зер салмастан кете барды. Көңілі ашылмас тұмандай еді.

6

Ат соғып тастаған денесін әрең қозғап, Бектас кешірек тұрды. Екі аяғы сіреспен екі дөңгектей, бел тұтасып кеткен. Қызара қажалған тобығы сыздап әкетіп барады. Бұратылып жатып-жатып, бір шыныаяқ шай ішіп, жұмысқа беттеді.

Атқораның маңынан өте бергенде, Нұрақай көлденеңдеп қарсы беттеді. Өңі сұсты. Мұртының үш жағы едірейіп кеткен сияқты.

— Ә, келе жатсың ба?— деді.

Даусы қарлығыңқы да, ашулы.

— О, не?— деді Бектас ал бетте ұғынбай қалып.

— Атқораға соқпастан немене жылыстап бара жатқаның?

— Е, жұмысқа бармаймын ба?

— Жұмысшылын мұның! Бір мініп шыққанда, торы атты сұңқитып, қызылмай қылып әкепсің. Енді бір мінсеңе, мүлде зорықтырып жығатын түрің бар ғой!

Кешеден бергі ыза-наласынан көңілі күпті, өзіне-өзі кейісті қалыпта келе жатқан Бектастың аузынан оқыс сөз айтылып кетті:

— Зорықса, тағы бір ат табылар. Үйір-үйір боп жүрген жоқ па совхоз жылқысы!

— Ә, солай соқ!— деп Нұрақай ақырып қалды.— Он екі жасында көрсеткен тәлімім денеңе дарымаған екен, жиырма екінде тағы бір үйретіп бағайын...

Бірдеңе ауаны тіле ысқырды. Сол сәт Нұрақайдың қолындағы салт қамшы Бектастың иығын ала осып өтті.

Байпаң мінез әкесінен мұндайды әсте күтпеген Бектас адырая қарап, сілейіп тұр.

— Немене, тағы керек пе, ат қадірін білмейтін атқамінер!— деп Нұрақай жерге бір түкіріпіп, қораға қарай кетті.

«Аюды үйреткен таяқ». Менің енді аю болуым қалып еді!»— деп Бектас қызынып, кіжініп келеді. Бөтен біреу бүйтсе әрі таяқ жазықсыз тисе, қарсы қайрат жасап, жармаса кетер еді. Қамшыны жұлып алып, қайыра сілтер еді. Ұрған — әкесі, кінәсі — домалақ торы. Күтпеген жазасы, бірақ ашынып-шағыну ретсіз. Дызылдап, дуылдай бастаған иығы беті ашық жараға тұз жалатқандай. Алақанымен сипалақтап, кеңсеге қарай аяндады. Басқа барар жер әзірге жоқ.

Қабинетке қанша дабырсыз кірем десе де, тықырын Есмақ естіп отыр екен.

— Бектас, бері кел!— деді әр жақтан.

Қипақтап Бектас кірді Сүйретіле басып барып, алшақтау тұрған қара былғары тысты креслоға жайғасты.

Есмақ әуелі бұған тіксіне, түксие қадалып, үнсіз барлағандай. Көз ұшында әлдебір сенімсіздік оты салқын алаумен жылт-жылт етеді. «Осы Бектас па, Бектас емес пе?» деп, дүдәмал қалыпта сияқты. Мейірімді жұмсақ көзқарас алыс түкпірде бұғып қалғандай.

Бектас домалақ торы хақында Есмақ та бір-екі ауыз «жылы» сөз айтуға оңтайланып түйіліп отыр ма деп сескене бастаған.

Дегенмен Есмақ Бектастың қолапайсыздау келбетінен ішкі сырын ойша тоқып үлгерді ме екен, сазара қалған түрінен таймастан:

— Өңің сынық қой,— деді.

«Бала» дегенді «жеп» қойды.

Бектас сәл қыбыжықтап бөгелсе де, сөзді турасынан бастады:

—Алақайлап қол шапалақтайтындай ештеңе болмай тұр, Есеке?

— Ал... сөз сенікі.

Мен комсорг лауазымын алғалы бір жұманың қарасы боп қалды. Ал мен шын мәніндегі комсорг ретінде әлі шыбық басын сындырған емеспін. Былай... ұстаз бойынша айтқанда, комсомолдық жұмыстың нышаны білінбейді.

— Сеніңше ол қандай жұмыстар түрінде көрінуге тиіс еді деп ойлайсың?

— Қалай десем екен?.. Мақалдап айтса, жаяу кісі жатып қарайтып, аттылы кісі түсіп қарайтындай бір істер болу керек.

— Ендеше, сеніңше, жұрт аузын ашып, көзін жұмып, таңданып тамсанып, күн сайын, сағат сайын «о, мынау комсомолдық іс, о, мынау комсомолдар тындырған дүние» деп жар салып жатуы керек пе?

— Енді қалай... Комсомол қолы тиген іс анадайдан бадырайып, көзге ұрып тұру керек? Ал мен жөндеп бірдеңе бітіріп тастамақ түгілі әлі тисті жұмысымды бастай алмай дал болып жүрмін.

— Тоқта, бала, тоқта!— Есмақ орнынан тұрды.— Кім саған айтты сен жұмыс бастаған жоқ деп?

— Мен айтам. Өзім айтам.

— Өтірік айтасын!— деді Есмақ телефонға қарай таяп барып тоқтап.

Әлі сұсты қалпынан өзгермеген. Қобалжығанда не сұстанғанда, шықшыты ойнап кетеді екен.

— Қалай өтірік? Түк түсінсем бұйырмасын.

Бектас та ширыға үн қатты.

Өтірігінді шығарып берейін, тыңда. Комитет шақырдың ба? Шақырдың. Бұл бір жұмыс. Ақсуға барып келдің бе? Бардың. Бұл екі жұмыс.

— Мұндай жұмыс көрсемші,— деп Бектас кимелей жөнелді.— Жиналыс айқай-шумен өтті. Комитет тоң-торыс, тым-тырыс тарады. Ақсуға бардым — Мырзаш деген тымпиды, Манап деген қужақты көріп қайттым. Осы ма жұмыс?

— Әлбетте, жұмыс,— деп Есмақ та қызына бастатағандай жіті қимылмен Бектасқа төніп келді. Бектастың танауы делбеңдеп қусырылған түрін көріп, біршама сұсын сәл-пәл қайтарған сияқты. Өңінде жылы леп ойнай бастады.— Мен саған дәлелдеп берейін. Комитет тоң-торыс дейсің. Рас, олар әзір солай. Олар сені сынап жүр. Қалай жұғысар, қайтіп жақындасар екен дейді. Саған олар алдына келсе, тістейтін, артына келсе, гебетін қыршаңқы аттай мінез танытқандай көрінеді. Бірақ бұлар — комсомол жұмысына жан-тәнімен берілген адамдар. Сен, міне, осы ағымға лайық әрекет жасауың керек. Бұл сен үшін программа минимум. Ақсуға бардың — екі комсомол мүшесімен таныстың. Келесі жолы олармен қалай амандасып, не жөнінде сөйлесуді біліп алдың. Тағы барғанында, тағы да екеу-үшеуімен етене танысасың. Жүздің түсін білгенше, бірдің атын біл деген

қайда, ә? Ендеше бұл неге жұмыс емес? Жұмыс бұл! Көзің жетті ме енді?

Бектас жауырынын құныстыра, иығын қиқаң еткізді. Жаны бар сөздер санасын инемен піскілеп жатқан сияқты. Оның әлі де күмәнді түрін аңғарып, Есмақ бастырмалата түсті.

— Біздің жұмыс көрпе жөргеген әйелдің ісіне ұқсас. Кейде көзге түспейтін мардымсыз күйбең боп көрінетіні де бар. Бірақ сол қыбыр-қыбыр тырбанысымыз үлкен талпыныска ұштасып, астасып жатады. Тек төзім, шыдам керек. Талмайтын, қажымайтын құмырсқадаймыз біз.

Бектас жер шұқып, төмен тұқырғаннан жазған жоқ. Кенет Есмақ мырс етіп күлді:

— Манап, немене, комсомол билетім Ләйланың камзолының төс қалтасында қалып еді деді ме?

Тымырайған Бектас елең етіп, басын көтеріп алды:

— Оны сізге кім жеткізе қойды?

— Жел сыбырлап кетті дейсің бе, баяғыдан таныс әуен. Ол Манаптың үйреншікті қалжыны. Тексере қалсаң, билеті қалтасында жүреді. Тек соны сылтауратып, көрші үйлерге кіріп-шығып, реті келсе, жүз грамм ұрттап алғанға тақа теріс қарамайтын жігіт.

— Ондайын кім білген...

— Осылай-осылай білесің. Ал жиналыска жұртты жинау үшін, ішінде опыр-топыр, опан-топан оқиғалары бар кино әкелу керек деген сөз болған жоқ па?

Бектасты тікенек сезік мүлде жеңе бастады.

— Сіздің көріпкеліңіз бар шығар.

— Бектас қалқам-ау, мен бұл совхозда парторг болғалы да біраз жылдың басы қайрылып қалды ғой. Бәрі естіп-көріп, құлақ күнде сарсып жүрген жайлар емес пе. Саған басты жұмыс осы — комсомолдарды өз жиналысына киномен қызықтырып, сүйрелеу емес, саналы түрде тартылатын дәрежеге қол жету керек.

— Бұл ретте менің де пікірім сізбен үйлеседі,— деп Бектас көкейдегі ойын жасырып, бұқпантайлап қалғанды ретсіз санап, ағынан жарылды.

— Басты мәселеде бірыңғай түйіскеніміз жақсы ырым,— деп Есмақ та бүкпесіз рай танытты.

Аз-маз үзілістен кейін Есмақ:

— Жә, теорифа көп ойысып кеттік пе, бүгін не істемексің?— деді.

— Бектас нақты мақсат білдіре алмады:

— Шынымды айтсам, қазір ойым шашыраңқы, бытшыт. Сондықтан да болар, атап айтар жобам жоқ.

— Онда мен саған жұрт құлағын елең еткізетін бағыт сілтейін. Дүр етпе бір істі қажетсініп жүрсің ғой. Дәл бүгін сондай мүмкіндік бар. Комитетте ашық аспан астындағы би алаңы деген ұсыныс көтеріліпті. Директор екеуіміз ақылдасып, мақұл дестік. Орақ науқаны қызып кеткенше, бітіріп аларсыңдар. Бәкен мен Александр сол жұмыстың басы-қасында болмақ. Ақсудан оралған соң, сен де қолма-қол араласады дестік. Ол екеуі бүгін құрылыс участогінен қажетті материалдарды тасуға тиіс те. Соларды тауып ал!

Бектас көпшілік арасына кірігіп, жымдаса кірісіп кетерлік себеп табылғанына шексіз қуанышын жасыра алмай, жадырай жымыңдап, орнынан көтеріле бергенде:

— Сенің торың біраз күннің қарасынсыз міниіс көтере алмас. Тыңайсын! Уақытша жаяу-жалпылап, лаулап жүре тұрарсың,— деді Есмақ елеусіздеу үнмен.

Бектас не дерін білмей, дуылдаған бетін жасыра, далаға қарай ыта жөнелді.

7

Қол жұмысқа ыңғайлы, жұпыны киімін киініп, Бектас құрылыс участогіне келгенде, Александр мен Бәкен содан табылды. Екеуі терлеп-тепшіп, сүргіден өткен әдемі сәкілік тақтайларды машинаға тиеп, дестелеп жатыр. Бір қатынағанда, молырақ әкету мақсатымен тақтайлар жымдаса, сығылыса қатарланған. Шаруақор қолдардың тиесі ап-айқын. Қатар-қатар тақтайлар да лак жағып тастағандай сүйкімді жылтырайды.

Қысқа амандықтан кейін бір шетінен кірісе, қолқабыс ете бастаған Бектасқа:

— Бас қолбасшы басқару пунктін алғы шепке тақау жылжытты деген осы болар, сірә,— деп Александр қағытпа сөз тастады.

— Солай деп бағалаған адам аса жаңылмаған,— деп Бектас та бұл қақпақылды босқа жібермей, қағып алды.

Ол, әрине, «тас жармаса, бас жаратын», «жыланды інінен шығаратын» сөздің құдіретіне әдебиет теориясынан қанық-ты. Ал бейтаныс ортаға түскенде, адам мен адамды табыстырып не ажыратып жіберетін де сөз екенін біледі. Мәселе тек қай сөздің қалай, қай пиғылда

айтылғанында емес пе. Александр аузынан шыққан сөздерде қағыту-қалжың, сынап байқау, таразылап салғастыру, бір табан жақындыққа ишарат — бәрінің қоспасы бар болатын. Бектас өзін тығырық қамашадан шығарып әкетер сәт тап қазіргі жауабына байланысты екенін анық ұққан. Сондықтан ол Александр айтқан әзілдің астарындағы әр түрлі мән-мазмұндардың ішінен бір табан жақындыққа ілтипат лебізін дәл тауып баскан. Әуенге әуеннің үйлесуі домбырашының саусағына, сол саусақтардың ептілігіне, ұғымтал-сезімталдығына байланысты. Дәл осы сәтте екі кісі бір домбыраны қосарлана күйге келтіргендей жағдай еді. Александр бастаған әуенге үндесетін пернені Бектастың табар-таппасына көп сыр, ілгергі талай шешімдер байланған-ды. Қажет перне дәл басылған сияқты. Александр жымың ете түсті:

— Артық қол бөгесін болмас, кеш келген сыбағаңды қаркындат!— деді.

Бектас та еселеген күш біткендей, қаркындатып бақты.

Әлден уақытта машинаның доңғалағын тебіңкіреп байқап, Александр:

— Жігіттер, осы жүкті бір жеткізіп алайық,— деп тоқтатты.

Клубқа қарай бет алғанда, Александр машинаны жүргізген бойы:

— Қалтаға диплом бастырғанына мәз ақсаусақ па деп ойлап едік, қолың жұмысқа жұғымды көрінеді. Бұл сен үшін бір плюс,— деп күлді.

Күлкісі кең, арынды. Қабағы жазылып, қатқыл келбетінде жадыраңқы сурет табы пайда болған.

— Кхе-хе,— деген астарлы күлкімен Бәкен оны қостайтынын білдірді.

Бектас май еріткендей кеңпейіл қалыптан айрылып қаларға қорыққандай, әрбір жылы лепті қалт еткізбей сіңіріп отыр.

— Сонда бұл бірінші плюс қана ма, тағысы тағы бар ма?— деп әзілге бұра, барлауға көшті.

— Тағысы бар, тағысы бар, кхе-хе,— деп қопаңдаған Бәкен әлдебір өзара құпияларын сездіріп қойды.

— Осы сенің шыдамсызың-ай, патшағар,— деп Александр да өзуін жимай отыр.— Бірінші плюсті Ақсуға сапарың үшін деп ұйғарғанбыз.

— Ақсуға сапар нәтижесіз аяқталды, ол үшін плюс артық,— деп Бектас күрсінді.

Манағы қамшы орны сыздап кеткендей, иығын еппен сипады. Есмақтың таңертеңгі сұсты келбеті елестеп өтті. Кеуде тұсы шымыр еткендей болды.

— Біздің әзірге ол сапардың нәтижесін қазбалайтын ойымыз жоқ. Бәкен екеуміздің бағалауымыз былай: жеке кабинет тиді екен деп мардамсып, кеңсені төңіректеп жүріп алмағаның үшін, комсомол жұмысын тікелей жергілікті жерде тексеріп алайын деген ниетің үшін, жобасы дұрыс екен деген плюс. Ағылып жатқан машиналардың бірінің кабинасына жармасып кете барсаң, ойлар ек, зеріккеннен серуендеп қайтуға аттанған ғой деп. Ал сенің Ақсуға атпен аттануың, оның үстіне басқа шляпа, аяққа керзі етік орнына театрға баратындай жалтыраған туфли киіп шығуың... бұл маңайда бұрын-соңды кездеспеген көрініс. Бірінші плюсің осы.

Үшеуі кабина ішін жаңғырта күлді. Осы күлкі Бектастың өне бойына нұр шашқандай. Басынан бақайына дейін бұлақ суы құйылып жатқандай, жайдарман күй кешіп келеді.

Әңгіме жол қысқартады демекеші, ә дегенше бұлар клуб маңына жетіп қалды. Дестеленген тақтайлар енді жерге түсірілді, сол дестесімен қатарластырылды. Тершіген маңдайларын сүртінісіп, үйеме тақтай үстінде қатарласа отырып дамылдады. Александр мен Бәкен темекі түтініне оратылып алған. Тұман ішіне сіңіп кеткендей. Бектасқа бұл әзір қонбаған бақ.

Жатақханада кейбір демалыс күндері ермек үшін қосылып, карта ойнағанда, Бектаспен жақтастар үнемі ұтылып қала беретін. Кінәнің салмағы сылбыр, құлықсыз ойнайтын Бектаста екенін тұспалдап, құрдас студент: «Бектастың картадан бағы ашылмаған,— дейтін. Сол айтпақшы, әзірге карта, арақ, темекіден «бағы жанбаған».

— Темекіге құмарланбаған сенікі ақыл,— деді Александр,— Бұл заразаға бір құнығып алсаң, құтыла алмайсың.

Темекі тартылып бітіп, бөксе көтерерге келгенде, Александр тағы бір сөз тастады:

— Сен, Бектас, бұл істі менсіз басқарып кеттіңдер деп ренжіме! Бірқатар жылдан бері айтылып жүрген мәселе болған соң, Есмақ ағайға шет жағалап сездіріп, қозғау салуын өтініп, қыңқылдап көріп едік, ол кісі қарсылық етпеді. Директор екеуі өзара шешіп бұл жұмысты бастап, тиянақтауға берген уақыты бір ғана жұма.

— Бір жұма?!— деп, айналасы жеті күнді тұтамдай ғана санап, азырқанған Бектас тайқақси сұрады.

— Қорықпа!— деді Александр.— Мына Бәкен бүгін кешке жастарды жинап, бұл мәселені төбеден түскендей қып ортаға салады. Ал оларды қалай жинайтыныңды, Бәкен, өзің айтшы.

Бәкен әдетінше «кхе-кхелеп» алды.

— Радио торабына барам да мынадай мазмұнға хабарландыру беремін: «Жас жолдастар, құлақтандыру тыңдаңыздар! Құлақтанбай қалғандарың бір-бірінді құлақтандырыңдар! Бүгін кешке клубта танцы болады, танцыдан кейін вечер болады». Қара да тұр, тайлытаяғымен келеді.

— Танцыдан соң вечер боладың немене?— деп Бектас анық ұғынбағанын білдірді.

— Ой, жай, сөздің сыралғысы ғой...— деп Бәкен астарлы күлкімен тыйылды.

— Сонымен, бүгін кешті би алаңын құрастыру жолын жаппай жұртпен шешеміз бе?

— Солай, солай, әлбетте,— деп Бәкен басын шұлғыды.

— Әлбеттесі әлбетте ғой,— деп Бектас екеуіне ортақ сұрақ қойды.— Тек мен түсінбей тұрған бір жай бар. Би дегенді клуб ішінде де билеуге болады, солай емес пе? Даладағы қосалқы би алаңы қандай мұқтаждықтан туған ұсыныс?

— Сұраққа Бәкен екілене жауап қайтарды. Дәл осы жолы екпіндете, депірте дәлелдемесе, мына Бектас сәті түсіп басталмақ боп тұрған құрылысты дереу кідіртіп тастардай.

— Ойбай-ау, романтика қайда, романтика! Жас көңіл, лепірген қызу шақ. Ай астында алтыбақан тепкендей әсер беріп электр шамы бағана басында күлімдеп тұрса, қыз бен жігіт атаулы сол шамшырағы төгіле құлпырған патшалыққа қол ұстасып кіріп жатса... бұл дегеніңіз тамаша сурет, ғажайып ләззат емес пе?!

Бәкеннің тілдің майын тамыза суреттеуінен Бектас та әсерленіп кеткендей. Әйкенді қынама белден қапсыра құшақтап, дөңгелете билеп жүргендей қиялға беріле кетті. Расында, қап-қара қою қараңғылықтың ортасында сан түсті жарығымен жымыңдаған сәулетті патшалық тұрса тамылжып! Жаңа ғана қараңғылықта тұртініп келе жатқан бетте мол жарыққа өне бойыңмен кіресің де кетесің! Табылған ақыл!

— Болсын, болсын біз толық қолдаймыз!— деп Бектас екі қолын бірдей көтерді .

Айтылғанындай, кешке таман жергілікті радио үш дүркін Бәкеннің құлақтандыруын жариялады. Кешке жастар клуб төңірегіне лек-легімен келе бастады. Вальс пен фокстроттың арасында дамылдар бір сәтті пайдаланып, сахнаға Бектас шықты. Би ырқымен жұптасқан қалпы аңтарыла қарап тұрған көпшілікке клубтың қасынан жазған би алаңын құрастыру жөніндегі ұсынысты ортаға салды. Қарсы қол көтеріп, дыбыс шығарған ешкім жоқ. Жұмыс соңында сенбілік әдісімен қимыл жасауға ұйғарысты. Балға, балтасын алып, бірде-бірі қалыс қалмастан қолқабыс етісуге келісті.

...Түнделете Бектас атқораға келді. Домалақ торы, десе дегендей, жеріне жете титықтаса керек, ием келді екен-ау деп селт етпеді. Жалынан, кекілінен сипаса да, оқыранып еміренбеді. Жүні итіс-итіс қалпы сұлық тұр. Көзін жұмған меңіреу қалыппен мүлги береді.

8

Уәдешіл жігіттер мен қыздар қолы босап кеткен сағаттарында болашақ би алаңы маңынан табылып жүр. Ұлы думан, сайран салған көңілді топ. Күні бойы совхоз жұмысын атқарып, шаршап келгендерін білдірмейін дегендей көбінесе қалжың жағын бастырмалатып серпінді қимыл жасайды. Ойнап жүріп, ойсырата қимылдайды.

Бектас Әйкенді де бұл «ұлы құрылыстан» жырақ тастамай, бірнеше рет ертіп әкелді. Межелі бір жұмадан асырмай, барша жұрттың аузындағы би алаңы дайын етілді.

Аспаннан төніп қараса, дөңгелек гүл жапырағы іспеттес. Тақтайлардың бастары дәл ортадан тарап, бір кіндікке бас түйістіргендей. Бір-біріне сыналай жабысып, жымдаса жатқан. Төрт бұрышқа бағаналар орнатылып, бағана бастарынан төрт прожектор жерге қарай төніп тұр.

Би алаңының ашылу кешін мейлінше салтанатты етуге Бәкен барынша тырысқан. Оның маңы қаптаған музикашылар. Совхоздың үрлегіш аспаптар оркестрі де, домбырашылар алқасы да осында. Сәнді киінген жұптар, өзара сөйлескен жастар тобын жазбай шоғырланған.

Бұл жылдары рок-н-ролл тәрізді шетелдік би нұс-

қасы енді-енді кіріге бастаған кез. Көбіне желқаңбақша қалқытқан вальс, маужыратпа-мұңаймалы танго, ерке қыздай секіртпесі ерікке қоймайтын жеңіл фокстрот, қызуқанды кроковяк биленетін. Вальспен дөңгелене қалықтап жүріп, Бектас пен Әйкен екеуі алғаш биге түскен кештерін еске алды.

...Бектас қысқы каникулға келген. Әдебиетші мұғалім Жылкелді мектептің хор үйірмесін басқаратын. Қоярда қоймай, Бектасты мектепке желкелегендей сүйреліп әкелді. Қолқалайтыны — ол жылдары жаппай тарай бастаған Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні.

Жылкелді Бектастың бір жиында шырқағанын естіп алып, қыр соңынан қалмаған.

Сөйтіп, Жылкелдіге ерген Бектас енесімен қабырғаласқан құлындай боп бір класқа кірді. Парталарда сығылысып отырған балалар ду етіп түрекеліп, үнсіз сәлемдесті де қайтадан дүр етіп басылды.

— Балалар, мына Бектас ағаларың бүгін бізге ұлы ақынымыз Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін үйретеді. Мұқият тыңдап, сол әнді ұғынып алайық. Басқалар әлдеқашан шырқап жүргенде, біз босқа аңырайып, жәй қаламыз ба!— деп, Жылкелді бір жағы қайрауы, бір жағы әзілі аралас сөздерімен онсыз да жұтынып отырған шәкірттерін желпіндіріп қойды.

Бектас әуелі балалардың зейінін төселдіріп алмақ машықпен гармоньға қосып, әнді айтып өтті. Демдерін ішінен алып, тым-тырыс ықыластана тыңдаған жеткіншектердің ынтызар жүздері тіпті қанаттандырып жібергендей. Өлеңнің алғашқы шумағын тақтаға жазып, сонан соң әр жолдың әуенін ыждахаттап ұқтырды. Жас әншілерді өзіне ілестіре айтқызып көрді. Әр жолдың әуенін пысықтап болып, жорғаның төрт аяғын теңбастырғандай, төрт жолдың басын біріктірді. Оқушы қауымнан асқан ұғымтал кім бар, әп-сәтте класс іші сыңсып, Абай әні кернеп кетті.

— Балақандар, жарадыңдар!— деп Жылкелді мәзмейрам.— Біздің қорымызға жаңа бір ән қосылды.

Жылкелді жымың-жымың еткен қалпы балаларға көзін қысты:

— Ал енді бар ғой, балалар, мен білсем, осы Бектас ағаларың жақсы-жақсы билерден де құралақан емес, Сол байлығынан да бөліссін!

Бектастың тартынып, жалтарар реті қалған жоқ. «Мен дайын» деуге мәжбүр болды. Радиолаға музыка ойнатып, вальс үйретті. Сол алғаш рет оныншы класс

оқушысы Әйкенмен билеген. Бүгін сол кешті еске түсіріп, Бектас:

— Өзіңіз биге ысылып қалыпсыз ғой, қарындас!— деді.

— Бізді қарындас деп қалжыңдау әлі ерте, ағай. Балақан деп сөйлеңіз,— деп дәл сондағыша жорта қымсынған болды Әйкен.

— Ә, солай ма, білмедік, ғафу өтінеміз,— деді Бектас.

Бал дәуренді қайыра бір бастан кешкендей, сақылдай күліп, Әйкенді ұршықша үйіріп-үйіріп әкетеді.

Бектас әлден уақытта Бәкеннің айнала биші топтың арасына сүңгіп кетіп, ана тұстан бір, мына тұстан бір қылтыңдап, сопаң-сопаң қыдыңдап жүргенін аңдады. Жігіттерге жанаса бергенде, Бәкеңнің қолына қол жұғыса кетеді. Сол сәтте Бәкен тік көрмегендей жылысып тайып береді. Әрман жақтан билей жылжып кетіп бара жатқанын көзі шалды. Қолға қол тағы сүйкенісе кетеді. «Осы жігітіміз неге жортақтап жүр» деп Бектас әлденеге күмәнданды да аса мән берместен тыйылды.

Бәкен жортақы жүрісімен жорғалап келіп, радиоланы тоқтатты. Алақанын сартылдатып, жұртты өзіне қаратты. Баянды иығына артты:

— Жарандар, «Матросский перепляс!»— деп көтеріңкі леппен жариялады.

Бәкеннің қол сермесін күтіп тұрғандай, жұрт дереу шөптесінге қарай ошарылып, тақтайлы ортаны бос қалдырды. Баян түймелері тегеурінді музыка тілімен сөйлей жөнелгенде, ортаға серіппелі секіріспен орғып Александр шыға келді. Жеңіл қимыл, еркешора нәш. Бойы тіпті сұңғақтанып кеткендей. Алғаш қабағының сұсын жаза алмағандай, түңеріңкі бастап еді, тулаған толқыннан қуат алғандай арынды биден лепіріп қызынған қан жүйесімен қабағы біртін-біртін жадырап, күлімсіреуге айналды.

— Ғаламат биші өз арамызда жүр ғой,— деп Бектас мәз.

Бір сәт табиғатында түксиіңкі қабақты Александрмен мына әсем биді үйлестіре алмай, дағдарып та қалады. Бірақ көз көріп тұрған соң, сену керек. Қолмен ұстап, тінткілеп тексерсең де, бұл сиқыр емес, бірде тепсініп жіберіп, бірде табанымен сәкі бетін сыпылдата қалықтап жүрген өнерпаз дәл сол, еш қатесіз, Александрдың өзі.

«Матрос биі» тойтарқардың белгісі екен. Бірер рет

фокстротпен желпініп, қоштасарға вальспен ырғалып, жұрт ыдырай бастады. Бектас та Әйкенді қолтықтап, көшеге қарай оңтайлана бергенде, біреу жеңінен тартты. Бәкен екен. Жып-жылмағай сары өңі әбден жылтырап алған.

— Танцыдан кейін вечер боладының мәнісін көрсетейін, кетпе,— деді.

Оның ымдаған жағына беттегенде, өзара «костюмерная» деп атап кеткен бүйір бөлмеге келді. Орындықтарда, диванда шалжиып-шалжиып бірнеше жігіт тоғысқан екен. Ортада стол. Стол үсті самсаған арақ шынылары мен консерва. Александр да осында.

— Мұнша машақат ненің құрметіне?— деді Бектас тіксініп.

— Бұл енді... былай,— деп Бәкен мәймеңкелей жөнелді.— Жігіттер аздап теңгелеп қосылады, сонсын көңіл көтерерге шамалап, мас болмай ғана...

Бектас қайтер екен дегендей Александр жалғыз рет қана сүзеген көз тастады. Тұнжырап отыра берді.

Бектас Бәкенге:

— Далаға...— деді түйіліп.

Далада:

— Танцыдан кейін вечер боладының ұсқыны осы ма?!— деді сыздана сөйлеп.

— Осы!— деді Бәкен қаймықпастан.

— Ылғи осылай ма?

— Мүмкіндігінше... Жігіттер сенімді, ауыздарынан сөз шығармайды. Теріс мінез көрсететіндер емес.

— Ендеше былай: бұл вечерің соңғы деп есептейік!

— Есептесең есептей бер!— деп Бәкен бір-ақ қақты.— Біз есептей қойсақ...

«Кхе-кехелеп» күлді. Аузын қисандатып, мойнын аспанға созады:

— Саған дейінгі комсорг бірге ішіп, бірдей тоятын. Ештеңеміз жұғып қалған жоқ, аман-есен кетті. Қызметі тіпті жоғарылап кетті,— деп күңкілдеді.— Шелектеп ішсе де, ізін білдірмей тайған соң, кімнің жұмысы қанша!

— Оңашада тағы ескертемін,— деді Бектас тістеніп. Әр сөзін үзіп-үзіп сөйледі..— Келесі жолы көрсем, ана шыныларыңды быт-шыт етіп тасқа соғамын. Столыңның аяғын аспанға келтіремін!

— Оңашада мен де ескертейін,— деп Бәкен де шиеленісе түсті.— Мен сияқты кадрды мың шақырым төңі-

ректен вертолетпен іздесең де таба алмайсың. Сондықтан қоқаңдамай, тынышыңа жүр!

— Соншама сен кімсің?!— Бәкен келеке, әзәзіл күлкімен аузын қисайтты:

— Мен кетсем, баянда кім ойнайды, плакат-транспорттарды кім жазады?! Ондай адамың бар ма, кәне? Алдымен іздеп көр, сонан соң менімен сөйлес! Менен айрылсаң, зыр жүгірерсің. Есекең мен сенің қаңа жарты жұмыстарың маған тікелей байланысты. Менсіз шаг аттай алмайсындар! Көке жасық сен де, мүйізі қарағайдай Есекең де! Түсіндің бе? Көзінді ашып қара!

— Көрерміз!

— Көр, көр! Айтқаным келмесе, түу бетіме де!

Бәкеннің даусы мысы женіп тұрған адамдай өктем.

Бектас кілт бұрылып кете барды. Анадайда тосып тұрған Әйкен:

— О не, жай ма?— деп еді.

— Жай, әншейін,— деп Бектас сыр шаша қоймады.

Тек тынысы ысылдап, демалысы жиіленіп кеткен.

Әйкенге табан аузында ашыла алмаса да, Бектас іштей түйілігіп, күйініп келеді. Күйіне тұрып, Бәкеннің қоқанлоқысының тегін емес екенін түйсініп келеді.

Кеңсенің алдындағы желіні тырсиған сиыр, сүт толы шелек көтерген сауыншы, әлде жылқының, әлде шошқаның сан еті баттита бейнеленген транспорттар осы Бәкеннің қолынан өрбіген «туындылар». Кеңсе коридорындағы, бригада, ферма бастарындағы әр түрлі мазмұндағы ұрандар да Бәкеннің «өнер тамған» қолының таңбалары. Әрине, қоғамдық жұмыс ретіндегі қосалқы тапсырма емес, ақысы төлеулі «өнер». Клуб меңгерушісі баянда ойнаушы, суретші. Мұншама лауазымдардың бәріне белгілі мөлшерде жалақы есептеледі. Бәрін қосканда, дөңгелек сома оның қалтасына түседі. Бірнеше қолды үнді құдайы іспетті Бәкен бұл ретте: «Кетем» деп қорқытатыны содан. Өзін екінің бірі, біреу болса, жалғыз өзі деп санайды. Бәкеннің мардамсыған қылығына зығырданы қайнаған Бектас дәл осы сәт сүретшілік өнер бойына дарымағанына қатты қынжылып, өкінді. Сөйтіп келе жатып:

— Қалай қарайсың, Әйкен, гармонь білген адам баянда ойнауға үйрене алар ма еді, ә?— деді.

— Меніңше мүмкін ғой деп ойлаймын.

— Ендеше мен ертеңнен бастап баян үйренуге кірісемін!

— Кіріс, кіріс. «Өнерді үйрен де жирен» деген емес пе... деп, Бектас көңіліндегі әлем-тапырықтан беймағлұм Әйкен жымия қостады.

9

Бектас таңғы жұмысқа қамданып жеткенде, Есмақ атқора алдында жолықты. Жиренін жектіріп қойыпты. Өзі арбаның кіндігін, күпшегін, мұрындығын түгендегендей, ар жақ, бер жағын қарағыштап, айналып көрді. Жиреннің жалына жабысқан бірер ошағанды жұлып тастады. Төгілмелі жалды бес саусақпен тарағыштады.

— Комсомол бала, бүгінгі жоспарың қандай?— деді сәлемдесе сала.

Алғашқы күндері Есмақтың «Бүгін не істемексің, бүгін қайда болмақсың?» деген сұрақтары мезі қылардай тікенек әсер етуші еді. Бұндай сұрақтардан қашып құтылмасын білгендей, Бектас көндіге бастаған. Қитықпай, жөн жауап берді:

— Александрмен Ақсуға барсам ба деп едім. Оның бүгінгі маршруты солай қарай...

Есмақ жиреннің жалын салалауды доғарып, Бектастың бет-жүзін зерттей, шұқшия қарады:

— Бұл не, жығылған күреске тоймас па, әлде мақсатты сапар ма?

— Екеуі де бар.

— Ақсуға құтың түсіп тұрса, ертең егін орағы басталады. Партбюро мүшелерін осы науқан бойына әр бөлімшеге бекітіп, жауапты етіп тағайындайтын салтымыз бар. Сені партбюро мүшелерінің есебіне қоса, Ақсуға өкіл етуді ұсынсам деп едім. Соған қамдана бер. Александр да сонда комбайннан астық тасуға белгіленген. Бірге жүруден сусындарың қанады. Ал бүгін, қарсы болмасаң, менімен серіктесіп, шошқа фермасына барып қайтайық. Мен коммунистрмен, сен комсомолдармен жүздесіп әңгімелесейік.

Бектасты «Бұл кісі үнемі осылай орта жолдан қағып әкете берсе, менің дербестігімнен жұрын да қалмайды ғой!» деген қысталаң, ой кернеп бара жаты. «Әлде, домалақ торыны іске жаратпай қойдың, аттылыны көріп, аяғы талатын жаудың халін басыңнан кешіп байқа деген сес пе?!» деген сезік те туа қалғандай.

— Сондайлық тығыз шаруа ма?

Есмақ Бектастың бетіне барлай қараған қалпын өзгертпестен:

— Сен сайланғанға дейін сол фермадағы коммунистер мен комсомолдар айына екі рет кезектесіп, саяси хабарлама жасап тұруға кіріскен еді. Бүгін кезек Оксана деген қызға тірелген. Комсомол. Жұрт алдына алғаш шығуы. Менің басқа да жұмыстарым бар, жолжөнекей Оксананы да тыңдай келсек дегенім еді.

— Барсақ, барайық,— деді Бектас.

Шошқа фермасы орталық қоныстан аулағырақ орналасқан. Бектастың мұнда, жалпы шошқа маңына беттеуі тұңғыш рет.

Қазақтардың бір-біріне «қорсылдақтың етін жеп семіргеннен саумысың!» деп жататыны, «шіркін-ай, ақ қойдың етін айтсаңшы» деп қалжыңдап жататыны бір бүйірінде жүретін Бектастың шошқалы жердің қоңырсыған исінен жиіркенетін «қазақылығы» ішінара жоқ емес-ті. Жиіркен, жиіркенбе, бару керек. Қону керек. Қызмет солай.

Бектастың осы ойынан хабары бардай, көсілмелі жиренді желдіртіп келе жатқан Есмақ:

— Шошқа етіне қалай қарайсың?— деп қулана жымиды.

— Әзірге ондай тарыншылыққа ұшыраған емеспін.

— Тіпті де ме?

— Тіпті...— дей беріп, Бектас өз-өзінен күліп жіберді

Есіне тағы студенттік шақтың бір естелігі түсе кетті.

Талғарға тәжірибе алуға келетін жолы Сейдалы екеуі екі айға қоныс етерлік пәтер іздеп, қаланы біраз шарлады. Бірі алыс болды, бірі бөлмелерін қымбатқа бұлдады. Есек мінген бір қазақ кемпірі кездесіп, бұлардың жайына қанған соң:

— Тұрам десендер, қымбат сұрамаймын,— деді.

Не де болса, айрылмайық деп Сейдалы:

— Адресіңіз қалай?— деп шап ете түсті.

— Клеверная, шеш,— деп әлгі кемпір сап-сары бірденені аузынан есектің желкесіне былш еткізді.

— Шеші немене?— деп Бектас анық-таныққа кіріскенше, Сейдалы:

— Қой, басқасын іздейік, насыбай ататын нас кемпір болды бұл,— деді безіп бара жатып.

Салынып-малынып жүре-жүре тапқандары бір орыс үйі. Әйел жалғызілікті екен.

— Қаласандар, тұрыңдар. Тым қанай қоймаспын. Студентсіндер ғой. Бірақ ескертіп алайын — жейтіндерің шошқа еті болады,— деді.

Армия міндетінен өткерілген Сейдалы:

— Доңыздың еті болса да мейлі,— деп салды.

Деуін деп қалса да, іле Бектасқа жалт қарады. Бектастың сөлбірейіп, аяғы дуылдап, шаршағаны сондай, ол да «доңыздың еті болса да» жеуге келісім берді.

Кешкі тамаққа үй иесі әйел пештің плитасына үлкен табаны жалпасынан қойып, май иісін аңқытып бірдеңені шыжғырып жатқан. Таба столға орнағанда, ішіндегісі — сарымсаққа қурылған шошқа майы.

— Дәмді, нәрлі, жеп алындар,— деді әйел.

Сейдалы әй-түйге келмей, кіршілдетіп асай бастады. «Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» дегенге бойұсынып, Бектас та кірісті. Соңынан «жүрекке тимейтін мұндай бір ет, бір майлысын қорек етуге болады екен» деп баға берді.

Осы жайды әңгімелеп берген Бектасқа Есмақ:

— Ә, бала, солай ма? Асханаға барғанда, борщтың етін алып тастап, сұйығын ішетін «сұпы» қазақтар әлі де кездеседі,— деп күлді.

Арба үстінде қозғалақтап алып:

— Бұл шошекең қазақты талай қырға салды ғой,— деп бір әңгіменің ұшығын шығарды.— Отан соғысының қарсаңында болса керек, осы Ақсу ол кезде колхоз. Сол колхозға шошқа төлін өрбітудің жоспары белгіленеді. Басқарма, амал жоқ, екеу-үшеуін діңкесі қатып, өйтіп-бүйтіп елге жеткізеді. Көптеп-көмектеп, есіз қалған шошалаға қамайды. Әлгі шошекендерді бағып-қағуға тағайындалған адам, есік ашып кіруге қорқа ма, мұсылманшылығы ұстап кете ме, бар тапқан амалы — шошаланың төбесінен айырмен шөп тастайды. Шошқа шөпті қайтсін, үйреншікті ботқасы ауызға тимей, әбден ашыққан соң, тал біткенді кеміріп, іргені ұңғылап қазып, бет-бетімен тайып беріпті. Сондай да хикая болған, бала.

Бектас бұл хикаяға шегі түйілгенше күлді.

Фермаға жетіп тоқтаған соң, Есмақ жиренді тасалау жалтаңға байлап қоя сала, қуыс-қуысты аралай жөнелді. Аяғынан бәтеңкесі түспейтін Бектас сонда ғана Есмақ бұл сапарға күні бұрын қамданып, резеңке етік киіп алғанын аңғарды. Бектас тазарақ, құрғақ жерлермен аттап-бұттап, орағытып барғанша, Есмақ туралап, межелі тұсына төтелеп жетіп жүр. Осылай бірде кеш қалып, бірде дөп барып жүріп, Есмақтың

шошқа бағушылармен әңгімесінің үзіктеріне ғана ілігіп қалады.

— Жем уақытында жеткізілмейді.

— Қысқа дайындығымыз шамалы, қоралар аңғалсаңғал.

— Спецовкаларды жаңартып беріп отырса, теріс болмас еді.

Осы тәрізді жүрдім-бардым айтылғандай тілек-талаптар Бектас үшін ұсақ-түйек, шаруашылық мүдделеріне тікелей қатысы мардымсыз бірдеңелердей ғана. Есмақ олай емес, әр сөзге мұқият мән беріп, «жақсы, осыдан барысымен тексерейін, қозғау салайын» деп басын шұлғып жатқаны.

Шошқалардың маңынан жүріп өткендегі күлімсі иіс те Бектасқа оғаш. Таза ауаға қашан, қалай кетіп қалудың амалын таба алмай, тықыршумен жүр. Алды-артына қарамай, тайып отырайын десе, Есмақтың қасында байлаулы бұзаудай, сытылып кетудің ретін келтіре алмай әлек. Өстіп әрі-сәрі қалыпта тұрғанында:

— Оксана, бері кел,— деп Есмақ қара қас, қара көз украин қызын қасына шақырып алды.

Бектасқа меңзеп:

— Комсоргтарың сендермен әдейі дидарласа келді,— деді.

— Шошқаларымыздың қорсылынан сескеніп қашып кетпесе, біз комсорг жемейміз. Келіп жүрсін үрікпей,— деп Оксана күлді.

— Оксана — осы фермадағы комсомолдар тобының жетекшісі. Білесің ғой?— деп Есмақ Бектасқа көз тастады.

Кімде қандай қоғамдық жұмыс жүктеулі екенін әлі де толық меңгеріп үлгермесе де, Бектас сыр бермей:

— Білемін,— деді.

Таңғы бағым аяқталып, ферма басындағы жандар бір адамдай түгел қызыл бұрышта тоғысты. Күнібұрын келісіп-пішілген жұмыс өз жүйесін тапқандай көрінді. Кіріспе сөз, алдын ала баяндау сияқты шартты рәсімдерсіз-ақ Есмақ:

— Ал, Оксана, құлағымыз сенде,— деп иек қақты.

Оксана қылымсып-қымсынбастан, дайындап әкелген саяси хабарламасын бастап әкетті. Газет қиындылары, қағазға түртіп алған жазбаларын әуелі қайта-қайта қопарыстырып, умаждай беріп еді, сөйлей келе, төселген екпінмен майда қоңыр дауысы ырғақты қалыпқа түсті. Тіл ұшында көбіне Африка, Конго деген атаулар

жиі ұшырасады. Арасында «Мы тоже люди, мы тоже любим» деген африкалықтар айтатын ән сөздерін де келтірді.

Есмақ қысқаша ғана қорытынды айтты. Бектастың байқағаны—ол кісі орысшаға шорқақ сонда да айтайын дегенін сол қара тоқпағымен жеткізіп ұғындырып тұр. Бұл әдеби тілге мүлде жанаспайтын бірақ халықтың қарапайым ұғымына төтелеп жол табатын сөздер еді. Мәселен, «нам не кнутом работать надо а потом работать надо», от края до края все трудимся, от мала, до больших все работаем кто водку пьет от неге километр пахнет» дегендей шомбал кесек, сөздерді түйдек-түйдегімен тастап-тастап жібереді. Бір ғажабы жұрт сол грамматика ережелеріне онша мойынсұна бермейтін сөздерді қалтқысыз ықыласпен тыңдап, бар зейінімен қабылдайды. «Правильно, Есеке!» десіп, дуылдады.

Қайтар жолда Есмақ:

— Сен неге ләм демедің?— деді.

— Қалайша, сіз тұрғанда...— деп Бектас қарсылық білдірмек еді.

— Реті келгенде, алдында құдай тұрса да қарама! Әлгінде Оксана жасаған хабарламадан соң сен өз тарапыннан бірер жаңалықтар қоссаң ғой. Мендей педучилищені әрең тауысқан шала сауатты емессің. Газет-журналды күнде ақтарасың. «Сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген нақыл міне, осындай жағдайға байланысты айтылған болар деймін, ә, бала?

— Сіз отырған соң, сүйреңдеп, суырыла бермейін дегенім де,— деп Бектас тағы ақтала сөйледі.

— Шіркін, орыс тілін емін-еркін сөйлей білетін жандарға қызығам да тұрам. Әттең кеш қалдым!— деп Есмақ күрсінді.

Жирен ат денесі кесек болғанмен, салдыр-күлдір тартып кете бермейді. Есмақтың қол үшінің қыбырына бағынып дағдыланған. Аяқты кесек тастап, баяу желдіртіп келеді.

— Жұмыс басында тікелей араласып жүрген қауыммен тілдесе қалсаң, көбіне шағым, арыз естіп қайтасың. Соның салдарынан біреулермен қызылшеке болғанша шақылдасып ұрсысуға тура келеді. Бұл жұрттың бәріне ұнай бермейді. Біреу өкпелейді, біреу кектенеді. Бірақ біздің парыз әділіне көшіп, ашып айту. Сен осындай жағдай туа қалса, бетпе-бет келуге қа-

лайсың? Қажеттік туа қалса, қасқайып тұрып, ұрсыса алар ма едің?

Төтеннен қойылған сұрақ. Есмақтың кескініне зер салса, жай әшейін қалжың үшін айтқандай. Бектас сәл тосылып қалды. Ойланбаған жағдай. Ол анада Бәкенмен клубта арақ ішу салтына қатысты сөз қағыстыруды есіне алды. «Жөні келгенде, әділ іс үшін, сөз жоқ, жүз шайысуға баруға тура келеді. Үнемі бет моншағын үзіліп, мөлдірей бермейсің де!»— деп түйді іштей.

— Қажет болса, тартынып қалмаспын деп ойлаймын,— деді.

Есмақ бұдан басқа жауап күтпесе керек, басы артық ештеңе демей, сөзін жалғастырып әкетті:

— Күнбе-күн аяққа шалынып, кедергі жасайтын кемшіліктер жетімсіздіктен емес, көпе көрінеу шалағайлықтан, салдыр-салақтықтан, атүсті немқұрайды қараудан кетіп жатады. Осы көлеңке жақтарымызды әйгілеп, түйреп, піскілеп, шанышқылап тұратын сатиралық газет шығарсақ деген көптенгі бір ойым бар еді. Сен осыған қалай қарайсың?

— Оның несі бар, тырысып бағайық.

— Газет қабырға газеті түрінде бола ма, радиогазет түрінде бола ма, әлі ойлану керек. Ал атын «Қайрақ» деп қойсақ, ә? Жонып, мінеп, үшкірлеп деген сияқты.

— «Қайрақ» десек, «Қайрақ» дейік. Тек бұл жуырманда бастала қояр ма екен. Менде бастан асып, басталмай жатқан жұмыстар әлі көп.

— Жұмыстың бәріне қу қара басың жүгіре бер деп кім айтты саған? Комитет мүшелерін жек. Олар сенімен қосыла жүгіретін ет! Мәселен, «Қайраққа» қолы епсекті, тілінен де келетін Бәкенді ал.

Бәкен дегенде, Бектас құйысқаны құрысып, кірпіше жиырылды.

— Сол Бәкенге еркіндікті молырақ беріп қойған жоқпыз ба, Есаға? Өзі тым-тым дандайсып барады. Радио арқылы беретін хабарландыруларына көңіл бөлсеңіз, құлақ сарсиды. Меніңше эфирге барар әр сөз сіздің лұқсатыңызбен ғана жолдама алу керек.

Бектас пікірін дәлелдеуге Бәкеннің «Кешке клубта танцы болады, танцыдан кейін вечер боладысын» айтқанда, Есмақ бұл жұмбаққа бірден түсіне алмай, дал болды.

— Бір түйірін ұғынсам бұйырмасын,— деді.

Бектас өзі көзбе-көз куә болған көріністі мысал ете

отырып, Бәкеннің астарлы құлаққағысын ажыратып бергенде:

— Ах, сайтан, ах сайтан!— деп Есмақ санын соқты.

Көпке дейін «танцы мен вечерді» ұмыта алмай, «қараш сен мұны, қараш сен мұны!» деп зығырданы қайнады. Әбден сабасына түскеннен кейін ғана:

— Дер кезінде ескерттің. Бұл маған зор сабақ. Ал «Қайрақ» жөнінде сен де есіне мықты ұста!— деді Есмақ.

Екеуі мұнан соң біраз уақыт әңгімелерін доғарып, жирен аттың жүрісін барлағандай үнсіздікке көшкенді. Анадайдан қарасын берген сары түсті жеңіл машина әп-сәтте бұлардың қасына жетіп тоқтап, жердің шаңын бұрқ еткізді. «Бұл аудандық редакцияның машинасы, тілшілер, сірә»,— деп Есмақ Бектасқа ескертті.

Үстінде жеңіл-желпі спорт костюмі бар тақырбастау жас жігіт машинадан секіріп түсіп, лып еткен қимылмен Есмаққа қос қолын ұсынды:

— Оу, Есеке, іздеген сәтте табыла кеткенінізді жақсы ырымға балайын. Сірә, мен жолы болғыш жігітпін,— деп елпілдете жөнелді.

Есмақ өзінен әлдеқайда жас болса да, қонақ алдында көсіліп отырып алғанды ерсі деп тапса керек, арбадан жерге түсті. Одан қалыспай, Бектас та солай етті.

— Мына жігітті танымадық,— деді тақырбас Есмаққа қарап.

— Біздің комсомол ұйымының секретары Бектас Нұрақаев.

Үйреншікті «комсомол баласына» басып, төбеден қойғандай жалпита салмағанына мардамсып қалған Бектас, дегенмен Есмақтың да мұны бөгде адам алдында төменшіктетпей, ресми таныстыруын тиісінше бағалады.

— Бәсе, сөйтіп, парторг пен комсорг қоян-қолтық іске кірісуде деп айтуға дөп келіп тұр десеңші,— деп табан аузында түйін жасап тастады тақырбас.

Есмақ не иә, не жоқ деместен, Бектасқа жеңіл ишаратпен:

— Бұл кісі Жолкен деген тілші, аудандық газеттің қызметкері,— деп таныстырды.

Жолкен ұстараның жүзіндей қылпып тұр.

— Ал, Есеке, менің шаруам тікелей сізде. Арнайы сапар дегендей. Қалай, далада сөйлесеміз бе, қалада сөйлесеміз бе?— деді.

— Оны шаруаңа қарай жобалайық. Қағаз, мәлімет

қажет етсең, кеңсе лайық. Адам аттарын қажет етсең, оны мидың қат-қабатынан ақтарып табуға мүмкіндігіміз әбден бар. Қалауың білсін,— деді Есмақ.

Шешімді Жолкен айтты:

— Мен үшін бүгін ең қажет адам біреу ғана. Ол — өзіңізсіз. Сондықтан осы боз дала, таза ауада тілдесе берейік.

Есмақ та оның дегеніне мойын ұсынды.

Аудандық газеттің редакциясына Ақсу аулындағы сегізжылдық мектептің бір топ оқушысынан хат түскен. Олар: «Бізге мұғалімдеріміз совет халқының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі жөнінде әңгімелегенде, біз түрін, түсін білмейтін адамдар жайында көп айтады. Әрине, қасіретті шақта ерлік айбат жасаған жандарды төбемізге көтере қастерлейтініміз сөзсіз. Дегенмен әкелеріміздің айтуынша, күнбе-күн арамызда жүрген Есмақ ағай ерен ерлігімен ауызға алынған батыр жауынгер болыпты. Бірақ ол кісі көз алдымызда жүрген соң, оған тиісті көңіл бөліне бермейді, көптің бірі сияқты елеусіз өте береді деседі. Құрметті редакцияға тілегіміз — сол кісінің соғыстағы өнегелі өмірі туралы толық етіп жазып берсеңіздер!»

Хатты сыдыртып, лепілдетіп оқып беріп, Жолкен дереу қаламсабы мен блокнотын оңтайлап:

— Ал, Есеке, ендігі кезек сіздікі. Мен тек тары терген тауықша бір түйірін қалыс қалдырмастан әр сөйлеміңізді үтіріне дейін сүйкей берейін. Стенографистерден кем емеспін мен де. Бір сөзіңіз шашау шықпайды,— деп, Есмақты жұтып жіберетіндей-ақ емірене қадалды.

Бектас та батырлар жырындағыдай ағыл-тегіл таңғажайып хикаялар тыңдауға қыбыр етпей, демін ішінен алып, құлақ түрді. Есмақтың ерлік шежіресін бос жібермей, зейініне сіміріп алуға әзір.

Бірақ, бұлар күтінгендей, нәсерлеткен әңгіме құйыла жөнелмеді. Бектас Есмаққа қараса, ол қол орамалмен бетін, алақанын, мойынын сүрткілеп, еш шарасыз адамдай, дағдарған күйге түскен. «Қиналған Жамбыл жері осы»,—деп Бектас та оның қазіргі көңіл-күйін түсінгендей сыңай аңдады.

— Барша жұрт оқитын газетке жазып, сонша әйгілейтіндей қайбір асқан ерлік. Әскери, азаматтық парызымызды орындадық,— деді Есмақ немқұрайды.

Одан әрі жалғастырып әкетуге құлқы соқпағаны аян болғандай.

Жолкен Есмақтың бос белбеу қалпына бой берер емес:

— Біз негізінде сіздің соғыс жылғы өмірбаяныңызға қанықпыз. Осында аттанарда мен военкомға соғып, біраз мәліметтер алдым. Жалпы сүресі былай емес пе, есіңізге салайын. Гвардия лейтенанты кезіңіз. Сіздің бөлімшені бірнеше дот, дзоттар қарсыдан оқ боратып, ілгері жылжытпады. Сонда сіз қасыңызға алты жігіт алып, сол дзоттардың үнін өшіруге кірістіңіз. Солай етілді де. Жерге бұғып жатқан жауынгер лап беріп, шабуылға көтерілді.

Есмақ езуін жымқыра күлді:

— Сенің айтуыңша, айнала қаптаған дот пен дзот боп кетті ғой. Соғыс барысында оларды құрту оңайлықпен реттелмейтін шаруа.

Жолекеннің еркіне салса, соғыстағы халдің бүгешігесінде жұмыс жоқ. Есмақтың көңіл күйін де есепке алар емес.

Ақырында Есмақ өзі жайлы әңгіме айтудан бас тартты да, тілші қыртыс қабақпен қынжыла аттанып кете барған.

— Соғыстағы жауынгерлер күн сайын мың сан ерлік жасайды. Жолкен патшағар мені қазбалағанша, со жағын сұраса ғой, мен қарапайым солдаттар жөнінде мың сан хикая айтып берер едім. Тым құрығанда, қасындағы алты солдаттың қимыл-әрекетін айтып бер десеші әлгі тілшіміз. Әңгімені сонда өрбітер едім. Ол алтауынсыз мен не бітірер едім? Бар түйін соларда ғой. Міне, дәл қазір баяғыдай бәрі көз алдында. Қажетті тамырды баса алмады Жолкен. Құлпырту керек оған. Оның ойынша, мен бір ұрыста гранаттарды оңды-солды сілтеп, доттар мен дзоттарды қирата берген, отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын адам айтқысыз қаһарман сипатында көрінуім керек екен. Небәрі жан беріп, жан алған бір шабуылға қақ маңдайдан орналасқан бір дзоттың өзі қаншама қырғын кесапат екенін білсе ол! Біле алмай кетті Жолкен жолдас.., Ақсу балаларына арнайы барғаным жөн болар. Екеуміз бірлесіп, бір сапарға жоспарлармыз, ә, бала, қалай қарайсың?— деді.

Әлбетте!— деп Бектас көтеріңкі дауыспен жауап берді.

Жирен де желісін үдете түсті.

10

Есмақ кесіп-пішіп, партбюро бекіткеніндей, Бектас бірнеше күннен бері Ақсу бөлімшесінде өкілдікте жүр. Егін орағы қызған кез. Есмақ бұл аттанарда:

— Сен бүгіннен бастап, орақ науқаны аяқталғанша, Ақсу бөлімшесінде партбюроның көзі мен құлағысың. Кажет жерде бас бол. Бас деп отырғаным — ойлап-пішіп, өлшеп-мөлшерлеп үйрен. Көз деп отырғаным — жақсы мен жаманды қатар аңғара біл,— деген ақыл сөздерін айтқан.

Бектастың жаяу, қылаулап қалған күндерінде, бағына қарай, Александр сол Ақсудан қырманға астық тасымал жасауға бөлінгенді. Бектас оның қасына «нөкерлікке» ерді. Александрдың үлесіне Манаптың комбайны да тиген. Бұнысы Бектастың Манаптың жанжақты зерттеп, адамдық сыпатына көз жеткізу мақсатына сәйкес келе кетті. Сондықтан Бектас көбіне-көп сол төңіректен табылып жүр.

Бектас жалпы Манаппен бала кезден таныс. Ол «Өркен» орта мектебінде Бектастардан екі класс жоғары оқып жүретін-ді. Мың сан баланың бәрі бірдей бір мектептің тәлімін алып жүрсе де, кілең етене жақын, ет-бауыр туыс болып кете бермейтіні белгілі. Манап та сондай көп таныстардың бірі ретінде қала берген.

Тек Бектастың есінде мықты шегеленіп қалған бір ғана жай бар. 1951 жылдың октябрь айында Бектас құралпы он шақты бала комсомол мүшелігіне өтіп, комсомол билетін алу үшін аудан орталығына жол тартпаққа қамданды. Тел өскендей біркелкі жеткіншектердің ішінде Манап та пайда бола кеткен. Бой жағынан асып тұрған артықшылығы көзге ұрмағанмен, тұстастарынан кешең қалып, өзінен әлдеқайда кішілермен тетелес комсомол қатарына өтуге ниет қоюы Бектастарға бір түрлі ерсі сияқтанды.

— Өз класыннан қалып не бітіргенсің?— деп өжеттеу біреуі сұрағанда:

— Мен сендер сияқты апы кіріп, күпі шығып арпалыспай, аспай-саспай қимылдайтын адаммын,— деп құтылған Манап.

Он шақты бала ат жегілген екі арбамен аудан орталығы қайдасың деп тартты. Басқарушы Гүлжан деген жас вожатый қыз. Оның жол бойы үйрететіні бөтен жұрт алдында ұстамды, үлгілі болу. Комсомол билетін аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары әр-

қайсысына жеке-жеке тапсыруға тиіс. Бірінші секретардың аты-жөні Петр Захарович! Билет қолға тиген бетте әркім: «Дорогой Петр Захарович! Ваше доверие— доверие комсомола. Я обещаю оправдать это высокое доверие»,— деп айтуға міндетті. Гүлжан осы жағын тіпті қатаң ыждағаттайды.

Уставтан, оқу мен қоғамдық жұмыс тарапынан бірнеше сұрақ беріп, тамырларын басып көрген бюро мүшелері бұлардың бәрін бекітті. Ең салтанатты сәт — комсомол билетін тапсыру келгенде, Бектастар тақылдатып, Гүлжан үйреткен жаттанды уәдені сыдыртып айтып шықты. Петр Захарович жымиып күліп қояды. Бастап келген ісі ойдағыдай тынғанына бал-бұл жанып, Гүлжан отыр. Бірақ кезек Манапқа жеткенде, Гүлжан көк мұздай сұрланып ақ шүберекше бозаруға тура келді. Петр Захаровичтің қолын біраз уақыт жібермей тұрып, Манап әуелі «Дорогой Петр Захарович» деп міңгір ете түсті. Одан әрі үні өшті. Әлден соң «Дорогой Захарович» деп тағы болжыратты. Петр Захаровичтің қолы әлі мұның уысында. Сірә жаттанды сөздер есіне қайтып түсе қоймасын сезсе керек, Манап:

— Обшым, довераю,— деді де қолын жұлып алды.

Жол бойы балалар мұны «обшым довераю» деп келекелеп түйебас қылды. Соған ерегіскен Манап өзінше бір қыр көрсетті. Қалтасынан махорка алып, оның бір шөкімін газет жыртындысына орап, сіріңкемен тұтатты. Қасақана қиястықпен көпе-көрінеу борпылдатып сора бастады.

Шектен асқан сорақы қылыққа шыдамаған Гүлжан:

— Манап, күні кеше ғана жиналыста шылым тартуды қойдым деп едің ғой, таста андағыны!— деп дікіндеп еді, оған майысқан Манап жоқ:

— Алар билетті алдық. Комсомол деген атымыз бар. Оның үстіне өзініз емес пе, әлгінде ғана райкомнан шығарда «сендер енді үлкен азаматсыңдар» дегеň. Міне, мен азаматпын,— деп айылын да жыймады.

Гүлжан ыза мен шарасыздықтан жылармаңға айпалды:

— Ұятсыз! Безер!— дегеннен басқа ештене қолынан келер емес.

Бектас Манаппен қатар отырған. Қластас балаларға көзін қысып белгі берді де, Манапты шалқалата желкесінен тартты. Ә дегенше, ащы түтіні бұрқырап, қолқаны қапқан шылым аузынан жұлып алынды. Қалтадағы махоркаға да балалардың қолдары жетіп бар-

ды. Махорка, сіріңке қорабы жолға лақтырылды. Манып тосын жәбірге жарыла жаздап тырсиып, «өй, ол кып-қызыл ақша емес пе, мен не, миллионер дейсіндер ме шаң үстіне шылымнан шашу шашатын» деп арбаның жақтауына аяғын тірей беріп, жерге секірді. Ол әр жерде қарайып қалып бара жатқан мүліктеріне қарай қорбаңдап жөнелгенде, арбадағылар жабыла ысқырық үдетті. Бектас әдейі үрейлендіре:

— Айдаңдар аттарды! Манап өзі жаяу келсін!—деп айқай салды.

Манап жалтақтап, екі ортада не істерін білмей, дағдарып тұр. Махоркаға жүгіре түсейін десе, арбадағылар шынымен зымырап ұзап бара жатыр. Ойыны ма деп сәл бөгеліп, аңыстарын аңдап еді, ойынға ұқсамайтын сияқты. Оның үстіне күн де еңкейіп қалған мезгіл. Жаяулап батырлық етер уақ емес. Қанша дегенмен, баланың аты бала емес пе, қиқарлық ұстап тұрса да, үрей жеңсе керек, қолды бір сілтеп, Манап арбаның соңынан борсаңдап бері тартты. Бас амандығына махорканы құрбан етті.

Біраз жерге дейін Манапты өкпесін өшірте ырсылдатып, Бектастар тоқтатты. Арбаға ілініп-салынып мініп жатқан Манаптың:

— Қатырдыңдар-ау...— дегеннен басқаға мұршасы келмеді.

Сөйткен Манап енді Бектастың бала Манап пен жігіт Манап қандай екен деген қызығушылығын арттыра түскендей. Соның жігін ажыратып алмай, тыным табар емес.

...Машинаның кабинасынан шығып, бері аяңдап келе жатқан Бектасты көзі шалғанда, Манап комбайнын тоқтатып, төмен түсті.

— Сен бір құйрығың жер иіскемейтін комсорг боларсың, тегі. Тағы келдің бе бізді іздеп? Бір жаққа сырғып кетер деп қорқасың ба?— деп жатыр.

Риза боп қуанып тұрғаны не жымысқы қулығын ішіне бүгіп тұрғаны белгісіз. Сығырақ көзін жауып тұрған, қара былғарымен көмкерулі шаңнан қорғаныш жалпақ көзілдірікті маңдайына қарай ысырды. Ұйқы аз, дамыл кемшіндіктен, көздері қызарыңқы, күлдіреңкі тартқан.

— Иә, комсорг, немене, ақпар жинаумен жүрсің бе әлде біздерді жеке-жеке бақылауға алуға келдің бе?— деп езу тартқансыды.

— Бәрі бар,— деп Бектас та күле жауап қатты.

— Жарайды ендеше, біз дайынбыз қайсысына болсын. Темекің бар ма?

— Ондай әдеттен аулақ едік.

— Ә, оның жарамады. Бопросымды тауысып алып, бірдеңем жоғалғандай аландап, бейберекет боп жүргенім.

— Бектас бала кездегі махоркаға байланысты оқиғаны есіне салып өтейін деп оқтала түсті де, Манап мұнымен әлі күнгі бейтаныс адамша осқырына тілдесіп жүргенін ескеріп, тартына қалды. «Бопыросты қайтесің, махоркаң бар емес пе?»— дей жаздап тежелді.

Папиросты Манап қазақпайлап «бопырос» деп тұрса да, Александр ұғып қалған екен:

— Папироссыз қиын, ол рас,— деді.

Александрда пашкі папиростың жартысы ғана бар екен. Сонысын ұсынып еді:

— Уай, шылым дегенді нанша шайнайтын маған бұл жұмырыма жұқ та болмайды,— деп Манап аса ұмтыла қоймады.

— Мұндай да қиын мәселе болады екен-ау,— деп Бектас Александрға қарады.

Наукастың көңілін сау адам онша ұғына бермейтін сияқты, темекі түтінін жұтып көрмеген Бектасқа Манап айтып тұрған «бопыростың» азабы бір түрлі күлкілі, нанымсыз жағдай секілді.

Оның осы дағдарысты қалпын ұққандай, Александр Манапқа:

— Бункер толық па?— деді.

— Жартылай.

—Онда сен үйге барып, папиросыңды алып кел!

— Әй, есің дұрыс па, комбайнды қаңтарып қойып, қалай кетпекпін?!

— Комбайнды мен жүргізе тұрамын.

— Ал машинаны ше?

— Машинаға Бектас отырады.

Шоферлік куәлігі болмаса да, Александрдың қасына ергені машина рулін ұстауға жаттығып қалған Бектас тартынбады.

— Жүр, Манап!— деп құлшына көнді.— Жөл-жөнекей Ләйланың салмасын іше келесің.

— Уай, куын-ай! Ұмытпауын қараш!— деп Манап ыржиды.— Өйтпесеңдер, сендер актеп боласыңдар ма!

Манап ыржиғанда үлкен аузы болбырайып кетті.

Бектас қайтып тіл қатқан жоқ, жымиюмен шектелді.

Кеш қарауытып, қоңыр салқын соға бастаған. Әб-

ден тапталып тақтайдай теп-тегіс боп жалтырап жатқан дала жолы машинаға тынышты. Селкілдемей, секірмей, шойнаң-шойнаң орғымай, бір-сарынды дір-дір етеді де отырады.

— Шіркін, желмен жарысқан автомашина мүлік қой. Зыр еткізіп, көздеген жеріне барасың да келесің,— деп қиялдап келеді Манап,— Комбайн мен трактор немене митың-митың, өгіз аяң.

— Е, техниканың тілін білген кісіге ауысып кете салу қиын ба...— деп Бектас оның көкейін басып байқады.

— Ой, енді қайдан болсын ол. Трактор, комбайнына да әбден үйреніп алдық,—деп Манап есіней сөйледі.

— Үйреніп қалатындай, сонша не, қимайсың ба?— деп Бектас тақымдап болар емес.

— Пашти бала кезден жұғыстық-ау бұл темірге.

— Тым ерте екен.

— Енді қалай. Әке-шешені қаршадай күннен жалмап алдым. Интернаттың өлшемді наны бүйірді шығара қоймады. Оқуға сондай еміпіп құлшынбадым. Ілегіпсалағып жүріп, тоғыздан кейін мектепке баруды доғардым ғой. Оның шет жағасын сен де білесің де... Соным сол-ақ екен, оқудан мойын босап, вольный қазақ күйіне түсе қалғанымда, жер-көкке сыймай жүрген шығар дегендей, басқарма жат та жабысты. Айтатыны — тракторшылар дайындайтын курсқа бар, нан табасың өзіңе-өзің қожа, кісі боласың дейді. Екеуміздің тілегіміз бен ниетіміз үйлесе кетті. Сөйтіп, мен какой-нибуд жарты жылда механизатор атағын таңған қағазды қолға ұстап шыға келдім. Содан бері де бірнеше жыл асып кетті. Мен темірге, темір маған жабысып, қабысып қалғандаймыз.

— Ендеше немене, машинаға өзегің талып отырғаны?

— Жәй әшейін, сөз болсын дегенім ғой. Әйтпесе дүкеннен далаға арақ тасуға трактор да, комбайн да жарай береді.

Манаптың мұнысына біраз күліп алған соң ғана Бектас состиып оған қарады:

— Өй, бұларың не сөлекет?! Комбайнмен зіркілдеп арақ іздеген деген не сұмдық?!

Манап қылмия күліп, желкесін тырналады:

— Ара-тұра боп қалады енді. Онсыз емес... Кейде қан таратып, денеңнің құрысын жазуға...

— Ғаламат, ғаламат!— деп қайран болған Бектас

оған оқыс сұрақ берді:— Сен осы сырынды, мәселен, Есекеңе айтар ма едің?

Манап екі қолын бірдей ербендетті:

— Алла сақтасын, шырағым! Ол кісі онда жоныміздан қайыс алар!— деп шынын айтты.

—. Ал маған неге айтасың?

— Сен... әлі бала емессің бе...

Екеуі көпке дейін үнсіз қалысты.

— Есекең қалай, қысып қоя ма?— деп Манап әңгімені басқа жаққа бұрды.

— Одан құралақан емеспіз.

— Қыссын-қыссын, қысқаны дұрыс. Әйтпесе біз бетімізбен жайылып кетеміз.

— Сонда қалай, сана-сезім, жауапкершілік деген қайда?

— Ол дұрыс, сана-сезім, жауапкершілік деген бар. Бірақ сол сана-сезімді ара-тұра түрткілеп оятып отырмаса, мына біздер сырыққа қонақтаған тауыққа ұқсап, қалғып-шұлғып кететініміз бар.

— Қызық екен.

— Дәл қасында иық тіресіп отырған Манап одан сайын жұмбақтана түскендей, Бектас тілін тістеп, үндемеді.

Ақсу мен егістік арасы онша алыс емес-ті. Машина тұмсығы Манап үйіне тірелгенде:

— Ал, тезірек шық,— деп Бектас кабинада тоса тұрарлық ыңғай таныта сөйлеп еді, Манап:

— Жоқ, оныңа көнбейтін шығармыз. Сені далада қалдырып, мен не бетіммен үйде жайланып отыра алмақпын!? Мен бір нашандік болсам-шы,— деп жабысты.

— Жайылып отырғаны қалай, келген ізімізше қайтпаймыз ба?— деп Бектас таңырқай бастады.

— Қазір-ақ кетеміз. Александр бункерді толтырғанша үлгереміз. Ал енді үйдің іргесіне келіп, Ләйланың салмасын ішпей қалай кетермін? Мана өзің де солай тұспалдаған жоқсың ба...— деп Манап шындығына көшті.

Бектасты зорлап сүйрелегендей етіп кабинадан түсіріп, ақыры үйге кіргізді.

— Ләйла, үйге қонақ келді,— деп даурыға есік ашты.

Ләйла тісі ақсиған сары келіншек екен. Қолында сүлгі.

— Немене, қонақ көрмеп пе едің, сонша үпіреп!— деді салғаннан.

— Қайдам, сен абдырап қала ма деп алдын ала белгі беріп жатқаным ғой,— деп Манап та есесін жіберер емес.

Төрге жайылған дөңгелек стол үстінде екі ағаш аяққа құйылған салма екі жерде буы бұрқырап тұр. Манап күнілгері сымсыз телефонмен хабарлап қойған сияқты. Аузында салма еді, алдында салма тұр. Сүлгіні ұсынып жатып:

— Сен неге қызыл іңірден үйге келдің, әй?— деп Ләйла Манапты ыстықтай қолға ала бастады. — Бірдеңең сынып қалғаннан саумысың өзің?

— Астағыпралла!— деді Манап жорта шошынған қатты дауыспен. — Менің бірдемем сынғанда, сағаң не түсті, әй?! Аузыңнан бір жақсы лебіз шықсашы бұ!

— Қайдан білейін. Келуің тым ерте. Дүйім жұрт жанталасып жатқанда,— деп Ләйла жуаси сөйледі.

— Келуім ерте болса, нашандігім қасымда,— деп Манап қоқиланды. — Тым қатты саса қоятын мен жоқ. Қазір салманды ішіп алайық, сонан соң ет ас! Бектастың бұл үйдің табалдырығын алғаш аттауы. Жағаны жайлауға бір жіберейік!

Бектас өз құлағына сенбеді. Манаптың білдіртпей ғана Ләйлаға көз қысып қалғанын байқамаған.

— Жоға, жоқ, жоқ. Ет дегенге тіпті әуре болмаңыз! Келесіде, келесіде,— деп Бектас безек-безек етті.

— Өзің біл,— деп Манап оңай көне кетті.— Айту парыз. Ықлас шалқасынан. Келесіде болса, келесіде болсын.

— Сол дұрыс,— деп Бектастың көңілі жай тапты.

Бұлар жеткенде, Александр да қуанды:

—Нағыз уәдешіл жігіттер екенсіңдер,— деп жатыр.

Бункер толыпты. Бидай сауылдап, машина қорабына құйыла бастады. Қойны-қоншын түгел шылымға сықап әкелген Манап штурвал маңынан айқайлайды.

— Әй, жігіттер, маған жиірек қатынап жүрерсіңдер, трампай асып бір айналымда ұйықтап жатпайын!

— Е, қалтаң толған шылым емес пе?

— Уай, бұл жай алдамшы, ұйқы шындап қысса, темекінді шопақ құрлы көрмейді,— деп папиростың сөнген тұқылын шертіп жіберді.

— Сен ұйықтамаv үшін не амал жасау керек? Маза бермес күйіп тартайық па?— деп Бектас жерден әзілдеп айқайлады.

Зіркілдеген комбайн айқайламасқа қояр емес.

Бектастың сұрағына Манап иығын қомпаң еткізді.

Қайтеміз «қалғып-шұлғып күнелтерміз» дегендей.

Бектас:

— Мен қасында тұрып ән салайын,— деп жібергенін өзі де аңғарып үлгермеді.

— Түні бойы ма?— деп Манап шап ете түсті.

— Қажет болса, түні бойы.

Манап еңкейіп, көзілдірігін маңдайынан асыра, малақайымен қоса төбесіне қарай ысырды. Тесірейіп қарады. Сынап тұр. Салмақтап тұр.

— Естімеген елде көп...— деді.

— Мен келемін,— деп дауыстады Бектас жылжып бара жатқан машинаның аяқ басар мінберіне секіре беріп.

Артына бұрылып бір қарағанында, Манап езуін қисайта күлген секілденеді. «Әншейін айтыла салатын көп сөз, бос сөздің бірі шығар» дегендей. Сенбестігімен келеке еткендей.

Манапты Бектас таныстарының ішінде қай тобына жатқызарын әлі тап басып білмейді. Бауыр басқан дос еместігі белгілі, жүзтаныс дей салуға енді келмейді. Комсомол ұйымының жұмысы осы Манаптарға соқпай өтпейтіні айдай анық. Оның үстіне әнеугі алғаш кездесуге жұмбақ сүлдедей қалпынан Манап бүгінгі беттесуде әр түрлі қырынан айқындала бастағаны тағы бар. Ол көлеңке болмыстан гөрі қолы, аяғы, басы бар адам қалпына айналып келе жатқандай. Жағымды деген бағаны жабыстыра салып, үлгілі бейне сомдарлықтай сипаттары нақтылы жобаланбаса да, мылжыңдау, әжуаға әуес Манаптың тұла бойында іліп аларлықтай жұғымды қасиет барына көзі жете түскен. Ең бастысы — кездесе қалса, оның маңын анадайдан айналып өтпей, кәдімгідей қолдасып сәлемдесуге жararлық адам. Ендеше бір түнін қиып, қасында жүре түссе, тағы ашылмаған құпияларына қана түсер ме екен? Бектас оған қызбалықпен айтып қалған уәдесін өз-өзіне іштей дәлелдеп, асығыстықпен шалыс басқан жоқпын ба, деген күдігін тарқатып, ыдыратып, көңілін бекітті.

Александр қырманға барар жолдан бұрылып, шошқа фермасына келді.

— Ой, Саша, түн ішінде мұнда не бітіреміз?

Александр жадырай күлді:

— Шын білгің келе ме?

— Әрине.

— Оксана осында түнгі күзетте болуға тиіс.

— А-а...

Сірә, уәделескеніндей Оқсана орнынан табылса керек, Александр әжептәуір айналды. «Алда үйлену тойы пісіп тұр десенші» деп ойлады Бектас.

Александр бұған қарағанда, көп кекселеу. «Ізіне шырақ алып түскен бақытын осы жақтан тапқан-ау!»

Араға көп уақыт түспей жайдары басып, Александр оралды. Машина жылжып жөнелді.

— Бар ма екен?

— Бар екен.

Сүйікті қызбен ұшырасудың сиқыры сүйіп-күюді басынан кешкендерге ғана мәлім. Александрдың қатаңөңіне шыр бітіп, көз жанарында ұшқын ойнайды.

— Менің Оксанамен қалай танысқанымды айтайын ба?— деді.

— Тыңдайық,— деп Бектас құлшына кетті.

— Мен алғаш тың көтерушілер легімен келдім бұл жаққа. Оксана осы жердікі. Биылға дейін көзіме түспегеніне күні бүгінге танмын. Ауданнан оралған бір сапарымда жол тосып тұрған Оксана кездесті. Қырсықкандай әлде менің бағыма қарай ма, орта жолда машинам сынсын... Олай-бұлай айналдырып көріп едім, көнбеді. Қызды міңгізіп жіберуге жолай ешкім соқпады. Әлем тынып қалғандай тым-тырыс. Түнде айдалада қонуға тура келді. Әйтеуір күн жаз еді. Сол түнде машинаның ығында отырып, мен Оксанаға жұлдыздар мен планеталар жөнінде астрономиядан білгендерімді түгел айтып шықтым.

— Мектепте әсіресе астрономиямен шұғылданғансың ғой?

— Олай емес. Астрономияны маған түрмеде ежіктеуге тура келген.

— Түрмеде? Қалайша?

Бектас Александрмен жаңа танысып тұрғандай одырайды. Он ойланса, ойына келмейтін, миға қонбайтын іс.

— Сости, состима, анық нәрсе,— деді Александр.— Мүмкін, сен мен тарапымда жамандық ойламағаннан сенгің келмейтін шығар, бірақ ақиқаты сол.

— Сенгім келмей тұрғаны рас,— деп Бектас ағынан ақтарылды.

Александр Бектас ол хақында жат санап отырған тарихын баяндауға кірісті:

— Жігіттерге қосылып, еліріп жүргенде, үлкен төбелеске киліктім. Сол үшін бір жылға отырып шыққаным бар. Армиядан кейін. Тұйыққа тірелгендей халде

жүргенде, басыма оқыс ой келді. Аспан тұтас жымыңдаған жұлдыздар. Мен неге соларды атап-атап айта алмаймын деймін. Әрі қоңылтақсыған көңілге демеу керек. Бір жыл уақыт бәрібір желмен ұшқандай кетіп жатыр. Онан да мен осы жұлдыздармен айналысайын деп түйдім. Түрме кітапханасынан астрономия оқулығын сұрап алып, жаттап оқуға кірістім. Содан есімде шегеленіп қалған. Қандай мұғаліммен болсын білім таластыруға бармын. Сонымен не керек, мен Оксананы осындай өнеріммен өзіме қаратып алғам.

— Қызық екен!— деді Бектас.

— Қызық болсын, шыжық болсын, солай, жігітім.

Қырманда тиісті жеріне астықты тоңқарып, Ақсуға бет бұрған Александр кабинасына қайыра орнығып жатқан Бектасқа:

Иә, сен де астрономия үйренуге шықтың ба?— деді қалжыңы аралас таңданған үнмен.

— Жоқ, бұл жолы мен Манаптын қасында болып, оған арнайы концерт қоюға барамын.

— Арнайы концерті не тағы?!

Бектас Манап екеуінің арасында болған әңгімені бүкпесіз түгел айтып берді. Александр сақылдап күлді.

— Сөйтіп, түнімен Манаптың жанында ән салмақсың ба?

—Енді қалай, айтылған сөз атылған оқпен тең.

—Ну и дела!

Александр газға басты. Бектас:

— Бәкен клубта болар, соға кетейікші,— деді.

Александр тағы күлді:

— Немене, Манапқа оркестр ала кетпекшімісің?

— Казір көресің. Мен Бәкенге психическая атака жасауға кірістім.

Клуб ашық, Бәкен сонда.

— Баянды бере тұршы бірер күнге!— деді Бектас бірден.

— Оны қайтпексің?

— Үйренейін деп едім.

Бәкеннің көзі бажырайып кетті:

—Танылмаған талант сен боп жүрме!— деп кекесінін жасырмады.

Баянды бермеймін деп қитықпады. Клубта баян екеу екенін Бектас білетін.

Қолтығына баянды қыстырып келген Бектасқа:

Психическая атакаң осы ма?— деді Александр.

— Осы. Баянда ойнауға үйренемін. Сөйтіп; дандайсыған Бәкеннің бір көзірін қағып түсіремін.

— Көрейік, көрейік. Бастамаң сәтті болсын!

Баянды Бектас үйде қалдырды. Жылы киініп басына малақайын бастырып, қамданып жатқанда, «түнделетіп қайда бармақсың?»— дегендей жаутаңдаған Әйкенге:

—Мен өкілмін гой. Астық бастыру түнде де жүреді,— деп түсінік берді.

Машинаны жел соқтыра айдаған қалыптарымен Александр мен Бектас қайыра Манап қайдасың деп екпіндетіп келеді. Жол ұтып, біраз қарқындаған соң, Бектас:

— Саша, қалай қарайсың, мен Есекеңмен қызметтес бола алам ба?— деп көкейден кетпей, мазалай беретін басты сұрағын алға тосты.

Александр ойланып жатпастан:

— Бола аласың!— деді турасынан.

— Шапшаң айттың гой. Дәлелің қандай?

— Бір ғана мықты дәлел айтайын. Біз тыңға қайны енеміз құймақ құйып былқытып қойғандай, жеңілжелпі киммен келдік. Мезгіл қыстың аяғы. Менімен тұстас жиырма шақты жігітке «Өркеннен» екі жүз шақырым жердегі бір станцияға келіп түскен техниканы қабылдап, айдап әкелу міндеті жүктелді. Ол кезде совхозда автобус жоқ, ашық машинамен бармақпыз. Сыр білдірмей, сықиып-сықиып мініп жатырмыз. Дәл сол сәтімізде Есекең қасымызға келді. Іс-міс жоқ, бір ауыз бұлтырқы сөзсіз:

— Түсіндер машинадан!— деп бұйырды бәрімізге.

Түстік. Есекең шоферге:

— Тон, тұлып жинап әкел! Елде бар. Мен жұмсады де! Өзің машинаңның үстіне жартылай күрке болса да брезент тартып ал!— деді.

Көпке жетпей, жылы киім қар үстінде дөң боп үйіліп жатты. Денемізге шақтарын киіп-киіп, жұнтиып шыға келдік. Маған Есекең өз тонын ұсынды. Ол кісінің тоны өзіне тобықтан келетін-ді. Маған тізеден келді. Міне, осы көрініс мен үшін әрқашан ауыздан тастамайтын ғаламат естелік боп қала бермек. Сол себепті ойлаймын — сен Есекеңмен қызметтес болып кетерсің. Ұқтың ба?

—Ұқтым.

— «Ұқтым» десе де, Бектас келесі басты сұрағын әзірше іркіп қалды. «Басшылыққа Есекең жарар-ау,

серіктікке мен жарар ма екенмін?» деген түйткіл еді онысы. Билікті уақыт айтар деп түйген.

...Штурвалда тұрған Манап комбайн үстіне көтеріліп келе жатқан Бектасқа нанарын-нанбасын білмегендей. Сығыр көзі жыпылық-жыпылық етеді:

— Өй, сен шының ба?!— дейді.

— Шыным, Мәке, шыным,— деп Бектас сақ-сақ күлді.

Манапты осынша абыржытқан ісіне шексіз ризо адамның қалпы бар.

— Сіз басқарған агрегатқа, құрметті Мәке, Бектас Нұрақаев атындағы ансамбль концерт беруге келді деп ұғыңыз!— деп жорта салтанатты үнмен хабарлады.

Манап та бойын жиып алғандай.

— Ә, жарады, жарады. Қош келдіңіз!—деп ол да жорта жарамсақтанған кейіппен Бектасты қостап жатыр.— Біздей түкпірдегі ауылға астаналық артес дегендер көңіл бөліп, соға бермейді. Осындай жолсоқты Нұрақаевтарға да қанағат.

Бұнысы — табиғатына сіңген шымшымасын қалдырмағаны.

— Ә, көрсетейін мен жолсоқтыны!— деп Бектас шамдана сөйлеп, ширыға түсті. Алдымен уәделесіп алайық: сен таң атқанша агрегатыңды айдайсың, мен таң атқанша сені ұйықтатпау міндетімен ән саламын.

— Қашан көмекші бергенше, қасымда сен қарасыңға келгенің де дұрыс. Уәде солай болсын,— деді Манап.

«Болсын» деуін десе де, ол:

— Әй, Бектас, сен бүкіл көмейіңді ашып айқайлаймын деп жүргенде, өкпеңді шаң қауып, пәлең маған жабысып жүрмесін,— деп сақтандырды.

— Дегенмен серттен таймайық. Саған тиісті сүт пен тамақты тазартып, әннің жолын аршып отырармыз,— деді Бектас әзіл-шыны аралас.

«Қандай әннен бастасам екем?» деп толқығанда, тұңғыш рет мектеп қабырғасында шырқаған күні есіне келді.

...Жиырма минуттік үлкен үзіліс кезінде қол ұстаса дөңгеленіп жүріп, жаппай қосылып өлең айтатын дәстүр бар-ды. Кей күндері бір-бірімен жалғасқан қолдар арқылы тұтасып, шеңберлене созылған оқушылар тізбегі бір кісідей қалт тоқтай қалып, мектеп бойынша үздік әншілердің ортаға шығып жеке ән толғауын қалау етіп, үстемелете қол соғып тұрып алатын. Бір күні дүрліге қол соғу қанша күшті болғанымен, көпшілік

қалауына іліккен әнші бала бұлданды ма, қаумалаған топтан қымсынды ма, бой тасалап, ат-тонын ала қашыпты. Қол соғыс бәсеңсі бастағанда, «Мен барайын ортаға!» деп Бектас дәл сабақтағыдай қол көтерді. Бесінші класта оқитын зергентай ғана кезі еді, назарға ілінбей арам тер болам ба деп жүрексінгендей, екі қолын алма-кезек селкілдете, безектете, әуелете көтерді. Қылышша сермеп-сермеп те жіберді. Кейде мұндай ән шалықтамаған кездерде қайта-қайта қолданылып жауырға айналған «ұшты-ұшты қарғалар ұшты, ұшты-ұшты арбалар ұшты» ойынына кірісе кететін, Бектас бүгін қарғаларды да, арбаларды да ұшыртпай, қалай да өзі әуелете ән салғанды жаны қалап тұрды. Арбалар мен қарғаларды кимелеп, алға түспек. Бектасты біраз уақыт үздіктіріп барып, әйтеуір, үзілісті мазмұнды өткізуге жан салып жүрген мұғалима мұның тыпырши селтеңдеген қолын көзі шалды ма, қозғалақтай тыпыршыған домалаңқы бойына зер салды ма: «Ортаға Бектас Нұрақаевты шақырамыз!» деп әйгілеп жіберді. Сол солақ екен, бұл тымпың етіп шыға келді де, ілезде «Бурылтай» әнін бастай жөнелді. Дауысы жер жармаса да, әуелете ән тербеп, дүйім жұртты аузына қаратып тұрғандай сезінді. Мектептің кең коридорының биік төбесі желпініп, дауысы сол төбені тесіп кете жаздағандай әсерленді. «Таңбасы жоқ, ені жоқ бурылтайдың, жұрты жатыр, өзі жоқ қалқатайдың» деп өзеурей түседі. Дөңгелек шепте тұтасқан балалардың екеу-екеу шүйіркелесе кеткендеріне қарағанда, әні, дауысы дүйім жұртқа ұнаған сияқты. Бектас онан сайын мардамсып, дауысты барынша көтере ширатып барып әнді аяқтай бергенінде, алақандар сатырлап ауа жаңғырықты. Сол сәтпен дәлме-дәл мұғалиманың алақаны мұның иығына жабыса кетті. «Балалар, біз білмей жүріппіз. Бектас атты тамаша әнші тауып алдық-ау!» деген сөздерді естуге оңтайланып, бұл бар зейінімен құлағын түрді. Әйткенмен ол сөздер өкінішке орай, айтылмады. «Бектас,— деді мұғалима,— «Бурылтай»— махаббат әні, ал оқушы балаға махаббат туралы ән салу келіспейді. Келешек есінде болсын. «Дауысын нықтап, басқаларға естірте айтты. Сол күннен бастап, Бектас үлкен үзілісте ән сайысында күш салыстырудан тиылған. Дегенмен бойға қонған дауыс ән әлеміне құштарлық Бектасты бұл базардан сырт қалдырған жоқ. Хор үйірмесінің белді мүшесіне айналды.

Осы жайды есіне ала тұрып, Манаптың қасына жай-

ғасқан Бектас «Бурылтайды» бастай жөнелді. Махаббат әнін салғанына тежеу салар ешкім жоқ, қайта махаббатты жырлайтын, сурылта шырқайтын дәурені емес пе, шалқыта ерекше шабытпен толғады. Бала кезінде сүтке тиген күшіктей боп, бірер жыл осы әннен шетін жүргенің өшін енді алып тұрғандай. Шаңды шаңға қоспайтын жүйріктердей, әнге әнді ұластырып, түйдектүйдегімен ұластыра берді. Комбайн тіліне дестесімен оратылып, бункер қойнауына алтын астық боп құйылып жатқан асыл ырысқа әннен шашу шашып келе жатқандай. Дәл осы кезде оған қараған адам аққуба жұқа өңіне алаулаған шыр бітіп, құстың қанатындай қиылып түскен қою қара қастарының екі ұшы үшкірлене түскендей, сұңғыла бойы онан сайын нықтанып кеткендей әсер алар еді. Желкесін жаба желбіреген ұзын шашы комбайн жарығымен қабаттасқанда, ерсілі-қарсылы ұйтқыған алау отының тілдеріне ұқсайды. Мінсіз қыр мұрыны қой көздердің ортасынан тартылған леп белгісі іспетті.

— Бозарып таң да атты. Күзгі түннің салқынымен жағы бозарыңқы тартып, шаңнан үсті-басы бозаңданып тоңазытқан Манап:

— Ал, Бектас, жетер, концертіңе рақмет!— демесе тоқтамас па еді, қайтер еді.

Мұның үсті-басын қаққыштап, жұқа қолқабымен иығын, арқасын пергілеп жатқан Манаптың жұмыскер қатаң қолы Бектасқа май жағып жатқандай. Үлкен бір іс бітіргендей, кеудесі күмбірлеп, тынысын кеңінен алады.

— Дегенмен уәдешіл жігіт боларсың, тегі,— деп мақтауын арнаған Манап қалжыңын да ұмытар емес.— Шаңның арасынан сытылып тайып отыра ма деп қорқып едім.

...Бектас бөлімше кеңсесіне келгенде, Есмақ оны телефонмен іздестіріп жатыр екен.

—Иә, қал қалай, комсомол?— деді.

— Хал жақсы.

— Кешеден бері бітірген істеріңді айтшы. Бөлімшенің жағдайы қалай? Түнгі жұмыстың ақпарынан хабарың бар ма?

Бектас сәл мүдіріп, *телефон* трубкасын ысқылап тұрды да:

— Мен Манаптың қасында ғана болдым,— деп шынын айтты.

Есмақ әр жақта мүдіріп қалғандай. Сәл-пәл үзіліс-тен кейін ғана:

— Күні бойы ма?— деді тұтыға сөйлеп.

Бектас бұлтарар шеп қалмағанын ұқты:

— Күні бойы да, түні бойы да,— деді турасынан.

— Иә, сонда?— деді Есмақ.— Комбайны сынып, оны-сына қолқабыс еттің бе?

— Жоқ, комбайн аман...

Бектас кеңсе ішін айнала шолып өтті. Әлгінде ғана жағалай отырған бөлімше басшылары далаға кеткен екен. Соны арқаланып, Бектас:

— Манаппен бірге болып, түні бойы ән салдым,— деді,

—Неге?

— Оны ұйықтатпас үшін.

Есмақ әр жақта түшкіріпіп, жөткірінеді:

— Жалпы бөлімше бойынша тұтастай жұмыс барысы саған қараңғы ғой? Есмақтың даусында түтігу лебі бар.

— Солайы солай,— деді енді Бектас та жөткіріпіп.

Арқасы тершіп, көйлегі жауырынына жабыса түскенін сезіп тұр. Біресе суық тер, біресе ащы тер шып-шып етеді.

Есмақ сәл ойланып, тоқ етеріне көшті:

— Сен, Бектас орталыққа қайт! Орныңа тісқаққандау біреуді жіберерміз.

«Бала» деп айтар жерде «бала» демей, «Бектас» деп атын атағанында гәп бар екенін Бектас әнеугі күні ұғынған. Манап екеш Манап та кеше «сен баласың ғой» деген жоқ па. Есмақ та мұның балалығын дәл деп атамай-ақ бетіне басып тұрғандай. Дәл қазір, «бала» десе, шамдандырып алармын деп ойлаған болар.

Түні бойы Манаптың қасында тапжылмай, оны мүлгітпеске ән салғанын ерлікпен теңдес үлкен іске балап, мардамсып келген Бектас Есмақпен екеуара әңгімеден ұққаны — бұл партия бюросының өкілі ретіндегі міндетін атқаруға өресі жетпегені. Онысын түнгі «концертімен» тіпті ұшықтыра түсті. Есмақтың булығып, түтігуі содан.

— Бүгіннен қалмай орал,— деп бұлтарғысыз шешімін тағы нығыздады. Бектасты намыс буып кетті. Есмақтың айтып тұрған үкіміне дәл қазір көне кетіп, Ақсудан мысы құрыған күйде бұқпантайлап жөнеліп берсе, бүкіл келешегінен, алдағы ғұмырының тірегінен біржола айрылардай түйсінді. Бір адым шегінбейтін

жері келген. Партбюроның өкілі екен, ендеше сол міндетке төселу керек. Жұрттың бәрі туа сала өкіл боп сайланып шыға келді дейсің бе. Қазір есік алдына шығады да, жаңа түскен келінше сызылғаннан арылғанның белгісі ретінде бөлімше белсенділерімен тура іс барысы туралы сөз бастайды. Әшейінгі сыпайылықтан аса алмай, бет моншағын мөлдіреткенді доғарады.

Есмақ мұның ұзақ ойға кеткеніне шыдамсызданып тұрса керек:

— Менің айтқанымды түсіндің бе, Бектас?— деді.

Бектас та жауабын сарт еткізді:

— Естіп тұрмын, Есеке, бірақ мен Ақсуда қаламын!

— Иә, сонда өзіне артқан жүкті арқалап кете аласын ба? Сенімің нық па?

— Сенемін. Үйренемін!

Есмақ «ым-м» деп ыңыранды:

— Дегенің болсын, қимылдап көр!— деп сөзді кілт доғарды. Бектас далаға атып шықты. Бөлімше меңгерушісі агрономмен бірге бір жапырақ қағазға шұқшиып тұр екен. Бектас:

— Бүгінгі акпардың жобасын айтыңызшы,— деді салғаннан.

Меңгеруші оған күле қарап:

— Сол ақпарға бәріміз таң боп тұрмыз, уәкіл жолдас. Манап бүгін екі жоспарға жуық қимыл жасапты. Үш ұйықтасаң, түске кірмейтін жай. Бірақ көз көріп, қол ұстағандай анық нәрсе. Нанғымыз келмей, есепшіні екі рет жіберіп, жер көлемін қадағалап өлшетіп алдық. Қолмен қойғандай айқын, Жақсы ырымға жорып тұрмыз.

Бектас мырс етті де үндемеді. Тек қана бөлімше меңгерушісіне:

— Бүгін мен күні бойы сіздің қасыңызда боламын. Уәкілдікке үйренемін,— деді бүкпесіз.

— Келістік,— деді меңгерушісі.— Уәкіліміз маған жоламай, комсынып жүр ме деп өзім де күпті боп жүр едім. Ендеше бір-біріміздан бір елі ажырамайық.

11

Орақ уақытылы аяқталды. Ақсу орта буында.

Орыс тәртібімен жекеменшік қара монша ұстайтын Нұрақай Ақсудан оралған Бектастың арсы-күрсі түрін көрген де, үн-түнсіз монша жаға бастаған.

— Жуынып, буланып, денеңді жинап алсаңшы,— деген.

— Ойбай-ау, талтүсте қалай?.. Моншада шомылған соң, күтініп жату керек,— деген Бектасқа:

— Моншаға кіріп шықтым екен деп, күпіге оранып жайланатын ештеңе жоқ. Теріңді сәл кептіріп ал да, жұмысқа тарт!— деді Нұрақай.

Бектас сөйтті. Көп найқалмай, жұмысқа қамдана бастағанда:

— Торың тыңайды, мініске жарамды,— деді Нұрақай.

— Құлағыңа жағымды сөзді естуі мұң екен, Бектас атқораға қарай шапшаңдата жөнелді. Келе, домалақ торысына жетіп барды. Торы «Ә, әнеугі тентек сенбісің?» дегендей, еленде п, буған мойынын бұрды. Сонау күнгі қысталаң шабысты ұмытқандай. Қарыны тоқ, көңілі тетік. Жүні жылтырап, қонданып апты.

Торыны жетелеп, Бектас есік алдына беттеді. Үп еткен желге еленде дегендей, торы құлағын едірейтті. Тізгінді тартқылап, жүргісі келген белгі берді. Оның ырқымен Бектас айналшықтап жүре бастады. Торы ат тізгінді созғылап, жер иіскеледі. Таңдап-таңдап ұнатқан бір тұсқа жата кетті. «Қоя бер» дегендей, тізгінді жұлқа тартып, басы босаған соң, домаланып аунады. Төрт аяғын селтеңдетіп, қыр арқасын өршелене үйкеп-үйкеп алады. Оң қабырғаға, сол қабырғаға кезек төңкеріліп, қалағанын істеп жатыр. Біраздан соң құмары тарқаған қунақы қимылымен атып тұрды. Төрт тағандап сілкінді. Сілкініп болып, Бектасқа қарады. Бектас ерсілі-қарсылы тербетіле селтеңдеген бос тізгінді қолға алып, торыны кермеге байлады. Қорадан жапсарға қыстырулы қыруышты әкеліп, аттың бүкіл денесін шаңкөң, шөп-шаламнан тазартуға кірісті. Бектастың қолы тосындау тиді ме, алғаш торы құлағын жымитып еді, артынша онысын қойды. Қыруыш денесіне жаққан сайын Бектасқа мерейлі көз қиығын тастап жібереді.

Домалақ торының тоқмейіл, мейірімді қалпын пайдаланып қалайын дегендей, Бектас дереу оның үстіне ер-тоқым салды. Билете бастырып, үйге келді.

— Әйкен!— деп дауыстады.

Түскі үзілістен кейін жұмысына баруға қамданып жүрген Әйкен кішкене сөмкесін қолтығына қыстыра үйден шыға келді.

— Атқа мінгенімді саған көрсетуге арнайы бұрылдым,— деп Бектас тізгінін қатайтып, торыны орнында тыпыршыта тепеңдетіп алды.

— Тұлпарың құтты, жүрісі жайлы болсын, атқамінер жігітім!— деп Әйкен шын тілек айтты.

Торы мінген мақтанышын қайтсем өсіре түсем деп қызынған Бектас:

— «Торыны таңға байлап мінген қандай, қырындап қызды ауылды жүрген қандай»,— деп тақпақтай жөнелді.—Кел алдыма мінгес, жұмысыңа жеткізіп тастайын.

Бектас лыпып тұрғанда, Әйкен де қымсынбады. Үзеңгіге аяғын салып, бір ырғығанда ат үстіне қона кетті. Жамбасымен ерді басып, қырындай жайғасты. Тал шыбықтай кездері емес пе, ер-тоқым үстіне екеуі еркін сиысты.

— Тек ақырын жүр,— деп Әйкен Бектастың құлағына сыбырлады.

— Е, неге?— деп құйындата шаба жөнелейін деп тұрғандай Бектас елең етті.

— Біз үшеуміз!— деп Әйкен тағы сыбырлады.

Бектас келіншегін қатты қысып, бетінен шөп еткізіп сүйіп алды. Желкілдек аяңмен торыны құлшынта жөнелді. «Домалақ торым, сүрінбей, майда бас, сен менің семьямды әкеле жатырсың!»— деп іштей күбірлеп келеді.

Бұлардың осылай жұптаса бір атқа мінгенін терезеден көрген Нұрақай:

— Ой, шіркін, балалық-ай, ә!— деп мұртын ширата берді.

Әйтсе де Бектастың басында шляпа орнына күзгі кепка, аяғында былғары етік болатын. Нұрақай сонысына шүкіршілік етті.

Бектас тор аттың қызығын мұнымен ғана шектеп қоймай, кештете арбаға жегіп, жанына Әйкенді алып, қол созымдай іргелес ағаш қойнауына беттеді.

— Саған күзгі орманның ауасын жұтқызамын,— дейді мейірлі дауыспен.

Онысын құптап, бас шұлғыған Әйкен:

— Ал баянды қайтпексің?— деді.

— Сәл шыда, көресің.

— Құпия ма?

— Құпия.

Қайыңды орман бүкіл «Өркенді» қаумалап, қоршап тұрады. Бектас торыны бертіндеу тұмсыққа туралап келеді.

Қайыңдардың жапырағы түсе бастағандықтан, күзгі орман іші тым селдіреп кеткендей әсер береді. Қалбаң

етіп үнсіз үзіліп түсіп жатқан сары жапырақ аяқ астында қобырайды. Қаттырақ үрлеген жел болса, сыбдыр-сыбдыр еткен ұлпа. Жаланаштанған ағаш бұтақтары түпкі өзектің сақшысындай жан-жаққа істие-істие қалған.

— Сен тынысыңды кең-кең алып, таза ауаға қана бер. Мен баянды біраз әурелейін,—деді Бектас Әйкенге.

Гармоньға үйреншікті саусақтар баянның жыпыр-жыпыр түймелерін әуелі түгел саралап, түгендеп өтті. Сол қолымен компылдақ, күмпілдек түймелерді байқастады. Лыпылдап тұрған түймелердің үніне құлағын төсей жіті тыңдап өзіне керекті әуендерді іздеп отыр. Біртебірте «Әйкен-ай» әнін термелей бастады. Төрт қатарлы ақ-қаралы нүктелерге саусақтары тиіп кеткенде, біресе ол жаққа, біресе бұл жаққа жан-дәрмен ұмтылып, жанталасқан адамша нақтап тап баса алмай, әуелі кәдімгідей жүйесі құрала бастаған әуен енді бір сәтте бұзылып, бұлтақтай жөнелді. Ыстық табадан бытырай ұшқан шемішкедей тамтырап кететіні де бар. Бектастың машақатына себін тигізейін дегендей, Әйкен ыңылдап қосылды.

Әннің барысын саусақ үшінен аңдып, көз айырмай отырған Бектас нобайы келген-келмегенін анықтай түспекші болып басын баянның жақтауынан көтеріп алып, ойнап көрді. Ән ыңылдап тербелген Әйкенге көзін тікті. Жазық маңдай, тік қабақ, ашық аспандай көгілдір тұнық көз келіншегінің өңі бұрынғыдан да ажарланып, құлпырып бара жатқандай. Келіншегіне қараған сайын Бектастың қолы жүйріктеніп, тесіле түскендей. «Әйкен-айдың» басы қайрылғанын іші сезді.

— Сенің бет-жүзіне қарай берсем, баянда тез үйренеді екенмін,— деді Бектас жарқырай күліп.

— Сағынамын дегенің рас болса, сағат сайын көзіме көрін де отыр»,— деп әндете жымиған Әйкен бұған сүйкене еркелеп жабысты.

— Бүгінгі олжам «Әйкен-ай». Енді күніне бір әннен болса да қосып отыру керек. Бәрібір баянда мүдіріссіз ойнауға үйренбей тынбаймын,— деп Бектас келіншегін иығынан емірене сипалай берді.

12

— Сонымен, «Қайрақтың» сәті қашан түспек?—деді Есмақ тура.

Ойына алған ісін орындап біткенше тынымсыз әдеті.

— «Қайрақты ма... Қайрақты»...— деп Бектас желкесін қасыды.

— Иә, «Қайрақ» сондайлық қажет дүние ме?— деді Бектас толқымалы, қобалжыңқы дауыспен.

— Бәсе, сен өзің әлі тап баспай тұр екенсің ғой,— деп Есмақ орнынан түрекелді.

Ол ана жолы айтқан шаруашылықта жетістік пен кемшілік, жақсылық пен жамандық қабаттаса жүре беретіндігі туралы сөздерін тағы қайталады. Қажет болса, жүз рет, мың рет қайталауға әзір екені байқалып-ақ тұр:

— «Жаманды жасыра, жақсыны асыра» деген тәлім бізге үйлеспейді,— деді ол.—«Өркеніміз» қарыштап өркендей берсін десек, мүлт кеткен шақтарымызды бадырайта көрсетуіміз керек. Бұдан тартынып, басы артық сақтау жасау қорқақтықпен тең.

Бектас «Онда тұрған не бар, шығару талап етілсе, шығара салайық» деген немқұрайды шешімге бекінді. Бірақ күмілжу сарқыны әлі жоқ емес.

«Қайрақ» сатиралық радиогазетінің жұмысын негізінен комитет мүшесі, әрі қолынан келер-ау деп Бәкенге жүктеуге ұйғарысты. Бұрын-соңды тәжірибеде кездеспеген жаңа бастаманы Есмақ қолма-қол араласып пысытып алғанды жөн санаса керек, Бәкенді жедел түрде кабинетіне шақыртты. Осы шақырыстың арқасында Бектас сол күні Бәкенді жаңа бір қырынан таныс түсті.

Айтулы уақытта жетіп келген Бәкен партбюро кабинетінің есігінен басын ғана сұғып:

— Мені сіз қажет еттіңіз бе?— деді.

Қар қылауланып жауып, дендеп кете қоймаған қыстың алғашқы күндері болатын. Бәкен малақайын асығыстау түре киген екен, бір құлағы қоянның құлағындай едірейіп, екіншісі ешкінің құлағындай салбырап кеткен.

Есмақ телефонмен сөйлесіп отырған. «Тыныш, аздап дамылда» дегендей қолын болмашы көтере түсіп белгі берді. Бәкен кеудесін есікке жартылай сұққан қалпы кептеліп тұрып қалды. Көзі жыпылық-жыпылық етеді. Сол қалпында қасқырша бар денесімен артына бұрылып, иегін кекжең-кекжең еткізе, Бектастан «неге шақырды?» дегенді ымдап сұрап қалып жатыр. Әп-сәпте мүләйімсіп мөлие қалған көзінде «Сен бірдеңе біл-

дірген жоқ па екенсің, қу бала?» деген күдікті сұрақ та елес беріп өтеді.

Есмақ әңгімесін доғарып:

— Кірсеңші, неге бөгелдің,— дегенде Бәкен табан еленбес қана табалдырықтан мысықша еппен жымпың етіп өтті.

Төбесі еңселі кең бөлменің ішінде еңкейе, ептелей басып келіп, ең түкпірдегі ең, шеткі орындықтың дәл ұшына ілінер-ілінбес отыра кеткен болды. Екі көзімен Есмақты ішіп-жеп, тесіп барады. Есмақтың аузынан бір сөз шыққанша, мұның аузынан сілекейі шұбырып кетейін деп отыр.

Алдын ала келісілген ортақ мәселе болғандықтан Бектас та осында.

— Сен, Бәкен, ара-тұра газетке мақала жазып тұрасың ғой?— деді Есмақ.

Бекеннің жылт-жылт еткен көздері суынып, тесірейіп барады. Ерінді жалап жіберіп:

— Бізге ондай өнер қайдан келсін. Жай, зеріккенде, бірдеңе сұйкей салатыным бар,— деді.

Есмақ Бәкеннің бұлаңқұйрығын бірден сезгенін танытып:

— Сен абыржып бұлтақтамай-ақ қой. Бір іске қажет еткендіктен сұрастырғаным,— деп басу айтты.

Бәкен езуін созылта күлді.

— Е... енді, іске қажет болса, онда...

Есмақ көп созбақтың басын ірікті:

— Мәселе мынандай, Бәкен жолдас. Кемшілікті көзге шұқи жария ету қажет пе, емес пе?

Бәкен жапалақша жалп ете түсті:

— Әрине қажет,

— Сонда бұл үшін не істеуіміз жөн?

— Әрине, әрине... Ә, иә, не істеуіміз дейсің бе? Қайдам, партбюроның шешімі бар шығар?

— Шешім, әрине, бар. Тек сол шешімді мына сендер, комсомолдар, жүзеге асырса деп ойлаймыз. Мәселе «Қайрақ» атты сатиралық радиогазет ұйымдастыруда. Бектас қарсы емес. Комитетте талқыламастан бұрын өзара ақылдасып алсақ дегенім еді.

— Уо-уо-уо!— Бәкен етегін түре көтерген күйі орнынан атып тұрып. Есмаққа таяу ауысты.— Тапқан ақыл! Сіздің алдыңыздан көлденеңдемейін деп, бөгелгенім еді. Әйтпесе тап осы ой көптен бері мені мазалап жүр еді. Таптыңыз, сіз тауып кеттіңіз.

— Ендеше айтылмыш бастама аяқ асты болмас

үшін, радиогазеттің редколлегия құрамын жобалауға тиіспіз ғой.

— Иә, иә.

— Редколлегия құрамында шешен жазып, мақала құрастыра білетін тілі өткір адамдар болғаны дұрыс. Қолы жүйрік суретші де артық емес. Өйткені кейде радиомен айтқанды сатиралық плакатқа айналдырып жіберсе, қандай әсерлі дүние туар еді.

—Иә, иә. Әбден дұрыс.

— Осы талапқа сай келетіндердің бірі сен деп ұйғардық.

— Мақұл, мақұл, е жарайды,— деп Бәкен келісе кетті.

— Ал, жақсы Бектас, комсомол комитеті жә десе, іске кірісіп кетерсіндер. Тез арада алғашқы санын дайындауға кірісерсіндер деп сенемін.

Сөз тәмам. Әркім өз бетімен жөндеріне тарасқан.

Есмақтың кабинетінің есігін арқасымен жауып жатып Бәкен:

— Ой, мынауың бір от жұмыс қой, күйіп кетпесек жарар еді,— деді.— Ебелектеп, дегбірі кеткен:

— Есекең комитетте бекітуді нұсқап тұрған сияқты ғой. Комитетте атүстілеу құлаққағыс ете салып, сытылып кетсек қайтеді?!

— Күйейік, күймейік, Есекең сеніп тапсырған соң, орындау парыз,— деді Бектас.

Бәкеннің бұлтаңына қарамастан, комитет «Қайрақ» жөніндегі ұсынысты қызу қостады. Сол күні кеште радиогазеттің атына лайық әжуа, әзіл-оспаққа толы мақалалар жазып, әкеліп талдауға салу Бәкен мен Бектасқа жүктелді.

Кесімді сағатта бір қырындап Бәкен кірді.

— Мынаны оқып көрші, қалай?— деп Бектас бір парақ қағазды оған сол бетінде ұстатты.

Бәкен қолындағы текске шұқшия қарауда. Шашы таралмаған да екен, ұйысып, төбе тұсы тікірейіп тұр. Онысы басы қозғалған сайын бұлаң-бұлаң етеді.

— Өй, мынау маскүнемің анау шолақ көшеде тұратын дәу емес пе, ей?!— деді жұлып алғандай.

— Дәл соның өзі.

— Қой, ей, тап соның өзі ме?

— Иә, дедім ғой.

— Менің мас боп көшеде домалағанымды жария етіп, масқараладың деп төбеден төндіріп жүрмесін,— деп Бәкеннің көзі ойнаңдап кетті.

— Қайтеміз енді, жазмыш солай болса, төндіргеніне де төземіз,— деп Бектас қалжыңдады.

— Аллапрым, ол бір қойса, жерге екі қайта қағусызақ кіріп кетермін,— деп Бәкен шын аландай бастады.— Шіркін-ай, өзінің денесі-ай деймін. Білегін бұлтың-бұлтың еткізгенде, бұлшық еті олай-бұлай жүгіріп жүрген тас кесек пе дерсің. Бәрінен де жұдырығы бір пұт болар. Тарбитып жайып жібергенде, бір саусағының өзі теңіз албастысының бір білегіндей бар. Бұл тиіссе, сүйегінді ғана жинап алар жұрт!

Бектас:

— Сен оны тіпті құбыжыққа айналдырып жібердіңау,— деп мырс-мырс күліп еді, Бәкен:

— Нанбасаң, тиісіп көр,— деп күңк етті де, қолындағы қағазды аулағырақ серпіп тастады.

— Бұл мақаланы жарияламаса да, келер-кетері шамалы,— деді.

— О не дегенің? Ең өткір материалдардың бірі ретінде сұрыпталуына көмектесудің орнына...— деп Бектас тіксінді,

— Радиогазетінің өздерің бекіткен редакторы әрі дикторы болғандықтан, мен оны өткір болмақ түгілі, қылпып тұрса да жібермеймін эфирге!— деп Бәкен тепсінді.

— Қайтеміз, редактор ұнатпаса, амал нешік,— деп сәл босаңсығандай болған Бектас сол сәтінде Бәкенге шап ете түсті.— Ал, редактор жолдас не сайлап әкелді екен, соны көрейік.

Бәкен қожыраң етті:

— Мен әлі ойланып-толғану үстіндемін.

— Ә, солай ма?!

Бектастың шыдамы таусылды. Тік кетті:

— Олай болса, кабинетті босат, көкешім. Көрмегенім сен болсын! Басың сау, бауырың бүтін жүрсінші сеніңақ... Алда-жалда мерт кетіп, пәлеңе қалармыз,— деп ызалана, күйіне сөйледі.

— Құрметіңе көп рақмет...— деп, жымысқы күлкісін жасырмай, Бәкен кете барды.

Ол есікке таяп, қалғанда:

— «Қайраққа» өзіңді саламыз,— деді Бектас әжуалы кіжініспен.— Бәкен кілт тоқтап, кері бұрылды.

— Әй, әй, қойсаңшы, қылжақтамасаңшы,— деді жұмсақ, байпаң дауыспен.

Оның моп-момақан, мүләйім кескініне карап, Бектас карк-карк күліп жіберді:

— Жә, бар, бар!

Бәкен шығып кетісімен, Бектастың көкейіндегі бір ой бас көтерген. «Бүкіл жұртты дүрліктіріп, би алаңын далаға, жауын-шашын астына бекер жайдық-ау. Қар астында ісініп, қопсып, күні ертең қобдырай бастамай ма. Бері қойғанда, бір пәтер үйге жаюға жетерліктей сәкілік тақтай шығындалады деген ішкі есебі де бар. Бәкеннің құбылма сүлдері осы күдігін бекіте түскендей. «Әрине, Есекендер көпшіліктің ауқымымен, әсіресе қызба қанды жастар қауымының тауын шақпайық деп қолдады. Бірақ дер кезінде менің тарапымнан «ау, бұл қалай?» деп бір ауыз күдік айтылмағаны өкінішті!» деп Бектас өзін-өзі мүжіп отыр. Жерді көмкерген ақ қар да осылай деп күбірлеп жатқандай.

Оңашада ой кешіп, Бектас бүгінге дейін жүріп өткен жолын саралап, салмақтап алайын дегендей, қара көлеңке кабинетте ұзақ айналды. Тоқсандық баға қорытып, әр күннің бергені мен берерін безбендеген мұғалім іспетті.

Ең әуелі аз-кем уақыттың шамасында істес, мүдделес болып үлгерген адамдарын електен өткізуде. Сан жағынан әлі аз. Жұлдыз санаған Александрды ұқты. Түні бойы ән салдырған қуақы Манапты да түсіне алар қалпы бар. Екі талайда сенім артуға тұратын адам. Бәкеннің бет пердесін ашты. Есмақтың жөні бір басқа. Қыры мен сыры мол, Қайта-қайта оқи бергің келетін дастан сияқты.

Тізім шолтаң етті. Демеу болар бір ғана үміт — алда ұзақ жол. Талпынған жетер мұратқа дегенді алға ұстап, ұмтыла бермек.

* * *

...Естелік осы тұстан үзілді. Жол жиегінде біршама уақыт козғаусыз тұрған «пирожковоз» машина ақырын жылжып, жүріп кетті.

Сонау алпысыншы жылдың алғашқы жылынан бері жиырма шақты жылдың белесі араға түскен. Бектас бірнеше жыл комсомол жұмысында шынығып, қайралып алған соң, партия, совет қызметтерінде іс басында өткеріліп келеді. Соңғы бірнеше жылдан бері «Өркенде»

партия ұйымының секретары. Есмақ құрметті демалыста.

Манағы жиналыстағы екі жас жігіттің комсорг тарапындағы бір-екі сөзі осынша өмір елестерін көз алдына түгелімен қопарып әкеліп қондыра қойған. «Қайрақты» босаңсытпай, бабында ұстап отыру керек!» деді Бектас өз-өзіне серт бергендей.

Таңертең кеңсеге келісімен, комсомол ұйымының секретарын шақырып алады да: «Бүгінгі жоспарың қалай, комсомол?»,— дейді.

Жол бойы Есмақтың «комсомол бала» дейтін үйреншікті сөздері құлағының түбінде қоңыраулатып келе жатқандай болды. «Шіркін, Есекең келіп, маған да бір рет «комсомол бала» деп кетсеші!» деп сағына ойлады...

ЕН СҮЙІКТІ КЕЙІПКЕР

1

Шыр еткен сағат дауысы ұйқыдағы Еркешті селк еткізді. Төсектен атып тұрудың орнына күндегі бір ойдың жетегімен көрпе астында көміліп жатыр.

...Сусыған құмдай боп уақыт із-түзсіз зымырап өтіп барады. Уақыт өткен сайын Еркеш те мазасыз. Қысқы каникул соңын іле-шала жарияланған бәйгеге қатыспай қалмаспын деген шешімі бар еді. Әйтсе де сол бағытта әлі бір мысқал іс тындырған жоқ. Орайы келмей жүрген шаруа. Қыбын таба алмай әлек.

«Бәйге, бәйге!— деп жүлдеден дәмелі ұландар жағы еліккелі қашан. Тақырыбы да еліктірмей қоятын емес. «Менің ең сүйікті кейіпкерім». Яғни жоғары класс оқушыларының білім сынасар бір жері осы тақырыпта жазылуға тиіс әдеби көркем шығарма. Дайын, мәттағандап тындырылған жұмыстар жюри бастығы мұғалім Жармағанбетке тапсырылуы шарт. «Мен жазып бітіріп, комиссияға өткізіп те қойдым»,— деп өзара жымындасып жүргендер де бар.

О баста мұндай жарнамаға Еркеш тосырқай қарады. Бәйге дегеніміз, әрине, жарыс, талас деп топшылады ол. Ат жарыс, жаяу жарысты біледі. Әкесінің кейде тай жарыс, дөнен бәйге деп отыратыны да бар: Ал әдеби шығарма жазып, жеңімпаз атану үшін өзара бәсекелесудің жөні бір басқа болар.

Еркештің байқауынша, өзімен теңдес балалардың біразы кітаптан кітапты шолып, аталмыш кейіпкерді жыл бойы оқыған роман, повестерден іздестіріп жүр. Тауып та жатқаны көп.

Ай артынан ай жылжыған сайын күн қызуы молайып, уақыт көктемге таяп қалды. Еркеш болса, әлі күнгі ақ қағаздың бетіне қалам ұшымен бір жол таратпаған. Осы іске басқалардай бұл да ден қойған, қабілеті де жұрттан кем түспесін шамалайды. Бос белбеу ерін-

шектікке де салынып жүрген жоқ. Сонда да өндіріп тастаған істің қарасыны көрінбейді-ақ.

Мұнысының себебін Еркеш кейін ғана ұққандай боп жүр. Бақса, ол бәйгеге түспек шығарманы басқалардан гөрі өзгеше етіп жазбақ. Және ол бейнелемек кейіпкер еш кітапта кездеспеген, ешқашан айшықталмаған мүсін болу керек. Ол ұқсамайтын ерекше бір тұлға.

Еркештің өзін-өзі топшылауы бойынша, ол келешекте жазушы болады. Өзі сол түйсік, сол шешімге әбден берілген. Ал сонда бұл болашақ жазушы екен, ең сүйікті кейіпкерді басқалардың кітабынан көшіреді екен. Ендеше бұл таптаурынның несі қызық, мұның несі жазушылық?

Жоқ, Еркеш көңіліне қалаулы бейнені өзі іздеп табады. Ой санасында бедерленіп көрініп, ақыл таразысына сәулесін түсірер біреу табылмауы мүмкін емес деп сенеді ол. Сондай-ақ ең әуелі мұндай адамды жер жүзін киялмен шарламай-ақ, өзін күнбе-күн қоршаған ортадан, осы төңіректен қарастырмақ.

2

... «Ата-анаға көз қуаныш, алдына алған еркесі...

Алдында анасы, соңына ерген қарындасы бар демесе аға-іні маңдайына жазбаған Еркешті дәл осылай деп бағаласа да жарар ма екен? Әлде әке-шешесінің «біреу болса да бірегейі» ме? Еркетотай шалдуары ма? Оны өмірдің өзі айқындай жатар, әзірге осы бір жүрегін киял тербеген жас жеткіншекпен таныса отырайық.

Бұлар —«Тереңсай» совхозының орталығында тұратын жұпыны семья. Әкесі Қартай жылқышы, шешесі Нұрыш үй шаруасындағы әйел. Еркеш осындағы орта мектептің сегізінші класында оқиды.

Қысы, жазы жылқы баласымен бірге күн кешкен Қартай өз семьясының ішкі істеріне шорқақ. Сондықтан Еркешті бағып-қағу, тәрбиелеу мәселесі түгелдей дерлік Нұрыштың қолында. Ал Нұрыш тәрбиесінің әу бастан қалыптасқан өзіндік бір жүйесі бар... Ешбір педогикалық анықтамада көрсетілмеген жүйе. Онысының негізгі түйіні — Еркешке шаң жуытпай, әлпештеп-мәпелеп, алаңға салып өсіру. Яғни қыз баланы әспеттеп, көзге іле қоймайтын Нұрыштың түсінігі бойынша, айналып келгенде түп қазықта қалатын мұрагер Еркеш болса, ол жалқы. Ендеше оның екі сөзінің бірінде «жалғыз» деген балама жиі естіліп жатуы заңды құбылыс. «Сыңар ұл

сынық бұтақ тәрізді» деп қоятыны да бар. «Жалғызымыз аман-есен жетсе», «Жалғызымыз жігіт боп өссе», «Жалғызымның садағасы кетсін» дегендердің тиегі ағытыла беруі де содан. Табиғаттың өзі де ешкімнен кем етпей, олпитып-солпитпай аппақ сақадай етіп жарата салған аққуба бала Еркеш те үріп ауызға салғандай көркем. Тіпті кейде жалғыздың салмалауына деп сойылған тоқтының жілігін бұл қолына алғанда, Нұрыш «Қожыр-қожыр қылмай әдемілеп мүжі» дейтіні де бар. Әрине, мұнысының әр жағында «келіншегің өзіңе сай әдемі боп келсін» деген астар жатады ғой... «Жас басынан жұмысқа салған соң, сүйегі майысады, дене құрылысы бұзылады» деп, Нұрыш үйдегі шару атаулыны өзі тындырып тастауға тырысып жүреді. Шешесінің онысын аңдамай, өзі кимелеп бір істерді атқарып тастамаса, бұл үйде Еркештің қол тигізуін күтіп, қабындап жатқан шаруа да жоқ. Біреуден кем, біреуден ілгері жадағай күнкөріс.

Қартай үшін үлкен бедел — мұғалім. Қолтыққа портфель қыстыратын дәрежелі қызметтерден аулақ жүрген соң ба, кей жұрттай жалтақ-жұлтақ жорғалампаздығы жоқ, мінезі біртоға адам. Кейде оны ұнатпағандар «орыс мінезді» деп те отырады. Баяғыда басын қайырып тоқтаған үш кластық білімімен ешқайда бел асып бара алмаған. Тұра еңбекпен араласып кеткен. Сол себепті оқуда қалған өші бар ма, санасында сіңіп қалған арманы ма, әйтеуір мұғалім, мектеп десе ішкен асын жерге қоятын. «Шіркін, школдың төрт қабырғасы тұнып тұрған білім ғой» деп бір отырса, «шырағым, қараңғы менен қайран жоқ, әйтеуір мұғалімдердің сөзіне алакөніл бола көрме, солардың білмейтіні жоқ» деуі екінің бірінде. Баласының аяғы мектеп табалдырығын бір аттағанын оның сәулелі, шуақты келешегінің есігі айқара ашылғандай көретін. Еркеші сол шуақтың ішінде шексіз бақытты сезіммен шалқып жүргендей. Жылқы бағудан келгенде, Қартайдың Еркешке қояр бір-ақ сұрағы бар:

— Құлыншақ, оқу қалай?

— Жақсы ғой.

— Ә, бәрекелді, жарады.

Осымен әңгіме тәмам.

Ара-тұра шақырылатын туғандар жиналысына барып тұратын — Нұрыш. Ол жақтан сондайлық қауіп ойлайтындай тікенек лебіз сезілмейді. Біреудің баласын «әтлешнек» деп жер-көкке сыйғызбай мақтап жатады, біреулерді «үлгірімі төмен, тәлімі нашар» деп ата-анасын

жылағаннан бетер етіп жатады. Еркеш, әйтеуір, тең ортақта. Баста да емес, аяқта да емес. «Оқуы бірқалыпты, оғаш мінезі жоқ» деген мінездемемен кластан класқа жылжып келеді.

Бір жиналыста «балаң нашар оқиды» деп соққылай берген соң, анау Рекеңнің жұртты бір күлдіргені бар. «Іштен шыққан сұр жылан» емес пе, мұғалімдердің реніш сөзіне намыстанған түрі ме, «Өй, біздің антұрған тақа жаман оқымас, бір класында екі-ақ жыл отырады»,— деген...

Құдайға шүкір, Еркеш мұндай жүз қызаратын сөзге апарып жүрген жоқ. «Тіл-көз» дегенге де сенгіштігі бар Нұрыш тым көзге ұрып лепірмей, солбаңдау сүйретілмей, бел ортада жүргеніне іштей риза да. Ал Еркеш болса, өзінің «бірқалыпты оқуы» қандай халде екені өзіне аян. Күнделігінде үштік пен төрттік аралас жүреді. Тек бір ғана пәннен — қазақ әдебиетінен — бестік үзілмейді. Бір мұғалім «шындап қолға алса, үздіктер қатарынан бірақ шығар еді, ерінбесе миы тас қайнатады» деген бір ретте. «Қайдам, әйтеуір, көз алмай оқып жатады» деген сонда Нұрыш.

Еркештің көз алмай, жұтып жібергендей кітаптан кітапты тез алмастырып көп оқитыны да рас. Онысы — қазақ жазушыларының көркем шығармалары.

Жазушы болу оның арманына айналғалы көп уақыт та болған жоқ. Бір ғажабы — ол ақындықтан гөрі қара сөзді қалап алған. Ақындардың кітабы көбінесе жұқатай келеді, жаңқалтаға, төсқалтаға сыйып кете беретіндері де бар. Жоқ, Еркеш қайткен күнде қалың-қалың томдар жазып шығарады. Осы күні өзі қолына ұстап, аударып-төңкеріп оқып жүрген нелер қалың кітаптардан да қалыңырағын жазуға тиіс. Бар пейілін қиял жетелеп, әзір мінген көк дөнен болғанымен, көңіл көкжиегіндегі бұлдыраған бір сағымға қайтсе де жетем деп ойлайды. Жететініне сенеді. Алабұртқан жігіт те емес, өмір көрген мосқал да емес, айналып-үйіріліп келгенде, өзі ішінде шарқ ұрып жүрген мектеп өміріне шұқшияды. Сол ортадан таңғажайып оқиға, жұртты таңқалтар қаһармандар іздейді. Бұлар осы сан-сапалақ өмірде, балалар алысып-жұлысқан коридорда, мұғалімдер ізетпен өзара жол берісіп кіріп-шығатын кабинетте, партаның астында, тақтаның сыртында бүркеулі, жасырулы көрінеді де тұрады. Бұл іздеген оқиға, қаһармандар мектепке өзімен бірге келіп, бірге үйге қайтып жүргендей де сезінеді. Бірақ ол әлі еш кімге, еш нәрсеге

түстеп, нақтылап көз тоқтатқан емес. Іздеуде... Ол екі ортада мектептің өз заңына, өз тәртібіне бағынған ішкі өмірі бір қалыпқа түсіп алған біркелкі ырғағымен жүріп жатады.

«Тереңсай» биыл совхоздың орталығы болғаннан бері ғана жөндеп қалыпқа түсе бастаған. Бұл бұрынғы үш колхоздың басын құраған жаңа шаруашылық. Тың және тыңайған жерлерді игеру ісі қолға алынысымен-ақ мұнда құрылыс материалдары да молырақ жеткізіле бастаған.

Облыстық көне картасында бұл жер «Бұлақ» аулы деп белгіленген екен. Бұл кохоз о баста Ерәлі, Серәлі, Қисық деген үш атаға қарасты шаруалардың басын біріктірген. Бірімен бірі араласып кетсе обасы жұғатындай әуелде үш ата үш ауыл боп, арасы алшақ-алшақ бір-бірінен үрке орналасқан-ды. Әр ауыл бір көше, сол үш көшенің басы бірігіп түйіспей қалған орта тұсы кіші-гірім ипподромдай алаң еді. Енді сол алаңға басын қосып құрастыра қоятын жиналмалы үйлердің дайын бөлшектері, тас, құм, тағы басқа бөлек-салақ құрал-жабдықтар әр жер, әр жерге жөпелдете төгіліп жатыр. Күнде сабылған машиналар үймесінде жыпырлаған құмырсқа тіршілігінен елес бергендей. Осы қаракетке қарағанда, бірер жылда мына көше сән түзеп, бұл алаңқай ана үш бөлек жайғасқан үйлерге дәнекерлік жасап, тұтасып кете баратын түрі бар.

Сабақтан, әдеби кітаптар оқудан қолы босай қалатын қаға беріс сәттерде Еркеш осы тұсқа қарап тұруды әдет қып алған. Күн сайын көз алдында жүріп жатқан қимыл-әрекет туған ауылына келіп жеткен әлдебір өзгеріс, жаңалықтың хабаршысы екенін іші сезеді. Бірақ «тың, совхоз, құрылыс» деген ірі ұғымдардың арасындағы қызыл жіптей тартылған уақыт заңдылықтарын жүйелей сараптауға оның өресі әлі төмен.

Өткенде Еркештің көзіне түскен үй қаңқасы осы үлкен құрылыстың бастамасы сияқтанды. Үйме-жүйме, төбе-төбе үйінділердің шет тұсынан екі қабырға бой көтерді. Келесі күні ол төрт қабырға болып өсе түсті. Еркеш енді үйдің шатыры құрылып, есігі ілініп, майланып, сырланып біткен еңселі қалпын көргенше асық. Сабаққа бара жатып та сол жаққа қарайлап өтеді. «Қысты-күні қар үстінде үй салғанды кім көргені», дейді өзіне-өзі.

Қартайдың үйі жұрт «оқымыстылар қатары» деп атап кеткен көшеге орналасқан. Мұнда бірыңғай ретпен

сән түзеп орта мектеп қызметкерлерінің жекеменшік үйлері қатарласа салынған. «Бұл ана Ерәлі, Серәлі, Қисықтарға жатпайтын, бұл маңда колхоз іргеленіп он жылдық мектеп орнағалы осында үйірілген «жырық етектердің» үйлері. Бұл қатардың «шолақ көше» деген қосалқы атауы да бар. Көпшілігінен бұрынырақ салынған Қартайдың үйі бұл күнде сол «оқымыстылар үйлерінің» ортасында аралда қалғандай. «Өңшең кереметтің арасында отырған жүрегіннің түгі бар екен» деп құрдастары оған қалжыңдап та жатады. «Қорқа қалсам, кеңсем қасымда»— дейтін онда Қартай қалжыңға қалжыңмен жауап қайтарып. Олай дейтіні бұлардың оң жағында әдебиет мұғалімі Жармағанбет тұратын да, сол жақ қанатында екі бөлмелі колхоз кеңсесі орналасқан-ды. Совхоз ұйымдасқаннан бері кеңсе уақытша интернаттың көлемді көп бөлмелі үйіне ауысқандай ескісі бос тұрған. Интернат балалары қырлаулы-сырлауын тосып, жұнттай етеміз деп жүрген ұзын үйге қоныс аудара салған.

Кітаптан бас алмай оқи-оқи, көзалды қарауыта бастаған соң, бір мезет таза ауа жұтуға есік алдына шыққан Еркеш бүгін ескі кеңсенің алды қара-құра екеніне зер салды. Деміге дырылдап трактор тұр. Оған табаны екі жуан бөренеден шауып домдалған бітімі алқам-салқам сүйретпе ағаш шана тіркеулі. Аты шана демесе, білеудей-білеудей ағаштарды бір-бірімен ұстастыра салған ұланғайыр бірдене. Мұнымен отын да тасылынады, үймелете теңделген шөп, сабан да мал қораларға жеткізіп жатады. Сүйретуші көлік жер селкілдеткен «ДТ» болған соң, молынан пішілген сом дүние. Соның үстінде көшпенді біреулердің жүгі шошаяды. Стол, орындықтарды, көрпе-жастықты бір-бірлеп ішке тасып орыс кемпірі мен жас жігіт жүр. Бұларға таңырқап қарап тұрған Еркешке әлгі жігіт сонадайдан айқайлап жатыр:

— Ей, джигит, ты здесь живешь?— деп.

— Да, я здесь живешь,— деп Еркеш өзінше жауап қатты.

Ана жігіт өз-өзінен басын шайқап күлді де, бірденелерді умаждап құшақтаған күйі үйге кіріп кетті.

Бөтен адамға жұғыса кету, үйіріліп жабыса қалу әдетінде жоқ Еркеш дереу өз үйіне келеді. Сол бетінде:

— Ана, кеңсеге біреулер түсіп жатыр,— деді.

Пеш алдында табамен әуреленіп отырған Нұрыш мұның тосын хабарын «ұры түсіп жатыр» дегеннен кем

ұғынбай, состиған кескінмен ұлына үрке қарап қалды. Онысын жедел аңғара қойған Еркеш күліп жіберді де:

— Ескі кеңсеге пәтершілер келіп түсіп жатыр,— деді.

— Е-е,— деді Нұрыш әлгі халінен айығып, жадыраңқы қалыппен,— кім екен, таныдың ба?

— Жоқ, біз танитын кісілер емес. Бөтен, орыстар.

— Е, қазір не көп селеңшілік көп. Солардың бірі шығар?— деп, Нұрыш ыстық пештен суырған табадан күп-күрең жұқа нанды сүлгімен орап ала қойды.

Еркеш далаға қарай қайыра беттей беріп еді, Нұрыш жібермей ұстап алды. Буы бұрқыраған ыстық нанды мәнерлі тостағанға торғайға жегізетіндей етіп ұсақтап үзіп-үзіп турады да бес саусаққа леккен сары майды үстінен төндірді. Қайыңның шоғына пісіп лыпылдаған қызуын әбден бойына сіңіріп алған ақ нан сары майды лезде ерітіп, бауырына бұқтыра кілкітіп жіберді. Ағаш қасықпен бір-екі кесіп, аударып-төңкерістіргенде, нан түйірлері майға оранып, жылтырап шыға келді. Ауызға салғанда, қытырлағанының өзі таңдайда еріп бара жатқандай. Осыны Еркеш жеп тауысуы керек. Әйтпесе ол үйден шықпайды.

— Қой,— деді етегін сілкіп, орнынан тұра берген Нұрыш,— орыс болса да қоныстарына қайырлы болсын айтып, іргеміз құтты болсын деп келейін. Бір таба ыстық нан да ала барайыншы, жолдан қайбір жетісіп келді дейсің...

3

Сабақ кестесінің қашаннан дағдылы жүйесімен алғашқы сабақ химия. Балалар тастүйін, кітап-дәптерлерін партаның үстіне күні бұрын шығарып қойған. Тіпті кейбіреулері орынға отыруға қоңырау соғылмаса да, әлден-ақ жайғасып алған. Осы кластың «тентегі» Молдағаби әлде химия сабағынан, әлде мұғалімнің өзінен зәресі ұша ма, әйтеуір сиясауытын қолына қыса ұстап, қара өңі қуқылданып, моп-момақан маңқия қалған. Қалай жұқтыратынын кім білсін, қолы басы үнемі көкпеңбек сия боп баттасады да жүреді. Қазір қолы бірсыпырғы таза, жаңа ғана ауыз-су құйылған ыдыстан килігіп, кимелеп барып, жуып келген. Басқа сабаққа ол ешқашан дәл бұлай «шала бүлініп» қамданбайды. Қайта көкала қолын сәндікке ұстайтындай ербеңдетеді де отырады. Қазір жағдайы басқаша, «жаңылып бара жатсам сыбырлап жібер» деп Еркешті жұлмалап қоя-

ды. Бақылау жұмысы кездерінде «қолтығынды ашыңқырап отыр, сол саңылаудан мен сенің дәптеріңде жазылғанды көріп, көшіріп алатын болайын» дейтін де кездері жоқ емес. Әйтеуір химия десе Молдағаби осылай абдырай қалады.

«Тақтаны сүрт, сүрткішті сулап әкел, сулағанның жөні осы деп шылқытпай, бір-екі сығып таста» деп кезекшіге жөн сілтеп староста Күлмәш жүр. Жіңішке даусы ауаны тілгілейді. «Класты шаңдатпаңдар, желдеткішті ашып алайық»,— деп те бұйрық беріп қояды. Бұл оның қашанғы міндеті. Сонысынан бір жаңылмайды.

Мұншама зор сілкіністің бір мәнісі химия пәнін Шәріп Сақановичтің өзі жүргізеді. Өзі! Өйткені ол мектеп директоры. Бірақ Шәріп Сақанович тек директорлығымен мысты құртпайды, оның сабақ өткізу тәртібі еріксіз мойынсұндырмай қоймайды.

Еркеш бұл пәнге еліктеуден гөрі Шәріп Сақановичтің сабақ жүргізу нәшіне қызығады. Сонысына елігіп отырады. Әйтпесе химияға жүйрік те емес, есеп жағына өзгеше ғажаптанып, құлшына қоймайды. Әкесінің бірлі-екілі «есеп білмеген — есек» дегенін естігені де бар, бірақ олар әншейін ұйқас үшін айтыла салған сөздердей мұны селт еткізе қоймаған.

Міне қоңырау да соғылды.

Баяу ашылған есіктен маң-маң басып Шәріп Сақанович кіріп келді.

Ең алдымен көзге ұратын оның жазық маңдайы. Желкеге дейін жығылған ұзын шаш сол керекарыс маңдайды ашып, әйгілеп тұру үшін-шалқайта таралғандай. Шықшыты шығыңқы жұқалтай ақсары өң. Пышақпен жонғандай қыр мұрын. Бар-жоғынды түгендей қарайтын қаршыға көз, қатты тістеніп қалғандай жұқа ерін. Үстінде кең балақ, сұр костюм. Шалбардың қыры ісінген тамырдай білемденіп тұр. «Қырсынбас» деген бір тіркес Еркештің миында ойнап өтті...

Сол маң-маң басқан қалпы Шәріп Сақанович столға таяп келді де, журнал, кітаптарын тиісті орнына қоймастан бұрын жалт еткен көз қараспен бүкіл класты қас қағымда шолып шықты:

— Сәлеметсіндер ме, балалар!— деді.

Сонан соң ғана орынды орындарына отыруға рұқсат берілді. Отыз шақты бала жапа-тармағай тік тұрған қалпынан «төмен түсіп» жатқанда да тырс еткен дыбыс білінбейді. Масаның ызыңы ғана естілетіндей тыныштық.

Шәріп Сақановичтің журнал бетін ашқан сыбдыры ғана ауада білініп тұр.

Еркешке Шәріп Сақановичтің әсіресе построение өткізгені ұнайды. Мектепте барлығы жеті жүз бала оқыса, соның айталық, бір кезектегісі түгел үлкен үзілісте ортақ коридорда тоғысады. Бірін-бірі жаңа көргендей немесе көптен жоғалтып тапқандай, сол бойда балалар гүілдесіп, жамырай жөнеледі. Дәл сол кезде қарсы есіктен — өзінің кабинетінен әр адымын санап басып Шәріп Сақанович шығады. Бір секунд — одан артық та, кем де емес тұра қалып ығы-жығы ұйлыққан балаларды бір сәт шолып өтеді. У-ду саябырси бастайды. Балалар бірін-бірі шынтақпен түртіп, көзбен, иекпен директор жақты ымдап, «тыңдайық» дегендей өзара белгі берісіп жатады. Дегенмен ә дегенде тыншыға қоймайтын желөкпелер көптің ішінде болмай қоя ма — біресе ана шеттен, біресе мына шеттен қозғалыс, итерісіп қалу білініп-ақ тұрады. Сол сәтте Шәріп Сақанович бармақсыз оң қолының сыртымен аузын қалқалай беріп, «hім» деп қалды да, үн-түнсіз, екі қолын артына қайырған қалпы балалардың тізбегін тексергендей ерсең-қарсаң бір басып, екі басып жүре бастайды. Сөйткенше әр жердегі сыбыр-сыбыр сап тыйылып, дәл қазір осы кластағыдай өлі тыныштық орнайды. Сонда ғана Шәріп Сақанович сөзін бастайды. Сол сәттен бастап ол сөйлеп болып, «таранда» дегенше еш адам қыбыр етпейді.

Арқасынан біреу түйіп қалғанда ғана бір көріністен әлі айықпаған Еркеш орнына селбірейіп отырып жатқан Молдағабиды көрді. Екі иығы құнысып, құнжиып кетіпті.

— Неге айтып жібере қоймадың, әй?— деп қыстыға сыбырлайды.

Ыза буып, булығып отырған болу керек.

— Сенен сұрады ма?

— Енді...

«Қайдан білейін» дегендей Еркеш иығын қиқаң еткізді.

Бұл кезде мұның қасында отыратын Күлмәш лып етіп көтеріліп, ілгері қарай беттеді. Шәріп Сақанович тақта бетіне ұзақ бір төндеулерді жазып жатыр. Бұл кісінің ұстайтын боры да өзгеше. Қара тақтаға түрлі сандар ақ маржанша тізіліп, сүттей аппақ түс ерекше көзге ұрады.

Кей мұғалім қолына бор ұстап, тақтаға жанаса

кетсе, алдымен екі алақаны бозамық тарта қалады да, тақта ілінген тұстың сәкісіне бор үгіндісі пудра іспетті бұрқырап түсіп, ақ жолақ із боп шыға келеді. Жамбасын ағартып, бетіне жағып алатындары да бар. Шәріп Сақанович олай емес. Боры да үгілмейді, үстіне де ештеңе жұқпайды. Балалар арасына «борына сүт сіңдіріп алады екен» деген де сөз бар. Әйтеуір басқа біреулерді қайталамас, өзіне ғана тән сын-сыпатымен Еркешті тәнті қылады.

Ол үнемі «әттең, оң қолының бармақсыз кемдігі болмаса бұдан да әдемі жазар ма екен?» деп ойлап отырады.

Айтпақшы... Бармақсыз оң қол... Күлмәштің әлгі теңдеулерді талдап жатқан сөздері құлаққа кіретін емес. Еркеш осы бір сұрақпен елегізіп, тағы да өзімен-өзі болып кетті. Бұл Шәріп Сақановичтің оң қолы неге бармақсыз?

Алысып-жұлысып жүргенде қапы кетті ме екен дейтіндей ұшқалақ адамыңыз бұл кісі емес. Картоп аршып отырып, не нан турап жатып жонып түскен деуге де келмейді. Бармақ түп орнымен жоқ. Сонда?!

Түрлі оймен, түрлі дәлелдермен Еркеш өзінше жорамал құрып отырғанда, Күлмәш орнына келді. Күнделігін бұған көрсетіп жатып бес саусағын тарбитты. Иә, бұл қыз солай. Сабақтан бір мүлт кетірмей, жайрандайды да жүреді. Күнделігінің ішіне кілең бестен өрнек салып қойғандай. Келте мұрын, дөңгелек бет, кем иек қыз. Екі бетінің шұңқырында қан ойнап, құлпырып кетіпті. Ал Еркешке химия, математикадан, әйтеуір есепке қатысты пәндерден бес алып, жарылқанып жатуға жазбаған. Ол осыны ойлап үлгергенше, қоңырау да соғылды.

Қоңыраудың шылдырымен қосыла өткен бір жылдардың естелігі кимелеп кетті.

...Еркеш емтихандардан құтылып, каникулға әлдеқашан шыққан. Сонда да мұның ерекше асыға күткен бір күні бар. Ол он жылдық бітіргендерге аттестат тапсырылатын күн.

Бұдан гөрі балаң кезінде байқамаған екен, бертін келе аңғарғаны — мектеп қабырғасынан аттестат алып шыққан бала сол сәтінде кілт өзгеріп, есейіп кететін тәрізді. Кескін-келбет, жүріс-тұрысында пандық, москалдылық пайда бола ма, қалай? Сол бір сәтте ер жетіп, есейе қалатын кешегі оқушыларға биыл да бір зер салуға құштар-ақ.

Белгілікті күні мектеп маңайын торуылдап жүрсе, әдеттегіден гөрі басқаша көрініске тап болды. Шырайлы жаздың онсыз да қуанышты, мерекелі күнін онан сайын ажарландыра түсейін дегендей, қазоты кілемдей тұтасқан көгалда оркестр музыка ойнап отыр. Музыканттары бөтен. Салтанатты мәжілісті түрлендіріп, әр бере түсу ниетімен бұл оркестрді Шәріп Сақанович аудан орталығынан алдырғанын Еркеш білмейтін. Ол үшін таңсық нәрсе. Күмбір-күмбір, гумы-гумы еткен үрілдеуік аспаптардың үні мүлде баурап әкетіп барады. Еркеш оркестранттардың маңына жақындап келіп, біршама жұғысып алған соң, аяғын тұсап тастаған аттай айналшықтап шықпай қойды. Оның үстіне оркестрді басқарып тұрған тәпелтек орыс шалы да мұның делбесін қоздыра түседі:

— Жігіттер,— деді музыканттарға,— мен білсем, осы баланың танауы иіс біледі. Көрдіңдер ме, кірпігін қақпай тыңдайды бізді.

Қауқалақтаған шал Еркешті бір қобдишаның үстіне отырғызды да:

— Қанша керек болса, сонша тыңда!— деп құлағына сыбырлады,— мен тұрғанда сені ешкім қуып шыға алмайды.

Ежелден қалыптасқан тәртіп бойынша, аттестат тапсыру кешіне мектеп бітірушілердің туған-туысқандары ғана шақырылады. Мұғалімдерді қаумалай отырып, сол кеште молдария той да өтеді. Молшылық нышанын танытқандай боп арбалардан саба-саба қымыз түсіріліп жатады.

Өзінен басқа бейсауат бала жоғын көрген сайын Еркеш қыпылықтай бастады. Бұрыннан құлағы шалмаған мына шалқыма музыканы да қимайды. «Қой, біреу-міреу байқап қалса, мектеп ережесін бұзғаным ұят болар»,— деп кетуге ынғайланып қопақтағанмен, отырған жеріне желімделіп қалғандай қозғалмады.

Абыр-сабырмен бұған шұқшиған ешкім болған жоқ. Етектері көлбендеп, кеудені кере шалқая дөңгеленген қыздарға, жүздері бал-бұл жанған балаларға елжірей қарап, Еркеш отыра берді. «Бозбала мен бойжеткен» деген сөздерді есіне қайта-қайта түсіреді. Сол албырт бозбалалар мен сылқым бойжеткендер, міне, қалықтай билеп көз алдында жүр.

Мерекелі сәнді ұлы дүбірге араласып, ақыры Еркеш тойдың жалғасы өтетін мектеп залына да сіңіп кетті.

Ұзыннан-ұзақ құралған столдарға табақ-табақ ет

тартыла бастады. Ұстаздарға бүгін ерекше құрмет көрсетпек ниетпен ата-аналардың ішінен сайланып шыққан бір тобы білекті сыбанып жіберіп даяшылыққа кіріскен. «Балаларға қымыз ғана тартыңдар»,— деп қояды біреуі.

Еркештің тамаққа назары болған жоқ. Әлі бұрынғыша айналшықтап оркестр маңайында отыр. Оның бұл сәтте сезінгені — ол өзімен тетелес балалар естіп көрмеген небір қырлы-сырлы әуендерге құлақ құрышын қандырды. Ертең оларды тамсанып, аузының суын құрыта мақтанатынына сөз жоқ.

Ол осылай мегзіп отырғанда, біреу өзіне тесіле қарап тұрғанын түйсінгендей болды. Басын әнтек бұрғанша дәл алдында Шәріп Сақанович тұр екен. Еркеш орнынан қалай атып тұрғанын да байқамай қалды. Қаққан қазықша қалтиып, көзі қыпылықтап қоя берді.

— Иә!— деді Шәріп Сақанович.

Онысының әр жағында «ал саған жол болсын, мұнда қалай өтіп кеттің, тәртіп қайда?» деген қыжырта сұрақтар тізіліп шыға келуге тиіс деп ұқты Еркеш. Бұлтарар жер жоқ, сәл қипықтап тұрып:

— Мына оркестрді тыңдауға,— деп міңгірледі.

— Солай еді де,— деді Шәріп Сақанович.

— Солай болғанда қандай,— деп тәпелтек шал сөз аңғарын нақтап түсінбесе де киліге кетті. Еркешті қуып шыға ма деп қорқып қалса керек.— Бұл бала бүлк етпестен бізді тыңдағалы табандатқан бес сағат болды.

— Солай деңіз!— Шәріп Сақанович енді шалға бұрылды.— Сіз сонда бұл бес сағат міз бақпай отырғанда, сіздің репертуарыңыздан бірдеңе ұғынғаны бар деп ойлайсыз ба?

— Енді қалай!— деді шал.

— Ә-ә?!— деді де Шәріп Сақанович әрі асты.

Еркеш енді бұл залдан қуылмайтынын білді. Бозала таң ағарып, бозбалалар мен бойжеткендер таң шапағына жүздерін тосуға далаға шыққанға дейін оркестр қасынан жылжыған жоқ. Тек бір үзілісте ғана қымыз ауыз тиді. Мәнерлі тостағанды ұсынып жатқан адам:

— Саған Шәріп Сақанович жібертті,— деді.

Жаңағы қоңырау даусымен бірге сол сөздер қайта бір рет құлағына естіліп кеткендей.

...Келесі сабақ — қазақ әдебиеті. Есікті сарт еткізіп ашып, сарт еткізіп жауып, емпендей басып екпінді Жармағамбет кірді. Бірен-саран бала өзімен қабаттасып бірге келеді, бірақ ондайды мәм-сәм қылатын адам

Жармағамбет емес. Балаларды түгелдеу де жоқ, өткізілетін сабақтың тақырыбын журналға жазу да жоқ. Сол бетінде қолындағы қағаз-кітаптарды стол үстіне лақтырып тастай салды. Екпіндей басып алдыңғы партаға жақындады. Сонан соң:

— Әй, Зәргентай, Мүскентай, елікке ұқсап елеңдемей тыңдаңдар!— деп өзі қойған аттарымен бір-екі балаға зекіп алды да, аузын оңды-солды қисаңдатып бір сәт ойланып тұрды.

Еркешке Жармағанбеттің құлағы да қимылдап тұрғандай көрінді, Ұзақ сонар ойдан бойын жинап алғандай денесін әнтек селк еткізді де ол:

— Осы мынау ағаштар... олай-бұлай ырғалып, жапырағы дірілдеп... не бітімшілікпен тұр екен ә?— деп сөзін бастай жөнелді,— мүмкін осылардың да адамзат баласы сияқты аузы-мұрны, бас-құлағы, жүрегі, тілі бар шығар? Ә? Олардың жер қойнауына тереңдей қуалап тартқан тамырлары бұларды бірімен бірін жалғастырып тұрған сымсыз телефоны ма екен, әлде?

Жармағанбеттің көбіне осындай машығы бар. Дәл сол күнгі сабақтың тақырыбына тікелей қатысы бола қоймайтын, осындай жол-жөнекей бір елес, суреттермен сөз тізбектерін лекілдете бастай жөнеледі. Сөйлегеннен сөйлеп отырып, ара-тұра «демек» деп алады да әйтеуір бір өзі меңзеп алған мақсатты ойына қарай қиялай тартады. Оның осындай сөйлеуік шабытқа берілген сәттері жиі кездеседі. Мұндай үйреншікті боп алған балалар мұғалім бұл жолы өткен сабақты пысықтамайтынын біледі. Сондықтан оқулықтар енді қажетсіз дүниедей шеткерірек ысырылып қалады да, не сумкаға сұңғіп кете береді. Кітапты қос қолымен көмкере көлеңкелеп алып, келесі сабақтың қамына кірісіп жататындар да табылады. Бірақ оларды көріп те жатқан, көре қалса елең қылып жатқан да Жармағанбет жоқ. Ол бұл кезде небір мәнерлі өлеңдер мен сиқырлы сөздер, айшықты мақал-мәтелдерден шандып құрып алған сөзқайыққа бір жола тізгін берген еді.

Ел арасында әлі балаларға жете қоймаған әзіл де бар. Қызыл календарь бойынша аталып өтіп жататын мерекелі күндердің біріне орай баяндама Жармағанбетке тапсырылады. Сол кеште бұған сөз беріліп, трибунаға мінбелей орнап алған соң «әуелі істің басы» деп графиннен шүпілдете құйып стакан суды сіміріп алады. «Уа, өзінің де өндіршегі кеуіп тұр екен, сусын-

дап алды, енді ұзаққа сілтейтін болды ғой»,— дейді бірі.

Бірнеше минут белгілікті тақырып бойынша жазып алғанын тұғжыңдап оқып тұрған Жармағанбет соңына қарай бір кілтипәнін тауып, әдебиет мәселелеріне ауыса жөнеледі. Осылай бір ойқастап алған соң, манағыдай емес, қағазға қарау жоқ. Одан-бұдан көшірген, газеттен қиып алып дәптерге жапсырылған үзінділерге толы баяндаманы ысырып былай қояды. «Француз әдебиетінің классигі», «неміс әдебиетінің классигі», «венгр әдебиетінің классигі...» деп залда отырғандардың бірі естіп, бірі естімеген кісі аттарын шұбырта жөнелді. Сонда бүйір тұста жақынырақ отырған, мұның сырына қаныққ біреуі «Жәке, елге қайт, Жәке-ау, елге қайт» деп сыбырлайтын көрінеді...

Бүгін де тілі қышып келген Жармағанбет арқасы қозып, делбеленіп алған, неге екені белгісіз, Еркешке әдебиет мұғалімінің осы келбеті көп ұнайды. Оның дәмді, тіл үйірген балдай тамылжыған төкпе, нәсерлі шешендігіне таңырқаудан әлі бір рет жалыққан емес. Кейбіреулерге ұзақ сонар көрінерлік осы сөз сарқылмай, жалғаса берсе екен деп тілейді. Қанша уақыт сілтей берсе де тыңдай беруден жабырқап шаршамас едім деп ойлайды. Және бір ғажабы — Жармағанбеттің төгілмелі сөзшең шабытты кезінде Еркеш те өзінше бір қиялдарға ұрынып отырады.

Әлгі бір мезетте Жармағанбет «әннің де естісі бар, есері бар» деген Абай сөздеріне бір соғып өтті. Сол тұста Еркеш те өзінің ән құмарлығын есіне алды.

Бұл қаршадайынан домбыра шертіп, ән салуға әуес. Үлкендердің айтуларынша, ол домбыра құлағына ертеден-ақ жармасқан. «Жеті жасында» деп әкесі айтады, «бес жасында» деп шешесі айтады. Ал бәрінің түйісетін бір жері — Еркешке әншілік нағашы атасынан ауған.

Нағашы атасын Еркеш еміс-еміс қана біледі. Жаңылмаса, қапсағай қара шал болатын. Өзі елден ерек үнемі түйе мініп жүретін. «Бүкіл Солтүстік Қазақстанда түйе өсіретін колхоз сол ғана, сол колхоздың жалғыз түйешісі осы кісі», деп әкесі нағашы атасы туратын ауылды осылай ерекшелеп, даралап отыратын. Мәселе, әрине, мұнда емес. Еркештің бар білетіні — түйесін бақыртып-шақыртып нағашы атасы қалай келсе солай мұның ауызы сарымайға көмілетін. Түйенің екі өркешінің ортасынан атасымен бірге бір қарын май да

жерге түсіп жататын. Шай үстіндегі әңгімеде нағашы атасы «ашаршылықты көп көрдім, май жеген кісі өлмейді екен» депті ғой біреу»,— деп отырар еді. «Нағашы ата, сары май» деген түйсік Еркеште әлі күнге бар.

Жармағанбетті тындай отырып, «атақты әнші болсам ба екен?» деген де киял Еркешті тербетіп кетеді. «Жоқ, жазушы болам дедім, жазушы болуым керек» деп тағы өзін-өзі тежейді.

Еркешке жазушы атаулы осы Жармағанбетке ұқсас сиякты боп көрінеді. Өйткені ол жазушы сөз қуған адам деп біледі, ал небір ұлағатты өсиеттер, ой қозғар көрініс — уақиғалар, орамды ұтымды қанатты сөздер сол жазушылар жазған кітаптардан табылады. Еркеш білетін адамдардың ішінде Жармағанбеттей тілінен майы тамған шешені жоқ. Сонда Жармағанбет неге жазушы емес?! Әлде бойындағы дарынын жасырып жүр ме екен? Ешкімге білдірмей, кітап та жазып тастауы мүмкін ғой? Тегін адам бұл емес.

Бұл мұғалімнің ықпалының зорлығы сондай, Еркеш сабақта жауап бергенде, Жармағанбетке еліктеп мақамдап, дәмдеп сөйлеуге тырысатын болған. Өзі де тамсанып, жұртты да тамсандырып тұруға ынтық адамның сынайы бұған да ауған сиякты.

Еркеш өз ойынан серпілгенде:

— Мынау келе жатқан көктем,— деп Жармағанбет терезе тұсына барып тұр екен.

Далаға терезеден қарағанның өзінде көктемнің маужыраңқы, жүйесі осаң кейпі сезіліп тұрғандай. Еркеш аңғара алмады. Өйткені тұман арасынан қылтиған күн сәулесіне ұқсап: «Шығармаға бас кейіпкер етіп осы кісіні... Жармағанбет ағайды жазсам қайтеді?»— деген бір сұрақ мазалай бастаған-ды.

Апрель айының календары жаңа ашылған кез. Әйтеуір шуақты көктеммен бірге қандай да болсын бір жаңалық нышаны байланысты екенін сезеді. «Тірі адамға жаз да келеді» деп отыратын әкесінің сөздері есіне түсіп кетті.

Қырық бес минут жалықпай сөйлеген Жармағанбет те дамылдады. Қоңыраумен қабаттаса өзінің бұл класқа жетекшілік міндеті есіне түсе кетсе керек:

— Кешкі сағат алтыда класс жиналысы,— деп хабарлады да, манағыдай екпіндей басқан жүрісінен сәкіні солқ-солқ еткізіп шығып жүре берді.

— Түк түсінсем бұйырмасын,— деді Күлмәш ол кеткен соң.

— Кітаптан қайыра бір оқысаң түсінесің,— деп күлді Еркеш.

— Мифұлалар миы түгелдерден сұрап алыңдар,— деп Молдағаби өзінше қыстырылып жатыр.

— Еркеш, орыс тілінен енді сендердің көршілерің береді дейді ғой,— деп Күлмәш әнгімені өзі естіген жаңалығына бұрып жіберді.

Бұл сөзге басқалар да еленбей қалған, тасыр-тұсыр ойындарын доғара салып, Еркешке төніп тұр:

— Айтсаңшы, Еркеш, бұлданбай.

— Бұлданатын дәненесі де жоқ, мен қайдан білейін, солай деп кеше апам айтқан.

— Е, апаң айтса рас шығар.

— Анық-қанығына жетіп алайық та әуелі.

— Ал жарайды, солай болсын дейік,— деді Молдағаби,— сонда қандай адам өзі?

— Кәдімгідей. Екі қолы, екі аяғы бар.

— Жоқ, сен қалжыңға шаптырмай ақиқатына көшсеншi былай!

— Мен ол кісінің не істейтінін қайдан білейін. Пенсияда шығар деп ойлағам, өзімше «әже» деп ат қойдым. Бәрімізге әже болуға лайық. Ал баласы селеншік.

— Селеншік емес, целинник,— деп Күлмәш оны түзетті.

— Бәрібір.

— Бәрібір емес. Нанбасаң сұра.

— Кімнен?

— Әженнен сұра.

Бұлар осылай жарысып сөзбен дуылдасып тұрғанда үзіліс те бітіп қалды.

4

Бұл күнгі сабақтар тәмамдалысымен, Еркеш түске қарай үйге беттеп келеді. «Көбінесе полеводтар ұстайтын ұзын таспа баулы қара сумканы мойнына асып алған. Осы қалпын өзінше планшет асынған офицерге ұқсатады да, күн жылына қоқима мандайлы әскери фуражка киеді.

Қыс бойы сіресіп, кіріккен ағаштай ісініп жатқан қалың қар әлі су боп еріп кетпегенмен, арасын жел кеулеп, копсып, босаңси бастаған. Кей тұста құрп етіп тізеге дейін түсіп те кететін қауіп бар. Ондайда қар

бетінде көлкімей, төменде бұқпантайлап жатқан қоймалжың су қонышқа құйыла кетері әбден мүмкін.

Өз үйіне жете бергенде, ту сыртынан ат тұяғының сылп-сылп еткізіп еріншек басқан дыбысы естілді. Жол бермек боп ысырыла берген Еркеш отын үюлі кәшауа үстінде божы ұстаған «әжені» көрді.

Иә, «әже» десе дегендей, беті қыртыс-қыртыс әжімге толы сары кемпір. «Атын дәл тауып қойған екенмін»,— деп Еркеш іштей масаттана қалды. Ат божылаудың әсері ме, жел үркітіп шығарған ба, басын, мойнын қымтаған үлкен қоңыр ала қалың орамалдың кемерінен ақ-сарысы аралас селдір шаштың бір шөкімі үлбіреп шығып тұр. Қатарласа бергенде кемпір:

— Еркеш, мына атты тоқтатшы,— деді.

— Бұл менің атымды естіп те үлгерген бе?— деп таңырқағанша,

— Танданбай-ақ қой, кеше шешен айтқан,— деді «әже».

Сары атты Еркеш тізгіннен ұстап тежеді.

— Ал енді, Еркеш, кел отыр шанаға,— деді «әже».

— Жоқ, жоқ,— деп Еркеш ыршып түсті,— мен жаяу да барамын.

— Жаяу да баратыныңды білем ғой. Сонда да сен маған көмектес. Мына атты жаңа қайырымды бір адамдар жегіп берді, ал мұны басқарып жүргізуден мүлдем хабарым жоқ қой. Осыны қазір үйге қалай бұрып, қайда басын тірерін де білмеймін.

«Е, солай ма еді?» дегендей маңғазсына қалған Еркеш үйме отынның үстіне кеп жайғасты. Отын болғанда, жобасы, жаздан бері кебу саржан. Көп болса, бір жұмаға ғана жетерлік. «Ең аяғы ат та жүргізе білмейді, отырмай ма сол жылы суға қолын малып қалаларында. Далада несі бар екен?!» дегендей бір тікенек ойлар да санасын шарпып өтпей қалған жоқ.

Жетер жері тақа алыс болмағанмен, тізгін енді жөн білетін адамның қолына тигенін сезе қалғандай шомбыл сары ат тонқаңдап не желіс емес, не шабыс емес, берекесіз бір жүріспен далақтай жөнелді. Сонысынан секем алып қалды ма, кемпір:

— Еркеш, байқа, көгершінім, бір жерде аударылып қалмайық,— деді үрейлі дауыспен.

— Жоға, қорықпаңыз,— деп Еркеш те мардымсыған көңілмен дауысын соза сөйлеп келеді.

Өзі үлкен адамның мынадай екі салсаң әрең бір

басатан сары аттың тырбаңынан қорқып келе жатқанына іштей бүккен күлкісі де бар. Сөйтіп отырып:

— А, балаңыз қайда?— деді барынша салқын дауыспен.

Онысы «кәрі сізді осы бір қысым отынға бола дірдектетіп қылшылдаған селеншік жігіт қайда жүр?» деген қыжыртуы.

— Мен бұл мәселе бұлай шапшаң шешіле қояды деп ойлаған да жоқпын. Рақмет жауғыр бір жандар тездетіп жіберді. Тіпті қатарлап қойған қу отыннан бөліп берді. Володияның тракторымен кешке қарай әкелеміз ғой деп жоспарлағанбыз. Ол соған иланып, алаңсыз жүргені ғой.

— Ә, ә,— деп Еркеш тағы да даусын созып қойды.

Сары атты тиісті жерге бұрып әкеліп, отынды түсіре салу ниеті мен сумкасын мойнынан сыпыра бастағанда:

— Жоқ, жоқ. Еркеш, сен алдымен киімінді ауыстырып кел. Әйтпесе шаң жұқтырып аласың. О не дегенің, мектепке киетін киімінді бүлдіріп,— деп кемпір зыр ете қалды.

Еркеш жүгіріп келгенде, анасы жуырманда жібере қояр ма. «Мына бауырсақтан бір үзіп жей ғой, бір қасық май жалай ғой, бір ұрттап айран жұта сал» деп мұның ұртын қимылдатып, өңешінен бердене өткізгенше біраз алдандырады. Еркеш қайыра жүгіріп жеткенде, әлгі саржандар түгел түсіріліп, кіреберіс алдыңғы сенекшеге үйіліп те қалыпты. Бетінің ұшы ду ете түскен Еркеш не істерін білмей дағдарып, бәтеңкесінің өкшесімен босаң қарды езгілей бастаған.

— Сен енді әйтеуір қолқабыс көрсеткің келсе, мына атты иесіне табыс етіп келе ғой. Білесің ғой иесін?— деді «әже».

— Білгенде қандай!— деп өз ұятын аршып алар дәлел табыла қалғанына қуанып кеткен Еркеш селк еткізіп кәшауаға секіріп мінді.

Ол божыны қолына қымтап орай бастағанда:

— Сәл кідіре тұршы,— деді «әжесі».

Соңан соң екі алақанын бір-біріне шапалақтап шаңын қақты да саусағының ұшымен ғана ұстап, Еркештің фуражкасын жоғары қарай ысырды.

— Мына бас киім саған ерекше жарасады екен!— деді.

Божыны қағып жіберіп, жылжи жөнелген Еркеш былай шыға, әлгі жерде тежеп қалған ырзалық, мақ-

таныш толы күлкісіне кеңшілік беріп, езуін барынша жайылтып жіберді.

Мектепте кей балалар фуражканың қоқырайма маңдайына шертіп қалып, «қоқы» деп мазаққа айналдыратыны да бар-ды. Жұрттың аузына қақпақ бола ма, өзі қалай алған бас киімін Еркеш кейбіреулерше теріс айналдырып та кимейтін, сіреске́н күңқағарын жұлып та тастамайтын. «Әженің» мақтауы мұның көңілінің осындай бір босаңдау жерінен дәл басты. Төс қалтасында жүретін кішкене қол айнасын алып, олай-бұлай қарап еді, шынында, өзіне жарасымды бас киім екен. Қанша дегенмен, «әже»— не айтып, не қоятынын білетін адам.

Айнаны қалтаға қайта салуға ыңғайлана бергенде, оның жүзіне тағы бір сурет түсе қалды. Еркештің күнде көз салып, бақылауға алып жүрген үйі. Төрт қабырғасы қаңқиған жаңа үй. Айнадан бетін бұрып, шұқшия қараған Еркеш ол маңда бүгін балға ұстап, шеге қағып, тақылдатып жататын шеберлерді көре алмады. «Олары несі екен?» деп сәл тұрды да, Еркеш божыны қаттырақ қағып қалып жеберді.

5

Кешкі сағат алтыға тағайындалған класс жиналысы бітуі тез болғанымен, басталуы біразға созылды. Өздеріне тиісті класс бөлмесінде айтулы уақытқа жиналып, күтініп отырған балалар Жармағанбетті едәуір тосуға тура келді. Біріне-бірі «ол қайда, ол қайда?» деп, «немене, мен жұмсап жіберді дейсің бе?» деп сөз қақпайдан да жалыққаннан әрі-беріден соң кино ойынына кірісті. Ол кезде партизандардың көзсіз ерлігін бейнелейтін «Ер жүрек адамдар» мен «Кубань казактары» деген кинофильмдер әсіресе жас өспірімдер арасында көп әңгіме етілетін. Тіпті «Ер жүрек адамдардағы» Буян деген атты ауыздарынан тастамайтын. Міне сол тұлпарды мінген жас жігітті бір топ фашист қуып келе жатады. Бірақ Буян оны қуғыншылардан аман-есен құтқарады. Сол көрініс ті еске түсіріп елегізіген балалар «ал мен қаштым», «ал мен қудым», деп партаны ат қылып, «шаба» жөнелісетін. Қазір де солай. Қанша рет ойналса да жалықтырмайтын сол «қуғын» тағы басталып кетті. Партаның қақпағын екі қолдап ұстап алып, тепеңдеп отырған олар шынында да астындағы құс тістеткізіп, нақ бір ертегілердей самғай ұшып, құйғытып

келе жатқандай. Әрқайсысының тізгініндегі бір-бір пырақ.

Қыздар жағы бұлардың «шабыстарына» соңша елегізе қоймай, «Кубань казактарында» шырқалатын махаббат әндерін тербелте жөнелісті.

Еркештің байқағаны бұл әнді тереннен шыққан күрсіністей бір шеттен бастап жіберген Күлмәш. «Зачем, зачем тебя полюбила» деп мұнды созылтады. Кітап пен дәптерден басқа ештеңеден бейхабар деп есептелетін жасөспірім қыздар осы әннің жүрек елжіретер сазына беріле шырқайды. Күлмәш өзі іздеген әлдекімді ар жағынан көзбен шолып табармын дегендей терезе жаққа мойнын бұрып алған. Сол қалпынан тапжылмайды. Қелбетінде салмақты ой, мұң, аңсау аралас бір сезім арпалысып жүріп жатқандай. Еркеш тосын бір жаңалық ашқандай. Күлмәш қиық көз екен-ау! Онысы келте танау, дөңгелек жүзіне өте келісімді. Әлде әшейінде елеусіз қиық көздеріне от қосып, әр беріп тұрған ән бе екен?! Әйтеуір әдемі көз, бұрын қалай байқамаған?! Тіпті кем иектің астына таман жасырына біткен түйірдей қара мең де бар екен ғой...

Қыздар «Орел степной, казак литой» деп созылта басталғанда, «атқа шапқан Молдағаби қызығын доғара салып, қыздарға шүйілігеді: «Ой, мыналар не дейді, әй, қазақ глухойы неменесі, ей?»,— деп мазасы кете бастайды. «Сен өзің глухой, сен өзің глухой»,— деп қыздар да беріспейді. Осы сөзбұйданың аяғы шамдануға, оған ілесе Молдағабидың қолы біреудің тұлымына жабыла кетуге берілер ме еді... Әйтеуір қашанғыдай екпіндей басып Жармағанбет те кіріп келді. Соңында ерткен біреуі бар. Ол Молдағабидың әкесі Сейтқан екен.

— Ал, балалар,— деді Жармағанбет,— президиум, бастық, хатшы дегендерді сайламай-ақ қойсақ та бұл жолы ештеңе етпес. Алдымен Секенді тыңдап алайық. Өйткені бұл кісінің сөзінің бүгінгі мәселеге тікелей дерлік, иә... қатысы бар. Ал, Секе, сөз сіздікі. Біз құлағымызды едірейтіп, көзімізді ежірейтіп дегендей сап тыныштықта отырып тыңдаймыз. Сізге деген ықылас шалқасынан. Мына жеткіншектерді біраз сусындатып, көпке дейін сағынтпайтын етіңіз.

«Кім шақырды екен?» деп өз-өзінен күбірлеген Молдағаби қипақ-қипақ етеді. Оның қипақтайтын да жөні бар. Сейткеннің қашанғы әдеті осы. Мұндай жиналысты былай қойғанда, ол сабақ үстіне де сұраусыз-бұраусыз кіріп келе береді. Не сабақ айтып тұрған оқушының

жауабы, не жаңа тақырыпты түсіндіріп тұрған мұғалімнің әңгімесі үзілді-ау деген хабарына да кірмейді. Кең танауды бір коңқ еткізіп алады да, тымақты қолтыққа қыстырып, тықыр басты жалпақ алақанымен бір сипап тастап күніренте жөнеледі.

— Біз не көрмедік,— деді ол,— бір тілім нанға зар болған аштықты көрдік. Киесі киімге жарымай, жаланаштықты көрдік. Бізге оқы деген ешкім болған жоқ. Сендер, мінекей, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған алтын заманда масайрап, кең сарайдай мына зәулім мектепте сайрандап оқып жатырсыңдар. Осы үйдің әр тасын дерлік сонау жылдары жаяулап-жалпылап дегендей мына мен де тасысып едім... Иә, үкімет пен партия сендерге бар жағдайды жасап отыр. Ал сендердің бұл қамқорлыққа рақметтерің қайда, а? Сабақты неге дұрыстап, былай пәредкелеп оқымайсыңдар, а? Ыждахатты неге болмайсыңдар, а? Тәртіпті, тәрбиелі неге болмайсыңдар, а? Анау Күлмәш бала ғана атлешке оқиды деп естимін, қалғандарың сонда шошқа... жоқ әлгі жылқы... тағалап жүрсіндер ме, а? Мынау біздің суми Молдағабидікі осы не қылған қылжақ бітпейтін, а? Әлде осының миын біреу шағып ішіп қойған ба, а? Айтыңдаршы маған, а? Осылай «а, а» деп біраз жерге барған Сейткен «ал енді мен бар білгенімді айттым, менің осы ақыл сөзім миларыңа кірмесе, не болсаңдар ол бол!» дейді де, «үкімет пен партияның қамқорлығына лайықты жауап бере алмай отырған» қаршадай күнәкәрлерді де сан ойға батырған күйі кетіп қалады.

Бүгін де солай. Кәнігі боп ежелгі дағдысымен лепіре бастағанда:

— Осы екеуі бағана бір бөтелкені ортаға алып, біздікінде қалған,— деп Молдағаби Еркешке сыбырлады.

— Осы екеуі кім?

— Мұғаліммен. Жармағанбет екеуі.

Сейіткеннің сөзі таусылды. Бұл жолы да «мен айтарымды айттым, не болсаң о болын» айтып ол жайына кетті.

Мұнан соң жиналыстың кеш бойы сарылтқан мәселелері оп-оңай шешілді. Екіліктері барларды Жармағанбет журнал бойынша іздеп тауып, орындарынан тұрғызып жатыр:

— Екің бар ма?

— Бар.

— Ертең көзін жоятын бол!

— Екің бар ғой?

— Бар ғой.

— Екіден там соғайын демесең, құрту керек.

— Екің бар ма?

— Бар бірен-саран.

— Немене, екіні үйірлеп жинап, басыңа шайнап жағайын деп пе едің. Жоғалт.

— Құп, жоғалтайық!

— Демек, екіншіден бұл мәселеге мен қайыра соқпайтын болайын.

Сұрақ-жауап осылай кезектесіп, уәделер берілмп, жиналыс та дөңгеленеді.

— Ал, доп ойнайсындар ма?— деді соңында Жармағанбет.

Оның балаларымен жүргізетін үгіт-көпшілік жұмысының қазіргі түрі осы. Класты екіге бөліп жіберіп, түннің біраук сағатына дейін волейбол соғады. Өзі бірге ойнайды. «Балалар қауымымен етене жақындасып, қоян-қолтық келудің, ортақ тіл табысудың» берік тәсілі осы деп білсе керек.

— Тек бүгін...

— Мен өзім бұл жолы қатыса алмаспын. Уақыт тапшы. Демек, физрук осында, мен келіскем, спортзалды ашып береді. Сөткесіне қырық сегіз сағат болса, сендермен сонша уақыт араласа берер едім. Дегенмен сәтін салмай тұр. Әттең бір тәулік жиырма төрт сағат кана, керіп-соза беретін резеңке емес,— деп ақталды.

Бала деген қажыған ба, манадан бері манаурап Жармағанбетті тосқандары, Сейткеннің «құлақ құрышын қандырар» сөзі табан аузында ұмытылғандай. «Ойнаймыз, ойнаймыз»,— деп шу ете түсті.

Еркеш те спортзалға қарай ыңғайлана бергенде, Жармағанбет оны оңашалай кідіртті.

— Сен аналарға қосылып желөкпеленбей қоя тұр. Тығыз бір шаруа бар,— деді.

«Бұл не қылған тығыздық?» деген сұрақты кескінмен Еркеш оған қарап еді:

— Біздің үйге барайық. Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы дегендей, саған ғана сеніп тапсыратын бір жауапты жұмыс берем,— деді Жармағанбет.

Ұзын бойлы, дөңгелек қоңыр өңді, көзінің етегінде күлкі үйірілген, қырыққа жетер-жетпес жастағы сүйікті мұғалім айтып тұрғанда не жан қалар. Еркеш тіпті ол сиқырлы бір хикаяға бастап апарарлық ишарат жасап тұрғандай қуанып та кетті. Әдебиет және әде-

бнетшілер туралы лепірмеге толы әңгімелерге шұйғітер деген де дәмесі зор.

Еркеш үшін жазушылар қауымы көне тарихта айтылғандай Олимп шыңына жайғасқан құдайлар өмірінен кем емес, «Ана ақынның әйелі Бәтен, мына ақынның баласы Жәкен» деп құйқылжытып отыруға шебер. Солармен өмірбақи араласып, шай-суанынан дәм татып келген адам іспетті. «Біз Алматыда жүргенде...» дейді де отырады.

Еркеш Жармағанбеттің беті күреңітіп, аузынан арақ иісі мұңкіп тұрғанына тіксініп қалды. Бірақ теңдесі жоқ мұғалімі үшін бұл кешірімді нәрсе. Өйткені Еркеш үшін бұл әлемде одан асқан білгір жоқ, одан алабөтен суырылып тұрған майда тіл адам көрген емес. Жармағанбет үйіне келісімен, бұған күні бұрын жоспарланған жұмыс та тапсырылды. Қалыңдығы сіріңке қорабындай боп текшеленген дәптерлер Еркештің алдына қойылды. Үстіңгі бірін ашып, қызыл сиямен шұбарланған бетін көрсетті. Қызылша шыққан баланың денесі сияқты.

— Бұл, көріп тұрсың, бесінші кластың диктанттары. Мына тексерілген жұмысты үлгі етіп, қарап отыр да қалғандарын солай тексеріп шық. Міне сия, міне стол. Әрі грамматикалық қателерді өз қалпымен сызғылап, түзетіп, көзінді қандыра отырсаң өзіңе де теріс болмас. Бұл да қайталау, пысықтаудың бір түрі,— «өнерді үйрен де жирен» деген,— деді Жармағанбет.

Сонан соң Еркешті иығына қақты:

— Мына алдында екі түрлі сия. Бірі қызыл, бірі көк. Алда-жалда іш бұрып, жақсы көретін біреуің екіге қарай қисайып тұрса, көк сиямен бірен-саран қатесін түзей сал. Бұл жолдастық жасағаның болады.

Құлқы соғып, құлшынып тұрмағанымен, өзінің үлгі тұтқан ұстазының сөзін екі етсем деген ойына да кіріп шықпаған Еркеш өзіне оғаш таңсық іске кірісіп те кетті. Сол таңсықтығы бір жағынан баурап та барады. Әйтсе де көк сияны аулағырақ ысырып қойды. Алдамшы әрекетке, бәлкім ұзақ жылдар төселу керек шығар. Еркештің ондай әзірге әдетінде жоқ болатын.

Дәл осы кезде сықырлауық есікті созып ашып, біреу ішке қарай дауыстады:

— Уа бармысыз?

Сол белгіні тосып елеңдеп отырғандай, төр үйде газет қарап отырған Жармағанбет бері қарай емпеңдеп жүгіре шықты. Жүзінде қуақы күлкі тұр.

— Е, бармыз ғой,— деп жайраң үнмен қонағын қарсы алды.

— Манағы уәдемен келіп қалдық,— деп «төрпешке» Жиенғали кіріп келді,— оның үстіне мақала-сақала сүйкеп тұрамыз ғой. Дес берісінде бүгін газеттен шайқанттық қаламақы ойда жоқта топ ете түсіп, бір мәпақа боп қалды. Сөйтіп, шала байып дегендей коньяк отағасының аулынан бір-ақ шықтым: Мінекейіңіз... Жеңгей үйде ме еді?

Іш қалтадан қалыпты алып шыққан бір шыны коньякты Жармағанбеттің қолына ұстатып, Жиенғали шешінуге кірісті.

Бұл үйдің әйелі иесіне ұқсаған жіті емес, томсырайған, сөзге сараң, бұйығы адам. Жасы күйеуінен әлдеқайда кіші болғанмен, бетіне бір уыс күл шашырап кеткендей бозамықтау ескі өнді. Кухняда пеш маңында қыбыр-қыбыр жүргеннен басқа ештеңеге селт ете қоймайды.

Өзіне жүктелген тосын тапсырыстың мәнісін жаңа ұққан Еркеш не істерін білмей, енді дел-сал күйде. «Е, маған жұмыс, сіздерге сайран екен ғой» деп бір ойланды.

Есіктен сығалап мұны көрген Жиенғали:

— Ау, мұнда шәкіртіңіз отыр екен ғой,— деп бір қойды.

Оның осы бір уақтылы айтыла қалған сөзі қозғалақтай бастаған Еркешті қайта сабасына түсірді. Әдебиетші мұғалімге шәкірт атану кем атақ па!

— Ол бір творчесволық жұмыспен шұғылданып отыр,— деп қойды Жармағанбет те.

Бұл қолпаштау да Еркешті желпінтіп жіберді. Көңіліне ұялай бастаған әлгі бір сәттегі күдік сейіліп жүре берген. Әйтсе де коньяк араласқан жерде дуыл-шуыл болмай қоймайтынын да түйсінген бала бұл үйде отырып жұмыс істей алмасын да сезді.

— Мұғалім,— деді ол Жармағанбетке карап (балалар оны осылай атауға дағды алып кеткен),— мен өз үйіме барайын. Сонда аяқтармын.

Бұл екі арада Жиенғалиды төр үйге өткізіп үлгерген Жармағанбет:

— Өйтсең өйт, қате сандарын орфографиялық, пунктуациялық деп бөлектеп көрсете қоярсың, бағасын өзім жүйелеймін. Таңертең сабаққа дейін менің қолыма тигізерсің. Құп па?

— Құп,— деп Еркеш орнынан тұрды.

Жолшыбай «шәкірт», творчестволық жұмыс» деген сөздер ойына қайта-қайта орала берді. Әрине, газетке орап, қолтығына қысып алып келе жатқан дәптерлердегі диктанттардың қатесін тінткілеп шығару өзі әрқашан армандайтындай творчестволық жұмыс емес екенін де Еркеш түсініп келеді. Диктант тексеру мұның көкейін тескен арман емес-ті. Күйбең тіршілік қана сияқты. Бірақ Жармағанбеттің мұнысын қайтарып тастауға дәл қазір оның батылы жоқ болатын.

6

Бір құшақ дәптер қолтықтап үйіне оралған баласына «бұл неге кештетіп жүр?» деп қарап тұрған Нұрыш оның ақ өңі әнтек қуқыл тартып келгенін бірден байқады. Бірдеңеге көңілі қалса, не қатты ренжісе, Еркештің аузынан сөз алу қиын. Тіпті мүмкін емес әрекет. Баласының өңі жүдей қалғанына іші бұрып, «не болды, әлде бір жерің ауырып келдің бе?» деген сұрақ тілінің ұшына үйіріле беріп, көңіліне қайта-қайта орала түссе де, Нұрыш шыдап бақты. Денесін кеңге салып жайылғанда, жанын жегідей жеген бірдеңе болса, өзі-ақ айтар, жеңіл-желпі бұлт үйірілген болса, көп ұзамай тарқар. Сол ішкі есеппен баласының қас-қабағын бағдарлау ғана қалған.

Бұл үйде Еркешке деген бөлек бөлме жоқ. Төр үй, ас үй деп жіктелген екі бөлменің төрдегісінен оған бір бұрыш арналған болатын. Шағын столы, қабырғаға ілінген картасы бар. Жарығы мол терезелі, іргеден жел, сәкіден ызғар білінбейтін қолайлы деп тапқан қуыстар Қартай мен Нұрыш кішкене қызды орталарына алып, ас үйде жатады.

«Қөшеден көлденең кездесе кеткен адамды дәм ауыз ти» деп үйге ертіп әкеліп жүретін Қартайдың шаруасы сондай шалқып тұрған дәулетті де емес. «Кісі басы қой сойып, қорада қой қалдырмайтынның дәл өзі. Ішерлік, жемдік болса, үстіге бір ілер лекер киім болса, оған да қанағат, қалғаныны жөні бола жатар деп созбақтап тарта беретін жан. Бар жиған мүлкі —«қонақ бөлме» деп аталатын төр үйдегі төсек-орын. Онысының өзі қонақ келгенде ғана бұзылады. Еркештің жатар орны осы бөлмеде. Оған меншіктеген шағын кереуеті бар.

Еркеш столға селқос қалыппен сүйкене жайғасса да, қағазға шұқшиюдан тапжылмай отыр. Бірақ ара-тұра иегін қолымен тіреп, қалың бір ойларға сүңгіп-сүңгіп ке-

тетін сияқты. Ара-тұра жүзін қағаздан тайдырып әкетіп, мелшие отырады да артынша біреу тосыннан түртіп қалғандай селк етіп бойын тез жинап, қағазға қайта тұқырады.

Ас үйде жүрген Нұрыш айқара ашылған ортаңғы жарма есіктен бәрін бақылап көріп жүр.

Кеше бұларға көрші болып жайғасып жатқан Мария «балаларың нешеу?» деп сұрағанда, онысы еркек кіндік баланы сұрап отырғаны шығар деп ұғынып, Нұрыш өз аузына үйреншікті әдетімен «жалғыз» деп қалған. Сонда Мария (онысына жалғап Петровна дей ме, Федоровна дей ме, жадына ұстай алмаған):

— Жалғызы қалай, кішкене қыз да бар емес пе?— деп таңырқай қалған.

— Е, ол қыз ғой,— деп барып Нұрыш қайта түзелген.— Үлкен қыз тұрмыста, кішкене шынашақтай қыз екіншіде, екеуінің ортасында жалғыз ұл дегенім ғой.

— Апа-қарындасы бар кісі жалғыз болмайды,— деп Мария өзінше бағалаған.— Жалғыз да жалғыз біздің Володя жалғыз. Ең ақыры мұнда келіншегі де ермей қалды.

— Ермей қалғаны қалай?

— Қала тұрмысын қимайтын жас. Оның үстіне тың дала дегеннен, жалпы дала дегеннен түсінігі аз. Тың деген ол үшін бұлдырсыз қиял ғана. Шеті-қиыры жоқ, елу-жүз шақырымдап елді мекен кездеспейтін, әу деуге қара таппайтын мидай дала сияқты көрінеді де тұрады. Әйтсе де Володя онысына қараған жоқ, сүйер болсаң бір келерсің деп тайып отырды. Оны қалай жалғыз жіберейін. Үйді келінге қалдырып, соңынан еріп мен кеттім.

— Е, сен де бір жалғыздың етегінен ұстаған бейбақ екенсің ғой,— деп ойлаған Нұрыш екеуінің шертер күйі бір сарындас екенін сезді. Дәл қазір сол Мариямен алғашқы әңгімені есіне ала отырып, «уа, шіркін, біздің құлыншақ та келін түсіріп, осы екі бөлмені у-дуға толтырып, қызыққа кенелтіп, рахатқа шомылдырар күн болар ма екен?»— деп кеудесін кере күрсініп қойды.

Былтыр Еркешке әлдеқалай суық тиіп, жөтеле берген соң, тексертуге «айнаға» апарды. «Өкпесі қабынған, болар-болмас көлеңке бар» деген дәрігер қағазын алып Қартай оралғанда, бұл байғұстың халі қандай болды десеңші. Қартай әйтеуір еркектігіне бағып шыдамдық жинап, астыңғы ернін жымқыра тістелей береді. Нұрыш орамалдың үшін шылқытып, ал боздасын.

Бұған жабысқан ауру ем қонбайтын пәлекеттей көреді. Сол сәтінде қандай жел айдап әкелгенін кім білсін, директор Шәріп бұл халдің үстіне сап ете түскен. Мәнжайды естіп, рентген берген алақандай қорытынды қағазды оқып алды да:

— Сіз де жоққа жылайды екенсіз,— деп Нұрышқа бұрылды.— Сіз бұлай егіле беруді қойыңыз.

— Ойбай-ау, Шәкесі-ау, жалғыз бала дімкес болып, дертке шалдығып тұрғанда, көз жасымды бұламасқа не шара?!

— Сіз әуелі өзіңіз берік болыңыз. Бірден. Екіден, сіздің босаңсығаныңызды көрген бала өзі көңілі қамыққан қалыппен тіпті бордай боп үгілмей ме, сабынша езілмей ме. Сіз осыны ескеріңіз,— деді Шәріп. Оның үстіне бұл дәрігерлік қағазды негіз етіп, Еркешті келесі класқа емтихансыз өткізудің де мүмкіндігін айтқан сол Шәріп. Сол ұйғарыммен мұғалімдер өз жиналысында келісімге келіп, Еркештің күнделікті бағаларын негізге ала отырып, сегізінші класқа өткізетін болды. Осылай ертерек мойнын сабақтан босатқан баланы Нұрыш пен Қартай «үйден курорт жасап», ерекше күтімге алды.

Нұрыш Еркештің көзінше жылауын доғарды. Тіпті шыдамы жетпей, жас көзді тұмандап, өксік тамаққа тірелгенде, не қорада, не сиыр іздеп жүріп далада ағыл-тегіл өзіне ерік беріп алады. Ал Еркеш көзінше өзі айтқандай, «весела боп», ойында еш қауіп жоқ адамша жайраңдап жүріп кетеді. Кей түндері тұншығып ұйықтай алмағанын да сездірмейді.

Қартай колхоздан сұрап алып бір биені байлады. Оның саумалына Шәріп үйі беріп жіберген сүр қазыны сіңірте пісіп, Еркешке сіміртіп жатады. Оған қоса, Қартай даланың хош иісін түгел жинап әкеліп үйге камап қойғандай да әрекет жасады. Неше түрлі гүл, жеміс сабақтарын тауып әкелді. Әсіресе Еркешке ұнағаны — мойылбас бұтақтарының қымыз иісі. Кереуетінің бас-аяғына сол бұтақтарды қадап қойып, соның ортасында ұйықтайды.

«Әдеби кітап оқыса, көңілі бөлінеді, әйтпесе зерігіп кетеді» деп Жармағанбет көрші де қалыңы, жұқасы демей кітаптан-кітапты төпілдетіп әкеле берді. «Бұл ағай мен қызығып оқитын кітаптарды қалай дәл іздеп тапқан»,— сонда Еркештің айтқан сөзі.

Әйтеуір «жалғыздың көз жасын игені ме», әлде күшті дәрілер мен халайықтың түзік ниетінің себі тиді ме, Еркеш жаз аяғында салқынның зардабынан арылып,

құлантаза жазылып кетті. Домаланып, толығып, алқымына бұлтиған бұғақ бітіп, бүйрекбеттеніп шыға келді. Қысқа салым сәл ысылғаны болмаса, сол күйін әлі күнгі сақтап келеді.

Сөйткен Еркештің қасы мен қабағына қараған Нұрыш оның маңдайындағы қырысы тарап, көңіліндегі кірбің ыдырағандай болғанда ғана барып тынысын жеңілейтті. Демін ішінен алған тығырық қалыптан арылып, дүние кеңіп жүре бергендей.

— Апа, қарным ашып кетті ғой,— деп Еркеш бері келгенде:

— Өй, құлыным-ау сол. Е, бәсе!— деп маңдайынан иіскеді.

7

Мұғалім жетіспегендіктен Еркештердің класында орыс тілі мен әдебиетін Жармағанбет жүргізіп келген еді. Енді тың көтеруге келгендердің ішінде сол пәннің маманы бар екен, оқу жылының қалған айларында және одан келесі жылдары да сол кісі бұл сабаққа иелік етеді екен деген сөз жұрт арасында тарап та жатқан. Молдағаби ол кісіні Еркештің... «әжесі» деп ат беріп, айдар тағып та үлгерген. Сол жорамал рас болғалы тұр.

Бүгін алғашқы сабақ — орыс әдебиеті. Қашанғы тәпеш әдетімен Күлмәш партаның үстіне оқулық, дәптер, қалам мен сия сауытын қатарлап қойған.

— Өзі қандай адам екен?— деп Еркешке бұрылды.

Әнеугі сұрағын қайталап тұр.

— Қазір өзің де көресің ғой, кәдімгі адам,— деп Еркеш мұнысына онша ашыла қойған жоқ.

Өздеріне бейтаныс мұғалімнің Еркеш үйімен көршіқоныс тепкенінен әлдеқашан хабардар балалар жұрттың жорамалы шындыққа айналғаннан бері мұны мазалап жүрген. Олардың сұрақтары да қызық: түрі сұсты ма, қатал болар сынайы бар ма әлде «торпашке» сияқты езуі жиылмайтын моп-момақан ғана біреу ме?» деп тағатсыздана, бәрін бірден білгілері келеді.

— Немене, қатал болса мектептен қашып шығайын деп пе еділдер— дейді оларға Еркеш,—қашқанмен қайда барасыңдар? Тескентау ассаң да бәрібір айналып-үйіріліп үйіне келесің.

Балалар осылай күнде сұрағыштап мезі қылған сұрақтардың бірін тосқан Күлмәшқа да қырыстау жауап беріп тұрғаны сонда. Онысына іштей ынғайсызданып,

қыбыжықтап та тұр. Айтылар сөз айтылып кетті, енді өкінгеннен пайда жоғын да сезеді.

Міне, қолмен қағылатын жез қоңырау да шылдырлап қоя берді. Екі көзі төрт болып есікке тесірейген балалар бұлардың класс журналын ұстап келе жатқан жасамыс орыс әйелін және оған ілесе бері беттеген Шәріп Сақановичті көрді.

Қанына сіңген байсалдылықтан еш таймайтын директор қазір де сол қалпында. Асықпай, нақтылай сөйлеп, бұл мектеп коллективіне жаңадан қосылған мұғалімді таныстыру рәсімін жасады. Аты-жөні Мария Петровна екен. Өзінің кездестіру, таныстыру міндетін өтеп болған Шәріп Сақанович орындарынан дүрліге түрегелген бұлармен бас изей қоштасты да шығып кетті. Бейтаныс мұғалім Мария Петровна бейтаныс балалармен жүзбе-жүз оңаша қалды.

Осы алғашқы ұшырасу көп жайдың сырын ашары екі жаққа да белгілі. Балалар ә дегеннен мұғалімнің жүріс-тұрысы, киім киісі, дауыс ырғағы, сөз сөйлеу мәнері қалай екеніне жіті көз салуда. Тіпті оның мұрын тартысы да бұлардан тысқары қалмайды. Саусағының қалай қимылдағанына дейін есепте. Болашақ қалың романдарына кейіпкерлер жинаудан талмайтын Мария Петровнаны да бүгін болашақ жазушы көзімен шолып отыр.

Орта бойлы, жұқа жүзді әйел көк пенжак пен сол түсті юбка киген. Жасы елулерді алқымдаған болу керек. Өңінде әшейіндегі кәріліктен гөрі қатты батқан мехнаттың ізі жатқандай. Аурудан қаны қашқан адамдардай жүзі сынық. Әжімі мол әрі, мүмкін, ерте түскен. Опа-далап жағып боянбаған. Мұнысына Еркеш алғаш танысканнан бері ғажаптанып жүрген. Орыс әйелі бетін бояғыштамағаны бір түрлі таңырқандырады. Мария Петровна жүзінде асқан сұлулықты танытар белгі жоқтың қасы. Бұл кісінің бір ерекшелігі кіршіксіз аспандай мөп-мөлдір көзі болмаса. Сірә, бұл кісінің бар сұлулығы осы көздері деп пайымдады Еркеш. Мария Петровнаның шашы селдір, самайын ақ шалған. «Сары шаш ағарғанда, жел тербеп, үрлеген селеу тәрізді болады екен-ау»,— деп ойлады Еркеш.

Қысқасы, кескін-келбеті елітіп естен тандырмайтын да, өңменнен тіреп әрі теппейтін де қарапайым сары әйел.

Сондай-ақ қазір балалар да мұғалім көзінде елеу-

лікке түскеннен іспетті, екшеуде тұр. Кімнің қалай екені әлбетте сыр беріп қалатыны болады.

Мария Петровна журналды столға қалдырып, (журналды сынып түсер шыныдай аса бір ептілікпен сыпайы ғана жатқызып), жаудырай қарап отырған жас қауымға қарай бір адым жақындады:

— Мен бүгін сендердің орысша сөйлеу қабілеттеріңді бағдарлап, әдебиеттен жүргізген дәптерлеріннің хал-жағдайын шолғым келеді,— деді.

Соны айтысымен, балалардың алдында жатқан кітап-дәптерлердің не күйде екенін бірсыдырғы қарап шықпақ болса керек, үш қатар тізілген парталардың арасымен өрлеп жүре бастады. Кей дәптерлерді парақтап тұрып, үн-түнсіз басын шайқайды. Біреулерге «тақырып неге жазылмаған?» деп ескерту жасады. Ахмедьяров Қышым деген балаға:

Өз атыңды толық неге жазбағансың?— деді.

Анау көзін қыпылық-қыпылық еткізіп бақырайып қарай береді.

— Яғни тетрадь ученика 8 б класса Ахмедьярова Қышыма деп грамматика ережелерін сақтай отырып толтыру керек,— деп Мария Петровна оған түсіндіріп тұр. Онысын табан аузында бұрып алып Молдағаби:

— Ахмедьяров, арқаң қыши ма?— деп мына жақтан кимелеп отыр. Кезек оған да жетіп, сол ретпен дәл Молдағабидың қасына тақау келгенде мұғалімнің ышқыну тәріздес ішін тартқан даусы шығып кетті. Бұл оқыс жағдайға балалар жапа-тармағай бұрылып қарады.

— Бұл не масқара!— деп Мария Петровна көзі шатынап, тіксініп тұр.— Кім бұл нан түйірін аяқ асты етіп тастаған? Мұғалім зірк-зірк етеді. Бүкпесіз, шын ашынған, жанына оқыс жара түскен адамның дауысы. Тіпті шерлі дауыс деуге тұрарлық. Әркімнің көзіне тесіле қарайды.

Жаңа ғана қопаңдап отырған Молдағаби бір мезгілде созаландап түрекелді. Ол қияс мінезді бала болғанымен, кейде қолмен істегенді мойнымен көтеретін де «ерлігі» бар, ондағы кейпі «Ал мен, сонда маған не істей қояйын деп едің?!» дегенді танытып-ақ тұрады. Қазір де солай.

— Байқамай, орамалымды алам дегенде қалтамнан түсіп кетті,— деп қазақша міңгірледі.

Онысын түсінбеген Мария Петровна «Мынау не айтып тұр?» деген кейіпмен басқаларға қарады. Бұлардың ар-

асында орысшаға өзгелерінен гөрі жөндеп, «аузы бас білетін» Күлмәш Молдағабидың сөздерін шама-шарқынша аударма лап берді.

— Түсіп кетсе, түсіп кетсін, бірақ неге ала қоймайсың?— деп Мария Петровна қайта ширықты.

— Ал, алайын,— деп Молдағаби бір шайнамға да келмейтін нан түйірін сәкіден іліп алып партаның үстіне қойды.

Онысына да қанағаттанбай:

— Қалтаңа сал!— деп Мария Петровна әмір етті.

Ә дегеннен қолға түскен Молдағаби бұл абыройсыздығына ыза болған күйде әлгі түйірлерді шалбарының қалтасына жасырды. «Ал ендеше» деп көнек еріндері күбіжік-күбіжік етеді.

Столға қарай орала берген Мария Петровна:

— Іштерінде, сірә, нанның қадірін білмейтіндерің де бар екен ғой,— деп өкінішті әлде ренішті кейіппен нали сөйледі.

Мұнан соң сабақ жүйесінің дағдылы тәртібімен өткен тақырыпты пысықтауға кірісті. Журнал бойынша шолғанда, ауызға бұрын түскен Аблаш:

— Лермонтып на исын,— дей бастағанда, мына жақтан Молдағаби;

— Лермонтов... Лермонтов деп айт,— деп тағы киліге кетті.

Сыбырлағанымен де бәріне естілгендей етіп сөйлеп отыр. Онысын сездірмейін дегендей өз бетімен күбірлеп отырғансып мойнын теріс бұрып алған. Құйрығын бұлғаңдатып мысықтың кейпін жасап, әнгүдік бір қалыпқа түсе қалған. Онысы, әлгінде ғана өзіне жайсыз тиген бір сәттің қарымтасын қайтарудың әрекеті.

Аблашты тузеймін деп өзі де бытырып отырған Молдағабидың «білімпаздығын» құлақтары шалып отырған балалардың бірді-екілісі әр тұстан сылқ-сылқ етіп тұншыға күліп еді, оған ілесе тағы бірнешеуі шиқ-шиқ ете түсті. Бұл сық-сық пен шиқылдауық қыбы табылса шек түйілтер жырқылға айналғысы кеп-ақ тұр еді. Жарылып кетердей боп булығып, зорланғаннан шиқанша ісініп әрең отырғандар да бар. Осы қыстығу ду еткен күлкіге айналып кете баруына Мария Петровна өзі себепкер болды. Сабаққа кірместен бұрын мұғалімдер бөлмесінде біреулерден атүсті үйрене салған қазақшасымен:

— Паллар, шоламаңдар!— деп жіберді.

Ауыл арасы музыканттарды басқаратын әуесқой дири-

жердің белгілікті бір нотаны білдіргелі келген қимылына салып, екшесімен сәкіні тық еткізіп тепсініп те қояды.

Класс қыран-топан күлкі, у-шуға толып жүре берді. Қызарақтап Мария Петровна тұр. Біріне-бірі қағаз лақтырысып қалғандар да табылып жатыр. Кластың белсенділері «әй, қойыңдар» деп сес беріп, өзара бірін-бірі тәртіпке шақырысып, бірнеше минуттан кейін ғана барып саябырсып, сабасына түскен тыныштық жаңа тақырыпқа ықылас аударуға себепкер бола алмағанын сезді Мария Петровна. Жоспарлы сөздерін, түсініктерін айтып жатқанмен, әлі де бірен-саран оқушы өзді-өзі жымыңдасып отырғанын байқап тұрды. Сабағын мақсатты түйінге жеткізе алмаған мұғалімге шіңгір еткен қоңырау даусы дер кезінде келіп жеткен арашашыдай сүйкімді естілді...

8

Есіктен кіре берген Еркешті Нұрыш сөмкесін иығынан сыпырар-сыпырмастан жұмсап та үлгерді.

— Бар, Марияға барып келе ғой. Шай ішсін де. Баласы жұмыста, жалғыз өзінің қайбір тамағынан ас жүре қояды дейсің. Әнеугі күні қазақта таба наннан басқа нанның бауырсақ, тоқаш деген түрлері де болады деп мақтанып едім. Келсін де. Міне, баптап пісіріп қойдым. Ыстық күйінде май ерітіп жей қойсын,— деп баласын қолды-аяққа тұрғызбады.

Манағы сабақтан кейін ол үйге қарай аяқ басқысы келмей, Еркеш тартынып тұр.

— Әйтеуір қонақ еткің келсе ет асып, баласымен қосып неге шақырмайсыңдар?— деп өзінше жөн айтып, қиқая тартты.

— Ойбай-ау, баласын шақырған соң ол бірдеңе ұрттау керек. Онымен рөмке соғыстыратын кім бар, әкең бүгін тағы да кезегінде. Наннан ешкім үлкен емес. Әзірге шай-пуймен араласа тұрайық. Арнайы қонақасы қайда қашар дейсің.

Кежегесі кейін тартқанымен баруға тура келді.

Еркеш есік қағып кіргенде, шынында, Мария Петровна жападан-жалғыз шошиып шай ішіп отыр екен. Стол үстінде дөңгелек қалайы тұғырға ақ шәйнек орнаған. Дүкеннің кірпіш наны, қант, май, сүт қату әдетінде болмаса керек, қара шай. Аңдып келгендей, дәл тамақ үстінен шыққанына Еркеш қызарақтап, ыңғайсызданып, есік жақта қипақтап тұрып қалды.

— О, Еркеш,— деп Мария Петровна қуанышты үнмен тіл қатты,— кел, қымсынба, жоғары шық. Шайға отыр. Қонақ боласың.

— Жоқ, жоқ, рақмет,— деп Еркеш абдырған кейіппен жан-жағына алақтап қарана берді.

— Е, табалдырықтан аттап кірген соң, сен осы үйдің қонағысың. Қонақ құраусыз шықпау керек. Сіздің халықтың сондай дәстүрі бар емес пе,— деп Мария Петровна да бола қояр емес. Сірә, жалғыздық өзін қажытып отырса керек. Тым құрығанда бір екі ауыз сөзбен тілдесетін бала болса да, серік табылғанына шексіз қуанышты сияқты. Әйтсе де Еркеш стол басына отыра кетпей өз шаруасын айтып үлгерді.

— Мен сізді шайға шақыра келдім. Апам сізге деп бауырсақ тоқаш пісіріп қойыпты,— деді.

— О, рақмет, рақмет,— деп Мария Петровна шын көңілімен ризалығын білдірді.— Алайда мен бүгін бара алмаспын. Тамаққа бір түрлі зауқым соқпай отырғаны. Кейін тағы бірде. Әлі талай-талай рет мәжіліс құрып отырып шай ішеміз ғой...

— Ыстық қалпында жесін деп еді,— деп Еркеш тағы қайталады.

Ойына алған, өзіне тапсырылған жұмысты қайтсе де тындыруға бел буған сияқты. Тіпті орысшасының қалай шығып жатқанына да сонша мән беріп тұрған жоқ. Бар білгенімен соғып тұр.

— Рас айтам, Еркеш,— деді Мария Петровна,—апаңа айт, ренжімесін. Ол кісінің аяулы, мейірімді адам екенін алғашқы күні-ақ байқағанмын. Бізді нанмен қарсы алды ғой. Мұндай да шебер пісірілген нан болады екен! Дәмі әлі аузымда. Володя да сондай сүйсініп жеді.

Шешесіне мұндай мақтау тигеніне Еркеш мардамсып тұр. Қазақ түн ортасында төсегінен оятсаң да, «дәмнен үлкен емеспіз» деп келе береді. Ал мына кісі ондай салтты білмейді ғой әлі. Оның үстіне бөтен үйге масыл бола беруді де ыңғайыз көретін шығар. Келген парызын өтеді, айтарын айтты, Еркеш енді кете берсе де жарайтын. Бірақ алғаш бас сұққан бұл үйдің іші мұны түсініксіз бір сиқырмен өзіне тартып алған. Көп үйлерде бола жүре Еркеш кітаптың мұншама көп жиналғанын көрген емес. Тіпті кейбір мұғалімдерде де өзінің мандайына жазылған мамандығы бойынша кітаптар болмаса дәл мынадай байлықты байқай бермейтін. Қабырғаларға сүргіленген тақтайдан қатар-қатар

сөрелер орнықтырылған. Соның бәрі кітапқа толы. Оған симағандары сәкінің үстінде шоғырланып жатыр. Ал мына бұрыштағы столда кішкене қара чемодан іспеттес патефон тұр. Оның маңы бірінің үстіне бірі үйіліп құжынаған күйтабақтар. Бір орындықтың үстінде «Нева», «Ленинград» деп аталған журналдар топтамасы қатарланған.

— Сіз сонда, Ленинградтан келгенсіз ғой!— деді Еркеш.

— Әрине, Ленинградтанбыз!—деді Мария Петровна. Даусынан ап-айқын мақтаныш лебі есіп тұр.

Еркештің кетейін десе де кете алмай, кітаптарға қадалып тұрғанын жіті аңғарып үлгерген Мария Петровна оны шынтағынан демеп әкеліп, орындыққа отырғызды. Сонан соң ойнақы, жасарыңқы үнмен:

— Сенің ол қалада болғаның бар ма еді?— деді.

— Баруын барғам жоқ. Сонда да Ленинградты білмейтін кім бар? Әрі тарихтан да оқимыз ғой.

— Ә, иә, солай ғой. Біз сол атақты Ленинградта туып өстік. Соғыс жылдары 900 күн қоршауын да бастан өткіздік.

— Сіз... сол «өлім құрсауында» болдыңыз, ә?!— деп Еркеш таңдана сұрады. Оқыған кітаптарының бірінен жадында жүрген бұл «өлім құрсауын» қыстырып жібергенін байқамай да қалды.

— Иә, иә,— деп Мария Петровна солғын кейіппен басын изеді.

Орденіңіз де бар шығар?— деп қалды тағы да Еркеш.

— Орден... не үшін?— деп күлді Мария Петровна.— Сол қоршауда болғанымыз үшін бе?

— Е, сондай тозаққа шыдап шығу да ерлік емес пе?

— Біз сол қияметтен тірі қалғанымызды ең жоғары награда деп білдік.

Екеуі де сәл үнсіз қалған. Мария Петровна алақанымен самайын сипалай берді. Жағымсыз, жанын жаралайтын сұрақтармен мазасын алдым ба деп Еркеш те ыңғайсыздық сезініп отыр. Бұл үнсіздікті Мария Петровна өзі сейілтіп жіберді.

— Бүгін сіздің класта аяқ асты боп қалған нан түйірін көргенде, не боп кеткенімді біле алмай қалдым. Еркеш, сен түсінуге тиіссің мұны. Сол сен оқулықтан оқып-білген қоршау күндерінде біз бір түйір нанда өміріміз сақтаулы тұрғандай сезіндік қой... Әрине, оны тек көзбен көріп, бастан кешкен адам ғана түсінуі хақ.

Мария Петровнаның көз жиектері қызарақтап, жасауағандай күлдіріңкі тартқан. Сонысын елемегендей боп Еркеш басын төмен тұқыртып жіберді.

— Қой, қонағымның басы салбырап кетіпті ғой. Жә, өткен нәрсе өтті ғой,— деп Мария Петровна тағы да босаған жүйесін бекітіп алды,— ал сен айтшы, келешекте кім болам деп армандап жүрсің?

— Мен бе, мен жазушы боламын,— деп Еркеш тартынбастан айтты.

— О-о!—деді Мария Петровна көтеріңкі дауыспен.— Жақсы арман! Мен тілектеспін!

— Мен қалың-қалың кітаптар жазамын!— деп Еркеш төтесіне көшті. Сірә, Мария Петровнадан ішке бүккен мақсатын жасыруға болмайтынына сенімді сияқты.

— Сонда қалың-қалың кітаптар жазу үшін қалың-қалың кітаптардың талайын оқып шығу керек екенін білемісін?

— Білемін, оқып жүрмін.

— Ал орысшаға қалайсың?

Осы тұста Еркештің қабағына кірбің оралды.

— Орысша болғанда, сен, әрине, күнделікті тұрмыста қажетті «әкел, бар» деген сияқты жадағай сөздерді білмейді деп отырған жоқ,— деп Мария Петровна әлгі сұрағына түсініктеме бере сөйлеп кетті,— яғни сенің орысша әдеби тілден шама-шарқың қандай екен, еміне-еркін көсіле әңгімелесуге мүмкіндігің бар ма? Пушкин, Лермонтов шығармаларын жете түсініп оқисың ба дегенім ғой. Орысша тігісін жатқыза сөйлей білу үлкен өнер.

Осы бірнеше сұрақты тыңдап болып Еркеш:

— Онда орысшаға шорқақпын,— деп бүкпесіз шындығын айтты.

Мұның құр мақтанның жетегімен өтірікті сықпыртып жіберуге елігіп кетпегенін жақсы ырымға балаған Мария Петровна бұған енді қызыға қарап отыр. Жақсы арманын жанқалтасына салып алғандай сенімді қалпына қызығады. Баланың биік мұраты бұны баурап алғандай. Сол арман жолында мұқалмай өтуге шыдарсың ба деген барлау да бар.

—Сен мына кітаптардан ұнатқаныңды қалаған уақытында келіп оқи бер. Жазушы адам екі тілді жетік меңгеру керек. Бірнеше тіл білсе тіпті көп емес. «Білмеген от басады» демекші, қазақшалаймын деп мен де қолапайсыз күйге ұшыраған жоқпын ба...— деді Мария Петровна.

— Е, мына мен мұншама қалың кітаптарды қотарып шығуға шамам қалай келеді, орысша көп сөзді түсінбеймін,— дегенді Еркеш кібіртіктеп, бар сөз қорын қырындысына дейін қотара, әрең-әрең жеткізді.

— Ең бастысы сен тайқақсыма, орыс тілін үйреніп алам деген ынтаң зор болсын. Менің бақытыма қарай қолыма орысша-қазақша сөздік түсті. Соны сен де пайдалануыңа болады. Қала берді біз көрші емеспіз бе, түсінбеген сөзінді жүгіріп кел де сұрай бер. Қалай, келістік пе?

Еркеш не иә, не жоқ деген жауабын беріп үлгергенше Мария Петровнаны тағы бір ой кимелеп кеткен еді. Электрмен тұтанатын плитканы розеткаға жалғастырды да үстіне әлі суи қоймаған шәйнекті қойды.

— Бері кел. Еркеш, мен саған бір мысал көрсетейін. Соншалықты данышпандығы жоқ, дегенмен көрнекті өмірлік жағдай,— деді. Шайнектің қақпағын былай қойды.

— Қазір осы ыдыстағы суда қандай өзгеріс боларын екеулеп бақылайық. Әуелі қарап ал, шайнек іші дәл бұл минутта мүлгіген тыныштықта ғана, солай ғой?

—Иә.

— Ал енді қара,— деді Мария Петровна сәлден кейін. Шайнектегі судың беті құртшабақтар құжынап кеткен сияқты жыбырлап тұр екен.

— Кипит,— деді Еркеш.

— Жоқ Еркеш, закипает,— деп жымиды Мария Петровна.

Ендігі бір әзірде шайнектің өн-бойы селкілдеп, бұрқсарқ боп кеткендей еді. Сақылдаған дүрбелең дыбыс шығады. Ауызға салған сағыздың сартылындай кейде. Еркеш үңіліп қараса, әлгінде ғана бүлк-бүлк еткен су бұлан-талан. Дөңгелек тар ернеуден шығып кеткісі келгендей қотарыла тулайды.

— Вот это значит кипит,— деді Мария Петровна,— орыс тілінің осындай бір иірімдері болады. Соларды толық игеру үшін тек жалықпай оқи беру керек, оқи беру керек.

— Оқуға жалықпас едім, тек... түсінсем,— деді Еркеш жеңіл күрсініп.

— Жалықпасаң бәрін де түсінетін боласың,— деп Мария Петровна енді терезеге жақындады. Анау жаңа құрылыстар қатары келешекте қалай аталар екен, Еркеш, қалай ойлайсың?

Еркештің ойланбаған сұрағы, «Қайдан білейін» дегендей иығын қиқаң еткізді.

— Біздің көшелердің бірінде де ат жоқ,— деді.

— Неге жоқ, бар,— деп Мария Петровна жымиды,— Ерәлі, Серәлі, Қисық деген ше?

— Е, олар ата-баба аттары ғой.

— Сол ата-баба аттары ауылдарға да беріліп қойған ғой. Ерәлі ауылы, Серәлі ауылы немесе Қисық көшесі деген сияқты емес пе?

— Шынында да, солай екен-ау,— деп таңданды Еркеш.

— Ал біз жаңа көшелерге жаңаша ат беруіміз керек қой. Сен болашақ жазушысың, ендеше ойлана жүр.

Еркеш расында ойға түскен кейіппен жаңа құрылыстар жағына қарап қалған.

Әңгіме осымен тәмамдалғанда Мария Петровна Шолоховтың бір кітабын ұстатты. Қітаптың бетіне қарап жіберіп Еркеш;

— Тың жаңа ғана қолға алынып жатыр, ал бұл кісі «Поднятая целина» деп қалай жазып үлгерген? Әлде көріпкелі бар ма?— деді. Онысына күліп жіберген Мария Петровна:

— Мұнда біздің өміріміздегі басқа тың туралы жазылған. Ыждаһаттап, мұқият оқысаң ұғасың,— деді.

Лепіре басып Еркеш есікке беттеді.

Мария Петровнаның бауырсақ жеуге келе алмағанына Нұрыш қатты өкінді.

— Әлде сендер сабақта бірдеңе қоқи көрсетіп, ренжітіп алдыңдар ма?— деп өзінше пайымдап жатыр.

— Жоға-а,— деп Еркеш даусын әдейі жайбарақат созбақтатты.

— Байқаңдар, байғұстың көңілі жарымжан. Соғыста күйеуінен, үлкен баласынан айрылған көрінеді. Сонау сәулетті шаһарды қалдырып, қу мекиен далада не іздеп келді дейсің. Жалғыз баласын қимай, соңынан еріп келгені де,— деп Еркештің қасында айналшықтап біраз тұрды,— Байқаңдар, жаралы жанын ұшықтырып алып жүрмендер.

Бұл сөздер Еркеш үшін күтпеген жаңалық еді.

— Жоға-а, деді тағы да.

Бұл жолы даусында таңдану мен қобалжу қабаттасып, аздап діріл де бар еді....

...Бірталай жүрексінсе де, Еркештің Шолоховты құшақтап кетуі Мария Петровна көңіліне жайлау орнат-

ты. Сәтсіз аяқталған сабақтан жабығып, енді не істеу керек деген тұйыққа тіреліп отырған еді. «Енді не істеймін? дегенге «Не істегеннен құдай сақтасын» дейтініміз бар емес пе. Еркештің келіп кетуі қаракөлеңкеге періштенің сәуле шашқанындай болды. Мана Шәріп Сақанович:

— Қалай, Мария Петровна, балалармен тіл табысуға болатын шығар?— деді бұған барлай қарап.

— Үйренісеміз ғой,— деген Мария Петровна екі ұштылау. Салғаннан шағым жасап, осалдыққа берілуді жөн таппады. Бірақ өзінің жан дүниесінде арыстан ойнап жатқандай еді. Өңешін бірдеңе жырып өткендей үйіне құлазып, жетімсіреп келген. Сол халіне ақ көңілімен аңқылдап Еркеш тап болды. Қызық бала! Жазушы боламын дейді. Арманының асқағын қарай гөр. Әуелгі тұнық қалыптан бірте-бірте «жан біткен» су ғой электр күшімен аударылып-төңкеріліп буырқанады. Еркеш те сондай емес пе! Ендеше оған күш бере білу керек. Орыс әдебиетінің мөлдіріне жүздіріп, мұхитына бойлату керек.

Иә, парасатты тілек. Бірақ сол тілек жүзеге қалай аспақ? Осы ойдан Мария Петровнаның құлағы шыңылдап кетті. Бөркін бұлттан пішкен заңғар тауға қол созғандай қарекет қой бұл.

Әлгінде үйіне емпеленде кетіп бара жатқан Еркешті терезеден қызықтап сәл тұрған. Томпаландап, еркелей басып бара жатқан сияқты. Орта жолда тоқтай қалып, кітапты ақтарды. Бір жерін шұқшия оқыды. Түсінген болу керек, кітапты кеудесіне баса жүгіре жөнелді.

«Әйтеуір бірденеден бастау керек!» деді Мария Петровна өзіне өзі жігер бере. Сол сәт сөрелерді майыстырған кітаптарды сүзіп өткен көзі топ-топ патефон пластикаларына тірелді. «Осыларды сонау Ленинградтан неге сүйреп әкелдім?» деді бір сұрақ. «Әрине, кейде айналаңды тұман шалғанда көңіл ашарға»,— деді бір жауап. «Осы әндете жатталған өлеңдер тезірек еске орнығушы еді...» деді Мария Петровнаның бір ойы. Сол ой жетегімен ұзақ қимылсыз отырды.

9

Кезекті орыс тілі сабағының алдында Молдағаби бір «өнер» бастады. Қоңырау соғылар уақытты шамалап, өзі отыратын партаның дәл қасына, дәл әнеу күнгі

Мария Петровна нан түйірін көріп ашына сөйлеген жерге мәмпәси кәмпиттің екі-үш түйірін шашып тастады. «Мұнысы несі?» деп таңырқап қараған Еркешке жұмбақты пішінмен жымырайды.

— Анада бір шайнам нанды көріп тулап еді, енді мына кәмпитті көрсе қайтер екен?— деді.

Мұнысы әрине, Мария Петровнаны тұспалдап айтып отырғаны. Молдағабидан неше түрлі қиқарлықты күтуге болар, бірақ дәл мынандай жоспарлы, саналы түрдегі жымысқылыққа барады деген Еркештің ойына кіріп те шықпайтын. Қас қағым сәтте әнеугі сабақ оның көз алдынан елестеп өтті. Шиқылдап, күлкіге тұншыққан дыбыстар, ілезде дүр ете түскен сайқымазақ шуыл құлағына тұнып қалған екен. Қазір соның бәрін қайта естіп отыр. Сонда көзі әнтек үлкейіп кеткен Мария Петровнаның кескін-келбетінде «менің жазығым не, жазған балалар-ау?» деген ғана сұрақ жазулы еді. Бүгін қоңырау соғыла сол дуыл қайта жаңғырықпақ. Оған мына шашырап жатқан тәп-тәтті кәмпит түрткі болмақ. Дәмді нәрсе ащы ашыну тудырмақ. Мұндай көрініске Мария Петровнаның шыдамайтыны, тағы да бірдеңенің дәл осы арада сайланып тұрғаны Еркешке айдан анық. Мұны дайындап қойған осындайда өтірік нақұрыстың бет-пішінін өңіне қаттай қоятын Молдағаби.

Еркеш оған состия қарап отыр. Оның ұшқынынан ежіктеп, ежелеп бір жазулар оқып әуреленгендей. «Осындай бұзықтық миының қай қатпарынан шығып тұр?» Оған шұқшия тесілген сайын Еркеш Молдағаби кейпінен ғаламат бір кереғарлықты аңдады. Көзіне жалбырап түсіп тұрған қою шашты кейін серпісе, қушық көрініп жүретін маңдайы ашық алақандай ақжарқын бүкпесіз кейіпке түсер еді. Қәдімгі ақылға біткен кең маңдай. Ендеше бұл мына қиястықты ақымақтықтан емес, қайта өрісінің жеткені осыншалығынан ойлап тапқаны екен ғой. Мұның шұқшиғанынан сезік алып, секемденгендей:

— Немене, ішіп-жеп... Танымай отырмысың, а?— деді Молдағаби.

— Жоқ. Қайта жаңа танып отырмын: Андағы байлығынды шашыратпай жинап ала қой!— деді Еркеш сызданған үнмен. Даусында әлдебір ысыл қосылып кеткендей.

Енді Молдағаби ажырайып қарады. Тап мұндай бұйрықты сөздер бұның қай жерінен, не бітімшілікпен

шығып тұр деп күмәнданып, сенер-сенбесін білмей тұрған болу керек. «Нанайын ба, нанбайын ба?» дейді бар кейпі.

— Жинап қалтаңа сал деймін,— деп Еркеш нықтап қайыра айтты.

Бұл екеуінің шындап қоқилана бастағанына көзі жеткен Күлмәш:

— Молдағаби, тәртіп бұзбасаңшы!— деп дәнекерлік сөз қосты. Оған аузы дүрдиіп алған Молдағаби:

— И, шіңкілдемеші әрі,— деп оған тоқетер жауабын берді де, Еркешке бұрылды,— мен мынаның сөзін естігім келіп тұр. Ал, сонда ол кәмпиттерді ала қоймасам қайтесің, ә? Қайтесің?!

Осылай екі жақтың да лыпылдауы молығып, жігерлері қайраққа шындалғандай қызуланып от шаша бастаған шақта қоңырау безілдеп қоя берді. Қоңырау даусы әлдебір жойқын күштің әміршісіндей әсер еткен Еркеш сарт етіп Молдағабидың омырауына жабыса кетті. Анау жұлып тастаймын деп тулай жұлқынып еді, намыс пен ыза қысқан Еркеш қол күшінен гөрі жүрек тегеуріні ширығып алса керек, оңайлықпен берісе қоймады. Бет қайтармақ ниетпен Молдағаби бір-екі рет жұдырықпен нұқып та қалды.

— Еркеш:

— Айтқанымды орындамасаң жағаңды қақ айырам,— деді.

Ол осылай өзінен әлдеқайда мығым Молдағабидың осал жерін тапты. Жаға жыртылды деген сөз — Молдағаби біреумен төбелесті деген сөз. Ол төбелесті деген түйінге келгенше, Сейткен дереу қамшыны қолына алады деген сөз. Сонан соң ақты қарасын айырып жатпайақ, ол Молдағабиды ашаға байлап қойып, шыпылдатып сояды. Сол үрей Молдағабидың қазандай қайнап тұрған мина саябырлылықтың салқын лебін бүркіп, есін жиғызды.

— Жарар, болды енді, жібер,— деп Еркештің қолын сілкіп тастады.

Қарсыласының жүні жығылғанын шамалаған Еркеш те бері тайқып шығып, орнына келді. Сәкідегі кәмпиттер Молдағабидың қалтасына көшті. Бұл шәлкем-шалыс тәкетірес қас қағым сәтте басталып тынған еді. Мария Петровна да соның дамылдаған кезінде класка енді. Сәтін салғанда, бүгін Еркештен сабақ сұралмады. Жаңа ғана өткен тайталасты ол өзінше саралап, ой таразысына салып отыр.

Молдағабидың мінезі қызық. Қорбаң-қорбаң қоңқылдақ бала. Оның бұзақылығы да сабақта айқайлап қалу, қисайып отыру, қыңырайып теріс қарау сияқты ұсақ-түйек қиқарлықтан тұрады. Соның өзі жүйкесі жұқа кейбір мұғалімдерге найзамен түрткілегеннен кем соқпайды. «Сен барып тұрған бұзақысың» дейді біреуі. Онысына Молдағаби өзінше дардиып, «бұзықсың» дегенге қауқиып қалатыны да бар. Әйтеуір өтірігі ме, шыны ма, сол сөзге бөркі қазандай болғансиды.

Еркеш Молдағабиды зерттеп отыр. Зерттеуін аяқтамай тынбақ емес.

Түріне қарасаң, бұзақылықтың бір нышаны жоқ. Ұрты салбырап, аузы томпайған, кішкене көздері моншақша жылтыраған қара бала. Анықтап, түстеп алайыншы дегендей артына бұрылып еді, оның әлгі бірде жазық та ашық көрінген мандайы енді қушиып кеткен сияқты. «Онысы несі?» деп ойлады Еркеш. Жұмбақ.

Молдағабидың балшықтан соққандай денесі мығым. Кейде тіпті моп-момақансып, болпияды да тұрады. Кескін-кейпінен күдіктенетіндей еш белгі жоқ, ал ойлап тапқан қылығы жаңағы. Адам көркі алдамшы деп ақын-жазушылардың жазатыны рас болғаны ғой сонда.

Еркеш Молдағабидың адамшылығын сұрыптаған ойдың жетегімен Күлмәшқа шұқшия қарап отырғанын аңғарған да жоқ.

Бір көрмеге әдемі қыз. Алаулап тұрған сұлу да емес. Жоқ, тоқтай тұр... Осы Күлмәштың көзі неге қиық? Неге ол мойылдай, тобылғыдай, көмірдей деген теңеулердің біріне үйлеспейді? Еркеш жанарын тік салып, енді Күлмәшті зерт назарына алған.

Аршын төс, бөкен жон, құмырсқа бел, төңкерілген бөтелке аяқ деген түсініктерден Еркеш әлі бейхабар. /Құмырсқа бел қаламұш қана болатынын біледі. Оны көркем жазу сабағында ғана пайдаланады/. Сондықтан ол бар зейінін Күлмәштің қас-қабақ, келбетіне тігіп отыр. «Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы» дегенге де келмейді. Бұл керісінше, тік қабақ. /Кейде шот мандай деп те жата ма, қалай/. Не дегенмен мұның келте танауы мен қиық көзінде көлденең көк аттының бәрі танып-біле бермес әсемдік бар. Әлде бұл да Молдағабидай алдамшы ма?

Біреу бүйірінен сипағандай болғанда ғана Еркеш серпілді. Күлмәш шынтағымен түртіп отыр екен. Саусақтары сарғыш қағазды мұның алдына қарай жайлап сырғытып әкеле жатыр. Оған сұрақ белгісі жетелеген

бір сөйлем жазылыпты. «Сен неге маған шұқшия бересің?» депті Күлмәш.

Бұл сұраққа абдырап қалған Еркеш өзі-өзінен қысылып, маңдайы тершіп қоя берді. «Білмеймін» деп жауап жазды да сорғышты иесіне қарай әрі жылжытты. Оның шын жауабы осы еді.

Сол екі арада Күлмәш тақтаға шақырылды. Мария Петровна оқып шыққан сөйлемді тақылдатып жазып жатыр. Ол болдым дегендей нүктені қайта бормен үйкелеп тұрғанда Мария Петровна:

— Сенің осы соңғы сөзің қандай сөз?— деді.

— Узневает,— деді Күлмәш шімірікпестен.

Тақтаға да солай «Узневает» деп жазылған.

— Узневает па, әлде «он зевает» па?— деп Мария Петровна әр сөзді бөліп-бөліп, жігін айыра нақтылай сөйледі.

— Ә, иә, иә, —деп Күлмәш бірден түсінді,—он часто зевает деп айтуға да болады, ендеше узневает болып жазылуы мүмкін емес.

Бүйтпесе Күлмәш оқу озаты бола ма, өз қатесін өзі лезде аңғарып, түзеп те шықты.

Сабақ соңында балалардың орысша сөз сөйлеу, сөйлем құрауларынан сансамай қателерді тізіп көрсеткен Мария Петровна:

— Біз тіл сындырумен шұғыл айналысуымыз керек. Тілдік қорларың нығаймай, орыс тілінде емін-еркін түсінісулерің мүмкін емес,— деді.

Жаутаң көз балалар, сөз жоқ, мұны өздері де сезеді. Бірақ қолдан келер амалдары қайсы? «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» деген сыңаймен мұғалімге телміріп қарайды.

Бұлардың осы дәрменсіздігін бет-әлпеттерінен, отырған пошымдарын оқып-тоқып тұрған Мария Петровна класқа оқыс сұрақ қойды:

— Қәне, балалар, айтыңдаршы, сендер қандай-қандай орыс әндерін білесіңдер?

Балалар жаутаңдап бір-біріне қарасты.

— Қыздар «казак лихойды» біледі,— деді Молдағаби ыржың ете түсіп.

— Ал сен өзің қандай ән білесің?— деп Мария Петровна оған тап берді.

— Мен бе... мен әлеуләйсіз де бірдеңе етіп күнелтермін.

Оның қазақшасына түсінбеген Мария Петровна

әдеттегідей Күлмәшқа ұмсына беріп еді, бұл жолы Еркеш киіп кетті.

— Он и без песни проживет,— деп Молдағабидың сөздерін аударды.

— Как?— деп Мария Петровна шынымен таңданды.— Сен солай ойлайсың, ә?! Әнсіз өмір жадау, жадағай екені саған бәрібір ғой, сірә?!

— Не қыл дейді енді маған. Өлең нан бола ма?— деп Молдағаби тағы қыңырлыққа басып барады.

Бұдан арғы сөзбұйданы ұшықтырмайын деген болу керек, Күлмәш:

— Молдағабидың әнге лайық дауысы жоқ, соны айтқаны ғой,— деп сөз әлпетін бұрып жіберді.

— Ә, онда мәселе басқа,— деп Мария Петровна да босаңсыды.— Қәне әлгі сұрағымызға қайта оралайық. Кім қанша орыс әндерін біледі?

Қол көтергендер сирек болды. Еркеш те ішінен санап отырса мұндай байлығы мәз емес екен.

— Түсінікті,— деді Мария Петровна.— Сонымен біз былай келісейік. Күнде кешке біздің үйде тоғысамыз. Патефоннан тыңдап орысша ән үйренеміз. Тез машықтанып кетсек, концерт те дайындап жібереміз. Қалай болғанмен де тіл ұсартуды біз осылай бастағанымыз жөн.

Уәде осыған сайды.

Алайда тіл ұсарту мен үйрену деген екі ұғымның басын қоса алмай, Еркеш дал боп кала берді. «Әннің орыс тіліне қандай қатысы бар?» деген сұрақ көкейінде ойнап тұрып алды.

...Мектептен қайтар жолда Еркеш болашақ жаңа көше жаққа тағы да сұқтана қарап, біраз тұрды. Өзі түстеп алған үйдің маңында бүгін тақ-тұқ жұмыс жүріп жатыр. Дікиіп шатыры көтеріліпті... Шатыр үйдің ығын жазып, еңсесін көтере түскендей. Ол да биікке ұмтыла ма, немене??

10

Кештете Мария Петровнаның үйіне Шәріп Сақанович келді. Араларына жаңадан кірігіп жатқан коллектив мүшелерін осылай аралап шығатын әдеті. Мұнысын әркім әр түрлі бағалайтыны да бар. Бірі қызмет бабындағы директорлық міндеті, сондықтан онысына құлдық ұрып, бас шұлғитын ештеңе жоқ десе, келесілері Шәріп Сақановичтің адамгершілік қасиетіне балап жатады. Қайсысына телісе де сыйып кете беретін жағдай.

Ол табалдырықты аттап кірген бетте:

— Иә, Мария Петровна, мекен жайыңыз құтты болсын!— деп үйдің ішін көзбен шолып, қолмен ұстап дегендей байқап шықты.

Есік, терезе, көсек атаулы үйге ұрланып кіретін суыққа тоспа боларлық жерлерді әсіресе қадағалап, мұқияттап карады. Сонан соң ғана барып:

— Иә, уілдеп тұрады екен... Аздап қолы епсекті адамның да араласуын керек ете ме, қалай... Шамасы бір сенбілік қажет болатын түрі бар,— деді.

Онысына Мария Петровна абыржып қалды:

— Оқасы жоқ, Шәріп Сақанович. Тек материалдарынан карасса, Володя екеуіміз-ақ жөндеп аламыз. Солай емес пе, Володя?— деп бұрышта газеттерді шолып отырған ұлына бұрылды.

— Әлбетте,— деген бір сөзбен Владимир онысын қостайтынын білдірді.

— Міне, жаз да жақындап келеді. Оның үстіне біздің Володяның қолы да бас біледі. Қалай дегенмен завод жұмыскері емес пе!— деді тағы да Мария Петровна.

Бір нәрсені толғап, шешер кезіндегі дағдысымен Шәріп Сақанович «м-да» деп сәл бөгелді.

— Жә, оған да көнейік. Үй жылынбай күй болмайтынын қайсымыз болсақ та ескерерміз.— деп жымиды.

Кітап толы сірескен сөрелердің тұсына қарай орналасқан орындыққа отырып жатып:

— Қалай, біздің жерлер ұнай ма?— деді Шәріп Сақанович.— Айналаға қарағанда көніліңіз көншіге ме, түршіге ме? Әлде «степь да степь кругом ба?»

Шәріп Сақановичке бір сәт зер сала қарап отырған Мария Петровна екі ұштылау жауап берді:

— Мен, өзіңіз де аңғаратын шығарсыз, романтика аңсап келген адам емеспін ғой, Шәріп Сақанович,— деді,— менің дәл қартаяр шақта, бір қиыр Қазақстанға, Қазақстанның да «Тереңсай» сияқты қиядағы түкпіріне сапар шегуім қажеттіліктен туған шешім ғой. Бұл жерге көз қарасың қалай деп әуелі жас қауымның өкілдерінен сұрайық та...

Жүзінде қуақы күлкі жүріп өткенде, бұлтты ысырған күн сәулесінен ығысқандай Мария Петровна өңіндегі әжімдер мүлде жоғалып бара жатты. Сол кейіппен ұлына қарап отыр. Әлде мұның келбетіне сәуле шашар шам-шырағы осы ұлы ма екен?

Тұспал сөзді аңғарған Владимир де әңгімеге араласты:

— Жас ұрпақ романтика мен уақыт талабын ұштастырам деп құлшынады ғой,— деді,— кейбір ұсақ-түйектер негізгі мақсатты көзден тасалайтын да сәттер бар.

Шәріп Сақанович те, Мария Петровна да оның сөзіне елендесе құлақ салды:

— Бұл шаруашылық тың көтеру дабылы соғылады деп күбініп отырмағаны сөз жоқ, көрініп-ақ тұр. Жол жөнекей тұрмыстық бөлек-салақ жағдайларды былай қойғанда, осы жаңалыққа икемдену жағы әзірге шабандау ма деп ойлаймын. Сонда да мені бұл жердің келешегі қызықтырады. Зор мүмкіндіктердің көзі ашылғалы тұр. Яғни жас ұрпақ бұл іске сенімді көңілде деп айтуға жарайды. Қалай десек те келе сала чемоданды қайта буып-түйіп жатқан біз жоқ.

Әңгіме, жүйесінің әзіл-шыны аралас қалпына қарай аяқ жағы ойнақы түрмен нүктеленген Владимирдің жауабына екеуі де ырзалықпен күлісті.

Әрине, бұл жерде тың жерді игерудің проблемалық бағыттары сарапталатын әңгіме жүргізудің қажеті де шамалы болатын. Бұған дейін бейтаныс адамдардың бір-бірін барлау мақсатындағы әшейін пікір алмасулары еді. Әйтсе де ұлының көтеріңкі лепте айтылған сөздеріне Мария Петровнаның марқайып қалғаны сезіліп-ақ тұрды.

— Мен сізге бір ұсыныс жасағым келіп отыр,— деді Шәріп Сақанович Владимирге,— Сізді біздің оқушылармен кездестірсек...

— Әрине, олар маған түрлі-түрлі сұрақтар қояды, мен беделді адамның келбетін сақтап, небір ақылды жауаптар беремін,— деп ар жағын Владимир іліп әкетті.— Міне, мен тың ерлерінің бірімін, қарандар маған деймін бе?

Даусында әлде кекесін, әлде әзіл табы жатқанын аңдау қиын еді.

— Мен осы ұлы дүбір туралы ақиқатты балалар соған тікелей қатысы бар адамның аузынан естісін дегенім ғой,— деді Шәріп Сақанович.

— Мен мұныңызды әбден құптаймын. Бірақ сәл шыдай тұрсақ қайтеді, Шәріп Сақанович,— деді Владимир,— балапанды осы қай кезде санаушы еді?

Бұл ойнақы сұраққа қосыла күлісті.

— Иә, иә,— деді сонан соң Шәріп Сақанович,— игі бастама мен оның жемісі түйіскен, соқырға таяқ ұстатқандай сәтті күтейік дейсіз ғой.

— Әлбетте.

— Сонымен іскерлік бір шартқа қол қойылады дейміз, ғой,— деп Мария Петровна манадан сөз жүйесін тобықтай түйінге сайды,— сол шарттың құрметіне бір-бір пиала шай ішіп жіберейік.

— О да болсын. Шай ішсең, бүркітше қалықтайсың, арақ ішсең бөренедей тырқиясың деген де бар, — деп Шәріп Сақанович столға таман жақындады.

— Сіздің жақта «чай не хочу, хлеб кушайт» деген де бар екен ғой,— деп Владимир бір ауыларасы қалжыңды басып қалды.

— Оны қайдан білесіз?— деп Шәріп Сақанович елең етті.

— Жігіттер айтты.

— Сондай шебір сөздің бары рас. Оның иесі — көршілеріңіз Қартай ақсақал.

— Иә, сонда не демекші болғаны?— деп Мария Петровна да қызығушылық білдірді.

— Бұл кісі жасырақ кезінде орыс поселкасына барады. Бір тамырының үйіне кірсе, олар тамақтарын жаңа алдына ала берсе керек. «Кел, кел» деп Қартайды дастарқанға шақырады ғой. Сол жерде «Чай не хошу, хлеб кушайт» деген сөз шыққан. Бар білетін орысшасы сол да. Өзінше «шайға қанып шығып едім, нан ауыз тиейін» дегісі келген ғой. Сонан үй иелері Қартайдың алдына қалаш, пирожныйлар үймелете қояды. Дәмнен үлкен емес, сыйлап беріп отырған соң, тартпақтауға қисынсыз, Қартекең күйсетіп соға береді. Тілі аузына сыймай бара жатса да, шай не су сұрап ішерлік дәрмені жоқ... Үйге келген соң, «орыстар шай бермей, дінкенді қатырады екен» деп бөшкедегі суға бас қойған.

Үшеуі тағы үйді басына көтере күлісіп алды.

—, Сонысынан ба, ана жылы Еркешті орыс қаласынан оқытам деп қиғылықты салды ғой. «Тым құрығанда орысша дұрыстап нан сұрап жеуді үйренсін» дегені бар. Олай айтып, былай айтып, әрең дегенде «орысшаға осында-ақ үйретейік, ана тілін ұмытып кетсе қиын емес пе» деп елде қалдыртып едім. Менің сөзім періштелердің құлағына шалынса керек, бұлардың бағына қарай сонау Ленинградтан сіз жеттіңіз,— деп Шәріп Сақанович әңгіме барысын кеңітіп әкетті.

— Иә, осал жүк емес,— деп Мария Петровна қостады.

Бір-бір кесе шайды ұрттай отырып, мұнан соңғы әңгіме желісін Шәріп Сақанович енді басқа арнаға бұрды.

— Егер сіз қарсылық етпесеңіз, мен сізбен жерлес-

пін дегім келіп отыр, Мария Петровна,— деді кенеттен.

— Иә, қалайша?— деп шешелі-балалы екеуі қабаттаса таңданысты.

— Менің туып-өскен жерім осы Тереңсей. Ал майданда Ленинград түбіндегі шепте болдым. Туған қаланызды сіздермен, ленинградтықтармен бірге жаудан қорғастым. Мына бармақты сол топыраққа көміп кеттім.

— Солай деңіз,— деп шешелі-балалы екеуі ұмтыла түсті.

Мария Петровнаның көз алдынан сол сұрапыл жылдардың кейбір елестері өң мен түстегідей жүріп өтті.

... Бір күні әрі аяз, әрі аштық қысып, құр сүлдері сүйретілген қалпы бір жағым отын іздеп келе жатты. Жіті жүруге қуатсыз, там-тұм ілбіп басып, жиі-жиі тоқтап алады. Ақырында әлі құри бастаған соң бір бағанаға сүйеніп тұрды. Қажыған дене аязды тыңдасын ба әлде бір сүйкімді әуен әлдилей бастағандай. Маужыраңқы рахат дүниеге сүңгіп бара жатыр. Осы тылсым сәт өзін мүлде жұтып жіберсе де көзін ашпай тұра беретін.

Иығынан сілкілеп, жұлмалаған біреудің әлуетті қолдары ғана әлгі халдан ажыратып жіберді.

— Ояныңыз, ояныңыз, бұныңыз не, мына қақаған суықта қатып қалғыңыз келіп тұр ма?— дейді бір дауыс.

Көзін әрең ашқан Мария Петровна өзін екі иықтан қаусыра құшақтап, әрі-бері жұлмалап тұрған солдатты көрді. Түрі бидай өңді ме, қара торы ма, орта Азия мен Қазақстан халықтарын елестетеді.

— Үһ,— деп күрсініп, бұл әрман жылжи бергенде:

— Сәл бөгеліңізші,— деді әлгі солдат.

Қойнына қолын сұғып жіберіп, жұдырықтай нан кесегін алып шықты.

— Алыңыз, талғажу етіңіз,— деді.

Сол бетінде қайрылып бұрылмастан ілгері асып жүріп кетті. Мария Петровна рахметін айтып та үлгермеді.

Бір түйір нанға төбесі көкке жете қуанғаны сондай, іздеуге шыққан отын туралы да ұмытып, үйде әлсіреп жатқан Владимирге солдат ұсынған кесек нанды жеткізіп, жегізуге бар шамасынша жылдам баса ұмтылды. Сонда бір сәтке болса да бойына күш қосылғандай сезініп еді. Әрине, дәл сол кезде қолындағы нанның әсері шығар деп ойлаған. Бертін келе, ол мүлде олай емес екенін түсінген. Нан, әрине, бейтаныс солдат мейрімінің ұшқыны іспетті екен. Егер сол солдат жұлқылап оятпаса,

бұл тоқтаған жерінде қатып та қалуы ғажап емес қой. Сонда Володяның күні нешік болар еді? Әлде қазақ, әлде қырғыз, әйтеуір сұр шинел киіп, винтовка асынған бөтен адам бұған нан ғана емес, өмір сыйлаған екен-ау! «Кімсің, қайдансың?»— деп сұрап та қалмаған. Кезінде түстеп қараса, бүгіндері шырамытқан да болар ма еді...

Солдат, бәлкім, Шәріп Саканович пе екен?

— Сіз соғыста қай әскери дәрежеде едіңіз?— деді Мария Петровна.

«Оның қандай мәні бар?» дегендей бір сәт қадала қарап қалған Шәріп Сақанович:

— Артиллерия офицері,— деді.

— Ә-ә,— деп салды Мария Петровна.

Қиын қыстауда бір тістем нанынан бөліскен адам бұл кісі болмауы да мүмкін. Бірақ түпкі мәселе онда емес те еді. Дәл қазір анкеталық мәліметтер жинап жатудың еш қажеті де жоқ. Шәріп Сақанович Ленинградты қорғаған қызыл жұлдызды мың сан ерлердің өкілінде й. Олардың тірі өкілі.

Мария Петровна бейнебір қапылыста жоғалтып алған қадірлі туысымен ойда жоқта қайтадан табысып отырғандай бір халде.

— Бұл неткен ғажап,— деді Мария Петровна тебіренген дауыспен,— қазақ ұлдары бізді сыртай қаумалап, Жамбылдай ақсақал «Ленинградтық өренім» деп қысталаң шақта ортамызда жүргендей екен ғой. Шынында, біз сізбен жерлес екенбіз.

— Әлбетте, бір өтірігі жоқ,— деді Шәріп Сақанович.

Осы кезде үйіле-төгіле Еркештер кірді үйге. Сақановичті көріп, қымсыныңқырап та тұр. Сонысын сезіп отырған директор:

— О, жас қонақтарыңыз келіп қалды ғой, Мария Петровна,— деп жайдарлана жадырай күлді.

Қабағы сұсты калпынан танбайды деп ойлайтын балалар директордың көзінде күлкі ойнаған келбетін көргенде еркінси бастады.

— Бәріміз бас қосып, ән үйренуге уәделескен едік. Сол келістері ғой,— деді Мария Петровна,— Еркеш, Күлмәш, кәне бәрің де бері шығыңдар. Молдағаби жоқ қой?

— Кейін келетін шығар,— деп бірі ол үшін жауап беріп жатыр.

— Жас қауым ән үйренсе, біз біршама уақыт тыңдасақ қарсылық болмас па екен, Мария Петровна,— деп Шәріп Сақанович те елігіп отыр.

— Болғанда қандай!

— Ендеше үлкендігімді пайдаланып, қалауды мен бастасам қайтеді?

— Қалағаныңыз болсын!

— «Темная ночьты» тыңдасақ...

Қара патефон ортаға стол үстіне қойылып, отырғаны отырып, тұрғаны тұрған қалпында ән тыңдауға кірісті.

Темная ночь
Только пули свистят по степи,—

деп басталған әуен сырлы, мұңды үнмен тербетіліп әкеткендей. Екі қолын кеудесіне алмастырып қойып тыңдап отырған Шәріп Сақанович сол әннің әр сөзіне бүкіл жан дүниесімен қосылып кеткен тәрізді. Соңғы кезіндегі «И поэтому знаю со мной ничего не случится» деген сөздерді еріндері күбірлеп бірге қайталады.

Сезімді қозғайтын, өзіңмен бүкпесіз сырласып отырғандай биязы әуен Еркешті де селқос қалдырған жоқ. Алайда ән сөздерінің бәріне бірдей түсіне бермей қиналыс тартты. «Оқ ысқырады» дегені қалай? «Тускло звезды мерцают» дегенді қалайша ұғынуға болады? Сымды сабалаған жел күңіренуі мүмкін, ал «гудит» дегені несі? «Машина гудит» дегеннен басқаны естіп көрмеген құлаққа бір түрлі тосаң. Ал «өліммен бірнеше рет кездестігі» не жұмбақ? Өлім қарсы келіп, қолдасқандай жанды нәрсе ме? Бірін шала, бірін ала ұғып отырса да, әнімен әуендес сөздер миына қатарлап түсіп жатыр:

Только ветер гудит в проводах,
Тускло звезды мерцают,—

деп бұл да күбірлейді.

Бір әнді бір ән ауыстырып, алма-кезек шырқалып жатқанда Еркеш Шәріп Сақановичтен көзін алмады. Керік қасының ұшы дірілдеп тұрғандай. Бармақсыз оң қолымен жағын таянып алған. Сабақтағы қатал, үнемі тастүйін директор емес, өз ойымен өзі арпалысып, маңайдағыларды да ұмытып кеткен, мүлде басқа адам. Тіпті қажыған, шаршаған адамның да кейпі елес бергендей.

«Міне, бұл кісі ән сөздерінің бірін қапы жібермей, түсіне ұйып отыр...» деген қызғаныш пен құмарту аралас бір сезім Еркештің бойын мендеп қоя берді. Мен неге бұлай шала сауатты боп қала беруге тиіспін?» деген өзін-өзі қамшылау да бар.

«Темная ночь» тыңдалып болғанда Мария Петровна:

— Балалар, сендер біле бермессіндер. Лермонтовтың бір өлеңіне жазылған ән де бар. Өкініштісі пластинкасы менде жоқ. Қаласаңдар шама-шарқынша айтып берейін.

Өзі Лермантов әні болса, өзін Мария Петровна айтам деп тұрса, оны қалау етпейтін кім бар, балалар дүр ете түсті. Қәдімгі концерттегідей қол шапалақтап та жіберісті.

Выхожу один я на дорогу,
Сквозь туман кремнистый путь блестит,—

деп баяу ән қалықтай жөнелді.

Еркеш алғаш Мария Петровна бұларды күтпеген жерден тамаша әншілігімен таңқалдырмақшы шығар деп ойлап еді. Мүлде олай емес екен. Даусы керісінше қарлығыңқы, шалдығыңқы. Тіпті бір-екі рет тыныстап тоқтап та алды. Соның өзінде Лермонтовтың ой-арманын бұларға жеткізе алып тұрғандай. Өңі әнтек қызарып, мандайы тершіген Мария Петровна:

— Осы еді Лермонтов әні,— деп тоқтағанда, балалар тағы дуылдап қоя берді.

— Сіз бізде филармония ашып жүрмеңіз әлі,— деп Шәріп Сақанович те әлгі қалпынан серпіле түсіп, әзілдеп отыр.

Мұнан соң «Эх, дороги» деп күңіреніп, «Пшеница золотая» деп тамсандырып, тағы бірталай әндер күйтабақтан сыр шертті. Мария Петровна күні бұрын дайындап қойған қағаздарын бұларға үлестіріп ән сөздерін жазғызды.

— Мүмкін бұл жаттығуымыздың соны жеңіс күніне арналған концертке ұласып кетер ме екен, қайтер екен,— деп ішкі жоспарының ұшығын да шығарып қойды.

Әнмен, орыс әнімен шүйіркелескен топты сырттай қызықтырған Владимир жаттығу аяқталып, бұлар тарасуға бет алғанда:

— Мама,— деді.— Сіздер біздерді де ұмытпаңыздар.

Сойталдай жігіттің «мамалап» тұрғанына Еркештің бір түрлі күлкісі келіп кетті.

Біздің жігіттерге де концерт қойып беріңіздер, мама. Олар сондай қуанып қалар еді,— деп тұр Владимир.

— Е, ол тілегінді мына балаларға өзің айт,— деп жымиды Мария Петровна.

— Еркеш, балалар, қалай қарайсыңдар?— деп Владимир де тақақтап қояр емес.

Оның сөзі өзіне арналса да, Еркеш Күлмәшпен ақылдасқанды жөн көрді:

— Күлмәш, сен қалай қарайсың?— деп оған бұрылды. Ондайда тартынатын Күлмәш па.

— Әрине, барамыз,— деді.

Шешім осыған тіреледі. Бұларды үнсіз тыңдап отырған Шәріп Сақанович:

— Мені де ұмытпаңдар, балалар. Сендермен бірге жүріп бой жазып қайтайын,— деді.

11

Сол кештен бастап Еркештің домбырасы кәнігі қазақшасына қоса орысша да сөйлейтін боп барады. Ол Мария Петровна үйінде патефонда ойналып, мұның кеудесіне құйылып жатқан әндер қазақ домбырасына үйлесе кеткеніне таңданбай да қойған жоқ. Домбыраға жасынан жабысқан Еркешке қазір тұрмыстағы апасы «Елім-ай» мен «Сулико» әнін үйреткен-ді. «Көп іздедім, Сулико» деп сыңсығанда, Еркеш етене боп сіңіп кеткен әнді грузин әні болар деп қаперіне де алмайтын. Енді міне, тілі бөлек, тынысы бір орыс әндері де мұның он саусағына еріп, домбыра бетінде жорғалай бастаған.

Домбыра шегі сол үндермен сөйлей бастағанда Еркеш әр түрлі қиялға да беріледі.

Қалың орман. Алда майдан шебі. Сырғауыл, бөренелерден құрастырылып салынған жеркепеде автоматын құшақтап майдангер киімінде Еркеш отыр. «В землянке» әнінде айтылғандай, өлім қатерінен төрт адым ғана бері шептегі жауынгер. Мылтығыңды ұсынып қалсаң жаудың каскасына тиетіндейсің. Ара-тұра оқ тіліп өтіп жатқан түнекте қамалған Еркеш елде қалған жарын ойлайды. Бұл Күлмәш қой, әрине. Осы мектепте қара қас, күлім көз қыздар көп. Солардың арасынан суырылып шығып, осы қыз неге көлбеңдей береді? «Темная ночьтегі» жауынгердің сүйіктісіне арнаған сағыныш жолдарын бұл неге Күлмәшқа жолдайды? Түсініксіз. Еркештің қиял, сағым қуалаған көңіл-күйімен домбыраның қоңыр сазы үндескендей.

Мектептегі ер балалар ержеткесін қыздарға хаттанхатты тоғытып жататынын Еркеш біледі. «Жас жастың тілегі бір, жібек жіптің түйіні бір» деп, «теңіздей шалқыған махаббат, мұхиттай толысқан бақыт тілеймін, мөлдір бұлақтай көріп мені есіне ала жүрсеңші» деп, небір сезім тербейтін әдемі тіркестер тізбегі пәк көңілдей ақ параққа маржандай төгіліп, бала қауымда да болмай қоймайтын «жеңгетайлар» арқылы тиісті адам-

дардың қолына табыс етіліп жатады. Қыздардың екеу-екеу оқшауланып, әлгі сияқты жүрек қылын шерткен арнауларды бір қызарып, бір бозарып оқып жататынын да біледі. «Ол былай деді, мен былай дедім» деп өзара сыбырласып, құпияласып жүретіндерін де сезеді,

Болашақ жазушы осылардың бәрін жадына жаза береді. Соларды көз алдына елестете отырып, Күлмәштің ешкіммен оңашаланбайтынын, сыбыр-күбірі жоқ екенін, бәлкім оған ешкім хат та жазбайтынын Еркеш өзі жаңа ғана аңғарған тосын жаңалықтай сезінді.

Мұның бар білетіні — Күлмәш көрші Алқаағаш аулының қызы. Әкесі соғыстан оралмаған. Оқуда өзат, тәртібі үлгілі, класта белсенді, ән салғанда әдемі жіңішке даусы бар. Осыдан басқа, осындай бірсыдырғы күйкі мағұлматтардан басқа Еркеш не біледі?

...Өткен күзде Жармағанбет өзі жетекшілік ететін класқа бір ұсыныс жасады:

— Алтын күз деп кітаптан да оқып жатасыңдар. сол алтынын көзбен көрсек қайтеді?— деді.

Астарлы сөзді табан аузында түсіне қоймаған балалар бір-біріне «не ұқтың?» дегендей жаутаң-жаутаң қарап қалған.

— Күзгі орманға саяхат жасап келейік,— деп Жармағанбет әлгі жұмбағының шешуін өзі айтты.

Қуана құлшынған бұлар түстен кейін қаздай тізіліп, ауыл шетіне шыға келді. Бір жақсысы — орманды алыстан іздейтін емес, бой жеткен қайың мен балауса қарағай қол созым жерде тиіп тұр.

Жармағанбеттің көлеңкесіне ұқсап Жиенғали да ере шықты. Оның бұл мектепте бірінші жолдасы. Сызылып тұрған сыпайы балаға көбірек ұқсайды. Оқушылармен «сіз» деп сөйлеседі. Ең алғаш жолыққан шәкіртті «сіз» деуі мұң екен, «торпашке» деген лақап ат сол минутта оған таңыла кетті. Келесі күні бүкіл мектеп сол атпен кім аталатынына қанық еді.

Басқа мұғалімдерден Жиенғалидың тағы бір «ерекшелігі»— сабақ үстінде балалар бұдан ығып отырудың орнына ол өзі бұлардан қысылып-қымсынғандай қара терге шомылады да жүреді. Кейде тіпті моншақтаған терді сүрте-сүрте кіші-гірім қол орамалы сулап алғандай болады. Малмандай орамал қолынан түспейді.

Жиенғалидың екі сөзінің бірі «мәселенки». Орайлы, орайсыз қыстыра береді. Жармағанбетпен салыстыра отырып, Еркеш Жиенғалидың тілі жұтаң, одағай екенін алғашқы екі-үш сағатта-ақ пайымдаған.

— Оу, обед мәселесін шешетін уақыт та келіп қалыпты ғой,— деген Жиенғали сөздері де Еркеш арқылы оқушы қауымына жайылып кеткен.

Еркештің танымында Жармағанбет әсіресе Жиенғалимен қатарластыра көрінсе, өркештене, тұлғалана түсетіндей. Еркеш үшін ол басқаларды өзіне теңестірмейтін, «ханға сәлем бергендей» адам ретінде шоқтықтанып жүре берді. Сондай артықшылығын сезе ме, Жиенғали да Жармағанбетті пір тұтатын сияқты.

Бүгін де қолында саквояжы бар «торпашке» өзінен гөрі құдіретті әріптесінің аузына қарайды да тұрады. Ауылдан жарты шақырым ұзай сала:

— Батыр екесі, сусындап алсақ қайтеді?— деп Жармағанбет оған шынтағынан түрте белгі беріп еді, «торпашке» елең етіп, саквояждан арақтың бір шынысын алып шықты.

Алтын күз туралы дәмді сөздер тосып, Жармағанбеттің төңірегінде қосарланып жүрген Еркеш не тұрып кетерін, не қаларын білмей абдыраған қалыппен теріс айналған. Балалар болса, үздік-создық шашыраңқы лекпен әрман асып бара жатыр. Сонда Жармағанбет:

— Біздің қасымызда бал тамып тұр дейсіз бе?! Онан да анау піскен алмадай балбыраған Күлмәшқа сүйкенбейсің бе, ей!— деп мұны бүйірден нұқыған.

Мұндай ашықтан-ашық тура сілтеуді күтпеген Еркеш абдыраған кескінмен:

— Е, оны қайтем?— деген.

Сол сол-ақ екен, Жармағанбетті бір күлкі буындыра, булықтыра жөнелді. Көксау адамдай күрк-күрк етеді.

— Жиенғали, естіп тұрсың ба, оны қайтем дейді, ә?— деп деміге түседі.— Қайтем дейді... Біз не үйретіп, не оқытып жүргенбіз, бұл! Қайран далаға кеткен еңбек...

Енді екеуі қосыла күлді. Бұлардан аулақ безіп бара жатқан Еркештің құлағына «Жиенғали, қолыңа түссе, сен қайтер едің?» деп тұрғаны еміс-еміс жетті.

Осы бір елес көңіл архивінен жылт етіп көрініп, Еркештің сезім шалқарындағы тұнығын лайлап өткендей болды. Ащы қымыз ішкендей қабағы кіржиіп кетті. Сол кірбінді қуаламаққа қайтадан домбыраға бас салып, құйқылжыған нәсірге ерік берді. Біраз сабалап-сабалап, арыны басылып, көңіл кемері әлгі аласұрған халден айығып, сабасына түскенде байқағаны — он

саусақ қайтадан «Темная ночьты» ойнап отыр екен. Домбыра шанағына белгісіз бір суретші Күлмәштің балғын бейнесін салып қойғандай.

12

Көктем лебі өзіне тән лайсаңы мен шалшығын, сабын көбігін қосып жібергендей қоймалжың су созалаңдап еріншек аққан жырақаларын әкеліп орнатқандай. Әйтсе де даланың лайсаңы сегізінші «б» класына еленбейтіндей, олардың көкірегінде қаз дауысты, көгалды жапырақты, қауызын атқан гүлі мол өз көктемі орын теуіп жатқан.

Олар жуықта Владимир жұмыс істеп жүрген бригада басына барып концерт қойып үлгерді. Шикілі-пісілі тағамдай асығыс қамданғандықтан кем-кетіктері бола жатса да, бұлар өз уәделерінде тұра алғандарына қуанышты еді. Оның үстіне шырқаған ән, оқыған тақпақтарының дені орыс тілінде болды. «Тольконы» «Толко» деп жіңішкелік белгісін ортан белден бір-ақ басқан тұстары да кездеспей қалған жоқ. Қайтсе де аспан асты далада, егінжайдың ортасында болып қайтқандарына масаттана, мардамсып оралды. Бұлармен бірге Мария Петровна мен Шәріп Сақанович диқаншылар алдында лекция оқыды.

Сол жолы Еркеш бір сөздің түсінігін олжалап қайтты.

Концерт бітіп, аттанарға келгенде, бұлармен қабаттасып, қолында бұрыш-бұрыш жөптіктелген кішкене сары чемоданы бар бір жігіт те машинаға жайғасты. Ол ешкіммен, ешкім онымен қоштасқан жоқ. Оның орны Мария Петровнамен қатар келер ме. Жолшыбай екеуі әлденелерді әңгімелесіп келе жатты. Шетінде отырған Еркеш сөз барысы не екенін ести алған жоқ. Әйтсе де алғаш жас жігітпен іш тартып, шүйіркелесе кеткен Мария Петровна сәлден кейін жүзін басқа жаққа бұрып алып, онымен тілдесуін доғарғанын байқады.

Ауылға жетіп, машина бұлардың үйіне жанапайласа тоқтағанда Мария Петровна мен Еркеш бірге түсті. Үйге қарай аяңдай бергенде:

— Еркеш, сен менен бір сөздің анықтамасын сұрап едің ғой, есінде ме?— деді Мария Петровна.

— Есімде. Кейін бір орайы келгенде түсіндірермін дегенсіз,— деді Еркеш жұлып алғандай.

— Ендеше сен сұраған «целинщик» жаңағы жігіт.

— Әлгі, сізбен қатар отырған ба?

— Дәл өзі. Үй жоқ. Дірдектеп палаткада жатамыз, моншаға ара-тұра ғана түсеміз, қиын деп қыңқылдап келеді. Бақсам еліне қайтып бара жатыр.

— Қашып бара жатыр десеңізші.

— Иә, целинщик қашып бара жатыр, ал целинниктер сол қиындықтарға төзуге, соны жеңіп шығуға осында тұрақтап қалуда.

— Сонда целинниктер Володя ағай және басқалары ғой.

— Иә, солар,— деді Мария Петровна.

Мақтаныш сезіммен бүркемелемей, ашық айтты.

...Алайда балалардың бойындағы бұндай өзгеріске, олардың құлшыныстарына емешесі құрып, талып түсе қоймаған бір адам бар. Ол — Жармағанбет. Күні кеше ғана келген шүйкедей кемпір бұл тиянақтап қонған тұғырды шайқалтып жіберген сияқты.

Ең әуелі бұл қалтадан қағылды. Орыс тілі мен әдебиетінен сабақ жүргізе қоятын маманның жетіспеушілігі әжептәуір напақа боп тұр еді. Екі кісінің дерлік ақшасын алып жүрген-ді. Мария Петровна келді — бұл қосалқы сыбаға ауыздан жырылып түсіп кете барды. Іш қыжылдағанмен, заңды нәрсеге табар қарсы айбаты жоқ, бір мөңкіген де қойған.

Жармағанбетке бәрінен бататыны — өзі жетекшілік ететін класы өзінен жылыстап, салқын тартып, бұдан аулақ сусып бара жатқаны. Соңғы кезде өзара үйлесім табылмайтынын анық сезе түскендей. Шалшық пен құрғақты екіге айырған көктемгі жырақадай бір сетінеу өзі мен класы арасында пайда боп қалғаны көпе-көрнеу. Балалар тақылдап «Мария Петровна, Мария Петровна» дейді де тұрады. Жоқ, бұған тыйым салу керек. Бүгін бар, ертең жоқ көшпелі адам емес. Мұның кіндігі «Тереңсайда». Туған, өскен жері осы. Семьясы, шаруашылығы орнығып қалған адам. Басқа бір жаққа «келе ғой» деп шақырып отырса бір сәрі, онда бұл өзгеріске, мұншама салқындыққа қолды бір сілтеп, тайып берер еді-ақ. Бұл жерде түпкілікті қызмет атқарып, күн кешетін болғандықтан, мүлдем ыдырап, шетінен кетпей тұрғанда абыройын жинақтап, шегелеп алуы керек.

Бірақ қалай? Қандай жолмен? Жетіп барып, Мария Петровнамен кеңірдек жырта жанжал бастаса ма екен? Бірақ оған «міне» деп қолға ұстатар титімдей дәнекері жоқ. Жөңкіле көшкен елікке ұқсап, балалар өзінен ауып, сырғақсып бара жатуының түп күнәкәрі осы кем-

пір. (Ол Мария Петровнаны осылай іштей «кемпір» деп мұқатады). Амалың болса қыл енді. Амалы жоқ. Оның үстіне жуырда ғана қолапайсыз бір жағдайға ұшырады. Сонысын ойлап кетсе шашын талдап жұлардай күйге түседі. Пәле-жала қайдан дерің бар ма, адамды қара басарда өстетін әдеті ғой» деп іштен тынып, бармағын шайнайды.

...Күннің қызуы күшейіп, жер бусана бастағанмен, қыстың қыңыр мінезінің сарқыншақ салқыны әлі де бар. Бүгін де аспанда бұлт көшкіні үйіріліп, айналаны тұман баса мұнартып, өкпек жел соғып тұр. «Бұл сең көтеріліп, Есіл тасуының хабары ғой»,— десті үлкендер жағы.

Есіл тасуынан Мария Петровна да хабардар екен. Сабақта:

— Бүгін класпен Есіл жағасына барамыз. Сонда көргендеріңді кейін ауызша шығарма ретінде әңгімелеп беретін боласыңдар. Блокнот, қалам ала шықса да артық емес,— деді.

Сол уәдемен бұлар Есілдің дағдылы кемерінде тұрып, тасқынның сатыр-сұтыр қуатын, күбір-күбір сең соғылысуын көріп қызықтаймыз деп шыққанмен, мүлде басқа көрініске тап болды.

Есіл арнасынан әлде қашан шығып кеткен, «Тереңсай» тұрған дөңнің етегіне дейін кілкілдеп келіп тұр. Бүкіл тоғай малшынып белуардан су кешкен. Тоғайдан бері қарайғы ойшық, көлшіктер шалқыма айдынның астына бөктерілген. Қейбір шетіне бой көтерген селкеу ағаштар мына дүлей тұтқыннан құтылғысы келгендей сонау қарауытқан тоғайдағы тамырластарына ұмтылғаны іспетті қиналысты бір арнамен қайқаң-қайқаң етеді. Сол әрекетпен күштеніп бұлқынысы ма, әлде күш ойнағансып мықынын шымырлатқанына еркелей бұлғаңдатқаны ма, кім білсін.

— Қап, сеңдердің қопарыла бұзылып, үдере жөңкілгендерінен кеш қалған екенбіз,— деді Мария Петровна.

Еркешті қасына таяу шақырып алып:

— Біздің Неваның да осылай буырқанатыны бар,— деп алды да, Пушкиннен үзінділер оқи жөнелді.

Люблю тебя, Петра творенье,
Люблю твой строгий, стройный вид.
Невы державное теченье,
Береговой ее гранит...

Мария Петровнаны ерекше толқытып тұрған бұл үзіндіден Еркештің бөлекше түсінгені «Невы державное

теченье» деген жолы. Тасынып қап тентек ішіне бұғып, бір сәт моп-момақан жатқан Есілдей ұлылықты, мықтылықты меңзейтін мағынасы бар екенін ұғына қабылдады.

Бұл тұсқа келгеннен бері Еркешті тағы бір тосын қиял баурап алған. Мына шалқыған айдын теңіз екен десе, соның толқыны дөңбекшіп, буырқанған бетінде ақ желкенді қайықпен бұл кетіп бара жатса, жағалауда Күлмәш қолына көк орамал желбіретіп, Еркешке екі көзін қадап тұрса. Қашан бұл тұманмен араласып кеткенше, орамал көтерген қолын түсірмей, ұзақ тұрса...

— Анаң қара, анаң қара!— деді біреу.

Оқыс шыққан дауысқа селк етіп, Еркеш сол дауыстаған бала нұсқаған жаққа қараса, айдын бетінде аратұра, ұшырасқан сең кесектерінің арасымен жеңіл қайық бері сырғып келеді. Қайық тұмсығын кейде өзі лықсытқан иір-иір бүктеме толқынға көміліп те кетеді. Үстінде екеу.

— Вот, батырлар, ә!— деп қалды жиектегілердің бірі.

— Жүрек жұтқан деп осындайларды айтатын шығар,— деді екіншісі.

— Кім болды екен бұл?

Күн көзі шақырайып тұрмаса да, алақандарымен көздерін көлегейлеп, әлгі қайық жаққа бәрі шұқшия қарайды.

— Жармағанбет ағай мен торпашке,— деп дауыстады тағы бірі.

— Қара сен!— деп таңдайларын қағып тұрғандар көп.

Аты әлемге әйгілі жиһанкездерді қарсы алып тұрғаннан кем емес. «Әйдік, керемет» деп гуілдеседі.

Жармағанбет пен Жиенғали бұлар шоғырланған жерден бұрынырақ жағалауға тірелді. Қәнігі балықшыларша киінген, резеңке етіктерінің етектей қоныштары мықынды түгел қамтыған. Асынған мылтықтары бар.

Мұндай оқыс көрініске ғажаптанбай, жайбарақат қалатын балалар ма, қиқулап, шуылдап әлгілерге қарай жөңкіле тартты.

Әсіресе Еркештің қуанышында шек жоқ. Өзінің қадір тұтатын ұстазына кейде дүдамалданып қалып жүрсе де, бұл жолы Жармағанбет жаңа бір қырынан, батылдық, жүректілік тұрғысынан көрінгендей. Сонысына мақта-

ныш білдірер сәт ғайыптан кез болғанына шаттанып, екі өкпесін қолына алып жүгіріп келеді. Оларға жеткенше жарылып кетердей боп, мақтанышын кімге болса да біреуге айтып жіберерге оң жағына қарап еді, мұнымен қапталдаса келе жатқан Күлмәш екен.

— Біздің класс жетекшіміз батыр екен ғой,— деді Күлмәш.

Нақ осы сөздерді Еркеш оған бұрыла бергенде айтпақшы еді. Екеуінің ойы бір жерден шыққаны тіпті тасынтып жіберді.

Лепіріп, ентелеген қалыпта бұлар мақсатты нүктеге жетіп қалды. Бірақ Жармағанбет:

— Немене, қайық көрмеп пе едіңдер? Әлде кісі таңсық па сендерге?— деп алдарынан кес-кестеп, маңдарына жуытпады.

— Құбыжық көргендей болар ма бір,— деп Жиенғали да күңкілдеп тұр.

Алайда басқалардан озыңқырай жетіп, қайыққа екпіндеген қалпы жанасып үлгерген Еркештің көзі бұларды шыбжыңдатып тұрған құпиясын байқап қалды. Қайық түбінде атылған қояндар сұлап-сұлап, үймежүйме жатыр екен.

Өңі боп-боз боп қуарып Еркеш шегініп кетті. Атылып қалған соң бұл қояндарға мұның ендігі қолынан келер көмегі жоқ, әрине, Тек жүрегі мұздап қоя берді.

— Балаларды бізге сілтеп, өзі бейтарап тұрған анау кемпір ғой,— деді Жармағанбет Жиенғалиға. Үстеріндегі судан қорғауыш киімдерін шешіп, қайыққа лақтырып жатты.

— Кетейік, бұл арадан кетейік,— деп Еркеш өзі де аңғармай, Күлмәштің қолынан ұстай алды.

Жармағанбет қастарына дарытпаған балалар көңілсіз дабырласып кері оралғанда, Мария Петровна Еркештің қалтырап, жағының жүні үрпиіп тұрғанын көріп:

— Немене, Еркеш, суық тиіп қалған жоқ па саған?— деп еді, бұл ештеңе ашып айта қоймады.

Серуен де аяқталды. Лыпып аққан Есіл тасқынының әсерін блокноттарына түртіп, жадына сақтап, ойға түйгендері бар, кештете кері беттеді...

Міне, осы кездейсоқ жолығысу Жармағанбеттің берекесін кетіріп, құтын қашыра беретін болған. О, сөз жоқ, көрген-білгенін Еркеш ана «әжесіне» балаларға

жария етті деп жорамалдады. Бала жүрегінің бір лүпілі ара-тұра тулап-тулап кететінін ол ойлаған да жоқ.

Әйтсе де, Жармағанбет тағдырдың талқысына берілгісі жоқ. «Берме намысты қолдан!»— деп өзі-өзін қамшылап, қыздыра түседі. Қайтсе де өндіршектеп, өкпе тұстан соғып қалғанды жөн көреді. Бұл ретте Жармағанбеттің ойлап тапқаны — Шәріп Сақановичке жағыну.

Мұғалімдер бөлмесінде Шәріп Сақанович директор болып тағайындалған күннен бері бір домбыра ілулі тұратыны салтқа айналған. Кейде үзіліс арасында, көбіне таңертеңгі кезек тарқасып, түске салым оқу бастайтын кезек түйісетін аралықта Шәріп Сақанович сол домбыраны баяу шертіп қана диванға жайғасады.

Домбыра пернелерінен ән термелеп отырғандай бейғам қалыпта өзіне бағынышты мұғалімдердің жүріс-тұрысы, киім киісі, қас-қабағы, сабаққа қалай кетті, қалай оралды,— бәрі-бәрін санасына түйіп отырады. Домбырамен жорғалағанда, оң қолдың бармақсыз кемдігі еш білінбейді.

Бүгін домбыраны іліп тартып, майда қоңырлатқан Шәріп Сақанович Жармағанбеттің қипақтап, өз-өзінен қызарақтап, бұған жұғысқысы келетіндей сыңайын байқаған.

— Бұл не, Жакесі, өніңіз сынық, бір жеріңіз ауырып тұрған жоқ па?— деді оған.

Шәріп Сақановичтің бағзы уақыттарда өзінен кішілерге де «еке», «беке» деп ілтипат білдіретіні бар. Тіпті оны мұқатам, кемітем деген біреулердің «Шәріп өзі басқаратын мектепте екеизм орнатпақшы» деп кіналағаны да болған.

— Сізге жолығатын азын-аулақ бұйымтайым бар еді,— деді Жармағанбет қашанғы сырнайдай сыңғырлаған әдемі даусымен.

— Онда кабинетке барайық.

Директордың кабинетіне кіргенде, Шәріп Сақанович төр жақтағы арқасы терезеге қарайтын орындыққа жайғаса бере:

— Құлағым сізде,— деді.

Оның о бастан қалыптасқан әдеті — өзіне шаруамен келген адам сөйлеп отырғанда, ол үлкен болсын, кіші болсын, бар ықыласымен тыңдайды. Кейбір бастықсымақтардай аузы «иә», «иә» деп, көзі әлдебір қағаздар-

ды іздеп, тінткілеп, қолы қалам, қарындаштарды түрткілеп, стол бетін шарлап, бір сәтте мыц құбылмайды. Бейілін сала еңкейген күйі Жармағанбетке үнсіз қарап, тыңдап отыр.

— Өз класым өзімнен жағадан жыртыла сөгілген сеңше сусып бара жатыр,— деді Жармағанбет.

— Иә, мынау бір жаңалық екен?— деді Шәріп Сақанович.

Аңқаусығаны ма әлде шын күдіктенуі екенін айырып болар емес.

— Сонда оған кім кінәлі, нендей жағдай деп ойлайсыз?— деді тағы.

— Кінәлі Мария Петровна,— деп салды Жармағанбет.

Шәріп Сақановичтің қасының бір ұшы жоғары көтеріліп, бір ұшы төмен түсті. Үндеген жоқ.

Бұл жолы Жармағанбет машықты шешендігімен орағытып сөздерге, тұспал-жорамалдарға бара алмады. Соңғы уақытта қыл кеңірдектен келіп жүрген ашуыза, күдік-наласының тиегін бір-ақ ағытты. Ұрттап-шайнамай, лақ еткізді.

— Сонда?— деді Шәріп Сақанович.

— Сондағы сол — бұйрықпен бекітілген класс жетекшісі мен бола тұра, ол кісі менің класымда өз бетімен тәрбие жұмысын жүргізуге айналды. Тізгінді біржола өз қолына алған. сұрау жоқ, бұрау жоқ дегендей. Балалар енді менен жырыла тартпағанда қайтсін.

Осы тұста Шәріп Сақанович кенеттен сақ-сақ етіп күліп жіберді. Одырайып, көзі ежірейіп кеткен Жармағанбет состиып орнынан ұшып тұрды. Шәріп Сақанович күлкісін тыймастан, қолын сілкіп, Жармағанбетке «отыр» деген белгі берді. Анау қайыра төмен басылды.

— М-да,— деді Шәріп Сақанович күлкісін кілт үзіп, енді салмақты үнмен. Әлгі күлкі мүлдем болмағандай,— осы сіз сол балалармен ән салып көрдіңіз бе?

Жармағанбет өзін сайқымазаққа салып отырған деп ойласа керек, тіксініп, тепсініп тіл қатты:

— Мүмкін, олармен махаббат ойна, би биле деп те айтарсыз?

— Махаббат ойна деп айтпаспыз, ал би билеп, ән салған теріс болмас еді деп ойлаймын.

— Рақмет ондай... ақылыңызға!

Есік сарт етті — Жармағанбет шығып жүре берді.

Мұндайда бастық адам буырқанып, буырсанып

ашулы тентектің соңынан айқайлап, айбат шегіп шыға келер еді. Бірақ, керісінше, Шәріп Сақановичтің кабинетінен мырс-мырс күлкінің сілемі ғана сыртқа үзіліп-үзіліп жеткен. Онысын сыртта сәл аялдап қалған Жармағанбет естіп те тұрған еді. Ол әңгіме әлі ақырына жеткен жоқ қой, ендеше Шәріп Сақанович қайыра ішке шақырып алар деп дәмеленген.

Дәмесі босқа кетті.

13

Шәріп Сақановичпен болып өткен әңгімеден кейін ұшырасып қалған бір қаға берісте Жармағанбет пен Еркеш арасында мына мазмұнда тілқағыс болды.

— Сен басқалардан гөрі маған іштартатын шәкіртсің, сондықтан бүкпесіз шыныңды айт, бір сыр тартқым келеді,— деді Жармағанбет,— кластағы балалар мен туралы не пікірде? Мен әлі де класс жетекшілік міндетін алып жүре берсем бе екен әлде пән жүргізетін мұғалім ғана болып қалуымды қалайсыңдар ма?

— Кластағы барша оқушы не ойлайтынын білмеймін. Ал өз ойым — бізде класс жетекшісі қазір... басқа кісі ғой. Сіз тек сабақ жүргізгеніңіз... жөн,— деді Еркеш.

«Басқа кісі» Мария Петровна екенін екеуі де біліп тұр. Сонда да атын атаған жоқ.

Жармағанбетпен әңгіме қас қағым мезетте болып өте шыққан. Еркешке найзағайдың жарқылындай әсер етті. Алғаш дәл бұлай батыл жауап берермін деген ойында жоқ болатын. Өзі соған таңданып та тұр.

Жармағанбет осы әңгімені бастай бергенде, әнеугі Есіл жағасындағы сурет көз алдында көлбеңдеп тұрып алды. Мұның соңғы сөзін тіл ұшына түртіп шығарған да сол сурет.

14

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Бәйгеге түспек шығармаға әлі бір жол тартылған жоқ. Не жазарын Еркеш әлі нақтылап болған емес.

Бірді тауып, бірді жоғалтып жатқан өмір ғой. Оның көбіне көп ойлайтыны — болашақ қалың-қалың романдары. Өзін қоршаған санталай адамның қайсысын сол романдарына бас кейіпкер етіп таңдап алары да белгі-

сіз. Әйтеуір бұл тізімнен Жармағанбет сызылып қалғаны анық. Еркештің қалтқысыз түйіні осы.

Әлі жазылмаған кітабы жазылып болғанша арман боп қала бермек екенін де енді біледі. Осы көктем сол кітаптың бір тарауын құрамақ.

Қазір Еркеш асығыс аяндап, емпелендеп келеді. Бүгін Мария Петровна қоныс ауыстырмақ еді. Еркеш түстеп, еңсесі көтерілуіне сырттай қарағыштап жүрген үй сыланып, сырланып біткен. Сол үйге Мария Петровна мен Владимир түспек. Еркеш көшірісуге себін тигізбек. Олар тұратын қатар Нева көшесі деп аталмақ.

Алда мемлекеттік емтихан, алда өмір.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Әңгімелер

ЭКЕ ТУРАЛЫ ЖЫР

Таңатар соңғы кезде әкесін жиі еске алатын болып жүр. «Түсімде әкемді көріп шықтым»,— деп те жиі айтады. Ондайда түс жорушы—шешесі. «Үстінде ақ киім, күле қарайды» десе, «Е, жарықтық, сенің орақта көп ақша тауып, молығып қалғаныңды сезген ғой. Қайтсін, өзі өмір-бақи мойны борыштан бір босамай кетіп еді. Қуанып қалған екен-дағы»,— дер еді шешесі. Ал «Қабағы кіртиіп, қырын қарап тұрды»,— десе, «Е, аруақ бәрін біліп — көріп отырады» дейді ғой, әнеугі күні сенің біргәдірмен ұрысып қалғаныңды тұспалдап тұрғаны шығар. Қайтсін, артында қалған тұяғы жарқырап жүрсе екен деп тілейді де»,— делінеді. Шүберекке түюлі облигация ұтыс шығарғанда: «Еу, шіркін, тырнақтап жинағаны еді, жер қойнында жатып та жебеп-желегені десейші әкеңнің»,— деген. Әйтеуір былтыр өлген шүйке шал әлі күнгі тірілердің тіршілігіне араласа жүріп жатқандай.

Таңатар бүгін жұмысқа бармады. Тракторын есік алдында қаңтарған күйі жайбарақат. Сөз әлпетіне қарағанда совхоз жастарының бір ай бойы дайындаған концертін аудандық жюри мүшелері бүгін тыңдап көрмек. Көркем өнерпаздар коллективтерінің байқауында бұларға тиісті орындарын белгілемек. Сондықтан Таңатарлар бүгін жұмыстан босатылған. «Сен де жүр клубқа», деді келіншегі Раузаға. Жұрт алдында ән шырқағанын көрсін деп мақтанғаны ма, әлде зал тола тыңдаушылардың ортасында бір жақын жанның отырғанын сүйеу көре ме, әйтеуір бұл тартыншақтап қалмасын дегендей қиыла өтінеді.

— Қандай ән салатыныңды әлі күнге құпия сақтап келесің ғой,— деді Рауза.

— Концертте бір-ақ естісің деп едім. «Әке туралы жырды» қалап алдым.

Осы үйге келін болып түскеннен бергі шамалы ғана уақыттың ішінде Таңатардың әкесі Рауза көңілінде де із қалдырған екен. Күйеуінің шәйін қамдау, концертке киер киімін реттеп, дайындалып жүріп те ол қайынатасын еске ала жүрді. Баяғыда «Қайынатасы бар дейді надан қазақ, айналайын әкемдей қайдан болсын» деп жар-жармен сынсиды екен-ау, Бірақ Раузаның келіндік хал-жағдайы мұны теріске шығарды.

Шуылдатып, дуылдатып өткен тойдан соң, осы себеппен алыс-жақыннан аттылы — машиналы болып түйіскен, осы тойдың азды-көпті салмағын көтеріскен ағайын-туған «келіннің қолынан шай ішіп аттанамыз»,— деп келесі күні төр жағалай жайғасып отырып алған. «Осындай бір сылтау болмаса, күнде басымыз қосыла бермейді, Жаулыбай, Шоқат өзіміз бір жайланайықшы. Ылғи асығыс, ылғи жанталас, бір сәт уh деп дамылдайық та тіпті»,— деп гуілдеседі.

Шай құярға келгенде, қымсына басып, шымылдықтан бері аттағанда Рауза ибалықпен басына бір жапырақ орамал байланып шықты. Онысы төбеге шодырайта түйген шашына сондайлық жарасып та тұрған жоқ. Әйтеуір, келіндік салттың жоралғысын жасағаны. Сонысын байқады ма, әлде шыны сол ма, атасы:

— Ал, айналайын, сендердің алдарында ашып айтар сөзім бар. Мен көненің көзі болғанмен, ескінің кейбір сыңаржақ күйін күйттеушісі емеспін. Келінім бетін көлеңкелемей, күйбеңдемей, ашық, қыз балаларыммен тең жүрсін. Бірің ибай шашың көрінді, басың жалаң деуші болмаңдар. Құлыншағым, андағы орамалды алып таста да қымсынбай еркін отыр. Өтірік сықсиған келін бізге мақсұт емес, шын пейіліңмен сыйласаң жеткені,— деді.

Тұтамдай орамал сыпырылып қолға келгенде, қалың қара шаш Раузаның аппақ өңін ашқандай құлпыртып жіберді. Момақан жүзінен инабатты асыл қасиетті анғарған шал ырза көңілмен:

— Әп, бәрекелде!— деп қауқылдап қалды.

Атаның сол шешімі заң боп бекіп жүре берді. Ешкім мұның қалай деген жоқ. Тіпті кейде үнді киносы келіпті дегенді естісе, тағат таба алмайтын Рауза Таңатардың оныншы класта оқитын қарындасына еріп клубқа тартып отыратын. Жұмыстан кеш оралған Таңатар ондайда «өшін» әкесінен алады:

— Осы қызды шолжаңдатып... Мектеп бітірмей жатып таштаңдатып,— деп қарындасына кіжініп отырады. Сөздің астарын айтпай ұғып, жымиған әке көлбей қараған қалпы:

— Е, балам, балалы болғанда білерсің депті ғой,— деп күнк ете түседі де қояды.

— Екеуі оңашаланғанда, Таңатар Раузаға:

— Немене менсіз киноға барып...— деп бұртаңдайды.

Ол бұртыңы әрине келіншегі шөп еткізіп бір сүйгенінен аспайды.

— Иә, үнді киносын көрерге екі-үш орамал ала барған шығарсың. Көлкіген көз жасын сүртіп отыруға,— деп елегізіп жүре береді.

Таңатар асқан әнші атанбағанмен, өз теңдестерінің көңілін аулауға жарарлық бірқағары бар.

— Әке-шешесінде мұндай өнер жоқ, бұған әншілік қайдан жұққан?— деседі жұрт.

— Нағашы тегінде бар болар,— деп те жорамалдасатын.

Ал атасының әнші екенін Рауза білетін.

Бірде Таңатар шалғы тіркелген тракторымен орап тастаған шөпті көпенелеуге бәрі жабыла шықты. «Шайларыңды қайнатып беруге себебім тиер» деп, арбаға шешесі де жармасты. Таңатар сол жақтан табыспақ.

Бұлар Есілдің қабағына тиіп тұрған тоғай шебіне ілінгенде, бұраңдаған ескі жол табы дөңгелек-дөңгелек төмпешіктерге тірелді.

— Мынау — біздің ауылдың жұрты,— деді шал.

Әрине шөп шығып кеткен мына дөңестер ескі қоныс екенін, бір кезде нақ осы жерде киіз үйлер қатар түзеп сән құрғанын, атасы мен енесі, бәлкім осы жерде туып, осы көңдерді жалаңаяқ шаңдатып жүргендері де мүмкін екендігін Рауза бір ойлап өтті.

— Мынау — біздің үй,— деді шал.

Одан әрмен қарай аңшы, атбегі, әнші, шебер дескен бірнеше адамның аттары аталып, «анау дөңес соның үйі, сонау дөңес соның үйі» деп иекпен нұсқалап бір өтті. Атасы сол ауылдастарымен ойда жоқта кездесіп қалып жүздесіп тұрғандай, «көше аралап жүр». Бері орала келіп:

— Мына бірісі жарықтық Асекеңнің үйі еді,— деді.

Бұл үйдің орны дәл арбаның қасында таяқ тастам жерде ғана тұрса да, ең соңынан бір-ақ айтты. Сөйткенше:

— Сол үйде Паруза деген ай мен күндей қыз болып еді деп те неге айтпайсың?— деп кемпір кимелей жөнелді.

Дауыстағы кекесін бүркемеленбеді.

Шал «баладан ұялсайшы, ей» дегендей кемпіріне қиыққөздене бір қарады да, жүзін тайдырып әкетті. Созаландап арбаға асыла бере, делбені енжарлау қағып қалды. Құнжиыңқырап, мықырайып кеткен. Тұтқырайған кейпі «бір кезде алып қарақұс едік, енді кәріп қарақұс атандық» дегенді аңғартқандай. Сол қалпы ыңыранған бір ән басталып жүре берді. «Қарақат көзді, сым саусақ, лебізің сенің бал қаймақ» деп ынтызар әуен тоғай ішінің қуыс-қуысын шарлап барады.

«Атам жасында әнші болған-ау» деп ойлады. Рауза. «Қарақат көзді сым саусағы» кім? Паруза ма екен? Паруза кім? Қол жетпеген арманы ма? Әлде бал дәуреннің бір әуресі ме? Қалай дегенмен шал көңілі бұл жерлерден алыс еді. Әрине, Таңатар әкесіне тартқан әнші.

Бірақ ол өз үйінде әу деп әндетіп көрген емес. Кімнен ұялып, кімнен қымсынады — онысы жұмбақ. Шілдехана, жасқа толған күн деген сияқты бір шоғыр ауылда жиі тоғысып жататын жиындарда еркінсіп көсілгенмен, онысын үйде жасамайды.

— Сен бала, бізге лебізіңді естіртпейтін болдың ғой,—деп әкесі де бір-екі рет қыңқылдап еді, онысынан ештеңе өнбеді.

Сірә, әкесінің әнге ебі барын жақсы біледі де, кем соғып қаламын ба деп өзін-өзі қомсынады-ау деп жорамалдаған Рауза. Шынында да әке құлағы ұлының ән шырқаған үнін аңсаған түрік қалпында тынды.

Енді араға біршама уақыт түскенде, сойталдай жігітті сағыныш меңдеп, әкесін аңсайтын сияқты. Әйтпесе бірнеше жинақ болып шыққан «Қазақ әндерінің» ішінен «Әке туралы жырды» таңдар ма?

...Міне, сахнаға домбыра ұстап Таңатар шықты. Жұртқа орындық сүйреттірмей, быртық мойын аспапты шынтағымен кеудесіне қыса түрегеліп тұр. Әкесінен дарыған әннен елес берерліктей ғана қатқыл дауыс.

Раузаның екі көзі залдың орта тұсындағы қызыл барқыт көмкерулі жеке столды қаумалаған аудандық жюриде. Солардың әлде томсарыңқы, әлде тоқмейіл жүздерінен, қас қағыстарынан Таңатардың әншілік қабілетінің бағасын аңғарғысы келеді. Ана бір ерні шиедей шашын екі түсті етіп бояған келіншек қасындағыға

бірдене-бірдене деп жатыр. Іле қалам ұстаған сүйрік колы алдындағы бір парақ қағазға жып етіп төнді де, ұзынша сызық тартты. Таңатардың фамилиясын ерекшелеген болу керек деп түйді Рауза.

Мұның түйсігі, расында, зая кетпеді. Қорытынды сөздерінде жюри мүшелері Таңатарға қызу ықылас білдірді. «Дауысы жетіңкіремеген бір жерлерін жүрекпен жалғастырып жібергендей де болды»,— деді-ау ерні шиедей, шашын бояған келіншек. Таңатар енді көркем-өнерпаздардың облыстық байқауына қатысады деген шешімге тоқтасқан. Иә, «ауданның намысын қорғасады бұл жігіт» десті ғой.

Концерт соңынан көл-көсір банкет кезек тосып тұр екен. Бұл совхоздың директоры мұндай ақшаны сөмкелеп төгеді десетін. «Асханаға, асханаға» деп бірін-бірі жеңінен жұлқылаған жұрттың көтеріңкі көңілі соны растайын деп тұр.

Таңатар қипақтап Раузаға келді:

— Жігіттер бірге болайық деп қолқалап тұрғаны... Жырыла тартсам, ыңғайсыз ба деп...

Рауза түйірдей қарсылық нышанын білдірген жоқ.

— Тобынан қалғанның топшысы сынады ғой,— деп қалжыңға жеңдіре, күйеуінің ыңғайына қарай майда сөйледі.

Осы клубтың жанындағы жатаған асханаға «артистер» топ-тобымен кіріп барады. Сарт-сұрт ашылып-жабылған есік жұрт қанша кірсе, соның бәрін ішке қарай қақпақылдап қылғытып жатыр.

Рауза үйге беттеді. Аулақ шыға бергенде ғана жан жүйесі бір түрлі қоңылтақсып қоя берді. Тым құрығанда «жүр бірге барайық, бөтен ешкім жоқ, өзіміздің жігіттер мен қыздар»,— деп те айтпады-ау Таңатар. Тым құрығанда — көңіл үшін. Шақырусыз жерге өзі де бармас еді.

Әлде... Әлде Таңатардың да өз Парузасы болып жүрмесін әлі? Осы ой қай жағынан келіп миға соққанын білмейді, қызғаныш атты өрт жалыны ішін жалап өтті. Сол жалын бүйірден тепкендей, бір сәт бүлк-бүлк етіп бұлқынған қозғалысқа айналып барып тынды. Мұның құлазып кеткен халін аңғарып. «Сен жалғыз емессің» дегендей бөбегі сес беріп жатыр екен-ау. «Е, ба лам, балалы болғанда білерсің әлі» деген атасының сөзі есіне түсе кетті. «Әке жырын» енді Рауза ыңылдап бара жатыр. Көңіліне көк шалғынды жайлау кеңшілік орнап, кешірімді сезіммен баяу басып, өз ордасына беттеп келеді.

БАСЫЛМАҒАН ШЫҒАРМА

Ойлантып, толғантып, бір әңгіме жазылды. Кейіпкері — Сақау. Оны жазған Серкебай «бұл бір тынған шаруа» деп қуана тамсанды да сонысына нанарын-нанбасын білмегендей жүрегі алып-ұшып қолжазбасын тартпаға тыға салды. Сөйтсе де ұзаққа шыдамы жетпей әлден уақытта жарық дүниеге суырып алды. Сыдыртып оқи жөнелудің орнына қайта-қайта сипалай берді. Ал шимай-шимай жазуға көзі түсуі мұң екен, ол жер, бұл жерден олпы-солпысы шыға келді. Отырған қалпы түзей бастады. Оның осындай отырысы тегін емес екендігіне үйреншікті әйелі даладан кіре бере:

— О, не-ей?— деді.

Күйеуінің иығына асыла сүйкенді.

Серкебай өзінің «ең бірінші сыншысына» әңгімесін оқып берді. Обалы нешік, ол оқып отырғанда қағаздың сытырлаған дыбысынан басқа дүние тынып қалғандай еді. Сытыр тынған бір шақта:

— Бұған қанша аласың?— деді Сипат.

«Әй, данышпаным-ай, тура қаламақыдан бастауын,— деп іштей күйінді Серкебай,— түбегейлі мәселеден бір сөз тартсашы тым құрығанда».

Одан-бұдан хабары бар, тақа қара жаяу саналмайтын көршісі бар еді, Серкебай соған жүгірді. Көршісі қолжазбаны тұқырайған қалыпта тыңдады. Серкебай елпілдетіп-желпілдетіп оқып біткенде:

— Бары осы ма?— деді.

— Осы.

Көршісі салбыраңқы басын жұлқи көтерді:

— Қатырыпсың! Мұны әбизәтілнә...— деп сұқ саусағын жоғары көтерді.

Сол саусаққа сұқтана қараған Серкебай «бастырады» деп ол айтпақ сөзді өзі іштей жалғастырды. Әйтсе де көршінің мұны басқа екен:

— ...Жуу керек!— деді де сұқ саусағын көлбетіп, босағада босап жатқан бөтелкеге қарай нұсқады.

Серкебайдың кейіпкері осы ауылда тұрады. Бірақ автор дәл бүгін кейіпкерін іздеп әуре-сарсаңға түскен жоқ. Зерттеп біткен бұл білмейтін бүкпесі жоқ деп сенетін. Бұрын Сақау тұратын үйді төңіректеп шықпаушы еді, бүгін ол тұстан зу етіп өте шықты. Елеңдеп, аландап қараған да жоқ. Серкебай өзін әңгімесіне тиек етіп жазып біткенін айтпай-ақ сезіп қойғандай

келгіштей беретін Сақау да бұл үйге жоламағалы бірталай уақыт өткен.

Серкебай табалдырықтан аттай бергенде:

— Жұдыңдар ма?— деді Сипат.

— Аздап.

— Ал бұл дүниелігінді енді Алматы апарасың ба, Москваға жібересің бе?— деп әйел сылқ-сылқ күлгенсіді. «Дүниелік» деген Серкебайдың өз сөзі. Жазғандарының бәрін жинағыштап, «менің бар дүние байлығым осы» дейтін. Әйелі сонысына меңзеп тұр. Оның үстіне Серкебайдың жазғандарының шырағы жанып, газет-журналдарға жарқырап шығып жатқаны да шамалы. Оған көбінесе «әңгімеңізді жаратамыз ба деп біраз уақыт ұстап едік, бүгінгі таңға жарамайтын түрі бар» деп машинкаға басқан жауаптар келіп жатады. Ондайларға ыза-наладан булыққан Серкебай тұтамдап жыртып-жыртып тастаудың орнына көңілсіз хабар әкелген көгілдір конверттерді қолжазбаларының қатарына апарып қоса салады. «Мен өстіп ауылда жүрген қалпым алда-жалда өле қалсам, Алматыдан келген комиссияға осылардың бәрін діттеп көрсет! Білсін менің қандай қиыншылық қысталаңда жүріп жазушылыққа талпынғанымды» дейтін әйеліне. Әйелі мандай шашы малмаланған терідей жиди бастаған, жазушы атанбақ ниетпен тырбанған күйеуін кекете жүріп аяйды, аяй жүріп кекетуін ұмытпайды. Серкебай онысына көндігіп алған, аса елеуреп тызылдай да бермейді. «Мен өлгеннен соң ғана танылатын жазушымын» деуінен де танбайды.

Түнде төсекте Сипат:

— Серкеш, сенен бірдене сұрайын, айтасың ба?— деді.

— Е, сұра.

— Сен осы дені дұрыс жұрт жетпегендей, өзіміздің ауылдағы, онда да қайдағы бір Сақауды қайдан тауып алдың?

— Бұл шын сұрағың ба?

— Шын сұрағым.

— Жазушыда арман көп қой. Мен сирек басылсам да, қадарый-қалымша тілі барды да, білімі барды да, тілінің бізі барды да, соңында ізі барды да жаздым, сұңғыла біткен сұмпайыларды да сықақпен сұққыладым. Енді тілі байланып тұрса да, жүрегі бүтін, екі көзі жаудыраған адал азаматты жазып көрсем несі айып,— деді ентіге сөйлеп.

— Азамат...— деп Сипат мырс етті,— не тұрақты ісі жоқ, не өзіне теліген семья жоқ... Кім қайда айдаса сонда барады... Мылқау, меңіреу, жуас деп қызықтың ба... «Үйі жоқтың күйі жоқ» біреу... Серкебай мылқауды жазды екен деп жұрттың жүрегі шымырлай қояр деймісің?

Серкебай үндеген жоқ. «Үйдегі дәуді» жеңу оған ешқашан оңайға түсіп көрген емес. Ұйқысырап көз жұмғансыды.

Білетіндердің айтуынша, Сақау — бір шаңырақтан қалған сыңар тұяқ. Сонысын сезгендей, ол өз күнін өзі көріп, үйінің мұржасынан түтін түтетіп жатады. Мал, дуние қиятталмаған аңғарадай үйде соқа басы демесе, күн көрістен таршылық тартып көрген емес. Жаз бойы арбамен салдыртып жүріп, іргедегі орманнан отындық қайың, терек пен тамызықтық қуды молынан тасып алады. Кең көңіл, қамқор басшылардың бірі үйіне газ орнатқызып, жағуды көрсетіп еді, табиғатында ұғымтал, көзі жіті Сақау күнелтудің мұндай жеңіл тетігін тез үйреніп алды. Ыстық үрлегендей «аф, уф» деп балаша қуанған. Тіпті газдағы шәйнектің қақпағы сартылдап, буы бұрқырап, асып-тасып төгілгенін бүкпесіз қызықтап, өзіне келіп отырған Серкебайға қайта-қайта көрсетіп, мәз-мейрам болған. Бір сөндіріп, бір жағып, шәйнекті тағы да буырқандырып, тағы да төгілдіріп көрген. «Бүкіл әлемдегі газдың тетігін өзі тапқандай масайрауын»,— деп іштей күлген Серкебай.

Сақау қара жұмысқа бірсыдырғы тындырымды. Мал фермасында қол жетпейтін жерлерде төбесі көрініп жүреді. Жастар жағы «Фигаро здесь, Фигаро там» деп қалжыңдап жатқандары.

Серкебайдың іш тарта қарайтынын түйсіне ме, қолы босап жетсе, Сақау мұның маңынан шықпайды. Жұмыс басында таңғы кездесуде Серкебайға сұрақты кескінмен қадалып, әуелі шынашағын селтитіп көтереді. Онысы «кішкентайларың аман ба?» дегені. Бас шұлғып, «аман» деген жауап алған соң, жаулық тартқандай екі қолымен басын тұмшалай орап түседі. «Әйелің аман ба?» дегені. Бас изеген жауап алып тынған соң, «Қатын, балаң аман болса, жарайсың!» дегендей, Серкебайдың арқасынан қағып, жымыраң-жымыраң етеді.

Фермадан қайтып келе жатқанда, Серкебай оны шай ішіп, шөл басуға бірер рет ертіп әкелген. Мұнысында Сақаудың кемтар жаратылысына жаны ашу да бар, болашақ кейіпкерін жақыннан бағдарлай түсу есе-

бі де бар. Сонда әлдекайда байқағаны — оның екі көзі Сипаттың қолында. Қасықтап сүт құйғаны, аққұманды кесеге еңкейткені, сол кесені еппен ұстап ұсынғаны — бәрі назарынан қағыс қалмайды. Сөйтіп, отырып бірде Серкебайды иықтан тартты. Өзіне қаратып алып, Сипаттың саусақтарын нұсқады. Оң қолының бас бармағын төбеге қаратып қайқайтты.

— Оу, мынау сенің саусақтарың сүйріктей деп отыр ғой!— деп кеңкілдеді Серкебай.

— Сен айтпағанды бұл айтып бағалап отыр, соны-сына да тәуба,— деп Сипат қызарақтап қалды.

Мұндық әйел ұрланып өз қолына қарады. Тал шыбықтай майысып үлбіреп тұрмағанымен, көз тоқтатарлықтай салалы саусақтарын жаңа көргендей. Бір тұтам быртиған не семіздік меңдеп быржиған келісімсіз емес. Әлденеге мұңайып, Сипат төмен тұқырды. Жаг назарға тосуға ұялмас саусақтарға маңдайынан жарылып тумаған, бейнетқор да береке-құтсыз күйеуі самсатып алтын сақиналар тізіп қоймағанын ойлап кетті ме бір сәт, кім білсін...

Сақаудың кесесіне сол жолы шай күреңірек құйылды. Елеусіздеу қимылмен сары май да Сипаттың қолымен Сақаудың алдына таман жылжытылды. Бірақ кейін өздері оңаша қалғанда, оның еріні тиген кесені содылап жуып, қайта-қайта ысқылауды сақ әйел ұмытқан жоқ.

...Ертесіне Серкебай жол-жөнекей бір машинаға ілесіп, облыс орталығына тартып отырды. Алматыға күнде шабуға уақыт та, қаражат та көтере бермейді, ал ойынан шыққан әңгімесін облыстық газетке қолмақол тапсырмаса, көңілі көншімейтіні де бар.

Түске таман жеткен бетінде қаланың ресторанына кірді... Ол ауыл адамының көбіне таңсық ететін борщ пен котлетке тілек білдіргенде, «тағы ұмытқан ештеңең жоқ па?» дегендей, даяшы келіншек қарындашын қылтың-қылтың еткізіп, сәл бөгелді. Тосқанына қарай ішімдік сұрмағанына қынжылғандай, тоқмейіл кейіппен сылқың-сылқың жүрудің орнына мықынын секірте қыдың-қыдың басып кетіп қалды. Кетіп бара жатып әдемі танауын тыржың еткізді.

Даяшының әрмен жөнелгенін күтіп тұрғандай, сымпың етіп бір жігіт жанаса кетті:

— Ағайын, кеше ішіңкіреп қойып, бас ауырып тұрғаны, бір жұтым бірдеңе заказдай салшы,— деді бұратыла сөйлеп.

Бет-аузы ұйқы-тұйқы екен. Кең пейілді ауыл адамын жазбай таныған. «Ындының кеуіп тұрған екен байқұс» деп аяп кеткен Серкебай өтінішін орындады. Арақ аты аталғанда, даяшының ернінде күлкі сыңайы елес бергендей.

Ойда жоқта пайда болған «ағайынға» қарап отырып, «біздің Сақау екеш Сақау да бүйтіп сұрамсақтанбас еді» деп ойлады Серкебай.

...Еңселі үйдегі редакцияның таныс есігіне ол екі оқтанып, екі шегінді. Үшіншіде мандайы жіпсіп кеткенін сезсе де, келуін келген соң қайтпақ жоқ, кірді.

Еңселі үйдегілер лепіріп, екіленбей, сыбырлап отырғандай бипаз сөйлейтінін Серкебай бұрыннан біледі. Бұл кіре бергенде редактор сигаретін бұрқыратып тұра берді. «Әбден мезі қылып біткем ғой, сірә. Ығыр еткенімді сездірткендей, қалшия қалуын қарашы»,— деп Серкебай ойланып үлгергенше редактор:

— Отырыңыз,— деді.

— Тағы да шығарма әкеліп едім,— деп Серкебай да қалтиып тұрған бойы.

— Қалдырып кетіңіз, көрейік,— деді редактор.

— Көзімше оқып шықсаңыз... Қалдырған соң уақыт созылып кете ме деп қорқам.

Қадалып кетпей қоя ма деп алды ма әлде қызығушылығы тұтана бастады ма, редактор креслосына басылып, оқуға кірісті. Шетіндеу орындыққа шегіншектеп барып отырған Серкебай кірпік қақпай, оның қас-қабағын аңдуда. Қолмен көшірген ұсақ жазу қиындық ете ме, редактордың қастары түйіліп-түйіліп кетеді. Ол қастары түйілгенде, Серкебай қыбыжықтап, орындықтың бөксе басар тұсы ысып бара жатқандай, қозғалақ-қозғалақ етеді.

— Машинкаңыз жоқ қой, сірә,— деп бір қойды редактор.

— Әбден жазушы болып қалыптасқанда сатып алам ғой.

Қатар-қатар қағаз оқылып бітті. Редактор көзін сипалап жеңіл күрсінді. Ренжулі кескінмен терезеге тұнжырай қарады. Серкебайдың қағаздарын қайыра бір қобыратты.

— Айналамызда қаумалаған қаншама тамаша адамдар,— деді қоңырлатып,— Еңбек Ерлері, оқымысты ғалымдар, биші, күйшілер. Қолдың саласындай, сайдың тасындай, жарқыраған жұлдыздай, үлбіреген

күндыздай ғажап адамдар самсап жүргенде, сіз қайдағы бір мылқауды суреттепсіз...

«Біздің әйел екеуінің сөзі бір жерден шықты» деді Серкебай өзіне-өзі. Қағаздарын жинап алып есікке беттеді. «Сақауды мылқау деп сізге кім айтты?— деп редакторға арналған сөзі де айтылмай өзімен бірге іште тынған қалпы далаға ере кетті. Осындай түйілігіп, жеме-жемге келер мезетте түтігіп сөйлей алмай, есесін кетіріп алатын булықпа мінезіне ызадан жарыла жаздады. Кабинеттен тысқары дүрдигеннен пайда жоқ. Мерзім қыс, ауа ызғарлы екенін жаңа сезгендей...

...Араға көп уақыт түсті. Тұрмыс, тіршілік қарекетінде арпалыспен күндер, маужыраған түндер өте берді. Серкебай күнделікті жұмысына барып, совхоз малын жайлап келіп жатады. Ұйықтар бөлмедегі жазу столын залға сүйреп тастағалы да қашан. Қолға қалам ұстап, ақ қағаз бетіне жол тартуға зауқы соқпайтын болған. «Қойдым» деген әйеліне. «Соның дұрыс,— деген Сипат,— жасыңа жетпей қартайып... Сені қолдап, қолтықтап жатқан ешкім жоқ. Пәлен жылдан бері сарылып, миыңды түгесіп келесің, не бітті? Бес жылда бір шыққан бірен-саран әңгімелеріңмен жазушы атанбайақ қой, содан тапқан тиын-тебенді баққан малыңнанақ көсіп аласың?»

Сөйтіп, бала-шаға, үй іші, совхоз жұмысының қарбаласымен жүргенде, есебі бар, белгісі жоқ, бұдырсыз күндер өте шығып, жадырап жаз да келді. Жаз келсе дүн-дүние жайраң, адамдарға күнде мейрам бір дәурен орнай қалатындай көретін Серкебай. Бұл көңілге еш қаяу түсірмес жыл мезгілі деп бағалайтын. Бірақ...

...Таң атқаннан шөп маялауға көмектескен Серкебай кештете үйге беттеп келе жатқан. Дөң басында қолына домбыра ұстап, жалғыз отырған Сақауды көрді. Шошайған жалқы томар сияқты. Шекті үзіп жібергендей өндіршек бір дыбыс. Таяп келген Серкебай оның көзі жұмулы, көкірегі жалаңаш, жалаңаяқ, дал-дайран кейпіне зер салды. Сақау біреуден көргенін істеп, домбыраны көсіп-көсіп бес саусақпен тартқан болады. Онысының күйге, әнге ұқсас бір үзік үні жоқ. Быртық бүгіңкі саусақтар қос ішекті іліп-іліп әкетеді. Сонда да домбыра бетін дызыңдатып сабалаудан танар емес. Оңға-солға, ілгері-кейін теңселіп-теңселіп алады.

«Оу, бұл жазғанға не кейіс келді екен?» деп ойлаған Серкебай Сақаудың иығынан түртті. Ол домбыраны дыңылдатуын доғара салып, бұған тесірейе қарап,

дағдарған түрмен ұзақ тесілді. Сақалы қырулы, тіпті жұпар иісі де білінеді. Үстіне бір киер киімін іліп шыққанын Серкебай жаңа аңғарған. Тек аяқтары лыпасыз. Шөгір-шөңгеге, көң мен құмдаққа бірдей үйренген табандар. «О не, саған не таршылық келді?» дегендей Серкебай сұрақты кескінмен екі алақанын жайып, иек қақты.

Осылай сұрауы мұң екен, Сақау жылярман кейіппен қабағын тыржитып, басын шайқап-шайқап, көкірек тұсын қайыра-қайыра умаждап сипалай берді. «Бейбақ ауырып қалды ма?»— деп шұбаланған Серкебай:

— Жүр, біздің үйге барайық, ыстық шай ішесің, денең жадырар,— дегенді бұрыннан үйреншікті ыммен жеткізді.

Бірақ Сақау басын қайтадан шайқап, кеп басқадан екенін білдірді. Қеудесін сығымдап уқалаған күйі атып тұрып, Серкебайды құшақтай алды. Сол бетімен мұның иығына маңдайын тіреп, солқ-солқ жылады. Серкебай «өй, жамандық шақырғаның не?» деп ауыл жаққа икемдей бергенде, Сақау мұның осы қимылынан шошынғандай кейін серпіле шегінді де, төмендегі қарасуға қарай бар пәрменімен жүгіре жөнелді. Барған екпінмен суға шомылып жүрген бір топ баланы үркітіп жағаға шығарды. Жағаға үрпиісіп ұйлыққандарын місе тұтпай, мал қайырған бақташы сияқты әлде кейбір кинолардағы шамандар биін қайталап жүргендей жалбаң-жарбаң, қалбаң-қалбаң етіп балаларды тықсыра қуғыштайды. Бірдеңе-бірдеңе айтқансып балдырлап оларды біреуін де шашау шығармай, малмандай суы сорғалап, Серкебай тұрған дөңнің етегіне дейін топырлатып әкелді. Екі қолы ербең-ербең етеді. Бірі қорқып, бірі жорта шыңғырған балалар үйме-жүйме осы тұсқа тіреліп тоқтағанда, Сақау кері бұрылып алып, суға қарай бет қойды. Салған бетте бұраңдаған қыпша бел қарасудың тереңірек буынына төтелеп тартты. Сонда ғана оның қас қағым сәттегі әрекеттерінен секем алған Серкебай бері жүгіргенше, Сақау суға қойып кетті. Серкебай жеткенде, не жиекте оның киімі, не су бетінде өзі жоқ еді. Батқан күннің болмашы сәулесі ғана Сақаудың су астындағы сапарын нұсқаушы белгідей. Серкебай жағада аласұрып жүгіріп жүргенде сол сәуле де там-тұмдап тартылып, көкжиекке сіңіп кеткен. Қара көлеңке Сақауды жұтып жібергендей. Су жағалап сеңделген Серкебай өзінің бұл арада қанша уақыт жүргенін де білмейді. Су бойында қылт етіп Сақау шы-

ға келер-ау деген үміті зая кеткен соң ғана ауылдағы жұртқа хабарлау керектігі есіне түскен. Ентіге-деміге ентелеп, жын қаққан адамша дөңге қарай безілдей ұмтылды. Ентелеп келе жатып:

— Сақауды мылқау деп кім айтты саған? Ә, кім айтты?— деп кіжініп-кіжініп қояды.

Бұл оның редактормен тұтатар ескі дауының жаңғырығы болатын.

Жүгірген бойы Сақау әлгінде ұстап отырған домбыраны ала кетпек ниетпен сол орынға ойқастай бұрылды. Қара жерге етпеттей сұланған домбыраны көтеріп ала берсе де, Серкебай қайыра серпіп жібере жаздады. Дәл қол соғар бетінде адырайтып өз әйелінің суреті салулы тұр. Қара қарындашпен сызып-сызып келтіріпті. Серкебай сасқанынан үйдегі дәуінің келбетін алақанымен баса қойды, еленде жан-жағына қарайды. «Апырай, ә? Қоңқай аты құранға түсті деген осы екен-ау», деді мысқылдай күбірлеп.

Енді жанұшырып ауылға қарай тырмысқан жүгірістен тыйылып, асықпай, әр адымын ой салмағы жаншыған қалыппен баяу ғана басып келеді.

...Алдыңғы күні ғана Сақау бұлардың үйіне шақыру күтпей-ақ, сен іздеуді қойсаң да, мен келдім дегендей, кіріп-шыққан. Ол келгенде, Сипат «қыс бойғы көмірдің күлінен қап-қара қожалақ боп кетті» деп, пеш маңын бордай ақ балшықпен ағартып жатқан. Серкебай диванда газет оқып, оқымысты кейіппен аяғын айқастырып қойып отырған. Есіктен кіруі мұң екен, Сақау Сипаттың қолындағы жөкеге жабыса кетті. «Ей, мынау қайтеді?» деп сол бойда Сипат ожар қылықтан сескенгендей ожырайып қалып еді, лып еткен қимылмен Сақау пештің қабырғасын сүйкелей жөнелгенде:

— Өз еркегің білмегенді бұл біледі,— деп Серкебайдың қасына жайғасты.

Келесі сәтте «Қой, жалдап алғандай ұят болар» деп, өз ісін өзі бітіріп тастамақ қимыл жасап еді. Сақау жөкені босата қоймады. Ақыры пешті түгел ұңғылшұңғылына дейін ағартып шықты.

Сақаудың бұларға келген сайын Сипатқа телміріп қарай беретіні, саусақтарына сүйсініп, бас бармағын тікірейткені, жаулық салғанды тұспалдап, «сол аман ба?» деп мұның әйелін сұрағыштай беретіні — бәрі астарлы жұмбақтар екенін Серкебай жаңа ұққандай. Осынша жұмбақтардың шешімін Сақау домбыра бетіне салынған суретпен айтып кетті емес пе?» О, ғаламат

дуние-ай» деп күрсінді Серкебай. «О, сорлы Сақау, сені сайтан түртіп жүрген ғой!» деген кекесінді зіл кесек те батпандап сапасына еніп барады. Әйеліне көлденең біреудің, біреу болғанда үш ұйықтаса түске кірмес Сақаудың, көзін тастап елтігеніне қуанарын әлде назаланарын білмей дағдарған халде.

Есеңгіреген қалыптан айыға қоймағаны сол болар, Сипаттың суреті бар домбыраны қайда жіберсем екен деген ой Серкебайды мазалаудан әзірге аулақ еді.

ҚАС ҚАҒЫМ СӘТ

Галстугін тағынып, шляпасын баптап киіп, Шақан отағасы томар жағалап жатуға тиісті отарға тағы бір көз салып келмек мақсатпен үйден шыға берген. Түс ауып, шілденің шыжыған аптасы шыжымдап қана қайта бастаған кез. Ерінген адам шатыр жиегіне иек артқан биік сатымен көтеріліп, дүрбі арқылы да шола салса жарайтын. Томар ауыл шетінде ғана. Бірақ, Шақан көзбен көріп, қолмен ұстамай, көңілі көншімейтін адам әрі түскі демалыстан соң қан таратып қайтқан артық емес деп түйген.

Негізінде, Шақан өз өмірін бір ізді, бір жүйелі қатаң тәртіптің қалыбында шыныктырып, бұлтың-сылтыңсыз тастай қатты ережеге нықтап тастаған адам. Қырық жылға таяу мұғалімдік қызметтен мүдірмей, бұлталақтамай өткен соң, әр сағат, әр минуті қаттаулы-шоттаулы тіршілікке әбден бойұсынып ала ма, қалай. Кестеде көрсетілген сабақтарын атқарып келу үшін мектепке қарай таңғы аттаныстан үйге оралып келгенге дейінгі уақыт үзігі қоңырау үніне бағынумен өтеді. Өз үйінің төрінде ілулі қобдишаға ұқсас қомақты сағат та әрбір алпыс минут сайын күмбірлеп тұрады. Мектептен кейінгі тіршілік те жүйе-жүйеге бөлінген. Түскі тамақтан соң міндетті түрде жүйкені жайма-шуақ күйге келтірер ұйқы. Ұйқы болғанда, басқа жастық жастана салып, не диванға, не алаша үстіне қисая кету емес, түнгі төсекке кәдімгідей шешініп тұрып көрпешең қымтанып ұйықтау. Кейбіреулер «Менің ұйқым қалтамда» деп кез келген жерінде, кез келген уақытта бүк түсіп, қисая кетеді. Шақан өмірі өйтіп көрген емес. Одан әрі дәптер тексеру, ертеңгі сабақтардың жоспарын ыждаһаттау сияқты жұмыстары өз алдына.

...Міне осы қоңыраулатып өткен қызмет жылдары

пенсия атты межеге жетіп тоқтап, осындай бір сарындылықтан гөрі емін-еркіндеу, бейғамдау, созалаң күнкөріске көшуге тиісті болғанына да сегіз-тоғыз жыл өтіп кеткен. Дегенмен Шақан сол бір ырғақты өмірдің кейбір тастай берік ережелерінен әлі күнге бұлжыған емес. Ұйқыдан тұру, ұйқыға кету... иә, иә, ұйықтау ниетімен төсекке жығыла кету емес, әлбетте ұйқыға кету сағаттары өзгермеген. Әй-шәйі жоқ, көлденең түрткісіз, өзі би, өзі төс осынша мол уақытты қайда шығындарын білмей, «кәмпәс» болып арақ ішіп, «гәрбі соғатындарға» елікпейді. Оймақтай рөмкедегі шарапты бір кешке жеткізетін әдетінен әлі жаңылмаған. Газет, телевизор, кітап, шаруа қамы сияқты ендігі пенсионерлік халіне қарай өзі икемдеп алған жаңа тәртіппен кейінгі жылдар жылжып, күндер өтіп келеді. Өн бойында мұғалімдіктен сақталып қалған тағы бір тұрақты дағдысы — көз шырымын аларға шешінгенінде болмаса, мойнынан галстугі түспейді. Галстуктен ажырап кетсе, бүкіл денесі дел-сал босаңсып кеткендей күй кешетіні бар. Осылай әу баста қоңырауға бағынып үйренген өмір көші қоңыраулы күймеге мінгізіп алып, ілгері сүйрей беретіндей. Қоңырау үні үзілмейтіндей...

Қой қайыру Шақанның күн тәртібіне енбейтін кәсіп еді. Түс ауа томарды беттеп, үйден шығудың мәнісі — ауылдың төрт көшесі төрт жікке бөлініп, жекеменшікке қарасты ұсақ малды бақташыға бермей-ақ кезекпен өздері бағады. Түтін түтетіп, үй болған соң, әр түрлі жабдық, жол-жораның мұрындығы соқпай тұрмайды. Оның үстіне қаладағы немерелер, жиендер жазғы каникулда «аташкалап» келіп қалғанда сорпалауға да керек. Сондықтан Шақан ел қатарлы бірер тұяқ ұсақ мал ұстайды.

Айына бір айналып соғатын ерікті міндет «эстафетасы» кеше кешке осы үйге тапсырылған. Мұнда мұғалім кезінде қой баққанды ыңғайсызданып, әркімдермен келісіп, кезегін сырғымалатып өткертіп алушы еді. Мұғалім екеш мұғалімдіктен кету де тақтан түскенмен тең екен, енді «кезегімді өтеп бер» дейтін өтініш жүрмей қалды, өз малын өзі қайыратын күйге бойұсынған. «Пәлекеттер-ай, екілік қойып, балаларын кластан класқа жылжытпай тастай ма деп қорыққан түрлері ме екен сонда? О, тоба-ай!» деп іштей қатты таңданған. Ана бір шөкім бұлттың сілемі көрінгендей еді. Кейде күн жарқырап тұрып та жылы жаңбыр сіркірей жөнелетінін ескерген Шақан қолға ұстар басы имек тұтқа-

лы көне зонтын ала шықты. Көлденең қараған адамға буынып-түйініп, қолшатырлы таяқты серпе тастап, қыдырысқа шыққан адамнан айырмасы жоқ.

Сөйтіп кешегі мұғалім, бүгінгі пенсионер Шақан отағасы қой көріп келу ниетімен далаға енді аяқ баса бергенде, бүйір тұсынан:

— Уа, кім бар-ау?— деген бір көтеріңкі дауыс естілді.

Тап бір сахнада тұрғандай ойнақы үн. Шақан көзін тіксе, өзі сияқты пенсионер шал, байырғы орманшы Арман екен. Оның қосалқы Арман-әнші деген де аты бар. Еңсесі төмен түсіңкі күрең атқа салт мінген. Баста қоқайма мандайлы орманшы қалпағы, үстінде орман шаруашылығы қызметкерлерінің тозыңқы тартқан көк костюмі. Үзеңгі тіреп тұрғаны жентік тұмсықты бәтеңке. Қеудесі тола орден мен медальдар. Жіті қараған адам сыңғыр-сыңғыр медальдардың арасынан комсомол значогін де аңғарып қалар еді. Қөңіліне күдік алып өңіне күлкі үйіретіндер болса: «Онда жұмыстарың болмасын, бір кезде мен де комсомол болғанмын» деп қайтарып тастайтын-ды. Ер-тоқымға жанастыра қайыс таспамен байланған бірдеңе бар. Пішіміне қарағанда аузы бүрмелі сәтен шүберектің ішінде домбыра жатуға лайық.

— Оу, өзіңіз бар екенсіз ғой, Шақа!— деп еңкек күреңінің үстінен домаланып орта бойлы, әлі мығым денелі Арман жерге ширақ түсіп, аттың тізгінін штакет қоршаудың қадағына іле салды.

Шақан ізетпен иіле, бір қолын ұсынып еді, Арман оны қос қолдап қаусырып алды. Шақан «иә?..» деп соза сөйлеп, әлде «қош келдіңіз», әлде «жол болсын» айтуға оңтайланып, тамағын кеней бергенінше, Арман салдырлай жөнелді:

— Жігіт кезімізде колхоздың шөбін тасимыз. Сонда «легковой», «грузовой» деген екі өгіз болды. «Легковойы» атпен қусаң жеткізбеуші ет те, «грузовойы» он өгіздің жүгін артсаң ыңқ етпей тарта беруші еді. Уой, жануарлай-ай десеңші... Сонда айтайын дегенім, сол «легковойды» мен ғана дәл осындай бүкір күреңмен басып озып кете беруші ем. Сізге өтірік, маған шын... Сондықтан да күрең атқа ансарым ауады да тұрады. Мына атымды кейбіреулер бірі шошала еті бар екен, соғымға сойып жейік, биеге айырбаста деп қолқалап жүр. Өйткенмен әлі күнгі тістелеп айырылмай келемін,— деді.

Дәл осы арада колхоздың шөбінің, онда жегілген өгіздің, бұл мінген бүкір күреңнің не қисынға келіп тұрғанын тап баса алмай аң-таң Шақан мұнда әлдебір бүкпе бар ма екен дегендей әлгі сөздерді басқа жағынан қағыстыра бастаған. Ол өзінің «ойнап сөйлесең де ойлап сөйле» дейтұғын мығым қағидасының тұғырына қона қалған-ды. Сөйткенінше:

— Оу, Шақа-ау, ыстыққа қақталып, далада тұрғанымыз қалай, үйге кірмейміз бе,— деді Арман.

Қонағы өзінің алдын орап кеткеніне тіксініп:

— Иә, иә, мен де соны айтқалы тұр едім,— деп Шақан абыржыңқырап қалды.

— Сіз үйге кіре берініз, мен домбырамды ағытып ала қояйын,— деп Арман лып еткен жорға жүріспен атына беттей берді.

Орманшылық Арманның соңғы кәсібі еді. Жас кезінде филармонияда, одан кейін облыстық драма театрында артист болып көрген. Бірақ тұрақтап қалмапты. Ел жаққа келіп «жырық етек» күй кешіп, қолтығына папка қыстыртқан небір қызметтердің басын қайырған. «Қай қызметке болсын тартынбай барып, енді шын ниетімен істеп бір берейінші деп кірісе кетсем, штат қысқарту деген науқанға ең алдымен мен ілігіп кете беретін бір гәп бар» деп жүретін Арман осы. Ондайға кейіп-мойып, жүдеу тарта қалатын жүндібас бұл көрінбеген. Несібем желден деп тарта берген. «Керзі етігі өзімен жасты шығар» дерліктей жадағай-жадау тұрмыс кешпегенмен, байлық-жарлыққа бірдей төзімді, асып-тасқан сән-салтанатқа немқұрайды адам. Сол қалпында қағас қалдырмаған әдеті — әншілігі.

Арманға қатысты өміртарихтың бұл жағын Шақан жақсы біледі. Диванға жайғасқан әлгі екі арада осылай шолу жасап үлгіргенше, күлімсіреген кейіппен Арман кірді. Күлім қаққыздырған жағдайын айтарға аузын аша бергенде, бүйір бөлмеден бұлаң етіп жас келіншек шыға келді. Арман әлгінде ғана ернінде ойнаңдаған күлкісін тыйып, таңданған әлде ғажаптанған бейнеде қос қанатын жайып тұра қалды. Бір қанатында тоғыз пернелі, келте мойынды жұмыр домбыра.

— Пах, пах!— деді Арман оқыс дауыстап.— Тусаң ту, айналайын, тусаң ту! Атың кім, айналдым?

— Жамал.

— Уа, шіркін, Жамалжан! Кім баласысың, қалқам?

Уылжыған келіншек дәл төрде диванда қасқайып шалқая отырған Шақанға жалт қарады:

— Папам баласымын,— деді.

Туған әкесін де, қайын атасын да өкпеге қалдырмай, осы елеусіз сыннан мүдірмей өтті.

Шақан кіші келініне Арманның мұнша шұқшия кетуін қолапайсыз әрі жасы ұлғайған адамға ерсілеу қылық көріп, қаттырақ жөткіріпіп жіберді. Бірақ дәл қазір ондайды елейтін Арман жоқ. Екі көзі от шашып, елеуреп алған.

— Жамал болсаң, бері кел, айналайын, мен саған арнап бір ән салып жіберейін,— деп келін баланы қолынан жетелеп әкеліп, дәл қайын атасының қасына қондырды.

Арман шетіндеу тұрған орындықты өзі дырылдата сүйреп әкеліп, бір аяқты бір аяғына аса жайғасты. Сол бетінде: «Қыздарды мен не қылам қылаң-сылаң, қалайша ғашық отқа сабыр қылам»,[1]— деп құйқылжыта жөнелді. Домбыра сазымен әуені жымдаса, еркін көсіледі.

Қой кезегі күні көлденең кезіккен шақырусыз қонаққа әрі оның одағайлау әрекетіне кіділеніп отырса да Шақан жетпісті алқымдаған шалдың даусы әлі қарап тұрғанына тәнті хал кешті. Өкпесі сау, жүрегі мықты, көңілді хош адамның серпінді, қою үні тыңдаушысын бейтарап қалдырар емес. Кей тұстарда тілі мүкіс тартатындай көрінгенмен, сөзі анық, таңдайы тақылдап әкетіп барады. Екі көзін Жамалдан алмайды. Жас келіншекке өзеурей қарағанына орай, ол төгілтіп отырған әннің өзі де Жамал атты қызға арналған екен. «Уаей, Жамалжан» деп қайырмасына келгенде, екілене түсіп, тіпті құтыртып жібереді. Жамалға қарай ентелей төніп, домбыраның басын бұлғақтатып-бұлғақтатып қояды. Домбыра мойынын иекпен үйкеп-үйкеп жіберерліктей қимыл жасайды. Аядай орындық үстінде жорғақтап, қозғалақ-қозғалақ етеді. «Жамалжан» деп жетпістегі шал түгілі жап-жас күйеуі де әнге қосып көрмесе керек. Үлбіреген келіншектің албыраған жүзінде қан толқыны бір тасынып, бір басылып тұрғандай. Лүп-лүп еткен жүрек тынысын сонысынан аңғаруға болатын сияқты. Қайтсін-ай, тыпыршып кеткен-ау, жүрегі шіркін! Сол құбылысты аңғарып үлгірген әккі шал онан сайын желөкпеленіп барады. «Қарағым, етің аппақ мақтадайсың. Бір нәрсе маған арнап сақтағайсын»,— деп, аяқ жағын тұспалға бұрып, емексиді. Аяқ-

[1] Ақан серінің өлеңі.

талу тұсын «Беу, Жамалжан, сақтағайсың!»— деп тұжырымдай түсіп, домбырасын кеудесіне қарай қымтап қысқан қалпы Жамалға таман еңкейіп келіп, маңдайынан сүйді:

— Бақытты бол, жаным! Бара қой, қалқам. Сен секілді сұлуларды көргенде, құрақсыз көлдей сұрқай көңіл байғұс бір жадырап қалады,— деп ағынан жарылды.

Онымен қоймай:

— «Жүзіне жан екенсің нұр толғандай» дептi ғой бір мұнлық. Инабатыңа рақмет, айналдым!— деп таңы майдай еріп барады.

Енді тек «Құрмалдығың болайын, зекетің кетейін» деуі ғана жетпегендей. Сонысын айттырмай-ақ қояйын дегендей, орнынан еппен көтеріліп ұяң басқан келіншек ауыз үй жаққа өтті. Шай қамдауға кіріскені болса керек, газдың лүп етіп тұтанған дыбысы естілді. Лапылдап, лепіріп алған шалға от беріп жіберейін деген белгісі ме екен, Жамал сіріңке қорабын саудыр-саудыр еткізді.

Бусанған маңдайың жан қалтасынан шығарған кіршеңдеу қыжыр-қыжыр орамалмен сүртіп тастап, Арман Шақанға таяу орналасты. Домбырасын шерте отырып, ақтарыла сөйлей жөнелді.

— Жата-жата жамбас тесілетін болған соң, бүгін туыс-туған, көзтаныс жамағайындарды аралап қайтайыншы деп шыққаным еді. Бір кәдеге жарап қалар деп домбырамды жанымнан тастамап едім. Көрмейсіз бе, әлгі әзірде іске асып кеткенін. Және де қазіргі жастар ұстайтын домбыралардың пернелері бықыр-шықыр. Ондайға біздің дорбиған саусақтар дағдыланбаған, тұтқырланып жүрмейді. Жаңыла берем. Қол әуеннен жаңылған соң, әннен маза кетеді. Мына мықыр домбырам кәрі жолдас, бүкір күреңім құсап тепеңдей жөнеледі. Ал кейбір үйде домбыра ұстамайтын да пәлекеттері бар...

Соңғы сөз Шақанға тигізе, әдейі айтылғандай, Арман аңқылдап отырып, онысын аңғарған да жоқ. Шақанның жасынан үйренгені мондолина еді. Оған қосылып, ара-тұра бабына келгенде айтатын бір ғана әні бар. Онысы: «Есіядің ар жағында көрдім сені». Көбіне үйіне қонақ шақырғанда, карта соғуға бұрылып кетпесін деп, жұртты мәдени де сыпайы мәжіліске жетектеу үшін ғана айтатын.

Не тал түс емес, не кеш емес, Арманның келісін әлі

пайымдап, болжап бітпеген Шақан көз қиығын оның аққуба өңіне тастап еді, манадан бері байқамаған өзгеріс шалына кетті. Былтыр көргенде, Арманның шоқша сақалы, сұп-сұлу қою мұрты бар еді. Бүгін тұп-тұлдыр, жып-жылмағай.

— Оу, Ареке?— деп Шақан оған оқыс бұрылды.

Сөйткенде Арман төмен қарап, сылқ-сылқ күлді.

— Емеуріниізді ерніізден біліп қалдым, Шақа,— дейді. Әлгінде есіктен кіре өзім айтам ғой деп келе жатыр ем. Жамалжан бөліп кетті ғой. Маған біткен сақал мен мұрт қызық бір хикаяға ұшырады. Өзімнің де соншалықты әуестігім жоқ еді. Шал адамға сол лайық деп кемпір қыр соңымнан қалмаған соң, өсіріп қоя бергем. Әйтеуір жер басып жүрген соң, күнкөріс қамы ғой, шайлық сүтіне қызығып, бір сиыр ұстаушы едік. Соған шөп сұрап, кеше бригадирге барсам-шы. Антұрған ұрттап алған ба, текекөзденіп кеткен екен, ежірейіп қарап отырды. Сонсын «Андағы мысық мұртынды сыпыртып тастасаң, дәл бүгін талтүсте бір тележкі көкпеңкөк шөп түсіремін»,— демесі бар ма. «Апырай, мұның хикматы не болды?», деп ақылдасуға кемпірге келдім. Өткен жаз салақсырап жүріп, қысты күні шірік сабанға қамаған зықымды шығарайын деді ме, ол шіркін «мұртың құрысын, шөпті әкелдірт» деп бригадир жағына шыға келгені ғой. Бригадир де әлгі сөзінің соңынан шам алып түсе қалған екен, төпелеп үйге жетіп келіпті. Аумалы-төкпелі аусар неме еді. «Шөп керек пе, мұрт керек пе?» деп өрекпиді. Содан не керек, әй, не де болса, қырып тастайын, бас орнында тұрса, ертең-ақ жетіліп кетер деп, сол арада ұстарамен тақырлап тастағаным ғой. Күні кеше ғана. Мұртсыз сақалдың сәні жоқ, мұрт жолында құрбан боп ол кетті. Сізге өтірік, маған шын, жұртқа әлі тіс шұқуға бір тал шөп әкелінбеген, сонда да тапа-тал түсте біздің үйге бір шошақ шөп орнап қалды.

Арман мұрт хикаясын айтып болып, тағы сылқ-сылқ күлді. Басын шайқап-шайқап, көсе иегін сипап-сипап күледі. Шақан «Мұндай да табаны мөрсіз, әрі-сәрі жан болады екен-ау!» дегендей кекесінді кескінмен мырс етті де тыйылды. «Хым» деп ұнатпағандағы әдетімен тамағын қырнады. Замандас адамының анекдотқа лайық әлгі ісін ой таразысынан салмақтап үлгіргенше, Арман орнынан көтерілді:

— Ал, жарайды, Шақа, сау болыңыз. Мен жүрейін.

— Сонда... бұ қалай — деп енді Шақан шынымен әбігерленді. Шәй-пәй ішіп...

— Оқасы жоқ, Шақа, осы айтқаныңыз да жетеді. Ансарым ауып кетіп, сізге бұрылғаным ғой. Жаңа ғана бір шайдің басын қайырып шыққанмын. Шайді ішкенде айызың бір қанады, піш еткенде екі қанады» демекші, кәрі кісіге шай да жүк. Қоналқыға жетер жерім шалғайлау, күн еңкеймей, жолды ұтып алайын. Бір сөзді бір сөз қуалап, айтайын дегенім басқа еді. Дәл бүгінге дейін сіз-бізбен ғана сыпайылықпен жүріппіз. Мен сізді бірер жас үлкендігі бар шығар десем, әлгінде біреулерден естіп білгенім — біз түйдей құрдас екенбіз, соны айта шығайын деп бұрыла кеткенім ғой...

Шақан одан бетер тан:

— Сонда бар шаруаңыз?— дей бергенде:

— Рас, бар шаруам сол,— деді Арман,— келесі жолы құрдастық жолмен әдейі соғамын. Бұл жолғы баяғы әдеппен үлкенді сыйлайтын ғұрпымыздан аттамайын деп тұрмын.

Жолға аттанбақ болып, далаға беттеген Арман есіктен шығып бара жатып:

— Жамалжан, бері келіп кетші, қалқам,— деді.

Есік алдында ат тізгінін қолына алған Арман, үзеңгіге аяғын сала беріп:

— Жамалжан, қолтығымнан демеп жіберші,— деді.

Жас келіншектің сүйемелдеген қолының себі тиді ме, жоқ па, әйтеуір созаландап барып еңкек күреңнің үстіне қонды.

— Уа, өркенің өссін, айналдым. Күйеуің жақсы жігіт болғай!— деді Жамалға.

Жамал атасынан қымсынды ма, жарқ етіп күлімсірей Арманға бір ғана рет көз тастап, үйге еніп кетті.

«Бір шошала еті бар жүйрігін» тебіне беріп, Арман ат басын қайта ірікті.

— Кейбір адамның атын жас кезінде бір басқа, қартайғанда бір басқа қойса ғой, ә, Шақа?— деді.— Мәселен, менің Арман атым дәл қазір лайық па? Хош, жастық шақта Арман-ақ болайын, ендігі арман не сонда— өлмеу ме? Арманда, армандама, уақыты жетсе, топ еткізіп қағып тастамай ма... Мен келесі соққанымша осыны бір ойлап қойыңызшы, құрдас.

...Арман бүкір күренін емпендетіп жүріп кеткелі көп уақыт өткен жоқ. Томар жиегінде жусап жатқан қой салқынмен оттауға бет алған екен. Селкеу шыққандарын табанға қарай икемдеп қайырып, Шақан үйге

оралды. Кухняда кешкі дастарқан қамымен жүрген келіні «е-ей, Жамалжан» деп ыңылдайды, әнді айнытпай жаттап үлгірген.

— Папа, осы әнді шығарған Арман атайдың өзі емес пе екен?— деді Шақанға.

Шақан үндемеді. «Хым» деді де қойды. Арман осы үйге кіріп шыққанына қас қағым сәт өткенін жаңа ғана шамалап отыр. Көз ұшында. Арманның домбырасы ғана емес, тұла бойы «а-ей, Жамалжан» деп бұлғаңдап бара жатқандай көрінді. Галстугін сәл босатты. «Құрдастықпен келісі қалай болар екен?» деген ой қырмызы түлкіше қыландап бір өтті. «Енді қашан соғасың?»— деп сұрап қалмағанына Шақан енді өкінгендей...

КҮЛЕГЕШ ҚЫЗ

Тап мұндай күлегешті кім көрген... Күнде мейрам, күнде той, күледі де отырады. Езуі бір жиылмайтын бұл не ғаламат десеңші. Өзі жарық дүниеге күліп туған ерекше бір пенде боп жүрмесін. Әлде ол шыр етіп көзін ашқанда, шешесі байғұс ыржалақтап жатты ма екен? Әкесіне тартты дейтін — ол базарда күлкі пұл екен десе де қыңқ етпейтін сырмінез. Шешесінің андасанда бір күлсе тоқтай алмай, шегі түйілгенше шиқылдайтыны бар, бірақ онысы айында, жылында дегендей ғана кездесетін оқыс жағдай. Кіндік енесіне тартты дерлік — ол көк мұздай сазарғаннан танбайтын бірмінез. Нағашы жұрты Оңтүстік Қазақстанда, туған жері Солтүстік Қазақстанда. Нағашыларына тартты дер еді, тек олардың мінезі мұндағыларға беймағлұм. Әкешешесі студент кездерінде Алматыда табысқан, қазір осы бөлімшеде мал мамандары. Әйтеуір кімге тартса, оған тартсын, жергілікті сегізінші класы жоқ сегіз жылдық мектептің жетінші класс оқушысы Күләй хақында осындай, күн айналып, жерге түсіп жатса да бір танбас «күлегеш қыз» деген балама берік байланған. Біреулерді барқылдақ, біреулерді тарқылдақ, біреулерді жарқылдақ деп мінездеме құрай салуға кәнігі он шақты мұғалімдер қауымы өзара ұйымшылдықпен, бытырамай, бірауыздан ұйғарысқан. Артық-кемі жоқ, осылай —күлегеш қыз. Әйтеуір жырқылдақ, жымысқыдан аулақ, тек үнемі жымиғаннан жаңылмайды.

Сабақтан келген бетте ол класта болып қайтқан мұғалім:

— Апырай, бір тыйым жоқ,— деп класс журналын солқ еткізіп столға тастай салады.

Бұл Күләй туралы екенін басқалар сұрау-бұраусызақ түсінеді. Журнал орнына қолындағысы сол Күләй болса, уысына умаждай қысып сығымдап, мытып-мытып жіберердей.

— Қыз баладан күтпеген жағдай,— дейді екіншісі.

— Айтпаңыз, айтпаңыз,— деп үшіншісі басын шайқайды, шекесін ұстайды.

Мұндай «қырық кісі бір жақ» шыққан жағдайда, әрине, безбеннің бар салмағы класқа жетекшілік ететін ұстазға қарай ауатыны даусыз.

— Класс жетекшісі оқушылармен байланысын әлсіретіп алған,— деген пікір бой көтере бастаған-ды. Оқу ісінің меңгерушісі:

— Сіз, Рақым Рақымбаевич, сол класпен аздыкөпті жұмыс жүргізгеніңіз үшін ай сайын он теңгеден ақша аласыз, соны... ақтасаңызшы,— деп бір нықтады. Директор ондай ұсақтыққа барған жоқ:

— Со бала үнемі күле береді, бір шара қолдансаңызшы,— деп сыпайы ғана құлаққағыс етті.

Сайып келгенде, бұл Күләй оқитын кластың жетекшісі Рақымға қарай ауып, оған ойламаған жерде үстеме жүк артылды. Өзі жөнінде жұрт жақ-жақ боп жүргенінен бейхабар Күләй сол Күләй қалпы. Аққуба өңіне қарақат көз сондайлық тартымды жарасыммен үйлескен сұлу келбетін жымиған күлкіден бір сәт те айырмайды. «Оқуды төрт пен беске үлгірген соң, еркелейтіні шығар» деп Рақым жұқалап көріп еді, «ондай еркелік жөнге келмейді, бұл еркінсігендік, басынғандық» деп оқу ісінің меңгерушісі өре түрегелгені бар.

Сонда да саябыр табар күлкі жоқ. Күләйдің қарақат көздерінде мәңгі сөнбес шырақ лапыл қаққандай, жайнайды да тұрады. Ернінде таңғы шықтың тамшылары тұнып қалғандай, жылт-жылт еткенде, алтын кемерден маржан төгілгендей. Сөндіріп көр осы алаулаған шақты. Жұмасына төрт-бес сабаққа кіріп шығатын мұғалімдерден гөрі төртінші кластан бері ыстық-суығына бірге көріп келе жатқан Рақым Күләйдің бұл халін іштей ұғынып, түсінетін сияқты. Гүлшешектей құлпырған баланың жыл сайын бойының өскені де, ойының өскені де мұның алақанында. Темекі тартып бұзақыланып, мектепке күнара келмейтін кейбір дөрекілердің

қылығынан гөрі қыз баланың жүзіндегі бейкүнә күлкі әріптестерін мұншама шамдандыруын Рақым әлі толық, жеріне жеткізе милап бола алмай жүр. Үш ұйықтаса, түске кірмейтін тосын жағдай. Қызғалдақтай құлпырып, тал бойы мінсіз өсіп келе жатқан қыз бала өзін қоршаған ортасына менмендене, пансына қарай ма екен, әлде? Бірақ бұл ретте оқушы қауымнан арыз-нала түсіп көрген емес. Ендеше Күләй өзін оқытып жүрген ұстаздардың жүріс-тұрысы, киім киісі, мінез-құлқынан олпы-солпы, кем-кетіктер тауып, соны келекелей ме екен? Бұл да мүмкін-ау.

Әлі есінде...

Оқу жылының алғашқы күні. Осы класта сабақ өткізіп келген директор:

— Биылғы жазда Күләй қалай өсіп қалған. Былтыр тап бұлай емес еді,— деді.

Оның «былтыр» деп тұрғаны осы жылдың көктемі де, «биыл» деп тұрғаны осы жылдың күзі. Айырмасы үш-ақ ай.

Келесі сабақтан оқу ісінің меңгерушісі аш шыбын шаққандай тұлдана, аласұра шықты.

— Осы мен бүгін түзу киініппін бе, қараңыздаршы!— деді стол жағалай жаудыраған мұғалімдерге.

Мектептегі екінші бастықтың денесін, киімін тінте, тіміскілей қарасқан жұрт, басы орнында, шашы орнында дегендей, артық ауыс мін таппады. Оқшырайған ештеңе жоқ. Тек қана: «шашыңызды төбеңізге шодырайтпай, жазып тарасаңыз, тіпті келісімді болар еді»,— деп ескертті бірі.

Келесі сабаққа Рақым келді. Өз класы болғандықтан, бұл балалар арасында өзін өктем сезінетін-ді. Бүгін олай болмады. Олай өтіп, бұлай өтіп жүргенде, қырынан шалып, тақтада жұмыс жүргізгенде, жауырынымен әлдеқалай жағымсыз түйсік меңдегендей бір мазасыз күй кешті. Терлеп-тепшіді. Сабақтарында директор отырғанда не аудандық инспектор қатысқанда дегбірі қашқан дегенді білмейтін Рақымның бүгін алақаны дымдала берді. Осыған себепкер — Күләйдің күлкісі. Қалай қалтарысқа түссе де өкшелеп қоймайды. Сылқылдап дыбыс та шығармайды, сыныксып мүләйімсімейді де, қылымсып қылтыңдамайды, берекеңді алатын — оның бал-бұл жанып жайраңдаған жадыраңқы жүзі ғана. Осы сыпайы жымиыс өңменіңнен өткендей. Оқу ісінің меңгерушісінің кебін киіп, Рақым өзінің басаяғын балаларға білдіртпей тексеріп шықты. Бәтеңке-

нің бауы шандулы, шаш тараулы, галстук орнында. Сонда бұл не ғажап, ыдырамас күмән мен тұманды ойдан дағдарып, Рақым шықты...

Сонымен, жыл бітуге таянып келеді. Күләйдің күлкісі әлі талайды абдыратудан танбаған. Рақым қауіпқатер дегеннен хабарсыз. Қыз бала күлкіге бой алдырып дүйім жұртты өзіне қарсы қойып ала ма деп қауіптенеді. Ол не де болса, қыздың өзімен ашық сөйлесіп көруге бел буды.

Міне, сабақтар аяқталып, оқушылар тарқаған соң, қаңыраған кабинетте екеуден екеу қалған. Рақым сөзді тура бастады:

— Күләй қалқам, сені көп күледі деседі ғой.

Күләй бұл оңаша қалыстың мәнін пайымдай алмай, томсыраңқы отырған. Класс жетекшісі сыр ашқан сөздерін айтып өткенде, бұлттан шыққан күн сәулесіндей жарқ етіп күлді.

— Аға, мен күле бермеймін ғой, тек жымиып қана отырамын. Балаларға менің жымиғаным қатты ұнайды.

— Ал, жарайды, жымиып қана отырады екенсің. Соның себебі бар ма? Мәселен, мұғалімдер сабақ бергенде...

— Күлкілі жәйттар боп қалады...— деп Күләй Рақымға қулана қарады.

— Ашып айтқанда?

— Директор ағай сабақ түсіндіргенде, борды бетіне жағып алады. Завуч тәтейдің шашы қызық. Томардай қылып төбесіне түйеді, онысы өзіне жараспайды. Тақтаға жазғанында селтең-селтең ете береді. Сосын менің күлкім келеді.

— Осы ғана ма? Басқа сабақтарда ше?

— Басқа сабақтарда мұғалімдердің түсіндіргені көкейіме қонғанда, әлде өзіме, әлде тақырыпты ұғымды баяндап, миға құйып беретін ағайлар мен тәтейлерге риза болғаннан жымия беремін. Білмеймін осы... ішімнен біреу түртпектеп отырғандай бетіме күлкі шыға береді.

— Яғни біреулерімізді келеке қылып күлесің де, біреулерімізге қуанғаннан күлесің, мен сені дұрыс ұктым ба?

— Дұрыс ұктыңыз.

— Ғаламат, ғаламат!

Рақым мандайын сипалады.

— Міне, сіз кейде дағдарғандай боп мандайыңызды

сипалағанда, күлкім кеп қалатыны бар,— деді Күләй тосынмак.

Рақым қолын мандайынан жұлып алды:

— Сендер дағдартпай қоймайсыңдар.

Күләй әнгіменің сарынын ұққан секілді:

— Аға, бар пәле менің күлкімнен келіп тұрса, қояйын, тыйылайын,— деп салды.

Рақым іштей «ғаламат, ғаламат» деп қайталап, Күләйдің сөзіне жармаса кетті:

— Қалқам, естияр баласың ғой, қолыннан келсе, тыйылшы.

— Е, жарайды,— деп Күләй көне кетті,— ертеннен бастап күлгенімді көрсеңіз, атымды өзге қойыңыз.

Сөз осымен тәмам болды.

Келесі күні алғашқы сабаққа кіріп шыққан директор:

— Міне оқушы деген осылай болса керек етті. Өзгелерден ерекшеленбей, жекеленбей өрбіген дұрыс қой. Күләй бүгін барлық ережеге сай, моп-момақан бала,— деп жадырай сөйлеп Рақымға қарады.

Сірә, күлкіні тыйғаны үшін алғыс жариялауға рұқсат ететін нұсқау болса, аянбай-ашынбай-ақ мұндай қолпаштауды төге салатын түрі бар. Бірақ ондай нұсқау еш бұйрықтар жинағында кездеспеген.

Директордан соң класқа келген Рақым мүлде басқа Күләйді көрді. Күлкісіз, көңілсіз, мұнтаны қыз. Сұлық отырып, сұлық қыбырлайды, кеудеден жанын жұлып алған мүрде сияқты ма, қалай? Олақ суретшінің қолына түсіп, тәмәмдалмай қалған сурет сияқты ма, қалай? Қарақат көздерде мұндай ызғар болар ма?! Бәлсіне қарай ма, тіксіне қарай ма — әйтеуір жылусыз, жарықсыз салқын сәуле, қансыз, сөлсіз тас бейне.

Кластағы балалар да өзгерген. Олар бұрын Күләй тұтатқан оттан шоқ алып, жылынып отыратындай екенау. Енді қылмиған-жылмиған сүлделер сияқты. Бәрі кісіге тура қарамай, столдың үстін көздерімен тескілеп, шұқылап отырғандай.

Сол күннен бастап Күләйдің оқуы да нашарлап кетті. Күнделікке жұлдызша шоғырланып күнде түсетін төрт пен бестің орнына құмырсқаша қаптап, ирелен-ирелен үштік пен екілік жөңкілді.

Безбеннің басы тағы класс жетекші жаққа ауды. «Күләйдың білімі сайызданып кетті» деген қынқыл шықты. Рақым болса, жылярман халде. Күләйға «тым құрыса, бір жымишы» деп айтып қаларға жақын. Бірде

Рақым тәрбие сағатында тән сұлулығы мен жан сұлулығы жөнінде сөз қозғағаны бар. Тілге тиек етіп, ерте дүниедегі Египеттің перғауын әйелі Нефертитидің портретін көрсеткен. Тілінің майын тамыза, бар өнерін сала, оның бет-жүзін, нәзік жаратылысын паш еткен. Сонда Күләй:

—Нефертитидің, сұлулана түсуі үшін әлі де жетіспей тұрған бір жері бар,— деп сөз қосқан.

— Иә, сөз сенікі,— деген Рақым ақтарылып.

— Оның жүзінде күлкі ойнап, жымиып тұрса дегенім ғой,— деді Күләй.— Бірақ Нефертити олай ете алмайды. Ол ханым, халыққа сұсты көрінуі керек.

Міне, мәселе қайда, Күләй, сөйтіп өзінің Нефертитиден артықшылығын дәлелдеп жүр екен-ау! Шынында, ол әр түрлі салт-дәстүрлерден шырмалып шыға алмайтын ханым емес, еркін өскен совет оқушысы. Ендеше жайранда да жайнай бер! Міне, Күләй ұстанған бағыт осы.

Рақым күні кеше ғана күлкіні тыю тақырыбында Күләймен жүзбе-жүз әңгіме жүргізгеніне қысылатындай ма, қалай?! «Жоқ, күлкіге қарсы шапқанша, жасасын күлкі деу керек!» деп әріптестеріне айтар қарсы дауын қамдауға кіріскен.

...Араға бірер күн салып, Күләй шуақты келбетін қайырып алған-ды. Ол жымиғанда, класс іші құлпырып, шұғылаланып кеткендей. Балалар да оған қарап қойып, жайрандасады. Рақымның көңіл күмбезі жарық бөлмеге қосымша шам жағылғандай кеңейе түскен.

ЭНМЕН АРБАУ

Облыс көлемінде белді бір совхоздың белді маманы есептелетін Базарбек облыстық орталықтың еңселі қонақ үйінде бір бөлмені жеке жайлағалы үшінші күн. Бұл келістің мәні әуелі қызмет бабы сияқты еді, аяғы келіссөзге айналып кетті. Өңшең дөкейлер отыратын, «үлкен үй» мұны биігірек қызметке ыңғайлап қойған екен. Ендігі бар мәселе — Базарбектің келісімінде. Соны пайдаланып, бұл да «ойланайын, қабырғаммен ақылдасайын, үймен сөйлесейін, сонан соң тиянақты жауабымды біржола айтып кетейін»,— деп бірер күн мұрсат — кеңшілік алған. Мұнысы, әрине, әншейін алдарқату болатын. Өйткені «сол орынға лайық адам керек деп сұраған, біз сені ұсындық. Жуықта шақырып

та қалар»,— деп аудан жақтан жеткен сөз құлағында жүргелі қашан. Ақыл қосар ағайынмен сөйлесіліп, баяғыда шешіліп қойылған іс-ті. Әйтеуір «Іздегенін дәл тапқан екенбіз, салғаннан қолп ете түсті демесін» деген бұлаңқұйрық. «Келістім» деген сөзді айтар күнге дейін жайлы төсекті ұмаждап жатпақ болды.

Осылай лепірулі әрі жұмыссыз зерігулі жігіт ағасына кешеден бері желік бітті. Жеңсік астай алабұртқан бір сезім. Туралап айтқанда нәпсі, бойын да, ойын да тұмарлап, тұмандап алған. Тіпті жні демігіп, тамағы құрғақси беретінді шығарды. Ұйқы да беймаза. Жүгенсіз жел көлікке мініп алған.

Базарбек биыл қырықта. Бірақ әзір «отыз тоғыздамын» деумен жүр. Жігіт шақты қимай, мандай шашты қыраулаған қырықтың қырқасына аяқ басқанына көнгісі келмейтіндей. «Өтеді-ау дәурен» деген ән сөздері құлағында шыңылдап, миында зыңылдайтын да тұратын боп алған. Қабыртып қалу, қамтып қалу деген бір соқыр сезім уақыт ентелеп ілгері жылжыған сайын мендеп бара жатқандай.

Оның бұл толқуды, толқынды қалпына осы қонақүйде Бекзат кездесті. Базарбектің қазіргі мазасыз күйінің де себепкері осы мөлдіреген келіншек.

Облыстық ауыл шаруашылық басқармасында өткен шолғыншы әңгіме үстінде бұған;

— Бөтелке жағына қалай едіңіз?— деген сұрақ қойылды.

«Қонақта тойып ішіп, бөлімше аралағанда бусанып, буалдыр жүретін де кез болады» деп шынын айтсын ба, жауабын:

Жұрт қатарлы,— деп сүйрете салған.

Сол сұрақтың астарын түсініп қалған болашақ үлкен қызметкер ресторанға мүлде жоламады. Бұрын елден келгенде, бейнебір көптен аңсаған мәдениет ошағына талығып жеткендей, көкала түтінді залдан түн ортасында официанттармен бірге шығатын кездері де кездесетін. Енді шыдамдылыққа бой беріп, бұл әдетін тежеуге тура келді. Сол себепті екінші қабаттағы буфет мұның кіріп-шығатын ас үйіне айналған. Ішетін адам мұнда да ебін келтіреді әрі ресторандағы ұзақ отырыстай емес, көзге түсу қаупі жоқ.

Осындай ішкі есеппен буфеттің шала қайнаған жылымшы шәйіне келіп жүрген Базарбек осы бір келіншекке көз тоқтатқалы да үшінші күн. Уәделесіп қойғандай, екеуі бір уақыттарда тоғысады.

Алғашқы күні Базарбек оның денемен дене боп құйылған трикотин көйлегін аңғарды. Көп әйелдер матаның қымбаты мен гүліне қызыққанымен, дәл мынадай келістіріп тігіп не тіктіріп кие бермейді. Бұл келіншектің үстіндегі жарқыраған көйлектің шоғыр гүлдері тікелей қос анарды әйгілеп түсерліктей етіп түйістірілген, иық, мықын, ұзын бойға үйлескен бояулар мен сызықтардың жөні өзіне бөлек. Тіпті сол қиықтар мен сызықтар ерінбей, жалықпай терілген де, осы тұтастықпен жымдастырылған ба дерсің. Тізені айрықшалап шолтимаған не босқа шұбалып солбаңдамаған. Бұл әсемдікке алтын сақина мен алтын сырға қосылғанда, Базарбектің көзі ойнап кетті.

Келесі күні ол бұл келіншектің сұлу жүзіне зер салды. Алтын тіс, қаймақ ерін. Шөкім бұлттай үлбіреген жұқа бетінде бір қызыл жоқ, кіршіксіз аппақ. Тура қарағанда, жеп қойғысы келгендей боп, екі көзі от шашып тұрады екен. Тіпті әрі бұрылғанда да көзінің құйрығымен сені шалып тұрғандай. Әдейі қыңырлана, мұны бір егеске, сайысқа шақырып тұрғандай әсер етеді.

Базарбектің есі кетті. Іліп түспей тынатын емес. Аты Бекзат екенін буфетші әйелдің кеше бір айтып қалғанынан біліп алды. Сол Бекзат енді мұның мақсатына айналды. Оның үстіне Бекзатты торуылдап жүрген бір жігіттің де көкейін сезгендей. Бір шоқып екі қарайтын сауысқан мінезді, маңайына жалтақ-жұлтақ етіп, сөйтіп жалтаңдап тұрып жұртты тіміскілей шолып үлгеріп тұратын бір қу сияқты. Түймесі салынған-салынбағанын тексеріп тұрғандай, үнемі шалбарының алдын алақанымен сипалақтай беретін де әдеті бар. Танау жағы нан кемітіп, бір кесек етін ерінге жапсыра салғандай дүрдік ауыз біреу. Сол жалтаңдап тұрған қалпы Бекзатты тамақ алуға кезек күттіртпей, өз алдынан өткеріп жіберіп, шәйнегіне қол жалғай салып әлек боп жатады. Әлдебір әзілге жетелеп, бұла келіншекті езу тартқызады. Әйтеуір мұның да ойы бұзық екенін Базарбек сезгендей. Өзін-өзі қамшылап, осы бір дүрдік ауызбен бәсекеге де түскен халі бар.

Бүгін не болса батыл қимыл жасау керек. Сақал қырып отырып, айнадан өзін-өзі барлаған Базарбек келбетінен қылау таппады. Айнадағы жігітті Бекзатпен салыстырады. «Ұнатар ма екен ол? Ұнатқанда қандай»— дейді іштегі түйсік. Алғашқы көз тоқтатыста бет-әлпеттің шешуші мандат екенін ол тәжірибеден біледі. Шашы қайратты, көзінде қулық жасырынған, бұ-

ғағы бұлтиыңқы дөңгелек бет еркек сепімді кейіппен маңғаз отыр. Бұл жағынан қауіп жоқ.

Бекзат күндіз көзге түспеді. Енді оның кешкі тамақтануға келер шағы жақын-ау деген мерзімде Базарбек жүз грамм коньяк пен жеңіл тамақ алып, терезе жаққа орналасты. Көп кешікпей, көзі жайнап, Бекзат та келді. Буфетші сары әйелге:

— Енді бір күнде командировка бітеді. Сонан соң үйге аттаныс,— деді бірден.

— Он күн өтіп кеткені ме?

— Солай болғаны да...

— Иә, зымыраған уақыт, бір-ақ сәттей...

Бекзаттан екі-үш кісі кейін кезекте дүрдік ауыз да тұрған. Ол да Бекзаттың мұнда келу-кету сағаттарына икемделе бастаған адам сияқты. Қазір де осы жерден табылған жалтақай бұл сөздерге өзінше қыстырылып қалып жатыр.

— Апырай, ә, сіз кетесіз, сонда біздің халіміз нешік болмақ?— деп тісінің қызыл етін көрсете ыржиды.

— Қайтеміз енді, құдай аясын,— деп Бекзат ойнақы көзбен жарқ етіп оған қарады.

Бұл көзқараста мүсіркеу мен келеке бірімен бірі жарыса ойнап тұрған сияқты еді. Дүрдік ауыздың бұл бәсекеге татымайтыны анықталды. Ендігі түйін Базарбектің өз қолында.

«Е-е, деп түйді Базарбек,— өзің сылқым келіншек, өзің он күн үйде болмасаң, сенің күйің де түсінікті».

Бекзат күндегі әдетімен қара баулы пұшық танау ақ шәйнегін ала келіпті. Бүйірі шығыңқы, мықынды электр самауырдың шүмегінен сыздықтаған ыстық судың буы сейілгенде, Бекзат та шығып жүре берді. «Бұл да ертең кетеді, мен де ертең...» деген ой қамшылаған Базарбек іле коридорға беттеді. Бекзат номеріне жетіп қалған екен. Елеусіз өтіп бара жатқан боп, Базарбек:

— Сіздің үйдің шәйі, дәмді болар, сірә?— деп салды.

Қонақтан қай қазақ безінген:

—Татамын десеңіз еркіңіз,— деп Бекзат та бұған тік қарады.

Біріне бірі сынай қадалған төрт көздің түйісуінде өз бейнесі келіншек жанарын «кет әрі» әсер етпегенін аңғарды.

—Бірақ біздің шай қымбатқа түседі ғой,— деді тағы Бекзат.

— Сол да сөз боп па, Бекзат-ау, замандас-ау! Қуыс

кеудеде жан қалса болды,— деп Базарбек ұшып кете жаздады.

— Мейліңіз. Сәл кейінірек келіңіз, мен қамданып алайын.

«Қайнаға-ау, ыңғайланып алайын да»— деген бір қалжың есіне сап ете түскен Базарбек өзінің күлегештеніп тұрғанын байқаған жоқ. Бекзат ішке кіріп кетті.

Іс оңғарылатынын сезгендей, Базарбектің жүрегі ойнақшып, екі алақаны ысып қоя берді. Ол буфетке келіп, киіп-жара, коньяк пен шампан алды. Соларын қолтығына қысып таныс бөлмеге жетті.

Бекзат та «люкс» номерде екен. Мол пішілген халат киіп алыпты. «Қамданып алайын дегені осы шығар»,— деп дәмелене түскен Базарбек енді оның аяқ алысын аңдыды. Олай-бұлай жүргенде, ағаранда балтыры көрінбес пе екен деп емексиді. Сол балтырға көз түсіп, қол тигенше ынтығуда.

Коньяк пен шампан стол үстінде. Тамақ та кенде емес. Базарбектің жүрегіндей боп шайнек қақпағы да лүп-лүп етіп, демігіп тұр. Мәнерлі аққұман да дем-дем бу шығарады.

— Сіз менің Бекзат екенімді қайдан білесіз?— деді келіншек жымиып.

— Ынтыққан адам бәрін де біледі,— деп салды Базарбек.

— Сонда менің қайдан, кім екенімді де біліп алғансыз ғой?

— Ол жағын білмеймін, біліп те қажеті жоқ. Маған осы үлбіреген жарқын бейнеңіз жетеді.

Келіншек алтын тісін көрсете сылқ-сылқ күлді. Онысын Базарбек «Мақтағанды ұнатқаны» деп жорамалдады. Сөйткенше Бекзат:

— Алдымен мен сізді жұмсап алайын деп тұрмын,— деді.

— Жер түбіне жұмсасаңыз да мейлі!

— Ойбай-ау, онда мүлде қайырылмай кетесіз ғой.

Бекзат тағы сылқ-сылқ етті.

— Осы көрші бөлмеде бір ауданның көркемөнерпаздары тұрады. Телестудияға келгенбіз деп еді. Домбыраларының бірін сұрап әкелсеңіз...

Домбыра да келтірілді. Коньяк пен шампан да басталды. Ақ жүзіне қан ойнаған Бекзат.

— Ал енді сізге бір тілек, Базекесі. Осы кешімізді әнге арнасақ қайтеді.

— Болсын.

— Ендеше домбыраны ұстаңыз.

— Жо-жо-жоқ, үй сіздікі, ауылдың алты ауызы сізден.

— Құп дейік.

— Өзі мөлдіреген қас сұлу болса, өзі домбыра шертіп, ән салса, әнінің өзі сезімді қытықтағандай тамылжыған жайқоңыр болса, бұл бір баға жетпес ғанибет екен-ау. «Бұлбұл құс туған жерден гүл іздейді» деп басталған әуен біраз қалықтап әуеледі. Базарбек екі көзін Бекзаттан алмай тыңдады. Осыншама байлықты өлшеп-тамбай сыйлай салған бүгінгі кешке дән риза.

— Енді қонаққәде. Кезек сіздікі.

Елегізіп отырған Базарбек әннің біткенін аңдамай қалды. Өзіне ұсынылған домбыраға қол созып жатып:

— Мен ән салады дегенді кім айтты сізге?— деп күлді.

—Даусыңыздың өзі айтып тұр. Шытыр-шытыр шіңкілдек те емес, барыққан қарлығыңқы да емес. Көтеріңкі қою даусыңыз бар. Әрі менің шайымның құны да ән болмақ? Мана оның бағасы қымбат дегенімнің мәнісі осы еді.

Бұл сөздерден бойы балқыған Базарбек:

—Кейде бір оңашада барқырайтынымыз бар еді, бірақ кісіге тура қарап отырып ән айта алмаймын,— деді.

— Е, онда мен теріс қарап отырайын,— деп Бекзат күлімдеп жорта орнынан түрегелді.

— О, несі, ол несі!— деп Базарбек абдыраңқы кейіппен орнына басқан боп, Бекзаттың екі иығына қолын тигізді,— жарықты өшіріп қойсақ қайтеді, сонда мен қысылмай-қымтырылмай сілтер едім...

— Бабыңыз солай болса, өзіңіз біліңіз,— деді Бекзат. Шам сөнді. «Дауыс ашарға» деп Базарбек тағы жұтып алды.

— Егер қарсы болмасаңыз, мен қалаған әндерді айтыңыз,— деп қолқалады Бекзат.

— Қөңіліңізден шыға алсам,— деп қипақтағансып отырған Базарбекке алғашқы ән де аталды.

«Қөк түтінін шұбалтып» деген сөздермен басталған ән аспандай жөнелді. Кеңірдектен шығатын қатқыл дауыс. Қараңғылыққа шомылған Бөлмеде Бекзат бейнесі сағыммен мұнартқандай бұлыңғыр көрінеді. Алғаш соған қарап қадалып, оның көзінің жарқылын аңсаған Базарбек ән ауқымымен ел жаққа «кетіп қалғанын» байқамай қалды.

Көше бойы дөң-дөң қарға малынған ауылы. Мына бірі өз үйі. Мұржадан шыққан көк түтін суықтан ыққандай шатырға көлбей ұшады. Әнеукүні трактормен сүйретіп әкеліп тастаған қайыңдар әлі кесілмей, сұлапсұлап, есік алдында жатыр...

Бұл елес айығып болғанша, Бекзат келесі әнді тілек етіп қалды. «Көшкенде жылқы айдаймын аламенен» деп «Екі жирен» кетті. Дәл осы қонақ үйге сол жирендердің бірін мініп келгендей. Қосақтағы жүйрікке Бекзат мініп алған ба... Екеуі құстай ұшып, қанаттасып, ат үстінде құшақтасып қалғандай. «Ойымда толып жатыр арыз-арман» деп қайыра берген Базарбек домбыраны тастай беріп, Бекзатқа ұмтылды. Бірақ ол созылғанша, лып еткен келіншек терезе жақтауына барып сүйенді. Ештеңе сезбегендей, еш қимыл-әрекет болмағандай.

Бұл ытқуын әккі әйелдің оңай қолға түспес амалы деп ұққан Базарбек не дегенмен бұл сайысты соңғы нүктесіне дейін жеткізуге бекінді. Қайтадан домбыраға қол салды.

— Даусыңыз жаңа ашылып келеді,— деді Бекзат та.

Бірақ, неден екені белгісіз, ән айта бастағанда, маржандай тізілген сөздер мұның саласын, ақыл-ойын Бекзаттан гөрі басқа жаққа бұрып әкетті. Міне, тағы да «не қылайын басқаның Қыз Жібегін, сүйген сұлу болған соң өз Жібегім» деп өзеуреген жолдар Базарбекке өз келіншегін елестетіп қоя берді. Оның да аты— Жібек, Үш баласы бар. Үшеуі тізіліп бір өтті. Бірі күйенті ұстап, бірі шелек көтеріп Жібекпен құдыққа бара жатты...

Бұл ән біткенде Базарбек, өзіне өзі таң-тамаша, әлгіндей серпінмен Бекзатқа ұмтылмады. Күбіжіңдеп, күмілжіп, үнсіз отыр.

— Менің күйеуім осы әндерге қатты құмартады. Сізден қалау етіп айтқызып отырғаным да сол. Күйеуімді сағындым... Сізге көп-көп рақмет.

Бекзаттың сөздері әлдеқайда бір үңгірден еміс-еміс талып жеткендей. Базарбек, өзі де аңғармай, әлгі әндермен маталып, тұсалып қалғанын түсінді. Бақса, Бекзат мұны әнмен арбап отыр екен ғой. Жыланның бетін қайтарғандай... Бойын қыздырып, елеуреткен құмарлық бүгін бос әуре екен. Түрегеп, жарықты қайта жақты.

«Қанша қысып жыласаң да, ірі қараның реті кел-

мейді» деген қалжың есіне түсіп кетті. Тағы да ыржиды. Бұл жолғысы амалы таусылған адамның азапты күлкісі сияқты еді.

Базарбек бөлмеден шығып жүре берді. Періште өз бейішінде қалды.

Дәл осы кеш өңі ме, түсі ме, бұл арасын Базарбек әлі айырып болған жоқ еді...

СЫҢҒЫРЛАҚ

Пәлен жылдай жүз көрісіп, қол соғыспаған ауылдастар қаланың дәл ортасында, дәл ортаңғы көшенің өзінде ойда жоқта кездесе кетті. Далбай Жанбайды кеудеге басты, иықтан жұлмалады, арқандап қаққыштады, бүйірден сығымдады, әйтеуір әуре-шікірә болып, сарқылмаған сағынышын білдіріп бақты. Әй-түй жоқ үйіне сүйрелей жөнелді. «Жұмыстан мойын босаған кезде жақсы жолықтың, сенің арқанда біздің жамағаттың қалтасын қағайық»,— деп қояды.

Далбайдың үйі қаланың қақ ортасында екен. Жанбайдың аяғын аяғына жұқтырмай, дедектетіп отырып, ілезде алып келді. Есіктен кіре, Далбай:

— Балам, өңім бе, түсім бе, Жанбайды тауып алғанымды көрдің бе!— деп даурыға жар салды.

— Е, тауып алсаң босатпа, шешіндер,— деді Балым түкпір үйден балбыраған тәтті дауыспен.

Балым әлі күнгі алаулаған қалпында екен. Көздері кісіні жұтып қоярдай жалт-жұлт қарасынан арылмаған. Тіпті көріктің лебі шарпыған қызыл шоқша лапылдап тұрғандай. Жанбайды бас-аяғынан түгел қас-қағым сәтте қарпып өтіп, ас үйге беттеді.

Далбай бәтеңкесін тастап, аяғының басына салпылдатып, шәркей іліп алды. Басы артық шәркей жоқ екен, Жанбай төрге қарай шұлығымен өтті. Сәкіде төсеулі паласқа жете бергенде бейнебір шекараға тірелгендей. Далбай шәркейін оның жиегінде қалдырып, арман қарай жалаңаяқ өте шығады. Мұнысы төсеніш паласка шаң жұқтырмастың әуресі шығар деп түсінген Жанбай да шәркейдің қасына шұлығын шешіп, жаяу жарыска түсетіндей жалаңаяқтанып алды.

— Қаланың тәртібіне үйреніп жатырмыз,— деп Далбай жылмиды.

— Жөн, жөн— деп Жанбай да қылмиды.

Сөйткенше Балым:

— Дәке, қонағымыз асқа қарай ма?— деді әр жақтан.

Далбай:

— Енді қалай...— дей бергенінше, Жанбай қонақасыдан қашып құтылудың қамымен жат та жалынды:

— Асығыс едім, баратын жерлерім бар еді, үйлерінді көрдім, рақмет, кетемін,— деп сөздерін бытыраша бытырлатты.

— Онда шампан аш,— деді Балым,— ауылда арақты іше-іше аузы сарсыған шығар.

Әп-сәтте ұзын мойын, қорғасын бүркеніштi шампан шынысы мен шоколад кәмпит столдың ортасын иемдене кетті. Балым бес саусағына нәштеп қыстырып, үш фужер әкелді. «Шампанды есіртіп тарсылдатпай, пыс еткіз!»— деді Далбайды сұқ саусақпен иықтан бір нұқып. Көбігі быжылдап, мөлт-мөлт еткен шампан тиісті ыдыстарға құйылып, қолға аларға келгенде, Жанбай ауылдағыдай таспен ұрсаң әрең сынатын қырлы стаканды ұстап үйренген дағдысына басып, бес саусақтың бәрімен қаусыра, фужердің бұлтиыңқы бүйірін алақанмен жалпита сығымдап, жұмарлай бастап еді:

— Олай емес,— деп Балым шыр етті.

Жіңішке буылтықтан төмендете, екі саусақтың ұшымен ғана үпірете ұстап көрсетті. Жанбай да сөйткен болды.

— Ал енді соғыстырайық,— деді Балым.

Жанбай «Белорусь» тракторын «ДТ»-ға тіркеп алып жұлқылағандай ожбан қимылмен ентелеп қалып еді:

— Жоқ, олай сүзістірмейді, тиер-тимес сүйкеп қана жапастырады,— деп Балым қолын тайдырып әкетті.

Далбай:

— Қәне, кәне Балыммен сүйкестіріп жібер,— деп әтеш төбетестіргіш құмарпаздардай қызынып-ақ отыр.

Жанбай қара терге түсті. Оған мына үлбіреген екі фужерді жанастыру машақатынан гөрі ғарышқа ұшып барып, екі космос кораблін бір-біріне тіркестірген әлдеқайда жеңіл сияқтанды. Ол барынша еппен өз қолын Балымның қолының бағытына қарай туралап бақты. Бірақ түлкіге түссем деп шүйілігіп келе беріп, тайып кететін жапалақша қолын тартып ала береді. Одан ештеңе өнбесін сезген Балым жіті қимылдап, фужерін Жанбайдың фужеріне болар-болмас жұғыстыра беріп, әуелете көтеріп әкетті. Ерекше ыстық жанармен көзін тігіп, Жанбайды ішіп-жеп қадала қалған қалпы:

— Сыңғырлай ма?— деді.

Бұл сұрақтың астарына мән беріп жатқан Жанбай жоқ, әйтеуір қажетті жауап осы шығар деген төтемен:

— Сыңғырлағанда қандай!— дей салды.

Ұзын шыныдағы шампан таусылғанша, фужерлер соқтыққан сайын Балымға қабаттаса елегізген Далбайда:

— Сыңғырлай ма?— деп қайта-қайта шұқшиюға айналды.

Ол да өліп-өшіп, Жанбайды өңменінен тесе қарайды.

Керекті сөзін айтпаса, екеуі екі жақтап түтіп жей ме деп сасқалақтағандай, Жанбай:

— Сыңғырлайды,— дейді.

Далбай, қанша дегенмен ауылдас қой, әлі манағыдай жылмияды. Ал Балымның жалын атқан жанары шоқша жайнаудан арылып, неге екені белгісіз, тастай қараңғыда қалған мысықтың көзіндей щегіреюге айналды.

Осы қалыптары Далбай мен Жанбай қош айтысты. Балым кухняда ыдыс-аяқтарды салдырлатып, бері қарай басын да қылтитқан жоқ. Жанбайға ол оңаша қуыста танауын қорс-қорс тартып аһ ұра күрсініп, жыламсырап тұрғандай естілді:

—Балым неге жылап тұр?— деді.

— Жай, еркелейді,— деді Далбай жаңа ғана жекеменшік «Волгасын» қиратып әкелген адамдай аянышты кескінмен мүләйімси қарап.

...Көшеге шыққан соң, Жанбай бұрылып, бұлардың балконына қарады. Біреуі бері шығып, қол бұлғар ма екен деп дәмелі. Бірақ, жым-жырт, ешкім елес бермеді. Сөйткенше Жанбайдың өз қолы өз мандайын сарт еткізді. «Әй, ақымақ басым!»— деп автомат-телефонға қарай құстай ұшып жүгірді.

— Әй, Далбай,— деп жанұшырғандай айқайлады.— Әй... әлгі фужерлерің хрусталь екен ғой!

— Ә, солай ма!— деп әр жақтан мардамсыған Далбайдың шексіз бақытты даусы естілді.— Танауыңа исі барды ма, әйтеуір? Сана-сезіміне жетті ме?

— Жеткенде қандай! Әлі күнгі құлағымда сыңғырлап тұр,— деп Жанбай да ең қажетті кілтипанды жаңа тауып, жандыра түсті.

— Әй, расың ба?!— деп Далбайдың даусы құлпырып барады.— Онда мен тап қазір Балымға айтып, құрысын жазып, жадыратайын! Ал өзің біздің үйде хрустальмен шампан ішкенінді ауылға айта бар! Ұмытпа,

— Жарайды, жарайды,— деп Жанбай трубканы іл-

ді. Ортаңғы көшенің қақ ортасында аңқиып тұрған Жанбай «Балым көз жасын тыйған болар...»— деп ойлап, сәл-пәл бөгелді.

«Бір атым насыбайдан көңіл қалар» демекші, ол аяқ астында ауылдасының ыстық ілтипатынан ада боп қала жаздағанын сезді. Әлдеқалай айналып бір қараса, балконда Далбай мен Балым айрықша жарастықпен айқара құшақтасқан қалыптары Жанбайға мейірлене қарап, қолдарын бұлғап тұр екен.

V КӨҢІЛ КӨКТЕМІ

Балалар қауымын қуыс үйге сыйдырмай елендетіп, қыз-жігітті сыбырлы-күбірлі серуенге, ауылдан аулаққа сүйрегіштеп, күлімкөз көктем келді. Күн қызуына емірене шуақтап, суық тиер-ау деп қорқақтамай-ақ, таза ауада молырақ тыныстағанына қуанысқан қарттар жағы да кең кейілді, паң қалыпта әр үйдің алдында қауқиып-қауқиып отыр. Өзара қауқылдасып: «Уа, шіркін, жарық дүние! Тірі кісіге жаздың да нышаны көрінді»,— деп, өмір атты қонақүйден өздерінен гөрі ертерек өтіп кеткен құрдас, туыстарын еске алысады. Сонда да көктемнің жадыраңқы қабығы көңілде көлеңке қалдырмайды, тіршілік қызығы өз әуеніне қарай икемдеп, жетелей жөнелді.

Көктем әркімге әр түрлі түрткі салып, ешкімді бейтарап қалдырар емес. Сол ыңғаймен жергілікті он жылдық мектептің директоры Сәлиді үйден мектепке, мектептен үйге жүріп өтер жолындағы бірнеше түп ағаш мазалағалы да бірталай күн.

Ауылдың ол шеті мен бұл шетінен лайықты орын таппағандай, өздері дәл осы жерге, дәл мектептің түбіне «қыстырыла» бой түзеген. Ұланғайыр көсіле тартқан орман да емес, әдемі қиылған шеңбердей дөңгеленіп, сәнді топтасқан шоқ ағаш та емес. Өнебойына сұқтана қаларлық сұңғақты, келбетті дерліктей бітім де жоқ. Қабағы қатпар-қатпар, шөл даланың айғыздалған бетіндей бұжыр-бұжыр қожырмақ, тұлғалары қиқы-шойқы, селдір, селкеу біткен күйкі қайыңдар. Нөпір мәжілістердің біріне селсоқ бас қосып, әр жерде бір шошиған томаршадай жиналысшылар сияқты. Бар дұрысы — түбірін жермен-жексен ете қиғызып тастау. «Дружба» арамен дырылдатып жайпап өтсе, біте салатын шаруа. Келесі қыс жабдығында тамызыққа

әбден жарайтын. Қожырмағы шайшыл үйдің самаурынын қандай күжілдетер еді.

Қартаң директор селдір, селкеу, күйкі қайыңдар тарапында әрі-бері ойланғанда, жұқарып, қажыған жүйкесіне бұл шешім сәл де болса сүйеніш, тыныс әперетіндей.

Оның үстіне күн жылынып, жер бусанғанының белгісі осы дескендей, әудесіп, қалталарына бөтелке сұққан «ағайындар» да осы ағаштардың түбіне жайғасып, «дастарқан жаятынды» шығарған. Ішке түскен ақ жын, көк жыннан есаланысып жатып алатындары кездеспей тұрмайды. Адамшылық санатына жатпайтын-ақ көрініс. Әлгіндей жарыместерді тартып тұрған осы қайыңдар. Бұл ағаш атаулының көзі жойылса, жанға жағымсыз, тәрбиеге кереғар құбылыстан ада болар еді.

Әрине, бұл ағаштарды кестіріп, отынға туратып тастағанмен, мектеп мұнымен қабырғасын жаба қоймас. Бөтелке босатқыштарды да шақырып алып сөйлесіп, үйрешіктіге айнала бастаған «құтты орындарынан» бездіруге күш жетер. Сәлиді алаңдататын — басқа мәселе. Суға малшынған сүлгіше болжырап, бұратылған ұсқынсыз ағаштар бұтақтары сиреп, жапырағы селдіреген арса-арса қалпымен сәнді мектеп үйінің маңында мүлде келіспейтіндей көрінс береді. Ақ қағазға тамған сия дағындай.

Осы бір селдір, селкеу, күйкі қайыңдар турасында мектептің аға вожатыйы Бақытжамал да тынши алмай жүр. Ойнақы, ерке жүрісті қыз кабинетке қайта-қайта келгіштеп, сол сәтінде:

— Ағай...— деп, өкпелі балаша ернін бұлтитып тұра қалады.

Сонсынғы бар айтары:

— Қоршайықшы, мына қайыңдарды қоршайықшы!

Сәли:

— Осынша неге құштар болдың күні ертең қаусап, қурап түсетін сөбіреулерге?— деген сұрағын көзімен ұғындырып үлгергенше, Бақытжамал:

— Ғажап болады, ағай, ғажап болады!— деген бар «мықты» дәлелін айтып та жіберді.

Түсіндірмеге бұдан басқа айтар сөзі жоқ. Көпірмеден аулақ, аузын ашса, көмекейі көрінетін аңқылдақ.

Бүгін таңертең екпіндете ұшып келе жатқан қалпы Бақытжамал мектепке кіре берісте қарсы ұшырасқан директорын соғып та кете жаздады. Сөйте тұрып, жы-

мыңдаған қалпы балғын күлкісін алға тоса, кешірім сұраған кейіппен мәймөңкелей басып келді де:

— Ағай, қара торғай, қара торғай!— деп сұқ саусағымен аспанды нұсқап, іле соңынан еріп дуылдасқан балаларға бұрылды.— Балақайлар, болыңдар, тез, шапшаң, балға, шегелерімізді алып келейік!— деп өзі ең алдымен бота жүрісті, бұлғаң қимылмен жүгіре жөнелді.

Қарамағындағы мұғалімдердің күнбе-күнгі бірсарынды, бір ырғақты тіршілікке үйреніп алған, кейде самарқаулықпен пара-пар байсалды, көнтерлі төзімділікпен астасқан ұстамдылығына дағдыланып қалған ұстаздардың ұстазы: «Менің осы вожатыйым түбі қалай боп шығар екен?»— деген дүдамал оймен басын шайқады. Училищені биыл ғана тәмәмдап келген тәжірибесіз қыз бала делегей-делбең асыр салып жүргенде, педагогика қағидаларымен сәйкес түсе кетпей, бірдеңені бүлдіріп ала ма деп те абайлайды. Кіп-кішкене талдырмаш денесіне қарамай, өзінде екі бірдей кісінің аты бар. Бақыт. Жамал. Біреудің еркетотайы қызметті жетілдірем деп тыраштанып, асыра сілтеп кетпесе етті...

Бақытжамалдың аузынан жиі ақтарылатын сөз — «ғажап болады». Өткен педагогикалық мәжілісте пионер дружинасының жазғы мерзімге жасалған жоспарын бекіту мәселесі қаралды. Сөз Бақытжамалға тигенде, жоспардың жобасын сыдыртып оқып шықты да, «осының бәрін орындап шықсақ, ғажап болады»,— деді. Мұғалімдердің бірі: «Е, вожатый ғажап болады деп тұрғанда, қарсы келетін неміз бар, бекітуге қол көтерісейік»,— деп қағытты. «Ғажап болады, рас, ғажап болады»,— деп Бақытжамал да міз бақпады.

Оның вожатый міндетін атқарып жүргені бірінші жыл. Оқу жылы аяқталып келе жатса да, ғажаптана қалатындай әлі іс бітіргені шамалы. «Ғажап болады-сымен» танданып, тамсанып жүрген өзі ғана.

Тауды бұзып, тас қопарғандай немесе құз қиядан күркіреп сел аққандай құлақ елендетер көрнекі іс Бақытжамал тарапынан әлі қолға алынған жоқ деп есептейді Сәли. Уақытында жұмысқа келеді, айтқанды уақытында орындайды. Тәртіпті, пайымды, бірақ жұлқынып, жарқырап көзге түспейді. Алдағы жылдары жетіліп кетпесе...

Ызындаған масадай осы әлпетті беймаза ойлармен кабинетіне енген Сәли терезе жаққа әлдеқалай бұрылып қалғанында, ағаш басына өрмелеп бара жатқан

вожатыйын көрді. Әлгі мезетте шалбарланып та алыпты. Білек сыбанулы, қолында бір орам кендір жіп. Директор: «Анау ағаш басынан, аласұрып жүргенде, сырғып кетіп, құлап жүрмесе қайтсін мына пәтшағар?!»— деп сескене тіксінгенше, Бақытжамалға көмекке өрмелеп жеткен бала тақтайдан әдемі қиыстырылған құс ұясын ұсынды. Бақытжамал шағын ғана үйшіктің тиянағын бір бұтаққа тірей бекітіп, кендірмен орап-орап, сірестіріп жатыр. Оның балғын да батыл қимылына бірте-бірте қызыға қарай бастаған директор: «Шіркін, жастық, жас жалын!»— деп келесі сәт әсерлене жымиып, езу тартты. «Жастық шақ көк семсердің жүзі емес пе!»— деп баршаға таныс өлең сөзін күбірледі.

...Айғай-ұйғай, ұрыс-керісі сирек болғанмен, бағзы уақыттарда іштен жегідей жейтін ауыр да абзал қызметтің бір күнін аяқтап, кешке таман Сәли үйіне қарай аяңдап келеді. Келте жарығын шапшаң қымтай салып, күн сәулесінің соңғы сызықтарын қараңғылық қалпағымен бұқтыра қоятын қысқы күннің шолтаңынан мезі боп қалған көңіл ұзара түскен жарқын минуттер шапағына шомыла бергісі келеді. Сол себепті ол баяу басып, мардымсыз жылжиды.

Қарт директордың осы бір тыныс, кеңшілік сәтін әдейі бұзып жіберейін дегендей, манағы шуылдақ тобын шұбыртып, Бақытжамал қуып жетті.

— Ағай, біздің ұяларға құстар келіп, қонақтап жатыр!— деп бейнебір жоғары жақтың құттықтау хабарын жеткізіп тұрғандай лепіреді.

Бастығы не айтар екен-ау дегенді қаперіне де алмай, іс-міс жоқ оза тартып жүгіре жөнелді.

Асықпай басып, сондарынан жеткен Сәли бұл жолы ағаш сайын дерлік жыпырлай орныққан ұяларды көрді. Олардың біразының ішіне кіріп-шығып қылқындап, қылтындап, қара торғайлар иелік құрып алған.

— Балақайлар, көп шуылдамандар, құстар ұшып кетеді әйтпесе,— деп зыр қағады Бақытжамал.

Мына бір ұяға қатар ұшып келіп, қатар қонған қос торғай қуанышты түрде қутындасады. Ана торғай сыландап, ата торғай қырындап, тұмсықтарымен шоқысады. Сүйіскендері болу керек. Шоқысып бола бере, үн түзесіп, назды сазбен шырылдасады. Әндеткен қосаққа көршілері қосылады, бірге сайрайды. Көктем әнін ұйымдаса, үйлесе жырлап, салтанатты үн қосады.

Әншейінде қатаң директордың көңіл әлемі құсша сайрап жөнелгендей. «Жатсаң да шырт ұйқыда оянар-

сын, таңертең қараторғай жырлағанда», деген өлең сөздерін есіне алды, ән салғысы келгендей. «Осы мен бүгін өлеңшіл боп барамын ба, қалай?»— деп сақтана ойлады. Жан дүниесі еріктен тыс балқып, майдай еріп бара жатқан сияқты. «Нагәрі, осы қыздан түбінде бірдеңе шығар!»— деген бір ой да қаперіне келе қалғандай.

Бақытжамалдың қасына бір жас жігіттің келіп тұра қалғаны Сәли көзіне шалынып өтті. Жақын тартып аялағандай елеусіздеу ғана қимылмен қыз иығын жігіт қолы сабырлы ғана сипай жанасты. Сол қалпы жұмсақ жабысып, тына қалды. Бұрылып қарамай-ақ, қасына кім келгенін сезген Бақытжамал кекілді шашын сілкінте, жігіт кеудесіне басын жанай сүйкене түсті де, бірінбірі аймалаған жұп торғайларды саусағымен тұспалдап көрсетті. Жігітке қарап жымиды. Сол сәтінше бұларға сұқтана зер салған бастық назарын байқап үлгеріп, аузын бұлтитты. Әрмен жылжып кетті. Жігітті өзіне қарай көз қиығымен шақырып барады.

Көз алдындағы құбылыстардың бәрін аңдап, аңғартып тұрған Сәлидің сезгені — мына қожыр қайыңдар әрленіп, түрленіп, өздеріне құлпырмалы өзгеше өмір оралғандай. Шырылдаған құс әнінің астында қожыр қайыңдар жасарып жайнап кеткен сияқты.

Басшы адамның миы қашан да тұжырымды шешімдерге дағдыланған ғой, Сәлидің көңіліне бұл ағаштарды мектеп бақшасымен қоса қоршату керек деген алдағы өтер жиналыстың қаулысы орала берді. Бұл ағаштарды қоршатумен бірге осы алаңға жас шыбықтар отырғызуды ұмытпаған жөн деген қосымша пікір ұштаса кетті. «Сонда бәрі ғажап болады!»— деп күбірледі.

Қатаң тәртіпті қарт директор балғын қыз Бақытжамалдың мәтел сөзін қайталап келе жатқанын аңғара қоймаған-ды. Сәлидің де көңіліне көктем орнап қалған еді...

ДӘНЕКЕР

Қыс бойы ферма маңын ығыр қылған бойдақ малдары Мәдес жер көгерісімен «Бөрілі» атанған жайылымға айдайды. Қопалы көлдің жиегін төңіректеп үйренген жас тайыншалар күздің алғашқы салқынына ұрынғанша сонда бағылуы жылдағы тәртіп. Өзімен кезек ауыстыратын серігі «Бөріліге» аттанар алдында:

— Қоналқыны бір сөткеден айналдырамыз ба?— деді.

Жаңа үйленген жас неменің келіншегіне күн асырмай қыдындап бара келгісі кеп тұрған көкейін сезіп тұрса да Мәдес, бірер көйлекті бұрын тоздырғанын пайдаланып өз жөніне басты:

— Жоқ, екі сөткеден. Бір сөтке деген немене, жұртпен тілдеспек түгілі, жүздесіп те үлгіре алмайсың.

Жасы қырықтан асқан Мәдеске үй ішілік тұрмыс мезі қылар мезгіл таянбағанмен, алып-ұшып өрекпуі де саябырсы бастаған. Бірақ екі күн, екі түнді алдына салудағы мақсаты басқа — құмарынан шыққанша ауылды аралап шығу, жаңалықтарға қану. Радиосы, телевизоры жоқ «Бөріліде» олай кетіп, бұлай кетіп бұлтыңдаған малдарға «әй, әй» дегеннен басқа тілдесерге қара жоқ. Бөркімен сөйлесетін баяғының шешендеріндей сөзуар да емес. Әкесі кісі боқтауға адамның сай-сүйегін сырқыратарлық шебер болған деседі, бірақ ол «өнері» Мәдеске жұқпаған. Әйелі Мәраш екі сиырына алма кезек «қарасан келгір, алаөкпе тигір, мүйізің сыңғыр, алапес болғыр» деп жаудыртып жатады. Мұндай мірдің оғындай тілділік те Мәдеске конбаған. Бар бітіргені баспана вагонның терезесінен тиісті бағыттан ауып бара жатқан табынды көзі шалса, есіктен басын шығарып, «әй» деп айқайлайды. Онысына да ықбай, маңып бара жатқан соң, амалсыз атқа мінеді де, «әй, мыналар қайтеді, ей» деп былқ ете түседі. Бар зекігені осы. Тебініп-тебініп алдарынан шығады. Қақшаңдаған мүйіздерден осып өтейін деп оңтайлана көтерген қамшысы ауаны ғана тіліп шырт ете түскен бетте басылады. «Осындайда біздің Мәрашты жіберсе ғой,— дейді ішінен,— тілінің қышуын біраз қандырар еді».

Міндетті екі күн, екі түн кезегін өтеп, салдырлатып арбамен жеткен Мәдесті Мәраштың қарсы алуы да өзіне бөлек.

— Әй, балалар аман ба?— деген күйеуіне:

— Аман болмаса хабар баяғыда жетпей ме! Бізді біреу көшіріп әкетті дейсің бе?— дейді.

— Әй, Мәраш-ай,— деп Мәдес ырсияды,— шай бар ма, шай әкелші, қаталап келдім.

— Шайшілін мұның! Баптанып-күптеніп сораптап отыратындай-ақ.

Ерте үйленіп, күміс тойға да жақындап жүрген Мәдеске бұл күндері Мәраштың шаншыма сөздері май жаққандай бойы үйреніп алған. Қытымыр, шыжғырыл-

ған майша қуырыла жүретін әйелінің үйге мығым, сегіз баласына тәрбиесі түзік мінезіне сенімді. Отын түсіру, шөп әкелдіру науқандарына қозғау салып отыратын да Мәраш. «Пірвес қанша?»— деп кеңседен қадағалап жүретін де Мәраш. Ең ақыры айлық ақшаны өзі алып, бухгалтермен есеп-қисапты реттеуші де Мәраш, Мәдесі — орындаушы, айдауына жүруші. Тарихшы ғалымдар айтып жүретін матриархаттың өзгерген бір түрі осы үйде... Бірақ осы солай екен-ау деп қыңқ ете қояр Мәдес жоқ, «Біздің Мәраш өзі біледі» деп тарта береді.

— Баланы таптырып-таптырып детсады жоқ жерге қамап қойған өзің. Тапсаң наныңды жеймін, таппасаң жаныңды жеймін деген қатын мен боламын. Жұмысқа өзің жалғыз жегілесің,— деген бірде Мәраш.

— Енді...— деген де көнген Мәдес.

Дүниенің таршылық, кеңшілігіне бірдей созымды Мәдесте Мәраштың дегеніне көнбей, қияс тартатын бір ғана жері бар. Онысы — ауылды күніне бір қыдырып өту дағдысы. Қазір кеш шайын шашып-төгіп, шыныаяғын бір ұрттап бір қойып қыпылдап отыр. Мұнысына алғашқы жылдары Мәраш қайран қалған да үйренген. Бауырсақты апыл-ғұпыл шайнап отырған күйеуіне:

— Сенің атыңды өзге қою керек,— деді.

— Мәселен?

— Қыдырма деп.

— Ә, мейлі... Жазғы күн ұзақ, біраз амандық біліп қайтайын.

Мәдестің «амандық білуінде» ата қуалап, туыс сағалап жағалай тарту жоқ. Көңіліне қонымды адамдарға ғана келеді. Бүгін де солай.

Әуелі көршілес Дүйсенбі үйіне кірді. Дүйсенбі қутыңдаған, жылтыр көз кішкене шал. Бетіне күн көзінің тотығы сіңіп кеткендей қайыс қара. Шал деген аты болмаса, әлі жұмыстан қол үзер жасқа жетпеген. Тентек суды шамалап, өзі айтпақшы, «шекітіп» тастап жүре беруден де қалыспайтын әдеті бар. «Шекітіп» алған кезінде әңгімешіл. Бұл үйден Мәдеске де жүз грамның иісі ере шықты. Шыққан бойда ол қайыра Мәрашқа оралды. Оның күнұзақ қыдырысынан гөрі шапшаң оралуы таңсық екен, Мәраш:

— Әй, орныңнан су шыққанша омалып отырмай, тез келдің ғой, сірә, ертең жаңбыр жауар,—деді.

— Сол жаңбырың керек боп тұр-ау, тым құрыса шаң басарға. Малдың оты сарғайып барады,— деді Мәдес жайбарақат,— не.., айта кетейін дегенім, Дүйсе-

кеңнің кенжесі оныншысын бітіріп, аттестатын алып та кепті ғой. Іргеміз тиіп тұрса да, қайырлы болсын айтып келмеді деп саған өкпелеп жатыр. Барып шық, байғазысын бер!

Жортып отырып, Мәдес көшенің орта тұсындағы Сейсенбі жаққа тартты. Сейсенбі бір қолы бір қолынан көтеріңкі жүретін қужақ адам. Дімкестеу, жұмысқа шыққанынан үйде жатуы көп. «Соғыстан оралмады ғой, әкеңмен құрдас едім»— деп отырады. Мәдес көбіне оның көңілін сұрау үшін әрі «әкеңмен құрдас едім» дегенін тағы бір есту үшін келеді. Ол кірісімен, бұл үйден де бір әйел Дүйсенбі үйіне қарай жеделдете жөнелді. Көп ұзамай Мәдес өз үйіне қарай қайта беттеді.

— Барып келдің бе?— деді Мәрашқа.

— Өй, айтқаның жаңа ғана емес пе,— мен, немене, сәмөлет дедің бе? Зырқытып жүрген сендей желаяқ дедің бе?!.

— Е, жарайд... Ендеше жол-жөнекей Сейсекең үйіне бір сығым сары май тастай кетші, кеудесі алқынып, сырылдай беретін көрінеді. Өздерінің және де сиырлары да қысыр екен ғой.

Осыны айтып, Мәдес шеткері Сәрсенбі үйіне қарай бет бұрды. Сәрсенбі екеуі түйдей құрдас. Ол да малшы. Екеуінің кезегі де, демалысы да биыл бір түйісіп, үйлесе кеткен. Оған қалжыңдағанда «сен сәтті күні туған жансың ғой, әкең де, шешең де бар байсың. Екеуін де жалмап жұтқан мендей емессің» деп жатады. Қалжыңы да, шыны да сол. Демалыс күндері Сәрсенбі терезені көлеңкелетіп алып, жеңіл-желпі киіммен ғана керіліп-созылып диванда жатады. «Күнге қақталуымыз аз емес қой, тыным алу керек» дегенді бұлжытпай орындайды. Мәдес оның осынау уайымсыз-қайғысыз далдайран жатысын көруге келеді.

Мәдес бұл үйге бас сұққан шақта бір сығым майын капрон қалтаға орап алып, Мәраш Сейсенбі үйіне келген беті еді. Сырлы тостағанға томпайтып май салып, жүзім шырынынан босаған үш литрлік шыны банкеге құйған қымызы бар Сәрсенбінің әйелі де жетті.

— Ата-ау, ауырып қалғаныңызды жаңа естідік қой. Бұл шаруа дегеннен қол тимейді. Таң атып алса, түйтің-түйтің, бітпейтін бұ бір жұмыс. Мына қымызға сары майды сапырып-сапырып ішіңізші, сырылыңызды да, қырылыңызды да қолмен алғандай жұлып әкетеді,— деп әбігер-күбігер боп отыр, өзімсіне сөйлейді.

Құрбы келіншегінің асығыс-үсігіс жетуінен, Сейсен-

бінің науқасының диагнозына дейін біліп алуынан Мәраш Мәдес- Қыдырманың жүріп өткен ізін жазбай таныды. Іштей бұл үйге Сәрсембінің әйелінен бұрын жеткендігіне, сары майын емге деп одан ілгерірек ұсынып үлгергеніне мардамсыған да жайы бар. Мәдеске бір риза болған жері осы.

Одан әрі жылжыған Мәдес Бейсенбай үйінің кешкі шайына киліккен еді. Бейсембай жалпақ бет, қоңқы мұрын дәу шал.

— Шайға кел, жамандамайды екенсің,— деп еді.

Танғы дәм емес қой, кешірім етіңіз,— деп Мәдес бауырсақ ауыз тиді де төр жаққа жантая кетті.— Осы жаңа ғана Серсенбінің үйінен екі аяқ қымыз тастап алдым. Өзі де балдай екен. Оның үстіне қаймақ қосып берген соң тіпті құлпырып кетті. Сол себепті шайға зауқым соқпай тұр. Кей үйдің қымызы түске дейін жетпейді. Сәрсенбі үйіне құт-береке дарыған ғой, қашан барсаң да керсені бос тұрмайды.

Мәдес осылай көйіте бастағанда, Бейсембай кіржің ете түскен. Сәрсенбі құрдасын мақтаған сөздерімен оның қотырын тырнап жібергенін аңғармаған. Тек Бейсембайдың:

— Қолда барды іске асыра алмай, бұлақтай биені саумайтын болған соң бізге не жорық. Менің атқан оғымды тауып әкелуге жарамайтын Сәрсенбі «құйып-құйып Құрманға бер, сапырып-сапырып Сарманға бердің» керін келтіріп отырған соң не амал істерсің,— деп мандайы тершіген кемпіріне тіксіне қарағанын ғана аңдады.

Тістеп алар шама жоқ. Бейсекең зығырданы қайнағаннан тістеніп қана отыр. Бұл үйреншікті әңгіме, құлақ үйренген сөз болса керек, кемпір түйір қантты күтірлете шайнап, қоңыр шайнекке немқұрайды ғана қарайды.

—Немене, бірі кіріп, бірі шығатын базаршаның үйіндей ғып, бүкіл қаңғырған жұртты күбінің қасына жиып қояйын деп пе ең. Әлдебіреулер таңдайын жібітеді екен деп биенің бұтына жүгірерім жоқ,— деп бірақ қақты.

— Өйткен биенің барынан жоғы артық, сатамын. Алушы болса айта жүр,— деді Бейсенбай мұртын тістелеп.

— Е, сат, сатсаң бұлын аласың,— деді кемпір.

Бұдан әрі әңгіме қозбай тұрғанда, жылысып тайған-

ды жөн көрген Мәдес бұл үйге бүгін сәтсіз күні тап келгенің сезді.

— Ал, жарайд, амандық білейін деп...— деді де кете барды.

Түнеріп, түйіліп Бейсенбай қалды.

Ендігі жортыстың реті Жұма мен Сенбіге соға кету еді. Әйтсе де Бейсенбай сөздерінен соң көңілі сынық сүйем түсіп қалған Мәдес қыдырыс сапарын әрмен қарай жалғастыруға қаймықты. Бейсенбайдың Сәрсенбіні кемсіте сөйлеген сөзін жақтыртпай тұр. Тағы бір кикілжіңнің үстінен дәл түсіп қалам ба деп күдіктенеді. Аяғын санап басып, Мәраш қайдасың деп кейін беттеді. Оның түнделетпей тез келгеніне тағы таңырқаған Мәраш:

— Немене, тыштық па?— деді.

— Тыштық, тыштық,— деп Мәдес мырс етті.

Тыныштық хабары сабасына түсірсе керек, Мәраш күйеуіне сақтап қойған бір әңгімесін бастады.

— Біздің ауылда Қалдарбай деген әпенді бопты. Көшеде өтіп бара жатқан арбаға ілесіп мінгесе кетеді екен. «Жол болсын, айтпай-ақ, «менің де тығыз шаруам бар еді» деп арбадан түспейтін көрінеді. Сені де жұрт Қалдарбайға теңей жүрмесе...

— Ә, мейлі,— деді Мәдес төр жаққа сұлай кетіп.

Шалқалап түскен әкесінің үстіне балалары жапырлап үйме-жүйме боп жатқанда, пенсионер шалдар Жұма мен Сенбі кіріп келді.

— Оу, сен көрінбей қайда кетті десек, үйде екенсің ғой. Бәсе, бәсе, бүгін осы жұмысынан оралатын күні емес пе, ол не ғып біздерге бір соқпай кетті, әлде бірденеге өкпелеп жүр ме, әлде ауырып-сырқап қалды ма, әлде жұмысында бірденеге ұшырап қалды ма... әлде,— деп аузы жеңіл Сенбі көбейте бастағанда, оны Жұма бөлді.

— Ей, ұшырағаннан құдай сақтасын, онан да бір кешінді бізге қи, жаңа домбыра сатып алып едік, соны сынап бер деп жөнін айтсаңшы...

— Е, жарайд,— деді Мәдес,— қазір барам.

Шалдар кетісімен Мәраш тұлданды. Ол күйеуінің әжептәуір домбырашылығы барын, екі шал екі жақтап «уа, пәле!» деп кеу-кеулесе, таң қылаң бергенше, ән шырқаудан жалықпасын біледі. Сондықтан да болар!

— Танбайтын, жазбайтын бір жарайдысы бар. Басым ауырды, балтырым сыздады деп сылтаурата салу жоқ. Ебелектейді де жүреді. Қыдырма!...— деді.

«Қыдырманы» нығарланқырап, таспен бастырғандай айтты.

Мәдес ыржиғаннан басқа қарсы ештеңе демеді.

— Немене, сойған қарсақша езуінді бір жимайсың. Екі түн малда, тағы бір түн шалдарда... Семьяға қарау жоқ!

Күннің есебінен гөрі қас қарая түннің есебін молайтып тұрған Мәраш Жұма мен Сенбіге шай қамдамаққа ынғайланған самаурынды біресе пеш жаққа апарады, біресе қолына алады. Ақыры салдыр' еткізіп бұрышқа қоя салды.

— Жарайд, жарайд... зеріккен шалдар... Істейтін жұмыстары жоқ, ауыратын аурулары жоқ, бір түн көңілдерін аулайын. Қанша отыра берер дейсің, таң ата келем ғой,— деп Мәдес бәйек.

— Бар, бар,— деді Мәраш,— жұрт бір осысыз күнелте алмайтындай. Дәнекерсіп, жалпылдаған... Қыдырма... Солай үй жағалап, құлдыраңда да жүр!

Сол күннен бастап, Мәраш «Бөріліден» оралған Мәдеске:

— Иә, қыдырма, келдің бе?— дейтінге айналды.

Деуін деп қалғанмен, ойына бір сәт күмән кірмей де қойған жоқ. Сол күмәннің жетегімен анадан-мынадан, ауыз жетер көзтаныстардан осы Мәдестей құйрығы жер иіскемейтін қыдырымпаздарың бар ма деп сұрастырды. Төңіректегі ауылдарда ондай адам жоқ десті. Тіпті некен-саяқ та емес. Бұл жағдай оның Мәдеске қойған қосалқы атының жөн екендігіне сенімін нығайта түсті.

— Е, жарайд,— деді Мәдес.

Ықпағандығын дәлелдегені...

ҚҰДЫҚ БАСЫНДА

Таңғы шай ішілісімен, Әмеңке мен Сәмеңке күнде көшенің ортасындағы ескі құдықтың басында кездеседі. Үйлері бір-біріне қарама-қарсы тұрған екі көрші құдықтың үгіле бастаған ағаш жақтауына бір жанбастай шынтақтап сүйеніседі. Амандық сұрасады. «Күн тағы шыжиын деп тұр-ау» деседі. Бір-біріне насыбай ұсынысады. Бір-біріне «үйге кір қымыз ішейік» деседі. «Ішеміз ғой, асығысы не» деседі. Солай жантайысқан қалыптары, шырт-шырт түкірісіп, құдық жаппасының көлеңкесінде екеуден-екеу қалқайысып тұрады.

Әмеңке еңгезердей сүйекті адам, тісі қышып құшырланғанда, шықшыты ойнап кетеді. Сәмеңке қолтоқпақтай қағылез, биязы, бипаз шал. Сексенге қатар келгенмен, селкілдек әзір бойларын жайлай қоймаған. Бұл екеуін көргендер не езу тартып жымимай, не әзілмен қағытпай өтпейді. Жұрт өзара бұларды «біздің ауылдың Қожанасырлары» деп те атайды, «қажылар» деп те келекелейді. Бірақ Әмеңке мен Сәмеңкенің бұл қажау сөздермен жұмысы жоқ. «Жұрттың аузын аяймыз ба, дей берсін» деп бір-біріне басу айтады.

«Жел болмаса, шөп басы қимылдамайды», сол сөздердің жаны да бар. Екі құрдас елпілдеп, ебелектеп жүріп, көпшілікті күлкіге қарық қылатын сәттері де кездесіп қалады. «Баяғыда» деп еске түсіретін қызық жайлары көп.

Бірде Әмеңке Сәмеңкенің үйіне шақырылады. Ас түсірілер алдында қол жумаққа ұмтылысқанда, қадірлі қонақты өзгеше сыйламақ ниетпен Сәмеңке баласының қолындағы құманды ала салып, өзі су құймақ болады. Араларында алты күн айырмашылық барын ескеріп, Әмеңке де сіздің жасыңыз үлкен, суды сізге мен құямын» деп құманға ол жармасады. «Жоқ, сіз қонақсыз, жолыңыз үлкен» деп Сәмеңке қасарысады. Осылай төрт қол, екі кісі бір құманға таласып жүргенде, екеуінің біреуі төбеде ілулі аспалы шамды мойнына іліп кетіпті. Ел құлағы елу емес пе, біраз уақыт екеуіне «шам жаққыштар» деген атақ ілесіп жүрді.

Енді бірде алқаға салт атпен аттанған Әмеңке жолда жаяу жортақтап бара жатқан Сәмеңкені көреді. Таяу келіп:

— Мінгессеңіз қайтер екен?— дейді.

— Қой, бала-шаға емеспіз, ұят болар,— дейді Сәмеңке.

— Онда сіз мініңіз,— деп Әмеңке аттан түседі.

— Жо-жоқ, жүре беріңіз, жолыңыздан қалмаңыз,— деп Сәмеңке беҙек қағады.

Бір-біріне сен десіп көрмеген құрдастар «сіз мініңіз, жоқ, сіз мініңіз» деп сыпайысып тұрғандарында шылбыр қолдарынан сусып шығып, босаңсыған ат екеуіне де бұйырмай, шапқылап кете барады. Жаяу қалған екеуі серіктесіп, алқадағы шаруаны былай қойып, ауылға қайтады. Бұларға сонда «Жаяу жарысшылар» деген ат танылған.

Жасырақ кездерінде зеріккен екеуі бір қол боста жұптасып Есілге балық аулауға барады. Суға сілтеген

Сәменкенің қармағы Әменкенің құлағына ілігіп, шеміршегін жырып кетеді. «Жан адамға айтпайық, тағы күлкі боламыз» деп уәделеседі. Келесі күні құлақты тымақпен бастырып отырған Әменкенің қасына келген біреу, ойында жамандық жоқ, Есілдің биылғы ерекше көп балығы, шорағай-шортандары туралы әңгіме қозғайды. Өз-өзінен қыпылдап отырған Әменке:

— Апырай,— естіп қойған екенсіндер ғой,—деп тымақтың астындағы жырық құлақты әйгілепті.

Бұларға «балықшылар» атағы жамалды.

Сонау отызыншы жылдары колхозға мүше болғанда, «колхоз малдарының тұяғы сынады» деп екеуі көшеде шашыраған қатқақ қи, түйір тастарды шет жаққа қақпақылдап, таяқпен қуыштайтын көрінеді. Сол кәсіптерінен «қажылар» деген лақап ат тағы жапсырылған. Алдыңғы балама теңеулер жайына қалып, осы соңғысы тұрақты түрде бекіген. Қазір де:

Қажыларға бір сәлем!— деп өтіп бара жатқан кейбіреуге:

— Шіркіннің қолынан келмейді, келгенді көре алмайды деген осы екен ғой?— деп екеуі күңкілдеседі.

Байлаулы аттай біраз уақыт тұра-тұра, екеуінің көңіліне алаң кірді. Манадан көргендері жұмысқа асықкандар ғана, ал құдыққа әдейілеп соққан ешкім жоқ. Күнде осы мезгілде шелектер салдырлап күйентілер сұлап түсіп, дабыр-дүбыр бастала жөнелуші еді.

— Ей, бұл жұрт мұнша ұйқышыл боп кеткен бе? Әлде су ішпеуге ант еткен бе, қыбырлаған жан көрінбеуі несі?— деді Әменке әлден уақытта.

Жұмысқа аттанғандарды есепке алмаған түрі бар.

— Соны айтам, түгел судан безген бе, судан шошынған ба?— деп Сәменке оның күдігін анықтай түсті.

Бұлар күнде құдық басына келгенде, көпшілікті көріп, қызыққа бататын, мәре-сәре күй кешетін. Жаңа табысқандай жамырасып, ырду-дырду көбейетін.

— Қәленнің К-700 түзелді ме?

— Сәлен жаңа машинаға кетті деп еді, келді ме?

— Егін сарғайған жоқ па?

— Шөптің шығымы қалай?— дескенге дейін барысатын.

Ескі құдықтың басы осы ауылдың жаршы орыны іспетті. Қызу әңгіме, тез-тез ат үстінен айтылған жаңалықтарды магнитофонға жазып алса, ел тынысын аңғартарлық көрініс табыла кетер еді.

Анадайдан бұларды көріп, Сағила кемпір бұрылды.

— Е, жарады, әйтеуір күндегі орындарында табылғандарың,— деп күле келді.

Тиісерге қара таба алмағандай іші пысып тұрғаннан ба, баяғысына басқаны ма:

— Уай, шіркін осы сенің былқың-сылқың жүрісіңай,— деп Әмеңке қыдыңдап келіп, Сағиланы бес саусақпен мықынынан бұрап жіберді.

— Әй, сайтан, балаң шал болғанша жының басылмаған не қылған асаусың!— деп кемпір де сипақтап, аулақтап кетті.

— Жасыңда ырғаң-ырғаң етіп жуытпадың, енді сен шалыңнан, мен кемпірімнен айрылған басымыз бос бойдақ шағымызда бір ойқастап қалмасам,— деп Әмеңке кеңк-кеңк күлді.

— Ойқастап қал,— деді Сағила.— Бүгіннен соң бұл құдық басында кездесеміз бе, кездеспейміз бе...

— Иә, сонша немене?

— Е, аулыңа кейолоктар келіп жатқанын естімеп пе едіңдер?

— Ал, кейолоктар келсе қайтеді?

— Қайткені сол, біздің төңіректен жерді тескілеп кен іздейді дейді.

— Иә, мынау біз естімеген жаңалық екен,— деп екі шал елең етісті.

— Сол кейолоктар бәрінен бұрын ауылды суға қарық қылып жатыр. Жұрт үй басы қорасының ішінен, ауласынан ұзын-ұзын тұрбаларды орнаттырып құдық қаздырып жатқан жоқ па соларға. Енді мына құдықтан су алуға ешкім келмейді.

— Е, ондайлары бізде жоқ қой.

— Бүгін болмаса, ертең келеді. Немерелеріңді көргем, кейолоктарды жағалап жүргенін.

Жай түсіргендей хабарын айтып, Сағила өз жөніне кетті.

— Е, сөйтіп, телевизорға телміргенді көпсініп жүргенде, енді мынасы шықты де— деді Сәмеңке.

Бір кезде осы құдықты екеуі қазып жапсарларын ағаштан қиып, терең түптен, жоғары қарай өрбіткен еді. Қамшының таспасындай өрімдеген. Сол құдықтың ағашы мүжіліп, үгіле бастағанмен, әлі де бірнеше жыл қажетке жарайтын қауқары бар. Осының басындағы мал суарарға келген жандардың гу-гу кеңесі, әзіл-ойыны, әйелдердің сыбыр-сыбыр, күбір-күбір әңгімелері, жастар жағы сақылдап, қарттар жағы шиқылдап күлуі,— бәрі-бір күнде сап болғандай. Ана бір жылы дә-

рігерлер «гигиенаға жатпайды» деп мал жетектеп әкелуге тыйым салды. Тазалық, денсаулықты ауызға ала істелген бұл шара жөн екен дескен де көніскен. Бірақ мотоциклмен, арбамен, күйентімен, тіпті машинамен су тасушылар көбеймесе азаймаған. Ал үй басы өз суы болса, мұндай тоғысу, сөз жоқ, мүлде тыйылмақ. Ауылдастары күнде бір көріп жүздесіп, сәлемдесіп тұру ғанибетінен қол үзбек. Абыр-сабыр, дабыр-дүбірге қарап тұрғандары да бір жастай екен-ау!

— Амалың болса, қыл енді!— деді Сәмеңке.

— Қайтеміз, бұл да заманның бір ағымы шығар,— деді Әмеңке.

Шығырлаулы өгіздей екеуі құдық маңын торуылдап біраз жүрді. Күннің көзі аспанның биігіне тырмысып барып қалған. Көйлектерін қолдарына жұмарлап алған жалаңаш кеуде балалар қарасуға қарай ағыла бастады. Дүниеде небір өзгеріс өтіп жатса да ыдырамас, тарқамас топ осылар. Көшелердің қалтарыстарынан үшеу — төртеулеп шыға келіп, бәрі ойға түсер бағытқа түйісіп жатыр. Бірін-бірі жатсынып, тепсініп қалатын қылықтары көрінбейді. Бәрі бір ауылдың балалары, басар топырағы, көтерер шаңы бір. Тұнып жатқан қарасу неше мың рет сүңгіп, неше қайтара ол шеті мен бұл шетіне малтып өтсе де, неше миллион тамшымен бір-біріне қарай шашыратып ойнаса да жетеді бәріне. Осы жалаңтөс батырлар түске қарай қарасу бетінде құртшабақша қайнайды. Құмарлары қанғанша, кешкі салқынмен дірілдеп көкезу болғанша, кейбірін әке-шешесі жағаға қуып шыққанша әкетіп көр бұларды! Әмеңке мен Сәмеңке бұл белгілі хал, бастан өткен баяғы заман, балалықтың базары.

Ауру-сырқау, кәрі-құртандар терезелерді газетпен тұмшалап, аптап ыстықтан үй ішінің салқынымен жан сақтауда. Әмеңке мен Сәмеңке мұны да іштей сезеді. Құдық басындағы ауа өзгеше, Тереңде тұнған мөлдір су ыстық лепті сіміріп алып, жанға сая қоңыр салқынын ғана бері жіберетіндей.

Дегенмен әр нәрсенің шегі бар.

— Әй,— деді Әмеңке,— үйездеген жылқыдай құдық сағалап екеумізге елден ерек не керемет келді. Кетейік.

Сексен жылда алғаш, «әй» деуі ме екен. Сәменке құрдасына адырая бір қарады. Қарады да үндемеді.

— Кетсек кетейік, қымыз ішіп алмаймыз ба?

— Ішсек ішейік,— деді Әмеңке — тек былай: түске дейін біздің үйден, түстен кейін сіздің үйден ішетін бо-

лайық. Қымыздан айырылсақ, ел аман, жұрт тиыштα қарға адым жер тұрып, бір-біріміздан көз жазып қалармыз.

— Е, бопты,— деді Сәмеңке.

Әмеңкенің үйіне қарай баппен аяндаған екі шал арттарына қарайлап қояды. Екеуінің қолымен құрастырылған кәрі жолдастай ескі құдық ендігәрі іске аспай қалар-ау дегенге сенгілері келмейтін секілді...

V БАЛАНЫҢ КӨҢІЛІ ДАЛАДА

«Со балаға барып келуді салақсырата бердіңіз-ау»,— деді мектеп директоры. Сыпайы, бірақ сыздықтата, тіс арасынан шығара айтты.

Сол бала мұның да көкейінен шықпай жүрген. «Жөн-жобасын көріп қайту керек еді» деген ойы барды. Жоғарғы бұйрық, іштегі түртпек айдаған интернат меңгерушісі Шәріпбек көрші ауылға жол тартты.

Бүгін күн сенбі. Алда жексенбінің кеңшілігі бар, көңіл кең — жайылым. «Аш қарынға жұмыс жүрмейді» деген қағидасына сүйенсе, «жұмыс, жұмыс» деп күнде қамшылаумен жұқарыңқы тартқан жүйкесіне біршама тыныс бермек, арнайы шыққан шаруасын да жол-жөнекей бітіре салмақ. Қазысы елі, бармақ, тіпті сере шыққан соғым қай үйде болсын бар. Ат басын тіреп, түсерге сайлап алған үйдің қас-қабағы да өзіне таныс. Әйтеуір қызмет бабы сылтауымен далағай-дайран жайлы демалыстың сәті түсері айқын. Шәріпбектің осы көңіл-күйіне үйлескендей, көптен жегілмеген күрең бесті де ашөзек жарау атша аласұрмай, тоқтық қалпын танытып, күрпілдек қарды ауырламай борпборп басып желіп келеді.

Басты шаруа — Мақанжан. Ол — осы орта мектептің тоғызыншы класс оқушысы. Интернатта тұратын бірінші, екінші тоқсанда аты-жөніне сөз еріп көрмеген бала турасында жаңа жылдық каникулдан бері қаңқу сөз, шағым-нала мылтықтан сескеніп үрке ұшқан құстардай дүрілдеп кетті. «Мақанжан сабаққа селсоқ» деген алғашқы ескерту ойыншық екен, «Мақанжан сабақта есінеп-пысынап мүлгіп отырады. Қоңырау қашан соғылады деп екі көзі сағатында» дегенді де естіді.

Мақанжан ересек балалар тобында. Кейде ыза бол-

ғанда, Шәріпбек «бұлар ересектер емес, сыпыра ардагерлер» деп те жіберетіні бар.

Осы күні не арзан, үштік баға арзан. Үлгірім сапасын жоғарылатамыз деген дақпыртпен құлағы қалқайып жүріп жатқандарға өлусіреген осы құмырсқа бел сан қойыла салатыны да жоқ емес. Мақанжан да солай жұрт қатарлы елбесіп-селбесіп оныншыға өтіпақ кетер еді. Өзі және соншалық қутақыр, құралақан бозөкпе де емес, ана пәннен, мына пәннен мысқылдап «мандайына жұққаны» да бар.

Қырсық шалғанда, сабаққа енжарлығы былай тұрсын, Мақанжан енді мектеп маңайын көрмеуге айналып барады. Класс журналында оның фамилиясы тұсында «Ж» әрпі — «Жоқ» деген белгі жыпырлап, күннен-күнге самсап, көбейіп келеді. Шәріпбектің бүгінгі сапарының мақсаты да сол — бұл жүгірмекті әке-шешесінің көзінше аздап «дүриттеп» алып, сонан соң «құдайы құлдық, қалтиып класта отыршы өзің, аттестатты қалтаңа өзім-ақ салып берейін» деп икемдемек. Мана директор да солай емеурін білдірген. «Шәке, қазіргі кезеңде үлгермеуші бергеннен гөрі аудан алдында отсев бергеннің сұрауы қатаң. Қамтылмады, қамтымадыңдар, баланы оқудан сырт қалдырдыңдар, мектептен тысқары жайылып кетті деген ызың құлақтан кетпейді. Оның үстіне заң бар, қаулы бар дегендейін»,— деп бипаздаған сөздері Шәріпбектің құлағында әлі қоңыр үнмен қоңыраулатып келеді.

Жол ұзақ. «Осы бала неден бұзылды, бұған мұндай желік қайдан килікті?»— деген сұрақ Шәріпбекті бірқатар ойға салған. Енді осы баланың түр-тұрпаты, мінез-құлқы, жүріс-тұрысынан осыншама қиястыққа бастарлықтай белгілер қарастырылып табылмақшы.

Көрші ауылдың сегіз жылдығын тәмамдап, оқуағарту жүйесінің осы төңіректегі қара шаңырағы деп аталатын бұл орта мектепке кімдер келіп, кімдер кетпей жатыр. Осы бала интернатта тәрбиеленушілердің тізіміне тіркеліп жатқанда, Шәріпбек алғаш бір ойға қалған. «Мақаны Мақан болсын, ал — жаны» неменесі тағы? Не өзі қосып тұр, не біреудің шолжаңы боларсың»,— деп түйген. Өзіне «бек» дегенді неге қосақтаған десе ғой біреу.

Миға салып шолса, Мақанжанның аракідік оқыс мінездері әр уақыттың естелігінен бір қылаң береді.

Әлі күнгі Мақанжан мұны Шәріпбек Дүйсекеевич деп атамай-ақ қойды. Ол «ағай» дейді, бұл «Шәріпбек

Дүйсекеевич деп айт» дейді. Осындай аударыспақ тәрбиешіге әлі жеңістік бермей келе жатыр. «Маған ағай деген ұнайды»,— деп салды бірде Мақанжан.

Мақанжанмен бір бөлмеде оның ауылдасы Тоқтарбай тұрады. Екеуін салыстырып қараса, мен мұндалап тұрған қарама-қайшылық. Тоқтарбай ә дегеннен қоянқолтық жақындап Шәріпбектің бауырына кіріп алды. Көп ұзамай, интернаттар советінің (тәрбиелеушілерді кейде өзара осылай да атай береді) мүшесі болып сайланды. Қашан іздесең орнынан табылады. Киім киісі мұнтаздай. Жұтынып тұрған бір жәргентай. Шәріпбек «балалардың күнделікті бағаларын біліп алу керек еді» — дегенше, ол «мен кеше журналдан көшіріп қойғанмын», деп дайын дәптерді жастығының астынан суырып қолыңа береді. Мінезінен бір мін таба алмайсың. Төсек жинағанда әскерде жүріп келген жігіттен кем емес, сымға тартқандай етіп бір қырысын көрсетпей тақтайлайды. Ал Мақанжанның кереуетіне қарасаң, болбырап, солбыраған бірдеңе. Үнемі жастығының бір шекесі майырылып тұрғаны.

Тоқтарбай қыс басының бір күні Шәріпбектің зәресін алғаны бар. Түн ішінде терезе дүрсілдеткен кім десе, алқынып, деміккен қалпы:

— Мақанжан жоқ!— дейді Тоқтарбай.

— Осынша қиянға жаяу жүгіргенше, телефон неге соға қоймадың?

— Оның шырылынан сізді шошып кете ме деп...

Қолына іліккенін үстіне сұғына салып, интернатқа қарай жүгірген Шәріпбек ойы сан саққа бытырап, миы қазандай қайнап келеді. «Апыр-ау, түн ішінде жер жұтып кетті ме? Мана кешкілікте ғана бар еді ғой» дейді өзіне-өзі. Мұнымен қатарласа емпелендеп келе жатқан Тоқтарбай:

— Ол жоғалып кетсе, сізді қызметтен шығарады ғой, ә?— дейді.

«Мені уайымдап келе жатқан түрін қарашы»,— деп Шәріпбектің іші майдай еріп қоя берді.

Бұлар интернат маңына жеткен соң, бір сәт тыныстап алды. Құмға сіңгендей түн ішінде зым-зия болып кеткен желаяқ баланы қайдан іздеп табады? Милицияға хабарласа ма екен? Директорды да төсектен тұрғызу қажет болды ғой, сірә. Суға түсіп жазымға ұшырады-ау дейтін арнасы үйге тиіп тұрған көл мұзбен көмкерілгелі қашан. Әлде үйіне кетіп қалды ма екен?

Осы жорамалдармен абдырап тұрған Шәріпбектің

Құлағына осы көл жақтан бір сырыл естілді. Әлде темірге пышақ жанығаны ма, әлде аяққа байлаулы коньки-дің табанынан шыққаны ма — шақыр-шұқыр бір дыбыс. Демін ішіне тартып тыңдап еді, құлаққа енді үзіліссіз бір сырыл жетіп тұр. Жоқ іздегенде тиянақты белгі болған ба, неде болса барып көруге Шәріпбек солай қарай беттеді. Жақындай бере аңдағаны — қолына күрек ұстаған біреу мұз бетін түрткілеп жүр. Мақанжан!

— Ей, күн жетпегендей түн ортасында мынауың не сенің, ә, мұның не?— деп санасында үрей мен қуаныш арпалысқан Шәріпбек деміге сөйледі.

— Қап, бұл бір құпия еді, көріп қалдындар-ау!— деді Мақанжан жайбарақат.

— Апырай, ә, мұндай да найсап бола береді екен, ә!— деп Шәріпбек енді түтікті.

— Ағай-ау, мына қараңызшы,— деп Мақанжан айылын жиятын емес,— мына көл желді күні қатқан ғой деймін. Толқынын аяз шалғанда, бетін әдейі жиырлатып тастағандай қатпар-қатпар қалпында қалған. Коньки тебуге кедергі, кедір-бұдыр, тұтқырланып, еркін жөңкілтпейді. Мен осы қатпарларды мына күрекпен қағып тастап, әдейі біртегіс айдын дайындай қояйын деп едім. Ертең сонсын балаларды алып келіп таңқалдырайын деп едім...

— Таңқалдырайын деп едім! Таңқалдырғышын мұның!— деп Шәріпбек күйіп-пісті,— бұл... тәртіп, ереже деген болмаушы ма еді өзі! Есік жабулы, сонда қайдан шықтың сен?

— Терезенің желдеткішінен.

Шәріпбектің көзі бақырайып кетті. «Мынаны біреу естісе... «Тәрбиеші есіктен шықса, тәрбиеленушілері тесіктен шығады» деген құбылта жөнелмей ме?! Қой, «жабулы қазан жабулы» қалу керек. Жоғалып табылған жан олжа. Ол енді босаңси сөйледі.

— Әй, шіркін, балалық-ай десеңші!

Тіпті мырс етіп күліп те жіберген болды.

— Ағай, өзіңіз де бала болған жоқпысыз?— деп қалды Мақанжан.

Сірә, тәрбиешінің көңіліндегі кілт етпе майысуды аңғара қалса керек.

Бала болғанда қандай. Ертегідей бұлдыр базар алыста қалды ғой. Бұлар да аяққа тұмсығы қайқайған конькиді пиманың табанына кендірмен шандып алып, осы көлдің ол шеті мен бұл шетін ирек-ирек іздерімен

жалғастырып жүре бермеуші ме еді. Бұларды да ата-аналары дабылдатып, даурықтырып іздеген... «Бірақ онда біз интернатта емес, өз үйімізде тұрып жаттық қой» деп Шәріпбек былқып-иіп бара жатқан ой тізгінін дереу қатайта қойды.

— Тәртіп керек қой, шырағым, тәртіп,— деді қату.

— Бүгін ай қандай жарық! Көл бетінде не жоғалтсаң да тауып ала қоятындай. «Желсіз түнде жарық ай» деп Абай бекер жырламаған ғой,— деп Мақанжан өз күйіне басып тұр.

Айдың шынында кіршіксіз жарық екеніне Шәріпбек сонда ғана көңіл аударды. Ақ самала бір тыныштық орнай қалған.

— Апам осындай айлы түндерде ақсүйек ойнаушы едік деп отырады,— деді Мақанжан,— біз тым құрығанда асық та ойнамаймыз.

— Өй, ақсүйекті жазда ойнайды, жазда,— деп Шәріпбек күйгелек дауыспен булыға сөйледі.— Ал «асық ойнаған азар» деген.

— Мына көл жиегіне алтыбақан орнатса ғой! Көвің көріп, қолың ұстамасын дегендей, кітаптан ғана оқисың, өмірде жоқ, дейді Мақанжан.

Өкпелі бұртиыңқы дауыс. Бүкіл арман мақсатын осы түнде айтып қалайын дегендей. «Мынаны біреу үйретіп қойған ғой, тым тақылдап кетіпті» деген сезік кірді Шәріпбектің ойына.

— Ал болды, қиялиланбай жатыңдар!— деп интернатқа беттеді.

Манадан бері сөйлемек түгілі үн шығармай тұрған Тоқтарбай осы кезде тіл қатты.

— Шәріпбек Дүйсекеевич, жақсы болды-ау тіпті, сіз қызметіңізде қалатын болдыңыз,— деді.

Бар ықласымен қуанып тұрғандай мүләйім дауыс.

Осы Тоқтарбай кеше Мақанжанның сабақ қалдыра беруі туралы сөз қозғалғанда:

— Отсев деген жаман дейді ғой. Сізге аудан жағы сөгіс беріп жүрмесе жарайды ғой,—деп салды.

— «Осы боқмұрын түбінде дыңдай педагог болып шыға келмесін,— деп ойлады сонда Шәріпбек.— Кісінің жүрек қылын баса сөйлеуін қарашы...»

Осы елестерден арыла бастаған Шәріпбек онсыз да желдіртіп келе жатқан атты қабырғалата божымен бір қағып қалды.

Әйтеуір қалай болса да Мақанжанды мектепке қай-

тарып, партаға отырғызу керек. Бүгінгі міндеттің бар ауыр жүгі осы.

Күрең бесті біркелкі жүрісімен Шәріпбекті айтылмыш ауылға әжептәуір жақындатып келген екен. Көзкөрім жерде қарайған үйлер, олардың мұржаларынан шұбатылған түтін де белгі беріп, «мен мұндалап» тұр. Сол шағын ауыл орналасқан алаңқайға жетіп тірелместен бұрын бір қылтанды шоқ ағаш кездесетін. Жанжағы жыртынды, мал қораға жетіп үлгермеген сабан көпенелері әр жерде қармен жаншылып қалған. Ақ орамалдың жиегінен тарам-тарам желбіреген сары шаш тұтамдары іспетті. Айналасын шола қарап келе жатқан Шәріпбек әлгі қылтаннан бұған қарай бүйірлете жол тартып келе жатқан шаңғышыны байқады. Қолында таяғы жоқ, арқа тұсынан мылтығы шошияды, иығында салбыраған түлкі. Осының бәріне ә дегенде шапшаң зейінмен бір қарап өткен Шәріпбек енді оның өңіне зер салғанда, бұл жалпақ табан шаңғымен ырғала келе жатқан Мақанжан екенін аңғарды.

— Ассалаумағалейкум, аға!— деді бірден аңшы бала.

«Оқушыға лайық сыпайы «сәлеметсіз бе» де жоқ, «ағалаудан» әлі де таймаған. «Бұған бал құйсаң да болмас» деп тіксініп қалды Шәріпбек.

Аңқаландаған Мақанжан іс-міс жоқ екі қолын ұсынып жатыр. Мынауы оқушылық этикадан әбден безген болды,— деп түйді ол. Сөйтсе де, ұмсынған қолды алмасқа амалы жоқ Шәріпбек қитығыңқырай сәлемдесті.

— Е, өзің... Бір жұма көрмегелі көп өзгерісің бар екен. Есейіп кетіпсің!

Мақанжан тез суына қалғандай, енді алғаш сәлемдескендегідей елпілдемей, сумаңдамай үнсіз тұр.

— Иә, сөйтіп, қырмызы түлкі аулаған жас аңшымын де.

— Қаңтардың аязынан есеңгіреп қалған ба әлде аштық бар ма, түлкілер әлсіз. Таяқпен-ақ соғып алуға болатын,— деп Мақанжан мұнысынаелп ете түсті. Әлгі кекетінді сөздерді мақтау көріп, мардамсыз қалса керек.

— Солай, солай...

— Солай. Түлкі қайтадан мода болды ғой. Ауылдағы қыздардың біразын малақайландырдым.

— Е, оқуды қойып, кәсіп аштым де. Кассаға қатарлап басып жатқан боларсың!

Шәріпбек түлкі терісі жүз сомның үстінде бағаланулы деп естуі бар-ды. Мақанжан бұл қақпанға түсе қоймады.

— Мен ақша алмаймын,— деді оған тік қарап.

Дауысы ажарланып, ашылып кетті.

— Ә-ә?— деді Шәріпбек қисынсыз бір әккілікпен даусын созып.— Ал оқуға қашан келеміз?

Бұған да бөгелмей жауап берген Мақанжан ағынан жарылды. Ол баста ерте ойланбай тоғызыншыға барып қалып, бірер ай уақытын бекерге шығындағанына өкінеді екен. Өзінің келешек не ғалым, не атақты адам бола алмайтынына енді көзі жетіпті. Өйткені дәл осындай бола қояйын деп құлшынып, лапылдап тұрған ішкі жалын сезінбепті. Қатардағы мың сан ас ішіп, аяқ босатардың бірі екен. Сол себепті мектеп қабырғасында бос санатта жүріп, құлқы соқпаса да өндіршектеп, өріп, кеміріп, текке қағаз шимайлап, сия тауысқанды жөн деп таппапты. Қазір аудан орталығындағы шоферлық курста оқуға тізіліпті. Соны анықтайтын қағазын көрсетті. Төрт-бес күнін өткеріп те келген. Сол курсты бітіріп, қалтаға куәлігін салып алған соң, күзде кәсіптік училищеге түспек. Орта білімге куә аттестат пен белгілі бір куәлік тағы келіп қалтаға түспек.

— Иә... жоспарың, генеральский,— деді Шәріпбек.

— Енді қалай?— деп жымиды Мақанжан.

— Біз болсақ, сен үшін ат айдап сабылып... Сонда әке-шешеңнің де сөзі осы ма?

— Осы болғанда қандай, ағай. Тіпті әкем бұл күнде техника мінген адамнан асқан құдай жоқ деп отыр.

Ойға алған негізгі мәселенің арты сұйылып кеткен соң, көңілді демалысқа Шәріпбектің зауқы соқпай қалды. Атын кері бұрды. Қейде айтар сөз таусылып, өзін әбден қажытқан балаға «екі дүниеде сен оңсаң, мұрнымды кесіп берейін» дейтіні болушы еді. Сонысын Мақанжанға да айта жаздап әрең іркілді. Неге айтпағанын өзі де түсінбеді. Атқа қамшы баса бергенше:

— Ағай,— деді Мақанжан,— байланыңыз!

Өзі сол бетінде сырғанап келіп, сұрау-бұрауы жоқ, қызыл түлкіні сыландатып, шанаға салып жатыр.

— Өй, бала, ұят болар, ұят болар,— деп мұндайын күтпеген Шәріпбек абдырап қалды,— керегі керек те еді. Әлгі студент қызыма. Бірақ ақшасын беріп жібермін...

— Ақша алмаймын дедім ғой, ағай. Сізге сыйлағаным.

— Сонда қалай болды енді?

— Еш қалайы жоқ, аға!

Мақанжан орманға қарай сырғып жүре берді. Қимылы ырғаң-ырғаң. Байсалды бір мығымдық бар өзінде, Шәріпбек «Түлкің өзіңе, мектепке оралшы» деп айтсам ба екен деп бір оқталды да қойды.

Шанасында сұлата салған түлкісі бар ол кейін қарай қозғалды. Күрең бесті аяқ суытып алайын дегендей манағы қарқынын сәл баяулатқан.

Шәріпбек енді аяқталмаған сапарының түйінін директорға қалай жеткізуді ойластырып келеді. Мақанжанды жоғалттық дей ме әлде қанаты қатая берсін дей ме? Ой тасқыны сарайланып біткен емес.

Күрең бесті борп-борп желіске қайта түсті.

ШАҢҚАЙ ТҮСТЕГІ ШАҢҚЕТПЕ

Шешесі бас жағынан төніп келіп, иіскелеп тұрғанын Наурыз сезіп жатыр. Бірақ сезгенін білдірмейін деген оймен маужырап қатты ұйықтағансиды. Кірпіктері қыбыр-қыбыр еткенінен шешесі оның көз жұмулы, көңілі ояу қалпын танып қалатынында жұмыс жоқ. Осы бір балдан да тәтті рахат сәтті белгісіз ұзақ уақытқа соза түсу есі-дерті. Шешесі сүт аңқыған жұпар иісімен мандайын қытықтай аймалаған сайын Наурыздың тұла бойы шымыр-шымыр етіп, тамыр-тамырын ерекше бір шуақ тарап жатқандай.

— Көлеңкем-ау сол, көпейім-ау сол, жарығым-ау сол! —деп шешесі емірене түседі.

Сәл қарлығынды қатқылдау дауыспен сол бетінде:

— Сен туған күн мерекеміз,
Ән шырқайық, кел екеуміз,—

— деп ыңырси жөнелді. Наурыз соңғы кезде «мамам ылғи таңғы сауын деп ерте тұрады, тамағына сол себепті суық тие беретін шығар» деп ойлайтын болған. Сонда да осы дауыс оған майдай жағатынын да сезіне бастаған. «Көкек айында туған Көкешім-ау!... Күлімдеп кеп қысты ысырған күнім-ау!»— дейді шешесі ерекше толқыған сәттерінде.

«Қазір Көкешім-ау, жарқыраған күнім-ау деп айтады» деп ойлады Наурыз. Ойын тәмамдап үлгергенше бұл сөздер де айтылды.

— Өзіме тартқан құлыным!— деп Наурызды кеудесіне басты шешесі.

Бұнысын ол оңашада ғана айтады.

Әнеугі бір түнде әкесінің:

— Әй, Уәнәсия, Наурыз ұл болғанмен, кескіні саған тартып кеткен,— дегенін естігені бар.

— Әкеге тартқан қыз, шешеге тартқан ұл бақытты өседі деседі ғой,— деген шешесі Уәнәсия.

Таңертең айнаға олай қарап, бұлай қарап, төрде қатар ілулі Қәйкен мен Уәнәсияның үлкейтулі суреттеріне қанша тесірейгенмен, Наурыз өзінің бет-әлпетінен әкесіне тартқан ештеңе таба алмаған.

— Сен бүгін жетіге толдың ғой, Наурызжан!— деді Уәнәсия.

Сонда ғана көзін ашқан Наурыз қос білегін шешесінің мойнына орап алды:

— Мен биыл күзде оқуға барам; иә! Сен бүгін балаларды қонаққа шақырасың, иә! Мен оларға қосылып кәмпит жеймін, иә! Күні бойы, түні бойы, таң атқанша пластинкадан ертек тыңдаймыз, иә!— деп шұбырта жөнелді.

— Иә, иә, иә!— деп Уәнәсия да ұлын емін-еркін шөпілдетті.

— Алтыным-ау сол!— деген сөз сол тебіренісімен жұптаса шықты.

— Тұр, балақай, тырналарыңды көре алмай қаласың!— деді Уәнәсия.

Солай деуі мұң екен, Наурыз төсектен атып тұрды.

Нақты туған күнімен сәйкес түспесе де, не ерте, не кешең, әйтеуір көктемнің шуақты бір күнінде тыраулап тырналар ұшып жетеді. Сол күнге бағдарлап, Наурыз өзінің мерекелі күнін де құбылта беруді әдет етіп алған. Төбеден әуелеп тырна ұшып өткен күнді туған күнім деп атауды жаны қалайды да тұрады. Сондықтан бұл күн біресе он бесінші апрель, біресе жиырма бесінші апрель дегендейін ауыса береді.

Өткен күзде қар ұшқыны қаңғалақ ойнай бастаған бір күні Наурыз тырналарды көзімен ұзатып салған. Ашық аспанға ақша бұлт ізін түсіріп бара жататын самолеттердей үшкір лекпен ілгері тырмысып, қыстың қаһарлы қылышынан елес берген бұл өлкеден күні күлімдеген жайдары жаққа асыға түседі. Бас киімі желкесіне ысырылып тірелгенше шалқайған Наурыз найзадай сүйір үшкілт тізбек көзден ғайып болып, соңғы нүктесі бұлдыр сағымға айналғанша тапжылмай көп

тұрды. Тіпті бір сәт сол тізбектің соңындағы тырна ұзай бере бұған бері қайырылып бір қараған сияқты да көрінген. «Бұл менің тырнам» деп Наурыз оны іштей иемденіп қалған. Енді осынау лектің соңын қамтыған сол тырна құстар көшін бері қайырып, көктемі жадырай бастаған мекеніне бастап келетіндей.

Наурыз киініп, асығыс-үсігіс далаға жүгіре шықпаққа қамданып жатқанда, үйге кіре берісте дабырдұбыр дауыс, тапыр-тұпыр аяқ дабыры кернеп кетті.

— Уәнәсия, ә Уәнәсия!— деп Қәйкен тықыршыған сияқты.

«О, не боп қалды бұ!— деп ұмтылған шешесіне ере шыққан Наурыз есіктің ар жағынан әкесінің Жұқан деген құрдасын көрді. Оның қасында күбіжіктеп Қәйкен тұр:

— Уәнәсия, ана еттеріңді жинап ал, мына құрдас бүлдірді,— дейді.

Сонда ғана Наурыз сыртқы есіктің ашық қалған көзінде ұртымен толғап-толғап, соғым етін сорып жатқан тайыншадай сұр итті көрді. Кіре беріс қабырғамен жапсарлас қуыс бөлмеде үнемі ет ілулі тұратын. Жуырда ғана Уәнәсия түтінге ыстап, «бұлар енді сүрге шығатын шығар» деп аспалы сырықа қатарлап қойған. Соларын Жұқаңның сұр иті тартқылап тастапты. Өзі де сұр, көзі де сұр ит екен, міз бақпайды. Сірә, Қәйкен көрмесе, түгел былапыттап, жәукемдейтін түрі бар.

Шұбатылып жерге түскен екі-үш түйір ет кесектерін көтере беріп:

— Е, Жұқаңды аңшы екен дегенге қасқыр соғып, құрдастарына түлкі байлап жүрген сұр мерген бе десем, шошаладан ас аңдыған сұм мерген десеңші,— деді Уәнәсия.

— Әйелі үдете шаптығып кете ме деп сескенді ме, Қәйкен:

— Жә, жә,— деп басу айтқансыды.

— Е, өздерің бірнеше жыл өтті, қонаққа шақырмайсыңдар, мен жемегенді итім жесін деп Ақтөсімді сүрлеріне көмейлеттім,— деп Жұқан сасар емес.

— Бәсе, әзілі жаманның қолында тоқпағы жүреді дегенді де көреді екенбіз,— деп Уәнәсия ренішін баса алмай тұр.

— Жарайд, жарайд,— деп Қәйкен тағы басалқыға басып тұр.

Жұқан кең жайылым қысы-жазы бұрқырап терлеп жүретін әдеті. Тымағын шешіп, бір сығымдай суды

мандайдан саусағымен сыпырып сәкіге ағызды. Көздері тасырақ, делбегей танаулы сары кісі. Еріндегі ернеусіз сызық қана сияқты.

— Әй, сендер, немене, қонақты осы жерде өрен-жарандарыңмен қарсы алып, осы жерден әрі аттатпай досвидание деуші ме еділдер. Бу несі кісіні телміртіп, кет де одан да,— деп тепсінді.

Жерге қарай ма, қабырғадағы теңбілдерді түгендей ме, көзін тұрақтап тіктемейтін Қәйкен Жұқанның тоқ сыртынан буынған белбеуіне қараған күйі:

— Кіршейш, кіршейш,— деп оны иықтан нұқи үйге икемдеді.

Мұнысы — үй несіндік тізгінді қолға алғандығы. Тықыр-тықыр басып, екеуі ішке кірді.

Мынадай дөрекі қылыққа наласы әлі басылмаған Уәнәсия:

— Ойның осылғыр, осындай да ойын бола ма екен, дәмді ластап,— деп күйіп-пісіп жүр.

— Ол неге осыншама өкіреңдейді?— деді Наурыз.

— Әкеңнің басқа жақта тұратын жамағайыны әрі құрдасы. Құрдастардың өстіп өктемдейтін де салты бар,— деді Уәнәсия, онысына шытынап, мінез танытсаң, жамандап кетеді тағы.

Күйгелек сезім Наурызға да ауысқан сияқты, енжар кейіппен ілби басып, қайыра үйге кірді. Қолжуғышты салдыратып, бетін шайған болды. Іле-шала Уәнәсия да келді.

Төргі диванда шалқалап Жұқан отыр. Жанында бүкшиіп, сәкідегі төсеніштің тігісін тексеріп Қәйкен отыр. «Демін ішінен алып» дегеннің кері. Жұқан тонның түймесін ағытқанмен, шешінбеген. Қасына тастаған тымағынан бу бұрқырайды. Бұрап жіберсе, одан да бір сығым су шығатындай. Екеуінің мына қалыптарынан әйекей-үйекей бола кетер сыңайларын таппаған Уәнәсия:

— Сен немене бет моншағың үзіліп отырсың, қонағыңа неге шешін демейсің,— деді Қәйкенге.

— Шешінеді ғой,— деді Қәйкен.

—Шешін, шайға дәл келдің,— деді Уәнәсия.

— Шайыңды қой, ас қамда,— деп күмілжіді Қәйкен.

Оңаша күңкілдессе, «әй, мынаған не істейміз?» дер еді де. Уәнәсия не айтса, соған жығыла кетер еді. Қонақ көзінше қоқан лоқыға көшкен.

— Мен ит тістеген ет жемеймін,— Жұқан екі қолын екі жаққа жая тіренді.

—Е, сонда?— деп Қәйкен басын көтерді.

— Мал сой!

— Ойбай-ау, ол енді...

Мал сою Қәйкеннің әлсіз жері.— Қойдың бірі буаз, бірі қоздап дегендей...

Оның көлбектегенін ұнатпаған Уәнәсия турасына тартты:

— Жыл шығып тұрғанда мал сойғанды кім көрген,— деді,— жесең соғым еті, жемесең шай ішесің.

— Шайың етке бергісіз болса көреміз де,— деп Жұқан бұлдануға айналды.

— Соны айтсаңшы, соны,— деп Қәйкен орнынан қопандап тұра беріп басылды.— Сен магазинге барып кел, біз карта ойнай тұрайық.

Қәйкеннің бар ермегі — карта. Екі сөздің басын қосып сөйлеуге олақ жан, әуелі үйге келген қонаққа май ұрлаған мысықша үн-түн жоқ жылмиып қарай сұқтанып біраз отырады. Онымен уақыт өтпесін сезген соң, суырмадан алып, бір пашкі сигаретті алдына тосады. Қонақ пен үй иесі қосарланып түтіндетеді. Темекіден ауыз уыла бастағанда, сол суырмадан карта шығады. Қәйкен онысын үн-түн жоқ, қобырата шашып тарата бастайды. Талай рет Уәнәсияның «Аузын буған өгізше үндемей отырғанша, бір-екі ауыз сөз неге үйренбейсің?» деп оған ұрсып жатқанын Наурыз біледі. «Керек болса, қонақ өзі сөйлесін» дейді Қәйкен.

Сабасына жаңа түсе бастаған Наурыз дүкенге қамданған шешесімен бірге далаға шықты. Жұқан келе басталған абыр-сабыр аралығында ұмытылып кеткендей болған тырналарын кең аспаннан іздеп, көз тікті. Таңғы тұнжыр тұман сейіліп, жер бусанып, ыстық демін ауаға сіңіріп жатқандай. Осы көрініске елтіп қалған Наурыз бір сәт диван үстінде буы бұрқырап сұлап жатқан Жұқанның тымағын елестетті. Бірақ бусанған жер мен дымқыл тымақ арасынан сондайлық ұқсастық таба алмады.

Аспанға қараумен жүргенде, Наурыз дүкеннен оралған шешесін байқаған да емес. Бір ауық қораға жапсарлас сырғауылда қалқиған қушық ұяда бір кіріп, бір шығып қылтыңдаған қара торғайдың таңдайын тамсана тықылдаған үніне құлақ түрді. Зып-зып етіп бір қонып, бір ұшып тағаттамай жүрген шымшықтар кейде ұмар-жұмар ұйлығыса қалады. Жапсарға байлаулы Жұқанның ерттеулі атына зейіні ауғанда, салт жүріп шапқылаған қандай рахат екен деп қиялдады. Әлі күнге үзеңгіге аяқ салып, ат жалын тартып көрмегенінің өкін-

ді. Ерге асылта ілулі қосаусыз мылтық та оған таңсық. Алақұла теңбіл аттың тұяғына тұмсығын төсеп қойып, ала тұмсық сұр ит дөңкиеді. Әлгінде ғана соғым етін езулеп жатқан жатысы есіне түсе кеткенде, Наурыз «алапес неме» деп кіжініп, құты сол итке түсе кетті. Аяқ асты жатқан тасты алып, ала тұмсықты көздей берем дегенде, есік сарт ашылып, Жұқан мен әкесі шықты.

— Боқмұрының өсіп қапты ғой,— деді Жұқан.

Манағыдай емес, бетінің қырыс-тырысы жазылып шырайлана қалған Қәйкен де кісіге тура қарайтын халге жеткен.

— Иә, бұл жаманымыз да жігіт боп келеді,— деді.

Түрпі сөз бала жанын отша жаныды. Таң алдында аймалаған шешесінің «алтыным, жарығым, күнім» деп толғанғанынан жинаған жарық сәулелі әсердің бәрі зая кеткендей. Ауыздары іріп-шіріп, дәл туған күнінде жарым ырыс жөндеп сөз айта алмаған үлкендердің қасынан кеткенше асықты. Үйді сырт айналып аулақ шықты. Сол сәттегі Наурыздың бұртиыңқы қабағын жазып жіберейін дегендей, қиқулаған құс дауысы еміс-еміс құлағына жетті.

— Тырналар!— деп еріндері күбір етті.

Көзге ілінбес биікте өтіп бара жатса керек, тырналардың тұлғасы бірден көріне қоймады. Құстардың дәл төбеден шыққандай назды, сағынышты даусы өздерінен бұрын ап-айқын келіп тұр.

Тырналар бұл төңірекке тұрақтамайды. Суы іркілдеген қопалы көл мұнда жоқ. Жыл сайын көктемде Наурызды талдыра тостырып бір жетеді, сағынтарын білдіргендей назды, аялы дауыспен күзде бір өтеді. Аяқталмаған ертек, тарқамаған құмар іспетті. Осынау дауысқа құштарлық Наурызға туа біткен бе екен? Әйтеуір осынысынан таймайды. Жұқанның үрдіс келуімен, дөрекі кимелеуімен үйге бірге кірген аз-кем кірбең қас қағым сәтте жуылып-шайылып, ұмтыла берді.«Бүгін келістіріп тұрып тойлаймыз» дейтін шешесінің сөзі құлағында әуендетіп сайрай жөнелгендей. Наурыздың қуанышқа толы күмбірлеп тұрған лепірме көкірегіне күй толтыра түсейін дегендей, тырналар легі де назарына ілікті. «Менің тырнам бастап келеді, әне!»— деп Наурыз масайрап тұр. Құстар көші дәл Наурыз алақайлаған тұстан өтіп барады. Лепірген бала көңіл аспанмен тілдесе асқақтаған қалпымен шаңқ еткен окыс дыбысты аңдамады. Кенет суылдай сырғыған топтың арасынан бір түйіншек тура төмен қарай зуылдап, сор-

ғалай жөнелді. Соның кесек тасша құлдыраған бағытына нкемделіп, Наурыз есік алдына оралды.

Қора ішінен қолында мылтығы бар Жұқан жүгіре шықты. Оның соңынан жарбандап Кәйкен келеді. «Әй, мергенім-ай!— деп қояды. Бұл көпірменің мәнін Наурыз қақ алдына кеп тырнаның бірі топ ете түскенде ғана білді. Жүректен аққан қаны бала жүрегін сескендірмесін дегендей етпеттей құлаған. Сала құлаш сарғылт қанатының ұшы қарайып, ұзын сирақтары әнтек бытырап кеткен. Қай бағытқа болмасын әйтеуір ілгері ұмтыла беру мүддесімен ұзын мойнын бүкіл денесіне сыймас бір күшпен зорлана, ілгері созып жатқан сияқты.

— Қорада бұқпантайлап тұрып, бір ғана басып қалып едім, көрдің бе қалпақтай түскенін,— деп Жұқан мықынын таянып тұр.

Тырналар тобы серігін жоғалтқанын жаңа аңғарғандай. Салтанатты шеруі бұзылып, ызың-қызың аза басталды. Бір шеңберге ілініп тұрғандай дөңгелене суылдайды. Қиқулары ашы, құлақты жарады. Шамалары келсе, Наурыздың қарсы алдында сұлап жатқан жолдасын тұмсықтарына іліп әкететіндей. Сонысына себептесейін дегендей, Наурыз өлі тырнаны салақтатқан бойы қораның төбесіне тырмысып, сатымен өрмелей жөнелді. Қіші-гірім тоқтыдай салмағын да елемегендей, белі қайыса жоғарыға өлермендене ұмтылды. Тырнаның денесін қораның жарығырақ бұрышына қарай апарып, жатқызды да, қанатын түзеді. Өзі кейінірек ысырылды. Әйтсе де адам қолына түскен серіктерінен күдер үзсе керек. Наурыз әлгінде жерге еңкейе берген де, тырналар қайтадан қатарын түзеп өмір жорығын тоқтатпас ниетпен алғашқы бағыттарымен кете берсін. Қолын көлеңкелеп соңдарынан қарап қалған Наурызға тырналар тіркесі шорт үзіліп, самғай тартқан. тұтастықтан жаңылған, дәл ортасы ойық әлде кесік сияқты көрінді. Немесе ұрпақтастары кесапатқа ұшыраған қадірлесінің орнын әдейі сол қалпында сақтап бара ма екен?

Құстар көзден ғайып болғанда ғана Наурыз қораның төбесі апанның аузына ұқсап үңірейіп тұрғанын байқады. Мұны мана Жұқан атуға ыңғайлы етіп, мылтықтың дүбімен түрткілеп ашқан. Наурыз бар пәле осы жырмадан келді деп ұқты. Жан-жаққа ажырап кеткен тақтайлардың басын жалма-жан біріктіріп, анадай үюлі шөптен құшақ-құшақ тасып, дәл сол тұсты дөңкитті. Атына мініп, жөнеліп жатқан Жұқанға:

— Ендігәрі атпайсың, атқызбаймын!— деп кішкентай ғана жұдырығын түйді.

Осының бәрін көріп, табалдырықта тұрған күйі қалшиып дағдарған Уәнәсияға:

— Менің тырнам өліп қалды. Мен туған күнімді, биыл тойламаймын!— деді.

Сөйтіп, ол өзі үшін жылында бір келетін мерекесін атап өтуді келесі жылдың көктеміне шегерді. Наурыздың көңілі толы үміт пен арман. Онысын тартып алар құдірет ешкімнің де қолында болмаса керек.

ЖАҢҒЫРЫҚ

Еркеғали баспадан көңілді шықты. Поэзия бөлімінде бір ұйым болып отырған жігіттер мен қыздар бұл күні ерекше мейірімді кеңпейілді көрінді. Сәтіне бастайын дегенде бас сұққанша, қағазға шұқшиып отырған бөлім бастығы еңсесін көтере беріп:

— Жарандар-ау, ауылда жатқан мықтымыздың өзі кеп тұр ғой!— деп жар сала күмбірлей жөнелді.

— «Иә», арсы-күрсі боп жеттің бе, әйтеуір?»— деп кекетіп жатса, «иә, алдырмай-жұлдырмай жүрсің бе, бәтшағар?— деп мүсіркегенсіп жатса, «иә, анда-санда бір алла деп, бармысың өзің?»— деп жатса, қайтер еді? Мұнысы да жарым ырыс, Еркеғали іштей тәуба етіп, әлгінде ғана баспа табалдырығын аттай бергенде, тозығы жеткен матадай бой-бой, тоз-тоз боп қожырап кеткен денесін тез жинап, кеңге салды. Оның мұндай тебіреністі халін бекіте түсейін дегендей:

— Кел, кел, бауырым. Ауылың, аймағың аман ба?— деп бөлім бастығы тағы іш тарта сөйледі.

Бөлім бастығы — белгілікті ақындардың бірі. Жинақтары қарасын үздірмей шығып тұрады. Онымен поэзия әлемінде жүздесуге өзін анағұрлым кем тұтып, Еркеғали үнемі жүрексініп тұрады. Қолжазбасын іздеп келген соң, енді шегіншектер жері жоқ.

Ана жылы Алматыдағы баспаналар мен редакциялардың қыры мен сырынан қанықтығы жоқ жас талап, үміткер ақын кезінде агрономдық қызметпен жарыстыра жүріп жазған өлеңдерін қолдан көшіріп, адресін «ауылдан Алматыға» дегенге ұқсас етіп, нақты ешкімді атамай, баспа атына жалпылай бағыштап жөнелте салған. Онысы «тисе терекке, тимесе бұтаққа» демекші, өлермендік әрі өзінше қолданған барлау әрекеті еді.

«Бандероль адресат бойынша табыс етілді» деген жауапты малданып, тоқмейіл күйде біраз жүрген аты әйгілі әдебиетшілердің кітаптарын шығаратын мәртебелі үйдің төбесінен өлеңдерін топ еткізе түсіргеніне мәз болған. Сонымен ғана сарқылып қалмай, өлең боп құйылар сөздер тізбегі көкейінде сайрап жүретініне одан сайын мәз еді. Оның мәз қалпын ара-тұра бұзып тұратын тек совхоз директоры. Еркеғали қатысты жұмыстың қисыны келмей тұрғанын айтып, сілікпеге салар алдында директор, «ал, агроном жолдас» деудің орнына «ал, ақын жолдас» деп өз қасына таман шақырып алады. Сонан соң егістікке қар неге аз тоқтатылған, шіріген көң неге жоспардағыдай төгілмейді?»— деген тәрізді сұрақтардан борасын бұрқатады. Жылда айтылатын, жылда айғай туғызатын үйреншікті сұрақтар. Дегенмен соларды қайта-қайта ести беру де жеңіл жүк емес. Міндетті іс болғандықтан, амал жоқ, небір кінә артқан сөздердің салмағына шыдауға тура келеді. Бір ғажабы, бастығы ұрсып жатқанда, имиіп жүнжіп кетпей, Еркеғалидың көкірегінде қар тоқтату, көктемгі егіске дайындық деген ресми ақпарлардың жалғасында ұйқасы, ырғағымен үйлесіп, өлең жолдары қабаттасып туындап жатады. Содан болар, жерден алып, жерге салғандай дігірлеп, қанша ұрысса да, Еркеғалитікелей бастығы дікілдеудің алдында қанша дегенмен ақын деп атақ алғанына мәз. Құлағына бірі кіріп, бірі шығып жатқан ұрысқақ, тырысқақ сөздердің астында неше батпан зіл жатса да, ақын деген атауды арқаланып, көтере береді, өзінің дәл осындай істегі сүйеніші барына мәз.

— Өзіне-өзі мәз қалыппен күйіп-пісіп жүргенде, Алматыға жинақ жөнелткен күнінен соң араға бір жыл уақыт түскен. Білінбей жылжып, тағы жыл өткен. Сонда барып қана «Оу, жинақ із-түзсіз кеткеннен сау ма?»— деп, Еркеғали тура астанаға жол тартқан.

Өйтіп-бүйтіп, аты аталып, тізімге іліккен.

Бүгінгі сапарында іздеп келгені — үшінші жинағы. Алғашқы екеуі ішкі қалтасында кепкен жапырақтай болып қабысып жатыр. Тіпті қолмен сипап сытырлатып, көрмесе, бар-жоқтары ба білінбейді.

— Бөлім бастығы:

— Сонымен, кітаптардың саны нешеуге жетейін деп тұр?— деп Еркеғалиға қарады.

«Жобасы, пісіп тұрған шаруаға тап болдым-ау»— деп, Еркеғали іші бұлк етті.

— Бұл енді... сәт түссе... үшінші ғой,— деп қалтасынан алдыңғы екеуін шығарып, стол үстіне қатарлап қойды.

Ұмытып қалса, есіне түсірейін дегені. Әрі ауылдағы бір жанкүйерлерінің «Ең қиыны алғашқысы ғой, бірінші кітабымен баспалдақ жасап, танылып алған соң, қалғандары біз мытымыда күнде топырлатып шығарып жататын бұрандалардай бірінен соң бірі үймелей бастайды. Оқып үлгере алмай әлек боламыз әлі» дегені бар-ды. Досы айтқандай, кітап дегенің станоктан жонылып шыққан темір бөлшектерше үйме-жүйме нөпір бола қоймайды екен. Әйтсе де айлап-жылдап хабарошарсыз кеткен қолжазбаның қозғалысқа түсуіне себі тиер ме екен деген дәмемен тырнақалды туындыларын алдына қалқан етіп ұстарға ала шыққаны сол сөздің түртпісі еді.

Бөлім бастығы ол екі жинаққа көз қиығын да салған жоқ:— Қысқасы кітабың жоспарда тұр. Енді, бір керегі — машинкаға бастырту. Қолмен көшірілгенді типография қабылдамайтынын білесің ғой,— деп тоқетеріне бір-ақ көшті.

Небәрі өң мен түстей сәтте алынбас қамал, асу бермес асқар таудай көрінген үлкен іс дәл бұлай оп-оңай біте қалады деп әсте ойламаған Еркеғали қуанғаннан жүрегі жарылып кете жаздады. Сөйтіп, отырып, бастапқы талпыныс жылдарында салы суға кетіп, «осы әурешілікті қойған жөн болар, құрдан-құр топ көбейтіп қайтем» деп, өлең атты дерттен біржола арылмасқа бекініп жүргенінде, жонып-жонып таусылуға таянған жаңқадан да жұқарақ көлемде кітабы қылтиып көрінген кезеңді есіне алды. Енді міне, тағдыр көлденеңінен сақтасын, үшінші жинаққа қолы іліккелі тұр. Лепірген көңілмен далаға беттеді. Лепірген қалпы өзіне белгілі кітап дүкеніне тартты.

Алматыға келген сайын осы дүкенге Еркеғалиды әлдебір сиқырлы күш сүйрелеп тұрады. Шешілмеген жұмбақтың жетегінде жүргендей.

...Ауылшаруашылық институтын бітіріп, дипломды қалтаға басқан күн. Көңіл көк аспандай мөлдір, шетсіз, шексіз де биік, қиял тек шыңға қарай самғайды. Масайраған ішкі дүние әлем-жәлем. Кеудеде салтанатты әуен күмбірлеп, көз көрім жердің бәрін де фейерверк ойнап жатқандай. Жүз де жарқын, сөз де жарқын, жанар атаулы жарқыл-жұрқыл. У-ду, у-шу мейрамдап

жүргенінде, курстас қыз Рабиға Еркеғалиға көзін қадай қарап:

— Еркеш, кеттік пе?— деді.

Еркеғали да іс-міс жоқ, сол күні жер түбіне бастап әкетсе, «қайда» деп сұрамастан-ақ тартынбас кейіпте:

— Кеттік,— деді.

Рабиға тура кітап дүкеніне бастап әкелді. Дүкенші қызбен сыбырласып, бір кітап сатып алды. Қалам үшін сыр-сыр еткізіп, мұқабаның ішкі бетіне бір-екі ауыз сөз жазды да, әлгі кітапты қалыңша қағазға орап, мұқият желімдеді. Жұмбақ ораманы Еркеғалиға тапсырды;

— Еліне бет алып, поезға жайғасқанда ашарсың,— деді.

Әр түкпірге астанадан жолдама алған уәкілдердей дипломды студенттер ауылдарына аттанысты. Сайран, серуен, думанмен өткен күндер тұманға сіңгендей бұлдырап кейіндей берді. Поездың жер тебірентер доңғалағы дүңкілдей бастағанда, Еркеғали құпия ораманы ашты. «Мен сені сүйемін» атты өлеңдер жинағы екен. Мұқабасын ашқанда, «Еркеғали, мен де сені сүюші едім» деген сөздер оттай басылды. Рабиғаның қолы. Студент құрбылары Еркеш деп еркелететін. Сол дәстүрден жаңылмапты.

Рабиға құйтықандай қара қыз болатын. Оқшауланып көзге ұрып тұрған ерекшелігі әсте байқалмайтын. Талдырмаш, тәмпіш танау. Сыпайы, сызылған мінезінен айнымайтын. Тіпті жүргені, тұрғаны да елеусіз, дыбыссыз, дабырсыз жан болатын. Еркеғалилар стипендия алғанда байығып, дәмін татып келген сыраның көбігінше көпіріп, асып-тасып елеуреп жүргендерінде, Рәбиға «Әй, шіркіндер-ай», деп езу тарта жымиятын да қоятын. Дөрекі істің үстінен түсіп қалса, демін терең алып күрсінетін де тынатын. Жымиыс пен күрсіністің астарында көп мән жатыр екен-ау!

Дабыр-дүбірмен жүргенде, кім осы соның бәрін бажайлаған. Енді тек естен кетпес естелік сияқты ғана көңіл түкпірінен қылаң береді.

Қыздың аты естіген құлақты тосынан елең еткізерліктей не Лаура, не Жанна, не Люция болса-шы. Әшейін ғана Рәбиға. Жібек жіптей жұғыса кететін, жағымды ғана жұмсақ есім. Бірақ назарды жалт еткізбейді. Тым құрыса Рабиға болса бір сәрі-дағы. «Оу, атың қазақша ма, татарша ма, аудармасы қалай?»— деп бір сәт елп етіп сұрап жатпас па еді... Көзге түсіп, жүрекке

ұяламағанына кінәлі қыздың өзіне, оның қарапайым қазақы атына қарай аудара салайын дегендей, Рәбиғаға қатысты бұрын ескерусіз жайларды тізбектеген сайын Еркеғали мазасыз күйге бата берді.

Бірнеше жыл қатар жүрген қыздың аңғарылмай өткен жан сырын бүккен кітапты парақтап отырған Еркеғалиды өкініш жайлап алған. Әр жолында небір сұлу сөз, сырлы саздар маржанша шашылып жатқан шумақтардың мәнін пайымдап, көз тоқтата қоймай, бес саусағы санасыз қимылмен қағаз бетін тіміскілеп, тінтімілей береді. Оқып тоқтаған жерін белгілеп қалдырған қыстырма қағазды іздейтіндей болмашы әрекет. Маңдайын салқын әйнекке тіреп қойып ойланды, сұлық жатып толғанды, селкілдеп, дірілдеп, жұлқынған вагонға симай әлек болды. «Дарақыланып жүріп, тым болмаса бес жылда бір кездесіп тұруға күн белгілеуге де жарамаппыз-ау! Бір курс, бір топтағы дыңдай-дыңдай жиырмамызда жиырма түйір ес болса-шы!»— деп бармағын тістеледі.

Көлеңкеде өскен тал шыбықтай бұғып жүрген Рәбиға ойда жоқта есін кетірді. «Өзің сүйгенді емес, өзіңді сүйгенді ал» деген өнеге ойына орала берді. Қыздан қыз таңдап, ақыры бірімен орайласа алмай, бойдақ қалпында еліне қайтып бара жатқанда, бұған құштар бір адам дәл осындай поезд ішінде басқа бағытта сапар шегіп барады. Онымен дидарласу, сірә, қол жетпестей арманға айналар. Поезд ат емес, бұра салып, соңынан қуа алмайсың. Жетіп тоқтар адресін де білмейді. Құр нобай, долбар ғана. Ендігі тырбаныс бір мая шөп арасынан тебен іздегенмен тең. Өмір-бақи сағым қуған адамдай елеңдейсің де жүресің.

Міне, содан бері он шақты жыл өтіп барады.

Тұңғыш жинағы жарық көрген тұста газеттен кітап жәрмеңкесі өткізіледі, онда атақты ақын-жазушылар тайлы-таяғымен қатысады деген хабарламаны оқып, Еркеғали әй-түй жоқ Алматыға тартты. Белгілікті күні жарнамада нұсқалған кітап дүкеніне келгенде, қаламды қару еткендердің небір ығай мен сығайларын көріп, жүрегі тас төбесіне шықты. Жеке-жеке жүздессе бір сәрі, бәрі иық тіресіп, қатарласа қалғанда, біркелкі тұтасқан жартастай әсер береді екен. Қаңғалақтап ауылдан келген Еркеғалидай емес, астаналық оқырмандардың еті үйреніп алса керек, кітап сатып алушы жұрт сығылысып, бірін-бірі жаныша тырмысып, асыл сөздерден от шашқан дүлдүлдердің алдын босатар емес. Қол-

таңба жаздырып алып, ат мінгендей жайраңдасады. Тырмысып жүріп, Еркеғали да біраз қолтаңба түсіріп алды. Қолтығын бір құшақ кітаптармен кергілеп, жәрмеңкені олай-бұлай кезді. Сөйтіп жүргенде, Ұзыннан ұзақ сөрелердің қаға беріс шетіндегі өзінің жұқалтай дүниелігіне тап болды. «Е, ысырылып-ысырылып, осы тұстан бір-ақ шыққан екенсің ғой байғұс»,— деп аяп кетті. Бұл тәріздес бірқатар жүдеубастар бірыңғай түйіскен екен. Суықтан тоңазып, жақ еттері үрпиген балаларға ұқсап, қушиып-қушиып жатыр. Бұл маңда бұларды іздеушілер жоқ. Сатушысы баяғы Рәбиға сыбырласатын қыз екен. Бұл күндері, сірә, келіншек болса керек. Өңі ескіріңкіреп, денесі толық тартқан.

Кітапшасы жатқан сөрені төңіректеп, Еркеғали көп жүрді. Рәбиға да осынау тұстан көріне кетіп, мұның кітабын сатып алып, қолтаңбасын қолқалай қалатындай елегзіді. Қайта-қайта жаутаңдап, сатушы келіншекке қарайды. Ол бұған немқұрайды ғана көз тастап, базары қызған басқа әріптестері жағын молырақ шолады. Еркеғали сияқты жүдеу бастар еншісіне тигеніне назалана ма, қалай? Кейде зеріккендіктен, ұмытып қалмайын деген адамша есеп-шотты олай-бұлай сартылдатып-сартылдатып қояды. Есеп-шот сартылдап тұрғанда ғана «Рәбиға бұл жаққа қайдан келсін, ол мен кітап шығармақ түгілі, өлең жазатынымды да білмейтін еді ғой»,— деген түйсік Еркеғалидың есін жиғызды. «Өй, мыңұла басым-ай десеңші!»— деп кейіді. Енді бұл маңды торуылдауын тоқтатып, нөпір тұсқа қайыра беттеді. Ол енді иық тірескен әйгілі жазушыларды емес, солардың кітаптарын қалау етіп әкетіп жатқан абыр-сабыр жұртты түгендеуге кірісті. Осы кәсіппен түс өтті, кеш таянды. Жәрмеңке тарқады. Дүкен жабыларда әшейін ырымға, өз кітабының біреуін сатып алып, Еркеғали қонақ үйіне солбырайып жеткен.

Келесі күні елу сом ақша шығындап, таксимен бүкіл Алматыны шарлады. Беймаза көңіл түкпірінде бір қалтарыстан Рәбиға шыға келмес пе екен деген әлсіз үміт сөнуге тақау шала түтініндей созаландайды. Дауылды күні үзіліп бара жатып, қайыра жарқ ете түсетін ауылдың электр жарығы іспетті. Бірақ Рәбиға жарқ етіп көздесе кетпеген...

Ұланғайыр астананың ол шеті мен бұл шетін жортаң «Волгамен» орағытып жүріп, бала кезде жаңғырыққа ілесіп жүгіремін деп дымы құрыған бір сәтін еске түсірді.

...Мектепке әлі бармаған алдыр-бұлдыр кезі. Кіммен келгені, қай жағдайда кезіккені әлі күнгі жұмбақ, құсы сайраған таңғы орманға тап болғаны бар. Бұрын көзіне ілікпеген небір ғажайып құстардың сып-сып сусу, лып-лып етіп, бұтақтан-бұтаққа ытқыған қозғалыстары, әр түрлі дыбысты әуендері бүкіл болмысын сиқырлап, шымырлатып әкетсе керек, әсершіл бала лепірген қуанышты үнмен таңдана айқайлап жіберген. Әлденеше толқынымен ұзай тартқан жаңғырық одан сайын әсерлендірген.

Жаңғырық дыбыстан көзге ілінбес желі тартыла қалғандай, алға жетелей берумен жалықпайтын арманға ұқсап, сан құбылып, дүркін-дүркін қайталанған өз дауысына жетіп жығылмақ ниетпен ішін сүзгілей ілгері ұмтыла беріпті. Әбден діңкесі қатқанша өршелене түссе керек. Сонда да жаңғырық үзіліп кетпесін дегендей, әлсіз дауыспен болса да айқайлауын доғармаған...

Даңғыл көшелі Алматыны кезіп келе жатып, үйлібаранды, қырма сақал жігіт ағасы Еркеғали өзін сол жаңғырық қуған өлермен балаға ұқсатқан. Тек айырмасы — бұл жолы ол кімді неге іздейтінін біледі. Бірақ қайдан, қалай табары беймәлім. Тек қана Алматыдай әсем астанаға Рәбиға неғып бір соқпас екен деген бір үміт буынын бекіте түседі.

Бүгін кітап декенінде сондағыдай жәрменке жоқ. Әйтсе де кіріп шығушылар сирексімейді екен. Кітап атты қазынадан құр қол кетіп жатқаны көрінбейді. Баяғы сатушы келіншек қаз қалпында. Өңіне шыр бітіп, бұғағы бұлтиыңқы тартқан. Тісінде, саусақтарында алтын көрініс береді. «Е, тұрмысың түзелейін деген екен»,— деп ойлады Еркеғали. Қалай дегенмен пенсияға осы дүкеннен шығуға бел буған әйелдің сыңайы бар. «Зымырап бара жатқан ғұмыр-ай десеңші!»— деп іштей күрсінді Еркеғали. Сөйтіп тұрып, өзі де қырыққа қарай қырындап бара жатқанын тағы еске алды. «Жас ақын деуге кәрі, жасамыс ақын деуге жасырақ, сонда әрі-сәрі ақының біз болып жүрмейік»,— деп өзін қыжырта мысқылдады. Мұның мырс ете түскенін ұнатыңқырамай, сатушы әйел танауын тыржың еткізді.

Кітаптар сығылысқан сөрелерді асықпай жағалатып жүріп, дәл сатушы әйелдің оң қол жағынан Еркеғали өзінің екінші жинағын көрді. Біреу-міреу сұрап алар ма екен дегендей, төңіректеп сәл-пәл аялдады. Қанша айналшықтаса да ондай жақсылық нышаны алдынан шыға қоймады. Ол енді баспадағы бөлім бастығының

жаңа кітабын іздеп арман асты. Оңаша жүздесе қалса тілге тиек болсын дейді бір ойы. Дәл сол сәтте:

— Еркеғалидың кітабын беріп жіберіңізші!— деген әйел даусы құлағына сап ете түсті.

Еркеғали селк етті. Іштей «Рәбиға ғой бұл!»—дегенінде бойы мұздап кетті. Дауыс шыққан тұсқа жетіп келді. Сауда бітіп те қалған екен. Кітапшасы бейтаныс әйелдің саусақтарына қыстырылып кетіп барады. «Рәбиға... Рәбиға»... деп үздіге сыбырлап, соңынан қуа бергенде, әлгі кітапқұмар әйел бері бұрылды. Бұрылды да сатушыға қарап:

— Еркеғалидың келесі шығатын жинақтары бар ма екен?— деді.

Сатушы әйел иығын қиқаң еткізді. Оның немқұрайды кейпіне ерегісті ме, Еркеғалидың ара-тұра шаң беріп қалатын қызба мінезі ұстап кетті.

— Еркеғалиға сонша несін құштар бола қалдыңыз?— деді қуйтырқы үнмен.

Шынашағына кітап қыстырып тұрған әйел көзін алаң еткізе қарады:

— Е, әркім сыйлағанының құлы емес пе!— деді.

— Ендеше әкеліңіз, мен қолымды қойып, бір-екі ауыз сөз түртіп берейін,— деді Еркеғали.

Саусақтағы кітап жоғары көтерілді. Кітапқұмар әйел жинаққа бір қарады, Еркеғалиға бір қарады. Сатушы әйелдер «мынауың қайдан жүр?»— дегенді көзқарасымен сұрап еді, ол «білмеймін» дегендей бұл жолы ернін дүрдитті.

— Шын, шын айтам, мен автормын,— деді Еркеғали шыдамсыздана.

Кітапқұмар әйел де тегін адам емес екен:

— Олай болса, шырақ, паспортыңызды көрсетіңіз!— деді.

Қырсыққанда паспорт қонақ үйдегі номерде қалып еді. Дәл бұлай аяқасты тексеріске түсем деп кім ойлаған. Еркеғали сонысын айтып ақталғанда:

— Көлденең көк аттыға түрткізе салатын бізді кім деп тұрсыз?— деп кітапқұмар әйел көзін ойнаң еткізіп, шығып жүре берді.

«Өзіме де сол керек!»— деді Еркеғали. Құлағында кітапқұмар әйелдің «с» мен «з»-ге басыңқырай, сыздықтата айтқан сөздерінің ызыңы ғана қалғандай.

Әйткенмен Алматыда өзін қалау етіп, іздейтін жалғыз болса да оқырманы барына масаттанып, көңілі

өсіп қалды. Әрине, ол адам Рәбиға болып кездеспегені өкініштi-ақ.

— «Қартайғанша бір соғар... Өндіртіп өлең жаза берсем бірі болмаса бірін оқып, кітабымды іздеп бір келмес дейсің бе! Келер... Тек жаза берейін, жаза берейін!»

Еркеғали ден қойған түйін осы. Ол есікке беттегенде, сатушы әйел, «осы бір әпендіні түстеп қалайыншы» дегендей ұзақ қадалған жанармен ұзатып салды...

√ ПЕДР

Туысына хат жаза қоймақ ниетпен Қапарбек бір жапырақ қағаз іздеп, баласының столын қопарыстырып жүргенде, қол үшіне сарғыш тартқан ескі дәптер орала кетті. Мұнысы — өзі бала кезде әлдеқалай жетелей жөнелген оқыс шабыттың қызуымен жазылып қалған күнделік еді. Екі жұқатай оқушы дәптері. Одан асып жалғаспаған, қалындап қампимаған. Іздеген нәрсесі тарс есінен шыққан Қапарбек жұмсақ диванға шошиып отыра кетіп, шұқшия қалды.

Екі дәптердің бірі «Ауыл суреттері» деп тақырып алған да, екіншісі «Қыздарға саяхат» делінген. Соңғысын тосын қолына алған біреу болса, жазғысы келгені «қыздарға саяхат» екен, сонда бір әріпке мұншама тарыншылық еткен қандай үнемшіл деп таңқалар еді. Шынына келсе, мұнда бір топ оқушылардың өздері дайындаған концертпен төңіректегі колхоздарды аралап шыққан сапарларының жолжазбасы болатын. «Колхозды» «калхоз» деп жазып жүрген Қапарбектің шаласауатты кезінде дәптер бетіне түртіліп қалған дүние. Есейген де «түзете салсам ба екем» деп бір оқтанған да «қойшы соны, ескерткіш боп жүре берсін» деп тағы тартынған.

«Ауыл күнделігінің» орта тұсындағы бір ретте «Қауға сақал Педр шал» деген бір ғана жол бар. Бұл сөздерді одан әрі таратып, неге жалғастырмағанын Қапарбек есіне түсіре алмады. Дәптердің басқа беттеріндегі қолмен қойғандай, таспен басқандай етіліп, тәптіштей жазылған көріністер бір төбе. Қімнің сабаққа снясыз келгені, бұл кезенген ойыншық пистолеттен қорқып, Шөкімнің ағаш басына өрмелеп кеткені, қай баланың дәптерінің ерекше жылтырақ екені, «сөз біреу, құлақ екеу» мұғалім сөзі; «Қазақстан мына жерде» деп

бес саусағын тарбита алақанымен карта бетін баса коятын география мұғалімі», «Үркер Жайлаубай үйінің қақ төбесінен көрінеді» деген астроном сөзі; Күлбәршіннің «Жігіттердің» қыздарға, қыздардан «жігіттерге» жазылған хаттарды таситын жеңгетайлығы,— бәрі, бәрі тізіліп, тәптіштеп теріле берген. Тіпті «Сұлтанғали сабақ білмей, төбеге қарай бергенде, көзі қиқырайып кетеді» деген жол да бар. «Сірә, жазушы болсам деп қиялдандым ба екем?»— деп Қапарбек іштей бір жымиды.

Дәптерді парақтап отырып, «Қауға сақал Педр шал» деген тұсқа қайыра түйілді. Балалық шақта жазылмай қалған елестерді енді ойша шолып отыр. Сақалын қаудитып шалды жазса, балалық өмірдің бал дәуренінен бір тамшы сортаң дәм білініп калар деп сескенді ме екен?

...Еңіске қарай қанша ентелесе де сырғып түсе алмай, кедергіленіп қалған, әлде сол еңістен дөңді беттей тырмыса-тырмыса келіп іліккен жерінде тұрақтап қалған адам іспетті Қапарбектің туған ауылы «Көкөріс» бұл дөң басына жайғасқалы не қилы заман өтпеген. Мұншама тарихта жұмысы шамалы Қапарбектің бала кезінде бар пейілі Педр шалдың үйінде болатын. Дәлірек айтқанда, екі көзі төрт болып, сол шалдың қарасуды жиектей шарбақталған огородына қарай телміріп, түйіліп қарай беретін. Бұл шалдың қай ғасырдың өкілі екені, бұл қазақ ауылына қайдан, қашан келгені де түртінектеген сұрақпен миын мазалап көрген емес. Бар білетіні — сұңғақ бойлы сары кемпір оны «Петя, Петенька» деп жатады. Шал қазақтар «Петрә», бала қазақтар «Педр» деп кеткен. Оның Жора деген баласы Қапарбекпен бірге бесінші класта оқиды. Өздері үйішімен қазақшаға судай.

Қапарбек үшін оның огороды бейне бір ертегіден түсе қалған ғажабы мен сиқыры мол бау-бақша әлпетті. Таптаған табан жол жіктерін айырып қойған әр түрлі жеміс-жидектер де сән, түрлі-түсті гүлдер де сән — әйтеуір ғажайып бір дүние. Капуста, помидор, огурец, морковь, мак деген сөздер осы ауылға Педрмен бірге сре келгендей. Қазақтар оларын бырқылдақ деп, түйежапырақ деп, ешкіқұйрық деп өздерінше бұрып та алған. Әр жексембіде Педрдің жермоншасының түтіні будақтап шығып жатады. «Бағай-бағай бақ-бақ, тоғай-тоғай тоқ-тоқ» деп, үрлеп қалса үлпілдек бөркі ұшып кететін бақбақтың үлбірек сабағын үрлеуді ермек етіп

жүретін Қапарбекке қарасудың Педр күрегі тиген тұсы жұмбақ та жұмақ дүние көріне береді. Сол жұмаққа құмар еткен де, сырын ақтарған да Жора.

Алғаш танысқанда;

— Сенің атың қазаққа лайық екен, Шора десем қайтеді?— деген Қапарбек.

— Десең дей сал. Нем кетер дейсің,— деген Жора.

Сол Жора-Шора огородты аралатып жүріп, бұл қолмен ұстап көрмек ниетпен әр жеміс-жидекке ұмсынып еңкейе бергенде:

— Тиме, әкем ұрсады,— деп қалады.

Ол осылай деген сайын Қапарбектің құмары арта түседі. Езуден сілекей шұбыруға айналған. «Көзің көріп, қолыңмен ұстамассың» деген осы екен. Осыншама жеміс, осыншама гүлдің молшылығынан Қапарбек есеңгіреуге айналды.

Сөйткенде:

—Сен морковь жегің келе ме?— деді Жора.

— Маркові несі, ешкі құйрық дессейші,— деп Қапарбек оны түзетіп жатыр.

— Мейлі, не десең де, жейсің бе өзің?

Қапарбек аузын сылп еткізді. Қант татыған дәм тілінің үшін кернеп бара жатқандай:

— Әкең біліп қоймай ма?—деуге шамасы әрең жетті.

— Соны да сөз деп,— деді Жора,— Бір түбін кесіп алсаң, орны үңірейіп тұратын капуста дейсің бе бұл. Түк те сезілмейді.

Екеуі «ешкіқұйрықтың» қатарына жете бүгжеңетіп, шоқиыса қалды. Ә дегенше сүйріктей салалы қатқыл қып-қызыл жемісті жеңге үйкеп-үйкеп жіберіп, топырағынан тазартқан соң, екеуі қарш-қарш шайнап қытырлата бастады. Езулері бұлтың-бұлтың малжаңдағанда, ауыздарының іші күтір-күтір етеді. Құшырлана тістенген Қапарбек тәтті жемісті молырақ омырып сарт еткізгенде Жора:

Өй, ақырын, әкем естіп қалар,— деп бір қойды.

Жантайып жатқан қалпы бастарын қылтыңдатып жан-жақтарына қаранып еді, сезікті ештеңе байқалар емес. Қарауыл қарап отырып, ауыздағы ақтық түйірді тілмен олай-бұлай қуғыштап, жұтып та тауысты. Сонысын алдымен аңғарған Қапарбек:

— Қап, бітіп қалды-ау!— деді.

Мамықтай топырақ үстінде домалап жатқан тоқмейіл Жора бұған сығырайып қарады да ат өтті сыңаймен.

— Татқан да бір, жеген де бір деген,— деді.

— Әрине, сенің не мұның бар?! Мына үгірсттің бәрі сенікі, қалаған кезінде нешеуін жейін, қайсысынан алайын деп талғап тұрмайсың, жағың талғанша, қарның қампайғанша сілтейсің ғой,— деді Қапарбек.

Дауысы жыламсыраған адамдай тіпті босаң шықты.

— Солайы солай ғой, дегенмен...

Жора осы «дегенменді» басыңқырай айтып тоқтады. Осы кідіріс Қапарбекті қалай құбылтар екен дегендей әрмен қарай аунап түсіп, мұны бағып жатыр.

— Өй, айтсаншы созбақтамай,— деп Қапарбек телміре түсіп оған тіземен жер сыза жақындап келеді.

— Дегенмен... шектен шығуға болмайды. Мен жай... сен жадный екен деп айтпасын деп ауыз тигізгенім ғой,— деді Жора.

— Бүйткенше ауыз тимегенім тиыш екен: Араным ашылып барады,— деп ыңыранды Қапарбек.

— Мен аямас едім, әкем ұрсады. Күзге жеткізбей отап тастауға жарамайды ғой.

— Әй, Шора!— деп сонда Қапарбек Жораны санынан сарт еткізді.

— Немене, әй?!—деп анау көзі көкшиіп атып тұрды.

— Бар ғой, әй,— деді Қапарбек аптығып,— біздің үйде бар ғой... ұйқы ашар безілдек сағат бар. Сіздікінде ондай жоқ.

Қапарбектің құлқынын ұғына қойса керек:

— Жо, жоқ, болмайды, әкем өлтіреді,— деп Жора шегіншектеп кетті.

Қапарбек оны өкшелеп жүр:

— Сен ғой ылғи сабақтан кешігіп жүресің. Ал мен бір минут те кешігіп көрген емеспін. Ол неге деші, кәне?!— деп тақымдап болар емес.

— А... ол неге?— дей салды Жора бір сәт сұрақ — жауап ойынына еліккендей.

— Мендегідей ұйқы ашар сағаттың жоқтығынан,— деп Қапарбек ашығын бір-ақ айтты.

Көзі жыпылық-жыпылық етіп ойға сүңгіген Жораны осы хал иіліктіруге айналса керек:

— Не қыл дейсің маған?— деді.

— Айырбас,— деді Қапарбек езуіне тәтті күлкі үйірілген кейпін жасыра алмай.

Сауда қызып жүре берді.

Қапарбек зымырап отырып үйіне жүгіріп ұйқы ашар безілдек сағатты ұшыртқан екпінмен алып жеткенде, Жора «ешкіқұйрықты» тау-төбе қылып үйіп қойыпты.

Сағат Жораның қойнына сүңгіді, қып-қызыл, буылтықтарына балшық белдеуленген жемістер Қапарбектің етегін толтырды.

— Ал енді бұл арадан таяйық. Әкем балықтан оралатын уақыты боп қалған шығар,— деп Жора ес жиды.

Бірі етегін делдитіп, бірі қойынын қымтап ұстап, екеуі бүкең-бүкең, қол созым жердегі қарақат, доналасы тұнған жыңғылдың ішіне сіңіп кетті. Әлгіде ғана қол соғысқан сауда заматта ұмытылып, құпия қуысқа алып шыққан «ешкіқұйрықты» екеулеп жеп тауысты.

...Шырылдауық сағат Педрдің үйіне ауысуы Жора мен Қапарбектің тату-тәттілігінен айнытпай, қайта бекіте түскендей еді. Қара малдың түлейтін кезінде екеуінің түн баласына дамылы жоқ. Әр жерде қарауытып, күйіс қайырып жатқан сиырларды аңдиды. Жазғы түнде мамырлап жайлы жатыстарын қимай ма, күні бойғы тоғай отының тоқтығы ма, күрс-күрс дем алған сиырлар жондарына жабысқан бұл екеуін елең де қылмайды. Ара-тұра бір күрсініп қойып, күйсей береді. Бұлар уыстарына түкірініп алып, майда алақандарымен сипалай жүріп, сиырлардың денесінен ұлпа жүн сыпырады. Оларды умаждап, шиыршықтап, шалбардың қалтасына сүңгітеді. «Осы да жетер-ау» деген мезгілде үйлеріне қайтады. Ертеңіне сиыр жүнін құмға, шаңға аунатып, үйкелеп-үйкелеп алады да алақанмен пысықтап, қайта-қайта ұнтап, үйкеп, санға ысқылап, әлденеше сілемейлеп отырып, тастай қатқан доп жасайды. Олары таяқ қатты тисе тілініп кететін резеңке доптай емес, ұшқыр келеді.

...Педр шал қармағы қапқыш балықшы болатын. Қапарбек теңдес қара сирақтар жалтырауықтарын суға лақтырып жатқанда «тфә, тфә, менің қолым емес, Педрдің қолы» дейтінге айналған.

Қапарбектің ендігі қызығатыны — Педрдің қарасу жиегінде қайқаң-қайқаң етіп, қалтақтап тұратын сүйір тұмсық ұзынша қайығы. Кейде бұл қайық оған тыпыршып тұрған бәйге аты сияқтанып та көрінеді. Жел үйірген толқын тиісе кеткенде, ерке келіншектің иегіндей қылқыңдай қалатыны да бар.

Сол қайыққа бір мініп, көстеңдете серуен құру Қапарбектің құмарына айналды. Тіпті сол қайықты түсінде де көретін.

— Дабай, әкеңнің қайығымен қыдырайық,— деді бір күні Жораға.

— Ойбай, «Жұрттың тұлпары, менің қайығым» деп

отырады әкем. Ұстап алса, жанымды жәһаннамға жібереді,— деп Жора безілдеп қоя берді.

— Өй, қойш, қайтер дейсің, өз әкеңе емес пе...— деп Қапарбек Жораны қайрауға кірісті.

— Жоқ, жоқ болмайды. Қорқам.

— Қорықпа, мен саған мәмпәси әкеп берейін.

— Немене, мен мәмпәсиге сатылады деп отырсың ба?!— деп Жора шарт ете түсті.

— Ендеше достық үшін айтқанымды қыл!— деп Қапарбек сонда да жақауратып қояр емес.

Жораның осал тұсы осы екен.

— Жарайд!— деді ол,— Қәзір әкем мен шешем моншаға түседі. Сол сәтін андиық.

Екеуі қайыққа таман жағаның ернеуінде бұғып жатыр. Бір істің сәтін салайын дегенде бәрі өң мен түстей жылжып кететін әдеті емес пе! Көп телміртпей, Педр шал да кемпірін ертіп жермоншаға енкеңдеп еніп бара жатты. Тым-тырыс жатқан Жора мен Қапарбек те қайыққа ұмтылды. Жау шебін шабуылдаған жауынгерлерден кем емес.

Жерге сіңіре қағылған темірге оратулы шынжыр да ағытылды. Ескекпен тебініп, тік тұрған екеуі қайық табаны қарасуды сызып бара жатқанын ірк-ірк етіп дөңгелене қалған су бетіндегі шеңберден байқасқан. Бұлар енді мына керіліп жатқан айдында өнебойлап кезбек. Басқа боқмұрындардың аяғы жетпеген түкпірлерді шарламақ. Кейін өздерін құжынай қаумалаған қара табандарды тамсантып, таңырқатып, киял-ғажайып ертегідей етіп төгілтпек. Мұхиттарды тінткілеп, кең шалқарда жосылта жүзетін үлкен кеме қолдарына тигендей. Соншама күпсіп тұрғандары небәрі таспадай ғана боп ішінен танып жатқан жіп-жіңішке қарасу екенінде жұмыс жоқ.

Бұл қайыққа жүз мініп, жүз түсіп жүрген Жора не түйсініп тұрғанын бағдарлап жатқан Қапарбек жоқ. Оның өзінің көңіл дүниесі осылай аударылып-төңкеріліп, алабұртып барады.

Қайық су ортасына дейін шегіншектеп келіп, сол қол жаққа қарай ыңғайланып қырындай бергенде... моншадан ақ дамбалды, ұйпаланған жүн кеуделі Педр шал буы бұрқырап шыға келді.

— Құрыдық!— деді Жора,— Бұқ қайықтың түбіне! Тоңқандап жығылып бара жатып:

— Әкең неге моншадан тез шықты?— деді Қапарбек.

Дәл осы жағдайдың түп қазығы Педрдің моншадан далаға шыға келуінде тұрғандай.

— Жүрегі қысқан шығар,— деді Жора,— демікпесі бар.

Сөйткенше:

— Ах, окоянныйлар,— деп Педр бері карай беттеді.

Суға періп кетуге киімінен қорына ма, әйтеуір түтіліп жиекте тұр.

— Нука, шық бері, сыбағанды көрсетейін!— деп кесек тастай жұдырығын түйе жоғары көтереді.

Орысша, қазақша боқтықтың неше атасын қосарлап сыпыртып тұр.

— Тұтылдық,— деді Жора,— қайықтың түбі бізге енді пана емес.

Сөйтті де ол ұшып тұра келген қалпы ескекті оңды-солды сілтеп, бар пәрменімен қайықты ілгері қарай ағыза жөнелді. Ал бетте мұның мәнісін түйсініп үлгірмеген Педр қарманғанша қайық тепсініп тұрған тұстан әрменірек жағалауға таяу келіп тірелді.

— Әкемнің характері жаман. Қолға түссең, жазым қылар,— дейді Жора.— Сен жиекке секір де үйіне жөнел! Мен әкемді алдарқата тұрайын.

Жан ұшырған Қапарбек шолп етіп суға түсті де, сол талтақтаған бетінде құрғаққа тырмысып шыққан қалпы ауыл қайдасың деп зытты. Ыза буған Педр мұның соныа түсті. Ақ дамбал, ақ кебісті қауға сақал жәбірейіл ту сыртынан жабысқандай. Ытқып бара жатып Қапарбектің байқап үлгергені — Жора белшесінен суға малшынып, жиектің тайызында қайрандап қалған қайықты тереңге қарай итеріп әкетуге тырысып, әлекке түсіп жатыр екен. Қос қолдап мықшия итереді. Бірақ онысына көне қояр қайық жоқ. «Әттеген-ай, әлгінде тайыздан шығарысып жіберсемші!— деген қапы ой Қапарбектің санасын пышақша тіліп өтті. Енді бәрібір кеш. Арттан өкшелеп Педр келеді. Бірақ желаяқ бала қарсаңға леккенде, ентікпесі кеудесін қысқан шал ілгері жылжи алмай, титықтаған қалпы етекте қала берді. Ырсылдаған күйі шекесін сипалап, ілбіп басқан қалыппен кейін беттеді.

Дөңге шыққан Қапарбек қауіп-қатерден арылғаныа сезген соң, қаперсіз кейіппен қарасу жаққа қарады. Әлгінде тырбаңдап, жапталасып жатқан Жора қайықпен жүзіп барады. Денесі бір уыс, тас түйін. Оның әрман кетіп бара жатқанына қуанған Қапарбек:

— Шора, қаш, қаш, алысырақ кет!— деп айқайлады.

Бұл дабырға Жора селсоқ қана қолын сілтеді де, қайықты тұрақты орнына қарай жылжытып әкелді. Жиекке сүйрете әкеліп, тұмсығын бері қаратты да салдыр-күлдір шынжырын темір діңгекке шандып тастады. Сонан соң әкесінің жақындап келуін тосып, сілейіп тұрды. Оның тайып кетер қуысы жоқ еді.

Педрдің ырсылдап, ентіккені дөң басындағы Қапарбекке әліде естіліп тұрғандай. Жораға сол ілбіген қалпы таяп келді де, құлақ шекеден төндіре бір қойды. Балтаның жүзінен ұшқан жаңғақтай боп бармақтай бала жалп етіп жерге сұлап түсті. Сол еңкейіп төніп тұрған Педр Жораны желкесінен бүре тұрғызып алды да, дірдектетіп моншаға қарай сүйрей жөнелді.

Қапарбек екі аяғы осы төбеге желімделіп қалғандай қалшиып ұзақ тұрды.

Ертесіне Жора Қапарбекті іздеп өзі келді.

— Шекең әлі де ауыра ма?— деген мұның жанашыр сұрағына жауап та қатпады.

Сол үнсіз қалпы бұған тесіп жіберердей бір қарады да, қойнынан шырылдауық сағатты шығарып, қолына ұстатты. Ләм деместен бұрылып жүре берді.

Сол күннен бастап екеуінің қосылып ойнауы тыйылды. «Ойының осылғыр» деген осылай болса керек.

...Осы оқиғадан кейін араға отыз жыл түскенде ғана Қапарбек бұл хикая неге тәмам күйде күнделікке түспегенін байыптағандай. Дәптерді олай бір, бұлай бір аударып-төңкеріп отырды да, қаламын алып, «Жора-Шора» деген жаңа жазу қосты. Құлағының үші дызылдап, екі беті оттай жанып тұр екен.

«Сонда жүгіріп жетіп, Педрдің аяғына оратылып, балағына жармассам, ол мүмкін Жораны ұрмас па еді, қайтер еді?!»— деген бір ой кешеуілдетіп келсе де, көңіл дариясын ойран-топан етті...

СОҢҒЫ КҮН

Қарашоқ бөлімшесінің меңгерушісі Қаржас таңғы сағат жетіде кеңседе отырған. Шөп басына баратын жұмысшыларды өз көзімен аттандырып, енді бір-екі нұсқау-қағаздарға шұқшиюда. Зор денесі әлі еңкеймеген, жас кездегі қою шаш селдіреп, онысының өзін түгел қырау шалған.

Кеше ол алпысқа толған. Бүгін пенсияға шығатын күн. Совхоз басшылары бұл жайға байланысты кешке орталық клубта жиналыс өткізбекші. Сол Қаржастың да бұл қызмет бабымен өткізер соңғы күні, сонда да ол әлі келешек күндерде қызметті сағынып, қоңылтақ-ситын мазасыз сәттер болар-ау, дөңбекшумен өтетін уақыттар да кездесер-ау деген, жұмысы болмаса да отыз жыл үйреніскен кеңсесінің төрт қабырғасын көріп кету үшін келгіштейтіні де болар-ау деген ой әзір мазалап көрген жоқ. Жылдың төрт мезгілінде науқаннан бір арылып көрмеген ауыл шаруашылық жұмысы оның қанына сіңіп кеткен. Бұл «нормаға келтірілмеген қызмет» оған үйреншікті тіршілікке айналғалы қашан. Соны қимай, іші бұрап-бұрап кетеді, бірақ уақыттың ісіне қарсылық жоқ, көнуге тура келеді.

Қаржастың орнын басатын адам да белгіленіп қойылған.

Осы бөлімшенің агрономы. Мұның өз ұсынысы. Кешке жиналыстың бір кезеңінде осы кенсе кілтін жоқ ырыммен жас бастыққа тапсыру рәсімі де күні бұрын ойластырылған. Баяғы бір кезде бір кәрі ауылнай қимастығы ма, әлде үйреншікті әдеті ме — ауылдық советтің мөрін ышқырына қыстырып кетіпті десетін. Сол есіне түсіп, жымиған кейіппен басын қағаздан бұра бергенде, қарсы алдында қалтиып тұрған Қарғабайды көрді.

— Ой, сен өзің төніп кеп, төбемнен қойып жіберсең де білмейді екем,— деп Қаржас жайбарақат күліп алды. Сонан соң өзіне тура қарамай, қыбыжықтап тұрған Қарғабайға:

— Жарқыным-ау, отырсаңшы, бұл не қаққан қазықша қалтиып?— деді.

— Мен жай осылай тұрып та...— десе де, Қарғабай столға жақын орындыққа жайғасты.

Екеуі бір-біріне таң-тамаша боп қадалғандай:

— Осы менің кәрі көзім мүдірмесе, сен жұртпен бірге жұмысқа аттанған сияқты едің ғой,— деді Қаржас.

— Ол рас, машинаға мен де мінгем, жолда түсіп қалдым,— деді Қарғабай.

— Ал, иә, енді не шаруа?

— Мына бір арыз әкеп едім,— деп Қарғабай төс қалтасынан төрт бүктелген қағаз шығарды.

— Арызыңды мана неге айтпадың?

— Жұрт көзінше ыңғайсыздандым...

Оқушы дәптерінен жұлынып алынған бір парақ қа-

ғазда Қарғабайдың бір, ауыз өтініші айтылыпты. «Солай да солай, көшемін совхоз штатынан шығарындар»,— дейді. Қаржас қарсы алдында басқа Қарғабайды көріп тұрғандай. Семьясымен осы бөлімшеге көшіп келіп, жұмысқа орнықкалы он жылға таяу. Бесаспап механизатор. Жазда шөп, күз — орақта, қыс — малда, қайда салсаң да жанын салып істі жандырып жүре беретін майталман. Шашыраңқы мінезі де жоқ, Томағатұйық, тындырымды адам. Әйелі сауыншы. Осы Қарғабай енді көшемін дейді.

Бұл істі жанадан тағайындалатын бастыққа қалдыра салса да болатын. Жүйкесі әлі жұқармаған адам, салғыласып, үгіттеп көрсін. Осылай шұбыра бастаған ойды Қаржас «Қой ұят болар»,— деген сөзбен тоқтатты да:

— Қайда көшпексіз?— деді.

— Қалаға.

— Иә, қалада не істемексің?

— Қала болғанда дәл қаланың өзі емес, оның түбіндегі совхозға.

— Сонда ол совхоздың біздікінен айырмашылығы бар ма екен?

— Ө жағын кім білсін, әйтеуір қаланың түбі ғой.

— Әйткенмен, сенің бұл күрт шешіміне түсінбей тұрмын.

— Түсінбейтін несі бар, мен жұмыстан қашып отырған жоқпын. Қызым институтта, ұлым техникумда. Күнде келіп тұрса да болатын — мен баратын жер қаладан он екі-ақ шақырым!

— Е, бізге қаладан күніне екі қатынайтын автобус саған аз боп тұр ма?

— Ол өзіне бөлек дүние де. Қайткенмен қаланың түбі жақын ғой. Ал мұнда жету үшін төрт сағат жүру керек.

— Әрі тастақ жолдың шаңы бар десейші...

— Онсыз да емес. Қалада әрі облыстық театрға да барып тұруға болады.

— Е, өзіміздің халық театрын қайда қоясың? Сенің де балаң соның артисі емес пе?

— Қала театрының жөні бөлек қой...

— Солай де, ішім пысады де...

— Мәселе іш пысуда тұр ма екен? Мен екі қолымды алдыма салып қойып отырған арамтамақпын ба соншама?— деп Қарғабай тулап бір түсті.

Қаржас енді бұған басқаша шабуылды ойлап отыр.

Тершіген мандайын асықпай қолымен сипап өтті де, шашып жоғары қарай бір серпіп тастады.

— Бұл күнде екі сиыр, екі биеңбар. Ұсақ малды есептемей-ақ қояйық Қыдырысқа жегетін «Жигулиің», жидекке көлік «Уралың» бар. Соның бәрі саған қайдан келді?— деп бастады Қаржас.

— Ұрлап алдым,— деп қиқайды Қарғабай.

— Жоқ, сен сөзді бұрма, ұрлық саған тағылар айып емес екенін жұрттың бәрі біледі.

— Әрине осында келген соң,— деп жөн сөзге көше, ығына жығылғандай болды Қарғабай.

Қаржас:

— Әне, көрдің бе?!— деуі мұң екен, Қарғабай тағы бір шоршып түсті.

— Немене, маған осының бәрін алтын табаққа салып бере қойып па едіңіз? Адал ақы, мандай теріммен келген дүние. Бұл жағын маған көлбеңдетпеңіз.

Мұнысына шап ете түскен Қаржас жоқ, жұмсақ келді.

— Мен оны бетіне салық қып басты деп ойлама, Қареке,— деді ол,— жай, бөлімше бүкіл шаруашылықты кері тартқан осал жер болса, саған мұндай қоқ бітпес еді дегенім ғой, әлде?

— Елге, жерге ешқандай өкпем жоқ. Елге өкпелегеннің өкпесі кепсін,— деп жуаси сөйледі Қарғабай.

— Ендеше неге кетем дейсің?

— Мен немене, қаңғырып кетеді деп отырсыз ба? Қалаға қарай жақындаймын деп айттым ғой.

Екеуара салғыласқан әңгіме тұйыққа тірелді. Өзінен он жасы кіші Қарғабайдың мұндай бірқырын мінезі Қаржасқа қашаннан белгілі. «Жигули» алғанда қайын атасының үйіне тура түспестен, көшені олай бір, былай бір жөңкілтіп өтіп барып келіп тоқтаған екен десетін жұрт. Әшейінде көп сөзге әуесі жоқ бір доға мінезді адамның жығылғаннан тұруы қиын болатынын Қаржас біледі. Қарғабайға енді басқаша амал жасау керек. Сол ниетпен орнынан шапшаң тұрды да:

— Жүр кеттік, — деді.

— Кеткені несі, андағы қағазға «қарсылығым жоқ» деп қол қойып беріңіз. Сосын сөз қысқа. Сізді мен ұстамаймын, мені сіз жөніме жіберіңіз,— деп Қарғабай ыршып тұрды.

— Қағаз қайда қашар дейсің,— жүр, біршама далаға желпініп келейік.

Аяғын құлықсыздау басқанымен, үлкен кісінің кө-

нілін қимай, әрі ойға алғанынан қайтпайтынына сенімді Қарғабай өзара «пирожковоз» деп атайтын бөдкелі «Москвичке» мінді. Рульге отырған Қаржас лепілдеген женіл машинаны егіндік бетке қарай салды.

— Далада мен көрмеген бірдеңе бар деп келесіз бе әлде дайын қуырдақ бар ма еді?— деп Қарғабай кекесінді күлкімен кеңкілдеді.

— Е, несі бар, тағы бір көрейік,— деді Қаржас салмақты үнмен.

Қатар отырған Қарғабай қозғалақтатады да, үндемеді. Егін шетіне кеп тоқтаған машинадан ол түсе қоймады.

— Мен бұл жерді білемін, он-ақ центнерден астық береді, агротехникасы нашар,— деді ол бірден.

— Оны қайдан білесің?

— Е, андағы сіз ұстап тұрған бидай басында он төрт-ақ дән бар.

— Дәл айттың,— деп Қаржас күлді.

Оның да күнде көріп жүрген жері ғой.

— Ал, енді сен айтшы, бұл кімнің сепкен егіні?

— Е кім болушы еді, Қиқанбай Қапыштың кәсібі бұл. Дүкенге бір, далаға бір жүгіріп жүргенде не оңдырады дейсің сол.

— Мұны да тауып айттың. Енді басқа жерді көрейік.

Шоқ-шоқ ағаштың бауырында жайқалып, бой түзеген егін жайға келе бергенде, Қарғабай тағы алдымен сөз бастады.

Бұл мен сепкен алаң. Жүз гектар. Кемінде жиырма-жиырма бестен береді. Бастары бармақтай, әрқайсысында қырық дәннен,— деп сөйлей жүре машинадан сыртқа шықты. Сол бетінде тоқтамастан, быртиған масақтарын төмен сала толқыған бидай сабақтарын екі қолымен саумалай, ілгері барып тұрды. Аймалағаны сияқты. Қасына келіп, қатар тұрған Қаржас:

— Осындай нан исі бұрқырап тұрған даланы қалайша ғана қиып кетпексің?— деді зілсіз күңк еткен даусыпен.

Қарғабай үндеген жоқ. Теріс айнала бұрылып кетті. Егін арасында ерсең-қарсаң жүр. Бұдан басқа үгіт оған әсер ете қоймайтынын Қаржас та сезіп тұрғандай. Ол білсе, мұның осал жері — осы. Жиекке шыға бере, Қарғабай:

— Кетейік,— деді.

Өңі құбылып, бозарыңқы тартқан сияқты. Жел қағып, күнге тотыққан жүзінде арпалысқан ой майданы

жүріп жатқандай. Қаржас та үнсіз. Ауылға тиіп тұрған егінжайдан кеңсеге олар ілезде жетті. Кеңседегі үйренішікті орынға жайғасып отырып жатып, Қаржас:

— Әрине, еңбек кодексі бойынша, біз сені зорлап ұстауға қақымыз жоқ, қайтеміз енді,— деп созалаң сөйлеген қалпы арызды өзіне қарай тартып, іш қалтасынан қалам іздей бастады.

Төмен тұқырып, екі аяғымен сәкі үстін «билетіп» отырған Қарғабай:

— Жә, болмас,— деді,— қалам іздемей-ақ қойыңыз. Андағы өтініш сізге ескерткішке қалсын.

— Е, бәсе,— деп жайраңдаған Қаржас баяндама оқитындай селтиіп тұрды.— Ал, Қарекесі, «Жигулиіңді» бапта, келінді мінгізіп, кешке орталыққа тарт. Мені құрметті демалысқа аттандыру салтанатында бірге бол.

Есікке жете берген Қарғабай ақсия күлген қалыппен бұрылды да:

— Бопты,— деді.

Қәрі кеуде шуылдай бастағанда, Қаржас та ақырын қимылмен орындыққа отырып жатты.

АРҚАН

Таңғы ұйқыдан керіліп-созылып тұрып жатқан Күлжәмила сағат тілін көзі шалып қалғанда, жүрегі селк ете түсті. Шамалауынша, өріске кеткен табын ендігі алыста, ал мұның сиыры болса желіні сыздап, үйде тұр. Күні бойы мөңіреп, мазаны кетірерінде сөз жоқ. «Оята кетсе қайтеді екен» деп, жұмысқа ерте аттанған күйеуіне де кіжінулі. Неде болса сауып алу керек, есінеп далаға шықты. Табалдырықты аттай бере, Күлжәмиланың көзі бақырайып, шелегі білегінен түсіп кетті. Басы ұзын байланған ала сиыр төрт аяғы арқанға шырматылып, сұлап жатыр. Көзі шатынап, күрс-күрс дем алады. Мойыны керулі арқанға асылып қалған, ара-тұра қыр-қыр етеді.

— Қазжан! — деп Күлжәмила шыңғыра, ұйқыдағы оқушы ұлына жүгірді. Қатты жұлқудан есеңгіреп оянған бала алара қарап қалыпты.

— Тұр, ойбай, сиыр өлейін деп жатыр,— деп ышқынған дауыс оған тез арада ес жинатты.

Малсақ үйдің баласы мына айғайда бір пәле барын ұққан болу керек, зып етіп далаға қарай ұша жөнелді.

Енді шешелі-балалы екеуі төрт аяғы шандылған ала сиырдың төңірегінде шыркөбелек айналып жүр. Қанша

тырысқанмен, шым-шытырық жымдасқан қыл арқан шешіп аламын деген ниетке жеңістік берер емес.

— Пышақ әкел, арқанды кесейік,— деді Күлжәмила.

Үйге зымырап барып, замырап жеткен Қазжан қолын соза бергенде Күлжәмила:

— Әй, мәубас сол, андағы әкеңнің ет турайтын бәкісі ғой,— деп баж ете түсті.

Үйге қайта кіріп, қайта шыққан баласының қолына шүйіле қарап тұрған Күлжәмила оны табалдырық аттатпады.

— Түһ, құрғыр-ау, андағы нан турайтын пышақ қой. Анау қазан қыратын лөкет көзіңе түспей тұр ма, көзің шыққыр?

Әйтеуір лөкет те келтірілді.

— Мен сиырдың басын сүйей берейін, сен арқанды кес!

Осы бұйрық берілісімен, Қазжан арқанның кез келген жеріне кезене бергенде, Күлжәмила шар ете түсті.

— Өй, әрірек кес, арқанды іске жаратпай тастайын деп тұрсың ғой.

Шыжалақ күйге түскен Қазжан енді шешесінің нұсқауын күте, сұрақ беріп тұр;

— Мұнша жарай ма?

— Әлде де бері сал.

— Енді ше?

— Әлде де...

Ұзын пышақ сумақ етіп, сиырдың сирағына таяп қалды.

— Өй, миғұла, әрі тарт, сиырдың денесіне пышақ тигізейін деп тұрсың.

— Өзің кес ендеше,— деді де Қазжан пышақты жерге сілке тастап, арман кетті.

— Қап, мына жетпегірдің ісін-ай, ә? — деп күйіп-піскен Күлжәмила енді баласына мәймөңкелей бастады.

— Қалқам-ау, арқанның бір тұтамы да қажетке жарайтынын білмейсің бе? Ең ақыры қойдың аяғын байласа да...

— Дүкен толған арқан емес пе? — деп Қазжан күңк ете түсті.

— Толуын толып тұрғанмен, бір тиынды саған кім бере қояды, балам-ау? Ақшаға есеп керек қой.

— Е, кассадағы ақшадан алмайсың ба?

— Шырағым-ау, кассадағы ақшаны жоқ деп есептеп, оған титтей де тиюге болмайды. Ертең кезегіміз жетіп, машина ал деп қалса, кімнен тағы емініп жүреміз.

Осы әңгіменің арасында сілейіп жатқан сиыр жаңушыра тыпырлап, алқым тұсынан қорыл естілді.

— Қазжан!— деп ышқынды Күлжәмилә. Сиыр-өліп барады, кес арқанды!

Қазжан жүгіріп келіп, арқанды орып жіберді. Сиырдың кермеде тұрған басы да сол сәтте жерге сылқ ете түсті. Себі тиер дегендей, Қазжан өз бетімен барып, төрт аяқты сірестіріп тұрған шырмауықты боршалады. Бірақ ала сиыр жанын жаһаннамға мана тапсырған. Сілейіп тұрған Күлжәмила:

— Арқанды іске жаратпай тастадың-ау! — деп қапылыста жақын келіп қалған Қазжанды жақтан шапалақпен тартып жіберді...

V ЖҰМЫСШЫ БЕЙНЕСІ

Аудандық газеттің қызметкері Есендік совхозға көздеген уақытында жетті. Шаруашылық ұғыммен мөлшерлесе, таңғы сауынның мезгілі, уақыт мерзімімен таңғы сағат алтының шамасы. Егіншілер әлі орақ басына аттанып үлгермеген екен. Мотоциклін бауырындағы тіреуішке қондыра салды да, фотоаппаратын иығына іліп, кеңсеге кірді. Жұмысшылар комитетінің председателі Асанғали кешегі уәде бойынша, айтулы еңбек озатын дайындап та қойыпты. Сүзіле қараған көз жанарында маңғаздық атты бір салмақ тұнып қалған, қайқы танау, қиық қара мұрт жігіт ағасы сықиып қарсы алдында отыр. Үстінде дүкеннен алғалы бүгін ғана киілген көк трикотин костюм, бұршақтай-бұршақтай дөңгелек мәнерлі ақ көйлек, жұдырықтай жылтырауық галстук. Орден-медальдары сыңғыр-сыңғыр етеді.

— Қозыбай ағаңыз осы кісі,— деп Асанғали таныстыра бастады,— ал мына жігіт Есендік деген ініңіз, Қозеке, өзі фотокор. Сіздің портретіңізді газетке жариялама...

— Е, бопты,— деді Қозыбай,— тек тезірек. Уақыт... уақыт...

Осылай деп сол қолдың білегіне тағылған алтын сағатты саусағымен тықылдатты.

Есендік те дереу жұмысына кірісті. Олай да, бұлай да сыртылдатып, иығы бір майыспайтын керімсал еңбек озатын суретке басып жатыр, басып жатыр.

Бірақ көкейіндегідей болмай тұр. Бәрінен де Қозыбайдың көзін бір өзгеріске келтіре алмай-ақ қойды. «Бет-

әлпеті сөйлеп тұрса ғой»,— дейді ішінен, қалжың айтып, күлдіріп те бақты, терезеге күп нұрына қаратып та көрді. Сонда да құбылу жоқ. Ішіне қорғасын құйып қойғандай тұнжыраған қалпынан бір аумайды. Ақыры:

— Уа, енді жетті. Қатқан портрет шығайын деп тұр. Біреуін өзіңізге үлкейтіп, бір жол түскенде әкеліп беремін,— деп жұмысын әбден тындырып, мәз болған кісіше Есендік бір езуімен жымың-жымың еткенсіді.

Орындықтан лап етіп түрегелген Қозыбай жып-жылтыр қара туфлиі сықыр-сықыр етіп бүйір бөлмеге кіріп кетті.

Есендік іштей тықыршулы. Шаруасы бітпегенін шамалап тұр. Кеудеге тағылған орден-медальдары болмаса, еңбек адамы екендігін айқындайтын қимыл-әрекет жоқ. Мұндай портреттердің біразын әр түрлі науқандардың ауқымымен газетке бастырып та жүр. Бірақ өз көңілі толып көрген емес. Қозыбай да сол жансыз суреттердің санына қосыла салайын деп тұр. Ең құрығанда көзі ұшқын ата ойнақшып тұрса ғой. Бір қалпынан танбайтын кезді көріп тұрғаны осы.

Ол өз-өзімен іштей сөйлесіп, стол үстін саусақтарымен тықылдата мазасызданып отырғанда, әлгі есік қайта ашылып, Қозыбай кіріп келді. Комбинезон, етіктерін, жұмыс киімін ауыстыра қойыпты. Жаңағы костюм-галстуктерін Асанғалиға беріп:

— Жеңгеңе тапсыра саларсың,— деп жатыр.

Сонысын Есендікке бұрылды:

— Ал, фоткор іншек, сау боп тұр. Көңіл бөлгеніңе рақмет. Біз енді далаға тарттық,— деп қолын ұсынды.

— С-сау болыңыз,— дей берді де, Есендік кенет қолын тартып алды,— маған басқаша бір ой келіп тұр.

— Иә.

— Қозеке, қарсы болмасаңыз, мен сізді комбайн маңайына түсірсем...

— Оған тағы олай тұр, бұлай тұр деп біраз уақыт кетеді ғой.

— Жоқ, жоқ, бір минут те уақытыңызға шығын келтірмеймін. Тек штурвалыңыздың қасына іліксем болды.

— Ә, келістік онда.

Қозыбай есік алдында тосып тұрған автобусқа мінді де, Есендік мотоциклімен тартты уәделі жерге.

Бұрынырақ жетіп, тосып тұрған Есендіктің екі көзі Қозыбайда. Оның қимылы, жүріс-тұрысын, бет-құбылысын бір сәт қапы жібермей, объективке лектіретін кезін аңдыды.

Комбайнды бір айналып шығып, алды-арты, астын тексеріп шыққан Қозыбай екі қолын мықынына таяп жіберіп, аспанға қарады. Манағы тұнжыраған көздерін аспанның қуыс-қуысына тіктеп қарап, әлде қалай бұлт көріне қалса, әрман ысыра салатындай жіті шолиды. Көз жанарына мана байқалмаған жітілік пайда болған. Осы қалпын түсіріп алмақ боп, Есендік аппаратқа жармаса бергенше, Қозыбай комбайнға өрмелеп бара жатты. «Қап! — деді өкінген Есендік енді Қозыбайдың кабинаға отыруын тосты.— Әлгіндей тұрысында, мынадай қимылында ғой, аузында шылымның тұқылы жүрсе, ол бір таптырмас штрих болар еді, ә!»

— Сіз темекіге қалай едіңіз? — дегізді әлгі ой.

— Аразбын. Бала күннен түтінін сорып көрген емен. Ал мынадай жұмысқа тіпті әуре емес пе, соған уақыт кетіріп.

Есендіктің бұнысы да көздеген жерден шықпады. Әйтеуір жұмыстағы қалпында түсіріп алмақшы боп, штурвалға қонжиған Қозыбайды бір-екі басып қалды.

Есендіктің көңілін бір аулап тастайын дегендей, комбайны белес-белес боп созылған дестелердің апшысын қуыра бастағанда Қозыбай күтпеген жерден өзгеріп сала берді;

— Міне, мына жерлерде миллиард жатыр, інішек. Сол ырысты төгіп-шашпай жинап алу біздің қолда. Сұлап-сұлап жатқанын көрмейсің бе? Бұйра-бұйра боп жатқан ғаламат десеңші! Тіпті сабан емес, өне бойы дән бе дерсің. Комбайнды бықылдатып тастайды,— деп сөз тізбегін төгіп-төгіп жіберді. «Әне, көрдің бе анау дестелерді!» — деп қолын соза ұсынған сәтін де, оның осы кейпі Есендіктің көңіліне де, аппарат көзіне де арнай қалды. Қапы жібермей ұстай алды. Қозыбайдың бетәлпетіне, жүзіне қан теуіп, көзқарасы шыға келіп еді.

Сөйткен лепірме көңіл бір уақытта:

— Апырмай-ә!— деген сөзбен ілесе басылып қалды.

Есендік Қозыбайға қараса, жүзінде бір алаң бар, қабағы кіртие қалыпты.

— Ана жерде Зұлқарнай тоқтап қалды-ау деймін. Комбайнының қасында шырылдап жүгіріп жүр,— деді ол,— қол үшін бере қоятын жақын жерде емес.

Өз комбайнын ілгері тартып бара жатса да, Қозыбай Зұлқарнай жаққа қайта-қайта қарай береді.

— Неменесі сынды екен, ә? Өзі ілгерілердің қатарында келе жатыр еді,— деп мазасызданады.

Әйтеуір әлгіндей болмай, жадырап сала берді.

— Ә, жарады, техпомощь та үлгерген екен.

Осы жерде бір елең қалды демекші, бұл тұста Есендіктің аппараты тағы бір дыбыс берді.

Зұлқарнайдың комбайны сынып қалды-ау деп абыржыған Қозыбай ендігі кезекте өзі дегбірсіз халге түсті. Аршындап, қарқындап келе жатқан комбайн үйемеүйеме көпенедей дестелерге тіреліп, соғып үлгере алмай, «қақалып» қалды. Амалсыз тоқтауға тура келді. Жерге мысықша шапшаңдықпен зып етіп түсе қалған Қозыбай шалғыға көмейлеп кептеле кеткен бидай сабақтарын қос қолдап жұлып жатыр. Осы жерден де бір сюжет таппақ боп қатарласа төмен түскен Есендік аппаратты оңтайлай берді де, ол райынан тез қайтты. Ойда жоқ бейнетпен арпалыста жұлқынған адамды суретке басып жатқаннан гөрі оған шамасынша қолғабыс тигізгенді жөн көрді. Білекті сыбанып жіберіп көмектесе кетті.

— Өзім де үлгерем ғой,— деді Қозыбай біршама деміккен үнмен.

— Бұл науқанға қол үшін тигізбесем, баламның белі бүкір боп қалмай ма!— деп күлді Есендік.

Ә, оның да жөн екен...

Шалғыны екеулеп тазартып болып, жоғары өрмелей бергенде Қозыбай:

— Е, е, жігітім, бұл болмайтын іс!— деп төмен сырғи жөнелді.

Есендік жаңа алас-бұласта шашырата лақтырған бидай сабақтарын уыстап-уыстап әкеліп, комбайнның дәл алдына тастап жүр.

— Бір сабақ болса да, дестеде болсын,— деп қояды.

Есендік ұялғанынан қызарып кетті. Осы жерде дапдайын сурет тұр. Әйтсе де соны түсіре қоюдың ыңғайын таба алмай қалды. Тек:

— Менен бір қателік өтті,— дей берді.

Көп кешікпей қайта қозғалған комбайн бір-екі айналымнан соң тағы тоқтады.

— Жіпсіз байланды деген осы,— деді Қозыбай көзілдірігін маңдайға қарай көтеріп жатып.

— Не болды, Қозеке?

— Бункер толды. Машина жоқ. Осындай да боп қалады кейде. Бармағынды тістейсің де отырасың.

Манағы байыпты көзде енді ыза бар. Қиық мұрты тікірейіп, бара жатқан сияқты. Сөйтіп тұрған Қозыбай кенет сақ-сақ күліп жіберді:

— Уау, інішек, жылтырап екі көзің ғана қалыпты

ғой. Қәне өзінді де осы қалпында бір түсірейінші, аппаратыңды маған бер.

Екеуі бірін-бірі суретке түсіріп отырғанда қастарынан бір бензовоз өтіп бара жатыр екен, Қозыбай кол бұлғап шақырып алды:

— Машина жеткіз, жарқыным, машина,— деп айқайлап жатыр.

— Е, мен оларды қайдан табамын,— дейді шофер жігіт.

— Туф, соны да сөз деп, Автоколонна штабына айтсаң болмай ма.

— Мен тіпті басқа жаққа бара жатырмын ғой...

— Өй, сен де бір мың болғыр екенсің,— деп Қозыбай теріс айналды. Жөнеле берген машинаны қолын сермеп енді Есендік тоқтатты.

— Қозеке, сәл шыданыз. Қазір мен мотоцикліме жетейін де, машина атаулыны осылай қарай жөнелтейін,— деп жерге секіріп түсті.

Шын суреткер ретінде жобалаған жұмысшы бейнесі әлі фотоаппарат кезіне қонып болмаса да, көңіліне ұялағанын Есендік ұғынып келеді. Келешек өзі тұспалдаған мақсатына жететініне сенімді қалыппен кабинаға отырды.

ЖАПАЛАҚ-ЖАПАЛАҚ ҚАР ЖАУАР

Сол күнделікті жұмыс. Газет-журнал, хаттар бүйірін шерте сығылысқан қара сумкасын кеудесіне келтіре өңгерген қалпы Қәмила почта үйінен шықты. Түске дейін бұл жүктен арылу керек.

Наурыздың суығы қытымыр сезілмегенмен, толастамай екілене соғар боранның хабаршысындай жапалақ-жапалақ қар жауып тұр. Төге жауып тұр. Әп-сәтте формалы көк пальтоның жағасына, омырауына теңбілдене жабысқан қардан көкшулан қаракөл елтірісі көзге елестегендей. Жас келіншектің бетіне тиген ұлпалар сол бетінде тамшыға айналып, еріп төмен қарай сорғалайды.

Үй-үйді жағалап, почта таситын адам ауа райының кикілжің, кірбіңіне қарамауға дағдыланған. Буырқанған долы дүлейден де тайынбайтын теңізші сияқты. Өз аяғына өзіне билетпейтін ми батпақта, қойын-қонышқа су сорғалаған нөсерде, жұрт сырнайлатып-кернейлеткен мейрамдарда,— әйтеуір заңды жексенбіден басқа

күннің бәрінде оны сол бел қайыстырған қара сумкасымен көресің. «Тал шыбықтай бұралып, үзіліп кетер ме екен-ау»— дейтін бикештер осылардай-ақ шығар. Қеудені ілгері ұмсынтқан зілқара қағаздар төмен тартқанымен, Қәмиланың сымбатын бұл салмақ әзір қойған емес. Тіпті осынша жүкті көтере зымырап жөнелгенде, сәл шалқайыңқы өзіне жарасып та жүретін сияқты.

Әр қызметтің өз ерекшелігі болатындай, Қәмила өзіне бөлінген көшенің тұрғындарын бүге-шігесіне дейін зерттеп алған. Әуелде кімнің қалай үй-ауласын ұстауына, орамда не бар, не жоғына қарай аңғаруға тырысушы еді. Кейін почта жәшігіне деген әр түрлі ілтипатты алғы есепке салатынды шығарды.

Біреулер кішкене қаңылтыр жәшікті дәл кіреберіс табалдырық тұсына қаққан. «Үйден қол созған қалпы газеттерді ала қоюға ыңғайлы.— Әрине, өзіне ыңғайлы. Келесі бір үйде қалың тақтайдан долбарлай салған ішіне атқа бір жемдік сұлы сиярлығы да бар. Некенсаяқ дәл иттің үйшігіне таман ілетіндер де кездеспей қоймайды.

Бәрінен де Қәмила құрылыс мастері Еркінбектің үйіне ынталы. Мұның жасыл түсті жәшігі көше жақ қақпа тұсында ілінген. Газет, журналды көп алдыратын да осы. Ең ғажабы — көшеден бүйірлей бұрылып келіп, үйге ойқастайтын тұста қашаннан Қәмилаға үйреншікті болып қалған жол жатады.

Онысы далиған кең де емес, бір кісі қысылмай-қымтырылмай жүріп өтерліктей етіп, соқта қарды тіле салынған соқпақ. Лайсанда бұл жерге шалшық іркілмейді, қыста Еркінбек күртік қоймайды. Екі жаққа есілген қар бетінде жалпақ күрек жүзі мен айшық-айшық өрнек сызылғандай. Небір сүргін боранда омбылап, оппалап жүретін Қәмила бұл тұсқа келгенде, жәшікке іркіліссіз, лыпыған жүрісінен жаңылмай-ақ жетеді. Осы бір табан жол өзіне жұмбақ. Басқа жұрттан көрмеген жәйіт. Әлде бұл түйік қабақ, керілген қасының екі ұшында жауабы табылмас әлде бір сұрақтар ілініп тұрғандай жұқатай жігіт осы тілсіз ықыласпен бірдеңе айтқысы келе ме екен? Қалай болғанда да осы күртіктен аршылы, көсілген жолмен жүріп өту Қәмила үшін бір ғанибет. Осы жолға жеткенше асығатыны да содан.

Еркінбек, мұның білуінше, қызметтен бос уақытында аудандық газетке хат-хабар жазып тұратын тілші. (Ауыл-селосы тілшілері деп жатады ғой.) Сол мақала-

ларыңа ара-тұра он теңге, бес теңгелеп қаламақы келіп тұрады. Онысын әкеліп табыс етуші — Қәмила. Тіпті бірде Еркінбек:

— Сіз тегі менің жақын туысымдай болып кетер ме екенсіз...— деді жадыраңқы кейіппен.

«Қалайша?» дегендей сұрақты кескінмен тұрып қалған Қәмилаға:

— Менің қалтам жұқара бастағанда, тиын-тебен алып келе қоясыз,— деді ол.

Әрине, жиі қаламақы алып тұратын жігіт сонда не жазады екен деген қызығушылық Қәмила санасында тұтана қалуы заңды еді. Ол мұның атынан шыққан суреттеме, мақалаларға көз сала жүретінге айналды.

Дүниеде баспасөзге сенбейтін екеу болса, бірі Қәмиланың күйеуі Жәркен. Ол өзі аудандық газетке ғана жазылады. Өйткені әр сенбі сайын оның төртінші бетінде телехабарлардың бір жұмалық программасы жарияланып тұрады. Жазғандары осы газеттен табылып тұратын Еркінбек туралы оның бір ғана түйгені бар:

— Түртінектеп тиын-сиын тапқанды олжа көреді. Осы бес-он тиынмен машинаға ақша жинаймын деп ойлай ма екен? Құдіреті тасып өнері ішіне сыймай бара жатса, жазушы неге бола қалмайды? Қалыңдығы бес елі бір кітап жазса, бір «Волганың» құны шығады, дейді ғой.

— «Осы Еркінбек, тақа, ақша үшін жазбауға тиіс» — деген пікірін Қәмила ішінде сақтаулы. Онысына сондайлық мықты дәлелі де жоқ. Өйткені күректеп тауып, шұлыққа тығатындай болмаса да үйіне бұл қаламақы алып кіргенде, кәдімгідей қуанып қалатыны сөзсіз. Тіпті:

— Сіз жәшікке тура тартпай, үйге беттегеніңізден-ақ құралақан келе жатпағаныңызды іші түскір сезіп тұрады,— дегені де бар.

Жұмыр басты пенде емес пе, мүмкін тиынға тиын қосып, теңге құрайын дейтін де шығар. Оның несі сөлекет. Ұрлықпен не ептілікпен келіп жатқан жымысқы пайда бұл емес. Көз майын тауысып сарылатын да шығар. Әйтеуір доп тепкілеп, шұлық шыдатпайтын бала-шағаға бір бәтеңке әперсе де кіріс емес пе? Үй-ішінің қамы ғой.

Қәмиланың тағы бір аңғарғаны — Еркінбек мақалаларында көбіне кемістік жағы етіледі. «Анау жоқ, мынау жоқ, анау жетіспейді, мынау түс кемшін, мынау неге бұлай емес» деген сияқты сарында.

Ана жолы бүр мақаласында осы совхоз орталығының көшелері хақында сөз етті. «Ақ жазира көңіліміздей көшелеріміз де көзге түртпісіз түнекте самалдай жарқырап

неге тұрмасқа!» — депті. «Біздің көшелер қараңғы, сүрініп-жығылып түнде омақаса құлап жатамыз»,— деп жазса да олқы соқпас еді. Алайда Еркінбектің қалам сілтесі бөлек, сол қараңғылық оның ішін түйнеп тұрғандай, сәулетке, жарыққа құштар адамның пейілін танытқан.

— Сынап жаздың деп директор тілшіні біраз жұндепті,— деп Жәркен сол күні мәз-мейрам болып келген.— Жанын күтіп, тыныш жүрсе қайтеді екен, жәй жатқан жыланның құйрығын басып... Құдай біледі, тілші мұнысын қоймаса, жиырма төрт сағатта жинал,— деп те айтады оған әлі.

Бірақ «жиырма төрт сағат» айтылмаса керек. Ал көше бойлап тізілген бағандарға көгілдір сәулелі шамдар ілініп, түнде жүру көңілді қалыпқа түскені рас. Бұған Қәмила іштей мардамсып қалып еді. Уақыт озған сайын мұның ақ тілеуі Еркінбек жаққа ауа түскендей.

Неге екені белгісіз, Қәмила Еркінбектің келіншегі қандай адам екен дегенді көп ойлайды. Аралас-құралас жүріп, мәжілістерде орайласа кететін көршілер де емес. Бұлар бір шет, олар бір қиыр. Сырластықтары жоқ. Тек ол келіншектің аты Бөпеш екенін ғана сырттай біледі. Кештете сол Бөпеш тәрбиеші болып істейтін балабақшаға барғанда, оған көз салған. Қайтсе де бір мін таппақ ниетпен тінткілей қарайды. Бірақ ешқандай үйлесімсіздік таба алмайды. Қайта ашық қабақ, ақсұр келіншек, Еркінбектен көріктірек, керімсалдығы да бар ма, қалай. Ал енді Қәмиланың ұлы «Бөпеш тәтей, Бөпеш тәтей» деп тәрбиешісін аузынан тастамайды. Ибалы адамның жөнжосығы баланы таңертең қарсы алып, кешке аттандырып салар сәттерінде көрініс бермей тұрмайды, «Беймаза, бей-жай тұрмыста жүрсе, Еркінбек мынадай лек-лек мақала жазуға мұршасы да келмеген болар еді. Сірә, ошақ басында береке, бейғам бір жайлы тыныс бар ғой,— деп жорамалдайды Қәмила. «Етек бастысы көп ауылды жерде сын мақаласы шыққан сайын «түйебас», «жұндеулерді» көре жүріп, соның дызылдағына шыдау үшін де үй-ішінің ерекше ауа жайы болу керек шығар»,— дейді өзіне өзі.

Екіталай жағдай туа қалса, Қәмила өзінің Еркінбекті қолдайтындар жағында тұратынын сезеді, әлде күйеуге тигенге дейін де, кейін де тұтана қоймаған махаббат лүпілі сезімін қозғап жүр ме екен? Әйтсе де сол деп нақтылауға қорқады...

Күнде мазалауға айналған осы ойлар меңдеген Қә-

мила Еркінбек үйіне жақындай бергенде, бейтаныс бір халді аңғарды.

Қешегі түскен қар қалың болмаса да, мұның жолы (ол осылай «Еркінбек салған менің жолым» деп іштей ұйғарып қойған) аршылмаған. Әрине жүріп өтерге кедергісі жоқ. Бірақ биік кертілген екі жақты қырға күрек жүзімен үйреншікті өрнек салынбаған. Бүгінгі жапалақ қар да үймелеп жатыр. Қәмиланы таңырқатарлық көрініс.

Бірақ бүгін бұл жолы оған қажет те емес-ті. Ол тура аулаға беттеді.

Еркінбек үйде екен. Бірақ әшейінгі көңілдік жоқ. Керік қастың екі ұшында реніш бұлты үйіріліп тұр.

— Қардың басын қар алар деуші ме еді... Далада ұлпа қар. Ал сіздің қабағыңыз сынық,— деп жымия сөйледі Қәмила.

— Мына қағазды толтырыңыз да қаламақыңызды алыңыз.

Еркінбек бір түрлі тіксініп оқыс жауап қатты:

— Сол қаламақы алынбас деймін, сірә. Автор бастартты деп, редакцияға қайтарып жібере салыңызшы.

Қәмила үнсіз тұр.

— Өтірікке ақша алуға болмас,— деді Еркінбек.

— Е, газет өтірікті қалай басады?! — деді сонда ғана Қәмила.

— Басылып қалып тұр-ау! — деп Еркінбек күрсінді.

— Түсінсем бұйырмасын.

Түйік қабағы жазылмастан Еркінбек сөйлеп кетті:

— Соңғы мақаламды жазарда осы совхозды жақсы жағынан да бір суреттеп көрейінші деген ниетім болды. Оқысаңыз, аңғарған шығарсыз. Сол желікпен «шаруашылығымызда тұрғындарды ауыз сумен қамту ісі орталықтандырылған жүйеде» деп соғып жіберіппін ғой.

— Оның несі бар? — Қәмила түсінбей қалды,— Күйентіге шелек іліп жүгірген ешкім жоқ, су водовоздармен тасылып жүрген жоқ па?

— Міне гәп осында тұр ғой, Қәмила. Алғаш мен де солай қара-дүрсін түйсініппін. «Орталықтандырылған» деген сөз суды жер астымен жеткізіп, колонкаларға лықылдатып әкеп тұрған су құбыры деген мағына екендағы. Мен қу шеке бұл зәмзәмды бірде құйып, бірде құймай ділгір қылып қоятын водовоздарға мәз екенмін де!

— Е, су құбыры таяп та қалған жоқ па, трубаларды

жер жұтып жатқалы екі жыл,— деп Кәмила жұбаныш айтты.

— Бұған малдануға болмайды екен. Жігіттер өзімді әбден түйебас етті. Бітпеген істі бітті дейтін шапшаңқой тілші дейтінді де шығарды.

— Е, тілі қышып тұратындар аз ба...

— Сонда да дәл бұл ретте солар жөн айтып тұр.

— Сонымен ақшаны?..

— Ақшаны алмаймын, айналайын. Қайыра жібере салыңызшы!

Кәмила жігіт жүзіне барлай қарап еді, сол «алмаймын!» дегенді айта алып тұрғанына қуанышты адамның кейпі бар. Сөзбұйда бұл арада жүретін емес.

— Айтқаныңыз болсын,— деді де Кәмила орындықтан тұруға ыңғайланды.

— Мың рақмет, айналайын.

Есікке беттей берген Кәмила:

— Қар жауып тұр,— деді өзінен өзі. Сонан соң Еркінбекке бұрылды,— күнде қары аршылып тұратын жолым бар еді, ал бүгін...

— Бүгін көңілдің хошы келмеді,— деп Еркінбек ағынан жарылды,— ол өзі менің қашанғы машығым: почта тасушының аяғына жеңіл болсын деп әрі...

— Әрі?..

— Әрі ауру жүрегім біршама бой жазғанды қажетсінеді. Сол себепті де сіздің жолды күнде оппасынан арылтып, қар лақтырып әуреленетін ермегім бар...

— А-а,

Кәмиланың көңіліне тұман түсіп кеткендей болды. Есіктен шыға беріп сәл кідірді. «Айналайын» деген сөз тағы бір айтылар ма екен деп тосқандай. Ол сөз қайталанбады.

Келесі үйдің жәшігіне жеткенше, ұдайы күртікке малтығып баратын. Бәз-баяғы қалпы екен. Ауыр аттап оған да жетті.

Күнделікті тіршіліктің күйбеңі. Қар болса, болашақ боранның хабаршысындай жапалақ-жапалақ жауған қарқынынан тынар емес...

КӨРШІЛЕР

Жансеит пен Бексент аттары ұйқас жандар болғанымен, бір селоның жерін жерлеп, суын сулағанымен, жас мөлшерлері де жиырма бестен не әртін, не бертін түйісе-

тіндей межелес келгенімен, ара-тұра «сәлем» деп қолдарын әуелете селтендетіскендері болмаса, ет-бауыр жақын, етене таныс емес-ті. Екеуі де дәл бүгінге дейін орталық қоныстың екі басында әке-шешелерінің қолында тұрып жататын. Кейде жұмысшы комитетінде кездесіп қалғанда, бір-біріне «иә, шаруа қалай? — деп тілге келісетін. «Отау шығайын деп едім, үй сұрап жүрмін» дейтін Жансеит. Бексеит те соны айтатын. Дес берісінде, уәделесіп қойғандай, екеуіне совхоз үйді бір күні, бір жерден ұсынды. Екі шеттегі екі жас семья іргелесіп, тіпті бір бауыр, бір жүректей аралас-құралас бола кетсін дегендей, бір қабырғасы ортақ, екі пәтерлі бір үйдің екі есігінің кілттерін қолдарына қатар ұстатты. Сол екі есіктің бір тұтқасына Жансеит, бір тұтқасына Бексеит иеленіп, бүгін олар қоңсы қонып жатыр.

— Көш көлікті болсын! Қоныс қайырлы, құтты болсын! — десті бір-біріне.

Сол күні-ақ жаңа орынға көшіп-қону басталды. Жансеит фермаға барып, малдағы жұмысынан жарты күнге сұранып келді де, көк «Беларусьтің» көк бояулы темір арбасына бар мүлкін артты. Бір семьяға бас, бір балаға әке атанса да, дүние қызығы оны әлі еліктіре қоймаған. Аз-мұз жиған-тергенін әкесінің үйінен тракторға артысуға қосалқы ешкімді шақырмады. Келіншегі екеуінен артылар ештеңе жоқ-ты. Төсек-орын, диван, кереует, шағын кілем, ыдыс-аяқ дегендей тұрмысқа қажеттіқажетті мүліктер ғана. Еншіге тиген тайыншаны ат жеккен арбаның жетегіне байлап, делбені келіншегіне берді де, өзі тракторға отырды. Түске дейін үй ішін жайғастырып, әр затты орынды-орнына тиянақтау да күшке түспеген. Сол жіпсіген маңдайын жеңінің үшімен сүйкей салып, Жансеит есік алдына шықты. Тақтайының бетіне әлі маңдытып із түспеген табалдырыққа жайғасып отырып, сигарет тұтатты.

Бексеит — шофер. Бүкіл тұрқы таудан ойып алған жартастай дәу машинасын гүжілдетіп, таң атқаннан бері дүние-мүлкін тасумен жүр. Қасында екі-үш бала жігіт көмекшілері бар.

— Бұл дүние деген көшкенде көбейіп кете ме, немене... Бексеит бір елең-алаңда өз табалдырығынан тіл қатты.

— Е, «кедей болсаң, көшіп көр» деген ғой,— Жансеит те бер жақтан оны қостап жымиды.

Одан кейін сейлесуге Бексеиттің мұршасы келген емес. Біреудің барлығы мен байлығына көзін сатқандай,

қайта-қайта қарай беруді ретсіз санап, Жансеит қарсыдан шағындап салынған жатаған қораға бар назарын тігуде. Қораның тақтайын түгендеп шығам дегендей жағын таянып алып тапжылмай отыр. Дегенмен үй алдындағы Бексеитке үй ішіндегі келіншегі берген бұйрықтар құлақтың құрышын қандыра бастады:

— Әй, Бека, алдымен гарнитурды кіргіз!

— Әй, Бека, кілемдер мен паластарды күн көзіне жая тұршы. Жаздың шуағына кепсін!

— Бека деймін, трюмоны қашан әкелесің? Байқа, шынысын киізге, мұқият ора! Жігіттердің біріне ұстатып қой!

— Бекасы, енді шкафтарды бермен өткіз! Сырын байқаңдар, есіктің жақтауы сырып кетпесін!

Бексеит бұл санаққа әзір ілікпей қалған жүктерін жеткізуге кезекті айналымға кеткенде, Жансеиттің аңдағаны — әжептәуір кең ауланы екі ортадан шекаралап бөліп тұрған кісі бойы штакет қоршаудың бір кісі еркін кіріп-шығарлықтай шағын қақпасы тас бекітіліп, шегеленіп қалыпты. Кеше ғана топсасына ілініп, майда өскен желдің өзіне елпілдеп, ерсең-қарсаң тербетіліп тұрған. Жансеит өз көзіне өзі сенбей, орнынан атып тұрып, қақпаның тұсын қолымен ұстады. Әлі де сенбей, тізесімен итеріп көрді. Нақ солай — жуан шегемен сымсалдап қағылған. Қоршаумен тұтасып жымдаса қалыпты. Ілгек жұлынып алынған. Жансеиттің жүрегі су ете түсті. «Мынау жаман ырым ғой, жаным-ау! Бері қарай аяғыңды аттап баспа деп, тас қорғандай тас бекітіп тастаған ғой, ә?! Мазасыздана ойланды. Алақтап жан-жағына қарады. Бексеиттің есебі дұрыс: құдықтан су алуға өтемін деп сылтауратын емес, су құбырының шүмегі төмен қараған колонкасы көшеде, дәл айнала беріс бұрышта. Оған өз есігіңнен шығып шелегіңді қайқалақтатып, қайыра өз есігіңнен кіресің. Отыз ауыз сөзді маздату үшін от ала баратын заман келмеске кеткен, газ деген аты бар көгілдір от әр үйде лапылдайды. Ыдыс-аяқ ауысуды гигиена қоспайтыны былай, шыны-аяқ, кесе дегендердің түр-түрі әр үйдің шкафтарында самсап тұрған жоқ па. «Яғни қоңсы екенбіз деп, бір-бірімізге кіріп-шығу болмайды...» — деп Жансеит түйін жасады. Бұл түйіннен оның ұнжырғасы түсіп кетті. «Көршіміз өзіміз қатарлы жастар деп қуанып жүрсек...» — деп күрсінді. Жансеит үш ұйықтаса түсіне кірмейтін күдігін ішіне сыйғыза алмай, үйге кірді.

— Ортаңғы қақпаны бекітіп тастапты. Тіпті қақпа деген атымен болмағандай,— деді келіншегіне.

«Осы не сандырақтап тұр?!» — дегендей келіншегі көзін жыпылықтатып қарай берді.

— Қақпасы не? Бекіткені несі?..

— Сол... жүрмесін дегені шығар...

Келіншегі жаңа ұғынды.

— Е, құдай-ай, біз солардың табалдырығын тоздырат деп қорықты ма екен?! Кірмесек, кірмей-ақ қояйық. Астымызға ат мінгізіп, астауымызға ас салатын солар ма екен?! Оларсыз да күнелтерміз. Несіне абыржыдың сонша?!

— Дегенмен, ырымға жаман... бір түрлі.

— Әркім білгенін істейді... Жұрттың бәрі сен деймісің екі өкпенді қолыңа алып аңқылдаған, үйіміз басқа, көріміз басқа, біреуге күнімізді түсірмесін.

Жансеит желкесін сипалап далаға шықты.

— Сонда 'да... бір түрлі... ыңғайсыз,— деп міңгірлеп барады.

Ол тағы табалдырыққа қонжиды. Сол кезде үй маңында әлдебір қозғалыс барын сезгендей, қора жақтан қоқылдаған әтештің даусы естілді. Он шақты тауықты көзі қанғанша деп, мана қамап қойған. «Есік алдына жіберіп көрейінші, шөп жұлып, маңайға үйрене бersін»,— деп Жансеит солай қарай беттеді.

Қызыл айдарлы қызыл әтеш бастаған тауықтар далаға шығысымен қанаттарын қағып, сілкініп, сәл-пәл бойын жазып, бастарын қиқайтып-қиқайтып қарап бөтен жерге барлау жасай бастады. «Мына көк шөптен, еміненркін жіберсе, тұқыл да қалдырмас еділдер. Сендерге бір амал істеу керек», деп Жансеит ойланғанша, олай бір, бұлай бүр қылқындап жүрген шұбар тауық дүр етіп көтеріліп екі аралықтағы қоршаудың үстіне шығып алды. Үшкір қадақтың басына қонған қалпы мойынын Бексеиттің ауласына қарай созды. «Мына пәлекет бірденеге бастап тұр ма?» — деп қауіптенген Жансеит «кішт, әй, кішт» дегенінше, шұбар тауық далбаңдап арман асты. Аяқ астындағы киіздей ұйысып жатқан көк шөпті місе тұтпай, жағалай кілемдердің бірінің үстіне қонжиды. Тұяғына жұмсақ тиген бағалы мүлік ұнап кетті ме,

мойынын бүкшитіп, қанаттарын қамти түсіп, бұға қалды. Сірә, сол орынға қонақтамақ.

Сіріңке қорабындай біркелкі жіңішке тақтайлардың үстінен қалай орғып кетерін білмей, Жансеит бер жақта зыр жүгіріп жүр.

«Қақпаның да жабығын-ай қырсыққанда!» — деп күйініп кетті. Жұлып аларман боп, қос қолдап селкілдетті.

Сөйткенше даладағының бәрін үйдегі телевизормен шолып отырғандай, Бексеиттің келіншегі атып шықты. Көзі тасырайған, тығыршықтай, ақ қабақ, сары адам екен. Құлпырған гүлді кілемінде жарбиып отырған шұбар тауықты көргенде, көзі ұясынан төңкеріліп түсе жаздады.

— Мына құрғыр қай құрғырдікі,— деп дауысы зіркілдеп кетті.

Амандық жоқ, саулық жоқ, солай қарай, мысық жүріспен сынапша жылжып, шапшаңдата ұмтылды. Мысықтан да епті қимылы шұбар тауықты баж еткізіп, тұтқын етті. Сарт еткен саусақтар тап сирақтан тұтқан екен, тарғыл байбаламын салған тауықты жұлқылай көрсетіп:

— Сіздікі ме? — деді Жансеитке.

— Біздікі еді...— деп бұл күмілжіді.

— Мә, сіздікі болса, ие болыңыз! — деп сары келіншек шұбар тауықты бермен қарай қабы жұлмаланған волейбол добынша жалбаңдатып лақтырып жіберді.

Шұбар тауық топ етіп, жерге түсті. Өз бетімен ұшқан мен қол күші арқылы серпіле ұшқанның айырмасын сезінген болса керек, сол екпінмен біршама жер зымырап барды. Сонан соң күйісінен жаңылған сиырдай есалансып, күн кешке айналған шақта таң белгісін жариялар әніне басып, шақыра бастады.

«Е, қырғиқабақ соғыс деген осылай басталады екенау!» деп ойлады Жансеит. Ол мұндай тікенек халді өршітпей, қайтсе де бұл көк мұздай ызғар лепті тарқатып, алакөздік пердесін ыдырату керек деген берік тұжырымға келген.

— Тауықтың қызығына қараймыз деп амандықты да ұмытып кетіппіз ғой, сәлеметсіз бе? — деді Жансеит қинақтап.

— Е, амандық ағадан деген,— деп өлмей беріспейтін сынаймен сары келіншек ернін жыбырлатты.

«Сәлеметсізбенің» орнына «сәметсіз» ғана шыққан сияқты. Тақтада тұрған сауатсыз шәкіртше тұтас сөздің жарым жартысын жеп қойды.

— Аға болғанда қалай. Бексеит екеуміз тұстас, құрдас емеспіз бе,— деп өзін үлкен санағанды керісінгенге жорып, Жансеит шамдана сөйледі.

— Жоқ, сіздің бір сағат та болса үлкендігіңіз бар. Түріңіз айтып тұр, өңіңіз ескі,— деп сары келіншек нығарлап айтты.

Мұның тууы туралы куәлігін қолымен толтырған ауылдық советтің секретары сияқты.

Жансеит сәл аңырып тұрды. Сол сәтте ойына әлдене түсіп, өз-өзінен жымыңдап күлді.

— Е, онда келін екенсің, шырағым. Жарады, жарады. Қоныс қайырлы, іргеміз бір-бірімізге құтты болсын! — деді жөпелдетіп.

— Ә, бірге болсын! — деп сары келіншек те өз тарапынан болмашылау игісін жасады.

— Онда былай, келін шырақ,— деп Жансеит осы ұтымды кезеңнен айрылып қалмайын дегендей апыл-ғұпыл бастырмалата сөйледі.— Ағаның үйі ақ жайлау, жаңа қоныста тойлауды біздің үйден бастайық. Мен шай қамдата берейін. Бексейіт те көп ұзамай кеп қалар...

— Оныңызды да көрейік,— деп сары келіншек мұнысына көнген сыңай танытты.

Жансеит пәрменмен үйге енді. Сәл кешіксе, аяқ астында келін атанған сары келіншек бұлардың табалдырығынан аттамақ пиғылынан айнып қалатындай.

— Ал, Жания, тездетіп шай жаса, қуырдақ қуыр,— деп Жансеит тығыздата келді.

Сөйтіп тұрып, әлгінде ғана шұбар тауықпен болып

өткен бір актілі пьесаның өз келіншегінің қатысынсыз өткеніне тәуба қылды.

Жазғы күннің өзегін талдырып, керіліп-созылып әрең жеткен кешінде жайланып отырып шай ішіп, көздің отындай ойнатып, мәнерлі сұлу рюмкелерге құйылған коньякты соғыстырысып, көршілер әжептәуір дуылдасты. Сырттай біліссе де, екі келіншек арнайы түрде бірі өзін Жания деп, келесісі өзін Сания деп таныстырып, ықластана қол алысты. Жансеит пен Бексеит жас сұраса келгенде, түйдей құрдас боп шықты.

— Ау, сонда сен Жансеитке қалайша келін боласың? — деп Бексеит жамағатына шүйілікті.— «Әкесі құрдастың баласы құрдас» деген бар емес пе...

— Жо-жоқ,— деп Жансеит зыр-зыр етті.— Әуелі осылай келісіп қалдық. Сания келін болсын, сыйластыққа жақсы!

Шайтарқар сөз кезегі тигенде, Сания:

— Қайнаға,— деп көзін ұшқындатып құбылтып алды.— Сөздің басы қатты болса, аяғы тәтті болады. Алдын ала келісіп алайық, екі үйдің де тауығын қоршауда күнелтетін етейік. Сіз де, біз де жеміс егеміз, тұқымы құрымағыр тауық үшін тарбиысып жатпайық!

Келесі күні-ақ, шынында, екі үйдің тауықтары тор көз сымнан керілген қамашаға тоғытылды. Оның есесіне екі үйді тура жалғастыратын ортаңғы қақпа қайыра ашылып, Жансеит пен Бексеит үйлерінің табалдырықтарының арасында әзір көмескілеу болса да, табан жолы таптала бастады.

КӨҢІЛДІҢ КЕЙБІР КЕЗДЕРІ

Соңғы кезде «Кировецке» ауысқалы Әмірбекке ерекше бір сезім душар еді. Талайын міниіп тастаған бұрынғы жер бауырлампаз, жатаған тракторлардай емес, мынасының тұрқы маңғаз, еңселі, мол пішілген бір ғажап. Бастықтардың кабинетіндей-ақ аумақты кабинасында отырғанда, жан-жағына құс самғауындай

биіктен көз салып тұрған сияқты сезінеді. Осындай даркан, жайсаң лүпіл жүрекке орнағаннан бері көңілінде алаңсыздық, көтеріңкі жайбарақаттық басым-ды.

Әйтсе де бүгін сол мығымдық бірсыдырғы шетінеп, көңіл атты кең сарайды түсініксіз, бір қобалжу меңдеп алып тұр. Кеше тракторының ақаулы себебінен жарты күн тұрып қалғанын көрген бас инженер техниканы бүлдірдің деп ойнап айтқансып кекесін білдірді. Сол сөз шаншу қадалғандай, санаға кірш ете түсті.

Даланың қоқта-соқта, күлді-көмеш кейбір міндерін жасыра салайын дегендей қалың түскен қар айдынын тілгілеп, ерсең-қарсаң ойрандатып жүргенде, сол сөз жарты сағат сайын соғып тұратын қоңыраулы сағаттай санасына қайта-қайта соқтыға берді.

Осы мазасыздық ақыры түске салым рульді үйге қарай бұрғызды. Тракторды есік алдына қаңтарды да, сүлесоқ кейіппен жерге түсті. Бұл тракторды кішкене қызы о баста «К-700» деп атайды. Сол «К-700» шытынай қарап, селтиген бойы біраз тұрды да, анадай жерде қарға қадаулы жалпақ күректі қолына алды. «Менсіз де қар тоқтатушылар жететін ғой, бірер күн туыстарды аралап, сайраңдап сейіліп келейін, деген ой келді. Кешегі бораннан соң есік алды күртіктеніп, қарға молығып қалған екен. Әмірбек күректі тура «Жигули» тұрған гаражға қарай салды. Аязбен шынығып қалған қарды кірпіштеп-кірпіштеп ойып алады да, қораның көше жақ ығына қарай лықытады.

Мұны́ң келіп тоқтағанын біліп отырса, да есік алдында кешіккенінен сезіктенген әйелі әлден уақытта ғана көрінді. Көңіл күйі келмегенде, осылай әлденені сылтау етіп, далада күйбеңдеп жүріп алатын сырмінез жолдасы түсіне қалды.

— Ас дайын тұр,— деді баяу ғана.

— Кейін...— деді Әмірбек тура қарамай.

Әйелі есікті жарым-жартылай жаба бергенде:

— Ана жаңа костюмді, қаракөл жағалы пальтоны дайындап қой,— деді.

— «Неге»,— деп әйелі сұраған жоқ, себебін бұл нақтылаған жоқ. Есік еппен ғана жабылды.

Көңіл дариясы толқығанда, қол қимылдатып, бейтарап осындай болымсыз шаруа істегеннің өзінде ғажайып сиқыр бар. Ми шымырлап, жүйке домбыра шегіндей ширалып, сіресіп қалған сәттерде, қиналысты құрсаудан бірте-бірте босаңсытып, денені кеңейтіп, сабырлылық атты сенімді серігінді көмекке келтіре бастайды. Манағы кезде будақ-будақ түтін боп танаудан жалп-жалп шығып жатқан ашу, ыза бірқалыпты тыныскa айналып, көңіл сабасына түсіп, реніш ызыңы саябырси бастайды. Гаражды ашып, жалтыраған «Жигулидің» жанына жеткенде, Әмірбек осындай қалыпта еді. «Темірге айналған ақша»,— деп бір қойды.

«Ақша деген не тәйірі»,— дейді тағы бір ойы. Алты айлық жалақы мөлшеріндей тиетін сыйлық, он үшінші дегені тағы бар.

— Жыл сайынғы кассаға түсіп жатыр. «Волганы» да қатарлап мінуге шамасы жетеді әлі. Осы тоқмейіл сәтке көпей қызының ерке даусы қосылды.

— Папа, мына үйінді қарды енді маған сырғанайтын етіп, тегістеп берші,— деп жабысып тұр...

Талай жылдан темір біткенді аударып-төңкеріп үйренген қолдарға сөз боп па, әп-сәтте сырғанауық дөң де дайын болды. Бірінші класқа келесі жылы баратын кетік тіс қызы сырлы, арқалы шанасын сүйреген бойы тырмысып дөң қарға шығады да, төмен қарай- құлдырай жөнеледі. Сақ-сақ күліп кенелді де қалды. Баласының жайраңдаған кейпіне қарап тұрып, күрекке сүйенген Әмірбек енді басқа бір ойдың жүйесіне түсті.

...Өткен күзгі бітік шыққан егін дән үйірілген басына әрең ие боп, алтынша жұмырланған, бүйректей шымыр бидайды шашып жібере жаздап, «соқсаңшы мені тезірек» деп тұрған кез. Күздің күні де мейірін төгіп, тым шақыраймай, жаңбырына да саябыр беріп тұрған. Әмірбек тетік атаулыны қайта-қайта нығыздап, май-

лап-қырлап дегендейін комбайнының асты-үстін айналдырып, бригада басында жүрген. Әлден уақытта бас агрономның дызылдақ жеңіл машинасы көрінді. Тура мұның жанына жетіп келіп, алдыңғы есікті ашты да:

— Әмір ағасы, отыр,— деді.

— Иә?

— Кеңесетін шаруа бар.

Сол бетпен жүйткіген қалпы көктемде Әмірбек егіске дайындаған жерге келді. Екпіндеген машина екпіндеген қалпы дік етіп тоқтай қалды.

— Мынау сіздің алаң ғой?— деді агроном.

Сұрақтың мәнін алғаш түсінбей қалған Әмірбек:

— Менікі болғанда қалай?— деді таңырқап.

— Қарды сіз тоқтатып, сіз өңдеген алаң дегенім ғой...

— Ә, иә, иә, дәл өзі,— деді Әмірбек қобалжып.

— Осы лаңның өнімін қаншадан деп жобаладыңыз?

— Жиырмадан кем түспес деймін.

— Олқы айттыңыз. Мен бүгін совхоздың бүкіл егінін аралап шықтым. Мына сіз дайындаған жер гектарынан жиырма жеті центнер астық құйып бергелі тұр. Таңертең алғашқы орақты осыдан бастаймыз.

— Сол үшін,— деп Әмірбектің қолын құшырлана қысып жатыр.

Ертеңінде осы аланда, жайқалған егін басында әлем-жәлем жиналыс болып, оқушылар бұларға гүл ұстатып, «сәт сапар» тілектері дариядай төгілді-ау дерсің.

— Ал, Әмірбек, түсір алғашқы дестені,— деген тілек-бұйрық естілгенде, бұдан биік жан жоқ көрінген ол жерде.

Салмақты басып, комбайнға байыпты қалпымен келсе де, күреңіткен жүзінен қобалжу сезіліп тұр еді. Сонда есінде қалғаны: күле қарап, қуанышты құлпырған жүздер, шат-шадыман келбеттер. Күн сәулесімен жылтыраған уыз беттер, қуаныш күлкісінің астына көмілген әжімдер.

Егіндік шетінен шалғы тістер жып-жып етіп тиісе кеткенде комбайн жүріп бара жатқан жолдың бір жағы қасқаланып, келесі жағына тулап түсіп жатқан баулары дөңкиіп-дөңкиіп сұлап жатыр. Сақалы мол дөңгелек бетті электр ұстарамен сыдыртып өткендей.

Агроном мұнымен қатарласа жүріп, біраз жерге дейін барды. Ақсия күлген келбетінен айнар емес. Әмірбекке бас бармағын көрсетіп қояды. Сол дестеден қызу науқан басталды да кетті. Күн мен түндер жалғасып, небір шапағатты сәттер өткен-ді.

Сананы прожекторша жарқ еткізген бұл көрініс Әмірбекке гараж қақпасын қайта жапқызды. Машинасына бір қарап қоя салайын дегендей қайта құлыптады. «Көңіл шіркінді тізгіндеп қоймаса, құбыла бередіау өзі»,— деп іштей жымиды. Үйге кіріп, қолын жуып жатқанда, қабақ қырысында көлеңке жоғын сезген әйелі:

— Не, тракторың сынып қалған ба?— деді.

— Жоқ, сенің шайыңды сағынып қалыппын,— деп күлді Әмірбек.

— Папамның «К-700» сынбайды,— деп ілесе кірген кетік қызы да қосарласып жатыр.

Көп ұзамай, Әмірбек қарлы қырқаға қарай К-700 қайта жөңкілтіп тартып бара жатты.

√ ШАБДАРТАЙ

...Есіл жағасын жайлаған біздің ауылда Бибіжамал деген кемпір болды. Татарға ұқсас түріне қарап «Сары әжем» деп те атай беретінбіз. Өзге жұрттан көзге ерекше ұрып тұратын бір қасиеті сол мыж-мыж кемпірдің маңайына балалар жағы үйірсекпіз.

Бұл үйде ұзақты күн балық аулаудан бір жалықпайтын мыртық шалы мен немересі Қалаужан үшеуі. Қалаужанның әкесі соғыста: өзі бізден бірер жас үлкен болғанымен ойыны бірге.

Ауылдағы әйелдердің ішінде атқа кәдімгі еркекше салт мініп алып, шапқылап жүретін осы Сары әжеміз.

Аузымыз аңқайған біздерге бұл бір таңсық та ғажайып дүние. Өзінің тіпті салпылдаған етегі не желмен арпалысқан жаулығы бір шашау көрінбейді. Беліне орап қоятынын әлде ышқырына қыстырып алатынын кім білсін, әйтеуір жып-жинақы.

Ол жылдары ауылда дәрігер қат. Тісіміз қақсағанда, осы Сары әженің алдына бармағанымыз жоқ. Жағың сырқырап — сыздап, біреу қашау темірмен ұңғылап жатқандай болып қанша зар қақсаң да, кешке дейін шыдайсың. Өйткені Бибіжамал өзі ғана білетін емін кешке, күн ұясына сіңе бере жасайды.

Ауырған жағыңды қос қолдап умаждап келесің. Қара көлеңке үйде шарт түйініп отырған Сары әжеге жүгінесің. Бұл бөлмеде тоң майға малынған білтеден басқа жарық жоқ. Сол жалғыз жарық нүкте сенің алдыңа қарай ұмтыла қойылады. Сары әженің бұл үзік-создық қалбандаған шырағданы үлкен майтабаға жайғастырылған. Сол табаға төніп еңкейген қалпың аузынды ашып, біршама уақыт отыруың керек. Екі көзі сенің аңқиған аузыңда, өз-өзінше бірдеңе-бірдеңені күбір-күбір етіп, тапжылмай Сары әже отырады. Кейін үлкендерден сұрап білеміз ғой, бұл күбір тістің құртын бері шақырудың амалы көрінеді. Сол арбаумен тісті кеміріп, жыбырлаған пәлекет мына өлеусіреген жарыққа қарай шығу керек. Ауыздан аққан сілекей ме, әлде шын мәнінде ирелеңдеген құрт па — әйтеуір табаның беті тырстырс етіп жатады. «Сәтін салды-ау деймін. Тфә-тфә»,— деп Сары әжем желпініп орнынан тұрады. «Енді ауырмайды» деп басыңнан сипайды. Соған сенесің. «Жағыңа жылан жұмыртқалағандай» зардапты ұмытасың.

— Сен жүгірмектердің тісін ауыртпастың бір емі бар,— дейді сонан Сары әже.

Келесі күні Қалаужанды үй жағалай жүгіртіп, бәрімізді жинаттырып алады. Айтып жіберген шарты да бар — әрқайсымыз бір-бір қапшық ала шығуымыз керек. Сары әже шақыртты десе болды, бір ғажабы, үй-

дегі үлкендер қарсылық білдіріп көрген емес. «Сары әжең айтса, бар»,— деседі тек.

Сонымен танауымызды бір-бір тартып, қолтығымызға қап қыстырып, қалтамызда тілім нанымыз бар, ушу боп Сары әженің үйіне келеміз.

О баста отын-шөп тасуға лайықтап екі жақтауы даладай боп керілген үлкен арбаға жабылып, тырмысып мінеміз. Бір күнде бір ауыз сөз айтса айтып, айтпаса айтпайтын балықшы шалда бізбен бірге. Жоспар бойынша, ол жол-жөнекей су жиегінде ау құрып, жұтпа салып, өз қарекетімен қалмақ. Біз ауылдан бес-алты шақырым Сарықамысқа барып, жуа теруге тиіспіз. Қалаужанның айтуынша, Сары әжеміз жуа жеген баланың тісі ауырмайды дейтін көрінеді.

Арбаның алдына жайғасқан шал меңірейген қалпы тұқырайып қыбырсыз отыр. Делбе Сары әжемде. Онымен таласайын деген ой шалда болмаса керек. Тіпті бұлардың үйін меңзегенде, жұрт оның атын атамай, «Бибіжамал үйі» деп те үйреніп кеткен.

Ырғалып-жырғалып, жуасы көк шалғындай жайқалған Сарықамысқа да жетеміз. Ауыз көпіріп, езу көгергенше жуаға да тоямыз, қап дорбашықтарды да сықаймыз. Тілім нан мана желінген. Енді шөл қысады. Сол халімізді манағыдай біліп қойғандай.

— Иә, зырылдауықтар, сусадыңдар ма?— дейді Сары әже.

— Сусағанда қандай!— деп жамырап қоя береміз.

Бәріміздің көзіміз қол созса тиіп тұрған қамысты көлде.

— Көлдің суы қазір жылып кетті, ол енді сусын қандырмайды әрі бекерге іштеріңді кептіреді,— дейді Сары әжеміз. Сонан соң саусағын шошитып, тарамыс қолын жоғары көтереді,— міне, мынаны көрдіңдер ме?

Аңтарылып қолына қараймыз. Жүдеу адамның білеуленген тамыры іспеттес көгеріңкі сүйір жапырақ. Бітімі теректің жапырағына да ұқсайды.

— Мұның аты қымыздық. Осыны сорсаң, шөл дегенің айдалада қалады.

— Е, оны қайдан жинаймыз? Маңайда бір түп ағаш жоқ,— дейміз.

— Ей, зырылдауықтар-ай, ағашқа секір деп кім айтты. Жерге қара! Еңкей, көзінді тігіп қара! Сонда табасың.

Көде-көдені қуалап бытырай жөнелген бөденеге ұқсап, Сары әженің нұсқауымен шөп арасынан жапатармағай қымыздық іздейміз. Ол өзі сортандау, шөбі тықыр жерге өседі екен. Тапқанымыз алақайлап жатамыз. Сырт еткізіп тамырынан үзіп алып, таңдайға басамыз. Сорамыз, шайнаймыз, жұтып та жібереміз. Пісуі әбден қанған бал қымыз тісіннің арасынан сыздықтап өтіп, көмейіне сіңіп жатқандай. Тұла бойың маужырап, жүйе-жүйең кеніп сала береді. Сол ләззатты неғұрлым ұзарта түскіміз келгендей шалғынға шалқалап жата қалып, көзімізді тарс жұмған қалыпта малжаңдаймыз-ай қымыздықты. «Қандай, ә!»— дейміз бір-бірімізге. Одан басқаға тіл жетпейді.

— Ей, зырылдауықтар, жусамай, тұрыңдар,— дейді Сары әже,— өздерің ғана рахаттанбай, үйдегілерге де теріп алыңдар. Дәмін татсын!

Атып-атып тұрып, жан-жаққа зымырай жүгіргенмен, оңайлықпен көзге түсе қояр қымыздық жоқ. Жүгіріп-жүгіріп аламыз да Сары әжеге қараймыз. Осы күйімізді сезіп тұр ғой:—«Әне жерден қара, мына жерден қара»,— деп қол сілтейді. Сол қол сілтеген бағытына қымыздықты жыпырлатып сеуіп жібергендей не күні бұрын өзі өсіріп қойғандай көреміз.

— Қадірлі зат көрінген жерде шашылып жатпайды. Ол сирек кездеседі,— деп тұрады сонан соң бірде Сары әже.

Қалтамызға бір-бір уыс қымыздықты тығыздап салып, енді үйге беттейміз. Қарны қампиған қаптарымызды арбаға лақтыра-лақтыра тастаймыз. Ойымыз-үстіне қонжия кету.

— Ей, дәмді астына басқанды кім көрген бұл,— дейді Сары әже пиғылымызды сезіп қалып,— алдарына

өңгеріп отырыңдар! Әйтпесе суы сығылған соң, нәрі кетіп құр сабан боп қалады.

Үйден шыққандағыдай қу тақыр емес, арбаға екіуш құшақ көк шөпті қолшалғымен шауып, Сары әже келген бетте-ақ жайғастырып салып қойған. Манағыдай емес дене маужыраңқы, шаршағанымызды жаңа сезгендей кейіппен мамырлап, ұйлыққан күйде ауылға қайтамыз. Әрине, балығын қапқа бастырып отырған Қалаужанның атасына соға кетуді де ұмытпаймыз.

Елге жақындай бергенде, Қалаужанға аяқ астынан жұмыс табыла кетеді. Созалаң тартқан сұр бас тоқтасымен:

— Анау бұзауды қайыра жүр,— дейді оған әжесі,— табынның алдын торуылдап жүргенін көрмейсің бе? Енесін еміп дөңдеген.

Бұраландап арбадан түсе бергенде, Қалаужан сол сәтінде-ақ жалаң аяғын білегіне асып тұра қалады. Қабағы кіржиіп, маңдайы қырысып тұр. Шілденің аптабы шыжытты ма дейін десек, бұл күн еңкеюге айналған. Самал жел соғады. Гәп күнде емес, басқада екен. Долананың дәнін жеп, сабағын осы жерге біреу лақтырып кеткені бе — сонысы Қалаужанның онсыз да жарық-жарық табанына кірш ете түскен. Кірпінің инесінше жыпырлап, істие жабысып қалған.

— Е, бейбақ десейші,— дейді Сары әже күрсініп,— өз қолың өз аузыңа жеткенше нешеме шөңгір көрмеспін дейсің. Әрі қарап тұр!

Қалаужан қыржиып теріс қарайды. Сол сәтінде Сары әже көз ілеспес қимылмен тікенекті жұлып кеп алады. Тым терең қадалмаған екен, әйтеуір қан шыға қоймайды. Сары әже шөгір сызат салған жерге түкіріптүкіріп жібереді де:

— Шапқылап кет! Көңіліңе алып, елей берсең, ауырсына бересің... Түк те етпейді,— дейді.

Қалаужан, «Қертанау, Қертанаулап» бұзауға қарай жүгіре жөнеледі. Сол жылдардың бұзауы да ашқарақ

па — бұлай бұлтарып бір шалып, олай бұлтарып бір шалып, айдауға көндауға көнгісі келмейді. Қалаужанға жанымыз ашып арбадан түсе-түсе, бірге қайырыспақ ниетпен қопандай бастап едік:

— Тырп етпендер,—деп Сары әже басып тастады,— өз малын өзі үйірілтіп үйренсін! Біреуге арқа сүйеп дағдыланған адам жалтақ, жалқау, масыл боп өседі.

Қалаужан осы сапардан кейін бірнеше күннен соң бізге бір жаңалық айтып:

— Мен әжеммен бірге орыс қаласына барып келдім, өй!— деді.

Оның «орыс қаласы» деп тұрғаны — біздің ауылдан бес шақырым жерде орналасқан Козловка селосы. Естуімізше, онда орыстар мен ингуштар тұрады. Бір шал «біз не көрмедік, сонау Көзілеуді де көрдік» депті деп үлкендер жағы біреуді келемеждеп отыратын. Біз болсақ, әлі күнгі ол жаққа аяқ басқан емеспіз. Сол себепті біз үшін Қалаужан үлкен бір хикаяның ұшын қылтитып тұрғандай.

— Қойшы-ей!— деп біріміз таңдансақ:

— Сықпыртып тұрсың!— деп келесіміз қиқарсимыз.

— Нанбасаңдар көріңдер,— деп беріспеді Қалаужан,— мен орысша санау үйреніп келдім.

— Айта ғой кәне!

Сол сөздің қамшылауымен Қалаужан саусақтарын бүгіп санаққа кірісті:

— Пербай, опторай, третай, шаптартай...

Үзіп-созып, терлеп-тепшіп, ол осы тұсқа жете бергенде, топ баланың бірі оны бөліп жіберді:

— Олай емес, четпертый...

— Шаптартай,— деп Қалаужан қасарысты.

Сонымен бестік санға жетпей жатып тоз-тоз, жақжақ болып кеттік. Бірақ ұйғарып, келісімсіз-ақ сол күннен бастап Қалаужан Қалаужан болудан қалып, ол енді «Шабдартай» атанып жүре берді. Алдында айтылып жүрген «Кертанау» қосалқы жайына қалды.

Ел қатарлы тырмысып, оқу оқып, он жылдық бітіретін күн де туды. Бірнеше жыл бір класта басымыз түс-

йіскен балалар, ойға-қырға дегендей әрқайсымыз әр тарапқа сағым қуып бытырадық.

Мен Алматыда ҚазПИ-ге түстім. Бір жыл үйді сағынтып, сарылтқан оқудан тыныстап, каникулға да ілігіп, елге келдім.

Келген күні естіген көп жаңалықтың бірі Қалаужан туралы еді. Бірінші өзгерісі — Сары әже, шалы екеуі де қайтыс болған екен. «Қызығынды көрсет» деп қыр соңынан қалмай жүріп, Қалаужанды үйлендіріпті. Бұл оның өміріндегі екінші өзгеріс. Әкесі сол қалпында соғыстан оралмады ғой.

Бір қуаныш пен бір өкініш қапталдасып жүріп жатқан өмір ғой. Қалаужанға «Қайырын берсін» мен «Қайырлы болсынды» қатар айтуға тура келді.

Ал оның үйленгені кім дейсіз ғой? Тіпті хат жазып, соңынан жүгірмек түгілі, бір-бірімен ләм десіп сөйлесіп көрмеген кластас қыз Ғайникамал.

Түстете үйлеріне келсем, жұмыстан жаңа оралған Қалаужан дөңгелек жер столдың басында сораптап шәй ішіп отыр екен. Екі білекті шынтаққа дейін жалаңаштап тастаған. Одан төменірек самаурын қасында тымырайып Ғайникамал отыр. Құрбыластыққа салып алысып-жұлыса кетер едім, бұл үйден шыққан өліктердің аруағы қалжыңның алдынан кес-кестеп, ыржалаққа жібермеді.

Қалаужан да соны ескеріп, москалданған кейіппен тұнжыраңқы күйде сәлемімді тапжылмай отырған қалпы алды да, сәл ысырылып, қасынан орын берді. Сөз кезегімен әуелі қазаға көңіл білдіріп, онан соң отауына қуанышымды жеткіздім. Қалаужан:

— Шәйға дәл келдің, жамандамайды екенсің,—деді.

Қәрілер жағы «тақтай» деп атайтын шифоньер, комод деген мүліктер де үйге орнығып қалыпты. Төр жақта — диван. Одан әрі шымылдық төгіліп тұр, өзі де мол пішілген екен, ақ қайыңдардың келбетін елестетерліктей нәшпен бедерлене жиырыла қалыпты. Менің кө-

зімнің түсуін бағып жатқан болар ма, шымылдықтың ішінен қыңқылдаған бала даусы естілді. Мен Қалаужанға, Қалаужан Ғайникамалға қарады. Ғайникамал ұялғансып, тымпиған қалпы сары самаурынға түйілді.

— Иә, бұл тұңғыш Шабдартайың ба?— дедім.— Вауы берік болсын!

Ғайникамалдың екі беті шұқырайып, ерні түріле күлді. Томсырайып отырған Қалаужанның аузы жайылып қоя берді.

Сол күлкіні сонау тұңғиықтан сүйреп шығарған бал дәурен балалық шақ еді. Ағыл-тегіл әңгіме тиегі ағытыла жөнелді. Көбіне-көп ауызға ала бергеніміз— Сары әже.

Мен бірер сағаттан соң, үйге қайтарға қамданғанда:

— Сен каникулыңның бір түнін бізге қи! Ертең мал соямын. Әжем өсірген қойдың тұяғы баршылық. Мына замандасыңның қолынан дәм тат!— деді Қалаужан.

Иә, дәл солай... «Әжем өсірген қойдың бірін соямын»,— деді. Өзі және Ғайникамал демей, «замандасын» деді-ау.

Мен оған қалай болса де, келемін,—деп уәде бердім.

МАЗМҰНЫ

Ауыл өмірінің шыншып жыршысы *(Алғы сөз)*

БІРІНШІ БӨЛІМ

Повестер

Соңғы жылдың жүгі 13
Қайрақ 124
Ең сүйікті кейіпкер 201

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Әңгімелер

Әке туралы жыр 265
Басылмаған шығарма 270
Қас қағым сәт 278
Күлегеш қыз 286
Әнмен арбау 291
Сыңғырлақ 298
Көңіл көктемі 301
Дәнекер 305
Құдық басында 311
Баланың көңілі далада 316
Шаңқай түстегі шаңкетпе 323
Жаңғырық 330

Педр 338
Соңғы күн 345
Арқан 350
Жұмысшы бейнесі 352
Жапалақ-жапалақ қар жауар 356
Көршілер 361
Көңілдің кейбір кездері 367
Шабдартай 371

Конарбаев Ермек

ЕСТЬ ТОЛЬКО МИГ

ПОВЕСТИ И РАССКАЗЫ

(На казахском языке)

Редактор *Р. Ниязбеков*

Художник *К. Абдукаримов*

Художественный редактор *М. Есергепова*

Технический редактор *А. Мулкебаева*

Корректор *З. Тулетаева*

ИБ № 4073

Теруге 02.07.87. жіберілді. Басуға 16.12.87. қол қойылды. УТ № 20232. Қалпы 84×108 1/32. № 3 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 20,2. Шартты бояу көлемі 20,2. Есепті баспа табағы 21,3. Тиражы 30000 дана. Заказ 1786. Бағасы 1 с. 70 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты, 480002. Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41.

Қонарбаев Ермек

Қ 64 Қас қағым сәт: Повестер мен әңгімелер /Құраст. С. Шаймерденов.— Алматы: Жазушы, 1988.—384 бет, портр.

Ермек Қонарбаев өмірден де, өнерден де өз орнын тапқан талантты жазушы болатын, өкінішке орай, арамыздан ерте кетіп қалды. Мына кітапқа енген повестер мен әңгімелер марқұмның туған халқына айтқан соңғы сыры секілді... Оқушы жүрегіне сара жол табады деп сенеміз.

К $\frac{4702230200-024}{402(05)-88}$ 38—88 84 Каз7—44

«Жазушы» баспасының қазақ прозасы редакциясынан 1988 жылы мынадай кітаптар жарық көреді:

Балгабаев С. «ДАЛА МЕН ДАРИЯ» *повестер мен әңгімелер*

Досжанов Д. «МҰХТАР ЖОЛЫ» *роман*

Жақанов И. «АҚҚУЛАР ҚОНҒАН АЙДЫН КӨЛ» *повестер мен эсселер*

Мақатаев М. «ҚОШ, МАХАББАТ» *повестер мен әңгімелер*